


Ә. ҚАЙДАР, М. ОРАЗОВ

А 2005
1256 7/2

ТҮРКІТАНУҒА КІРІСПЕ



Әбдуәли ҚАЙДАР
Мейірбек ОРАЗОВ

ТҮРКІТАНУҒА КІРІСПЕ

Оқу құралы
3-басылым



АРЫС

Алматы

2004

ББК 81.2-9
Қ 23

Жауапты редакторы
Ғарифолла ӘНЕС,
филология ғылымдарының кандидаты


Қ 23 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. Оқу құралы.
3-ші басылымы. – Алматы: “Арыс” баспасы, 2004. – 360 бет.
ISBN 9965-17-136-X

Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған бұл оқу құралында шығыстану пәнінің бір саласы ретінде түркі халықтарының тілдері мен тілдік жазба ескерткіштері жан-жақты сипатталды. Мұндай бай қазынаны үйрену – әрбір саналы азаматтың, талапкер жастардың абзал борышы.

Оқу құралының негізгі мақсаты – студенттерге түркі тілдерінің зерттелу тарихынан, олардың топтастырылуы мен жіктелуі жайынан мәлімет беру, әрбір түркі тілінің өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру.

ББК 81.2-9

К 4602020400
00(05)-04



ISBN 9965-17-136-X

- © “Мектеп”, 1985
- © “Қазақ университеті”, 1992
- © Istanbul, 1999
- © “Арыс”, 2004

АЛҒЫСӨЗ

Қай пәннің болмасын пайда болуы, дамуы мен қалыптасу тарихы бар. Тарихи сахнаға шыққаннан соң олардың бағыты анықталып, мақсаты айқындалады, ғалымдар мектебі пайда болады да, олардың басшы-бастаушылары қалыптасады. Түркітану пәні де бірнеше дәуір бойына қалыптасып, бағыт-бағдарын анықтаған. Қазіргі күнде түркітану пәні шығыстану пәнінің бір саласы ретінде қаралып, өз мақсаты, зерттеу нысанын анықтап алған. Рас, түркітану пәнінің көлемі кең, ол бірнеше салаларға бөлінеді және бір мақсатқа бағытталған еңбек. Түркітану пәні – түркі халықтарының барлық рухани-мәдени өмірін: әдебиет, тіл, тарих, археология, этнография, география, әлеуметтану, тіпті, философиялық көзқарасын түгел қамтитын ғылым саласы.

Кез келген пәндер сияқты, түркітану пәнінің де балаң және қалыптасқан дәуірі, гүлденген кезеңдері бар. Оның балаң дәуірі көне кезеңінен басталып, өз кезінде, ауыз әдебиеті сияқты, ауызша дамып, аңыз, шежіре түрінде халық арасына тараған. Мысалы, көне түркі тайпаларының пайда болуы туралы сан алуан аңыздар бар. Солардың бірінде: Ашина ұрпағы о баста жаугершілік дәуірінде жұртта қалған баланы қасқыр асырап алып (көне монғол тілінде шина – қасқыр), содан тараған ұрпақ түркілер болып саналады. Ата-бабасын қасқырдан тарататын тек түркілер ғана емес, римдіктер де өздерін “қасқырдың ұрпағымыз” деп есептейді. Қасқырлардың киелі аң екендігін қазіргі күнде де ел мойындайды. Мысалы, қазақ өз баласын бесікке бөлегенде бесіктің басына қасқырдың тырнағын іліп қоятын, қасқыр терісінің үстінен жүйрік атты өткізбейтін рәсім содан қалған. Мұсылман дінінде қасқырға байланысты аңыз айтылмайды. Бірақ түркі тілдерінде жазылған жазба ескерткіштерде қасқырға сиыну, табыну бар. “Оғызнама” дастанындағы Мұзтауға жорық жасаған Оғыз қағанды бастап, жол көрсетіп отырған, жақсылық жасаған да осы көк бөрі. Бұл аңыздың негізінде ғылыми топшылау жоқ, алайда бұл сол пәннің балаң дәуірінің бір көрінісі. Түркі халықтарының

этногенезіне қатысты аңыздардың бірі олардың Нұх пайғамбардың баласынан таратылуына байланысты. Бұлар түркітанудың пән ретінде қалыптасуынан бұрынғы дәуірге жататын аңыздар.

Түркітанудың балаң дәуіріне көне замандардағы түрлі абыздар мен көрнекті адамдардың айтқан баяндарының жазба ескерткіштерде сақталып, бізге жеткендерін жатқызамыз. Бірақ олардың бәрі ғылыми дерек емес. Мысалы, тарихта Орта Азияда ертеде жасаған массагеттер, скифтер, сақтар туралы, олардың мекендеген жерлері, тұрмыс-тіршілігі туралы мәліметтер бар. Айталық, скифтер үш топқа бөлінген: бір тобы отырықшы, егін салып, арық қазып күн көрген; екіншісі көшпенді өмір сүрген, мал шаруашылығымен айналысқан; үшінші тобы Сыр мен Әмудің етегінде жасап, балық аулап өмір сүрген. Олар туралы көне грек, армян тарихшылары мәлімет берсе де, бірақ нақты дәлел келтірмеген, демек ол кезінде зерттелмеген. Сондықтан да ол мәліметтер аңыз-ертеқ сипатында қалған. Массагеттерді мүйізі бар, маңдайында бір ғана көзі бар тайпа, халық, т.б. деп суреттеуі – соның айғағы. Кей деректерде фактілерді нақтылап көрсету бар, бірақ олар толық емес. Оны араб тілші-саяхатшылары мен қытай жылнамаларынан көруге болады. Мәселен, түркі халықтарының ардақты қызы Томирис туралы аңызды алуға болады. Тарихта Томиристің сақтардың көсем-патшасы болғандығы, оның Кирмен соғысқандығы, оны жеңгендігі баяндалады. Бұл, әрине, тарихи шындық. Бірақ қандай соғыс болғандығын, оның нақтылы қай жерде болғандығы, қанша әскер қатысқандығы, т.б. дәлелдер келтірілмейді. Сондай-ақ бізге келіп жеткен мәліметтің бірі – бірінші Түркі қағанаты (Модэ, Тумань) туралы мәлімет. Онда Модэ өзінің әкесін өлтіреді, журжандар мен сяньбиндермен соғысады, бірақ нақтылы дәлел жоқ. Ашин, Атилла жорықтарының болғандығы да тарихи шындық, бірақ олардың жорығын, тайпаға жасаған еңбектерін, тарихи нақтылықпен дәлелдейтін дерек жоқ. Нақ осындай көне грек, армян, т.б. елдердің тарихшылары мен саяхатшыларының естеліктері өз көзімен көрген уақиға баяндары емес. Олардың көбі, Қара теңіз бен Каспий теңізінен бері аса алмаған.

Түркітанудың ғылыми негіз салған, оны дамытқан, қажетті материал, деректермен байытқан түркі халықтарының өз

перзенттері және араб саяхатшылары. Грек саяхатшылары түркі сахарасын зерттеп, жазған кезеңі Шыңғыс жорығынан кейінгі дәуірге жатады. Түркі халықтарының тарихы туралы алғашқы мәліметті Орхон-Енисей жазба ескерткіштері берсе, олардың тарихы мен тілі, мәдениеті мен педагогикасы, философиясы мен экономикасы бойынша, елтану, қоғамтануы сияқты салалары бойынша толық мәліметтерді біз Жүсіп Хас Хажибтің “Құтадғу білік” еңбегі мен М.Қашғаридің “Диуани лұғат-ит түрк” атты еңбектерінен табамыз. Орхон жазба ескерткіштерінде Сібір түркілерінің (Көк түріктердің) тарихы, тілі туралы мәліметтер берілсе, соңғы екі еңбекте қарахандар өмірі, Қытайдан Румға дейінгі түркі халықтарының тұрмыс жағдайы мен тарихы, тілі мен әдебиеті, пәлсапасы мен мәдениеті туралы мәліметтер берілген. Кей ғалымдардың М.Қашғариды энциклопедист деп атауының себебі де сондықтан. Бұл дәуірді біз ғылыми түркітанудың бастауы деп танымыз. Осы дәуірден бастау алған ғылыми түркітану пәні қалыптасып, үздіксіз даму арқасында жетіліп, өркендеу үрдісінің жоғары сатысына көтерілді. Бұл аралықта түркітанушы ғалымдардың талай буыны өсіп-өніп, талай дарынды өкілдері келіп кетті. Оларды танып-білу, бұл саладағы ғылыми мұрасын игеру, ғылымдағы үлесін атап көрсету, жас ұрпаққа таныстырып отыру, оқыту, үйрету – әрбір мәдениетті елдің абзал парызы.

Түркі халықтары – бір-бірінен бөлініп, жеке-дара өмір сүрген халықтар емес, қайта өзара тайпа-тайпа болып, жіті араласып, тығыз қарым-қатынаста бірге жасап келе жатқан, кейде өзара жауласып, кейде одақтасып отырған этникалық топтар. Сондықтан болар, көп жағдайда олардың тарихы, өлеуметтік жағдайы, мәдениеті, салт-дәстүрі, діні, тілі ортақ болып келген.

Түркітану, бір жағынан, сол көне түркі тайпалары мен халықтарының көптеген ғасырға созылған тарихын зерттеу барысында қалыптасқан пән болып саналса, екінші жағынан, әлі жас, көптеген проблемалары шешіле қоймаған, әлі де дами түсуге тиісті ғылым саласы. Егер түркі тайпалары мен халықтары өз көзімен көріп, олар туралы өз білгендерін талдап, таратып, жазып, ғылымда қымбат мәлімет қалдырған ертедегі зиялы қауымды “түркітанушы ғалым” деп санасақ, онда түркі әлемінде алғашқы түркітанушы ғалым деп біз Махмұд Қашғариды санауымыз керек. Оған да он ғасырға жуық уақыт

өтті. Демек, түркітану да он ғасырлық тарихы бар көне пән болып саналады. Рас, А.Н.Кононов Ресейде қалыптасқан түркітану пәнін, біздерді де орыстарға қосып, ХІХ ғасырдан басталады дейді. Нақтылай айтсақ, І Петрдің бұйрығымен 1818 жылы 11 қарашада Кунсткамера ашылып, оны Азия музейі деп атап, Ресейдегі алғашқы түркітану нысандарын зерттейтін мекеме ұйымдастырылады. Ресейде түркітану пәнінің дүниеге келуін осы датадан бастауды ұсынады. Біз болсақ, түркітанудың пән ретінде қалыптасуын түркі әлемі — Орта Азияда ХІ ғасырдан бастауды ұсынамыз. Бірақ түркі халықтарының жан-жақты зерттелуі соңғы дәуірге жатады. Ресейде түркі халықтарының тарихын, тілін, пәлсапасын, т.б. мұраларын зерттеу, мәселен, Қазем-Бек Мырза, В.И.Вербицкий, В.В.Радлов, В.В.Бартольд, П.М.Мелиоранский, Ф.Корш, Н.Я.Бичурин, т.б. Қазан төңкерісінен соң В.А.Гордлевский, Б.Я.Владимирцев, И.Ю.Крачковский, А.Н.Кононов, С.Е.Малов, т.б. осы сияқты көрнекті ғалымдар тарапынан басталғаны мәлім. Бірақ олардың көпшілігі кезіндегі саясаттың шырмауында болып, пәнді ұлттық мүдде тұрғысынан дамыта алмады. Мысалы, түркі халықтарының өз перзенттері А.Байтұрсынұлы, И.Гаспиринский, Фитрат Ахундов, т.б. осы сияқты көрнекті ғалымдарына Кеңес өкіметі дәуірінде өз мүмкіндіктерін түгел ашуға мүмкіндік берілмеді. Дегенмен, М.Қашғаридан кейінгі дәуірде түркітану саласы баяу дамыса да, бұл салада көптеген дүние жиналды, оның бағыт-бағдары анықталған. Кеңес дәуірінде оның орталықтары ашылып, қыруар еңбек, ғылыми мұралар жарияланды, жеке халықтардың тарихы, тілі, әдебиеті зерттеліп, отандық түркітану ғылымы қалыптасты. Қазақ тіл білімі, өзірбайжан тілі, өзбек тіл білімі, т.б. түркі халықтар тілін зерттейтін ғылыми мекемелер (академиялары, ғылыми-зерттеу институттары) жұмыс істеді. Ана тілдерінде баспа орындары пайда болды, *“түркітану”* деген ғылыми түсінік қалыптасты.

Көне тарихта қолданылған *“түрк”* сөзі қазіргі кезде жаңа мазмұнға ие болған. Егер *түрк* атауы тек ертедегі *“түрк будуны”* тіркесінде ғана қолданса, бүгінде *“түркі”* этнонимі түркі тілдес халықтардың, ру-тайпалардың бәріне бірдей өкілеттік жасайтын жалпы терминге айналды. Қазан

төнкерісіне дейін “*түркі*” терминіне түрлі мағына беріліп, оны бірде татар, енді бірде *түркі-татар* терминімен теңестіріп келдік. Қазір *түрк//түрік* термині Түркияның негізгі халқының атауына, *түркі* термині барша түркі тектес халықтардың жалпы атауына айналды. *Түрк* сөзі тарихи уақиғаны білдіру үшін “*Түрк қағанаты*” деген тіркесте қолданылып жүр. Қалай болса да, *түрк//түрік//түркі* атауларының түп-төркіні бір сөз.

Республикамызда “Түркологияға кіріспе” деген пән 1985 жылдан бастап жоғары оқу орындарында бағдарлама негізінде оқытыла бастады. Оған дейін бұл пәнге қатысты бірнеше еңбек орыс тілінде жарық көрді. Осыған орай Н.А.Баскаковтың “Введение в изучение тюркских языков”, А.Н.Кононовтың “История изучения тюркских языков в России”, Б.В.Лукиннің “Средняя Азия в дореволюционном и советском востоковедении”, В.В.Бартольдтың “История изучения Востока в Европе и России”, С.Д.Милибандтің “Библиографический словарь советских востоковедов”, т.б. еңбектерді атап өту қажет. Оларда түркітануға байланысты көптеген құнды мәліметтер берілген. Соңғы жылдары түркі тілдес халықтардың ғалымдары да бұл салаға қатысты өз еңбектерін жариялай бастады. Мысалы, И.Кучкартаева, С.Исабекова өзбек тілі бойынша, Е.Мергенбаев карақалпақ тілі бойынша, А.Шайкулов башқұрт тілінде, Т.Қордабаев пен А.Аманжоловтың, О.Бүркіт пен С.Бизақовтардың еңбектері де түркітануға бағышталған. Шет елдік ғалымдар да бұл мәселемен шұғылдана бастады*.

Қолыңыздағы оқулық өзінің үшінші басылымы ретінде жарияланып отыр. Бұл оқулық алғашқы рет 1985 жылы, екінші рет 1992 жылы жарық көрген. Одан кейін ол түрік тіліне аударылып, “*Türklük bilgisine giris*” деген атпен 1999 ж. Ыстамбұлда жарияланды. Үшінші басылымы алғашқы

*Бішкекте жарияланған “Жоһан тілдері” деген сериямен жарық көрген “Түркі тілдері” деген кітап соның бірі. Онда жаңа үлгіде тілдік материалдар жарияланып, соңғы кездегі мәлімет беріледі. Түркияда да бұрыннан баспа көрген, бірақ қолымызға кеш тиген “Түрк энциклопедиясы” (Анкара, 1983), “Жаңа түрк тілдері” (*Çagdas Türk dialektleri*) (авторлары—А.Вуран, Е.Алкажа—Анкара, 2002) деген кітаптар да бар.

басылымдарының негізгі мазмұнын толық сақтай отырып, біраз жаңа деректермен толықтырылып жарияланып отыр. Біріншіден, екі басылымда қажетті кеңістік тар болғандықтан бағдарлама бойынша айтылуға тиісті ойлар толық айтылмай, астарланып сипатталған еді. Қазіргі кезде егемендік алған елімізде ғылыми фактілер мен кейбір тарихи деректерді нақтылап, ашық айтуға мүмкіндік беріліп отыр. Екіншіден, оқырман қауым, түркітану саласына жанашыр достар басылымдарға байланысты өз пікірін айтып, ақылын қосты. Осы пікірлерге байланысты оқулықтың кей өзгерген жерлері де бар. Үшіншіден, екінші басылымда, баспа жағдаймен байланысты, кейбір қысқартулар жасалынып, бірінші тарау мен библиографияны текстен алып тастаған едік. Авторлар соларды қалпына келтіруге әрекеттенді. Төртіншіден, оқулықтың атауы туралы да біраз пікір айтылған еді. Неге ол *кіріспе* деп аталынды, “негіз” деп атаса болмас па деген де көзқарас болды. Бірақ қолыңыздағы кітап оқу жоспарының аясында ғана мәлімет беруді мақсат етті. Егер оны “негіз” деп өзгертетін болсақ, онда түркітану пәнінің негізгі категориялары мен бөлімдерін толық өзгертуге тура келер еді. Біз осыларды ескере отырып, қалыптасып қалған оқулықтың құрылымы мен мақсатын өзгерткіміз келмеді. Оны “түркітануға кіріспе” деп, өз қалпында қалдыруды жөн көрдік. Кей ғалымдар “түркітану” деп аудармай-ақ, “тюркология” терминін қалдыруды да ұсынды. Бірақ біз ана тілінде қалыптасып қалған және түркі халықтары арасында кең тараған, түсінікті “түркітану” терминін таңдадық.

“Түркітануға кіріспе” оқу құралының негізгі мақсаты — студенттерге түркі тілдерінің зерттелу тарихынан, олардың топтастырылу, жіктеліну принциптері жайынан мәлімет беру, әрбір түркі тілінің өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру, олардың бір-бірінен алыс-жақындығын ажырата білуге үйрету, т.б. Авторлар түркі халықтарының этникалық құрамы мен құрылымы туралы мәлімет бере отырып, олардың тарихи дамуын тіл тарихымен байланыстыра анықтауды, тілдік сыбайластықтың тарихи сырын анықтай білуді, салыстыра анықтауды үйретуді мақсат етті. Қолыңыздағы оқулық тек қазақ тілі мамандығы үшін ғана емес, түркі халықтарының тарихын, этнографиясын, әдебиетін, мәдениет тарихын

үйренуге, білуге талпынушыларға да тигізер көмегі мол болар деген ниеттеміз. Қазіргі кезде түркі тілдерінің жетістігінен хабары болмаған зерттеуші жеке түркі тілінің табиғатын анықтауда айтарлықтай табысқа жай ие бола қоймайтындығы сыр емес. Сондықтан жұмыста кейбір күрделі, даулы мәселелерді көрсетуге әрекет еттік. Бұл аспиранттарға да, ғылыми-зерттеу жұмысын жаңадан бастаған жас зерттеушілерге де пайдалы болар деген ойдамыз.

Оқулық негізінен қазақ оқырмандарына молжамданып жазылды. Сондықтан басқа түркі тілдерінен, не сол тілдердің тарихынан берілген материалдар қазақ тілімен салыстырылып қаралды. Бұл, әрине, кей түркі тілдерінде қабылданып, ғылыми дәстүрге айналған принциптен шегіну сияқты әрекет. Көне түркі жазу ескерткіштерінен берілген мысалдардың транскрипциясы бұрын баспа бетінде жарияланған нұсқада берілді, оларға өзгеріс енгізілмеді.

Түркі халқының өзіне тән көне тарихы бар, бірақ күні кешеге дейін Кеңестер елінде ұстанған саясат бойынша олар туралы ашық айтуға тыйым салынған еді. Орыстан басқа Шығыс халықтарының өз тарихы жоқ, мәдениеті төмен ел еді деген көзқарастарды қалыптастырды. Қазір егемендікті алған түркі халықтары өз тарихын іздеп, архивтерді зерттеп, түріктердің көне тарихын ашық жазуға кірісті, өзіндік мәдениетін жұртқа паш ете бастады. Қазірге дейін сол тарихи материалдардың негізінде түркілердің де көне тарихы болғандығы, дүние жүзіндегі “мәдениет” деген сарайдың ірге тасын қалаған халықтардың бірі болғандығы айқындала бастады. Тарихта бұрыннан белгілі қытай халықтарымен иық тіресіп өмір сүрген тайпалардың ішінде қазақ халқының негізін құраған көне үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың болғандығы ашық айтыла бастады. Түркілердің ұлы Кирмен соғысып, жерін бермей сақтап қалған ел екендігі, Константинопольдің құлауына себепші болған жауынгер халықтың бірі екендігі анық айтыла бастады.

Түркі тайпалары тарихқа өз атымен тек VI ғасырда (545 ж.) ғана кіргендігі айтылып келді. Ертеде жазылған жылнамалар, саяхатнамаларда түркі тайпаларының атын да, затын да өзгертіп беруге тырысты. Мысалы, Қытайдың солтүстігінде біздің жыл санауымыздан бұрын 20-ғасырында жасаған түркі тайпаларының бірін қытай жылнамашылары жундар,

екіншісін — хундар, үшінші тобын — дунхулар деп атап келді. Ал *дунху* сөзі: *дун* — көне қытайша “шығыс”, *ху* — “жабайы” дегенді білдіретін еді. Демек, *дунху* — “шығыстағы жабайылар” мағынасын береді. Еділ бойындағы түркі тайпаларының аттары да осындай өз атымен аталмай, аудармасымен немесе этностың кейбір белгілерімен аталды. Мысалы, П.В.Голубовскийдің көрсетуінше, кумандар, қыпшақтар, половецтер — бір тайпаның атауы [48, 49]. Сыр бойында жасаған массагеттер мен сақтар бір тайпаның атаулары екендігі анық. Демек түркі тайпаларын атауларына қарай бірнеше тайпалар бар екен деуге болмайды [16, 33].

Түркі тайпалары туралы дерек заманымыздан бұрын да болған, бірақ олардың тілі мен әдебиеті, қоғамдық құрылымы туралы жүйелі мәлімет берілмеген. Сондай-ақ, XI ғасырдан бастап түріктер өздері өз тарихынан мәлімет беретін жазбаларын қалдырған. Онда да олар тасқа жазылған ескерткіштерінде өз тілдері туралы айтпайды.

Көне түркілер мен қытайлардан кейін тығыз қатынаста болған — арабтар. Әму мен Сыр бойында жасаған түркі тайпалары араб пен парсы тілдес халықтармен араласып өмір сүрген кездері де болды. Олардың арасында соғыс та, бейбіт, тату өмір де болды. Мысалы, Александр Македонский Самарханға шабуыл жасағанда оған соғдылармен тізе қосып тұрған түркі тайпалары болғандығы тарихтан белгілі. Ал Кир мен сақтардың соғысы аңыз түрінде болса да, Геродот былай суреттейді: “Өлген массагеттер патшасының жесірі Томирис елді биледі. Кир оған елші жіберіп, өзіне күйеуге шығуын ұсынады. Бірақ Томирис Кирдің пиғылын танып, оған қарсы жауап береді. Осыдан соң Кир массагеттерге шабуыл жасауға дайындыққа кіріседі. Әмуден (Арахстан) өту үшін көпір сала бастайды. Томирис оларға адам жіберіп, “дариядан көпір салмай-ақ қойсын” деп, өз әскерін бір күндік жерге шегертіп, Кир сарбаздарының өтуіне жағдай жасайды. Томирисің жас баласын Кир қолға түсіріп, басын алады. Одан хабардар болған Томирис: “Қанішер Кир. Өзіңнің жеңіл жеңіске жеткеніңе мақтанба, ашыған жүзім суына алдап, баламның басын алдың. Күн құдайдың атымен ант беремін, сені өз қолыммен қаныңа тойдырамын”, — деп оған хабар береді. Кир сарбаздарын құм арасына алдап

кіргізіп, әбден шөлдетіп, болдырған әскерлеріне массагеттер сарбазы шабуыл жасайды. Шала-жансар Кирді сарбаздар арасынан тауып алып, оның басын кесіп, местегі қанға батырып, оны еліне жібереді” [47, 92-93].

Геродоттың айтуынша, массагеттер скифтер сияқты киім киген, солар сияқты өмір сүрген. Ғалымдардың пікірінше, скифтер, массагеттер, сақтар бір халықтың түрлі атаулары. Персияның патшасы Даридің скифтерге жасаған жорықтары туралы, араб тілдес халықтардың түркі тілдес халықтармен аралас жасағандығы туралы Геродот тарихында мәліметтер бар.

IV ғасырдан бастап Мысырдан көшкен гун тайпаларының (Қытай жазбаларында хун) одағы мәлім болды да, олар Еділ бойында орналасады [61, 11-12]. Хундардың күшейген дәуірі – Атилла дәуірі. Ғалымдар хундар таза түркі тайпаларының жиынтығы емес, бірнеше тілді, әр текті тайпалардың одағы болған дегенді айтады. Олар қазіргі Монғолия жерінен көшіп, Дон бойына жеткенге дейін 400 жылға жуық уақыт өткен және жолындағы тайпаларды қосып алып, батысқа қарай қозғала берген. Сондықтан таза хун тілі бар деу сенімсіздеу. Дұрысы, хундар одағына ұйытқы болған қозғаушы күш – түркі тайпалары болған, хун тілдері дегенде осы одақты басқарған (хан ордасының) тайпаның тілін түсіну керек. Э.Р.Тенишев: “Хундар заманымыздың I мың жылы басында Орталық Азияда көшпенді тайпалардың араласуынан қалыптасты, ал III ғасырда олар Монғолия мен Байкалдың айналасына орналасты. II-III ғасырларда олардың бір тобы Батысқа көшіп кетті де, угралар мен сарматтарға қосылды. Осы қоспа тайпа “гундер” деп аталынады”, – дейді [154, 52]. Гундер IV ғасырдың ортасында (455 ж.) батысқа қарай көшуін тереңдете бермей тоқтатады да, екіге бөлініп кетеді. Бұл Атилла өлген соң (Атилла 434-453 жылдары билеген) болған жағдай. Хундардың тілінен жазба ескерткіштер қалмаған, тек аздаған сөздері мен адамдардың аттары Қытай жазбаларында сақталған.

Түркі ру-тайпалары туралы алғашқы мәлімет Қытай жылнамаларында берілген. Біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірлерде жазылған ескерткіштерде Қытайдың солтүстігінде

өмір сүрген көшпелі тайпалар туралы мәліметтер бар. Мысалы, Сыма Цянь (б.э.д. 145–187 жылдар шамасында) өзінің еңбегінде, бірінші рет, Қытайдың солтүстігінде сюнну, дунху, сушэнь тайпалары өмір сүретіндігі айтылады. Соңғы кездерде бұл көшпенді тайпаларды түркі, монғол және тұнғұс тілдес тайпалар деп атап жүрміз [73,74]. Ертедегі түркі тайпалары туралы мәліметтерді көне армян, араб, көне еврей, көне грузин, көне орыс жылнамалары мен тарихи жазбаларынан оқуға болатын еді. Мысалы, сириялық З.Ритору (VI ғасыр) өз еңбегінде кавказ туралы мәлімет бергенде хазарларды сөз етеді. Ал арабтар болса, Орта Азияны жаулап алғаннан соң-ақ түркі тайпалары, олардың географиясы, этнографиясы, этникалық құрылымынан көптеген мәлімет бере бастаған. Түркі тайпаларының тілі, әдебиеті, этникалық құрылымы туралы толық мәліметті түріктердің өздерінен артық ешкім де берген емес. Қазірше түркі тайпалардың өз тарихы мен тілін анықтауда Орхон-Енисей жазба ескерткіштері мен араб тілінде жазылған М.Қашғаридың сөздігінен артық еңбек жоқтың қасы.

X ғасырдан бастап түркі тайпалары орыс жылнамаларында, жазбаларында кездесе бастайды. Бұған гун (хун) тайпаларының Еділден өтіп, Дон жағалауына жетуі, славян тайпаларымен тікелей қатынас жасай бастауы себепші болған. Тарихи еңбектерде хундар туралы көп жазылып, ғалымдар арасында біршама пікір таласы болса да, оның басы ашылмай, күнгірт болып келе жатқан мәселелері де аз емес. Бірақ тарихта Азия топырағында *хун*, Еуропа жерінде *гун* деп аталынған тайпалар Азия мен Еуропа тарихында өте үлкен рөл ойнағандығын жасыруға болмайды. Қазіргі Монғолия мен Қытайдың солтүстік өлкелерінде жасаған хундар заманымыздың басында батысқа қарай көше бастады. IV ғасырда олар Дон жағасына жетеді де, көп уақыт Арал, Каспий, Дон бойларында көшіп-қонып жүреді, Киев мемлекетімен қатынаста болады. Хундар мен славян тайпаларының арасындағы қатынас барлық уақытта достық қатынаста болмағандығы, оқтын-оқтын бірі екіншісіне шабуыл жасап отырғандығы да анық. Сонымен бірге хундар мен славяндар одақтасып, басқа тайпаларға, хандықтарға шабуыл жасағандығы да тарихтан белгілі. Мұндай тығыз қатынас екі елдің экономикалық, әлеуметтік өмірінде, мәдениетінде өз әсерін қалдырғандығы мәлім. Мысалы, “Повести временных лет” деген көне орыс жазба ескерткішінде шығыс

славяндарының өмірін көрсетумен бірге олардың басқа көрші халықтар, тайпалармен қарым-қатынасы туралы мәліметтерді де келтіреді. Сондай қарым-қатынастың арқасында ескерткіште *бояр* (*bojar*), *шатыр* (*satir*), *каган* (*gahan*) сияқты түркі сөздері қолданыла бастайды. Қазір өзінің түркілік негізін мүлде жоғалтқан не түркі тілдерінде қолданылмайтын, IX-XII ғасырларда түркі тілдерінен славян тіліне енген сапог, ковер, лошадь, князь, бояр, т.б. сөздер де қолданылған [87]*.

Хундардың этникалық құрылымы бір текті болмаған дедік. Олардың 200 жылдан аса уақытқа созылған Сібірден батысқа көшу процесінде жолдарында жатқан угро-финн, тунгус-маньчжур тілінде сөйлейтін бірнеше тайпаларды өздеріне қоса отырып, олармен бірге батысқа жылжыған. Хундарды түркі халықтарының ата-тегі деп есептегенде де хундар одағының құрамында басқа тілде сөйлейтін тайпалардың болғандығын ескермей келген емес, бірақ бұл даулы мәселе. Мысалы, Л.Н.Гумилев хундардың негізі (қозғаушы күші) угро-финдер деп есептесе, Б.А.Серебренников түркі тектес тайпалар болған деп есептейді. Көшпенділер тарихымен байланысты ғылыми зерттеулер жүргізген С.А.Плетнев хундар одағының құрамында түркі тайпалары басым, Орал тауының етегінде ғана угро-финдер қатынасқан дейді [144, 108]. Жалпы, гундер өз Отанынан көшпей тұрып-ақ угро-фин тайпаларымен араласа бастаған. В.Г.Егоров: “Держава гуннов состояла из 24 племени, подразделявшихся на восточную и западную части. В числе восточных гуннов были и монгольские племена. На рубеже III-II века до нашей эры гунны подчинили себе многие ираноязычные, фино-угорские и другие племена...” [63,7], — дегенде осы хундардың этникалық құрамының әр тектілігін есепке алған болатын. Шындығында да, хундар біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірдің өзінде Жетісу, Орта Азия өлкелеріне дейін жеткен болатын. Біздің заманымыздың IV ғасырларында Дон өлкесінде хундар иран тілдес аландарды қосып алады да, үлкен күшке айналады. Олардың шарықтап

* Кей ғалымдардың пікірінше, түркі сөздері славян тайпаларының сөйлеу тілінде әлдеқайда көп болған, ал шежіре жазушылар саналы түрде олардың орнына славян сөздерін пайдаланған. Ал “Игорь полкы туралы жырда” түркі сөздері көп қолданылған.

күшейген дәуірі V ғасырдың орта шені — Атилла басқарған дәуір. Атилланың өлімінен кейін хундар одағы ыдырайды да, суварлар, бұлғарлар бөлініп шығады. Бұдан кейінгі хундардың тарихын бұлғарлар мен хазарлар жалғастырады.

Дон бойында, жалпы оңтүстік орыс жерінде түркі тайпаларының ықпалы болғандығы сондай, кейбір түркі билеушілерінің лауазым атақтары орыс князьдары мен патшаларына да тағылған. К.Г.Менгес: “Такие древнерусские Киевские князья, как Владимир и его сын Ярослав Мудрый носил титул кагана”, — деп жазған болатын [123,108]. Сондай-ақ, тарихта ертеде орыстың көптеген атақты князьдары мен түркі тектес тайпалар көсемдері арасында туыстық қатынастың болғаны байқалады. Мысалы, Владимир Мономах өзінің екі ұлын — Юрий мен Андрейді, қыпшақтардың қызына үйлендірген. Владимир Суздаль князы Андрей Боголюбскийдің анасы қыпшақ болған. Ал Черниговтың князы Владимир Давидович өлгеннен кейін әйелі қыпшақ ханы Башқордқа қашып кеткен. Андрей Невский Қончақ ханның жиені болған. Бұл сияқты қатынастар тек князьдар мен хандар арасында ғана емес, қалың бұқара арасында да кең тараған.

Көшпенді түркілер отырықшы орыстардың ықпалымен және әлеуметтік, географиялық жағдайлармен байланысты біртіндеп белгілі бір жерлерге қоныстана бастайды. Сондай қоныстанудың негізінде оңтүстік орыс жерлерінде Берендеевка, Слобода, Торки, Торчино, Ультарь, Урособина сияқты топоним атаулар пайда болған.

Атилла біріктірген хун одағының ыдырауынан соң тарих сахнасына бұлғарлар мен хазарларды алып келеді. Алғашқы кезде Дон бойында бұлғарлар күшейіп, Ұлы Бұлғар мемлекетін құрады. Бұлғарлардың ең күшейген дәуірі Кубраттың хандық құрған кезіне тура келеді. Кубрат шамамен VII ғасырдың орталарында дүние салған. Ол өлерінің алдында бес ұлын шақырып, олардың тату-тәтті болуын, бір орталыққа бірігуін өсиет етеді. Бірақ ол көзінің тірісінде-ақ бес ұлына өзі құрған Ұлы Бұлғар мемлекетін бөліп, билеткен болатын. Кубраттың өлімінен көп ұзамай бес ұлдың арасында дау туады. Бұл кезде аландар мен хазарлар одағы күшейіп, бұлғарларға қысым көрсете бастайды. Тарихта Кубраттың екі ұлы туралы мәлімет бар. Бірі — Аспарух, өз ортасы мен хазарлардан қашып, шамамен VII ғасырдың 70-жылдары,

Доннан өтіп, славян халықтарының арасына сіңіп кетеді. Қазіргі венгр-мадьярлардың негізін осы Аспарух бастаған бұлғарлармен байланыстырғанда осы тарихи уақиғаны негіз етеміз. Екінші ұлы — Батбаян Арал төңірегінде қалып қояды. Бірақ тарихта бұлғар тайпалары Еділ бойына барып орналасқандығы да анық. Хазарлар болса өз жерін кеңейтіп, Доннан Кавказ етегіне дейінгі өлкені, Қара теңіз жағалауы мен Қырымды мекендеді.



IX ғасырдың соңында Хазар қағанаты әлсірей бастайды. Олардың әлсіреуіне IX ғасырдың екінші жартысынан күшейе бастаған печенектер мен оғыздар себепші болады. Печенектер (арабтар оларды *баджнак* деп атаған) бір кезде Кангюй одағына кірген көшпенді түркілер болған. Ал олар IX ғасырда Еділдің сол жағалауында жасаған, олардың бір бөлегі Арал жағалауы мен Орал тауының етегін мекендеген. Печенектердің негізі түркі тайпалары болғанымен, олардың құрамында сарматтар, угро-финдер де болған. IX ғасырдың бас кезінде хазарлар мен оғыздардың (гуздар) біріккен күшінен жеңілген печенектер өз Отанын тастап, Еділ мен Дон аралығына (бұрынғы тайпаластарына) келіп қосылады да, бұл жерде жасап жатқан печенектердің күшеюіне себепші болады. Еділ мен Дон бойында олар орыс князьдерімен, орыс халқымен тікелей байланыста бола бастайды. Басқа көшпенділер сияқты олар да отырықшы халыққа айналып, жермен шұғылданады. Олар орыстармен жақсы қарым-қатынаста болған сияқты. Пікірімізге дәлел ретінде печенектердің орыс жасақтарымен бірге 944 жылы Византияға жасаған шабуылын көрсетуге болады. Печенектер Еділ мен Жайық аралығындағы жерге келгенде олар бұлғар тайпаларын ығыстырады да, соның орнын мекендейді. Осы өлкеде орыстармен қоян-қолтық араласты. Тіпті орыстар келгендерді бөгде жұрт деп санамайтын кездері де болған, оларды өзіміз (свои) деп те

атаған. Мысалы, Ипатьев шежіресінде: “...Глеб князь принял бяше Григарья тысячного своего, с помощью и половцы дики, Концак с родом своим и свои берендечи, Бастеева Чадь”, — деп жабайы половецтерді (қыпшақтарды) берендейлерге (печенектерге) карама-қарсы қойып отыр. Сондай-ақ орыс халқының қайғысы мен қуанышы орыстар арасына сіңе бастаған көшпенділерге де ортақ болған сияқты. Осы шежіреде “Киев князы Ярослав өлгенде барлық орыс жері, барлық қарабөріктілер қайғырып жылады, ал Киев тағына Владимир Мономахтың немересі Ростислав Метиславич отырғанда орыс халқымен бірге қарабөріктілер де қуанды” деп жазады.

Печенектер мен орыс князьдерінің арасында әскери одақ та болған. Мысалы, 944 жылы Игорь Византияға жорыққа аттанғанда печенектерден де жасақ ала кеткен. Сондай-ақ, орыс князьдары мен патшасы да көшпенді түркі тайпаларына өздерінің әскери көмегін беріп отырған. Мысалы, 1116 жылы печенектер, берендейлер, торктар қыпшақтардан ойсырай жеңіліп, өз Отанынан көшкенде Владимир Мономах оларға қамқорлық жасап, қол астына қоныстандырғандығы тарихтан белгілі.

Осындай ұзаққа созылған қатынас орыс жерлерінде түркі халықтарының сіңісіп кетуіне, мәдениеті мен экономикасына, тіліне өз ықпалын тигізген. XI ғасырдан кейінгі дәуірде орыс, түркі халықтары аралас тұратын елді мекендерде көптеген жаңа түркі атаулары пайда бола бастайды. Мысалы, Ипатьев жылнамасында орыс, қыпшақ аралас тұрған Моровнеск, Любеск, Огрошь, т.б. жеті елді мекен көрсетілген. Қазіргі кезде Украина мен Ресейдің оңтүстік аудандарында кездесетін Половец, Печенек, Беренди, Торки, Куман атаулары да көне дәуірден қалған белгі іспеттес.

Көшпелі түркілердің Ресей жеріне кіріп орналасуын бір дәуірмен ғана шектеп қоюға болмайды. Жалпы Ұлы көшпелілік дәуірі үш кезеңге бөлінеді. Бірінші дәуір — таборлық (топтасып кешу) дәуірі. Бұл дәуірдегі көшпелі түркілер одақтасып, топтасып көшкенімен өздерінің артына айтарлықтай мәдени мұра қалдыра алмаған. Қалдырғаны тек өздерінің молалары және өлген адаммен бірге көмілген түрлі қару-жарак, әшекей бұйымдар. Сондықтан да олар мал шаруашылығымен айналысып, жайылым ыңғайына қарай көшіп-қона берген. Көшпеліліктің екінші дәуірі — белгілі шектелген бір өлке ішінде көшіп-қонуға байланысты. Олардың қыс қыстауы, жаз

жайлауы болған. Үшінші дәуірде көшпелі халықтардың басым көпшілігі отырықшы болады да, аз бөлшегі ғана көшіп-қонып жүрген. Олардың көшіп-қонатын өз шекарасы, ауданы болған. Түркі халықтарының славян жеріне еніп, оны мекендеуі, негізінен, бірінші таборлық дәуірге жатады.

Түркі көшпелі тайпалардың ішіндегі ең күштісі де, соңғысы да қыпшақтар болған. IX-X ғасырда олар Балқаш пен Ертіс бойларында Қимақтар қағанатын құрды. Бұл қағанаттың батыс қанатында қыпшақтар (кумандар) болған. Қимақтардың қырғыз қағанатынан жеңілуі, гуздар мен қыпшақтардың ұзаққа созылған соғысы, қыпшақ жеріне Сібірдің көшпенді тайпаларының келе бастауы — осылардың бәрі қыпшақтарды батысқа қарай ығыстырды. Қыпшақтар орыс шежіресінде “куман” немесе “половец” деген атпен аталып келді. Қыпшақтар өте кең өлкені жайлаған. Олардың күшейіп, көршілеріне тізе батыра бастаған дәуірі — XI ғасыр. Осы дәуірден бастап орыс жерлерінде түркі халықтары мекендеген аймақтар пайда болады. Олар Киев мемлекетінің құрамына еніп, сол елдің азаматы болып есептелінді.

Хундардан бастап монғолдардың шапқыншылығына дейінгі ұзақ дәуір ішінде түркі халықтары мен орыстар (славяндар) арасындағы қарым-қатынас орыс тіліне көптеген түркі сөздерінің, түркілерге орыс (славян) сөздерінің енуіне жағдай жасады. Бірақ орыс шежірелерінде (оны жазушылардың саналы әрекеті нәтижесінде) түркі сөздері өте аз берілген. П.М.Мелиоранский 1225 жылға дейінгі көне орыс жазба ескерткіштерін зерттей отырып, бары-жоғы монғол шапқыншылығына дейінгі орыс жылнамасында 27-ақ түркі сөзін қолданғандығын көрсетеді [122, 21]. Бірақ халықтың сөйлеу тілінде түркі сөздерінің әлдеқайда көп екендігі белгілі. Тіпті аралас-құралас еңбекші бұқараны былай қойғанда, орыстың көрнекті князьдері мен боярларының өздері де түркі тілін жақсы білгендігі тарихтан белгілі. Мысалы, “Повести временных лет” жазбасында 968 жылы печенектер (қаңлылар) Киев жеріне басып кіріп, оны қоршап алғанда, князь Святослав басқа жақта болады да, Ольга немерелерімен Киевте қалады. Халық қинала бастағанда: “Днепрден өтіп, негізгі күш таңертеңге дейін келмесе, қала печенектерге берілетіндігін хабарлайтын адам бар ма?” — дегенде бір адам шығып, қолына жүген алып, печенектерге барып сұрайды: “Не видел ли кто-нибудь коня?” Ибо знал он попеченежски, и его принимали за своего”, — деген үзінді бар [123, 24]. Ал орыс князы Владимир Мономахтың әкесі Всеволод Ярославич бес тілді білген. Соның біреуі — қыпшақ тілі.

XIII ғасырда Азияда үлкен өзгерістер болып, монғолдар Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алады. XIII ғасырдың 30-жылдары Дешті Қыпшақ түгелімен монғолдың қол астына өтіп, монғолдың аттарының тұяғы орыс жерін таптай бастайды. Бірақ олар орыс жерінде тұрақтай алмады. Дешті Қыпшаққа қайта оралды, сонда орда тікті. Монғол ордасында орыс және монғол тілін білетін тілмаштар шыға бастады. Бұл дәуірде түркі тілін сөйлеу тілі негізінде үйренушілер, арнайы маманданушылар болған. Тілмаштар тек түркілер (татарлар) ғана емес, олардың арасында орыстар да бар еді.

Орыс тілінде кірме сөздердің көбейе бастауы оны жүйеге түсіруді қажет етеді*. Сондықтан көне орыс жазуларында кірме сөздердің тізімі беріліп, оны орысша түсіндірген. Мұндай алғашқы тәжірибе XI ғасырдан бұрын басталғанымен, алғашқы лексикографиялық еңбек XV ғасырдан кейін жасалған еді. Солардың арасынан сақталғаны “Се татарскый языкъ” және “Толкование (или толк) языка половецкого” деп аталатын көне екі сөздік те XV–XVI ғасырларда жазылған. “Се татарскый языкъ” сөздігінде 27 сөз, 6 сөйлем және 18 сан есім берілсе, “Толкование (или толк) языка половецкого” 17 сөз берілген.

Ал XV–XVI ғасырларда Қазан және Қырым хандарымен Мәскеу мемлекетінің қатынасының күшеюіне байланысты Қазан және Қырым татарларының тілін үйренуге, осы тілдерді жақсы білетін тілмаштардың шығуына жағдай жасады. Тіпті түркі, орыстар арасында жазба түрінде де қатынас болған. Мәселен, 1489 жылы 29 қазанда және 1490 жылы көкекте Қырымға татар тілінде жазылған (жазған Облев Бақшы) грамота жіберілген. Ертеректе дүниеге аты жайылған Константинопольдің құлауы (1453 ж.), түркілер мемлекетінің күшеюі, орыстардың түркі мемлекетін (әсіресе тарихын, тілін) жете үйренуге мәжбүр етті. Ал Қазан (1552), Астрахань (1556) хандықтарының орыстардан жеңіліп, хандық ретінде жойылуы, орыстардың Сібір хандықтарымен байланысын күшейте түсті. Орыстар Сібірге орныға бастады. Мысалы, 1587 жылы Тобыл қаласы салынып, 1632 жылы Якутскінің негізі қаланды.

* Орыстар тек түркілермен ғана емес, басқа халықтармен де (немістермен, арабтармен, шведтермен, т.б.) қарым-қатынас жасағаны белгілі.

БІРІНШІ ТАРАУ

ТҮРКІТАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Шығыс — көне мәдени орталық болғандығы анық. Егер тарихқа көз салып қарайтын болсақ, көне грек мәдениетінен бұрын және оның дамуына ықпал еткен Үндістан, Вавилон, Қытайлардың мәдениеті болған. Осы халықтармен шектес жатқан басқа халықтардың да мәдениеті біршама дамығандығы ықтимал. Қазіргі түркі тектес халықтар жасайтын Орта Азия, Қазақстан, Сібір өлкелері туралы, ондағы халықтардың тарихы, әлеуметтік жағдайы, географиясы, этнография-сы, т.б. туралы мәлімет сол көне заманнан түрлі жазба ескерткіштерден бізге жеткен. Мұндай мәліметтер қытай жылнамаларынан, грек саяхатшылары мен тарихшыларының, географтарының еңбектерінде бар. Мысалы, Н.Я.Бичуриннің көрсетуінше, Ферғана (Даван) туралы қытай жылнамаларындағы алғашқы мәлімет Чжан Кянь (біздің заманымызға дейінгі 140-135 жылдар) княздік құрған дәуірінен [28,147], ал хундар (хунну) туралы мәлімет одан да бұрын жазылған жылнамаларда кездеседі. Грек тарихшылары мен географтары болса, Орта Азия және Каспий бойларын, сәл кейінірек Қазақстан мен Монғолияда жасаған халықтар туралы мәлімет береді. Мысалы, Геродот өзінің тарихында массагеттер (Әму мен Сыр бойында жасаған халықтар) мен исседондар (қазіргі Қазақстан жерінде жасаған халық) туралы мынадай мәлімет берген: “Киімі және өмір сүруі жағынан массагеттер скифтерге ұқсайды. Олар жаяу да, аттың үстінде де соғыса алады, соғыстың екі түрін де біледі: жаймен, найзамен соғысады, қару-жарағы қарапайым және алдаспаны (семсері) болады. Олардың барлық заттары алтыннан және мыстан; найза, жай оғы, алдаспаны мыстан; бас киімі, белбеуі және әшекей тағыншақтары алтыннан”, — деп массагеттерді сипаттаса, исседондар туралы: “...исседондарда мынадай салт бар: егер олардың әкесі өлсе, оның туысқандары малдарын айдап

өкеліп, құрбандық шалады, етті майдалап кесіп өліктің туысқандарымен бірге жиын (пир) өткізеді”, – дейді [47, 19-21].

Страбон өзінің географиясында массагеттер мен сақтарды бір халық деп есептейді. Жалпы сақтар туралы жазылған еңбектер көп-ақ. Ал сақтардың күшті мемлекеті болғандығы тарихтан белгілі.

Түркі халықтарының тілін, әдебиетін арнайы зерттеу тарихы көне заманға бармайды, орта ғасырлардан басталынады. Біздің қолымызға келіп жеткен деректерге қарағанда, алғашқы түркі тілін зерттеген ғалымдар – араб ғылымымен, араб мәдениетімен байланысты болғандар. Оның тарихи себебі де жоқ емес. Біріншіден, түркі халықтарының көпшілігі (Орта Азия, Түркияда жасайтын) арабтардың қол астында болды. Арабтар өз үстемдігін мәңгілік ету, көбірек жерді жаулап алу мақсатында түркі халықтарының тарихын, тілін, әдет-ғұрпын үйрене бастады. Екіншіден, арабтар жаулап алған аумақ өте кең болатын. Сондықтан да олар арасындағы қатынас жолын (почта) сақтау және үздіксіз болуын қамтамасыз ету мақсатында, мемлекет тұтастығын не жаңа жерлер басып алу үшін жергілікті халықтардың өкілін мемлекеттік жұмысқа, әскерге алатын. Басқыншы армияның құрамында келген арабтар бұл мақсатты қанағаттандыра алмайтын. Үшіншіден, арабтар тек қарудың күшімен Орта Азия, Қазақстан, Еділ бойларындағы халықтарды жаулап алған емес. Арабтардың атының тұяғы Қазақстанның көп жерін, Еділ бойларын баспағандығы анық. Олар өздерінің дінімен де ұлан-ғайыр территорияны басып алып, өз ықпалына жүгіндірген. Өз үстемдігінің мықты, берік болуына ислам дінінің де әсері болатындығын жақсы білген олар Құранды не Құранның негізгі қағидаларын түркі тілдеріне аударып бастаған, араб тілін білетін мамандар, ауызша болса да, Құранның негізгі қағидаларын жергілікті халықтарға түсіндіріп отырған. Төртіншіден, араб мәдениеті, араб ғылымы деген түсініктің дүние тарихына орнығуына, оның қол жеткен табысының мол болуына тек арабтар ғана ат салысқан деу дұрыс емес. Мысалы, Араб халифатында ғылым мен мәдениеттің ең дамыған “алтын дәуірі” Аббасидтер билеген дәуірге сай келеді. Ағылшынның атақты шығыс зерттеуші ғалымы Е.Браунның көрсетуінше, осы “алтын

дәуірде” дүниеге танылған 45 араб ғалымының 30-ы ұлты араб емес басқа халықтардың өкілі болған. Солардың қатарында біздің бабаларымыз Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Махмуд әл-Хорезми, Әбу Райхан әл-Бируни, т.б. бар.

Түркі халықтарының тілі қай дәуірден бастап зерттеліне бастағандығын нақты көрсету қиын. Бірақ бізге жеткен ең көне түркі тілдеріне байланысты пікір айтқан еңбек караханидтер дәуіріне сәйкес келеді. Ең күрделі және жазылған уақыты жағынан көнесі М.Қашғаридің “Диуани луғат-ит түрк” деген еңбегі болып саналады. Түркі тілдері туралы жазылған екінші еңбек – Махмуд Замахшаридің “Мухамадыт-әл-адаб” деген еңбегі. М.Замахшари 1075 жылы (хижра 467) Хорезми өлкесінде (анығырағы қазіргі Түркменстанның Ташауз облысы Тахтакөпір ауданындағы Измшахр ауылында) туылған. Аяғының кемістігі болғандықтан (Замахшари деп сондықтан аталынған) елінен ұзап шыға алмай, сауатын Хорезмде ашады. Тек ержеткеннен кейін ғана Бұқара, Хорасан, Бағдат, Меке, Дамаскілерге барады. Ол араб тілі, әдебиеті, философиясы, ислам дінінің тарихына байланысты елуден астам ғылыми еңбек жазған, бірақ бізге дейін барлығы жетпеген. Түркологияға аздап қатысы бар еңбегі – “Мухамадит-ул-адаб”. Бұл таза сөздік емес, онда араб тілінің грамматикалық құрылымы туралы да хабар беріледі. Жұмыс бес тараудан тұрады. Бірінші тарауда есімдер, екінші тарауда етістіктер, үшінші тарауда көмекші сөздер, төртінші тарауда есімдердің қосымша қабылдап түрленуі, бесінші тарауда етістіктің жіктелінуі туралы сөз болады. Кітаптың сөздік бөлімінде кей араб сөздерінің түркіше, монғолша баламасы берілген. Академик В.В.Бартольд М.Замахшаридің еңбегіндегі түркі сөздерін XII-XIII ғасырлардағы Орта Азия түркі халықтарының лексикасынан хабар береді деп көрсеткен [17, 465].

Орта ғасырдағы түркі тілдерін зерттеуде үлкен үлес қосқан ғалымның бірі – Асируддин Абу Хаән аль-Андалусий. Ол 1256 жылы (хижра 654) Испанияда дүниеге келген. Испанияның Малага, Велев, Альмерия қалаларында оқып, көмелетке жеткен соң 1280-1281 жылдары Египетке саяхат жасайды. Осы саяхат кезінде Египет, Сирия, Иранның мәдениеті мен ғылым дүниесіне қызығады; араб, парсы, түркі

тілдерін өте жақсы білген және сол тілдердің сөздігі, грамматикасы туралы еңбек жазған. Абу Хаәнның түркі тіліне қызығуын ғалымдар түрліше түсіндіреді. Біздіңше, оның түркі тіліне қызығуы Сириядағы өмірімен тікелей байланысты. Бұл кезде Сирия мен Египетте түркі тілдес тайпалардың беделі өсіп, мамлюктер мемлекетті билей бастаған болатын. Түрік тіліндегі ислам энциклопедиясына мақала жазған Махмуд Мансур Абу Хаән араб мемлекеттерін он жыл бойына айналып, Каирге келіп тұрақтаған, сонда қайтыс болған деген мәлімет береді. Нақ осы дәуірде мамлюктер Египет пен Сирияда үстемдік құрған (1250-1517 жж.) болатын және оларда мемлекеттік тіл түркі тілі болған. Сондықтан Абу Хаәнның түркі тіліне қызығуы, ол туралы еңбек жазуы түсінікті. Бізге жеткен мәліметтер бойынша, Абу Хаән түркі тілдері бойынша төрт еңбек жазған, оның бізге келіп жеткені, не қазірше табылғаны біреуі ғана. Ол кітаптың аты – “Китаб әл-идрак ли-ли сан ал-тюрк”. 1312 жылы (хиджра 713) Каирде жазылған бұл кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде сөздік берілсе, екінші бөлімде грамматикаға тиісті пікірлер айтылған. Мамлюктер тілі аралас тіл болған. Бірақ олардың тілінде қыпшақ элементтерінің басым екендігін ғалымдарымыз дәлелдеген болатын. “Китаб әл-идракта” аудармасы берілетін сөздердің көпшілігі қыпшақ сөздері болғандықтан А.Н.Баскаков оны қыпшақ тілінің ескерткіші деп санайды [21,178]. Бірақ кітапта оғыз элементтері де берілген. Мысалы, *ағла* (жыла), *алмурт* (алмұрт), *ашақа*, *адук*, *амак* (азап), *асри* (қабылан), *байни* (ми, мия), *бан* (мен), *билагу* (қайрақ), *бин* (мін), *былдыршын* (бөдене), *буйкуз* (мүйіз), *бунчук* (мойыншак), *памук* (мақта), *йавуз* (жауыз), *йағмур* (жаңбыр), *ймуркла* (жұмыртқа) сияқты сөздерді оғыз не түрікмен тіліне тиісті деп көрсеткен*.

Абу Хаән қыпшақ тілдерінің фонетикалық ерекшелігі ретінде мынадай сөздерді көрсетеді: 1) Сөз басында *й* дыбысы қолданылады. Мысалы, *йамғур* (*жаңбыр* емес), *йику* (*сызык*, *жол*), *йылан* (*жылан*), т.б.; 2) Сөз ішіндегі *ғ*, *г* дыбыстары *й* дыбысымен орын алмасып отырады. Мысалы, *эгин-эйин* (иык, желке), *буйдай-буғдай* (бидай) т.б.; 3) Сөз ішіндегі *ғ* мен *в*

* Мысалдар Э.Фазыловтың “Шархнинг машхур филологлари” (Тошкент, 1971) деген еңбегінен алынды.

дыбыстары орын алмасады. Мысалы, *авыз-ағыз* (ауыз), т.б. Егер “Китаб әл-идракта” берілген сөздерді қазіргі қазақ тілімен салыстырсақ, мынадай тұрақты фонетикалық алмасуды байқауға болады. Мысалы, *б* мен *п* дыбыстары алмасады: *аба-апа, абақ-аппақ*; *б* пен *м* дыбыстары алмасады: *бан-мен, бачин-мечин (маймыл), бин-мың*, т.б.; *ш* мен *с* дыбыстары алмасады: *баш-бас, аш-ас (тамақ мағынасында), ташы-тасы, ташкун-тасқын*, т.б.; *д* менен *т* дыбыстары алмасады: *будақ-бұтақ, дап-теп, дамир-темір*; *ғ* менен *у* дыбыстары алмасады: *бағыр-бауыр, бағ-бау*, т.б. “Китаб әл-идрактағы” мысалдармен қазіргі қазақ тілін салыстырғанда морфологиялық ерекшеліктің аз екендігі байқалады. Мысалы, жинақтау сан есімі *-ау*, *-эу* және *-агу*, *-эгу*, *авла*, *-эвле* қосымшаларын есептік сан есімдерге қосу арқылы жасалынады: *икаву*, *икагу*, *икавла*, *икала*. Бұйрық райының бірінші жағында *-ғайым*, *-гейим*, екінші жағында *-гыл*, *-гил/-кил*, *-гул*, *-гүл* қосымшалары қолданылады. Есімшелердің *-дачы*, *-дечи*, көсемшенің *-у*, *-ү*, *-йу*, *-йү* және *-бан*, *-бән* қосымшалары қолданылған.

Қыпшақ тілдерінің материалы негізінде жазылған екінші бір еңбек – Жалалиддин Абу Мухамад Абдуллох Туркидің “Китабу булғат ал-муштак фи луғат-ит-турк ва-л-кифчак” деген еңбегі. Жалалиддин Туркидің өмірі, еңбектері туралы толық мәліметіміз жоқ. Тек оның XIV-XV ғасырларда өмір сүргендігін, араб және түркі тілдерін жетік білетін ғалым екендігін ғана білеміз. Оның жазған еңбектері көп болған болуы мүмкін, бізге түркі тілдері бойынша жазылған бір ғана еңбегі келіп жеткен. Еңбек – автор жазған түпнұсқа емес, XV ғасырдың орталарында көшірілген қолжазба. Қолжазба Париждегі ұлттық кітапханада сақталынады, қолжазбаның бірінші бетінде Абу-Бакир деген біреу 1451 жылы (хижра 855) деп жазып қойған. Еңбектің қайда жазылғаны туралы да мәлімет жоқ, тек түркіше берілген сөздердің арабша түсіндірмесі араб тілінің Сирия диалектісінде берілгендіктен жұмыс Сирияда жазылған деген жорамал айтылып жүр.

Э.Фазыловтың көрсетуінше, қолжазба төрт тараудан тұрады [184, 21]. Бірінші тарауда құдайдың, пайғамбарлардың, періштелердің, күн, ай, жұлдыз, құс жолы т.б.

аты және олар туралы түсінік берілген. Екінші тарауда жер үсті және жер асты заттарына тоқталған. Бұл тарау бірнеше майда бөлімдерге бөлінген. Мысалы, 1. Жер үстіндегі заттар: *йер, қыр, сырт, йар, орман*, т.б. 2. Қазба байлықтар: *алтун, кумуш, бақыр, куришун*, т.б. 3. Сауда-саттық заттары: *йалдырым (шиша), сырча (айна, шыны), йанжу (інжу)*, т.б. 4. Өмір, өлім туралы сөздер: *дирлик, олум, тозақ*, т.б. 5. Жын, сыйынуға байланысты сөздер: *муғ (отқа сыйынушы), намаз, авдаз (дәрет алу)*, т.б. 6. Әскер және соның қару-жарағына байланысты атаулар: *қазари (сатқын), чари (әскер), чалыш (алысу, күресу)*, т.б. 7. Өсімдік атауы: *акин, бұғдай/бидай, арпа, тары* т.б. 8. Хайуанаттар аты: *қоңқар, кубас (иттің түрі), құлан, құлуқ (екі жасар қоздаған қой), кулун, кутук (қодық)*, т.б. Үшінші тарауда мезгіл және мекен үстеулері, ай, күн атаулары мен жыл мезгілдерін, жіктеу, сілтеу есімдіктерін және көмекші сөздерді енгізген. Төртінші тарауда етістіктердің өткен, осы және келер шақтары, бұйрық рай мен қимыл атаулары туралы мәлімет берген.

Жалалиддин Турки сөздердің мағынасын ғана түсіндіріп қана қоймастан, түркі тілінің грамматикасынан да мәліметтер беріп отырған. Мысалы, үшінші тараудың соңында көптік жалғаулары туралы мәлімет береді. Қолжазбада тәуелдік жалғауы үш жақпен байланысты қолданылған. Бірінші жақта *-ум, -үм, -ым, -им*, екінші жақта *-ун, -үн, -ын, -ин*, үшінші жақта *-ы, -и* қосымшаларын қабылдаған. Септік жалғауларының мағынасын араб тіліндегі берілу жолымен салыстырып, араб тілінде сөз алдында қолданылатын “ило” көмекшісіне барыс септігінің *а* қосымшасының, *фи* көмекшісіне жатыс септігінің да қосымшасы, *мин* көмекші сөзіне шығыс септігінің *дан* қосымшасы мағыналас келеді дейді. Жалпы септік жалғауы қолжазбада жетеу: 1) Атау септігі (қосымшасы жоқ); 2) Ілік (*-ның, -иң, -ум, -үм*); 3) Барыс (*-а*); 4) Табыс (*-ны, -ни*); 5) Құралдық (*-ун, -үн, -ын, -ин*); 6) Жатыс (*-да, -де*); 7) Шығыс (*-дан, -ден*). Қолжазбада етістіктің өткен шақ (*-ды, -ди*), келер шақ (*-ар, -ер*) қосымшаларының, етіс қосымшаларының (*-н, -л, -дур, -ур, -үр, -ғұр, -н*), есімшелердің қосымшаларының қолданылуына мысалдар берген. Өте сирек болса да, сөздердің қолданылу ерекшелігіне де көңіл бөлген. Мысалы, *тор* сөзі

қыпшақ тіліне тән екендігін көрсетеді. Ш.А.Файзуллаеваның көрсетуінше, “Китабу булғатта” 986 сөзге түсініктеме берген. Оның 479-ы зат есім, 60-ы күрделі сөз, 318-і етістік, 11-і сын есім, 22-і есімдік, 44-і сан есім, 25-і үстеу, 14-і септеулік, 8-і жалғаулық шылау, 4-еуі демеулік шылау, біреуі болымсыз сөз [185].

Түркі тілдерінің материалын талдаған, араб тіл білімі үлгісінде жазылған еңбектің бірі – Джамал ад-Дин ибн Муханнаның “Хилат ул-инсон ва халибат ул-лисан” деген еңбегі. Бұл трактаттың бірнеше нұсқасы бар. П.М.Мелиоранский кезінде белгілі болған бес нұсқасын салыстырып, “Араб-филолог о турецком языке” (СПб., 1900) деген еңбек жазды. Бұл бес нұсқада да трактатты жазған адамның аты жазылмағандықтан авторы белгісіз (анонимді) еңбектердің қатарында жүрген. П.М.Мелиоранскийден кейін Стамбулда бұл еңбектің алтыншы нұсқасы табылады. Онда қолжазбаның авторы Джалалад-Дин ибн Муханна деп көрсетілген. Араб жылнамаларында бірнеше Муханна кездеседі. Трактаттың алтыншы нұсқасын жариялаған (1921 жылы) түрік ғалымы Ахмет Рифат трактатты жазған Муханна Темурдың замандасы Жалал-ад-дин ибн Муханна ибн Анаб болуы мүмкін деп жорамал жасайды. Бірақ П.М.Мелиоранский трактаттың тіл ерекшелігіне сүйене отырып, оның жазылған уақыты XIII ғасыр, не XIV ғасырдың басы болу керек деген жорамал жасаған болатын. Соңғы кездердегі зерттеулердің көрсетуінше, қолжазбаның авторы 1279 жылы дүние салған ибн Муханна ал-Убайдулла болуы мүмкін [1,11].

Шығарманың тілі туралы да азын-аулақ пікір айтылған. П.М.Мелиоранский шығарманың тілін Хулагулар кезіндегі ескі өзірбайжан тілі деп есептеген. С.Е.Малов оның тілін ұйғыр, қашқар ұйғырларының тіліне жақын деп есептеген. Басқа бір топ ғалымдар ескерткіш аралас тілде жазылған дейді. Бірақ соңғы кезде П.М.Мелиоранскийдің пікірін дұрыс деушілер жиірек көрініп жүр. “Хилат” екі бөлімнен құралған. Бірінші бөлімдегі шағын 20 тарауда есім сөздер, үстеулер мен көмекші сөздер туралы айтылса, қалған жеті тарауда етістіктердің формалары сөз болады. Екінші бөлімде дара сын есімдер, жыл санау, ауырлықты, сандық мағынаны

білдіретін сөздерге талдау жасалынады. Мысалы, етістіктің етіс формалары туралы айта келіп, оның *-л, -н, -к* сияқты формалары барлығын көрсетеді. Мысал ретінде *ал-ын-ды, вур-ул-ды, ач-ыл-ды, ас-ыл-ды, ар-ыл-ды* сияқты сөздерді берген. Бұйрық райдың екінші жағының қосымшасы *-гыл, -гил*, үшінші жағының *-сун, -сүн*, өткен шағының қосымшасы *-ды, -ди, -мыш, -миш*, осы шақтың қосымшасы ретінде *-р, -мас*, келер шақ мағынасында *-гай, -гей, -ажак, -ежек* қосымшаларын көрсетеді.

Орта ғасыр ескерткіштерінің ішінде авторы белгісіз қолжазбалар да сақталған. Солардың бірі – “Китаб-и меджму-у тержуман турки ва аджами ве моголи ва фарси”. Бұл кітап бізге бір дана қолжазба күйінде жеткен. Ол Голландиядағы Лейден кітапханасында сақтаулы. 1894 жылы оны голландиялық ғалым М.Т.Хоустма (1851–1943) баспа бетіне жариялайды да қазіргі кезде айтылып жүрген пікірлер осы басылымға негізделінеді. Б.Флемингтің жорамалдауынша, қолжазба 1343 жылдың 25 қаңтарында, яғни хижра шабан айының 27 күні 743 жылы жазылып біткен. Қолжазбаның авторы Халил ибн Мухаммад ибн Исуф ал-Коневи [196, 111]. Бірақ бұл пікірге барлық ғалымдар қосыла бермейді. Мысалы, З.Б.Мухамедова Коневи тек қолжазбаны көшіруші ғана болған дейді. Ал А.Қ.Құрышжанов Э.Н.Наджиптін “түрік ғалымы А.Ынанның Коневи қолжазбаның авторы және оғыз-түркімен тілінде сөйлеген” деген пікірін келтіре отырып, сөздікте *қойун, ақын, итмек* сияқты оғыз сөздерін ажыратпаған, түркімен тілі деп ескертпеген деп сенімсіздік білдіреді [99,15]. Дегенмен де сөздік “Бұл кітапты жазған құдайдың қарапайым бендесі Халил ибн Мухаммад ибн Юсуф ал Коневи” деген сөйлеммен аяқталған. Кітаптың жазылған мерзімін де анық деп есептеу қиын. Материалдарымыздың көрсетуінше, “XIII ғасырда жазылған” деп жорамалдауға болады [123, 40]. Бұл кітаптың тілі, негізінен, қыпшақ тіліне сәйкес келеді, бірақ түркмен тілінің материалдары да мол берілген. М.Т.Хоустма жариялаған “Тарджуманның” тілін алғаш зерттеп, құнды пікір айтқан П.Н.Мелиоранский оның тілі “Кодекс куманикустің” тіліне өте жақын деген болатын.

Қыпшақтардың Сирия мен Египетке жинала бастауы монғолдардың Орта Азияға шабуылынан әлдеқайда бұрын

басталғаны тарихтан белгілі. Олардың саны монғол шапқыншылығынан кейін де азаймай, көбейе түскен. Хулағудың сарбаздары арасында келген қыпшақтардан басқа құл болып сатылып келгендері де көп болатын. Мысалы, 1299 жылғы Ноғай мен Тоқтының соғысында Ноғай қатты жеңіліске ұшырайды да, оның қол астындағы он мыңдаған қыпшақты тұтқындап Египетке құл етіп сатқандығы белгілі. Ал сатылған құлдарды Египет сұлтандары сарбаз ретінде пайдаланғандығы, осы құлдардың мамлюктер мемлекетін құрғандығы да тарихтан белгілі. Екінші жағынан Египеттегі қыпшақтар Алтын Ордадан мүлде қол үзіп кетпеген, араларындағы түркілік байланыс ұзақ сақталынған. Осындай байланыстың бірі тілдік байланыс болған да, ол “Таржуманда” анық көрінеді. Сөздік төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде есім сөздер талданылса, екінші бөлімде етістіктер қарастырылған. Ал үшінші бөлімде етістіктің түрленуін талдайды. Онда етістіктің үш жағы барлығына, олардың болымды және болымсыз, жекеше және көпше түрлеріне тоқталады, бірақ шақ жалғаулары мен жақ жалғауларын ажыратпайды. Сондай-ақ, түркі тілдерінде жыныстық белгіні беретін араб тіліндегідей арнайы қосымшаның жоқ екендігін көрсетеді. Бірақ сөздікте *ана, гичә, қыз, йақыз* (күндес мағынасында), *йәңге, қыз қарындаш, қыз оғлан* (жас, тұрмысқа шықпаған қыз мағынасында) сияқты сөздерді әйел жынысты; *ата, ачқы* (немере аға), *тыға* (нағашы), *оғул, күйәгу* сияқты сөздерді еркек кіндікті адамдарды білдіретін сөздер деп жеке-жеке бөліп көрсеткен. Төртінші бөлімде бірнеше қосымшаларды бөліп талдаған. Сондай-ақ септеулік шылауларды, есімдіктер мен демеулік шылаулардың арабша аудармасын берген. Демек қолжазбаның бірінші, екінші бөлімі сөздік болса, үшінші, төртінші бөлімі грамматикаға арналған. Сөздік бөлімінде араб сөзін түркі сөздеріне аударып, баламасын берген, тек бір бөлімде ғана (XXII бөлімінде) түркі сөздерін арабшаға аударған.

Сөздік бөлімінде түркі сөздерін тура айтқызу мақсатында түрлі диакриттік белгілер қойып, түсіндірме берген. Мысалы, *адым* сөзіндегі *д* дыбысы арабтың *т* дыбысы сияқты қатаң айтылады; *өг* (түсінік, ой мағынасында) сөзінің құрамындағы *г* араб тіліндегі нүктелі “*каф*” дыбысына ұқсайды т.б. түсініктер берген. Сөздердің құрамындағы дыбыстардың

өзгерістеріне де, сөздердің фонетикалық варианттарына да тоқталған. Мысалы, *Бозғуш* турасы *Бозқуш* (жалқы есім), *Хутлаба* турасы *Кутлуба*, *тәмүр* дұрысы *дәмүр*, *бақырчы* дұрысы *бақыршы*, *қорғашун* дұрысы *қорғасын*, т.б. деп көрсеткен. *Қорғасын қоршун* түрінде де айтылады, бұл түркіменше. Азамат беті қай жағдайда болмасын көрінісі *мәңіз* оны *бәңіз* дейді (соңғысы түркменше), т.б. Кей сөздердің тарихына, этимологиясына, қай тілден енгеніне де тоқталып, түсінік бере кеткен. Мысалы, *йнжу-інжу*, *меруерт*. Оны *тана* да дейді. Негізі парсы тіліндегі *дана* сөзінен алынған. *Махалты-мақалты*, анығырағы *мах алты*. Бұл ат парсыша *мах (ай)* пенен түркіше *алты* сан есімінің бірігуі арқылы жасалынған, т.б. Грамматикаға тиісті бөлімінде кейбір қосымшаларға тоқталады, мағынасын көрсетеді. Мысалы, бұйрық райдың екінші жағының қосымшасы *-ғыл*, *-гил*, *-қыл*, *-кил*. Бірақ бұйрық райдың екінші жағы оның басқа қосымшалар қабылдауына негіз болады деп ескертеді, т.б.

Авторы белгісіз, бірақ XIV ғасыр түркі тілі туралы жазылған құнды еңбектердің бірі — “Китаб ат-тухфа аз-закийа фил-лугат ат-туркийа”. “Ат-тухфа” бізге бір ғана нұсқада келіп жеткен, ол Стамбулдағы Баязит кітапханасында сақталынады. Алғаш рет ол туралы мақала жазып, мәлімет берген түрік ғалымы профессор М.Ф.Копрулу болатын. Қазірше бұл қолжазба 4 рет баспа бетін көрді, біршама зерттелінді. Бірақ бізге әлі де құпия болып жатқан сырлары да көп. Мысалы, ғалымдарымыз оның қайда, қай жерде жазылғандығы туралы бір келісімге келе қойған жоқ. А.Зайоничковский сөздіктің араб тіліне қатысты бөліміндегі кейбір диалектілік ерекшеліктерге сүйене отырып, оны Сирияда жазылған деп есептейді. А.Зайоничковскийдің бұл пікіріне “Ат-тухфаны” арнайы зерттеген венгер ғалымы Т.Халаш-Кун де қосылады. “Ат-тухфаны” өзбек тіліне аударып, кіріспе сөз жазған С.М.Муталибов оны Египетте жазылған десе, екінші бір өзбек ғалымы Х.Даниеров Дешти Қыпшақ жерінде жазылған деп есептейді. Жалпы қолжазбаны жазған адам туралы да, қай жерде жазылғандығы туралы да мәлімет жоқ. Тілдік негізде пікір айтқандардың көпшілігі кітап Египетте не Сирияда жазылған деп есептейді. Қайда және кім жазғаны белгісіз болғанымен, қолжазбаның авторы түркі тілін (оның ішінде қыпшақ тілін) өте жақсы білгендігі анық.

“Ат-тухфаның” кіріспе бөлімінде автор қыпшақ тіліне негізделгендігін, себебі ол тіл материалы көп қолданылады, түркімен тілінен өте қажетті деген кезде ғана сөздер пайдаланғандығына ескерту жасайды. Сонымен бірге кітапты жазғанда өзінен бұрын жазылған еңбектерге де сүйендім деп, Абу Хаәнның атын тілге алады. Сондықтан Абу Хаәнның сөздігі мен “Ат-тухфаның” арасында сәйкес келетін жерлері көп. “Ат-тухфа” үш бөлімнен құралған. Бірінші бөлімінде фонетика туралы қысқаша шолу жасалынса, екінші бөлімде сөздік берілген, үшінші бөлімде грамматикадан мәлімет берген. Мысалы, автор қыпшақ тілінде 23 дыбыс бар, оның он тоғызы негізгі дыбыс деп атайды. Олар: *a, б, т, ж, р, з, с, ҫ, т, ғ, к, қ, л, м, х, в, и*; бұлардың төртеуі қайталану негізінде жасалынған: *б* дыбысы *ф* дыбысымен араласқан (яғни *п*), *ж* дыбысы *ш* дыбысымен араласқан (яғни *ч*), *к(г)* дыбысы мұрындық *н* дыбысымен араласқан (яғни *ң*)*. Бұлардың артикуляциясы көмейден басталынады да мұрынның ұшында бітеді делінген. Қолжазбада қыпшақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне байланысты арнайы белгілер де қойылған. Мысалы, қайталану арқылы жасалынған төрт дыбыстың үшеуінің астына нүкте, ал мұрын арқылы жасалынатын “нуноға” *каф* қойылған. Мысалы, *Қыңыр анак* деп айтылады. Сөздікке арналған бөлімде түркі сөздерінің арабша баламасы берілген. Көпшілік жағдайда бір сөзді бір сөзбен тең келетін баламасын көрсеткен. Дегенмен, бір сөзді екі, не бірнеше сөздердің тіркесі арқылы да берген кездері кездеседі, бірақ ол өте көп емес. Мысалы, *сагсаган* 1) сорока, 2) сойка; *ачты* 1) открывать, 2) завоевать; *азды* 1) портить, 2) заблуждать; *қычқырды* 1) кричать, 2) звать, 3) плакать, т.б. Сондай-ақ түркі тілдеріндегі екі, не үш сөздің араб тіліндегі бір баламасын да берген. Бұлар көбінше синоним сөздермен байланысты берілген. Мысалы, *йуң, тук* (шерсть); *асиркади, йарылгады* (проявлять милость); *ковалады, ковды, тиланды* (просить милость), т.б. Сөздікте күрделі сөздерге де, тұрақты сөз тіркестеріне де аудармалар берген. Мысалы, *қайын ана* (теща), *йалан айақ* (босой), *йан басты* (защищать), *ант ичти*

* Мысалдар “Изысканный дар тюркскому языку” (Тошкент, 1978) деген кітаптан алынды.

(давать клятву), *табу айлади* (служить), *кабарчаклы бага* (черепаха), *самирди, самиз болды* (стать полным), *бир нечта* (несколько), т.б.

Грамматикаға молжамданған бөлімінде, негізінен, морфологияға байланысты мәселелер сөз болады. Мысалы, жіктеу есімдіктері туралы сөз болғанда, оның үш жаққа байланысты болатындығын, жекеше, көпше түрінің барлығы ескертілген. Бірақ автор жіктеу есімдігі, жіктік жалғауы мен тәуелдік жалғауларын жеке-жеке ажыратпай, оларды бір категорияның құрамына қосады. Мысалы, жіктеу есімдіктерін бөлек жазылатын және бірге жазылатын деп екіге бөледі. Бөлек жазылатындарға бірінші жақта *ман, биз*, екінші жақта *сан, сиз* және *-ңыз, -ңыз*, үшінші жақта *өзі, канси, канда*, көптік мағынаны білдіру үшін көптік жалғауларын қосады деген. Бірге жазылатын жіктеу есімдіктері өткен шақ үшін бірінші жақта жекеше түрде *-м*, көпшеде *к*. Ал өткен және ауыспалы осы шақ үшін *-лық, -лик*, не *-лим* болады. Екінші жақтың жекешесі *-ң*, көпшесі *-ңыз*, үшінші жақ үшін *-уң, -үң* және *-аң, -аңар*. Көптік формаларына көптік жалғауы қосылады дейді. Ал қолжазбаның басқа бір жерінде бірге жазылатын жіктеу есімдіктері есім сөздерде де болуы мүмкін деп, бірінші жақта *башым, көзум*; екінші жақта *башың, көзуң*; үшінші жақта *башы, көзи* деген мысалдар берген.

“Ат-тухфатта” сын есім, етістік және көмекші сөздер туралы да мәлімет берілген. Олардың көпшілігі қазақ тілінің (жалпы түркі тілінің де) тарихи грамматикасы үшін берері мол. Тіпті кей қосымшалар қазір мағынасын өзгертіп, жаңа мағыналарда қолданылып кеткен. Қолжазбада қосымшалар білдіретін мағыналар да талқыланған. Мысалы, түркімен тіліндегі *-чы, -чи* қосымшасы туралы айта келіп, оның етістіктерге де, есімдерге де жалғанатындығын, мағынасында тұрақтылық болатындығын көрсетеді. Мысал ретінде *отмакчы* “пекарь”, *каличи* “постоянно приходящий” сөздерін келтірген. Қазіргі түркі тілдерінің материалдарының көрсетуінше, *-шы, -ші* қосымшасы бұл мағынасынан қол үзген. Есім сөздерге қосылып, мамандық мағынасын білдіретін туынды түбір зат есім жасаса, етістіктерге қосылмайды. Етістіктерге қосылғанда (*көрші*) да олар тұрақты амал-әрекетті білдірмейді. Егер мамандық

мағынасының өсу жолына шолу жасайтын болсақ, онда оның негізінде қимылдың бірнеше қайталануын білдіретін мағынаның бар екендігі анық. Сондықтан *оқушы* деп бір ғана оқыған адамды емес, күнде оқитын, тұрақты мектепке барып жүретін балалар мен қыздарды айтамыз. Қимыл атауына байланысты тарауда қимыл атауы категориясының қосымшасының бірі ретінде *ш* қосымшасын көрсетеді де, ол туралы да пікір айтады. Мысал ретінде *бир уруш урдум, бир чич ичтим* сөздерін келтіреді. Бұл қосымша қазіргі қазақ тілінде бар, бірақ ол етістіктен зат есім тудыратын қосымша деп есептелінеді.

Түркі тілдерінің материалдарына негізделіп, араб тіл білімі үлгісінде жазылған еңбектер XIV ғасырлардан кейін де жазылды. Мысалы, А.Науаидың шығармалары негізінде бірнеше сөздіктер жазылды. Атақты А.Науаидың өзі де тіл білімі мәселесіне арнап “Мухокаматул-луғатайн” деген еңбек жазғаны анық, т.б.

1. Орыс ғалымдарының түркітануға байланысты зерттеулері

Шығыстану ғылымының жаңа белеске көтерілуі I Петрдің қызметімен тікелей байланысты. Ресейдің келешегі Шығыспен тығыз байланысты екендігіне оның көзі жеткен. Сондықтан ол орыс казактарының Сібірдегі басып алған жерлеріне тұрақты орналасуына жағдай жасап, Орта Азияға ену жолын іздей бастады. 1700 жылы 18 маусымда Тобылға қытай, монғол тілдерін үйрену үшін үш адам жіберу туралы Сібір митрополитінің бастығына I Петр жарлық шығарады. А.Н.Кононов осы күнді отандық шығыстану пәнінің дүниеге келген мерзімі деп есептейді.

I Петр шығыстануды дамыту жолындағы өз мақсатын орындау үшін нақтылы шаралар қабылдайды. Мысалы, 1707 жылы Илларион Лежайский басқарған діни миссия Монғолияға, 1714 жылы Қытайға сапар шегеді. Ал 1719 жылы капитан Измаилов Қытайға орыс елшісі болып келеді. 1728 жылы граф Савве Владиславич Рагузинскийдің елші болып тұрған кезінде Қытайлармен Қяхты келісімі жасалады да, орыс-қытай шекарасы анықталады. Келісім бойынша Пекинде орыстың тұрақты өкілі тұратын болды. Себебі миссия

мүшелерінің көбі Ресейде ашылған университеттің шығыс факультетінде жемісті қызмет етті.

I Петр тек Сібір мен Қиыр шығысқа ғана көз тігіп қоймай, Орта Азия мен Үндістанға да көз салды, олардың тілін, тарихын жете үйренуге әрекет етті. Мысалы, 1722 жылғы I Петрдің Иранға жасаған жорығы кезінде Бұлғар қаласының қираған орнын көріп, ол татар, армян тілінде жазылған ескерткіштерді орысшаға аударуды тапсырған. Бірақ I Петрдің бұл аудандағы жеңісі ұзаққа бармады. Ал Каспий, Арал жағалауларындағы жағдай басқаша болды.

1696 жылы С.Е.Ремезовке Сібірдің картасын жасау тапсырылған болатын. Ол атласты 1698 жылы бітіріп, Петербургке алып келеді. Атласта 1697 жылы сызылған Орта Азия картасы да бар. Ол өзіне дейінгі карталардан дәлдігімен ерекшеленеді. Онда бірінші рет Каспий мен Арал екіге бөлініп көрсетілген. Сонымен бірге Тәуке ханның ордасы туралы да нақтылы деректер жиналады. Бұл кез – Бұқара мен Хиуа хандықтары да әлсіреп, іштей тақ үшін күрес күшейе түскен дәуір еді. Олар орыстарға бағынышты бола бастайды. 1700 жылы Хиуа ханы Шах Ниязға, 1703 жылы Бұқара ханы Араб Мұхамедке орыстарға бодан (подданство) делінген мақтау қағазы тапсырылады. I Петр осы жағдайды пайдалану және Үндістанға жол ашу мақсатымен 1714 жылы Александр Бекович Черкесский (түріктерше Дәулет-Керей) бастаған экспедиция Каспий бойына жіберіледі. Олар Каспийдің Маңғыстау жағын, Әмударияның төменгі ағысын аралап, 1715 жылы Астраханға оралады. 1716 жылы жаңа мақсаттармен Хиуаға аттанады. Бірақ Хиуа ханы Бековичтің отрядын алдап, қырып салады.

Бековичтің экспедициясы сәтсіз аяқталса да, шығыстану тарихында өз ізін қалдырды. Экспедиция құрамында швед, неміс тұтқындары да болатын. Хиуа ханы оларды кейін тұтқыннан босатып жібереді. Швед офицері Филипп Иоганн Страленберг осы тұтқындардың сөзіне негіздеп, Каспий мен Арал төңірегіннің картасын сызып алады да, оны өз еліне барған соң неміс тілінде жазылған “Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлігі” деген кітабына енгізеді.

І Петр заманынан Түркия тарихына, тілі мен әлеуметтік құрылысына қызығу басталды. Түркі тілін үйрену үшін әр жерлерде жас мамандар даярлау керек еді. Ресейде түрік тілін білетіндердің болуы бұл жұмыстың орындалу мүмкіндігін туғызады. І Петр бұйрығымен 1716 жылы 18 қаңтардағы Сенаттың жарлығында түркі, парсы, араб тілдерін үйрену үшін 5 адам таңдап алынады. 1724 жылы Константинопольге түркі тілін үйрену үшін 4 адам жіберілді. І Петрдің түркі елдері бойынша кеңесшісі, Молдаваның бұрынғы билеушісі Дмитрий Кантемир болған (1673–1723). Кантемир Осман түріктерінің тарихы туралы 1716 жылы “Возвышение и падение дома Османов”, 1720 жылы “Система религии и состояние Турецкой империи” деген екі кітап жазған. Ол Ресейде бірінші рет араб әрпінің баспаханасын ұйымдастырады.

Ресейде алғаш Ғылым академиясының ашылуы І Петрдің есімімен тікелей байланысты. Оның академия ашу жөніндегі жобасы: “Его императорское величество указал учениць Академию, в которой бы учились языкам, также прочим наукам и знатным художествам и переводили б книги,” — деген сөздерімен басталды. Демек, о бастан-ақ шығыс тілдерін үйрену, зерттеу мәселесіне ерекше көңіл бөлінген еді. Бұл жобасын іске асыру үшін ол академияға көптеген атақты шығыстану және түркітанушы ғалымдарды тартты. Олардың ішінен, мәселен, академик Г.З.Байерді, Г.Я.Керді, т.б. ерекше атауға болады. Шығыстану пәнін дамытуда Г.З.Байердің еңбегі мол болды. Оны академик А.Н.Кононов Ресейдегі бірінші түркітанушы деп атайды. Сондай-ақ шығыс тілдерінен маман дайындауға тікелей ат салысқан және академияны Шығыстану академиясына айналдыру жобасын жасаған адам. Бұл жобаны орыстың ұлы ғалымы М.В.Ломоносов та қатты қолдап, дамыта түскен болатын. Алайда шығыс тілдерін жүйелі түрде зерттеу тек екі ғасырдан кейін ғана, кеңес дәуірінде толық іске асты.

І Петр дәуірінде шығыстану мәселелеріне байланысты көптеген ғылыми экспедициялар ұйымдастырылып отырды. Мысалы, Кавказға және Еділ бойларына дәрігер Готлив ШOVER бастап шыққан экспедиция (1717–1720) тек медициналық зерттеулер ғана жүргізіп қоймай, жергілікті

халықтың тарихы мен этнографиясын, фольклоры мен тілін де зерттеген. Батыс Сібір, Даурия мен Монғолияға барған екінші экспедицияны Д.Г.Мессершмидт басқарған. Оның экспедициясы мол табыстармен оралды. Қолжазба күйінде сақталған материал ішінде немісше-татарша, татарша-немісше сөздік бар. Мессершмидтке орыс әскери тұтқынында жүріп, Сібірді көп аралаған швед армиясының капитаны Филипп Иоганн (Табберт) Страленберг көп жәрдем берді. Оның “Новое географическое описание Великой Татарии... (карта)” және “Северная и восточная часть Европы” деген екі еңбегі есімін кеңінен таратты. Страленберг шығыс Еуропа мен солтүстік Азияда тек татарлар ғана емес, басқа халықтардың да тұратындығы жөнінде мәлімет беріп, 32 түркі тілін салыстырған кесте жасаған және руникалық жазба ескерткіштері туралы алғаш рет жариялаған.

Академик Н.А.Кононовтың мәліметі бойынша [87,57-71], түркі тілдерін зерттеп, материалдар жинағандар қатарында В.Н.Татищев, Г.Гмелин, Г.Ф.Миллер, И.Э.Фишер, С.П.Паллас, т.б. көптеген ғалымдар бар. Олардың кейбіреулерін ғана атап өтеміз.

Василий Никитич Татищев (1686–1750) Ресейлік мемлекет қайраткері, тарихшы. Оның бастамасымен Сібір халықтарының тілі бойынша мағлұмат жинала бастайды. Самарада татарша-қалмақша-орысша мектеп ашады. Отандық түркітаным тарихында оның есімі 1793 жылы жарық көрген “Лексикон Российский исторический, географический, политический и гражданский” (I-II-III бөлім) деген еңбегімен белгілі.

Жалпы, Сібір тарихын және онда тұратын түркі тілдес халықтар жайын жетік білетін ғалымдардың бірі — **Г.Ф.Миллер** (1705–1783). 1733–1743 жылдар аралығында Сібір мен Камчаткада болып, ол туралы көптеген материалдар жинап, жұмысының қорытындысы ретінде 1750 жылы “Описания Сибирского царства и всех происшедших в нем дел” деген үлкен еңбегін аяқтады. Жұмыс өте көлемді болғандықтан И.Э.Фишер қысқартып, 1768 жылы неміс, 1774 жылы орыс тілінде “Сібір тарихы” деген атпен басып шығарады. Г.Ф.Миллер пайдаланған көп материалдар қазір жоғалып кеткендіктен, “Сібір тарихы” мамандар үшін бірден-бір қолтума еңбек болып саналса, тілшілер үшін кітапта кездесетін

көптеген топонимдер, адам аттары таптырмайтын материал болып саналады. Ол құрастырған салыстырма сөздіктің қолжазбасында түркі тілдерінен де материалдар бар.

Астрахан экспедициясын басқарып барған профессор С.Г.Гмелин табиғат пәндерін зерттеуші бола тұрса да, түркі тілдері бойынша материалдар жинаған. Мәселен, ол неміс тілінде жазылған “Путешествие по России для исследования трех царств естества” деген еңбегінде Еділ балықтарының татарша 50 атауын келтіреді. Г.Гмелиннің “Русско-турецко-персидско-гилянский глоссарий” деген сөздігінде өзірбайжан тілінен сөздер келтірілген.

Түркі тілдерінің XVIII ғасырдан кейінгі дәуірде жіті зерттеле бастауын дәлелдейтін көптеген қолжазбалар мен материалдар сақталған. Мәселен, В.Н.Татищев ұйымдастырған Орынбордағы татар-қалмақ мектебінде жасалынған “Российско-татарско-калмыцкий словарь” деп аталатын (қолжазба күйінде 866 бет) сөздікке Орынбор, Астрахан, Қазан губернияларында тұратын халықтардың тарихын, тілін, экономикасын жетік білген ғалым П.И.Рычков (1712–1777) жетекшілік етті. Бұл сөздіктің татарша бөлімін жазуға сол мектептің оқушысы ахун Махмуд Абдурахманов тікелей қатысады.

Ресей Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қоры мен жеке түркі тілдес республикалардағы ғылыми кітапханалардан осы тәрізді бірнеше қолжазба сөздіктерді кездестіруге болады. Сондай қолжазбаның бірі – “Наука языку тюркскому и русскому” (авторы белгісіз). Сөздікте 300-ге жақын сөз берілген. Көптеген сөздік В.Н.Татищев құрастырған сөз жинау анкетасына жауап ретінде жазылған. Сондай сөздіктің бірі – К.А.Кондратович (1703–1790 жылдар шамасында) жазған орысша-татарша, чувашша-орысша, бұлғарша-орысша сөздіктер. Бірақ олардың кейінгі тағдыры белгісіз.

Анкетамен байланысты жазылған сөздіктер: 1) Русско-татарско-чувашско-мордавский лексикон; 2) Русско-бухарско-татарский словарик; 3) Феодр Холодищев көшірген русско-татарский словарик; 4) Русско-татарско-чегодайско (чагатайский – Ә.Қ., М.О.) -персидско-турецко-кабардино-кудачинско-аварский словарь, т.б. Осы дәуірлерде Матвей Котельниковтың “Русско-татарский разговорники” деген еңбегін, сондай-ақ Г.-Л.-Хр.Бакмейстердің, П.С.Палластың

түркі тілдері бойынша жинаған құнды материалдарын атап өтуге болады. Қазіргі кезде бұл материалдардың көбісі Ресей Ғылым академиясының Санкт-Петербург бөліміндегі Аделунг архивінде сақтаулы. Олар — түркі тілдерінің тарихы үшін маңызы зор материалдар. Мәселен, Аделунг архивіндегі 1774 жылы жасалған 1600 сөзден тұратын орысша-қазақша қолжазба сөздіктің қазақ тілінің бұдан 200 жыл бұрынғы жағдайынан мәлімет беретіндігі айтпаса да түсінікті.

Санкт-Петербургтегі Шығыстану институтының қолжазба қорында *Орысша-түркіше сөздік* (30000 сөз), *Русско-татарский словарь*, *Калмыцко-армянско-персидско-татарский словарь*, *Тюркско-персидско-армянско-калмыцко-грузинский вокабулярий* и *разговорник*, т.б. еңбектер сақтаулы. Сондай-ақ Н.И.Лобачевский атындағы Қазан университетінің ғылыми кітапханасында құмықша-орысша сөздік (авторы белгісіз) және бірнеше түркі тілдерінің фольклорлық материалдары бар. Тарту университетінің кітапханасында да *турецко-русско-латынский лексикон*, *Астраханнның өлкетану музейінде латыно-турецкий словарь*, т.б. сақтаулы. Бұлардың бәрі де түркі халықтарының өткендегі тарихы мен тіліне тікелей қатысты материалдар.

Академик **В.В.Бартольд** XIX ғасыр орыс ғалымдарының шығыстанудағы жетістіктерін бағалай келіп: “Обзор русских трудов по изучению Востока показывает, что русской наукой в этом отношении достигнуты, особенно в XIX в., значительные успехи, но что это успехи большею частью все-таки далеко не соответствуют тем ожиданиям, на которые, казалось бы, дают право географическое положение России, состав ее населения и труд длинного ряда поколений со времени Петра Великого” [8,482]. Әрине, патшалық Ресей жағдайында ғылымның бұл саласынан көп нәрсе талап студің өзі қиын еді. Дегенмен, XIX ғасырдағы орыс ғалымдары Еуропа ғалымдарының еңбектерін қайталауды көбірек машық етсе де, бұл салада мол еңбек еткендігін жасыруға болмайды.

Ресейде шығыстану пәні XIX ғасырда негізінен академияның құрамы мен жоғары оқу орындарында дамыды. Жетекші қызметті академия атқарды. 1803 жылдың 25 шілдесінде жарияланған Ғылым академиясының жаңа регламентінде шығыстану жөнінде сөз болмаса да,

академияның басшылары шығыс халықтарының тілін зерттеу үшін неміс ғалымы **Генрих Юлиус Клапрот** (1783–1835) пен атақты монғолтанушы және тибеттанушы **Я.И.Шмидті** (1779–1847) шақырады.

Генрих Юлиус Клапрот Берлиндегі атақты химик **Мартин Клапроттың** семьясында дүниеге келген, ол жоғары білімді Галле қаласындағы университеттен алған (1801–1809 жж.) еді. Ол 1804 жылы академияның шақыруымен Санкт-Петербургке келіп, шығыс тілдері бойынша адъюнкт болып орналасады да, 1807 жылы 11 наурызда экстраординарлы академик болып сайланады. Клапрот Ресейде өте аз болғанымен (бар-жоғы 7 жыл), экспедицияларға қатысып, Сібір мен Кавказды аралауға мүмкіндік алады. 1805 жылы бір топ ғалымдармен бірге **Ю.А.Головкин** бастаған орыс елшілігіне қатысып, Қытайға аттанады. Бірақ Урги қаласынан Иркутскіге қайтуға мәжбүр болады. Қайтар жолында Шығыс Сібірдің оңтүстік аудандарында тұратын халықтардың тілін, этнографиясын, географиялық жағдайын үйреніп, ол туралы материалдар жинайды. Ал 1807–1808 жылдары солтүстік Кавказ бен Грузияда тұратын адыгей, абхаз, кабардин, қарашай, балқар, осетин, тау грузиндері сияқты халықтардың тілі мен этнографиясы бойынша көптеген материалдар жариялайды. Клапрот башқұрт, қазақ, қырғыз, якут, т.б. халықтардың тілі мен этнографиясы бойынша да көп материалдар жариялаған ғалым. Ол сондай-ақ көне түркі жазу ескерткіштері “Бабурнама” мен “Кодекс куманикусты” да зерттеген. Жоғарыдағы аты аталған еңбектер Клапроттың жетік маман екендігін білдіреді. Бірақ ол 1811 жылы Берлинге іс сапарға кетеді де, Ресейге қайтып оралмайды. Жинаған дүниелерін өзімен бірге ала кетіп, олардың бәрін шетелдерде бастырады. Ол өзіне міндеттелген үлкен сенімді ақтамай, академия атына сөз келтіргендігі үшін Мәжілістің қарарымен 1817 жылы академия құрамынан шығарылады.

Шығыстану ілімі бойынша бірінші корреспондент мүше болып сайланған орыс ғалымы **Г.И.Спасский** болатын. Ол 1803 жылы кен инженері ретінде Сібірде өткізген жылдарында барлық бос уақытын Сібір тарихын зерттеуге арнайды. 12 жыл түрлі қызмет атқарған оның түркітаным тарихында “Древности Сибири” деген еңбегімен және бірнеше

мақалаларымен аты қалған. Г.И.Спасский 1818–1824 жылдары “Сибирский вестник” және 1825–1827 жылдары “Азиатский вестник” журналдарын шығарады. 1835 жылы Қырымға барып, Қаратөз жағалауын зерттейді. Бұл екі журналда да түркі халықтарының тарихы, этнографиясы және тіліне байланысты көптеген материалдар жарық көрді.

І Петр заманындағы ғылым саласындағы бетбұрысқа байланысты ХІХ ғасырдың басындағы үлкен оқиғалардың біріне С.С.Уваровтың “Проект Азиатской академии” (1810) деген жобасы жатады. **С.С.Уваров** (1786–1855) — Ресейдегі атақты, бірақ реакцияшыл көзқарастағы адамдардың бірі. Жоба жазылған кезде ол дипломат болып істеген, одан кейінгі жылдарда (1811 жылдан бастап) Петербург оқу округының бастығы, академияның президенті, Халық ағарту министрі қызметін атқарған. Уваровтың жобасы академия Азия халықтарының тілі мен әдебиетін үйрететін оқу орны ретінде ашылып, білімдер Еуропа мен жұмбақ сыры мол Азия аралығын жақындастыратын көпір болуы керек деп таниды. Жобаның бірінші бөлімінде жалпы Шығыстың дүниежүзілік мәдениеттің бесігі екендігі туралы сөз болады да, екінші бөлімі Азия тілдері (оның ішінде түркі тілдері де бар) мен әдебиетіне арналған. С.С.Уваровтың бұл жобасын сол кездегі Ресей жағдайында іс жүзіне асыру мүмкін болмады.

С.С.Уваров академияның президенті болып тұрған кезінде академияны басқару комитетіне хат жолдап, оның Кунсткамерасы* жанынан медальдар, қолжазбалар және шығыс кітаптары сақталатын бөлімше ашып, оны Шығыс кабинеті деп атап, оған академик Х.Д.Френді басшы етіп тағайындауды ұсынған болатын. Осы хаттың негізінде Ресейде Шығысты зерттейтін бірінші ғылыми мекеме — Азия музейі 1818 жылы 11 қарашада дүниеге келеді.

Ресейдің түрлі елдермен байланысы, ғылымның түрлі саласының өсуі, музей материалдары мен коллекцияларының, соның ішінде шығыс тілдерінде жазылған кітаптар мен қолжазбалардың, түрлі монеттер мен әшекей бұйымдардың көбеюі Кунсткамераны ресми түрде ашуға жағдай

* *Кунсткамера* — “сирек кездесетін бұйымдар мен табиғаты ғажайып, ерекше заттардың жинақталған жері, музейі” деген мағынадағы неміс сөзі.

жасады. С.С.Уваровтың өтіншімен 1817 жылы Кунсткамера Азия музейі болып қайта құрылады. Ол 1824 жылы академияның құрамына өтеді.

Ресейде “Азия музейінің” дүниеге келуі бірнеше университеттер мен гимназияларда шығыс факультеттері мен бөлімшелерінің ашылуына негіз болады. Азия музейінің қалыптасып, байи түсуі патша өкіметінің Орта Азия мен Кавказ халықтарымен қарым-қатынасына да байланысты болады. Мәселен, Жоңғарлардың үздіксіз шабуылы (бұның ең күшейген тұсы 1723 жылы “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” деп аталатын кезеңі) қазақ халқын қатты қиналдырады. 1731 жылы 10 қазанда Кіші жүз ханы Әбілқайыр, Орта жүз батыры Бөгенбай және оның туысы Есет пен Кіші жүздің бірнеше руларының өкілдері (барлығы 27 старшина) Ресейге адал екендігіне ант береді. 1731 жылдың желтоқсанынан бастап Орта жүздің ханы Абылай ұзақ уақыт Ресейге қосыла алмай, тек 1849 жылы ғана Ресейдің азаматы деп жарияланды. Енді Ресейге Қазақстан арқылы Қытай мен Үндістанға жол ашылады. Сондықтан Ресей осы халықтардың тілін, этникалық құрылымы мен этнографиясын, әдебиеті мен тарихын жете білуге әрекет етті. Осы жағдайларға байланысты Азия музейінің ғылыми маңызы арта түседі.

Азия музейінің бірінші директоры болып тағайындалған академик **Христиан Данилович Френ** (1782–1851) – шығыс тілдерін, түркі халықтарының тарихын зерттеуші Әбілғазының шығармаларын алғаш жариялап, музейде сақталған түркі тілдеріндегі қолжазбалар мен нумизматикалық материалдарды тәртіпке келтіріп, түсіндірме беру арқылы түркітануға үлес қосқан ғалым. Азия музейінде одан кейінгі кездерде Б.А.Дорн (1842–1881), В.В.Розен (1881–1882), В.В.Радлов (1885–1890), К.Г.Залеман (1890–1916), т.б. директор болып қызмет етті.

XIX ғасырдың ортасындағы түркітанымдық зерттеулердің ішіндегі ең құндысы [68, 296] Оттон Николаевич Бётлингктің якут тіліне арналған “*Uder die sprache der Jakuten*” (1851) деп аталатын еңбегі болып саналады.

О.Н.Бётлингк 1815 жылы 30 мамырда Санкт-Петербургте дүниеге келген. 1904 жылы 19 наурызда Лейпцигте қайтыс болған. 1842 жылдан академик (санскрит бойынша). Түркітаным тарихында аты қалған осы еңбегін ол якут

тілінің материалдарын өзі экспедицияға шығып жинаған емес. Оны 1842–1845 жылдары Сібірге экспедицияға барған академик А.Ф.Миддендорф жинап қайтады. Осы материалдарды өңдеуге алған О.Н.Бётлинг якут тілін жетік білген А.Я.Уворовскийдің жәрдемімен тамаша еңбек жазып шығады.

XIX ғасырдағы түркітаным тарихында белгілі із қалдырған Санкт-Петербург академиясының құрметті мүшесі (1890 ж.) — **В.В.Вельяминов-Зернов** (1830–1904). Ол түркология тарихында төрт бөлімнен тұратын “Исследование о Касимовских царях и царевичах” (1863–1887), “Словарь джагатайско-турецкий” (1868–1869), т.б. құнды еңбектерімен танымал.



В.В.Радлов (1837–1918)

Түркітаным тарихында өз алдына бір дәуір жасап кеткен ғалым — **Василий Васильевич Радлов** (Фридрих Вильгельм) (1837–1918). Оның өмірі, ғылыми қызметтері мен түркітануға қосқан еңбегі туралы өте көп жазылған және олар өз кезінде әділ бағасын алған. Академик А.Н.Кононов В.В.Радловтың түркітанудағы қызметтерін бағалай келіп: “В.В.Радловтың еңбектері арқылы түркітаным түгелдей және негізгі салалары — фонология мен лингвистикалық тармақтары — бойынша жаңа сатыға көтеріліп, жаңа сапаға ие болды. Бұған ең алдымен В.В.Радловтың ғылым жүйесіне барлық түркі тілдері бойынша жинаған нақтылы жаңа материалдарын, жалпы түркі тілдерінің сөздігін, көптеген “жанды” тілдердің фонетикасы мен грамматикасын, руникалық ескерткіштердің негізгілерін, ұйғыр және араб жазуындағы ескерткіштердің көпшілігін және ең бастысы, түркітанудағы салыстырма-тарихи әдісті ғылыми жүйеге енгізуі себеп болды”, — деп көрсетеді [87, 13-14].

Академик В.В.Радлов 1837 жылы 5 қаңтарда Берлинде туып, 1918 жылы 12 мамырда Петербургте қайтыс болған. 1854 жылы гимназияны бітіргеннен кейін Берлин университетінің философия факультетіне оқуға түседі, бірақ көп өтпей-ақ тіл біліміне қызыға бастайды. Берлин

университетінің қабырғасында жүріп, атакты тілшілер Ф.Боппен Х.Штейнтальдың лекциясын тыңдаған. В.В.Радловтың шығысты зерттеуші ғалым болуына В.Шоттың көп ықпалы болған. Ол 1858 жылы жолдамамен Барнауылға жұмысқа келеді.

В.В.Радловтың өмірін үш кезеңге бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезеңі – Алтайда жүрген дәуірі (1858–1871). Бұл кездерде В.В.Радлов Алтай және оңтүстік-батыс Сібірде тұратын халықтардың тарихы мен этнографиясынан, өдебиеті мен тілінен материалдар жинап, алғашқы сұрыптаудан өткізеді. Түркі тілдерінен материал жинау жұмысын В.В.Радлов кейінде жалғастырған, бірақ Алтайда өткізген дәуірінде өте көп материалдар жинаған. Өмірінің кейінгі кездерінде осы материалдарды жүйеге түсіріп, өндеп “Образцы народной литературы тюркских племен” деген атпен жеті томдық еңбек шығарды. Ал Сібір халықтарының тарихы, этнографиясы мен археологиясынан жинаған материалдарының негізінде “Aus Sibirien” (Лейпциг, 1893) және “Сибирские древности” (СПб., 1894) деген еңбектерін жазды.

В.В.Радлов өмірінің Қазанда өткен жылдары (1871–1884) негізінен педагогикалық, әкімшілік кезеңі болып саналады. 1872 жылы ол Қазан губерниясындағы татар, башқұрт, қазақ мектептеріне инспектор болып тағайындалады. Қазанда Алтайдан алып келген материалдарын өндеуді жалғастырады. 1872 жылы жоғарыда аталған “Образцы народной литературы...” еңбегінің 4 томы жарық көреді. 1882–1883 жылдары түркітаным тарихында бірінші салыстырмалы фонетика болып саналатын “Vergleichende Grammatik der Nördlichen Türkisprachen. Phonetik” деп аталатын еңбегінің бірінші, екінші бөлімі (неміс тілінде, Лейпциг қаласында) жарық көреді. 1883 жылы “Батыс Сібірдің энциклопедиясы” деп баға алған “Aus Sibirien” баспадан шығады.

В.В.Радловтың ең өнімді және көп еңбек тудырған тұсы өмірінің үшінші кезеңі – Петербургтегі кезі (1884–1918). Ол 1884 жылы 7 қарашада Азия халықтарының тарихы мен көне дәуірі бойынша академик болып сайланады. Петербургте өте көп құнды еңбектер шығарады. 1885–1890 жылдарда академияның Азия музейінің директоры қызметін атқара жүріп, Орта Азия мен Азияның шығыс бөлігін зерттеу комитетін ұйымдастырды, т.б. қызметтер істеді.

В.В.Радловтың қалдырған ғылыми мұрасы өте бай. Ол Орта Азия мен Қазақстан тарихы бойынша да үлкен еңбек еткен, орасан материал жинаған. Қазақ тіліне байланысты да көп пікір айтқан [157].

В.В.Радловтың түркі халықтарының ауыз әдебиеті үлгілерінен жинап бастырған “Образцы народной литературы тюркских племен” деген еңбегінің үшінші томы қазақ фольклорына арналған. Онда қазақтың мақал-мәтелдері, жұмбақтар, бата мен айтыс, бақсының өлеңдерінен үзінділер берген. Сонымен бірге үшінші томда дастандар (“Ер Тарғын”, “Боз жігіт”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” т.б. дастандар), ертегілер, аңыз-әңгімелер басылған. Бұл еңбек он том болып жарық көрді. Қалған томдары басқа түркі халықтарының ауыз әдебиетіне арналған.

В.В.Радловтың есімін жер жүзіне танытқан оның “Опыт словаря тюркских наречий” деп аталатын сөздігі. Бұл сөздік 1893 жылдан 1911 жыл аралығында жарық көрді. Сөздікте барлық түркі тілдерінен материалдар бар. Сөздіктің I томы 1864 жылы жазылып, баспаға тапсырылған болатын. Сөздіктегі материал негізінен алтай тілінен алынған. Кейін ол материалдар қазақ, қырғыз, хакас, ұйғыр тілдерінің материалдарымен толықтырылды. Бірақ сөздіктің бірінші басылымының өзі 1888 жылы ғана жарық көрді. В.В.Радлов “Сөздікті” дайындау үстінде де, бастырып жатқанда да толықтырып, өндеп отырды. Бұл жұмыс 52 жылға созылды. Сондықтан да автор түркі тілдеріндегі сөздерді толық көшіріп алуды алдына мақсат етіп қоймаған (Ол сөздіктің атынан да белгілі).

В.В.Радловтың еңбегінің төртінші саласы – көне жазба ескерткіштердің тілін зерттеу мен оларды жариялау. Түркітанымда руникалық жазуларды оқу В.В.Радлов пен В.Томсеннің аттарымен тікелей байланысты. В.В.Радловтың түркі тілдері бойынша жинаған материалдарын сол халықтардың көне дәуіріндегі тарихымен байланыстыра қарастыру мақсаты оны Орхон-Енисей ескерткіштерінің, кейінірек көне ұйғыр, монихей, араб жазба ескерткіштерінің тілін зерттеуге жетелейді.

Руникалық жазба ескерткіштің тілін зерттеу үшін өзіне дейін ол жазу туралы жарияланған хабарлармен толық танысуды мақсат етеді. Осы мақсатпен 1891 жылы Монголияға академия ұйымдастырған экспедицияны бастап

барады. Руникалық жазулар жазылған тастардың орналасқан орнын анықтап, оның табиғатын ашу үшін бірнеше рет экспедиция ұйымдастырылған болатын. Соның біреуі – Финляндия экспедициясы (басқарған В.Гашен) да, екіншісі – орыс экспедициясы (басқарған В.В.Радлов). В.В.Радлов басқарған экспедиция Орхон экспедициясы деп аталады. Сол жылдың өзінде-ақ экспедицияның материалдары жарық көре бастайды. “Атлас древности Монголии” деген еңбекте Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің орны туралы мәлімет беріліп, одан үзінділер жарияланады.

В.В.Радлов Орхон-Енисей жазу ескерткішін оқуға әрекет еткен. Бірақ руникалық жазуды бірінші оқыған ғалым профессор Вильгельм Томсен болды. Ол 1893 жылы 25 қарашада Орхон-Енисей жазу ескерткішін оқығандығын жариялады. Екі айдан кейін 1894 жылдың қаңтарында В.В.Радлов “Могилиян” мен “Күлтегін” ескерткішін өз бетімен оқып шыққандығын академияның мәжілісінде хабарлады.

В.В.Радлов түркі тілдерінің басқа да ескерткіштерін зерттеп, олардың мәтінін бастырған. Солардың ішіндегі ең күрделісі – “Құтадғу білік” пен “Алтун яруқ” ескерткіштері.

XIX ғасырда Ресейдің бірнеше жоғары оқу орындарында шығыстану пәніне қызығушылар табылып, шығыс тілдері Ресейдің Харьков, Қазан, Санкт-Петербург және де Дерелтский-Юрьевский (қазіргі Тарту), Виленский (қазіргі Вильнюс) университеттерінде оқытыла бастайды. Бұдан басқа институттар (Лазарев шығыс тілдер институты), гимназия мен Сыртқы істер министрлігіндегі курстарда да шығыс тілдері оқытылды. 1804 жылғы 5 қарашада шыққан Жарғымен байланысты Мәскеу, Қазан, Харьков университеттерінің тіл факультеттерінде шығыс тілдері бойынша кафедралар ашылғаны мәлім.

Харьков университетінде Ресейде бірінші болып шығыс тілдері бойынша кафедра ашылып, онда ең алғаш Иван Богданович Барендт лекция оқыған еді. Ол қайтыс болғаннан кейін (1805 жылы), 1830 жылдан бастап **Б.А.Дорн** (кейін атақты академик) араб, парсы, санскрит, түрік, көне еврей тілдерінен лекция оқиды. Ал 1835 жылы Б.А.Дорнның Петербургке ауысуына байланысты шығыс тілдерінен лекция оқу тағы да тоқтатылады. Бұл тәрізді игілікті іс тек Қазан төңкерісінен кейін ғана қайтадан қолға алынды.

Қазан университетінде шығыс тілдерінен 1807 жылдан бастап (Қазан университеті 1805 жылы 14 ақпанда ашылған) **Х.Д.Френ** лекция оқи бастайды. 1815 жылы ол Қазан университетінің тарих-филология факультетінің деканы қызметін атқарды. Осы университеттің Жарғысы бойынша шығыстану тобында татар тілінен басқа араб, парсы, монғол, қытай тілдерінен де сабақ берілуі керек еді. Френ негізінен араб, парсы тілдерінен сабақ бере жүре, татар тілі бойынша да өз білімін өзінің көмекшісі, кафедрадағы татар тілін оқытушы (1812 жылдан) **Ибрагим Хальфиннің** көмегімен жетілдіре түседі. Френ мен Хальфин (1810 жылы) бірігіп татар тілінен оқулық жазады, бірақ ол жарық көрмей, қолжазба күйінде қалып қояды.

1812 жылдан бастап Қазан университетінде бірінші рет татар тілінен Ибрагим Хальфиннің өзі сабақ бере бастайды. 1823 жылы шығыс тілдері бойынша адъюнкт болып сайланады. Оның бізге жеткен еңбектері – “Конспект татарского языка...” (1826 жылы 15 ақпанда қысқа түрінде кейінірек баспа бетін көрген) және “Азбука и грамматика татарского языка с правилами арабского чтения” (1809).



А.Казем-Бек (1802–1863)

1826 жылдан бастап Қазан университетінде араб, парсы тілдерінен **Казем-Бек** (Мырза Мұхаммед-Әли Қасым-оғлы) лекция оқи бастайды. Казем-Бек 1802 жылы туған, ұлты – әзірбайжан. Әкесі Қажы Мұхаммед Казем-Бек мұсылманша сауатты адам болған. Ол 1807–1820 жылдары Дербентте шейх ул-ислам болып қызмет еткен. 1911 жылы Александр Казем-Бек (христиан дінін қабылдағаннан кейін Александр Касимович Казембек) Дербентке келіп, мұсылманша сауат ашады. А.Казем-Бек туралы И.Н.Березин былай деп жазады: “Блестящие способности,

которыми был одарен Мирза Мухаммед-Али дали ему возможность окончить довольно рано полный курс мусульманского учения. В семье он изучил родные языки – турецкий и персидский”.

Казем-Бек алғашқы ғылыми еңбегін 1819 жылы жазады да, оны “Араб тілі грамматикасы бойынша үлгілер” деп атайды. 1820 жылы Казем-Бектің өмірінде үлкен бір оқиға болады. Патша үкіметінің әскери соты оның әкесін жала жабылған арызға негіздеп, Астраханға жер аударады. 1821 жылы ол әкесінің артынан Астраханға келіп христиан дінін қабылдайды. Казем-Бек христиан дінін қабылдағаннан соң, өз атына Александр деген ат қосып, түркітаным тарихында Мырза Александр Казем-Бек деген атпен қалады. 1825 жылы оны Омскіге жұмысқа жібереді. Қазан қаласына жеткенде қатты ауырады да, Қазан университетінің профессоры Карл Феодорович Фукстың үйінде бір қыс қыстайды. Университет басшыларының өтінішімен Мырза Александр Қазан университетінде жұмысқа қалдырылады.

Александр Казем-Бек 1826 жылы Қазан университетіне шығыс тілдері бойынша лектор ретінде қабылданады. Осы кезден бастап оның есімі Ресейде де, шетелдерде де тез танымал бола бастайды. 1831 жылы Қазан университеті оны шығыс тілдері бойынша адъюнкт етіп сайлайды, ал 1836 жылдан бастап ол түркі-татар тілдері бойынша профессор қызметін атқарады. 1835 жылдан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, 1845–1849 жылдары Қазан университетінің философия факультетінің деканы болып тағайындалады, ал 1845 жылдан кейін ол Петербург университетіне қызметке ауысады.

Александр Казем-Бектің түркітануға өшпестей із қалдырған еңбегі — “Грамматика турецко-татарского языка” (Қазан, 1839). Осы еңбектің екінші басылымы “Общая грамматика турецко-татарского языка” (Қазан, 1846) Демидов сыйлығын алған болатын.

1846 жылы Қазан университетінің түркі-татар тілі кафедрасының меңгерушісі болып А.Казем-Бектің шәкірті **И.Н.Березин** сайланды. Ол — түркітаным тарихынан әрі тарихшы, әрі тілші ретінде орын алған ғалым. Илья Николаевич Березин (1818–1896) бастауыш білімді Екатеринбургте (Свердловскіде), Пермьде алады да, 1834 жылы Қазан университетіне оқуға түседі. И.Н.Березин профессор А.Казем-Бекпен тығыз байланыста болған. Ол 1842–1845 жылдары Сирия, Мысыр, Иран, Месопатамия, Константинополь, Қырымға саяхат жасайды. Осы саяхаттың

коруытындысы ретінде “Путешествие по Востоку” (I-II, Казань, 1849–1852) деген еңбегі жарық көреді.

И.Н.Березин студент кезінде-ақ Астраханға саяхат жасап, татарлар мен парсылардың хал-жағдайын, тілін үйренуге әрекет еткен.

И.Н.Березин – түркітану тарихында тілші, әдебиетші, тарихшы ретінде де танымал ғалым. Оның түркітанудың негізгі мәселелерімен байланысты жазған көптеген мақалаларымен қатар күрделі-күрделі еңбектері де бар. Солардың ішінен, мәселен: “Библиотека восточных историков” (I том. 1849; II том. 1851); “Турецкая хрестоматия” (I том. 1807; II том. 1-шығы, 1862; 2-шығы, 1890; III том. 1879, 1890); “Сборник летописей” (1858); “Персидский текст” (1861); “Очерк внутреннего устройства улуса Джучиева” 1868), сондай-ақ Н.Бичуринмен бірігіп жазған “Татарская грамматика” (1857), т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Университеттің шығыс факультеттерінде оған ұстаздық еткен – арабист профессор **Ф.И.Эрдман** (1793–1863). Ол Ростовта профессор О.Г.Тихсеннің тәрбиесін көрген ғалым. Түркітану тарихында Ф.И.Эрдман нумизматикадан, тарихтан, тілден жазған еңбектерімен аты қалған: “Изъяснения некоторых слов, пришедших из восточных языков в Российской” (1828); “Труды и летописи общества истории и древности российских” (1870).

1854–1855 жылғы реформадан кейін Казан университетіндегі тарих-филология факультетінің Шығыс бөлімі жабылып, Петербургке көшіріледі. Бірақ татар тілі реформадан кейін де студенттерге үйретіле берген. Мысалы, татар тілінен сабақ беруді (мұсылман жазуы бойынша оқытушы деген атпен) Мұхамед-Галей Махмудов (1824–1891) жалғастырады. Мұхамед-Галей Махмудов түркітану тарихында “Практическое руководство к изучению татарского языка” (Казан, 1851) деген көлемді (204 бет) еңбегін қалдырды.

1888 жылы Казан университетінде шығыс тілдерін оқыту қайтадан қолға алынады.

Түркітанушылардың Казан мектебі шығыстану пәнінің дамуына өте үлкен ықпал жасағандығы анық. Оны тек кеңес ғалымдары ғана емес, шетел ғалымдары да мойындап, жоғары бағалаған.

Ресейде шығыстану пәнінің орталығының бірі — Санкт-Петербург университеті. Университет 1819 жылы ашылды. Петербургта бұрыннан-ақ оқытушылар семинариясы бар болатын. Ол семинария 1803 жылы оқытушылар гимназиясы деп аталып, 1816 жылы “Басты педагогикалық институт” деген атпен қайта құрылып, 1819 жылы Санкт-Петербург университетіне айналдырылды.

Шығыс тілдерінен университет ашылмастан бұрын да, “Басты педагогикалық институт” кезінде-ақ араб тілінен Ж.Ф.Деманж — (1789—1839), парсы тілінен Ф.Б.Шармуа (1793—1868) сабақ берген. Бұл екеуі де француз ориенталисі С. де Сасидің шәкірттері. Олар 1817 жылы Ресейге келіп, сол жылдың өзінде-ақ профессор атағын алады. Оларға жәрдемші ретінде 1819 жылы Мирза Джафар Топчибашев (1790—1869) қосылады. 1822 жылы Деманж бен Шармуа университет басшыларымен келісе алмай, университеттен кетіп қалады. Деманждың орнына О.И.Сенковский, ал Шармуаның орнына М.Д.Топчибашев өзі (1831) қалады.

Осип Иванович Сенковский (1800—1858) [8, 114] — поляк, Вильнюс қаласының солтүстігіндегі Вильнода дүниеге келген. 1819 жылы Виленск университетін бітіргеннен кейін Константинополь, Мысыр, Сирияға саяхат жасайды. 1821 жылы қайтып келгеннен кейін академик Х.Д.Френге аудармашылыққа емтихан тапсырады. Х.Д.Френ Сенковскийдің білімін жоғары бағалайды. Х.Д.Френнің пікірінен кейін (1822 ж.) шығыс тілдері бойынша Вилен университетіне профессор болып сайланады, бірақ көп өтпей Петербургке (*ординар профессор* қызметіне) шақырылады. 1828 жылы академияның корреспондент мүшесі болып сайланады.

О.И.Сенковский 1822 жылы 18 тамызда “Об изучении арабского языка” деген лекциясымен университетте қызмет бастайды. Оның педагогикалық жұмысқа беріле істеуі алғашқы он жылы (1835—1846 жылдарға дейін), кейінгі жылдары журналистикаға беріліп, университеттен қол үзеді. Бірақ ол өте жақсы педагог болған. Одан білім алғандар М.Г.Волков, В.В.Григорьев, барон В.Г.Тизенгаузен, т.б. кейін шығыстану пәнінің көрнекті өкілдері болып шыққан. О.И.Сенковский түркітанымда “Карманная книга для русских воинов в турецких походах” деген кітабын қалдырған. Оның

шығыс халықтарының тарихына арналған француз тілінде жарық көрген еңбегі “Дополнения к всеобщей историй гуннов, тюрков и монголов” (1824) деп аталады.

1839 жылдан кейін бұл университетте түркі тілі бойынша лекция оқу **А.О.Мухлинскийге** тапсырылады. **А.О.Мухлинский** 1828 жылы Вилен университетін бітіріп, Санкт-Петербург университетіне білімін жетілдіруге келеді. Ол университет курсымен бірге Сыртқы істер министрлігі Азия департаментіндегі лекцияға да қатынасады. 1835 жылы Түркия мен Мысырға іссапарға барып келгеннен кейін осы университетте шығыс тілдерінен сабақ бере бастайды. 1839 жылдан бастап профессор, 1859—1866 жылдары университеттің Шығыс тілдері факультетінің деканы қызметін атқарады.

Бірақ **А.О.Мухлинский** барлық кезде де түркі тілдерінен сабақ берген емес. 1845 жылы түрік тілінен сабақты **Д.Топчибашев**, ал 1846 жылдан өмірінің соңына дейін **В.Ф.Диттель** (1816—1848 обадан өлген) берген. Тек 1849 жылы кафедра меңгерушісі болып **А.О.Мухлинский** келеді [68, 256].

А.О.Мухлинский түркітану тарихына Литва татарларының тілін зерттеуші ретінде енген. Оның “Выбор турецких статей для начального перевода с грамматическим разбором” (1858), “Османская хрестоматия для университетского преподавания” (I-II т. 1858-1859), “Исследования о происхождении и составе литовских татаров” (1857), т.б. еңбектері бар.

1835 жылғы Жарғы бойынша, университет құрамында татар тілі кафедрасы ашылуы тиіс еді. Оған түркі тілдерінің барлығы енді. 1845 жылдан бастап әзірбайжан тілін оқытуға **Лазарь Захарович Будагов** (1812—1878) шақыртылады. Ол Астраханда туған, ұлты — армян. 1840 жылы Қазан университетінің шығыс тілдер бөлімін бітіргеннен кейін, ол 1844 жылы 28 желтоқсанда университеттің өзінде әзірбайжан тілінің оқытушысы болып қалады. 1864 жылдан доцент қызметін атқарып келеді де, 1870 жылы зейнеткерлікке шығады. Ол түркітаным тарихына “Турецко-татарский букварь” (Тифлис, 1844), “Практическое руководство турецко-татарского, азербайджанского наречия” (М., 1857) және “Сравнительный словарь турецко-татарских наречий” (I т. 1869; II т. 1871) деген еңбегімен есімін қалдырған.

XIX ғасырдың ортасында Ресейдің оқу орындарында өзгерістер болады. Оған себеп: XIX ғасырдың 40-шы жылдарында Қазан мен Санкт-Петербург университеттерінде шығыстану проблемасының мақсаты анық болмағандықтан, шығыс тілін оқыту қиынға соға бастайды. 1845 жылы 20 маусымда Санкт-Петербург оқу бөлімінің бастығы М.Н.Мусин-Пушкин бұл университетте шығыс тілін оқыту мәселесі талапқа сай емес, оны қайта құру керек деген ұсыныс айтады. Ал 1847 жылғы университеттің есеп беру мәліметінде университеттің шығыс бөлімі қазіргі жағдайда пайдасыз, оны Қазан университеті құрамына беру керек деп жазылған. Бірақ Оқу министрлігі факультетті Санкт-Петербург университетінде қалуы керек деп шешім қабылдап, Қазан университетіндегі факультет бөлімін жабады. 1841 жылы жаңа Жарғының жобасы қабылданады. Онда Қазан және Петербург университеттеріндегі факультеттің шығыс тілдері бөлімінің қосылуы, Одессадағы Шығыс институты (Решельев лицейінің құрамындағы) мен Шетелдер министрлігіндегі Азия департаментінің құрамындағы оқу орнын біріктіріп, Азия институтын ашу жоспарланған еді. Бірақ Шетелдер министрлігінің қарсы болуына байланысты соңғы институт ашылмай қалады. 1854 жылы 22 қазанда І Николай патшаның қол қойған Жарлығы бойынша Қазан университеті, Решельев лицейі және Қазан гимназиясындағы шығыс тілдер бөлімі жабылады да, сол гимназияда тек татар тілін оқытуға ғана рұқсат етіледі.

1855 жылы тамызда шығыс факультетін бес бөлімнен құру туралы қаулы қабылданады. Олар: 1) араб-парсы-түрік-татар тілдері; 2) монғол-қалмақ-татар тілдері; 3) қытай-маньчжур тілдері; 4) еврей-араб тілдері; 5) армян-татар тілдері. Факультет 27 тамызда (1855) ашылып, сабақ 1 қыркүйектен басталады. Түрік-татар кафедрасын А.О.Мухлинский басқарады. Факультетте тек Осман түріктері тілі мен әдебиетінен ғана емес, басқа түрік тілдерінен де сабақ берілген.

А.О.Мухлинский мен И.Н.Березинге университетте практикалық жұмыс өткізуде **Хұсаин Фаизханов** (1828–1866) көмек берген. Х.Фаизханов түркітаным тарихында “Краткая учебная грамматика татарского языка”, “Три надгробных болгарских надписи” деген еңбектерімен аты қалған.

1866 жылы А.О.Мухлинский зейнеткерлікке кеткеннен кейін кафедра меңгерушісі болып **Виктор Александрович Максимов** (1836–1900) сайланады. Ол 1859 жылы Санкт-Петербург университетін бітірген соң, 1863 жылы Түркияға іссапарға кетеді. 1857 жылы “Опыт исследования тюркских диалектов в Худавендгяре и Карамании” деген тақырыпта магистрлік диссертация қорғайды. 1867 жылы наурызда приват доцент атағымен лекцияға жіберіледі, бірақ 3 тамызда дипломатиялық жұмыспен Константинопольге кетеді де, сабақ беруін тоқтатады.

Факультетте 1867–1869 жылдары түрік тілінен **Мұхаммед-Алим Абдуллақов** сабақ берген. 1869 жылдың 31 желтоқсанынан бастап құмық ақыны **Магомед Османов** (1840–1904), ал 1873 жылдан бастап И.Н.Березиннің шәкірті **В.Д.Смирнов** (1846–1922) сабақ бере бастайды. **В.Д.Смирнов** Астрахан губерниясында туып, алғаш Астрахан, кейін Пермьнің діни семинариясында оқыған. 1865 жылы Петербургтегі діни академияға оқуға түсіп, 1866 жылы университеттің араб-парсы-түрік-татар бөліміне ауысады да, 1871 жылы оны алтын медальмен бітіреді. 1873 жылы магистрлік диссертация қорғайды да, сол жылы Шығыс тілдері факультетінің түрік-татар кафедрасына доцент болып орналасады. 1875 жылы ғылыми мақсатпен Түркияға барады. 1884 жылдан бастап өмірінің соңына дейін профессор қызметін атқарып келген.

Мәскеу университетінде араб-парсы тілдері жүргенімен түркі тілдері оқытылмайтын. Онда түркі тілдері тек кеңес өкіметі тұсында ғана оқытыла бастады. Түркі тілдері бойынша МГУ-дің бірінші профессоры – Н.К.Дмитриев. Ол 1925 жылдан бастап сабақ жүргізе бастаған еді. Ресейдің басқа университеттерінде де түркі тілдері жүйелі түрде оқытылмай келді. Оның бір себебі түркі тілдері Мәскеудегі Лазаревтің шығыс тілдері институтында (1815–1918) оқытылатын болды да, сабақты А.Ф.Шакумов пен М.Солатьян жүргізген.

Лазарь Эммануилович Лазарев (1812–1884). 1842 жылы Тифлистегі гимназияны бітіргеннен кейін 1850 жылы Лазарев институтына түрік, татар және парсы тілдері бойынша сабақ беруге шақырылады. 1862 жылы “Разбор поэмы Махмуда Физули “Лейли-Меджнун” деген тақырыпта магистрлік диссертация қорғайды. 1871 жылы экстраординар-

профессор болып сайланады. Л.Э.Лазарев түркітаным тарихында “Турецко-татарско-русский словарь наречий османского, крымского, кавказского с приложением краткой грамматики” (М., 1864), “Сравнительная хрестоматия турецкого языка, наречий османлы и азербайджана” (М., 1866), т.б. еңбектерімен белгілі.

Л.Э.Лазарев қайтыс болғаннан кейін түрік-татар кафедрасын **Ставр Елевтериевич Саков** (1846–1921) меңгереді [58,175]. Ол 1877–1878 жылдары орыс-түрік соғысына дәрігер ретінде қатысқан. Соғыстан кейін осы Лазарев институтында түрік, өзірбайжан, шағатай тілдерінен 1908 жылға дейін сабақ беріп келген. С.Е.Саковтың түркітаным тарихында “Руководство для изучения турецкого языка” (М., 1901), “Курс турецкой грамматики” (М., 1902), “Элементы турецкой грамматики” (М., 1906), т.б. еңбектерімен аты қалған.

1885 жылдан бастап түрік тілінен практикалық сабақты **Семен Григорьевич Церуниан** (1860–1931) беріп келген. Ол Стамбулда туған, ұлты – армян. Ол армян, түрік тілдерін, сондай-ақ итальян, неміс тілдерін жетік білген. Ол түркітанымда “Турецко-русские разговоры” (1909), “Курс османских разговоров” (1924), т.б. еңбектерімен танымал болған адам.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Лазарев институтында түркі тілдерін үйрену ғылыми негізде өте бастайды. Оған атакты Шығыс зерттеушілері В.Ф.Миллер, Ф.Е.Корш, Е.А.Крымский, В.А.Гордлевскийлердің еңбегі себепші болады.

Қазандағы Діни академияда **Николай Иванович Ильминский** [4, 83-86] (1822–1891) қызмет етеді. Ол Пензадағы Діни семинарияны (1836–1842), одан соң Қазан Діни академиясын (1842–1846) бітірген. 1847 жылы магистр және сол Діни академияның бакалавр атағын алады; 1851–1854 жылдары Шығыс елдеріне (Константинополь, Дамаск, Каир т.б.) саяхат жасайды. 1858 жылдың желтоқсанынан бастап Орынбор шекара комиссиясының



Н.И.Ильминский (1822–1891)

аудармашысы болып қызмет істейді. Осы кезде ол қазақтың ұлы педагог-ағартушысы Ы.Алтынсаринмен танысып, достасады. 1861 жылы Қазан университетінде қайтадан ашылған түрік-татар кафедрасына шақырылады да, онда профессор болып істейді. 1872 жылдан жаңадан ашылған оқытушылар семинариясына директор болып тағайындалады. Ильминскийдің кетуімен кафедра да жабылады (ол тек 1888 жылы қайта ашылады). 1871 жылы Академияның корреспондент мүшелігіне сайланады. Ал 1884 жылы академик атағы ұсынылғанда, Қазан университетінен қол үзуді қаламай, академиядан бас тартады.

Н.И.Ильминский түркітану тарихында қазақ тілін арнайы зерттеуші ретінде “Материалы к изучению киргизского языка” (Казань, 1861), “Самоучитель русской грамоты для киргизов” (Казань, 1862), “Воспоминание об И.Алтынсарине” (Казань, 1891) т.б. еңбектерімен белгілі.

Н.И.Ильминскийден кейін университетте сабақ беруді **Г.С.Саблуков** (1804–1890) жалғастырады. Г.С.Саблуков та Қазан Діни академиясын бітірген, 1830 жылдан кандидат. Ол татар тілін, тарихы мен этнографиясын миссионерлік мақсатта үйренген. 1837 жылдан Діни семинарияда, 1849 жылдан бастап Қазан Діни академиясында татар тілінен (грек тілінен де), 1854 жылдан араб тілінен сабақ берген. Г.С.Саблуков түркітаным тарихында Әбілғазының “Шаджра-и Турк” деген еңбегі мен Құранды орыс тіліне аударушы ретінде енген.



Н.Ф.Катанов (1862–1922)

XX ғасырдың басында түркітану мәселелерін зерттеушілер Петербург пен Мәскеуге шоғырланады. 1894 жылдан бастап Қазан университетінде шығыс тілдерін атақты түрколог **Николай Федорович Катанов** (1862–1922) оқыта бастайды.

Н.Ф.Катановтың ұлты – хакас. Ол 1876 жылы Аскиздегі училищені, 1884 жылы Красноярскідегі гимназияны алтын медальмен бітіреді. 1884–1888 жылдары Петербург

университетіне түсіп, онда В.В.Радлов, Н.М.Веселовский, И.Н.Березиндерден оқиды. Н.М.Ядринцевпен жақсы таныс болады. Университетті бітіргеннен кейін ол В.В.Радловтың көмегімен Сібір мен Қытай Түркістанына (қазіргі Синьцзян өлкесі) саяхат жасайды. Бұл саяхат 4 жылға (1889–1892) созылады. Экспедиция кезінде тува (урянхай сойон мен сойоттар), тофалар (қарағастар), хакастар (белтір, качин, қойбол, сағай) арасында болып, Жетісу қазақтары мен Құлжа, Шәуешек, Үрімші, Хами, Тұрпан маңындағы ұйғырлар тілін жан-жақты зерттейді, құнды тілдік материал жинайды. Н.Ф.Катанов өзі жүрген жеріндегі халықтардың тілімен қатар олардың этнографиясын, ру-тайпаларының (этногенездік) тегі мен этнонимдерін т.б. құнды материалдарды жинап қайтады. Экспедициядан қайтып келгеннен кейін 1893 жылы Петербург университетінде магистр дәрежесіне емтихан тапсырады да, Қазан университетіндегі түркі-татар тілі кафедрасына экстраординаторлық профессор болып тағайындалады. Сөйтіп, 1894 жылы Н.Ф.Катанов Қазанға келеді. Оның Қазан университетіндегі көп жылдық жемісті ғылыми еңбегі сол жылдың 29 қаңтарында оқыған “Этнографический обзор турецко-татарских племен” деп аталатын кіріспе лекциясымен басталған еді [59, 114].

Н.Ф.Катанов Қазан университетінде 25 жыл еңбек етеді. Бірақ оның зор талабын толық қанағаттандырарлық, оның ғылыми қабілетінің толық ашылуына қажетті жағдай Қазанда сол кезде бола қоймады. Оған жеке кафедра берілмеді, сондықтан да ол кафедраның штаттан тыс (экстраординаторлық) профессоры болып қана қызмет атқарып келді. Бұл жағдайдың тағы бір себебі: Н.Ф.Катанов талантты ғалым бола тұрса да, оған университет профессорлары бұратана халықтың уәкілі (“инородец”) деп сенімсіздікпен қарайтын болған. 1903 жылы 7 желтоқсанда ол Санкт-Петербург университетінде “Опыт исследования урянхайского языка” деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Одан кейінгі жылдары Н.Ф.Катанов Қазанда көптеген ғылыми қоғамдардың жұмысына белсене қатысып отырған.

Түркітаным тарихына Н.Ф.Катанов “Опыт исследования урянхайского языка с указателем главнейших родственных отношений его к другим языкам тюркского корня” (Қазан,

аудармашысы болып қызмет істейді. Осы кезде ол қазақтың ұлы педагог-ағартушысы Ы.Алтынсаринмен танысып, достасады. 1861 жылы Қазан университетінде қайтадан ашылған түрік-татар кафедрасына шақырылады да, онда профессор болып істейді. 1872 жылдан жаңадан ашылған оқытушылар семинариясына директор болып тағайындалады. Ильминскийдің кетуімен кафедра да жабылады (ол тек 1888 жылы қайта ашылады). 1871 жылы Академияның корреспондент мүшелігіне сайланады. Ал 1884 жылы академик атағы ұсынылғанда, Қазан университетінен қол үзуді қаламай, академиядан бас тартады.

Н.И.Ильминский түркітану тарихында қазақ тілін арнайы зерттеуші ретінде “Материалы к изучению киргизского языка” (Казань, 1861), “Самоучитель русской грамоты для киргизов” (Казань, 1862), “Воспоминание об И.Алтынсарине” (Казань, 1891) т.б. еңбектерімен белгілі.

Н.И.Ильминскийден кейін университетте сабақ беруді Г.С.Саблуков (1804–1890) жалғастырады. Г.С.Саблуков та Қазан Діни академиясын бітірген, 1830 жылдан кандидат. Ол татар тілін, тарихы мен этнографиясын миссионерлік мақсатта үйренген. 1837 жылдан Діни семинарияда, 1849 жылдан бастап Қазан Діни академиясында татар тілінен (грек тілінен де), 1854 жылдан араб тілінен сабақ берген. Г.С.Саблуков түркітаным тарихында Әбілғазының “Шаджра-и Турк” деген еңбегі мен Құранды орыс тіліне аударушы ретінде енген.



Н. Ф. Катанов (1862–1922)

XX ғасырдың басында түркітану мәселелерін зерттеушілер Петербург пен Мәскеуге шоғырланады. 1894 жылдан бастап Қазан университетінде шығыс тілдерін атақты түрколог Николай Федорович Катанов (1862–1922) оқыта бастайды.

Н.Ф.Катановтың ұлты – хакас. Ол 1876 жылы Аскиздегі училищені, 1884 жылы Красноярскідегі гимназияны алтын медальмен бітіреді. 1884–1888 жылдары Петербург

университетіне түсіп, онда В.В.Радлов, Н.М.Веселовский, И.Н.Березиндерден оқиды. Н.М.Ядринцевпен жақсы таныс болады. Университетті бітіргеннен кейін ол В.В.Радловтың көмегімен Сібір мен Қытай Түркістанына (қазіргі Синьцзян өлкесі) саяхат жасайды. Бұл саяхат 4 жылға (1889–1892) созылады. Экспедиция кезінде тува (уряньхай сойон мен сойоттар), тоғалар (қарағастар), хакастар (белтір, качин, қойбол, сағай) арасында болып, Жетісу қазақтары мен Құлжа, Шәуешек, Үрімші, Хами, Тұрпан маңындағы ұйғырлар тілін жан-жақты зерттейді, құнды тілдік материал жинайды. Н.Ф.Катанов өзі жүрген жеріндегі халықтардың тілімен қатар олардың этнографиясын, ру-тайпаларының (этногенездік) тегі мен этнонимдерін т.б. құнды материалдарды жинап қайтады. Экспедициядан қайтып келгеннен кейін 1893 жылы Петербург университетінде магистр дәрежесіне емтихан тапсырады да, Қазан университетіндегі түркі-татар тілі кафедрасына экстраординарлық профессор болып тағайындалады. Сөйтіп, 1894 жылы Н.Ф.Катанов Қазанға келеді. Оның Қазан университетіндегі көп жылдық жемісті ғылыми еңбегі сол жылдың 29 қаңтарында оқыған “Этнографический обзор турецко-татарских племен” деп аталатын кіріспе лекциясымен басталған еді [59, 114].

Н.Ф.Катанов Қазан университетінде 25 жыл еңбек етеді. Бірақ оның зор талабын толық қанағаттандырарлық, оның ғылыми қабілетінің толық ашылуына қажетті жағдай Қазанда сол кезде бола қоймады. Оған жеке кафедра берілмеді, сондықтан да ол кафедраның штаттан тыс (экстраординарлық) профессоры болып қана қызмет атқарып келді. Бұл жағдайдың тағы бір себебі: Н.Ф.Катанов талантты ғалым бола тұрса да, оған университет профессорлары бұратана халықтың уәкілі (“инородец”) деп сенімсіздікпен қарайтын болған. 1903 жылы 7 желтоқсанда ол Санкт-Петербург университетінде “Опыт исследования урянхайского языка” деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Одан кейінгі жылдары Н.Ф.Катанов Қазанда көптеген ғылыми қоғамдардың жұмысына белсене қатысып отырған.

Түркітаным тарихына Н.Ф.Катанов “Опыт исследования урянхайского языка с указателем главнейших родственных отношений его к другим языкам тюркского корня” (Қазан,

1903), “Замечания о богатырских поэмах минусинских тюрок” (СПб., 1885), “О погребальных обрядах у тюркских племен с древнейших времен до наших дней” (СПб., 1894), “Восточные заметки” (Казань, 1896) т.б. еңбектерімен енген [53].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Санкт-Петербург университетінде сабақ берген атақты түркітанушының бірі — профессор **Платон Михайлович Мелиоранский** (1868—1906). Ол 1887 жылы осы университеттің араб-парсы-түрік-татар бөліміне оқуға түседі. В.В.Радловтың кеңесімен (гимназияда оқып жүрген кезінде-ақ) түркі тілдерін үйрене бастайды. В.В.Радловтың үйінде алтай, кейінірек қазақ тілін үйреніп, “Құтадғу біліктен” үзінділер оқып, шағатай тілінен мәтіндер аударады. Университеттің үшінші курсына



*П. М. Мелиоранский
(1868—1906)*

оқып жүріп (1890) Орынбор мен Торғайға сапарға шығып, қазақ тілін үйреніп, ауыз әдебиетін жинап қайтады. 1891 жылы университетті бітіргеннен кейін кафедрада қалады. 1893 жылы Батыс Еуропаға (Лондон, Оксфорд, Лейден, Париж, Берлин) 4 айлық іссапарға барады да, Ибн Муханның “Араб-филологының”, Рабғузидың “Қисас уланбиясының” қолжазба нұсқаларымен танысады. 1894 жылы приват-доцент атағын алуына байланысты лекция оқи бастайды. 1899 жылы “Күлтегін” ескерткіші” деген тақырыпта магистрлік, 1901 жылы

“Араб-филолог о турецком языке” деген тақырып бойынша докторлық диссертация қорғайды. 1905 жылдан ординарлық профессор, 1902 жылдан өмірінің соңына дейін факультет хатшысы қызметін атқарады.

П.М.Мелиоранский өте көп және жемісті еңбек етті. Қысқа өмірінің ішінде (38 жасында дүние салған) түркітану мен монғолтану саласында өшпестей із қалдырған. Оның еңбектерін А.Н.Кононов үлкен-үлкен жеті салаға бөліп көрсетеді [85,10-11]. Олар: 1) түрлі тарихи жазба ескерткіштерді жариялап, оларға филологиялық талдау жасау;

2) грамматикаға байланысты еңбектері; бұлардың ішінен осы күнге дейінгі өзінің құндылығын жоймаған “Краткая грамматика казак-киргизского языка” (I бөлім. 1894) деген еңбегін атауға болады; 3) ауыз әдебиеті үлгілерін жинау; бұлардың ішінде оның казак мақал-мәтелдері мен жұмбақтары да бар; 4) орыс тіліндегі түркі элементтерін зерттеу (“Турецкие элементы в языке “Слово о полку Игореве””; “Заимствованные восточные слова в памятниках русской письменности домонгольского времени”, т.б. байланысты еңбектер); 5) тарих жөніндегі еңбектер (“Сельджук-наме” как источник для истории Византии в XII и XIII веках”, “По поводу новой археологической находки в Аулиетинском уезде”, т.б.); 6) географиялық атаулардың транскрипциясына байланысты еңбектері және 7) түрлі рецензиялар.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүріп, әрі патшалық Ресей, әрі Кеңес өкіметінің тұсында еңбек етіп, өзінің азаматтық, ғалымдық борышын адал атқарған ғалымдардың бірі — **Александр Николаевич Самойлович**. Ол 1880 жылы Нижний Новгородта гимназия директорының отбасында дүниеге келеді. Гимназияны бітіргеннен кейін 1899 жылы Петербург университетінің араб-парсы-татар-түрк бөліміне оқуға түседі.



А.Н.Самойлович (1880–1938)

А.Н.Самойловичтың дербес ғылыми қызметі 1902 жылдан басталады. 1902 жылы профессор П.М.Мелиоранскийдің кеңесі бойынша Түрікменияға диплом жұмысына материал жинауға барады. Сол материал негізінде түрікмен тілінің фонетикасы мен грамматикасы бойынша жазған оның диплом жұмысы жоғары бағаланып, жас ғалым алтын медаль алады. 1903 жылы университетті жақсы бітіргені үшін оны кафедрада қалдырып, ғылыми жұмысқа даярлайды.

А.Н.Самойловичтың көптеген еңбегі түркімен халықтарының тілі мен әдебиетіне, тарихы мен этнографиясына арналған. Сонымен қатар оның еңбектерінде қазақ, өзбек,

татар, ноғай, қырым татарлары, Осман түріктері мен Сібір түркі халықтарының тілі мен тарихы туралы да зерттеулер мол кездеседі. Сөйтіп, ол зерттеу аясының кеңеюіне байланысты ақырында үлкен энциклопедист-түрколог дәрежесіне көтеріледі [76,168].

1906 жылы П.М.Мелиоранский тосыннан қайтыс болғаннан кейін А.Н.Самойлович ұстазының университеттегі сабағын жалғастырады. 1911 жылы ол Түркияға саяхат жасайды. 1912 жылдың жазында Қырым мен Ставропольда болып, онда ұйымдастырылған татар-орыс мектептерінің татар мұғалімдеріне лекция оқиды, жергілікті түркі халықтарының тілі, ауыз әдебиеті мен этнографиясы бойынша материал жинайды. 1913 жылы Будапешт, Вена, Париж, Берлинге барып, кітапханалардағы қолжазбалармен танысады. Осы сапарының ең негізгі жемісі — Париж кітапханасынан “Хұсрау уа Шырын” және Бабырдың өлендер жинағын алып қайтады. Бабырдың өлендерін өңдеп, 1917 жылы жариялайды. 1916 жылы Ресейдің ішкі облыстарына саяхат жасап, Петербург — Ярославль — Кострома — Қазан — Самара—Орынбор — Ташкент — Красноводск — Баку — Тифлис — Всадиковская — Қырым бағыты бойынша аралайды. Саяхаттан бай материалмен (қолжазбалар, кітаптар, этнографиялық деректер т.б.) оралады, соның негізінде еңбектер жазады.

А.Н.Самойлович Ұлы Қазан төңкерісінен кейін сол Петербург университетінің түрік-татар кафедрасында профессорлық қызмет атқарады. 1920 жылы Петроградта жаңадан құрылған А.С.Енукидзе атындағы шығыс тілдері институтына (Петроградский институт живых Восточных языков) алдымен проректор, ал 1922—1923 жылдардан соң ректор болып тағайындалады. 1924 жылы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, 1929 жылы академигі болып сайланды. 1929 жылдан қоғамдық пәндер бойынша академик-хатшы, 1934 жылдан кейін Шығыстану институтының директоры, ал өмірінің соңғы жылдарында А.Н.Самойлович СССР Ғылым академиясының Қазақстандық филиалының (бөлімшесінің) бастығы болып қызмет істеді. Қазақстанда Ұлттық академия құруға негіз болған алғашқы ғылыми мекемелерді, соның ішінде Тіл және әдебиет секторын ұйымдастыруға, филолог ғалымдар дайындауға ол тікелей

басшылық етті. 1937 жылы еліміздің бетке ұстар интеллигенттерімен бірге А.Н.Самойлович те тұтқынға алынады. 1938 жылдың ақпан айында сталиндік репрессияның құрбаны болып атылады.

А.Н.Самойлович ғылым әлеміне Қазан төңкерісінен бұрын араласқан. Оның қаламынан “Абду-с-Саттар казы. Книга рассказов о бытах текинцев. Туркменская историческая поэма XIX века”, “Опыт краткой крымско-татарской грамматики”, “Материалы для указателя литературы по Енисейско-Орхонской письменности”, “Запретные слова в языке казах-киргизской замужней женщины”, “Краткая учебная грамматика современного османско-турецкого языка” сияқты еңбектер жарық көрді. Өзінің төл шығармаларымен бірге бірнеше тарихи ескерткіштерді де жариялады.

Академик **Василий Владимирович Бартольд** (1869–1930) — шығыстану пәнінде негізінен тарихшы ретінде танылған және бұл салада орасан ғылыми мұра қалдырған әйгілі түркі зерттеушісі. Оның түркі тілдеріне байланысты айтқан пікірлері де аз емес. Ол өз еңбегінің көпшілігін кеңес дәуірінде жазды. Оның үлкен-үлкен тоғыз томдық шығармалар жинағынан жалпы Шығыс халықтарының, әсіресе түркі тілдес халықтардың тарихы мен этнографиясы бойынша жан-жақты мағлұмат алуға болады.

XX ғасыр басында Лазарев институты Мәскеудегі шығыстану пәнінің орталығына айналады. Бұл институттың беделінің өсуіне В.Ф.Миллер, Ф.Е.Корш, А.Крымский, В.А.Гордлевский тәрізді түркологтар да белсене ат салысады.

Всеволод Федорович Миллер (1848-1913) салыстырмалы тіл білімінің маманы, ол негізінен Кавказ тілдерін зерттеумен айналысқан ғалым. Түркітаным тарихына ол өзінің күрделі еңбектерімен және түркітаным ғылымын ұйымдастырушы, Лазарев институтының директоры (1897–1911) ретінде енді.

Лазарев институтындағы екінші бір үлкен ғалым — академик **Феодор Евгеньевич Корш** (1843–1915). Ол — көп тілді білетін (полиглот) ғалым. Оның зерттеу объектісі — славян, араб, парсы, түркі, армян, санскрит, угро-финн, монғол, т.б. тілдер. Ф.Е.Корш 1860 жылы Мәскеу университетінің тарих-филология факультетіне оқуға түседі де, онда классикалық филология бойынша профессор П.М.Леонтьевтің, санскрит, араб тілі бойынша профессор-полиглот П.Я.Петровтың, славян тілдері бойынша профессор

О.М.Беделевскийдің лекцияларына қатысады. 1869 жылы университетті бітіргеннен кейін классикалық филология кафедрасында қалдырылады.

Ф.Е.Корштың түркі тілдерін қалай үйренгендігі туралы мәлімет жоқ. Бірақ Ф.Е.Корш тілді өте жеңіл, тез игеретін болған. Тіпті, жасы егде тартқан кездің өзінде де ол венгер тілін үйреніп, венгер ақыны Петефидің өлеңін орысшаға аударғандығы мәлім [44,7].

Ф.Е.Корш түркітану тарихына “О турецком языке семи-реченских надгробных надписей”, “Каменско-подольские, армяно-татарские документы центрального архива Киевского университета”, “Турецкие элементы в языке “Слово о полку Игореве”, “Классификация турецких племен по языкам”, т.б. көптеген еңбектерімен енген.

Лазарев институтында қызмет еткен көрнекті түрколог ғалымдардың бірі – **Агафангел Ефимович Крымский** (1871–1942). Ол Владимир-Волынский қаласында дүниеге келеді, бастауыш білімді осы Звенигородскідегі мектепте алады. Бұл көп ұлтты қала еді, оның көшелері мен жәрмеңкелерінде орысша, украинша, полякша, молдаванша, болгарша, сербше, түрікше сөйлейтін адамдарды кездестіру мүмкін еді. Болашақ ғалымның осы тілдерді жастайынан үйренуіне бұл жағдайдың әсері болды. Ол кейін француз, ағылшын, неміс тілдерін жетік білді. А.Е.Крымскийдің соншама тілді білуі оның болашақта иранист, арабист, славист, түрколог ретінде көптеген еңбек жазуына негіз болған еді. А.Е.Крымский Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан жеріне келіп, 1942 жылы қайтыс болған.

Ресейдің кең-байтақ территориясының үлкен қалаларында да мәдени және ғылыми орталықтар ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында пайда болып, аз да болса ғылымға өз үлесін қоса бастағаны белгілі. Оған бір себеп: патша өкіметі жер-жерлерге гимназиялар, лицейлер, түрлі мектептер ашып, өздеріне керекті мамандар даярлай бастады. Олардың кейбіреулерінде орыс тарихымен бірге шығыс тарихы, шығыс тілдерінен де деректер беріліп оқытылатын болған. Түркітануға қатысты еңбектер, негізінен, Сібір, Орта Азия мен Қазақстан, Кавказ өлкелерінен жарық көре бастаған.

Сібірдегі түркі тілдерін үйреніп, оны зерттеу жұмысына негізінен миссионерлік қоғам мүшелері белсене ат салысты. Сондай

қоғамның бірі — Алтай, Якут діни миссиясы. Мәселен, Алтай діни миссиясы 1828 жылы құрылады да, Алтай өлкесіндегі шаман дініндегі халықтардың христиан дініне өткізуді алдарына мақсат етіп қойды. Бұл миссионерлердің бірінші басшысы болып архимандрит Макарий (Михаил Яковлич Глухорев (1792—1847)) тағайындалады. Бұл миссионерлерге 1853 жылы Алтай халықтарының тілі мен этнографиясын жақсы білетін **Василий Иванович Вербицкий** (1827—1890) келіп қосылады. Жергілікті халық бірден христиан дінін қабылдай бермеген. Сондықтан миссионерлер олардың тілін, әдет-ғұрпын біліп, олармен қарым-қатынас жасау жолына түседі, түрлі діни кітаптар шығарып, ел арасына таратады, діни мектептер ашады. Түркітануда Алтай миссионерлік қоғамы “Грамматика алтайского языка” (1869) деген белгілі еңбегімен тарихта аты қалған. Бұл грамматиканың авторлары туралы толық мәлімет жоқ. Дегенмен соңғы кездерде “Алтай тілі грамматикасының” авторлары ретінде В.И.Вербицкий, Макарий Невский, Н.И.Ильминскийлерді көрсетіп жүр [10]. Кей ғалымдар “Грамматиканың” авторларының қатарына Мырза А.Казем-Бекті, С.В.Ладышевті, т.б. қосса, үшінші бір авторлар “Грамматиканың” авторы ретінде жеке адамдарды (В.И.Вербицкийді не Макарий Невскийді) көрсетеді. Мұрағаттардағы материалдардың көрсетуінше, жоғарыда аттары аталынған үш ғалымның үшеуі де “Грамматиканы” жазуға қатысқан. Н.И.Ильминский “Грамматиканы” қайта өңдеп, оған ғылыми сипат берген. Түркітаным тарихында В.И.Вербицкий (1827—1890) “Грамматиканың” авторларының бірі болумен бірге “Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка” (Казань, 1884), “Алтайские иногородцы” (М., 1893) деген еңбектерімен аты қалған. Макарийдің “Грамматикадан” басқа еңбегі қалмаған, бірақ оның Сібір түріктерінің тілін жетік білгендігі анық.

“Алтай тілі грамматикасы” Казем-Бектің де, О.Бетшнердің де еңбектерінен басқаша, мұнда алғаш рет түркі тілдерінің материалдарын ғылыми негізде, жүйелі түрде баяндау жолға қойылған. Мұнда алтай тілінің фонетикасы, морфологиясы (авторлардың термині бойынша, *этимология*), синтаксисі ғылыми талдау объектісі болған, басқа түркі тілдерімен (мысалы, қазақ) салыстырылған. “Грамматикадағы” көптеген қағидалар өзінен кейінгі авторларға дұрыс сілтеме жасап, бағдар беріп отырды. Профессор П.М.Мелиоранский бұл еңбекке жоғары баға берген болатын [122].

Осы қоғамның мүшесі Р.Хитров (1818–1896) бірінші рет якут грамматикасын (“Краткая грамматика якутского языка”. М., 1858) жазған болатын.

Сібірдегі түркі тілдерін зерттеуде миссионерлерден басқа ғалымдар да аянбай еңбек еткен. Солардың бірі – **Николай Иванович Ашмарин** (1870–1933). Ашмарин Қазан губерниясында дүниеге келген, чуваштармен туыстық қатынасы бар. 1884 жылы Лазарев институтын бітіргеннен кейін Қазандағы шоқынған татарлар (кірешін) мектебіне қызметке келеді (1919 жылға дейін). 1917 жылдан бастап Солтүстік Шығыс археология және этнография инсти-тутында татар, чуваш тілінен сабақ берген. Кейін Шығыс академиясында, Симбирскідегі Чуваш Халық ағарту институтында, 1923–1926 жылдары Бакуде Әзірбайжан университетінде, одан кейін Қазанға қайтып келіп, Шығыс педагогика институтында қызмет етеді. 1931 жылдан бастап “Чувашша-орысша сөздік” жариялай бастайды. 1929 жылдан бастап КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Түркітану тарихында Н.И.Ашмарин “Программа для составления чувашского словаря” (1900), “Болгары и чувашы” (1902), “Опыт исследования чувашского синтаксиса” (т.І. 1903; т.ІІ. 1923), “Словарь чувашского языка” (1910–1912; 1928–1950) т.б. еңбектерімен аты қалған.

Сібірдегі түркі тілдес халықтардың тілін зерттеуде **Эдуард Карлович Пекарскийдің** (1858–1934) еңбегі ерекше. Ол Минск губерниясында дүниеге келген, ұлты – поляк. Алдымен Черниговтағы гимназияда, кейін Харьковтағы ветеринария институтында оқиды. Түрлі төңкерістік ұйымдарға қатысып, пікірлер таратқандығы үшін 1879 жылы тұтқындалады да, 1881 жылы Мәскеу округының әскери соты оны Якутск қаласынан 240 шақырым жердегі Батурусский ұлысына жер аударды. 1889 жылы Ғылым академиясының көмегімен Пекарский Якутск қаласында тұруға рұқсат алады. Одан кейін ол Орыс географиялық қоғамының Шығыс Сібір бөлімі ұйымдастырған экспедицияларға қатысып, якут тілін, этнографиясын жетік үйренеді.

Э.К.Пекарский түркітаным тарихына “Якут тілінің сөздігін” жазу арқылы атын қалдырды. Түркі тілдерінің тарихын зерттеушілер Пекарскийдің бұл сөздігін В.В.Радлов пен Л.Будаговтың сөздіктерімен бір дәрежеде бағалайды. Э.К.Пекарскийдің якут тілі туралы басқа да еңбектері бар.

Якут тілін зерттеуші түркітанушылар қатарынан саяси тұтқын **Сергей Васильевич Ястремскийді** (1857–1931) атауға болады. Ястремский Харьковте дүниеге келген, ұлты – поляк. Каторга мерзімін өтегеннен кейін 1886 жылы Якутияға жер аударылады. 1896 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Одессада тұрған. Түркітаным тарихына ол өзінің “Грамматика якутского языка” (1900), “Образцы народной литературы якутов” (1929) сияқты еңбектерімен енген.

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тілін үйрену, оны зерттеу Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасына байланысты болды. Осы кезде Омбы, Орынбор қалалары қазақтар мен орыстардың өзара қатынас жасау орталығына, мәдениет ошағына айналды. Орыс мәдениеті мен ғылымының ықпалы қалың қазақ арасына да тарай бастады. Осы мәдениеттің прогресшіл жағын алғаш сезінген жергілікті халық уәкілдерінен, мысалы, Абайды, Шоқанды, Ыбырайды атауға болады.

Ыбырай Алтынсарин осы кезде Торғайда мектеп ашып, қазақ балаларына түрлі пәндерден білім бере бастады. 1879 жылы Торғай облысындағы мектептерге инспектор болып тағайындалған соң қазақ балалары үшін ашылған мектептерді көбейтуге әрекет еткен. 4 екі кластық училище 7 бастауыш мектеп, Ырғызда (қыздар үшін) мектеп-интернат, Торғайда кәсіби училище, тағы басқаларын ашуға рұқсат алған. Ы.Алтынсарин В.В.Григорьев, Н.И.Ильминский, В.В.Катаринский сияқты орыс ғалымдарымен достық қарым-қатынаста болған адам.

Ы.Алтынсарин түркітаным тарихында “Киргизская хрестоматия” (1879), “Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку” (1879), “Мақтубат” (1898), т.б. оқулықтардың авторы ретінде аты қалған.

Қазақ тілі материалдары негізінде сөздіктер мен грамматикалар, оқу құралдары мен этнографиялық еңбектер жазған ғалымдардың ішінен А.Г.Бессоновты, А.Е.Алекторовты, А.В.Васильевті, Н.И.Ильминскийді, В.В.Катаринскийді ерекше атап кетуге болады.

К.Г.Бессоновтың (1848-1917) ұлты – башқұрт, ол қазақ тілін зерттеп, ауыз әдебиетінен материалдар жинаған. Оның “Хрестоматия для киргизских школ” (1880), “О говорах казанского татарского наречия” (1881), “Башкирские народные

сказки” (1912) деген еңбектері бар. **А.Е.Алекторов** (1861–1919) Бөкей ордасы мен Астрахан губерниясындағы мектептерде инспекторлық, Семейдегі училищеде (1903–1915) директорлық, Батыс Сібір оқу округында (1915 жылдан) инспекторлық қызмет атқарған. Ол бірнеше мақала мен кітаптың авторы. Түркітаным тарихында “Русско-киргизская азбука” (1901), “Киргизская хрестоматия” (ч. I. 1898, ч. II. 1907), т.б. еңбектерімен аты қалған.

Ы.Алтынсариннің жұмыстарына тікелей жәрдем берген оның досы — **В.В.Катаринский** де қазақ тіл білімінің дамуына белгілі үлес қосқан. Ол Қазан Діни академиясын бітіргеннен кейін аз уақыт (1872–1875) Чебоксардағы Діни училищеде істеп, 1875 жылдан өмірінің соңына дейін (1902 жылы 20 мамырда қайтыс болған) Орынбор оқу округында татар, башқұрт, қазақ мектептері бойынша инспектор қызметін атқарған. Түркітаным тарихында В.В.Катаринский “Краткий русско-башкирский словарь” (1893), “Краткий киргизско-русский словарь” (1895), “Киргизско-русский словарь” (1897), “Грамматика киргизского языка” (1897), т.б. еңбектерімен белгілі.

Қазақ тілі негізінде жазылған тағы екі грамматиканың біреуі **И.П.Лаптевтікі** де (“Грамматика киргизско-кайсацкого языка”, 1898), екіншісі — **Н.С.Жетісбаевтікі** (“Начальное руко-

водство арабского, персидского и киргизского языков с арабо-персидско-киргизскими словами в конце”, 1890). Төңкерістен бұрын бұдан басқа көптеген екі тілді сөздіктер, грамматикалар жарық көрген. Мысалы, 1898 жылы Орынборда миссионерлік қоғамның мүшелері тарапынан “Грамматика киргизского языка” (фонетика, этимология и синтаксис) деген еңбек басылып шықты, ол біраз өңделіп, Торғайдағы облыстық баспаханадан 1906 жылы қайта шықты [122, 13–32].



2. XX ғасырдағы түркітаным тарихы туралы қысқаша мәлімет

XIX ғасырда жасалған түркітанымдық зерттеулер XX ғасырда да өз жұмыстарын жалғастырды. Себебі XIX ғасырда жасаған, еңбек еткен П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов, А.Н.Самойлович, т.б. тәрізді ғалымдардың өзіндік жолы, көзқарастары болған; өзі бастаған еңбегін жалғастырған. Мысалы, В.В.Радлов салыстырмалы зерттеу мен жазба ескерткіштерге көңіл бөлсе, А.Н.Самойлович түркі (түркімен) тілдерінің грамматикасын, әдеби тіл тарихын, т.б. зерттеді. XX ғасыр XIX ғасырдағы зерттеудің жалғасы ретінде бұрынғы еңбектерді тереңдетті, жаңа зерттеушілерді дүниеге алып келді. Олар Ахмет Байтұрсынұлы, И.Гаспренский, Фитрат, А.Ахундов сияқты жергілікті халық өкілдері, А.К.Дмитриев, В.А.Гордлевский, А.К.Боровков, Е.Д.Поливанов, В.А.Богородинский, И.А.Батманов сияқты орыс тілшілері, шетелдік түркітанушылар Дж.Дени, А.Зайничковский, Н.Полис, т.б. XIX ғасырда түркі халықтарының көпшілігін Ресей өкіметі жаулап алып, қол астына бодан ретінде қалдырып отырған. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен соң да түркі халықтарына еркіндік бермей, Кеңестік езгінің астында ұстады. Сондықтан қол астындағы халықтардың тілін, әдебиетін, мәдениетін аз болса да зерттеп, тізгінін қол астында ұстап тұрғандығы да анық. Бірнеше рет қуғын-сүргін жасады, көрнекті адамдарын сталиндік түрмелерге жаппаса да, өте әлсіз болса да, егемендік жорығы жақындай берген сайын ұлттық мәдениет, ғылым дами бастады. Соның бірі ұлттық тіл білімі еді. Әрине, озық, мәдениетті орыс ғалымдары ұлттық ғылымға жәрдем берді, түркітанымның қалыптасуына ықпал жасады. Бірақ ғылымның бар саласын дамытуға жағдай жасамады. Кеңестік билік аппарат, коммунистік саясат өз мақсатына байланысты жоспармен жұмыс істеді, ол үшін еңбекші халықтарды да, интеллигент-оқымысты азаматтарды да аямады. Оған дәлелді тарихтан мол көрсетуге болады. Соңғы кезде аты белгілі болған атақты орыс ғалымдары Вавилов, Сахаров, Поливановтарды, қазақтың А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров сияқты басқа халық азаматтарын да атауға болады.

сказки” (1912) деген еңбектері бар. **А.Е.Алекторов** (1861—1919) Бөкей ордасы мен Астрахан губерниясындағы мектептерде инспекторлық, Семейдегі училищеде (1903—1915) директорлық, Батыс Сібір оқу округында (1915 жылдан) инспекторлық қызмет атқарған. Ол бірнеше мақала мен кітаптың авторы. Түркітаным тарихында “Русско-киргизская азбука” (1901), “Киргизская хрестоматия” (ч. I. 1898, ч. II. 1907), т.б. еңбектерімен аты қалған.

Ы.Алтынсариннің жұмыстарына тікелей жәрдем берген оның досы — **В.В.Катаринский** де қазақ тіл білімінің дамуына белгілі үлес қосқан. Ол Қазан Діни академиясын бітіргеннен кейін аз уақыт (1872—1875) Чебоксардағы Діни училищеде істеп, 1875 жылдан өмірінің соңына дейін (1902 жылы 20 мамырда қайтыс болған) Орынбор оқу округында татар, башқұрт, қазақ мектептері бойынша инспектор қызметін атқарған. Түркітаным тарихында **В.В.Катаринский** “Краткий русско-башкирский словарь” (1893), “Краткий киргизско-русский словарь” (1895), “Киргизско-русский словарь” (1897), “Грамматика киргизского языка” (1897), т.б. еңбектерімен белгілі.

Қазақ тілі негізінде жазылған тағы екі грамматиканың біреуі **И.П.Лаптевтікі** де (“Грамматика киргизско-кайсацкого языка”, 1898), екіншісі — **Н.С.Жетісбаевтікі** (“Начальное руко-

ТРУДЫ ПО ВОСТОКОВЕДѢНІЮ,
изданные Лазаревскимъ Институтомъ Восточныхъ Языковъ.
Выпускъ II.

МАТЕРІАЛЫ

по

КАЗАК-КИРГИЗСКОМУ ЯЗЫКУ

СОБРАНІЕ

И. Лаптевымъ.

МОСКВА.
Типографія Варвары Гетманск.
1898.

водство арабского, персидского и киргизского языков с арабо-персидско-киргизскими словами в конце”, 1890). Төңкерістен бұрын бұдан басқа көптеген екі тілді сөздіктер, грамматикалар жарық көрген. Мысалы, 1898 жылы Орынборда миссионерлік қоғамның мүшелері тарапынан “Грамматика киргизского языка” (фонетика, этимология и синтаксис) деген еңбек басылып шықты, ол біраз өңделіп, Торғайдағы облыстық баспаханадан 1906 жылы қайта шықты [122, 13-32].

2. XX ғасырдағы түркітаным тарихы туралы қысқаша мәлімет

XIX ғасырда жасалған түркітанымдық зерттеулер XX ғасырда да өз жұмыстарын жалғастырды. Себебі XIX ғасырда жасаған, еңбек еткен П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов, А.Н.Самойлович, т.б. тәрізді ғалымдардың өзіндік жолы, көзқарастары болған; өзі бастаған еңбегін жалғастырған. Мысалы, В.В.Радлов салыстырмалы зерттеу мен жазба ескерткіштерге көңіл бөлсе, А.Н.Самойлович түркі (түркімен) тілдерінің грамматикасын, әдеби тіл тарихын, т.б. зерттеді. XX ғасыр XIX ғасырдағы зерттеудің жалғасы ретінде бұрынғы еңбектерді терендетті, жаңа зерттеушілерді дүниеге алып келді. Олар Ахмет Байтұрсынұлы, И.Гаспренский, Фитрат, А.Ахундов сияқты жергілікті халық өкілдері, А.К.Дмитриев, В.А.Гордлевский, А.К.Боровков, Е.Д.Поливанов, В.А.Богородинский, И.А.Батманов сияқты орыс тілшілері, шетелдік түркітанушылар Дж.Дени, А.Зайничковский, Н.Полис, т.б. XIX ғасырда түркі халықтарының көпшілігін Ресей өкіметі жаулап алып, қол астына бодан ретінде қалдырып отырған. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен соң да түркі халықтарына еркіндік бермей, Кеңестік езгінің астында ұстады. Сондықтан қол астындағы халықтардың тілін, әдебиетін, мәдениетін аз болса да зерттеп, тізгінін қол астында ұстап тұрғандығы да анық. Бірнеше рет қуғын-сүргін жасады, көрнекті адамдарын сталиндік түрмелерге жаппаса да, өте әлсіз болса да, егемендік жорығы жақындай берген сайын ұлттық мәдениет, ғылым дами бастады. Соның бірі ұлттық тіл білімі еді. Әрине, озық, мәдениетті орыс ғалымдары ұлттық ғылымға жәрдем берді, түркітанымның қалыптасуына ықпал жасады. Бірақ ғылымның бар саласын дамытуға жағдай жасамады. Кеңестік билік аппарат, коммунистік саясат өз мақсатына байланысты жоспармен жұмыс істеді, ол үшін еңбекші халықтарды да, интеллигент-оқымысты азаматтарды да аямады. Оған дәлелді тарихтан мол көрсетуге болады. Соңғы кезде аты белгілі болған атақты орыс ғалымдары Вавилов, Сахаров, Поливановтарды, қазақтың А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров сияқты басқа халық азаматтарын да атауға болады.

Тіл білімінің, тілдік саясаттың дұрыс жүргізілмегенін дәлелдеу қиын емес. Мысалы, халықтың санасын тез оятуға жазу мен оқытудың қызметі мол екендігі анық. Бірақ қазақ, сондай-ақ басқа түркі халықтарына, халқының жазуына да саналы түрде екі реформа жасады, демек ұлттың саналық дамуын жиырма жылға доғартты. Қалыптасқан А.Байтұрсынұлы сауат ашқан араб жазуын реформа жасап, орнына латын жазуын ендірді. Екінші рет реформа жасап, латын жазуынан бас тартып, орыс жазуына — кириллицаға өтті. Жазу реформасына кедергі жасаған ғалымдардың көзін жойды (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, т.б.)

Соғыстан жеңіспен оралған, Еуропа мәдениетін көзімен көрген саналы жастар білім мен оқудың нені беретінін түсінді. Өкімет оған қарсы бола алмайтынын біліп, институттарды, университеттерді жабуға мәжбүр етті. Бірақ ұлттық маман жоқ деген сылтаумен оқытуды орыс тілінде жүргізді, демек тілдің барлық тармағын дамытуға мүмкіндік бермеді. Бұл саясат ХХ ғасырдың сексенінші жылдарында ғана әлсіреді. Мысалы, диссертацияны өз тілінде жазуға, ұлттық терминдерді қалыптастыруға мүмкіндік туғандығын көрсетуге болады. Орыс тіліне шектен тыс құқық беріп, мемлекеттік тіл дәрежесін беріп, басқа тілдер екінші дәрежелі тіл деп санала бастады: радио, пошта, іс-қағаздар тілдері тек орыс тілінде жүргізілді. Ұлттық тілдерде де орыс тілін екінші тіл деп жарияладық. Бұл ұлттық тілдердің аясын тарылтып, ұлты — қазақ, тілі орыс, ұлты — өзбек, тілі — орыс сияқты топтар пайда болды; орыс тілін уағыздаған, ұлттық тілдерді керексіз деп санайтын ағым пайда болды. Оларды тек өліп бара жатқан тілдер деп есептейтіндер қазақтар, өзбектер, қарақалпақтар арасында пайда болды. Түркі тілдері эксперимент ретінде зерттеліне бастады. Бұндай қауіптен егемендік азаттығы ғана құтқарды.


Кеңестік кезеңде тіл дамыды ма? Тіл білімі дамыды ма? деген сұрақ туатындығы рас. Тіл және тіл пәні, түркітану пәні сөзсіз дамыған, бірақ жағдай жасалынса бұдан да дамыған болатыны анық. Бұл жерде ғалымдардың жеке жұмыстарын атау керек. Оның үстіне қоғамдық өмірдің талабын да есепке алу керек. Кеңес өкіметі кезінде түркітану пәнінде қызмет еткен көрнекті ғалымдарды құрметтеп қазір де атап жүр. Мысалы, қазақ

тілшілері **Н.К.Дмитриев** пен **Е.С.Малов**, қырғыз тілшілері **К.Юдахин** мен **И.А.Батмановты**, өзбек тілшілері **Е.Д.Поливанов** пен **А.К.Боровковты**, түркімен тілшілері **А.Н.Самойловичті** құрметпен атайды.

Қазан төңкерісінен кейін түркі тілін зерттеу Мәскеу мен Ленинградта (Санкт-Петербург) кеңінен етек алды. Республикаларда институттар, академиялар ашылып, үлкен қалаларға шоғырланды. Мәскеу мен Ленинградта шоғырланған тілшілер жалпы және теориялық түркітанымға қатысты мәселелерді зерттеді*.

Мысалы, **С.Е.Малов** (1880–1957) Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін, көне ұйғыр жазба тілдерін, қазіргі ұйғыр, көне ұйғыр тілдерін зерттеді, жазба ескерткіштерді аударып, транскрипция жасап, жариялап берді. **В.А.Богородицкий** (1879–1941) – көрнекті орыс тіл білімінің, Қазан мектебінің өкілі, түркі тілдерінің фонетикасын салыстыра зерттеген және олардың генеологиялық жақтан классификациясын жасаған ғалым. **Е.Д.Поливанов** (1891–1938) жалпы тіл біліміне байланысты көптеген

құнды пікір айтқан ғалым. Ол алтай тіл бірлігін талдап, түркі, монғол, корей және жапон тілдерін зерттеген, өзбек



Е.Д.Поливанов (1891–1938)



С.Е.Малов (1880–1957)

* Бұл жерде ғалымдардың атын атағанымызбен, олардың еңбектеріне тоқталмаймыз. Ол еңбектерді білгісі келгендер әрбір түркі тілі бойынша шыққан библиографиялық көрсеткіштерден табуына болады. Мысалы, қазақ тіл білімі бойынша Ш.Ш.Сарыбаевтың “Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші”, I (1965), II (1971), III (1977), IV (1982), V (1987), VI (1994) т.б.

Тіл білімінің, тілдік саясаттың дұрыс жүргізілмегенін дәлелдеу қиын емес. Мысалы, халықтың санасын тез оятуға жазу мен оқытудың қызметі мол екендігі анық. Бірақ қазақ, сондай-ақ басқа түркі халықтарына, халқының жазуына да саналы түрде екі реформа жасады, демек ұлттың саналық дамуын жиырма жылға доғартты. Қалыптасқан А.Байтұрсынұлы сауат ашқан араб жазуын реформа жасап, орнына латын жазуын ендірді. Екінші рет реформа жасап, латын жазуынан бас тартып, орыс жазуына — кириллицаға өтті. Жазу реформасына кедергі жасаған ғалымдардың көзін жойды (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, т.б.)

Соғыстан жеңіспен оралған, Еуропа мәдениетін көзімен көрген саналы жастар білім мен оқудың нені беретінін түсінді. Өкімет оған қарсы бола алмайтынын біліп, институттарды, университеттерді жабуға мәжбүр етті. Бірақ ұлттық маман жоқ деген сылтаумен оқытуды орыс тілінде жүргізді, демек тілдің барлық тармағын дамытуға мүмкіндік бермеді. Бұл саясат ХХ ғасырдың сексенінші жылдарында ғана әлсіреді. Мысалы, диссертацияны өз тілінде жазуға, ұлттық терминдерді қалыптастыруға мүмкіндік туғандығын көрсетуге болады. Орыс тіліне шектен тыс құқық беріп, мемлекеттік тіл дәрежесін беріп, басқа тілдер екінші дәрежелі тіл деп санала бастады: радио, пошта, іс-қағаздар тілдері тек орыс тілінде жүргізілді. Ұлттық тілдерде де орыс тілін екінші тіл деп жарияладық. Бұл ұлттық тілдердің аясын тарылтып, ұлты — қазақ, тілі орыс, ұлты — өзбек, тілі — орыс сияқты топтар пайда болды; орыс тілін уағыздаған, ұлттық тілдерді керексіз деп санайтын ағым пайда болды. Оларды тек өліп бара жатқан тілдер деп есептейтіндер қазақтар, өзбектер, қарақалпақтар арасында пайда болды. Түркі тілдері эксперимент ретінде зерттеліне бастады. Бұндай қауіптен егемендік азаттығы ғана құтқарды.

Кеңестік кезеңде тіл дамыды ма? Тіл білімі дамыды ма? деген сұрақ туатындығы рас. Тіл және тіл пәні, түркітану пәні сөзсіз дамыған, бірақ жағдай жасалынса бұдан да дамыған болатыны анық. Бұл жерде ғалымдардың жеке жұмыстарын атау керек. Оның үстіне қоғамдық өмірдің талабын да есепке алу керек. Кеңес өкіметі кезінде түркітану пәнінде қызмет еткен көрнекті ғалымдарды құрметтеп қазір де атап жүр. Мысалы, қазақ

тілшілері **Н.К.Дмитриев** пен **Е.С.Малов**, қырғыз тілшілері **К.Юдахин** мен **И.А.Батмановты**, өзбек тілшілері **Е.Д.Поливанов** пен **А.К.Боровковты**, түркімен тілшілері **А.Н.Самойловичті** құрметпен атайды.

Қазан төңкерісінен кейін түркі тілін зерттеу Мәскеу мен Ленинградта (Санкт-Петербург) кеңінен етек алды. Республикаларда институттар, академиялар ашылып, үлкен қалаларға шоғырланды. Мәскеу мен Ленинградта шоғырланған тілшілер

жалпы және теориялық түркітанымға қатысты мәселелерді зерттеді*. Мысалы, **С.Е.Малов** (1880–1957) Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін, көне ұйғыр жазба тілдерін, қазіргі ұйғыр, көне ұйғыр тілдерін зерттеді, жазба ескерткіштерді аударып, транскрипция жасап, жариялап берді. **В.А.Богородицкий** (1879–1941) – көрнекті орыс тіл білімінің, Қазан мектебінің өкілі, түркі тілдерінің фонетикасын салыстыра зерттеген және олардың генеологиялық жақтан классификациясын жасаған ғалым. **Е.Д.Поливанов** (1891–1938) жалпы тіл біліміне байланысты көптеген

құнды пікір айтқан ғалым. Ол алтай тіл бірлігін талдап, түркі, монғол, корей және жапон тілдерін зерттеген, өзбек



Е.Д.Поливанов (1891–1938)



С.Е.Малов (1880–1957)

* Бұл жерде ғалымдардың атын атағанымызбен, олардың еңбектеріне тоқталмаймыз. Ол еңбектерді білгісі келгендер әрбір түркі тілі бойынша шыққан библиографиялық көрсеткіштерден табуына болады. Мысалы, қазақ тіл білімі бойынша Ш.Ш.Сарыбаевтың “Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші”, I (1965), II (1971), III (1977), IV (1982), V (1987), VI (1994) т.б.



Н.А.Баскаков (1905–1993)



А.Н.Кононов (1906–1974)

тілі диалектологиясының негізін жасаған. **А.П.Поцелуевский** (1894–1948) – түркі тілдерінің мәселелерін, сондай-ақ түркімен тілі грамматикасының теориясы мен қазіргі жүйесін жан-жақты зерттеген ғалым. **Н.К.Дмитриев** (1898–1954) – түркі тілдерінің тарихына байланысты түрік және башқұрт тілдерін жан-жақты зерттеген және жалпы түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи зерттеулерге басшылық жасаған, құнды пікірлер айтқан көрнекті орыс түркітанушысы. **Н.Э.Наджиб** (1899–1991) – орта ғасыр түркі жазба әдеби тілін және қазіргі түркі (ұйғыр) тілдерін зерттеген, тарихи сөздіктер жазған атақты ғалым. **В.М.Насилов** (1893–1970) – көне түркі жазба ескерткіштерін, қазіргі түркі (ұйғыр) тілдерінің грамматикалық жүйесін зерттеген көрнекті ғалым. **Э.В.Севортян** (1901–1979) – түркі тілдерінің тарихын, тарихи зерттеудің принциптерін жасаған, түркі тілдерінің этимологиялық сөздігін жасаған, әзірбайжан тілі бойынша үлкен еңбек жазып қалдырған атақты түркітанушы-тілші. **К.К.Юдахин** (1890–1975) – қырғыз тілінің сөздік байлығын жіті меңгеріп, қырғыз-орыс сөздігін жариялап, сөздік жасау теориясын жасаған, өзбек, қырғыз тілдерінің диалектілері мен әдеби тілін зерттеген көрнекті ғалым. **Н.А.Баскаков** (1905–1993) бүкіл түркі тілдері бойынша құнды еңбектер жазған, қарақалпақ, ноғай, ұйғыр, алтай, тува, т.б. тілдерді жан-жақты зерттеп, теориялық еңбек жазған, бірнеше тілдердің диалектілік ерекшелігін тексеріп, сөздігін жасаған көрнекті ғалым. **А.Н.Кононов** (1906–1974) – көне

түркі жазба ескерткіштерінің грамматикалық жүйесі мен мәтінін жариялаушы, түркітаным тарихын зерттеуші, қазіргі түрік, өзбек тілдерін зерттеген және тілді зерттеу әдістері туралы теориялық еңбек жасаған атақты ғалым. **Б.А.Серебренников** (1915–1989) – жалпы тіл білімі бойынша еңбек жариялаған, алтай тіл бірлігін зерттеп, оның угро-финн, түркі (татар, чуваш, башқұрт) тілдерін зерттеген, тарихи грамматика мен салыстырмалы-тарихи грамматикасын жасаған атақты ғалым. **Н.З.Гаджиева** (1925–1993) – түркі тілдерін зерттеген, түркі тілдеріндегі ареалды зерттеуге негіз салған, өзірбайжан тілінің тарихы мен сипаттамалы грамматикасын жасаған көрнекті ғалым. **И.А.Батманов** (1905–1976) – Орхон-Енисей және Талас жазбаларын, қазіргі түркі тілдерін салыстыра зерттеп, қырғыз тілінің фонетикасы мен грамматикасынан оқулық жазған түркітанушы ғалым. **А.К.Боровков** (1904–1962) – тарихи жазба түркі жазбаларын зерттеген, өзбек тіл білімінің негізін қалаған белгілі ғалым. **Э.Р.Тенишев** (1921) – көне ұйғыр жазба ескерткіштерін, салар, ұйғыр және қазіргі ұйғыр, лобнор тілін, жалпы түркі тілдерін салыстыра зерттеген ғалым. **Е.И.Убрятова** (1907–1987) – Сібір түркі тілдерін салыстыра қарастырып, саха тілінің грамматикалық категориясынан құнды еңбек жариялаған көрнекті тілші-ғалым. **К.М.Мұсаев** (1931) – жалпы түркі тілдерін салыстыра зерттеуші, қарайым тілінің грамматикасын жазған және жазба тарихын зерттеген көрнекті ғалым. **А.М.Щербак** (1928) – түркі тілдерінің салыстырмалы лексика, фонетика және грамматикасын, сондай-ақ орта ғасыр түркі жазба ескерткіштеріне арнайы еңбек жазған, қазіргі өзбек, ұйғыр тілін зерттеген ғалым. Мәскеу мен Ленинградпен байланысқан кеңестік тілшілер арасында бірнеше түркітанушылар да болған. Олар: Л.А.Покровская, Н.П.Дыренкова, Т.И.Грунин, Э.А.Грунина, В.Д.Аракин, Г.Ф.Благова, С.Н.Иванов, Ф.Г.Искаков, Н.А.Коклянова, И.В.Кармушин, т.б. Еуропада да түркітанымдық зерттеулер жүріп жатқандығы анық. Олардан мына ғалымдарды атап өтуге болады: Дж.Дени, Н.Н.Поппе, Г.И.Раккедт, М.Рясянен, А.Рона-Таш, В.Банг, С.Броккельман, Г.Дерфер, И.Екманн, А.фон Габен, Л.Лигети, К.Г.Менгес, В.Шотт, Ф.Синор, В.Томсен, К.Фой, Т.Ковальский, А.Бомбачи, т.б. XX ғасырда түркі тілін зерттеу жұмыстары



Н.А.Баскаков (1905–1993)



А.Н.Кононов (1906–1974)

тілі диалектологиясының негізін жасаған. **А.П.Поцелуевский** (1894–1948) – түркі тілдерінің мәселелерін, сондай-ақ түркімен тілі грамматикасының теориясы мен қазіргі жүйесін жан-жақты зерттеген ғалым. **Н.К.Дмитриев** (1898–1954) – түркі тілдерінің тарихына байланысты түрік және башқұрт тілдерін жан-жақты зерттеген және жалпы түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи зерттеулерге басшылық жасаған, құнды пікірлер айтқан көрнекті орыс түркітанушысы. **Н.Э.Наджиб** (1899–1991) – орта ғасыр түркі жазба әдеби тілін және қазіргі түркі (ұйғыр) тілдерін зерттеген, тарихи сөздіктер жазған атақты ғалым. **В.М.Насилов** (1893–1970) – көне түркі жазба ескерткіштерін, қазіргі түркі (ұйғыр) тілдерінің грамматикалық жүйесін зерттеген көрнекті ғалым. **Э.В.Севортян** (1901–1979) – түркі тілдерінің тарихын, тарихи зерттеудің принциптерін жасаған, түркі тілдерінің этимологиялық сөздігін жасаған, өзірбайжан тілі бойынша үлкен еңбек жазып қалдырған атақты түркітанушы-тілші. **К.К.Юдахин** (1890–1975) – қырғыз

тілінің сөздік байлығын жіті меңгеріп, қырғыз-орыс сөздігін жариялап, сөздік жасау теориясын жасаған, өзбек, қырғыз тілдерінің диалектілері мен әдеби тілін зерттеген көрнекті ғалым. **Н.А.Баскаков** (1905–1993) бүкіл түркі тілдері бойынша құнды еңбектер жазған, қарақалпақ, ноғай, ұйғыр, алтай, тува, т.б. тілдерді жан-жақты зерттеп, теориялық еңбек жазған, бірнеше тілдердің диалектілік ерекшелігін тексеріп, сөздігін жасаған көрнекті ғалым. **А.Н.Кононов** (1906–1974) – көне

түркі жазба ескерткіштерінің грамматикалық жүйесі мен мәтінін жариялаушы, түркітаным тарихын зерттеуші, қазіргі түрік, өзбек тілдерін зерттеген және тілді зерттеу әдістері туралы теориялық еңбек жасаған атақты ғалым. **Б.А.Серебrenников** (1915–1989) – жалпы тіл білімі бойынша еңбек жариялаған, алтай тіл бірлігін зерттеп, оның угро-финн, түркі (татар, чуваш, башқұрт) тілдерін зерттеген, тарихи грамматика мен салыстырмалы-тарихи грамматикасын жасаған атақты ғалым. **Н.З.Гаджиева** (1925–1993) – түркі тілдерін зерттеген, түркі тілдеріндегі ареалды зерттеуге негіз салған, өзірбайжан тілінің тарихы мен сипаттамалы грамматикасын жасаған көрнекті ғалым. **И.А.Батманов** (1905–1976) – Орхон-Енисей және Талас жазбаларын, қазіргі түркі тілдерін салыстыра зерттеп, қырғыз тілінің фонетикасы мен грамматикасынан оқулық жазған түркітанушы ғалым. **А.К.Боровков** (1904–1962) – тарихи жазба түркі жазбаларын зерттеген, өзбек тіл білімінің негізін қалаған белгілі ғалым. **Э.Р.Тенишев** (1921) – көне ұйғыр жазба ескерткіштерін, салар, ұйғыр және қазіргі ұйғыр, лобнор тілін, жалпы түркі тілдерін салыстыра зерттеген ғалым. **Е.И.Убрятова** (1907–1987) – Сібір түркі тілдерін салыстыра қарастырып, саха тілінің грамматикалық категориясынан құнды еңбек жариялаған көрнекті тілші-ғалым. **К.М.Мұсаев** (1931) – жалпы түркі тілдерін салыстыра зерттеуші, қарайым тілінің грамматикасын жазған және жазба тарихын зерттеген көрнекті ғалым. **А.М.Щербак** (1928) – түркі тілдерінің салыстырмалы лексика, фонетика және грамматикасын, сондай-ақ орта ғасыр түркі жазба ескерткіштеріне арнайы еңбек жазған, қазіргі өзбек, ұйғыр тілін зерттеген ғалым. Мәскеу мен Ленинградпен байланысқан кеңестік тілшілер арасында бірнеше түркітанушылар да болған. Олар: Л.А.Покровская, Н.П.Дыренкова, Т.И.Грунин, Э.А.Грунина, В.Д.Аракин, Г.Ф.Благова, С.Н.Иванов, Ф.Г.Искаков, Н.А.Коклянова, И.В.Кармушин, т.б. Еуропада да түркітанымдық зерттеулер жүріп жатқандығы анық. Олардан мына ғалымдарды атап өтуге болады: Дж.Дени, Н.Н.Поппе, Г.И.Раккедт, М.Рясянен, А.Рона-Таш, В.Банг, С.Броккельман, Г.Дерфер, И.Екманн, А.фон Габен, Л.Лигети, К.Г.Менгес, В.Шотт, Ф.Синор, В.Томсен, К.Фой, Т.Ковальский, А.Бомбачи, т.б. XX ғасырда түркі тілін зерттеу жұмыстары

Түркия мен бұрынғы Кеңес құрамындағы түркі тілдес республикаларда да жүргізіліп, түркітанымды дамытты. Біз көрнекті тілшілерді ғана атап өтелік.

Түрік тілі бойынша: В.Аталай, А.Гаджероглу, З.Коркмаз, Т.Текін, Р.Арат, А.Емре, М.Ергін, О.Н.Түна, С.Гүнес, М.Акалин, Е.Махмут, Т.Бангуоглу, С.Сюраторж, Дж.Гюгу, т.б.

Орыс ғалымдарымен қатар жеке-жеке ұлт тілдерін зерттеуде өндіре еңбек еткен және еңбек етіп келе жатқан жергілікті ұлт ғалымдары да аз емес. Олардың біразын біз тек өздері зерттеп жүрген түркі тілдері бойынша ғана атап өтеміз. **Қазақ тілі бойынша:** А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов, К.Аханов, А.Ысқақов, Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев, Р.Әміров, Т.Қордабаев, М.Томанов, Ә.Құрышжанов, Ғ.Айдаров, Н.Оралбаева, А.Қалыбаева, Ө.Айтбаев, С.Исаев, Ф.Мұсабекова, А.Нұрмаханова, Т.Айдаров, М.Оразов, т.б.; **қырғыз тілі бойынша:** Б.Юнусалиев, Б.Орузбаева, Т.Ахатов, С.Құдайбергенов, Ә.Жапаров, Қ.Сартбаев; **татар тілі бойынша:** Л.Залаяй, М.Закиев, Д.Тумашева, Г.Ахатов, Ф.Ғаниев, Ә.Ахунзянов, Г.Саттаров, т.б.; **башқұрт тілі бойынша:** Ж.Киикбаев, А.Юлдашев, Н.Ишбұлатов, З.Ураксин, Н.Максютова, С.Миржанова, А.Харисов, т.б.; **қарақалпақ тілі бойынша:** Н.Баскаков, Д.Насыров, О.Доспанов; **ноғай тілі бойынша:** Н.Баскаков, М.Милых; **өзбек тілі бойынша:** С.Ибрагимов, Ф.Абдуллаев, А.Гулямов, Ш.Шаабдурахманов, Ғ.Абдурахманов, И.Кучкартаев, А.Шерматов, Ә.Фазылов, А.Ходжиев, А.Рустамов, О.Азизов, М.Асқарова, М.Мирзаев, С.Мұталлибов, Ш.Рахматуллаев, У.Тұрсынов, Х.Данияров, Ш.Шукуров, т.б.; **ұйғыр тілі бойынша:** Ғ.Садвақасов, Т.Талипов, И.Исраилов, Ш.Баратов, Ә.Қайдар, т.б.; **өзірбайжан тілі бойынша:** М.Ширәлиев, А.Ахундов, Ә.Дәмірчизаде, В.Асланов, Ф.Зейналов, А.Абдуллаев, т.б.; **түрікмен тілі бойынша:** П.Әзімов, М.Хыдыров, Б.Чарыяров, Т.Тәжмұратов, Ж.Амансарыев, А.Аннануров, З.Мұхамедова, т.б.; **түрік тілі бойынша:** Д.А.Магазаник, А.Н.Баскаков, А.Н.Кононов, С.С.Майзель, М.С.Михайлов, С.Н.Иванов, А.П.Векилов, Р.А.Аганин, Ш.С.Айляров, т.б.; **гагауыз тілі бойынша:** Л.А.Покровская, Б.Г.Гафаров, Р.Бигаев, т.б.;

қарайым тілі бойынша:

С.М.Шапшал, К.М.Мұсаев,
Н.А.Баскаков, т.б.;

құмық тілі бойынша: Ю.Д.Джан-
бавов; А.Т.Базиев, А.Н.Ба-

тырмұрзаев, М.К.Гафуров,
И.А.Керимов, т.б.;

қарашай-балқар тілі бойынша:
У.Б.Алиев, А.М.Аппаев,

Н.Х.Урусбаев, И.М.Отаров,
М.А.Хабичев, т.б.;

тува тілі бойынша: З.Б.Арагачи,
А.А.Пальмбах, Д.А.Монгуш,

т.б.;

алтай тілі бойынша:
Н.А.Баскаков, Т.М.Тощакова,

О.Т.Молчанова, Л.П.Пота-
пов, А.Т.Тыбыкова, М.Ч.Чу-

макаева, И.Я.Селютина,
Н.А.Кудачина, т.б.;

хакас тілі бойынша: М.И.Боргояков, Ф.Г.Исхаков, Н.Г.Доможаков,
Н.П.Дыренкова, Д.Патачакова, О.Субракова, Т.Боргоякова,
В.Г.Карпов; **ойрот тілі бойынша:** Н.П.Дыренкова,

М.Д.Биче-оол, Г.Ф.Бабушкин, Ш.С.Сат, т.б.;

якут тілі бойынша: Л.Н.Харитонов, Е.И.Убрятова, Н.К.Антонов,
Е.И.Коркина, Н.Д.Дьячковский, т.б.;

чуваш тілі бойынша:
В.Г.Егоров, И.П.Павлов, И.А.Андреев, Л.П.Сергеев,
Г.Е.Корнилов, Н.П.Петров, М.Р.Федотов;

тофалар тілі бойынша: В.И.Рассадин, Н.П.Дыренкова, Л.Г.Шагдаров,
т.б.;

лобнор сары ұйғыр, салар тілдері бойынша: С.Е.Малов,
Ә.Р., Тенишев, т.б. ғалымдарды атауға болады.

Қорыта келгенде, түркітану ғылымының дүниеге келіп,
толық қалыптасу тарихы XVIII ғасырдан басталады.

Бүгінде кең мағынадағы (тіл, тарих, этнография, әдебиет
салаларын түгел қамтыған) түркітану ғылымының еліміздің
кең-байтақ өлкелерін мекендейтін 40-тай ірілі-ұсақты (сан
жағынан) түркі халықтарының мәдени, рухани өмірінде
алатын орны орасан зор. Ұлт тілдерінің қатынас құралы
ретінде дами түсуі, зерттеле беруі, сайып келгенде, әрбір
халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктерінің сақталып
қалуының бірден-бір кепілі болып саналады.

С О В Е Т С К А Я Т Ю Р К О Л О Г И Я

АКАДЕМИЯ НАУК СССР

АКАДЕМИЯ НАУК
АЗЕРБАЙДЖАНСКОЙ ССР



2

Түркия мен бұрынғы Кеңес құрамындағы түркі тілдес республикаларда да жүргізіліп, түркітанымды дамытты. Біз көрнекті тілшілерді ғана атап өтелік.

Түрік тілі бойынша: В.Аталай, А.Гаджероглу, З.Коркмаз, Т.Текін, Р.Арат, А.Емре, М.Ергін, О.Н.Түна, С.Гүнес, М.Акалин, Е.Махмут, Т.Вангуоглу, С.Сюраторж, Дж.Гюгу, т.б.

Орыс ғалымдарымен қатар жеке-жеке ұлт тілдерін зерттеуде өндіре еңбек еткен және еңбек етіп келе жатқан жергілікті ұлт ғалымдары да аз емес. Олардың біразын біз тек өздері зерттеп жүрген түркі тілдері бойынша ғана атап өтеміз. **Қазақ тілі бойынша:** А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов, К.Аханов, А.Ысқақов, Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев, Р.Әміров, Т.Қордабаев, М.Томанов, Ә.Құрышжанов, Ғ.Айдаров, Н.Оралбаева, А.Қалыбаева, Ө.Айтбаев, С.Исаев, Ф.Мұсабекова, А.Нұрмаханова, Т.Айдаров, М.Оразов, т.б.; **қырғыз тілі бойынша:** Б.Юнусалиев, Б.Орузбаева, Т.Ахатов, С.Құдайбергенов, Ә.Жапаров, Қ.Сартбаев; **татар тілі бойынша:** Л.Заляй, М.Закиев, Д.Тумашева, Г.Ахатов, Ф.Ғаниев, Ә.Ахунзянов, Г.Саттаров, т.б.; **башқұрт тілі бойынша:** Ж.Киікбаев, А.Юлдашев, Н.Ишбұлатов, З.Ураксин, Н.Максютова, С.Миржанова, А.Харисов, т.б.; **қарақалпақ тілі бойынша:** Н.Басқақов, Д.Насыров, О.Доспанов; **ноғай тілі бойынша:** Н.Басқақов, М.Милых; **өзбек тілі бойынша:** С.Ибрагимов, Ф.Абдуллаев, А.Гулямов, Ш.Шаабдурахманов, Ғ.Абдурахманов, И.Кучкартаев, А.Шерматов, Ә.Фазылов, А.Ходжиев, А.Рустамов, О.Азизов, М.Асқарова, М.Мирзаев, С.Мұталлибов, Ш.Рахматуллаев, У.Тұрсынов, Х.Данияров, Ш.Шукуров, т.б.; **ұйғыр тілі бойынша:** Ғ.Садвақасов, Т.Талипов, И.Исраилов, Ш.Баратов, Ә.Қайдар, т.б.; **әзірбайжан тілі бойынша:** М.Ширәлиев, А.Ахундов, Ә.Дәмірчизаде, В.Асланов, Ф.Зейналов, А.Абдуллаев, т.б.; **түрікмен тілі бойынша:** П.Әзімов, М.Хыдыров, Б.Чарыяров, Т.Тәжмұратов, Ж.Амансарыев, А.Аннануров, З.Мұхамедова, т.б.; **түрік тілі бойынша:** Д.А.Магазаник, А.Н.Басқақов, А.Н.Кононов, С.С.Майзель, М.С.Михайлов, С.Н.Иванов, А.П.Векилов, Р.А.Аганин, Ш.С.Айляров, т.б.; **гагауыз тілі бойынша:** Л.А.Покровская, Б.Г.Гафаров, Р.Бигаев, т.б.;

қарайым тілі бойынша: С.М.Шапшал, К.М.Мұсаев, Н.А.Баскаков, т.б.; **құмық тілі бойынша:** Ю.Д.Джанбавов; А.Т.Базиев, А.Н.Батырмұрзаев, М.К.Гафуров, И.А.Керимов, т.б.; **қарашай-балқар тілі бойынша:** У.Б.Алиев, А.М.Аппаев, Н.Х.Урусбаев, И.М.Отаров, М.А.Хабичев, т.б.; **тува тілі бойынша:** З.Б.Арагачи, А.А.Пальмбах, Д.А.Монгуш, т.б.; **алтай тілі бойынша:** Н.А.Баскаков, Т.М.Тошцакова, О.Т.Молчанова, Л.П.Потапов, А.Т.Тыбыкова, М.Ч.Чумакаева, И.Я.Селютина, Н.А.Кудачина, т.б.; **хакас тілі бойынша:** М.И.Боргояков, Ф.Г.Исхаков, Н.Г.Доможаков, Н.П.Дыренкова, Д.Патачакова, О.Субракова, Т.Боргоякова, В.Г.Карпов; **ойрот тілі бойынша:** Н.П.Дыренкова, М.Д.Биче-оол, Г.Ф.Бабушкин, Ш.С.Сат, т.б.; **якут тілі бойынша:** Л.Н.Харитонов, Е.И.Убрятова, Н.К.Антонов, Е.И.Коркина, Н.Д.Дьячковский, т.б.; **чуваш тілі бойынша:** В.Г.Егоров, И.П.Павлов, И.А.Андреев, Л.П.Сергеев, Г.Е.Корнилов, Н.П.Петров, М.Р.Федотов; **тофалар тілі бойынша:** В.И.Рассадин, Н.П.Дыренкова, Л.Г.Шагдаров, т.б.; **лобнор сары ұйғыр, салар тілдері бойынша:** С.Е.Малов, Э.Р.Тенишев, т.б. ғалымдарды атауға болады.

Қорыта келгенде, түркітану ғылымының дүниеге келіп, толық қалыптасу тарихы XVIII ғасырдан басталады.

Бүгінде кең мағынадағы (тіл, тарих, этнография, әдебиет салаларын түгел қамтыған) түркітану ғылымының еліміздің кең-байтақ өлкелерін мекендейтін 40-тай ірілі-ұсақты (сан жағынан) түркі халықтарының мәдени, рухани өмірінде алатын орны орасан зор. Ұлт тілдерінің қатынас құралы ретінде дами түсуі, зерттеле беруі, сайып келгенде, әрбір халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктерінің сақталып қалуының бірден-бір кепілі болып саналады.

С О В Е Т С К А Я Т Ю Р К О Л О Г И Я

АКАДЕМИЯ НАУК СССР

АКАДЕМИЯ НАУК
АЗЕРБАЙДЖАНСКОЙ ССР



БАКУ - 1984

2

ЕКІНШІ ТАРАУ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ТӘСІЛМЕН ЗЕРТТЕУ

Тілдік фактілерді салыстырмалы-тарихи тәсіл бойынша зерттеу ХІХ ғасырдың басында үнді-еуропа тілдерінде анық байқала бастады. ХVІІІ ғасырдың екінші жартысында тілшілердің қолында қыруар материалдар жиналып, олар алғашқы ой елегінен өте бастайды. Көпшілік ғалымдар санскрит (көне үнді) тілінде жазылған ескерткіштерге көңіл бөліп, оның еуропа тілдерімен туыстық жақтары барлығын ғылыми негізде дәлелдеуге әрекет еткен.

Салыстырмалы-тарихи әдістің негізін салушы неміс ғалымы Ф.Бопп (1791–1867) бұл әдісті алғаш 1816 жылы жарық көрген өзінің “Система спряжения в санскрите в сравнении с греческим, латинским, персидским и германскими языками” деген еңбегінде қолдана бастады деген пікір бар. Дегенмен де бұл тәсілдің алғашқы нышандары одан бұрынғы тілшілердің еңбектерінде де бар болатын.

Түркі тілдерінде бұл әдіс орыс ориенталистерінің еңбектері арқылы ене бастаған. Алғашқы жарық көрген сөздіктердің өзінде-ақ туыстас түркі тілдерінің материалдары кесте түрінде болса да, салыстырылып берілді. Түркі тілдерінің материалын ғылыми негізде салыстыру О.Бётлинг, В.В.Радлов, Н.Ф.Катановтардың еңбектерінде кеңінен қолданылды. Ал шын мәнісінде салыстырмалы-тарихи тәсілдің түркі тілдер негізіндегі алғашқы бастамасын біз ХІ ғасырдың энциклопедист тілшісі Махмұд Қашғаридің “Диуани лұғат -ит түрк” еңбегінен кездестіреміз. ХІ–ХІV ғасырларда араб тіл білімі негізінде жазылған еңбектердің біразында да түркі тілдерінің материалдары салыстырылып беріледі.

Салыстырмалы-тарихи тәсілдің тілді зерттеудің басқа тәсілдерінен ерекшелігі: ең алдымен, ол генеологиялық не тарихи туыстығы бар тілдердің материалдарын салыстырады.

Сондықтан бұл әдіс тілдердегі кез келген ұқсастықты немесе кездейсоқ сәйкестікті емес, туыстық тегі бар, бірақ әр түрлі жолмен дамыған, өзгерген заңды түрдегі ұқсастықты қарастырады. Мысалы, *тұман* сөзі түркі тілдерінде де, орыс тілінде де “туман” деп қолданылады. Орыс тіліне бұл сөз ертеректе түркі тілдерінен енген. Сондықтан бұл ұқсастықтың себебі туыстықта емес. Алғаш рет ол 1704 жылы жарық көрген Ф.Паликарповтың “Лексиконында” көрсетілген. Енді қазақ тіліндегі *без* (адамдар және жан-жануарлар организмінде арнаулы заттар-секреттер бөліп шығаратын орган) сөзі мен орыс тіліндегі *без* (предлог) сөзін алсақ, олардың аралығында да ешқандай байланыс жоқ. Ал кейбір тіл заңдылықтары бірнеше тілге ортақ болуы мүмкін. Мысалы, *h* дыбысы (өзара туыстық қатынасы жоқ) бірнеше тілдерде сөз басында түсіріліп қолданылса, екінші біреулерінде ол түсірілмейді. Мәселен, көне грек тілінде *hepta* (жеті) болса, жаңа грек тілінде *epta* (жеті); көне грек тілінде *homaksa* (арба) болса, жаңа грек тілінде *amaksi*, сондай-ақ қазіргі монғол тілінде *horban* (он) болса, жазба монғол тілінде *arvan*, қазіргі монғол тіліндегі *hadur* (жұлдыз) жазба тілінде *adur*. Мұндай құбылыстар түркі тілдерінде де кездеседі. Мәселен, араб тілінен енген *haya*, *həyec*, *həmzə*, *həжуа* сөздері бір тілдерде сол қалпында айтылса, екіншісінде *aya*, *əyec*, *əмзе*, *ажуа* түрінде **h** дыбысы түсіріліп айтылады. Алдыңғы (5 мысал) ерекшеліктер туыстық қарым-қатынасты білдірсе, соңғы (4 сөз) мысалдар ондай қатынасты білдірмейді [166, 93-94].

Демек, салыстырмалы-тарихи тәсіл туыстық қарым-қатынасы бар бір топ, не бір семья құрамына енетін тілдердің материалына негізделгенде ғана нәтиже береді екен. Сондықтан да салыстырылатын материалдар күні бұрын сұрыпталып алынуы керек. Кез келген тілдік элементтерді салыстыра беру дұрыс нәтиже бермейді. Мысалы, дыбысқа еліктеуге байланысты пайда болған сөздер көпшілік тілдерде бірдей болғандықтан оларды өзара салыстыру тіл біліміне жаңалық бере алмайды. Сондай-ақ кірме сөздерді салыстыру да нәтижелі бола бермейді. Осыған орай А.Мейе салыстыру екі түрлі мақсатты – жалпы заңдылықтарды анықтау және тарихи мәліметтер алуды көздейді дейді [119, 11] және осы мақсатқа жету үшін тілдердің туыстық белгісін анықтап, ортақ заңдылықтарын белгілеу қажеттігін айтады.

Демек тілдердің туыстық қатынастарын анықтау – тарихи-салыстырмалы тәсілдің негізгі мәселелерінің бірі. Тіл білімі тарихында кейбір ғалымдардың негіз тілді (праязык) қайта қалпына келтіру үшін әрекет еткендері де анық. Тіл білімінде тілдерді туыстық белгісіне қарай өзара топтастыру, бірнеше семьяға, мәселен, үнді-еуропа тілдері, семит-хамит тілдері, кавказ тілдері, угро-финн тілдері, түркі тілдері, монғол тілдері, тунгус-маньчжур тілдері деп бөліп қарау – көптен келе жатқан дәстүр. Осылайша жіктелуде тілдер өзара ұқсас белгілерімен байланысып жатады. Тілдерді генеологиялық жақтан бөлу-жіктеу олардың осы туыстық белгісіне негізделетіндігі анық, бірақ оны этникалық, расалық жақтан топтастыру деп түсінбеу керек.

Негіз тіл (праязык) ұзақ уақыт даму нәтижесінде жетіліп, түрлі лексикалық, фонетикалық және грамматикалық өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Көне дәуірде бір негіз тілге барып саятын туыс тілдер осы өзгерістер салдарынан ыдырап, бірнеше өз алдына дербес жеке-жеке тілдерге ажырасуы тарихтан анық байқалады. Ал, осылайша бөлініп шыққан жеке тіл өзінің лексикалық нұсқасында, дыбысталу жүйесінде, грамматикасында негіз тілден мұра етіп алған элементтерді міндетті түрде сақтайды. Олар қаншама өзгеріске ұшыраса да оның түп негізі мен ортақтығын анықтауға болады.

Салыстырмалы-тарихи тәсілдің аса бір тиімді қолданыс табатын жері де осы болса керек. Ол үшін қазіргі бір тілдік топқа кіретін “жанды” тілдердің материалдарын өзара салыстыруға да және олардың тарихи қалпын анықтау үшін сол тілдерге қатысты көне жазба ескерткіштермен салыстыруға да болады. Демек салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану үшін туыстас тілдердің материалдары жиналып, олардың ескерткіштері туралы мәлімет бір жүйеге түсуі керек.

Салыстырмалы-тарихи әдіс тілдердің қазіргі қалпын да, оның тарихын да, тарихи даму жолы мен кезеңдерін де көрсетіп беру мүмкіншілігіне ие.

Тілдің тарихын қалпына келтіру үшін жазба тарихи материалдардың қажеттілігі анық. Мысалы, жалпы түркі тілдері үшін ондай материалдар ретінде Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерін, М.Қашғаридың “Диуани лұғат-ит түрк” атты еңбегін, т.б. көрсетуге болады. Бірақ кейбір жеке

тілдердің өзіне ғана тән, басы ашық жазба ескерткіші болмауы да мүмкін. Мысалы, қазақ тілінің төл тарихын көрсетіп бере алатын XIV–XVI ғасырлардағы жазба ескерткіштері сақталмаған. Әрине, қазақ әдебиеті тарихында XV–XVIII ғасырлар аралығында Сыпыра, Қазтуған, Асан қайғы, Балмағамбет, Шалкиіз, Жиембет, Марғаска, Ақтамберді, Төтіғара, Үмбетей, Бұхар, Көтеш сияқты ақын-жыраулардың өмір сүргені мәлім [111; 88; 43]. Бірақ олардың қазақ әдебиеті тарихына қосқан үлесі мол болғанымен, қазақ тілі тарихы үшін бергені өте аз. Себебі: бұл ақын-жыраулардың өлеңдері жазба түрде емес, халық арасына ауызша таралып, кейінгі ұрпаққа өзгеріп жеткен. Әр ұрпақ олардың мазмұны мен ұйқас түрін сақтай отырып, өзі өмір сүрген дәуірдің талабына бейімдеп өзінше жырлап, келесі ұрпаққа жеткізіп отырған. Түпнұсқадағы бірен-саран тіркестер мен көнерген сөздер (архаизмдер) және тұлғалық ерекшеліктер ғана сақталмаса, басқа (дыбыстық, грамматикалық) ерекшеліктердің көбі сақталмаған. Мұндай жағдайға ғалымдар тіл тарихын қалпына келтіру үшін сол тілдің диалектілік ерекшеліктеріне де сүйенуге болатынын ескертеді [21, 78].

Тіл біткеннің бәрінде де диалектілік ерекшеліктер байқалады. Бірақ олар өзара бірдей бола бермейді. Сондай-ақ олардың пайда болу жолдары да біркелкі емес. Кейбір диалектілік ерекшеліктер көрші отырған халықтар тілінің ықпалынан пайда болса, кейбіреулері жергілікті халықтың құрамындағы этностық топтардың ру, тайпа кезіндегі тіл ерекшеліктерінің ертеден келе жатқан қалдығы ретінде сақталады. Мысалы, Маңғыстау қазақтары ертеден-ақ, бір жағынан, түркімендермен, екінші жағынан, қарақалпақтармен араласып, қарым-қатынас жасап келеді. Сондықтан олардың тілін *дөп* (өдеп), *қат* (қабат), *қоза* (жанғақ), *жарны* (жарты), *үшем* (бір енеден туған үш қозы, лақ) деген сөздер түркімен тілінен, ал, *мелде* (сары, құла), *шүлдік* (шөл құсы), *көгіс* (көгілдір), *ұтыр* (ыңғайлы), *жалатай* (жылпос), т.б. сөздер қарақалпақ тілінен енген [135].

Қарақалпақстанда тұратын қазақтар өзбек, қарақалпақ және түркімендермен араласып, қарым-қатынас жасайды. Сондықтан олардың тілінде де қарақалпақ тілінен енген: *күррің* (өңгіме), *мұғдар* (шама), *жора* (жолдас), *азбар* (төбесі ашық

мал қора), т.б.; өзбек тілінен енген: *азғын* (сарғыш, торлама қауын), *алма қамба* (қауынның түрі), *гөш* (ет), т.б.; түрікмен тілінен енген: *құм* (құмыраның үлкен түрі), *шекиде* (сүзбе), *қауым* (молалы жер), *шоршаң* (шөп үйетін айыр), т.б. сөздер бар [65]. Сонымен қатар қазақ тілі құрамында ертеден келе жатқан тілдік фактілер де сақталған. Мысалы, Өзбекстандағы қазақтар мен Оңтүстік Қазақстанда тұратын қазақтар тілінде *сен* (қыз жасауы), *мандір* (мәйек, айран, ірімшік дайындауда пайдаланатын қозының ұлтабарындағы уыз), *түшек* (қалың көрпе, матрац), *ағыл* (қыста мал байлайтын төбесі жабық қора) [7] сияқты көне жазу ескерткіштерінде кездесетін сөздер қолданылады. Соңғы мысалдарымызда келтірілген сөздер фонетикалық, семантикалық өзгеріске ұшыраған болуы мүмкін. Салыстыралық: *сен* М.Қашғари сөздігінде *сэб* формасында қолданылады да, “келіндер жасауы” деген мағынаны білдіреді (“Диуани лұғат-ит түрк”. Индекс, 215-б.); *түшек* сөзі *тошак* формасында қолданылып “орын, төсек” мағынасын (280-б.), *мандір* – *манду* формасында қолданылып, “сірке” (уксус) мағынасын (178-б.), *ағыл* сөзі *ағил* формасында “қой қора” мағынасын (32-б.) білдіреді.

Салыстырмалы-тарихи әдіске сүйене отырып, негізгі тілдің жүйесін жасауда диалект материалының көмегі мол болғанымен, оның ескеретін екінші жағы бар. Диалектілік ерекшеліктер әдеби тілдің қалыптасуынан бұрын да, әдеби тілдің жіктелуі негізінде де пайда бола береді. Мысалы, А.Н.Баскаковтың көрсетуінше, хакас, алтай тілдерінің диалектілік ерекшеліктері көне дәуірдегі тайпалық тілдің қалдықтары ретінде сақталса, қарақалпақ, қырғыз тілдері диалектілерінің құрамындағы ерекшеліктер көне дәуір қалдығы ретінде де, жаңа жағдайға байланысты да пайда болған [21, 76]. Салыстырмалы-тарихи тәсіл осы фактілерді саралай түсуге тиісті.

Салыстырмалы-тарихи тәсілді алғашқы қолданушылар негіз тілді (праязык) қалпына келтіруді мақсат еткен дедік. Бірақ бұл әдіс авторлардың ондай үмітін ақтамады. Сондықтан да А.Мейе үнді-еуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасы тілдердің алғашқы даму сатысынан дерек бере алмайды деген қорытындыға келген [120, 81]. Дегенмен де, салыстырмалы-тарихи тәсіл негізінде анықталған мәліметтер

жүйелі болып келсе, тілдің тарихын, оның басып өткен даму жолын біршама дұрыс көрсетуі мүмкін. Мысалы, “XIV–XV ғасырлардағы қазақ тілі” деген түсінік бар. XIV–XV ғасырлар – Қазақстан жеріндегі ру-тайпалар жеке халық ретінде қалыптаса бастаған дәуір. Нақ қазақ тілінің өзіне ғана тән жазба ескерткіші болмаса да, қыпшақ тобына енетін немесе оғыз-қыпшақ тайпалық құрамына жататын түркі тілдеріне тиісті біраз ескерткіштер сақталған. Дегенмен түркі тілдерінің жалпы даму заңдылығын анықтай отырып, Қыпшақ тайпасының құрамына енген тілдердің, әсіресе Ноғай ордасына енген халықтар тілдерінің фактілерін салыстыра отырып және оларды жоғарыда айтылған ескерткіштер тілімен толықтыра отырып, XIV–XV ғасыр қазақ тілінің белгілі бір моделін жасауға болатын сияқты. Сол дәуір тіліне сәйкес келетін материалдарымыз қаншалықты мол болса, модель тіліміз де негізгі тілдің тұлғасына соғұрлым жақындай бермекші. Осыған орай И.А.Бодуэн де Куртенэ: “...Первоначальные языки или языки основы в том виде, в каком они воссоздаются наукой, представляют собой не комплексы действительных явлений, а только комплексы научных фактов, добытых дедуктивным путем,” — деп дұрыс айтқан болатын [31,32,70].

Туыстас тілдерді анықтау, олардың жақындық дәрежесі мен белгісін ашып беру – салыстырмалы-тарихи тәсілдің негізгі мәселелерінің бірі. Айта кету керек, туыстық қатынасы жоқ тілдердің өзінде де кейде белгілі типологиялық ұқсастықтар кездесе береді. Мәселен, түркі тілдерінде *й* (*j*) дыбысының түсіп қалуы байқалады: өзбек тіліндегі *йеғач* (жазуында *ёғоч*), ұйғыр тілінде *яғач*, қарайым тілінде *агыач* (*агчас*), қазақ тілінде *ағаш*, т.б. Бұл құбылыс басқа тілдерде де кездеседі [166, 11-12]. Бірақ бұл ұқсастық тегі басқа тілдер арасында болса, онда ол кездейсоқ құбылыс болады да, тектес тілдерде кездессе, ол заңды түрдегі, әрі тұрақты табиғи құбылыс болып саналады. Мәселен, туыстығы мен тегі анықталған түркі тілдерінің бір тобында сөздің соңы *с* дыбысына аяқталса, екінші тобында *ш* дыбысына аяқталады: қазақ тілінде: *бас, бес, жас, қыс, тас*, т.б. болып келсе, өзбек тілінде сол сөздер: *бош, беш, ёш, қиш, тош* түрінде қалыптасқан. Бұл – тұрақты әрі заңды ерекшеліктер.

Тілдің өте баяу өзгертін саласы — грамматика. Салыстырмалы-тарихи тәсілді қолданушылардың көбі өздерінің пікірлеріне негіз етіп фонетика мен морфологияны алады. Бұның себебі де жоқ емес: фонетика мен морфология элементтерінің саны аз және өте анық, әрі дәл. Кей тіл мамандарының пікірінше, дүние жүзіндегі тілдердегі фонемалардың жалпы саны 80-нен аспайды екен [25, 30]. Морфологиялық тұлғалардың сан мөлшері де көп емес. Оның үстіне морфологиялық категориялардың грамматикалық формалары өте анық байқалады. Кейде салыстырмалы-тарихи тәсілді пайдаланушылар туыстас тілдерде олардың сан жағынан азын-аулақ өзгешелігі болмаса, тең түсіп жатындығын да ескертеді.

Тілдің синтаксистік құрылымына реконструкция жасау (қалпына келтіру) әлдеқайда қиын. Қазіргі кезде салыстырмалы-тарихи синтаксис бойынша зерттеулер негізінен сөйлем құрамындағы сөздердің өзара байланысу тәсілін және түрлерін анықтауға бағытталған. Сондай-ақ сөйлемнің түрлерін анықтау және даму жолын көрсетуге арналған еңбектер үнді-еуропа тілдерінде кездессе де, түркітануда жоқтың қасы деуге болады. Бұл салада тек Н.З.Гаджиева мен Ғ.А.Абдурахмановтың еңбектерін атауға болады. Н.З.Гаджиева түркі тілдерінің синтаксисіне салыстырмалы-тарихи тәсілді қолдана отырып, жай сөйлемдерді баяндауыштарына қарай, есімді және етістікті деп екі топқа бөліп қараса [43, 155], Ғ.А.Абдурахманов өзбек тілінің тарихи синтаксисін жаза отырып, оның қазіргі түркі тілдерімен ара қатынасын көрсетеді, өсу жолына талдау жасайды [3].

Салыстырмалы-тарихи зерттеудің ішінде бұрыннан сөз болып келе жатқан саласы — лексика. Лексиканың өзіндік ерекшелігі де бар. Ең алдымен, ол — тілдердің туыстық белгісін, сәйкестігін анық көрсететін фактілерге бай сала. Бірақ тілдің лексика саласы тез өзгертіндігін, лексикадағы сәйкестік барлық кезде де туысқандықтың белгісі бола бермейтіндігін тіл мамандарының барлығы дерлік мойындайды. Демек тілдің лексика саласының екі жағы бар екен: бір бөлшегі ертеден келе жатқан төл сөздер де, екіншісі — кірме сөздер. Тілдердің туыстық белгісін анықтауда тек осы төл сөздер ғана ертеден келе жатқан сөздік қорға негіз бола алады.

Лексиканы салыстырмалы-тарихи тәсілмен зерттеудегі екінші мақсат – сөздердің о бастағы мағынасын анықтау. Тіл тарихына байыптап қарайтын болсақ, сөз мағынасы да өзгеріп, дамып отырады. Оны жеке тілдердің материалдарынан да, оларды салыстырып та байқауға болады. Түркі тілдері өздерінің сөздік құрамында көне түркі элементтерін мольнан сақтай отыра, кірме сөздерді де көптеп қабылдаған. Осындай бірнеше қат-қабаттан тұратын кірме сөздердің түркі тілдеріне қай тілден және қашан енгендігін дәл болмаса да, шамалап көрсетуге салыстырмалы-тарихи әдістің тигізер пайдасы зор. Көне дәуірден келе жатқан, не басқа тілдерден енген сөздердің бәрі де әрі фонетикалық, әрі семантикалық өзгерістерге түсуі мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде араб тілінен енген біраз сөздер бар, олардың көбі тұлға жағынан мүлдем өзгеріп, қазақ тілінің айтылу заңдылығына сәйкестенген: *ажал* (ар. *әджал*), *есім* (ар. *исм*), *атырап* (ар. *этраф*), *емле* (ар. *имла*), *құбыла* (ар. *хеблә*), т.б. Кей кірме сөздер мағынасын да өзгерткен: *зайып* (ар. *заиф*) араб тілінде “қонақжай адам” мағынасында қолданылса, қазақ тілінде “жар, жұбай, әйел” мағынасында қолданылады. Нақ осындай кірме сөздер қазақ тіліне парсы, тәжік, монғол, тунгус тілдерінен де енген. Әсіресе көрші отырған, қарым-қатынас жасасып, араласып келе жатқан халықтардың тілдерінде мұндай сөз ауысу көп кездеседі.

Сөз мағынасының өзгеруіне ішкі және сыртқы факторлар әсер етуі мүмкін. Сөз мағынасының дамуы (метафора, метонимия, тарылуы мен кеңеюі және стилдік дифференцияға ұшырау сияқты құбылыстар) тілдің ішкі даму заңына байланысты болса, ал сыртқы факторлар сол халықтың өмір сүрген дәуірімен, тарихымен, мәдениетімен, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты.

Әрине, сөздік құрамның барлық саласы бірдей өзгеріске бейім бола бермейді. Тіл фактілеріне сүйенетін болсақ, дене мүшелерінің атаулары, етістіктер, сан есімдер өте баяу өзгертін сияқты. Халық өміріндегі үлкен-үлкен уақиғалар, өзгерістер сол халықтың сөздік құрамында өз ізін қалдырып отырады. Мысалы, о баста *қала* сөзі “дуал”, “бекініс” мағынасын берген. Қазіргі өзбек тілінде де “қалыа” орыс тіліндегі “крепость” мағынасында қолданылады. Тарихта жаудан қорғану үшін салынған бекіністердің үлкен қалаға

айналғандығы белгілі. Сондықтан араб тілінен енген *қала* (бекініс) сөзінің енді мекендік (город) мағынаға өтуі заңды өзгерістерге жатады. Сондай-ақ монғол тілінде сөйлейтін халықтар мен түркі халықтарының ұзақ дәуір бойына көрші тұруы, түрлі уақиғалармен байланысты араласып отыруы бұл екі халықтың тілінде де сөз алмасуы болуына жағдай жасады. Ал орыстармен (славяндармен) қыпшақ, печенектердің араласуы екі тілде де ертеден-ақ сөз ауысуына әсер етті.

Тілді салыстырмалы-тарихи зерттеуді сол халықтың тарихымен байланысты қарау тіл тарихын дәуірлестіруге де, оның диалект жүйелерінің қалыптасу процесін анықтауға да себебі тиері сөзсіз. Бұл жұмыста, әсіресе, тіл тарихына қатысты жазба материалдардың пайдасы мол болмақ. Әрине, жазба тарихи материалдар белгілі бір тілдің не тілдердің негізгі тілін жүйелеп бере алмаса да, оның белгілі бір дәуірдегі қалпын анықтауға жәрдемі мол. Мысалы, М.Қашғари сөздігінің XI ғасырдағы түркі тілдерінің жайын анықтауда көмегі тиетіні сияқты, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің де VI–VIII ғасырдағы түркі тілдерінің нұсқасын жобалауға пайдасы тиетіні сөзсіз. Дегенмен бұл ескерткіштер негізінде сол дәуір тілін толық қалпына келтіру мүмкін емес.

1. Салыстырмалы-тарихи зерттеулерге қойылатын негізгі талаптар

Салыстырмалы-тарихи зерттеулер қатаң заңдылықтарға негізделгенде ғана жемісті болмақ. Бірақ түркітану пәнінің өкілдері де, жалпы тіл білімінің өкілдері де бұл мәселеде өзара келісе бермейді [121,10,138]. Олардың негізгісі, біздіңше, мыналар:

1. Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, ол қоғам мүшелерінің қатынас құралы ретінде қызмет өтеп, сол қоғаммен бірге өсіп, дамып отырады. Сондықтан да әрбір тілдің өткен тарихы, қазіргі кездегі қалпы және болашағы бар. Тіл материалын салыстырғанда оның қазіргі жайын өткендегі тарихымен байланыстыра қараған жөн. Осыған орай салыстырмалы-тарихи зерттеудің негізгі мақсаты – ең көне формасын анықтау. Осы мақсат негізінде кез келген салыстыру қазіргі қолданылып жүрген форма мен ең көне

деп саналатын форманың арасындағы даму процесін белгілеу, дәлелдеу болып саналады. Ал тіл тарихына тереңдеп енген сайын оның әр алуан ерекшелігінің сыры ашыла түспекші.

Түркі халықтары о баста бір негізден өрбігенімен, оның этностық құрамы біртекті емес, әр түрлі ру-тайпалардан, тайпалар одағынан тұрған; олардың тілдерінде де белгілі өзгешеліктер болған. Түрлі табиғи, әлеуметтік жағдайлармен түркі халықтары өздерінің бұрынғы өмір сүрген Орталық Азия жерінен көшіп, мекен ауыстырып, Қиыр Шығыс пен Дон өзенінен Қара теңізге дейінгі ұлан-ғайыр өлкеде араласып, жергілікті ру-тайпалармен қатынаста болғандығы тарихтан мәлім. Осы араласу кейінірек бөлініп шыққан, жеке түркі халықтардың тіліне, этникалық құрамына, тұрмыс-тіршілігіне әсер еткен. Егер тарихи деректерге жүгінсек, бір тайпа елдің бірнеше дербес халықтардың тіліне, этникалық құрамына енгендігін көреміз. Мысалы, қазақ халқының құрамында қаңлы руы бар. Қаңлылар тек қазақтардың (Ұлы жүз) құрамында ғана емес, өзбектер мен қарақалпақтардың да, татар мен башқұрттардың да халық ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарған, олардың құрамына енген этностық компонент. Өзбек халқының құрамындағы маңғыттар үлкен топ болып саналады. Сондай-ақ маңғыт тайпасы қарақалпақ халқының құрамында да кездеседі. О баста монғолдардың бір тобы болған маңғыттар кейін қазақ, башқұрт, т.б. түркі тілдес халықтардың құрамына да енгендігі белгілі. Осындай фактілер түркі халықтарының әрқашан да аралас-құралас жасап, өте тығыз байланыста болғандығын көрсетеді.

Түркі халықтарының көне тарихына қарағанда ертедегі түркі тілдес ру-тайпалар белгілі бір жүйе бойынша орналасқан. Мысалы, қыпшақ тілдес тайпалар Каспийдің солтүстігі мен қазіргі Қазақстанның солтүстік аудандарын, оғыздар Арал, Каспий және Түркістан мен Жетісу өлкелерін, ал қарлұқтар Шығыс Қазақстан мен қазіргі Қытайдағы Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданын алып жатқан өлкені мекендеген. М.Қашғаридың “Диуани лұғат-ит түрк” еңбегінде осындай мәліметтер берілген. Сондықтан көне түркі тілінде жазылған ескерткіштердің барлығы дерлік – қазіргі түркі тілдеріне ортақ дүние. Демек қазіргі тілдердегі көне

сөздерді Орхон-Енисей, Талас жазуларынан, “Құтадғу білік”, “Диуани лұғат-ит түрк” т.б. орта ғасыр ескерткіштерінен іздеуге де, өзара салыстыруға да әбден болады. Мысалы, қазақ тілінде ауыспалы осы шақ қосымшасы ретінде *-ады// -еді* қолданылады*. Бірақ ол Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінде де, М.Қашғари сөздігінде де қолданылмаған. Шақтық мағына Қашғари сөздігінде көсемше мен жақ жалғауларының тіркесуі арқылы да берілмейді. Ал “Оғызнамеде” бірінші жақта көсемше мен жақ жалғауы қосылып, ауыспалы осы шақ мағынасын берген. Мысалы: “Сәндән жарлук байлук биліу биләмән (власть, богатство и мудрость мне ведомы от тебя)”. Мирза Мухамад Махдихонның көрсетуінше, А.Науаи дәуірінде ауыспалы осы шақтың екі түрлі парадигмасы болған [127, 611]. Демек, М.Қашғари сөздігінде кездесетін “*Әтіл суді ака түсүр*” үлгісінің *Еділ суы ағады* формасына дейін даму жолын тек тарихи ескерткіштер негізінде ғана дәлелдеуге болады.

2. Салыстырмалы-тарихи зерттеуде әр тілдің ішкі заңдылығы есепке алынуы керек. Жеке-жеке тіл болып саналатын түркі тілдері өзара ортақ заңдылықтармен астарласып, байланысып жатады. Ондай заңдылықтар тілдің фонетика және лексика саласында көбірек байқалады. Лексикадағы ерекшеліктер өзінің тез өзгеруімен (басқа салаларға қарағанда), ал фонетикалық ерекшеліктер баяу өзгеруімен көзге түседі. Сондықтан да олардың арасындағы заңдылық ұзақ сақталады. Дегенмен бұлардың бәрінен де грамматикалық ерекшеліктер әлдеқайда тұрақты. Тіл фактілерін салыстыра зерттегенде, міне осындай ішкі категориялық ерекшеліктерді де ескерген жөн. Ал грамматикалық мағына мен сөздердің лексикалық мағыналарының ұқсастығы тілдердің туыстық (генеологиялық) бірлігінің берік белгісі болып саналмайды.

* Ауыспалы осы шақ (А.Ысқақов оны “жалпы осы шақ” деп атайды) I, II жақта көсемшенің *-а// -е// -й* жұрнағына жақ жалғауын қосу арқылы жасалады. Ал III жақта ғана *-ады// -еді* қосымшасы қосылады. Сондықтан *-ды// -ді* қосымшасы кейде III жақ жіктік жалғауы делініп те жүр. *-ды// -ді* элементінің тарихта жақ мағынасымен мүлде байланысы болмағандықтан (III жақ жіктік жалғауы нөлге тең) *-ады// -еді* ауыспалы осы шақ қосымшасы деп атауды жөн көреміз.

Қазақ тілінде дыбыс және буын үндестігі сақталған. Сондықтан да қазақ тілінде қосымшалардың бірнеше фонетикалық варианттары болуы заңды. Мәселен, көптік жалғауы: *-лар// -лер// -дар// -дер// -тар// -тер*. Ал өзбек әдеби тілінде, кейбір диалектілерінде ғана болмаса дыбыс үндестігі бұзылған. Осыған орай өзбек әдеби тілінде көптік жалғауының бір-ақ варианты (*-lor*) қолданылады.

Демек, түркі тілдері ортақ заңдылыққа бағына отырып, өзіне ғана тән тарихи жолмен дамып, қалыптасқан екен. Дербес даму нәтижесінде пайда болған ерекшеліктер әрбір тілдің ішкі заңдылығынан туындайды.

3. Салыстырмалы-тарихи зерттеу хронологиялық заңдылықты да қатаң сақтауы қажет [171,122-127]. Тілдердегі өзгерісті дәлелдеп, оның даму жолын анықтауда сол тілге қатысы бар тарихи ескерткіштерді де пайдаланамыз. Бірақ оның да өз реті бар. Ең алдымен, біз, бар болса, сол тілге тікелей қатысты жазба ескерткіштерді, содан кейін барып жалпы, не жанама қатысы бар ескерткіштерді салыстыруымыз керек. Тіл тарихына тереңдеп енген сайын ол ескерткіштердің қазіргі тіл материалымен байланысы көмескілене береді. Сондықтан оларды салыстыруда хронологиялық тәртіп сақталынбаса, тіл фактілері анохронизмге ұшырал, тілдік заңдылықтар дұрыс ашылмауы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде етістіктен сын есім тудыратын өнімсіз қосымшалардың бірі — *-аған// -еген*. Бұл қосымша арқылы жасалған туынды түбірдің мағынасында қимылдың бірнеше қайталанатындығын білдіретін мағыналық реңк бар. Салыстырыңыз: *Алаған қолым береген*. Осы мақалдағы *-аған// -еген* формасы қимылдың көп қайталауын, оның дағдылы амал-әрекетке айналып, сындық мағынаға өтуін белгілейді. *Сүзеген сиыр* дегендегі *сүзеген* тұлғасы *сүзу* етістігінің дағдылы әрекетке айналғандығын білдіріп тұр. Сондықтан П.М.Мелиоранский де *-аған// -еген* қосымшасының қимылдың көп қайталануын білдіретіндігін және осы шақтық мағынаны беретіндігін көрсеткен. А.М.Щербак та XIV—XVI ғасырлар ескерткіштері тілінде де *-аған// -огән* қосымшасының қолданылатындығын айта келе, оны осы шақтық есімше деп атайды [101, 149]. Бұл тұлға М.Қашғари сөздігінде де қимылдың бірнеше қайталануын білдіретін есімше мағынасында қолданылған: *Ол әврә бараған*

ол (ол адам үйіне көп кете беретін) [108, 69]. Демек, *-аған// -еген* есімшенің қосымшасы XI ғасырда да қимылдың қайталануын білдіретін реңк берген екен. Сөйтіп, XIV–XVI ғасырларда бұл қосымша шақтық мағынаны білдіре бастаса, М.П.Мелиоранский дәуірінде (XIX ғасыр) тұрақты қимылды білдіретін есімше қызметін атқарған, ал қазіргі дәуірде сын есімнің өнімсіз жұрнағына айналған.

Бір тілдің өзінде оның барлық деңгейлері бірдей дамымайтыны сияқты кейде туыстас тілдің біреуінде өзгеріске түскен элемент екінші біреуінде бұрынғы қалпын сақтауы, енді біреуінде консервацияға түсіп, туынды түбір құрамында сақталса, екіншісінде мүлдем жоғалып кетуі мүмкін. Мысалы, өзбек, әзірбайжан тілдерінде осы шақтың синтетикалық формасы бар. Осы шақ өзбек тілінде *-яп, -етиб, -етир* қосымшаларын, ал әзірбайжан тілінде *-ыр// -ур, -ур// -үр* қосымшаларын қосу арқылы беріледі. Бұл екі қосымшаның қалыптасу жолы бірдей емес. Өзбек тіліндегі осы шақ қосымшалары *-а жатыр* (бара жатыр) аналитикалық формасының ықшамдалуы арқылы қалыптасқандығына көп уақыт өте қойған жоқ, ал қазақ тілінде оның *бара жатыр* үлгісі сақталған (*баратыр, келатыр* формасы тек сөйлеу тілінде қолданылады). Бұл *-а жатыр* формасының ықшамдалуға бейім екендігін көрсетеді. Әзірбайжан тіліндегі осы шақ қосымшасы көне түркі тіліндегі ауыспалы осы шақтың *-ар// -ер, -ур// -ір, -үр// -р* қосымшасының мағыналық дифференцияға ұшырауы нәтижесінде қалыптасқан. Осындай жағдайлар салыстырмалы-тарихи зерттеулерде түркі тілдерінің әрбір фактісіне хронологиялық тұрғыдан қарауды талап етеді.

4. Салыстырмалы-тарихи зерттеулерде тілдердің генеологиялық жақындығы есепке алынуы шарт. Тіл материалын салыстырғанда алдымен туыстық жағынан жақын тілдердің материалдары алынады да, одан соң біртіндеп туыстық қатынасы алыс тілдердің материалдары қамтылуға тиіс [21, 82]. Әр текті тілдер салыстырмалы-тарихи зерттеудің объектісі болмайды. Түркі тілдерін генеологиялық жақтан классификация жасағанда (Н.А.Баскаков бойынша) оларды үлкен 2 топқа: батыс және шығыс хун тілдеріне бөлеміз де, батыс хун тілдерін 4 топқа (бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ) бөлеміз де, қазақ тілін қыпшақ тобына енгіземіз. Оларды

тағы үш топқа бөліп (қыпшақ-құман, қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-ноғай), қазақ тілін қыпшақ-ноғай тобына жатқызамыз. Демек, қазақ тілінің материалдарын салыстырғанда, ең алдымен, оның өз ішіндегі говорларымен, одан кейін қыпшақ-ноғай тобына енетін ноғай, қарақалпақ тілдерінің материалдарымен салыстырған жөн. Үшінші кезеңде қазақ тілі қыпшақ тобына кіретін басқа (татар, башқұрт, құмық, т.б.) түркі тілдерімен, одан кейін ғана қарлұқ тобына енетін (өзбек, ұйғыр) тілдерімен салыстырылады, өйткені қарлұқ тілдері оғыз тілдеріне қарағанда қазақ тіліне жақын. Себебі олардың ара жігінің — ажырауы XIV—XV ғасырларға сәйкес келсе, оғыз тілдерінің дербестігі М.Қашғари дәуірінен бұрын басталғандығы мәлім. Осы топтардағы түркі тілдерін өзара салыстырғаннан кейін ғана, шығыс хун тілдерінің материалдарын, тілдік тарихи деректерін қарастырған жөн* .

Кейде тарихи ескерткіштерді тіліне қарай белгілі бір халықтың еншісіне беріп, телу бар. Әрине, көне және орта ғасырдағы жазба ескерткіштер белгілі бір тайпаның, тайпалар одағының тілінде жазылуы, белгілі бір диалектіге негізделуі ықтимал. Мысалы, XI ғасырда өмір сүрген Ю.Баласағұн мен М.Қашғари өз еңбектерін жалпы түркі тілінде, не түркі тілдерінің барлығына ортақ әдеби тілде жазды деуге негіз жоқ. М.Қашғари сөздігінің тілін хакани түркітерінің тілі деп жүр [21, 71]. Сондай-ақ, “Кодекс куманикус” ескерткіші қыпшақ тілінде, Хорезмидің “Махаббат-намесі” қыпшақ-оғыз тілінде жазылған деп көрсету бар. Алайда бұдан жоғарыдағы жазба ескерткіштердің бәрі бір тілге ғана тән, басқа тілдердің оларға қатысы жоқ деген

CODEX CUMANICUS

EDITED BY
G. KUUN

WITH THE PROLEGOMENA TO THE
CODEX CUMANICUS
BY
LOUIS LIGETI



BUDAPEST 1981

* Бұл салыстырмалы-тарихи тәсілдің негізгі принципіне жатады.


ол (ол адам үйіне көп кете беретін) [108, 69]. Демек, *-аған// -еген* есімшенің қосымшасы XI ғасырда да қимылдың қайталануын білдіретін реңк берген екен. Сөйтіп, XIV–XVI ғасырларда бұл қосымша шақтық мағынаны білдіре бастаса, М.П.Мелиоранский дәуірінде (XIX ғасыр) тұрақты қимылды білдіретін есімше қызметін атқарған, ал қазіргі дәуірде сын есімнің өнімсіз жұрнағына айналған.

Бір тілдің өзінде оның барлық деңгейлері бірдей дамымайтыны сияқты кейде туыстас тілдің біреуінде өзгеріске түскен элемент екінші біреуінде бұрынғы қалпын сақтауы, енді біреуінде консервацияға түсіп, туынды түбір құрамында сақталса, екіншісінде мүлдем жоғалып кетуі мүмкін. Мысалы, өзбек, әзірбайжан тілдерінде осы шақтың синтетикалық формасы бар. Осы шақ өзбек тілінде *-ян, -етиб, -етир* қосымшаларын, ал әзірбайжан тілінде *-ыр// -ур, -ур// -үр* қосымшаларын қосу арқылы беріледі. Бұл екі қосымшаның қалыптасу жолы бірдей емес. Өзбек тіліндегі осы шақ қосымшалары *-а жатыр* (бара жатыр) аналитикалық формасының ықшамдалуы арқылы қалыптасқандығына көп уақыт өте қойған жоқ, ал қазақ тілінде оның *бара жатыр* үлгісі сақталған (*баратыр, келатыр* формасы тек сөйлеу тілінде қолданылады). Бұл *-а жатыр* формасының ықшамдалуға бейім екендігін көрсетеді. Әзірбайжан тіліндегі осы шақ қосымшасы көне түркі тіліндегі ауыспалы осы шақтың *-ар// -ер, -ур// -ір, -үр// -р* қосымшасының мағыналық дифференцияға ұшырауы нәтижесінде қалыптасқан. Осындай жағдайлар салыстырмалы-тарихи зерттеулерде түркі тілдерінің әрбір фактісіне хронологиялық тұрғыдан қарауды талап етеді.

4. Салыстырмалы-тарихи зерттеулерде тілдердің генеологиялық жақындығы есепке алынуы шарт. Тіл материалын салыстырғанда алдымен туыстық жағынан жақын тілдердің материалдары алынады да, одан соң біртіндеп туыстық қатынасы алыс тілдердің материалдары қамтылуға тиіс [21, 82]. Әр текті тілдер салыстырмалы-тарихи зерттеудің объектісі болмайды. Түркі тілдерін генеологиялық жақтан классификация жасағанда (Н.А.Баскаков бойынша) оларды үлкен 2 топқа: батыс және шығыс хун тілдеріне бөлеміз де, батыс хун тілдерін 4 топқа (бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ) бөлеміз де, қазақ тілін қыпшақ тобына енгіземіз. Оларды

тағы үш топқа бөліп (қыпшақ-құман, қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-ноғай), қазақ тілін қыпшақ-ноғай тобына жатқызамыз. Демек, қазақ тілінің материалдарын салыстырғанда, ең алдымен, оның өз ішіндегі говорларымен, одан кейін қыпшақ-ноғай тобына енетін ноғай, қарақалпақ тілдерінің материалдарымен салыстырған жөн. Үшінші кезеңде қазақ тілі қыпшақ тобына кіретін басқа (татар, башқұрт, құмық, т.б.) түркі тілдерімен, одан кейін ғана қарлұқ тобына енетін (өзбек, ұйғыр) тілдерімен салыстырылады, өйткені қарлұқ тілдері оғыз тілдеріне қарағанда қазақ тіліне жақын. Себебі олардың ара жігінің — ажырауы XIV—XV ғасырларға сәйкес келсе, оғыз тілдерінің дербестігі М.Қашғари дәуірінен бұрын басталғандығы мәлім. Осы топтардағы түркі тілдерін өзара салыстырғаннан кейін ғана, шығыс хун тілдерінің материалдарын, тілдік тарихи деректерін қарастырған жөн*.

Кейде тарихи ескерткіштерді тіліне қарай белгілі бір халықтың еншісіне беріп, телу бар. Әрине, көне және орта ғасырдағы жазба ескерткіштер белгілі бір тайпаның, тайпалар одағының тілінде жазылуы, белгілі бір диалектіге негізделуі ықтимал. Мысалы, XI ғасырда өмір сүрген Ю.Баласағұн мен М.Қашғари өз еңбектерін жалпы түркі тілінде, не түркі тілдерінің барлығына ортақ әдеби тілде жазды деуге негіз жоқ. М.Қашғари сөздігінің тілін хакани түркітерінің тілі деп жүр [21, 71]. Сондай-ақ, “Кодекс куманикус” ескерткіші қыпшақ тілінде, Хорезмидің “Махаббат-намесі” қыпшақ-оғыз тілінде жазылған деп көрсету бар. Алайда бұдан жоғарыдағы жазба ескерткіштердің бәрі бір тілге ғана тән, басқа тілдердің оларға қатысы жоқ деген



* Бұл салыстырмалы-тарихи тәсілдің негізгі принципіне жатады.

түсінік тумаса керек. Түркі жазба ескерткіштері неғұрлым көне болса, оларға қазіргі түркі тілдерінің қатыстығы күшейе бермекші. Ескерткіштер мерзімі жағынан бүгінгі күнге жақындаған сайын, олардың жеке тілдермен туыстығы, сәйкес-тігі арта түседі.

5. Салыстырмалы-тарихи зерттеулердің көбірек тілге тиек ететін, табан тірейтін фактілері — дыбыстар мен оның заңдылықтары, морфологиялық тұлғалар, сөйлем жүйесі және сөздердің лексикалық, грамматикалық мағыналары. Дыбыстар сөздердің, грамматикалық тұлғалардың материалдық негізі болып саналады. Бірақ олар да өзгермейтін дүние емес. Уақыт озуына, тіл дамуына байланысты сөздердің дыбысталуы да, мағынасы да өзгеріп отырады. Бірақ олардың (ескі мағына мен жаңа мағынаның; сөз жүйесінде өзгерген дыбыс пен о бастағы дыбыстың) арасында заңды байланыстар болады. Сондықтан да салыстырылатын сөз бен грамматикалық тұлғалар түркі тілдеріне ортақ, дәстүрлі заңдылық негізінде ғана қарастырылады. Мысалы, *кес* сөзі түркі тілдерінің барлығында да кездеседі. Ал тува тілінде осы мағынада *кез* сөзі қолданылады. Әрине, бұл жерде сөз соңында тува тілінде, басқа тілдерде қолданылатын *с* дыбысының орнына *ш* не *з* дыбысы қолданылу заңдылығының барлығын көрсетуге болады. Чуваш тіліндегі *хер* сөзі мен көпшілік түркі тіліндегі *кыз* сөзінің арасындағы айырмашылықтар осы тілдерге тән заңдылықтар (*қ*-ның *х*-ға, *з*-ның *р*-ға, *ы*-ның *е*-ге алмасуы не сәйкестігі) негізінде дәлелденуге тиіс.

Грамматикалық формалар мен сөйлемдердің қалыптасу, даму заңдылығын да осы тәсіл арқылы анықтауға болады. Бірақ бұл процесс өте күрделі талдауды, көп материалды салыстыруды талап етеді. Тіпті кейбір ерекшеліктерді анықтау қажетті материалдың жеткіліксіздігінен қиынға соғады. Мысалы, қазақ тіліндегі жіктеу есімдігінің барыс септік формасының (*ма-ған*, *са-ған*, *о-ған*) табиғаты осыған дәлел. Демек, салыстыру тәсілі тіл фактілерінің көп, әрі тиімді болғанын да талап етеді.

6. Салыстырмалы-тарихи зерттеуде кез келген тілдің емес, туыстас тілдердің ғана материалы салыстырылады дедік. Туыстық қатынасы жоқ тілдер аралығында да кейбір ұқсастықтар мен сәйкестіктердің кездесіп отыратынын ескерсек,

оған салыстырмалы-тарихи зерттеуден гөрі салғастырмалы, типологиялық зерттеудің дөп келетіндігін байқаймыз.

Түркітануда салыстырмалы-тарихи зерттеуде негіз салған Махмұд Қашғари (толық аты – Махмуд ибн ал-Хусейн ибн Махмуд) дедік. М.Қашғаридың қайда, қашан туғандығы және қайтыс болғаны туралы мәлімет жоқ. Сондай-ақ М.Қашғаридың сөздікті жазу тарихы да, қайда жазылғаны да белгісіз. О.Прицактың болжауынша (оны А.Н.Кононов та қолдайды), М.Қашғари 1029–1038 жылдардың аралығында туып, өзінің сөздігін жазуға 1072 жылы 25 қаңтарда кіріскен де, 1083 жылы 27 қазанда аяқтаған [86, 3-14]. “Диуанидың” әр жерінен автордың өмірбаяны туралы кейбір деректерді анықтауға болады.

М.Қашғари сөздікті жазуға кіріскенде жасы біршамаға келіп қалған екен, ол түркі тілдес тайпалар жасайтын жерлерді аралап, тіл материалдарын жинайды. Ол: “Мен түрктер, түркмендер, оғуздар, чигилдер, яғмалар, қырқизлардың (қырғыздардың) қалаларын, ауылдарын және тайпаларын көп жылдар бойына аралап шықтым. Сөздер жинадым, түрлі сөз қасиеттерін үйрендім, анықтадым”, – дейді [86, 136].

“Сөздікте” тоғыз мыңнан артық сөз және сөз тіркестері берілген, ауыз әдебиетінен үзінділер келтіріліп, ру, тайпа, жер атауларына түсінік берілген.

М.Қашғаридың сөздігі біздің дәуірге қолжазба күйінде бір ғана нұсқада келіп жеткен. Оны Стамбул қаласындағы көне кітап базарынан (1914–1915 ж.) ғалым Әли Әмір сатып алады да, тәртіпке келтіру үшін Рифатқа (1876–1953) тапсырады. Рифат сөздіктің жазба көшірмесін жасап, 1915 жылы Стамбулда I-II томын, 1917 жылы III томын бастырып шығарады. Бізге жеткен “Диуани” М.Қашғаридың өз қолымен жазғаны емес, ол – 1266 жылы 1 тамызда (хижра есебімен 27 шаввал, жексенбі, 1266) Мухаммед ибн Әбу-Бакир ибн Әбу-л-Фатих ас-Сави көшірген нұсқасы. Бұл қолжазба қазір Стамбулдағы Ұлттық кітапханада сақтаулы. “Сөздік” Рифаттан кейін де бірнеше рет басылып шықты. Кеңес Одағында М.Қашғаридың сөздігі 1960, 1961, 1963 жылдары өзбек тіліне С.Муталибовтың аудармасымен жарық көрсе, оның ұйғырша аудармасы 1981 жылдан кейін (қазірше 2 томы) Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында бастырылып шыға бастады.

“Диуани” түркіше-арабша сөздік болғанымен, автор сөздерді түсіндіріп, оның мағынасын анықтау үстінде басқа түркі тайпалары тілінде кездесетін мағыналық ауытқулар мен дыбыстық өзгерістерді салыстыра отырып, оларға шолу жасайды. Сондықтан да М.Қашғариды түркітануда бірінші болып салыстыру тәсілін қолданған ғалым [89, 135] деп айтуға толық құқымыз бар. Сөздіктен бір-екі мысал келтірейік: “*яғма, тухси, қыпшақ, ябағу, татар, қайжумул* және *оғыздар* әрқашан *z* (*за*)-ны сөз ішінде *j* (*йа*)-ға айналдырады және ешқашан *j* (*заль*)-мен айтпайды. Сондықтан олардан басқалар *қайың* ағашын *қазің* десе, бұл тайпадағылар *қажің* дейді (I, 68)”. *Эвам* сөзіне түсінік бере отырып, ол: “Бұл сөз үш түрлі айтылады: *яғма, тухси*, қыпшақтар *эвәт*, ұйғырлар *эмәт*, не *эвәт* дейді. Басқа түріктер *жәтәт* дейді” (I, 85).

“Диуанидың” авторы грамматикалық формалардың өзгеруіне тоқталған. Мысалы, оғыздар уақыт және орын-жай атауларындағы *-ғу* қосымшасының орнына *-асы* қосымшасын қолданады. Яғни *барғу* деудің орнына *барасы* дейді (баратын жер мағынасында). Айта кету керек, М.Қашғари түркітануда салыстырмалы зерттеуге негіз жасаса да, салыстырмалы-тарихи тәсілді толық қолдана алмаған: түркі халықтарының тек тіл жағынан туыстығын, ұқсастығын салыстырғаны болмаса, ол олардың өзіне дейінгі тарихын, даму жолын талдамаған.

XIII–XV ғасырларда өмір сүріп, араб тіл білімі негізінде сөздіктер мен грамматикалар жазған түркі тілін зерттеуші ғалымдар еңбектерінде де азды-көпті түркі тілінің материалдарын салыстырып көрсету болған. Әрине бұл еңбектер салыстырмалы-тарихи зерттеулердің дамуына үлкен үлес қоса қоймағанмен, түркітану тарихында өзіне тән орын алады. Солардың ішінде **Махмуд ибн Умар Замахшари** (1075–1144), **Асируддин Әбу Хайан ал-Андалуси** (1256–1345), **Жамалиддин Әбу Мухаммад Абдуллах Туркеш** (туған, өлген жылы белгісіз, шамамен XIV–XV ғасыр), **Джамил әд-Дин ибн Муханна**, т.б. еңбектері, сондай-ақ авторлары белгісіз “*Аттухфат-уз-закия фи-л-луғат-ит түркия*”, “*Китаб-и межму-у төрджуман түрки ве аджеми ве моғали ве фарси*” тәрізді еңбектер бар*.

* Бұл еңбектердің бәрі де жеке-жеке кітап болып шыққан.

Шығыс тілдерін зерттеуші орыс ғалымдары салыстырмалы-тарихи тәсілді алғаш рет XVIII ғасырда жасалған “Сравнительные словари всех языков и наречий, собранные десницею Всевысочающей особы” (1733–1787) деген салыстырма сөздікте қолданған еді. Ал бұл тәсілдің Ресейде ғылыми негізде дамуына Мырза А.Казем-Бек, И.Н.Березин, А.Е.Крымский және “Алтай тілі грамматикасының” авторлары үлкен үлес қосты. Дегенмен де, салыстырмалы-тарихи әдіс тек О.Бётлингк пен В.В.Радловтардың еңбектерінде ғана толық қолданыс тапты. Алтай (түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур) тілдерінің, тіпті орал-алтай тілдерінің туыстығы жайындағы болжам, сайып келгенде, осы салыстырмалы-тарихи тәсіл негізінде ғана дүниеге келгені белгілі.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап еңбек ете бастаған көрнекті түркі зерттеушілерінің көпшілігі-ақ өз еңбектерінде түркі тілдерінің материалын өз қажетіне сай салыстыра пайдаланды. Тіпті XVIII ғасырда өмір сүрген швед офицері, кейіннен Орхон жазуын зерттеуші, орал-алтай тіл бірлестігі теориясының негізін салушы Ф.И.Табберт-Страленберг және оның жолын қушы В.Шотт, М.А.Кастрендердің еңбектерінде де түркі және монғол тілдерінің материалдары салыстырылып, жалпы ұқсастықтар анықталған. О.Бётлингк пен В.В.Радловтың бағытын Н.Ф.Катанов, П.М.Мелиоранский, ал XX ғасырдан бастап Ф.Е.Корш, А.Самойлович, Е.Д.Поливанов, т.б. ғалымдар жалғастырды.

Кеңес түркітанушыларынан салыстырмалы-тарихи зерттеулерге өз үлесін қосқан А.Н.Кононов, В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов, Н.К.Дмитриев, С.Е.Малов, Э.В.Севортян, Н.А.Баскаков, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак, Б.А.Серебренников, Н.З.Гаджиева, К.Мұсаев, т.б. ғалымдар салыстырмалы-тарихи тәсіл негізінде зерттеулер жүргізіп, оның бүгінгі ғылыми деңгейін көтеруге ат салысып келеді.

Қазіргі түркітану ғылымының көптеген табыстары салыстырмалы-тарихи зерттеулерге байланысты. Бұл әдіс түркі тілдес республикаларда, әсіресе, елуінші жылдардан кейін ғана кең қанат жая бастады. Оның екі түрлі себебі бар сияқты. Біріншісі – Қазан төңкерісінен кейін әр республика тілшілері негізінен тілдің нақтылы жақтарымен шұғылданып келді. Екіншіден, кеңес дәуірі тіл білімінде Н.Я.Марр және оның

шәкірттері қолдан сатылық даму, яфеттік теориялар салыстырмалы-тарихи зерттеулердің өріс алуына кедергі болды [143, 7-10]. 1950 жылғы тіл біліміндегі пікірлер сайысынан кейін ғана салыстырмалы-тарихи зерттеуге кең жол ашылды.

50-жылдарда жалпы тіл біліміндегі сияқты, түркітануда да жағдай басқаша болатын. Бұл кездерде түркі тілдерінің грамматикалық категориялары анықталды, лексикалық байлығы зерттеліп, сөздіктер жарық көре бастады. Әр тілдің дыбыс жүйесі, диалектілерінің ара қатынасы белгіленді, көне түркі жазба ескерткіштері жарияланып, ғылымға құнды материалдар берді. Осы аталған табыстарымыз 1956 жылдан бастап Н.К.Дмитриев басшылығымен түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы бойынша зерттеулер жариялауға мүмкіндік берді. Ал 1969 жылы тарихи лексикология саласындағы жетістіктерімізге “Древне-тюркский словарь” мен Э.В.Севортыяның “Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі” қосылып (I т., 1974; II т., 1978; III т., 1980; IV т., 1989) жарық көргендігін жатқызуымызға болады. Соңғы кезде Б.А.Серебренников, Н.З.Гаджиевалардың “Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков” (Баку, 1979), “Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков”. Фонетика (М., 1984), Морфология (1988), Синтаксис (1986) атты еңбектері жарық көрді. Бұлар түркі тілдеріндегі салыстырмалы-тарихи зерттеулерді тағы бір жоғары белеске көтерді.

2. Салыстырмалы-тарихи фонетика

Кеңес түркітану ғылымында бүгінде салыстырмалы-тарихи зерттеулер тілдің барлық деңгейі (ярус) бойынша жүргізілуде. Осылардың ішінде біршама толық зерттелгені – фонетика.

Фонетиканы салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу ХІХ ғасырда О.Бётлинг пен В.В.Радловтан басталса, ХХ ғасырда оны Е.Д.Поливанов жалғастырды, ал соңғы кезде бұл мәселелермен кеңес ғалымдарынан А.М.Щербак, Н.А.Баскаков, Б.А.Серебренников, Д.Г.Киекбаев, В.И.Рассадин, бұлармен қатар шет ел түркітанушыларынан Г.Рамстедт, М.Рясянен, В.Котвич, Г.Дерфер, Л.Лигети, Ю.Немет, т.б. ғалымдар тікелей шұғылданып, құнды еңбектер жазды.

Бұл еңбектерде түркі тілдерінің дыбыс жүйесіндегі көптеген заңдылықтар ашылуда. Әлі де шешімін таппаған мәселелер де

аз емес. Солардың біріне, мәселен, түркі тілдеріндегі созылыңқы дыбыстардың табиғаты жатады. Бұл жөнінде пікір таласы да жоқ емес. Мәселен, Е.Д.Поливанов пен А.М.Щербак дауысты дыбыстарды созылыңқы, қысаң деп екіге бөліп қараса [205, 50-52], Г.Дёрфер бұларды үш түрлі: созылыңқы, орташа және қысқа дауыстылар деп қарайды. Әрине, созылыңқы дауысты дыбыстардың барлығы да бірдей емес. Кейбір созылыңқы дауысты дыбыстар сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстың түсіп қалу нәтижесінде, мысалы, гагауыз тілінде: *aach*<*ağac* (дереву), қырғызда: *уул*<*оғул* (сын), *төө*<*төйе* (верблюду) пайда болса, кейбір түркі тілдерінде, мәселен, түркіменше *aam*, якутша *aam* (конь), көне түркіше *таал*, түрікменше *даалак*, якутша *таал* (селезенка) бұрыннан-ақ бар құбылыстар қатарына жатады. Осыған орай оларды о бастағы (первичная долгота) созылыңқы және кейін пайда болған (вторичная долгота) созылыңқы дауысты дыбыстар деп екіге бөліп қарау дәстүрі бар.

Түркітануда бірінші созылыңқы дауысты дыбыстардың жалпы түркілік қасиетін, яғни көне түркі элементі екендігін шартты түсіну керек сияқты. Кей ғалымдарымыз бірінші (алғашқы) созылыңқы дауысты дыбыстардың ертеде қолданылғандығына сенімсіздікпен қарайды. Бұл мәселе әлі анықтай түсуді керек ететін сияқты. Түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстылардың табиғатын бір кезде В.В.Радлов та байқаған болатын. Бірақ ол дауысты дыбыстардың созылыңқылығы түркі тілдеріне тән қасиет емес, кірме деп есептеген еді. Бұл пікірді қазіргі күнге дейін қолдаушылар бар.

Салыстырмалы-тарихи зерттеулердің объектісі болып келе жатқан түркі тілдері фонетикасының талас мәселелеріне сөз басында келетін *й, з, д, ж, ч, с* дауыссыз дыбыстарының табиғатын жатқызуға болады. Бұл мәселе де әлі шешімін тапқан жоқ.

Түркі тілінің тарихын зерттеген ғалымдардың көпшілігі *й* (*j*) дыбысының ертеден-ақ қолданылып келе жатқандығын дәлелдейді. Бірақ А.М.Щербак оны көне түркі тілінде (сөз басында) келмеген дейді. Автордың пікірінше, сөз басында *j*-дің орнына үнсіз жабысыңқы тіс дыбысы *s* (*ç*) қолданылған және бұл дыбыстың о бастағы ерекшелігі чуваш (*ч*) пен якут (*с*) тілдерінде сақталған [205, 79-80]. С.Е.Малов *j* дыбысы көне түркі жазба ескерткіштерінде аз қолданылады, себебі бұл дыбыс соңғы кездерде ғана пайда болған десе, Б.А.Серебреников якут

тіліндегі сөз басындағы *c* дыбысының даму жолын *j > ч > з > ш > с* деп, оны керісінше түсіндіреді [167, 55].

Бұл дыбыстар сөз ортасында да бір-біріне сәйкес келе береді. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде *адақтау//аяқтау//бітіру, тауысу* сөздері мағына жағынан сәйкес, о бастағы бір сөз, бүгінде екі түрлі айтылады. *Атақ//адақ* сөздеріндегі *й* мен *д* дыбысының сәйкестігі көне тілден қалған бір ерекшелік. Егер осы сөздің қазіргі түркі тілдеріндегі вариантын салыстырып көрсек, олардың көпшілігінде *аяқ* (айтылуда *айақ*) түрінде кездеседі де, хакас тілінде *азах*, якут тілінде *атах* түрінде қолданылады. Бұл мысалдардан *й, з, т* дыбыстарының сәйкестік қасиетін аңғарамыз.

Жалпы түркітануда *д/>g/>з/>з//ж>й* сәйкестігі, одан ертеректе *л//р* сәйкестігі болғандығы анық. Қазіргі тарихи фонетикамен қызыққан тілшілеріміз алдында дыбыстардың алмасуы, түрлі тілдердегі дыбыстардың сәйкес келуі, келмеуі заңдылығын анықтау, дыбыстық ерекшеліктердің қалыптасуы, сөздердің дыбыстық құрамын анықтау сияқты қиын мәселелердің тұрғандығы анық.

3. Салыстырмалы-тарихи грамматика

Грамматикалық көрсеткіштердің қалыптасуы, даму жолы мен қазіргі түркі тілдеріндегі қалпы да салыстырмалы-тарихи зерттеу объектісіне жатады. Мұнда да барлық грамматикалық категорияның түп негізі ашылып, сыры анықталды деуге болмайды. Дегенмен сөз түрлену үлгісі көбірек зерттелініп, көбірек сөз болып келеді. Ал, сөз тудырушы жұрнақтардың зерттелу дәрежесі бұларға қарағанда өлдеқайда күрделірек.

Түркі тілдерінің барлығында да септік жалғаулары бар, бірақ мағына және сан жағынан бірдей емес. Мысалы, қазақ тілінде жеті септік бар, басқа тілдерде (өзбек, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, башқұрт, өзірбайжан) алтау болса, тува тілінде жетеу, чуваш, якут және хакас тілдерінде сегіз. Неге олай? Кейбір түркі тілдерінде, септік формасы сан жағынан сәйкес келгенімен іштей ерекшеленіп жатады. Атау, ілік, барыс, табыс, жатыс септіктері барлық түркі тілдерінде кездеседі. Көмектес септігі қазақ тілінде ғана кездесе (-мен), құралдық септік (орудительный) хакас тілінде (-нақ), чуваш, татар тілінде

(қосымшасы *-была, -биле*), шор тілінде (қосымшасы *-ба*), т.б. кездеседі. Көмектес, құралдық септіктердің білдіретін мағыналарында құралдық, бірлестік мағына болғанымен олардың қалыптасу жолы бірдей емес. Э.Р.Тенишев сары ұйғыр тілінде салыстырмалы (сравнительный) септіктің бар екендігін көрсетеді: *күндег (күндей), таудағ (таудай)*, т.б. Бірақ дәл осындай қосымшаны өзбек тілшілері септік жалғауы демей, сын есімнің сөз тудырушы жұрнағы деп қарайды.

Септік жалғаулары – ертеден-ақ келе жатқан категория. Академик А.Н.Кононов Орхон-Енисей жазуында он бір септіктің болғандығын көрсетеді: 1) атау (основной), 2) табыс (винительный), 3) барыс (дательный-местный), 4) жатыс (местный-исходной), 5) шығыс (исходный), 6) құралдық (инструментальный), 7) ілік (родительный), 8) бағыттық (направительный), 9) орындық (местный направительный), 10) барыстық-бағыттық (дательно-направительный), 11) шектік (дательный-предельный) [88, 148].

В.Г.Кондратьевтің зерттеуі бойынша, Орхон-Енисей ескерткішінде 9-ақ септік бар [84, 40].

Орхон-Енисей жазуындағы септік жалғауларын қазіргі түркі тіліндегі септіктермен салыстырып қарасақ, араларында айырмашылық байқалады: *-ғару// -геру, -ару// -еру* қосымшасы қазір септік жалғауы ретінде қолданылмайды. Қазақ тілінде *ішкері, тысқары, жоғары, ілгері* сияқты сөздердің құрамында сақталып, жеке қосымша ретінде танылмайды. Хакас тіліндегі осы қосымшаның ықшамдалған түрі *-ғар// -гер* үстеулік мағына білдіреді [154, 43].

Көне түркі тілінде құралдық септік те болған. Ол қазіргі түркі тілдерінен тек қарайым, шор тілдерінде ғана сақталған, бірақ олардың қосымшалары Орхон-Енисей жазуындағы құралдық септікпен сәйкес келмейді. Көне түркі тілдерінде құралдық септік *-ы// -ын// -ін* қосымшасы арқылы жасалып, ол қазіргі қазақ тіліндегі көмектес септігімен мағына жағынан сәйкес түсіп: 1) тұтастықты, 2) біргелікті, 3) қимылдың орындалған уақытын, 4) қимылдың орындалу аясын, т.б. білдірген. Бұл қосымша қазақ тілінде *қысын, жазын* сияқты бір-екі сөздің құрамында ғана сақталған.

Кейбір септік жалғаулары тарихи даму процесінде әрі тұлға, әрі мағына жағынан сараланған. Мысалы, ілік септігі

қазіргі түркі тілдерінде *-ның// -нің* қосымшасымен қатар *-ың// -ің* (түрікмен, гагауыз, өзірбайжан), *-ны// -ні* (құмық, қарашай-балқар) тұлғасында да қолданылады. Әрине, бұлардың бір негізге барып саяры анық. Сонда бұлардың қайсысы әуелгі? Ғалымдардың көпшілігі *-ың* формасы көне де, *-ның* тілдің кейінгі даму сатысында септеудің тәуелді түрімен байланысты пайда болған құбылыс деп есептейді.

Көптік жалғауларының тарихы мен қазіргі қалпы да салыстырмалы-тарихи зерттеулерге арқау болып келеді. Қазіргі түркі тілдерінің бәрінде де *-лар// -лер* қосымшасы қолданылады. Тек чуваш тілінде ғана көптік мағынаны *-сэм* морфемасы береді. Әрине, көптік мағына беретін одан басқа да морфемалар бар [93], бірақ олардың қолданылу жиілігі *-лар* мен *-сэм* морфемасындай емес. *-Лар* қосымшасының түркі тілдерінде бірнеше фонетикалық варианты кездеседі: *-лар// -лер// -дар// -дер// -тар// -тер// -ла// -ле// -сар// -тар// -дар// -рар// -нар// -ар// -на*, т.б. Бірақ олардың саны үндестік заңына байланысты әр тілде әр басқа.

Көптік жалғауының тарихы мен этимологиясы туралы салыстырмалы-тарихи зерттеулерде түрлі-түрлі пікірлер айтылып жүр. *-Лар// -лер* қосымшасын Г.Рамстедт монғол тіліндегі *-нар* қосымшасымен байланыстырса, А.Н.Кононов, Б.А.Серебренников, К.Менгестер *-ла* және *-р* элементтерінен құралған деп санайды. Үшінші бір топ ғалымдар *-лар* түркі тілдеріне басқа тілдерден енген деген жорамал айтады. *-Лар* қосымшасының этимологиясы әлі де зерттей түсуді талап етеді.

Барлық жазба ескерткіштер тілінде *-лар* қосымшасының қазіргі қызметі көптік мағынаны білдіру болса да, кейде ол қосымша мағыналық реңкке де ие бола береді. Осындай мағыналық реңктің бірі — белгісіздік. Мәселен: *Сендер адам боламын дегенше талай бастар ағарып, талай сулар ағар. Ол Алматыларға барып қайтты. Адамдарға сөз айтпау керек екен.* Нақ осындай белгісіздік мағына басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Көптік жалғауының тағы бір мағыналық ауытқуы — құрметтеу мағынасын білдіруі. *Сенің бұл сөзіңе апамдар не дер екен?* Кейде ол жалпылау мағынасында да қолданылады: *Жүре-жүре аяқтарым ауырды*, т.б. Өзбек тілінің бір ерекшелігі — етістік көптік жалғауын қабылдап, құрметтеу мағынасын білдіреді: *кумак бердилар, айтсынлар, барсалар*, т.б.

Салыстырмалы-тарихи зерттеулерде етістікке байланысты

да көп мәселелер қарастырылады. Соның бірі – етістіктің түбір тұлғасы. Есімдер мен етістіктердің түбір тұлғасы о баста мағына жағынан ажыратылмаған, яғни кейбір түбірлер әрі етістік, әрі есім мағынасында қолданылған деушілер де бар. Бұл теорияны қолдаушылар – Ж.Дени, К.Гренбек, К.Брокельман, кеңес ғалымдарынан Э.В.Севортян, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Б.М.Юнусалиев, т.б. Тілдің ұзақ даму процесі көп сөздердің мағынасы мен тұлғасын өзгертіп, араларын алшақтата беретіні рас. Осы тұрғыдан алып қарағанда түркі тілдер құрамында есім мен етістіктердің омонимдес тұлғасының мол болғандығын көреміз. Кейде түркі тілдерінің біреуінде есім мағынасында қолданылып жүрген сөз екіншісінде етістік мағынасында қолданылуы таңданарлық жағдай емес. Салыстырыңыз: қазақша *жүк*, якутша *сүк* (повалить себе на спину); қазақша *сасы*, түркше *sasi* (вонь, гнилой); қазақша *шат* (бір нәрсені екінші нәрсемен шатыстыру), татарша *чат* (перекресток). Бұл сияқты синкретті түбірлер бір тілдің өз ішінде де кездеседі. Мысалы, қазақша *көш* (*көш жүре түзеледі* дегендегі есім сөз), *көш* (көшіп-кону); *ой* (шұқырша), *ой* (*қазу* мағынасында); *ық* (үйдің жел тимес ық жағы), *ық* (желдің бағытымен кету), т.б.

Синкретизм мәселесі де [78, 81] салыстырмалы-тарихи тәсілді кеңінен қолданып, біз үшін әлі де белгісіз құпия сырын аша түсуге болатын құбылыстар қатарына жатады.

Етістік категорияларының салыстырмалы-тарихи зерттеулерде ең көп сөз болатын мәселесі – шақ категориясы. Шақ категориясынсыз бір де бір тіл жоқ. Бірақ олардың даму, өсу жолдары, мағына көлемі барлық туыс тілдерде бірдей емес.

Қазіргі түркі тілдерінің барлығы да үш шаққа (өткен, осы, келер) ие болса, көне түркі тілдерінде осы шақ пен келер шақтың ара жігі онша айқын болмаған. Сондықтан да К.Фойгт, В.Банг, А.П.Поцелуевский, М.Н.Хыдыров, т.б. оқымыстылар осы шақ пен келер шақ мағына жағынан XIII–XIV ғасырларда ғана ажыраған дейді. Көне түркі тілінде, мәселен, А.Н.Кононов осы шақтың бір ғана ауыспалы осы шақ (настоящее-будущее) түрін атаса [88, 186–187], Ғ.Айдаров екі түрі (настоящее конкретное, настоящее переходное) бар деген пікір айтады [6, 219]. А.М.Щербак X–XII ғасыр Шығыс Түркістан текстерінің тіліне сүйене отырып, нақ өткен шақ

(-ды//ді, -дук//-дүк), келер шақ (-ғай//гей; -ға//га), ауыспалы осы шақ (настоящее будущее), белгісіз келер шақ (будущее неопределенное: -ар//әр), ежелгі өткен шақ (давнопрошедшее неопределенное: -мыш//миш), нәтижелі өткен шақ (прошедшее результативное) бар деп көрсеткен [202, 150-152].

Кейбір қосымшалардың түбір сөзден өрбігендігін дәлелдеп бере алатын зерттеулер де бар. Бірақ барлық қосымшалар түбір сөздермен этимологиялық байланысы бар деп үзілді-кесілді айтуға негіз жоқ сияқты. Мәселен, қазақ тіліндегі -ады//еді қосымшасының -а турур // -е турур аналитикалық формасынан -ыпты// -іпті қосымшасының -ып турур// -іп турур аналитикалық формасынан; -атын// -етін қосымшасының -а турған// -е турған аналитикалық формасынан пайда болғандығы ғылымда дәлелденген. Бірақ -ды//ді (өткен шақ), -ар//әр (келер шақ), -са//се (шартты рай), -қыз//кіз, -тыр//тір, -ың//ің (етіс) қосымшалары жеке түбір сөзден өрбіген деген пікір дәлелді деуге келмейді. Сондықтан да А.Н.Кононов қосымшалардың пайда болуында екі түрлі жол бар дей келіп, оның бірінші жолы – фузия (кірігу), екіншісі – түбір сөздердің дами келе қосымшаға айналуын көрсетеді [91, 3-7].

Түркі тілдерінде қалып етістігі деп аталынатын *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерінің мағына, форма жағынан шақ қосымшалары қатарына өткендігін түркітануда ғалымдар мойындайды. Бірақ олардың грамматикалану жолын, сөзден қосымшаға айналу эволюциясын тіл фактілері негізінде түгел анықталды деп айту қиын. Дәл осы проблеманың шешілуі тарихи-салыстырмалы әдіске тікелей байланысты.

Түркі тілдерінде синкретті қосымшалар да баршылық. Солардың бір тобы амалдың өту сипатын білдіретін қосымшалар: -мала// -меле, -ыңқыра// -іңкіре, -қыла// -кіле, -ала// -еле, -ыла// -іле, -ымыра// -іміре, т.б. Бұл қосымшалардың мағынасында қимылдың бірнеше қайталанғандығын білдіретін мағыналық реңк бар. Бұларды тарихи-салыстырма материалдарға негіздеп, екі не үш морфемадан тұратындығын дәлелдеуге болатын сияқты.

Етістіктің өлі қосымшалары да салыстыра зерттеуді талап етеді. Олар, әдетте, күрделі қосымшалардың ықшамдалуы негізінде жасалған. Мысалы, өткен шақтың -ды// -ді қосымшасы көне есімшенің -дүк// -дүк формасынан, шартты райдың -са// -се қосымшасы -сар// -сер қосымшасының ықшамдалуы негізінде қалыптасқан.

Етіс қосымшаларының да салыстырмалы-тарихи зерттеулерге берері мол да, анықталуы қажет сырлары да баршылық. Ең алдымен, етіс қосымшаларының қазіргі түркі тілдеріндегі мағына мен қызметін анықтап алу қажет. “Етіс қосымшалары өздері қосылған түбірге қандай лексика-грамматикалық мағына жүктейді, сөз бен сөздің синтаксистік байланысын қалай өзгертеді?” деген мәселенің әзірге толық шешімі табыла қойған жоқ. Сондықтан да бір топ тілшілер оларға “сөз түрлендіруші”, екінші тобы “сөз тудырушы” деп қарайды.

Түркі тілдерінің синтаксисін салыстыра зерттеу соңғы жылдары ғана қолға алына бастады. Бұл салада да толып жатқан басы ашылмаған мәселелер бар. Тілдің дамуы сөйлем құрылысының жетіле түсуіне жағдай жасайтыны белгілі. Сөйлем құрылысының жетілуі оның құрамындағы сөздердің өзара байланысу тәсіліне, олардың мағына түрлеріне қатысты. Бірақ бұл категориялар тілде өте баяу дамиды. Қазіргі күнде кездесетін сөз тіркестерінің барлығы да Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінде қолданылған, айырмашылығы тек олардың жиілігінде ғана. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде изафеттің үш түрі де (*темір жол, алма ағашы, студенттің кітабы*) қолданылады. Нақ осы үш түр көне түркі тілдерінде де кездеседі: *Қарлұқ будун әрүр барур әріклі жағы басты* (КТ.Б.41). *Түрк оғуз бөзләрі будун әсідін* (КТ.М.22). *Қағанының сабын алматын* (КТ.М.9). Егер осы үш форманың арақатынасын қарайтын болсақ, бірінші форма (қарлұқ будун) бәрінен жиі қолданылады екен [44].

Қазіргі түркі тілдерінде менгеріле байланысу тәсілі өте дамыған. Бұл тәсілдің қолданылу жиілігі де басқаларынан артық. Оның дәл осы ерекшелігі Орхон-Енисей дәуірлерінде де байқалады.

Көне түркі тілі ескерткіштерінде жай сөйлемнің түрлері мол қолданылған да, құрмалас сөйлемнің түрлері сирек қолданылған. Бұған Орхон-Енисей жазуларының стилдік ерекшеліктері де себеп болуы ықтимал. Түркітануда көне түркі тіліндегі сөйлемдерді баяндауыштарының қай сөз табынан жасалғандығына қарай есімді және етістікті сөйлемдер деп бөлу дәстүрі бар.

Көне жазу ескерткіштері тілінде сөйлемнің баяндауышы кейде құрама болып келеді де, олардың көмекші сыңары *бол, ар, турур* сияқты сөздерден тұрады. Қазіргі түркі тілдерінде де құрама баяндауыштың осы үш түрі де кездеседі.

Құрмалас сөйлемнің бүгінгі түрлері негізінен көне түркі жазу ескерткіштері тілінде де кездеседі. Егер ертеде құрмаластың

құрамындағы жай сөйлемдер өзара интонация арқылы, шылаулар арқылы құрмаласқан болса, қазіргі түркі тілдерінде де осы қасиет сақталған деуге болады. Бұдан біз тілдің грамматикалық құрылысының өте баяу өзгеретіндігін анық көреміз.

4. Салыстырмалы-тарихи лексика

Лексиканы салыстыра зерттеу түркі тілдерінде М.Қашғаридің еңбегінен басталған. Жалпы түркілердің орналасқан географиялық жері, тілдеріндегі ерекшелігі және этникалық құрамы туралы алғашқы мәлімет берген де осы М.Қашғари. Сондықтан оны қазіргі ғалымдардың бірі М.Қашғариды ХІ ғасырдың Радловы десе, екінші біреулері ХІ ғасырдың энциклопедист-ғалымы деп атайды. “Диуанида” 29 түркі тайпаларын атап көрсетеді де, тілдеріндегі ерекшелікті де көрсетіп отырады. Сондықтан оны түркі диалектісін зерттеген алғашқы ғалым деп атауға да болады. Мысалы, *қайің* — арғуларша *ағаш ыдыс* (I, 363), *бітік* — оғызша *тұмар* (I, 366), *бэнак* — арғу тілінде *дана*, *ұрық* (I, 367), *чэтук* — оғызша *ұрғашы мысық* (I, 369), *будун* — чығылшыларша *халық* (I, 379), *сағды* — харлұқтарша *жасы үлкен адамдарды* айтады (I, 382). Орыс түркітанушылары бұны ары қарай жалғастырды. Бұл Л.Будагов пен В.В.Радловтың еңбегінде анық көрінеді. Л.Будагов 1812 жылы Астраханда дүниеге келген. Білімді Лазарев институтында, кейін Қазан университетінде алған. 1840—1844 жылдар арасында Тифлис гимназиясында, 1845—1870 жылдар аралығында Санкт-Петербург университетінде жұмыс істейді. Ол түркітануда “Сравнительный словарь турецко-татарских наречий” деген еңбегімен атын қалдырған. Сөздікте аттар, түрк, алтай, қырғыз (қазақ), джагатаг (шағатай), т.б. тілдерінен, Науаи, Бабыр, Абул Ғазыдан материалдар алып салыстырған. Демек, салыстырмалы-тарихи өдісті пайдаланған.

Салыстырмалы-тарихи тәсілді толық пайдаланған В.В.Радловтың “Опыт словаря тюркских наречий” деген еңбегі. Сөздік ұзақ жазылған, ұзақ уақыт бойына бастырылған. Автор бірінші томнан бастап-ақ жаңа материалдармен толықтырып, анықтамаларды нақтылап отырған. Мәскеуде жарияланған соңғы басылымның бірінші томына алғы сөз жазған баспагерлер “Словарь В.В.Радлова до сих пор является единственным тюркоязычным словарем сравнительного типа, а материал по

многим тюркским языком и диалектом подчас можно найти только в этом словаре,” – деп дұрыс баға берген. Баспагерлерге қосарымыз сол, “Опыт...” еңбегінде тарихи ескерткіштерге де материалдар берген. III, IV томдарда тарихи ескерткіштерден берілген материалдар көп екендігін анық көруге болады*.

Ресейде Л.Будагов, В.В.Радловтан бұрын түркі тілдерінің грамматикасын жазған авторлар кітаптың соңына сөздіктер ендірген, олар да түркі тілдерінен мысалдар салыстырған. Мысалы, “Алтай тілінің грамматикасын” жазған авторлар кітап соңында орыс-алтай, алтай-орыс тілдерінің аударма сөздігін берген. Сонда алтай, кондын, қырғыз (казак), монғол, қазандық татар тілдерінен мысалдар берген. Салыстырыңыз, *айак* (монғол. айаға) – чашка; *айок* – нога (кондын. азақ); *айа* (киргиз) – плакать; *айас* (казан.тат.) – ведро, леная погода, скука (141-б.), *ача* (алтай, калм) – отец; *ачы* (кондын. ача) – младший брат; *ачу* (конд. ачы) – горький (153-б.).

Кенес дәуірінде түркі тілдерін салыстырып, ғылыми еңбектер мол жазылды, сөздіктер жарияланды. Мысал ретінде үш сөздікті ғана (үлгі ретінде) талдап көрейік. Біреуі “Көне түркі сөздігі” “Древнетюркский словарь” деп аталады да, тарихи сөздік болып саналады. Онда берілген материалдар Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап XIV ғасыр жазба ескерткіштерінен (“Мухаббат-наме”, “Оғыз-наме”) материал алған, мағынасын салыстырып көрсетеді. Мысалы, *jun* сөзін Махмұд Қашғариден алып, “жылқы” деп түсіндіреді. Оның “Құтадғу білікте” бар екендігін де (*қашқар*. мун) көрсетеді (281-б.). Оның *junm* формасы Енисей жазуында, Томсен жариялаған “1000 үнгір” жазуында қолданылғандығын да ескерткен (281-б.). *Daruua* сөзін осы қазіргі монғол тілінде қолданылғандығын, ұйғыр жазуында басқарушы мағынасында болғандығын, XIV ғасыр ескерткіштерінде де кездесетіндігін дәлелдейді (159-бет). Түркі тілдерінде тарихи сөздіктер көп жарияланған, олардың материалдарын тарихи кезеңдермен салыстырып, қазіргі тілдерімен байланыстырған авторлар баршылық. Сөздік XIV ғасыр жазба ескерткіштерінің лексикалық байлығын көрсетуге әрекет еткен, бірақ талқылауда қазіргі түркі тілдерімен де, одан (XIV ғасыр) бұрынғы кезде жазылған

* Бұл туралы толығырақ мәліметтер жоғарғы тарауларда берілген.

еңбектермен де салыстырады. Мысалы, *булна* сөзін “Хұсрау-Шырыннан” алған, бірақ Махмұд Қашғаридың *булна* сөзімен салыстырады (I, 276); *Йаратқан* сөзін “Мухаббат-намадан” алған, бірақ дәлелдеуде Аттух Фату, Хоусманың сөздігімен, М.Қашғаримен салыстырған, т.б.

Екінші осындай туыстас тілдердің материалдарымен салыстырып, оның тарихынан мәлімет бiздiретiн сөздіктер қазақ тілін салыстыра зерттеген сөздікке тән мәліметтен аса алмаған, бірақ туыстас тілдерді салыстыру тұнғұс-мәншіжүр тілдерінде жасалынған. Мысалы, *чэриг* – война; эвсик тілінде *сэрик*, солонша *сэрик* – чэрик (II, 421-б.); *чириктэ* – медь эвенк. Ирик, эвен – *чирицэ*, ороч – чйктэ, ороч – *чиктэ*, канай – *чйриктэ*, маньчжур – *сирек* (II, 389-б.). Таза салыстыру үлгісінде, бірақ ғылыми жағынан әлсіз, алғашқы түркі сөздігі де бар. Ол Ғулнияда 1992 жылы жарияланған екі томдық “Түркі лахшасының сөздігі”. Мұнда 9 тілдік баламасы беріліп, соңында орыс баламасын берген. Сөздікті тек салыстыру материалы ретінде пайдалануға болады.

Лексикалық байлықты салыстырудың бір жолы ретінде этимологиялық сөздік үлгісі де саналады. Түркі тілдерінде бірнеше этимологиялық сөздік жарық көрді. Олар Г.Вамбери (H.Vambery), Г.Клоусон (G.Cloyson), В.Г.Егоров, Э.В.Севортянный, т.б. сөздіктері. Олардың барлығының мақсаты да, принциптері де бірдей, бірақ авторлардың білімі мен қолданған әдісі өзгешелеу болады. Біз үлгі ретінде Э.В.Севортянный сөздігін алып, салыстыру тарихи әдісін қалай пайдаланғандығын көрсетуге әрекет еттік. *Арба* сөзін алып көрелік. Автор *арба* сөзін қолданған түркі тілдерін санап береді де, оған 4 түрлі мағына берген. Талдауды қолданған тілдерді санайды да, дыбыстық ерекшелігін көрсетеді. Мағынасы мен тұлғалық өзгешелігін көрсету үшін жазба ескерткіштерді, әлеби тілдерді, олардың диалектілік ерекшелігін көрсетеді (I, 168-б.).

Жеке сөздердің немесе лексика-семантикалық топтардың, тақырыптық топтардың дамуы мен өзгерістерін дәлелдеу үшін автор салыстырмалы талдауды пайдаланады. Мысалы, *тары* сөзін алып көрейік. Бұл сөз қазақ тілінде дәнді дақылдың бір түрі ретінде қолданылады. Қазақ түсіндірме сөздігінде *тары* сөзіне 2 түрлі мағына береді: 1) дәнді дақылдың бір түрі: астық деп *арпа*, *бидай*, *жүгері*, *тарының* бәрін жалпы атайды; 2) осы дақылдың дәні; Тарыны көбінесе қошқарларға

шағылыстыру кезеңінің алдында және шағылыстыру қарсаңында береді (ҚТТС, 9, 40). Қазақ тілінде “*Кімнің тарысы піссе, соның тауығы*” деген мәтел бар. Сондағы *тары* сөзін түсіндірме сөздікте берген мағынамен түсіндіруге бола ма? *Тары* сөзінің семантикалық мағынасы жағынан дамығандығын, моделдегі мағына мен түсіндірме сөздіктегі мағынасын байланыстыру үшін туыстас тілдерден, тарихи жазба ескерткіштермен салыстыру керек. Егіндік *тары* сөзі өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар, т.б. түркі тілдерінде қолданылады. Қарақалпақ тілінде де *тары* сөзі қолданылады: 1) егіннің ең соңында егілетін дәнді дақылдың бір түрі. 2) сөк болатын дән (Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4,283). Өзбек тілінде *тариқ* сөзі қолданылады. Мағынасы — дәнді дақыл (Узб.Т.И.Л. II, 127). Қырғыз тілінде *таруу* сөзі қолданылады (ҚРС, 711). Бұл сөз жазба ескерткіштерде де қолданылған. Э.И.Фазылов XIV ғасыр аралас тілдерінде жазылған әдеби ескерткіштерінде *тары* және *тарық* сөздері қатар қолданылған дейді. “Хұсрау уа Шырын” дастанында *тары* сөзі қолданылып, “дән” (зерно, зернышко) мағынасын берсе, *тарығ* сөзі “дән” (хлеб, зерно, просо) деп берген (II т., 345). “Ат тухфада” *тары* орыс тіліндегі *просо* сөзімен аударылған (Изысканный дар, 388). М.Қашғаридың “Диуанында” *тары* сөзі тек *тарық* (*таріг*) формасында қолданылған да, үш түрлі мағына білдірген. Бірінші — “дана”, “ұрық”; екінші — “бидай”, “тары” мағынасында; үшінші — жалпы “егін” мағынасында қолданылған (Диуан, индекс, 250-б). М.Қашғарида *тарығ* сөзіне сөз тудырушы түрлі қосымшалар қосылып *таріғланды* (дәнді болды), *таріғлық* (егін егетін жер), *таріғліг* — “дән сақталатын жер” (склад для зерно), *таріғліг* — “егін егетін жер”, *таріғчи* — “дихан” деген сөздер жасалынған. “Древнетюрксий словарьда” да *тарық* сөзін көрсеткен, бірақ мысалды М.Қашғаридан берген. Біздің жобалауымызша *тарық* сөзінің көне формасы *таріг//тарығ*. Түркі тілдерінде сөз соңында *к, к, ғ, г* дыбыстары түсіріліп қалдырыла береді. Салыстырыңыз, *ұлығ//ұлы, кішіг//кіші, сарығ//сары, бітіг//біті*, т.б. Демек, сөздік қорды салыстырмалы-тарихи зерттеуде біз, біріншіден, туыстас тілдердің материалдарын салыстырамыз, екіншіден, оны жазба ескерткіштердің материалдарымен салыстырамыз, үшіншіден, семантикасын салыстырамыз (жалпы *дәнді*

дақыл >бидай >тары), төртіншіден, тұлғасын анықтап, көне тұлғасына жорамал жасау.

Түркі тілдерінде сөздік қор мен сөздік құрамды салыстырмалы-тарихи әдіспен зерттеп, үлкен еңбек жасаған көптеген ғалымдар бар. Олар: Э.В.Севортян, А.М.Щербак, Э.Р.Тенищев, Э.И.Фазылов, А.К.Боровков, Э.Наджиб, К.Мұсаев, т.б. Көрнекті ғалымдар бірлесіп үлкен жинақтар да жариялады. Олар: “Исследование по сравнительной грамматики тюркских языков”. IV т. М., 1962; “Историческое развитие лексики тюркских языков”. М., 1961; “Очерки сравнительной лексики алтайских языков”. Л., 1972, т.б.

Түркі тілдерінің лексикасын салыстыра отырып зерттеген ғылыми еңбектер көп, жаңа бағытын анықтаған ғалымдар да бар. Мысалы, Н.К.Дмитриев түркі тілдеріндегі етістіктерді семантикалық жағынан салыстырып, сөйлеу етістігі, ойлау етістігі, амал-әрекет және қозғалу етістігі туралы жеке-жеке мақала жазды [142, 576-598]. Н.К.Дмитриевтің басшылығымен КСРО Ғылым академиясының Тіл білімдерінің ұжымдары “Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков” деген үлкен еңбек жариялады. Лексиканы тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы әдіспен зерттеген жұмыстарды екіге бөлуге болады: 1) сөздіктер жасау; 2) сөздерді салыстыру және оның семантикалық және қолданылу, тұлғалық көрінісін талдап, этимологиясын анықтау. Соңғы саланың көлемі кең болуы да мүмкін. Себебі лексикалық элементтердің тарихын анықтау, сөздік жұмысының дамуын дәлелдеу тек туыстас тілдерді ғана салыстырмай, басқа тілдермен де (басқа семьядағы тілдермен де) салыстырады. Мысалы, қазақ тілін қытай, араб-парсы, орыс тілдерімен салыстыру.

Түркі сөздік құрамды анықтау мақсатында сөздіктердің қызметі үлкен. Бұларды бастап берген М.Қашғари, Әбу Хайян*, екінші лек қатарында XVI–XVIII ғасырда жасаған ал-Иманий әл-Харавий, Румий, Мирза Мухамад Махдихон, Фатқали Қижар, т.б. сөздік жазған. Ал XIX ғасырда үлкен сөздіктер жазып, оны XX ғасырда жалғастырған ғалымдар да бар. Олар — Л.Будагов, В.В.Радлов, Э.К.Пекарскийлер. Л.Будаговтың сөздігі “Сравнительный словарь турецко-татарских наречий” деп аталынды да, 1869 жылы бірінші том, 1871 жылы екінші том жарияланды. Сөздіктің екінші басылымы 1960 жылы іске асырылды. Сөздік

* *Дмитриев Н.К.* Строй тюркских языков. М., 1962. 570-598-66.

кіріспесінде оны түркі (татар) тілдерінің материалдарымен салыстырылғаны, соның тарихынан мәлімет бергендігі ескертіледі. Бірінші томның екінші басылымына алғы сөз жазған академик А.Н.Кононов “Сравнительный словарьдың” мынадай үш жетістігі бар екендігін көрсеткен:

1. Көпшілік сөздердің этимологиялық түсінігін беріп отырған (олардың көпшілігі сәтті түсіндірілген);

2. Түркі терминдерінің (әкімшілік, құқықтық, ғылыми және діни т.б.) мағыналарына қысқаша түсіндірме берген, көпшілік жағдайда қажетті әдебиеттер, нақтылы мәліметтер берілген.

3. Географиялық жер атаулары, түркі халықтарының батырлық дастандары, кейіпкерлерінің атауы, өмірге байланысты қолданылатын сөздердің түсіндірмелері, этимологиялық, энциклопедиялық түсініктемелер берілген [36].

Екінші көлемді сөздік В.В.Радловтың “Опыт словаря тюркских наречий” деп аталынды да, ол бірнеше кітаптардан тұрады (1888–1911 жылдар арасында). Сөздік 1963 жылы төрт томдық (8 кітаптан тұратын) еңбек болып жарияланды. “Опыт” толық түркі сөздерінің салыстырмалы үлгісі ретінде жинақталған сөздердің қазынасы. Алғашқы томдарында салыстыру, тарихи түсіндірмесі толық болмаса да, екінші томнан бастап (Орхон жазуын оқығаннан соң) толыққанды салыстырмалы-тарихи сөздік болып шықты. Сөздіктің бірінші томында түркі тілдерінен (негізінен жанды тілдерден) мысалдар келтірген. Ал тарихи жазба ескерткіштерден “Құтадғу білік” пен көне ұйғыр жазуынан материал берген.

Қазан төңкерісіне дейінгі Ресейде жарияланған үлкен үшінші сөздік – Э.К.Пекарскийдің сөздігі. Ол “Словарь якутского языка” деп аталынды да, жұмыс 1891 жылы аяқталған. Қаржының болмауынан ол кезде баспа бетін көре алмады. Тек 1907 жылы алғашқы бөлімдері жариялана бастады. Қазан төңкерісіне дейін “Словарьдың” 5 кітабы жарияланды. 1923 жылы аяқталды. 1958 жылы Э.К.Пекарскийдің 100 жылдық мерекесіне орай сөздікті үш том (көлемі – 3858 б.) көлемінде екінші рет жариялады.

Сөздік якут (саха) тілдеріне негізделгенімен, онда басқа түркі тілдерінен де материалдар берілген. Мысалы, *быжылғы* (от *быжыл*; ср. тат. *быжылғы токушин*); *быжыт* (ср. карач. *тет*) (I, 6055); *багі*, *бақі* (ср. др-тюрк *баг*) – (I, 419); *бақа* (тюрк. *бакы*, *бақа*) (I, 323) (III, 3036) т.б.

XX ғасырда В.В.Радловтың сөздігінен үлкен, бірнеше тілдердің материалдарын салыстыра қарастырған көлемді көп томдық сөздіктер жасалмаса да, салыстырмалы-тарихи лексиканы зерттеу үшін материалдар берген, тарихи, тарихи-салыстырмалы, тіпті, түсіндірмелі сөздіктер жарық көрді. Сондай сөздіктің бірі — “Көне түркі сөздігі” (Древне-тюркский словарь. Л., 1969). Онда Орхон-Енисей жазба ескерткіштерден бастап соңғы кезде жазылған ескерткіштермен (М.Қашғари, Хас Хажыб, “Оғыз-нама”, “Мухаббат-нама”) материал берген. Бұрынғы Кеңес құрамында болған түркі тілдерінің бірнеше тарихи сөздіктері де жарияланды. Түркі дәуірінде арнайы зерттеулер жасап, өз дәуіріндегі ескерткіштердің грамматикалық жүйесін зерттеумен бірге сөздігін де жасады. Олар: Э.Наджиб, Э.И.Фазылов, Ә.Құрышжанов, А.К.Боровков, А.М.Щербак, А.Ибатов, К.Махмудов, З.Мухамедова, А.Зайончковский, Н.А.Расулова, Ш.А.Файзуллаева, М.Т.Зияева.

Салыстырмалы-тарихи зерттеудің бір саласы — этимологиялық сөздіктер. Қазір көпшілікке белгілі болған Дж.Клоусонның түркі тілдерінің сөздігі мен Э.В.Севортянның сөздігі. Клоусонның сөздігі ағылшын тілінде жазылғандықтан көпшіліктің (түркі тілдес халықтардың) кітабы бола алмады. Нақ осындай тағдырды Г.Дерфердің, Г.Вамберидің сөздігі де бастан кешіруде [65; 26; 40; 41; 42]. Э.В.Севортянның этимологиясы барлық түркі тілдерінің сөздігін қамтуды жоспар еткен, бірақ автордың мезгілсіз қайтыс болуы жұмысты тоқтатты. Қазірше 4 томы ғана (төртінші томы Л.С.Левитская басшылығымен жарияланған) жарық көрді [164].

Түркі тілдеріндегі сөздерді этимологиясы жағынан, тарихи жағынан тілдегі орнын анықтау және қолданылу, лексикалық, стилдік ерекшелігін ғылыми негізде зерттеген ғалымдардың саны біршама. Олар: А.Н.Кононов, А.М.Щербак, К.М.Мұсаев, Э.Тенишев, М.Муталибов, М.Ширалиев, В.Г.Егоров, Н.К.Антонов, В.И.Рассадин, М.Хабичев, Н.З.Гаджиева, Ғ.Айдаров, Ф.Зияев, т.б.

Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасын дамытуға қызмет еткен ғалымдар әр елдің тілшілері арасынан табылады. Олар: А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Б.А.Серебрянников, Н.З.Гаджиева, К.М.Мұсаев, А.А.Юлдашев, Б.Чарияров, Ғ.Абдурахманов, А.Рустамов, А.Батманов, А.К.Боровков, Е.С.Малов, Ә.Қайдаров, М.Оразов, Б.Орузбаева, К.Юдахин, М.Закиев, Дж.Киекбаев, Ф.Г.Исхаков, Е.И.Убрятова, т.б.

ҮШІНШІ ТАРАУ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

жалпы мәлімет

Түркі халықтарының Отаны жер шарының екі материгі — Азия мен Еуропа. Дегенмен басым көпшілігі Азия болып саналады. Оған себеп — көпшілік түркілер осы жерлерді мекендейді, екіншіден, тарихи тамыры да осы құрылықта. Ал Еуропадағы түркілер, негізінен, оның оңтүстігінде орналасқан да, Еділ мен Кавказ тауларының етегін мекендеген. Егер қазіргі кездегі түркі тайпаларының таралу географиясын сөз етсек, онда олар жер шарының барлық бөлігінде өмір сүреді деуге болады. Мысалы, С.И.Бруктың зерттеуінше, Африкада 25 мың, Америкада 75 мың, Австралияда 12 мың түркі тілді адам өмір сүреді. Бұл 1981 жылға дейінгі ақпараттан алынған. Ал Батыс Еуропада 2195 мыңдай түркілер бар екен. Оларды бұл жерлерге бару себебі көне дәуірде жер бөлу, соғыспен барған болса, ХХ ғасырдан бастап саяси қуғын-сүргінге түскендер немесе экономикалық жағдайлармен барғандар. Қазақ ғалымы М.Тәгімов 1991 жылғы “Ана тілі” газетінде түркі халықтарының санын былай көрсетеді: “Дүние жүзіндегі түркілер — 55 млн., өзбекте — 19,8 млн., қазақтар — 10,3 млн., ұйғырлар — 7,9 млн., татарлар — 7,2 млн., түрікмендер — 4,7 млн., қырғыздар — 3, млн., чуваштар — 1,9 млн., башқұрттар — 1,8 млн., т.б.” Қолымыздағы ақпарат көздері дұрыс сан бермейді. Салыстырыңыз, С.Бруктың көрсетуінше, өзбектердің жалпы саны 13750 мың, қырғыздардың жалпы саны 2 млн. 040 мың, қазақтардың жалпы саны 8 млн.-ға жуық. 1999 жылы Түркиядан шыққан “Қазіргі түркі лақшалары” деген еңбектің көрсетуінше, өзбектердің жалпы саны 21 млн., ұйғырлар 17 млн., қазақтар 11 млн., т.б. Демек, үш бұлақтың көрсетуі үш түрлі. Бір нәрсе анық — түркі халықтары сан жағынан Қытай мен үнді халықтарынан кейін жоғарғы сатыда тұратыны.

Қай халықтың тілі болмасын сол халықпен бірге өмір сүреді. Халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайы өзгеруімен бірге сол халықтың тілі де өзгере бермейді. Себебі, экономикалық, әлеуметтік заңдылық өз алдына, тілдің өз даму заңдылығы бар, біріне екіншісі тікелей байланысты болмайды. Әлеуметтік тіл білімі өкілдерінің тіл мен қоғам байланысты деген сөзі тілдің фонетикалық заңдылығы қоғамдық формацияның өзгеруімен байланысты, ол дыбыстардың өзгеруіне ықпал етеді деген сөз емес. Қоғамның дамуы, экономикалық деңгейдің өсуі тілдің сөздік құрамының өзгеруін, жаңа тіркестердің жасалуын, жаңа сөздердің “өмірге келуін”, жаңа сөйлем түрлерінің пайда болуын талап етеді. Мысалы, қазақ қоғамындағы Кеңес дәуірінде кей ұғымдарды, кей салт-сана, әдеттерді істеуге жол берілмеді, атаулар ұмытыла бастады (*беташар, отқа май салу, шаш сипау, бесікке салу, тұсау кесу*, т.б.). Оның орнына жаңа әдет-салт қалыптаса бастады. Мысалы, *сақина салу, ЗАГС-ке бару, өкіл ата*, т.б. Кеңес өкіметі экономикалық қарым-қатынасты өзгертті, жаңа атауларды өмірге алып келді. Олар *кеңсе (контор), милиция, сот, бригадир, колхоз, совхоз, райком, пойыз, ұжым*, т.б. Бір халық өзінің даму тарихында бірнеше халықтармен қарым-қатынаста болды, бір халық көрші халықтың тіліне ықпалын тигізуі мүмкін. Тіпті, кейбір халықтар уақыт өтуімен байланысты өз тілінде сөйлемей, көрші халықтардың тілін қабылдап, басқа тілді халық ретінде қалыптасты. Бұған Сібірдегі кеттердің бір кезде түркі тілін қабылдағандығы, венгерлердің (мадьяр) тілі өзгеріп, роман-герман тілдерінің сипатын қабылдауы мысал бола алады. Кейбір тілдер өзінің ана тілдік сипатын сақтаса да, көрші тілдерден көптеген элементтер қабылдап, жіті өзгеріске түсуі де мүмкін. Мысал ретінде олардың қатарына чуваш тілі мен саха тілдерін көрсетуге болады. Олар монғол тілдерінің шырмауында ұзақ болып, өзара қатынасып өзгеріске түссе, өзбектер мен ұйғыр тілдері басқа тілдерге қарағанда араб-парсы тілдерінің ықпалында болды.

Адамзаттың алғашқы даму сатысындағы балаң кезіндегі тілінің фонетикалық, грамматикалық жүйесі, алғашқы сөздер туралы жалпы түсінігіміз болмаса, нақтылы фактілеріміз жоқ. Бірақ үлкен тайпалар не тайпалар одағының тілін анықтап,

тілдік құрылымын дәлелдеп бере алатын материалдарымыз баршылық. Сондықтан да үлкен-үлкен тайпалар тілі және олардың диалектілік, говорлық ерекшеліктеріне сүйене отырып, қазіргі кей диалектілік материалдармен салыстыра қарап, ертеректегі тілдің бейнесін, қалпын жасауға мүмкіндігіміз бар. Әсіресе, түркі тілдері негізінде ондай мүмкіндік молырақ.

Түркі тілдес тайпалар, рулар одағының жазба материалдары біздің заманымыздың V—VI ғасырларына барып тіреледі. Сондықтан да осы дәуірден бастап түркі тілдерінің материалдарын салыстырмалы-тарихи зерттеулерге арқау етуге болады. Осы екі дәуір материалымен салыстыру нәтижесінде түркі тілдерінің әр дәуірдегі даму дәрежесін анықтауға болады. Түркі халықтары тарихына зер салар болсақ, ру мен тайпалар одағы бірде қосылып, араласып жатса, бірде бөлініп шығып, өз алдына отау тігіп жататындығын байқауға болады. Түркі тайпалары да нақ осындай, кейде бірігіп, бір-бірімен араласып, тайпалар одағын жасап жатса, кейде жауласып, аралары алашақтап, алыстап кететін де болған.

Түрлі ру-тайпалардың бірігіп, тайпалар одағын құруы келешекте халықтың қалыптасуына негіз жасаған, осының нәтижесінде сол ру-тайпалардың тілдік ерекшелігі өзара жақындаса келіп, бір тұтас тілге айналады, яғни әр басқа тілде сөйлейтін ру мен тайпалардың бір тілде сөйлеуіне мүмкіндік туады. Әрине, бұл процесс түрлі әлеуметтік, экономикалық және тарихи жағдайлармен тығыз байланысты. Ал, тайпалар одағының ыдырауы өз ретімен жеке тайпалардың бөлініп шығуына және жеке тайпалық тілдердің жасалуына негіз болады. Кейде бұл сияқты қосылу, ыдырау — дифференциация, интеграция процестері бірнеше қайталанып отыруы да мүмкін. Тайпалар одағының тұрақтылығын сақтағандығы, ал кей тайпалар одағының тез ыдырап, бірнеше бөлініп кеткендігі тарихтан аян. Мысалы, оғыздар ұзақ уақыт бойына өздерінің Жетісу, Сырдария бойларындағы одағын бұзбай сақтап келіп, тек IX ғасырдың соңында ғана екіге (батыс және шығыс оғыздар болып) бөлінген. Тайпалар одағының ұзақ өмір сүруі сол тайпалардың этникалық құрамымен де, тарихи жағдайларымен де тікелей байланысты.

Түркі халықтарының көне тарихына көз жіберетін болсақ, олар бірнеше тайпа және тайпалар одағынан құралған; олар

бірде одақтасып бірігіп отырса, бірде жауласып, араларын алшақтатып отырған. Алтай, Саян таулары мен қазіргі Монғолия жерінде орналасқан түркі тайпалары сөздік қоры мен грамматикалық құрылымы бір, негізі бір тілде сөйлеп, қарым-қатынас жасап келсе де, уақыттың озуымен байланысты өзіндік ерекшеліктері бар жеке-жеке түркі тілдеріне жіктеле бастайды, бірақ сатылай байланысып, туыстығын сақтайды.

Туыстас тілдердің сатылай байланысуы, алыстауы мен жақындауы сол қауымдағы әрбір халықтың тарихына тікелей қатысты. Алғашқы ру, тайпа, тайпалар одағының қосылуы тарихи-қоғамдық процесс болса, әрбір ру мен тайпалардың қалыптасуы да сондай процесс. Кейбір тайпалар жеке рулардың бірлестігі негізінде құралады да, олардан бірте-бірте қол үзіп кетеді. Осыған орай тайпалар одағы қолданған жалпы тілде жеке рулар тіліндегі ерекшеліктердің сақталуы да, сақталмауы да мүмкін. М.Қашғари “Сөздігінде” кездесетін тайпалар тіліндегі ерекшелікті осы тұрғыдан түсіну керек. Егер қазіргі түркі тілдерінің о бастағы негізі болып саналатын жалпы түркі тілінің (баба тіліміздің) үлгісі жасалынса (ондай тілдің болған-болмағаны әзірше белгісіз), оның тек басты-басты заң-дылықтарына ғана сүйенуге болады. Сондықтан да түркі тілдеріне негіз болған тіл — “жалпы түркі тілі” деген шартты түсінік қана.

Қазіргі түркі тілдерінің арасында сатылай байланыс, бір-біріне жақындығы сақталған. Мысалы, қазақ тілі дыбыстар жүйесі жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да, сөздік құрамы жағынан да қарақалпақ пен ноғай тілдеріне жақын. Сондықтан да Н.А.Баскаков осы үш тілді түркі тілінің қыпшақ-ноғай тобына қосқан. Бұл үш тіл басқа түркі тілдеріне қарағанда татар, башқұрт тілдерімен жақынырақ. Татар, башқұрт тілдері де өзара жақын тілдер. Ал қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары Ноғай Ордасынан бөлініп шығып, өз алдарына XIV—XV ғасырларда халық болып қалыптасқаны белгілі. Сатылай байланыс көне дәуірге жақындаған сайын қанатын кеңірек жайып, бірнеше тайпалар одағын қамти береді. Егер Орта Азия халықтары мен Кавказдағы түркі тілдес халықтар бір кездерде түркі тілдерінің батыс хун тобын құрағандығын еске алсақ, басқа дәлелдің керегі болмас.

Жеке түркі тілдерінің қалыптасу дәуірлері әр түрлі. Олардың кейбіреулері ерте қалыптасып, өз іргесін басқалардан

бұрынырақ алыстатқан болса, енді біреулері ортақ тіл қауымынан соңғы дәуірлерде (XIV–XVI ғғ.) ғана бөлініп шыққан. Бұған түрлі оқиғалар, әсіресе, сол халықтың экономикалық жағдайлары себеп болған. Мәселен, ұзақ уақыт көшіп жүрген, мал шаруашылығын кәсіп еткен халықтарда тайпалық тілдердегі ала-құлалықтар тез жойылса (мысалы, қазақ тілі), жермен байланысты, егін шаруашылығын кәсіп еткен (мысалы, өзбек) халықтар тілінде ұзақ уақыт сақталынған. Кей халықтардың этникалық құрамы әр түрлі болып келсе, кейбіреулерінікі тұтас, бірыңғай болады. Бұл жағдайдың да тілдің қалыптасуына, тілдік ерекшеліктердің пайда болуына, сақталуына ықпалы бар.

Түркітанушы ғалымдар түркі тілдерінің даму кезеңдерін белгілі кезеңдерге бөліп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін анықтауға әрекет етіп келеді. Мысалы, Н.А.Баскаков түркі тілдерін дамуы мен қалыптасуына қарай 6 кезеңге бөлген: 1) Алтай дәуірі; 2) Хун дәуірі (V ғасырға дейін); 3) Көне түркі дәуірі (V–X ғасырлар); 4) Орта түркі дәуірі немесе негізгі түркі тайпаларының дамуы мен қалыптасу дәуірі (X–XV ғасырлар); 5) Жаңа түркі дәуірі немесе түркі халықтарының қалыптасуы мен даму дәуірі (XV–XX ғасырлар); 6) Ең жаңа дәуір немесе түркі тілдерінің Қазан социалистік төңкерісінен кейінгі даму дәуірі [20, 148; 21, 109]. Н.А.Баскаковтың бұл пікірін ғалымдардың көбісі-ақ қолдайды, бірақ онымен келіспеушілер де жоқ емес. Мәселен, біраз ғалымдар түркі тілдерінің Алтай дәуірін мойындамайды. Алайда біз түркі тілдерінің қалыптасуын Н.А.Баскаковтың дәуірлерге бөлуіне сүйене қарастырамыз.

1. Түркі тілдерінің қалыптасуындағы Алтай дәуірі

Түркі тілінің дамуындағы Алтай дәуірі – мерзімі жағынан әлі анықталмаған, ғалымдардың арасында дау туғызып келе жатқан мәселелердің бірі. Тілдерді салыстырмалы-тарихи тәсілмен зерттеп, туыстық жақындығын анықтағанда олардың ортақ белгілеріне сүйену қажеттігі жоғарыда айтылған болатын. Осындай туыстық белгілер түркі-монғол тілдерінің арасында да бар және олар фонетика жүйесінде де, лексика мен грамматикалық құрамында да кездесетіндігін ескере келіп, бір

төп ғалымдар “түркі тілдері өз алдына бөлініп шыққанға дейін алтай тілдері тобында болған” деген топшылау айтады. Олар алтай тілдері тобындағы тілдерден: 1) түркі-монғол тілдері; 2) тунгус-маньчжур тілдері; 3) жапон-корей тілдері бөлініп шықты деген болжамды ортаға салады. Ал Х.Винклер, С.М.Широкогоров, Б.Колиндер, М.Рясянен, Д.Шинор, А.Дильачар сияқты ғалымдар тіпті алтай тіл бірлестігінен де арыға барып, орал-алтай тіл бірлестігі теориясын ұсынады.

Бұл жоба бойынша: бір кездерде, уақыт кезеңі анықталмаған дәуірде орал тілдері мен алтай тілдері генеологиялық жағынан туыстас болған. Тайпалар одағының ыдырауы негізінде орал тілдері алтай тілдерінен бөлініп шыққан. Өз ретінде, уақыттың өтуіне байланысты, орал тілдері екі топқа (угро-финн және самоди) ыдыраған. Алтай тілдері жоғарыда айтылған үш тармаққа бөлінген.

Орал-алтай тіл бірлестігін халықтардың этникалық құрамы жағынан да дәлелдеуге болады. Эстон ғалымы Ф.Видеман угро-финн халықтары (чуд халықтары) ертеректе Орта Азияда татар, монғол, мәншіжүр халықтарымен көрші өмір сүрген деген жорамал айтса, М.Кастрен (алтай теориясының негізін салушылардың бірі) угро-финдер Алтай, Саян тауларының айналасында, Орта Азияда, Обь, Ертіс, Енисей өзендерінің сағаларында өмір сүрген дейді. Бірақ кейінгі археологиялық зерттеулер бұл пікірлерді әлі дәлелдеп бере алған жоқ.

Орал-алтай тіл бірлестігі жайындағы пікірлерге негіз болатын бұл тілдерде ұқсастықтар бар. Мысалы: дауысты дыбыстардың үндесуі, дауыстылардың ассимиляциясы, түбірдегі үнді дыбыстардың біршама ұқсастығы, жалғамалылық белгісі, жалпылық мағыналы түбірдің жекеше формасы арқылы беру мүмкіндігі, атау септігінің, тәуелдік жалғауының болуы, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыштардың өздері қатысты сөздердің алдында тұруы, сандық сәйкестіктің болмауы, құрмалас сөйлемдердің көсемше, есімше формаларымен құрмаласуы, т.б. Бұл сияқты ұқсастықтар қаншалықты қызықты болғанымен, типологиялық ұқсастықтан асып түсе алмайды. Себебі бұл тілдер аралығында дыбыстық немесе формалық сәйкестік жоқ.

Орал-алтай тіл бірлестігінен гөрі “алтай тілдері” деген түсінік қазіргі тіл біліміне сіңісіп, көптеген қолдаушылар

тауып отыр. Қазіргі кезде алтайтанушы ғалымдардың халықаралық комитеті (Международный алтаистический комитет) және оның жыл сайын өтетін конференциясы (Постоянная интернациональная алтаистическая конференция – ПИАК) бар. Алғаш рет орал-алтай тіл бірлестігі теориясының негізін салған І Пердің кезінде тұтқын болған швед офицері Ф.И.Табберт-Страленберг болатын. Сібірде ұзақ уақыт өмір сүріп, ол орал-алтай тілдерінің типологиялық ұқсастығына алғаш көңіл аударып, 1730 жылы өз еліне келген соң ол туралы еңбек жариялаған. Бұл теорияның қолдаушылары болғанымен, айтарлықтай табысқа ие бола қойған жоқ. Кей ғалымдар (мысалы, Ю.Немет, Б.Коллиндер, М.Рясянен) орал-алтай тілдерінің ұқсас белгілерін, даулы мәселелерін дұрыс көрсете білді. Мысалы, Ю.Немет 300-ге жақын орал-алтай тілдеріндегі ұқсас элементтерді тауып, олар не ертедегі туыстықтың бір белгісі, не ертедегі қарым-қатынасқа байланысты тіл арасындағы ауыс-түйіс болуы ықтимал деген қорытынды жасайды.

Салыстырмалы-тарихи зерттеулер алтай тілдерінің деректерінде көптеген ұқсас келетін тілдік материалдардың барлығын анықтады. Жалпы, алтай тілдері бірлігінің құрамына енген тілдерде дыбыс үндестігі, екпіннің тұрақтылығы, жалғамалы тіл болуы, сөз алдынан келетін көмекші сөздердің (предлогтардың) болмауы, жыныс (род) категориясының болмауы, т.б. Көпшілік тілшілер алтай тіл бірлігін анықтауда дыбыстық сәйкестікке көбірек көңіл бөледі. Мысалы, Н.А.Баскаков осындай белгінің бірі ретінде тунгус тіліндегі *m* дыбысы мен мәншіжүр тіліндегі *s* дыбыстарының *u* дыбысының алдында тұрғанда түркі тілдеріндегі *ч*, *ш* дыбыстарымен сәйкес келетіндігін көрсетеді [20, 149; 117; 112; 113]. Түркі, монғол және тунгус-мәншіжүр тілдерін салыстыратын болсақ, бұл типтегі фонетикалық сәйкестіктер басқа дыбыстар арасында да байқалады. Мысалы, сөз басында түркі, монғол тілдеріндегі *d* дыбысына тунгус-мәншіжүр тілінде *з*, көріс тілінде *ч* дыбысы сәкес келеді. Салыстырыңыз: түркі тілдерінде *дуз* (*тұз*), монғолша *dabusun* (*dabu-sun*), тунгус-маньчжур тілінде *зижар*, сөз басында *к*, *к*, *х*, *п*, *б*, сөз ортасында *с*, *з*, *д*, *т* дыбыстарының сәйкес келуі байқалады. А.М.Щербак алтай тілдеріндегі бұндай сәйкестікті

типологиялық (генетикалық емес) сәйкестік деген де болатын. Мұндай салыстыра зерттеулер лексика, морфология және синтаксис салалары бойынша да жүргізілген. Г.И.Рамстедт сияқты ғалымдар алтай тілдерінің барлық саласы бойынша зерттеу жүргізіп, олардың басқа да туыстық белгісін ашқан. Бірақ алтай тілі теориясын қолдаушылардың барлығын да бірізді пікірде деуге болмайды. Бір топ алтайтанушылар (Б.Я.Владимиров, Е.Д.Поливанов, Н.Н.Поппе, Г.И.Рамстедт т.б.) алтай тілдерін тегі бір туыс тілдер деп санаса, екінші бір топ алтайтанушылар (В.Л.Котвич, Л.Лигети, Дж.Клоусон, т.б.) алтай тілдеріндегі ұқсастық — типологиялық ұқсастық деп санайды. Кеңес ғалымдары ішінен алтай теориясына өз үлестерін қосып, түрліше пікір айтып келе жатқандар: А.Н.Баскаков, Г.Д.Санжиев, Дж.Киекбаев, Ш.Ш.Сарыбаев, В.И.Цинциус, О.П.Суник, К.А.Новикова, И.В.Кормушин, Д.М.Насилов тағы басқалар. Бұл теорияға байланысты Н.А.Баскаков, Дж.Киекбаев, т.б. еңбектерінен басқа [87; 117; 112; 113] арнаулы жинақтар да жарық көрді*.

Кеңес мамандары арасында да, шетел ғалымдары ішінде де алтай тілі теориясына сенімсіздікпен қарайтындар да жоқ емес. Мысалы, белгілі түрколог А.И.Щербактың пікірінше, алтай тілдеріндегі ұқсастықтар олардың генетикалық туыстығына байланысты емес, олар ұзақ мерзімді қарым-қатынастың негізінде ғана пайда болған делінеді. “Түркі, монғол және түнгүс-мәншіжүр тілдерінің арасындағы ұқсастықтар қандай қатынас негізінде қалыптасты?” деген сауалға ол өзінше жауап береді [206, 11]. Түркі халықтарының тарихында монғол тайпалары мен түркі тілдес тайпалардың араласып, бір мемлекет құрамына еніп немесе одақтаса өмір сүріп, тығыз қатынаста болғаны белгілі. Алғаш Орталық Азияда өмір сүрген тайпалар туралы деректерде (түркі тілдес *хунну*, монғол тілдес *дун-ху*, палеазиат тілдес *дун-и* тайпалар) көрші өмір сүріп, бірі екіншісін жаулап алып отырған. Мұндай қатынас соңғы хун дәуіріне де жалғасады.

* Проблема общности алтайских языков. Л., 1971; Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков. Л., 1972; Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. Л., 1978; Исследования в области этимологии алтайских языков. Л., 1979; Алтайские этимологии. Л., 1984.

Түркі-монғол тайпаларындағы жоғарыдағыдай аралас-құралас отырған жағдайларды да есепке алған жөн. Дж.Клоусонның пікірін негізге ала отырып, А.М.Щербак түркі тілдері мен монғол тілдері арасындағы 3 түрлі араласуды атап көрсетеді. Олар: IV–VII ғасыр; VIII–XII ғасыр және XIII–XIV ғасыр аралығындағы араласулар [206]. Монғолдар мен түркі тайпаларының араласуы бұл дәуірлерден кейін де болғандығы тарихтан мәлім. Мысалы, қазіргі тувалардың дархаттармен, буряттардың якуттармен, ойраттар мен Алтайда тұратын түркі тілдес халықтардың арасындағы қатынас соңғы кезге дейін үзілмей келді. Сондай-ақ “Ақтабан шұбырынды” кезіндегі ойрат-қалмақтар мен қазақтардың тілдік тоғысуын мысал ретінде көрсетуге болады. Бірақ тілдік қасиеттер тілдердің ұқсастығына негіз бола алмайды және олар тілдің барлық деңгейлерінде байқалмайды. Егер ондай ұқсастық байқалса, олар белгілі бір заңдылыққа бағынбайды, жүйелілікке ие бола алмайды. Сондықтан да соңғы кездерде түркі-монғол тілдерінің қандық туыстығы бар деген пікірді қолдаушылардың саны көбейді.

Сөйтіп, алтай тілдерінің туыстығы туралы пікірді жинақтап, екі топқа бөлуге болады. Бір топ ғалымдар Г.И.Рамстедтің пікіріне қосылып, алтай тобына енетін тілдердің (түркі-монғол, түнгүс-мәншіжүр, көріс-жапон) қандық туыстығын мойындайды. Олар (В.В.Владимиров, Е.Д.Поливанов, Н.Н.Поппе, Н.А.Баскаков, О.П.Суник, І.Кеңесбаев, Ш.Ш.Сарыбаев, т.б.) алтай тілдері бір негізден тараған, сондықтан да ортақ негізді мойындауға олар мүмкіндік береді десе, екінші бір топ ғалымдар В.А.Котвичтің пікіріне сүйеніп, о баста өзара көрші орналасқан тілдер генеологиялық жағынан туыстығы болмаса да, талай ғасыр бойы араласу негізінде жаңа қасиетке ие болған дейді. Сондықтан да олар (Л.Лигети, Г.Д.Санжиев, Т.А.Бертагаев, т.б.) алтай тілдеріндегі ұқсастық туыстық қандық негізде емес, кірме материалдар негізінде қалыптасқан деп тұжырымдайды. Дегенмен де түркі және монғол тілдерінде кездесетін жүздеген, мыңдаған ортақ қасиеттердің бәрін де кірме материалдар деп қарауға болмайтын сияқты. Біріншіден, мұндай ортақ қасиеттердің саны өте көп. Екіншіден, ортақ элементтердің бәрі де белгілі бір

(фонетикалық, грамматикалық) заңдылықтар бойынша қайталанып отырады. Үшіншіден, ортақ ұқсастықтар тілдің барлық деңгейінде, әсіресе негізгі түбір құрамында көптеп кездеседі. Егер оған диалектілердегі ұқсас белгілерді қоссақ, ортақ дүниенің едәуір көбейетіндігіне күмән жоқ.

Сонда да алтай тілдерінің туыстығы туралы пікір бір түйінге келген жоқ, әлі де болса дау туғызатын, зерттей түсуді қажет ететін мәселелер аз емес. Ал түркі тілдері мен монғол тілдерінің туыстығы туралы мәселе дәлелденген деуге болады. Тұңғұс-мәншіжүр тілдерінің түркі тілдерімен туыстығын әлі де болса дәлелдеуді қажет ететін жәйттері молдау. Көріс, жапон тілдерін алтай тілдерін құрамына қосу мәселесі әлі шешілмеген.

Алтай тілдерінің туыстығын дәлелдейтін фактілерді ғалымдар лексикадан да, фонетика мен грамматика саласынан да көптеп келтіріп жүр. Салыстырмалы-тарихи зерттеудің тиімді жері осы орайда жақсы байқалады.

Лексикадағы ұқсастық. Лексика – тілдің өзгеріске ең бейім саласы. Сондықтан тіл мен тіл арасындағы лексикалық ауыс-түйістер басқа элементтерге қарағанда көбірек кездеседі, осы қасиетіне байланысты қандық туыстықты анықтауда лексикалық сәйкестік қажетті бір көрсеткіш болса да, шешуші түйін болып саналмайды. Егер кез келген тілдің сөздік құрамына көз салып қарайтын болсақ, олардың барлық саласы бірдей өзгеріске түсіп, ауыса бермейді екен. Олардың ішінде тұрақтылары да, өзгергіштері де кездеседі. Сондай біршама тұрақты лексика-тақырыптық топқа – туысқандық атаулары, дене мүше атаулары, күнделікті тіршілікке байланысты тұрмыстық атаулар, т.б. жатады. Ал, етістік болса, зат есімдерге қарағанда әлдеқайда тұрақты, тіпті, ол – бір тілден екінші тілге мүлдем ауыспайтын категория. Сондықтан да түркі-монғол тілдеріндегі туыстықты, ортақтықты, параллелдікті анықтау үшін ғалымдар, әдетте, төмендегі лексика-тақырыптық топтарды көбірек салыстыра зерттейді.

Туысқандық атаулар. Туысқандық атаулардың өздері де семантикасына қарай: а) қандық туысқандық және б) некемен байланысты туысқандық болып екіге бөлінеді екен.

1. Қандық туысқандыққа: *ата, ана, әке, іні, аға, қарындас, сіңлі, бөле, ұл, қыз*, т.б. сөздер жатады.

Монғол тілінде *ав* сөзі “әке” мағынасында қолданылады. Көне жазба монғол тілінде бұл сөздің *ава* түрі де кездеседі. *Аба* сөзі хакас, қырғыз, алтай, татар, башқұрт, түрікмен тілдерінде де бар. В.В.Радлов *аба* сөзінің “отец, предок, дядя со стороны отца, старший брат” (Опыт. I, 620) сияқты мағынасын көрсетеді. Сондай-ақ монғол тілінде *авака*, түрікмен тіліндегі *абга* – жасы үлкен адамдарға байланысты айтылатын сөз. Ал, монғол тіліндегі *авгай* – қыздардың жасы үлкен анасына байланысты қолданатын сөзі. Түрікмендердің сөйлеу тілінде *аба* “әке” мағынасын білдіреді. Көне түркі тілдеріне тиісті жазба ескерткіштерде *аба//ава* сөздері “предки, прородитель”, сондай-ақ, “ата”, “апа” мағынасында қолданылған [60]. Демек, *аба* сөзі “арғы ата” мағынасынан “ата-ана” мағынасына ауысып, одан кей тілдерде жалпы жасы үлкен адамдарға байланысты қолданылатын болған. Қазіргі татар тіліндегі *абзый*, қазақ тіліндегі *абысын* сөздерінің түбірі осы *аба* сөзімен байланысты болса керек. Э.В.Севортян *ава* сөзін *ана* (мать) сөзімен түбірлес деп санайды. Түркі тілдерінің фонетикалық заңдылығы негізінде *б* мен *п* дыбыстарының алмасуын дәлелдеуге болады [164, I, 54]. Якут тілінде *абақа* сөзі 1) “белгілі бір рудың қарт адамы”, 2) “өлкенің үлкен ағасы” сияқты мағынаны береді (Э.К.Пекарский. I, 2). Монғол тілдерінде *ав(а)* қандық туыстықты білдіреді де, жасы үлкендерге байланысты айтылады. Монғол тілінде бұл сөздің созылыңқы дауысты дыбыспен де (*аав*), қысқа дауысты дыбыспен де (*ав*) айтылатын нұсқасы бар. Бір ескертетін жағдай: монғол тілінде *аба* “әке” мағынасында қолданылса, *аву* “әкенің інісі”, тіпті “бала” мағынасында да қолданылады [178, 313].

Қазақ тіліндегі *ене* сөзі қандық туыстықты емес, неке арқылы болған туыстықты білдіреді (ерлі-зайыптылардың аналары бір-біріне *ене* болады). Басқа түркі тілдерінде *ене* “апа” т.б. мағыналарда қолданылады. Салыстырыңыз: түрікмен тілінде *энэ* – “әкесінің әкесі”; қырғыз тілінде *энэ* – “ана” мағынасында. Э.В.Севортян өзінің этимологиялық сөздігінде *ене* сөзінің 8 түрлі мағынасын айта келіп, *ене* сөзін *ана* сөзімен байланыстырады [164, I, 278-281].

Монғол тілінде “ана” мағынасында *эх(е)* сөзі қолданылады. *Эхе* сөзі, түркі тілдеріндегі *ене* сөзі сияқты,

тек адамға ғана емес, жан-жануарға да байланысты қолданылады. Қазақ тіліндегі “*енесіне асыққан құлындай*” деген тіркесте де *ене* “құлынның анасы” мағынасында қолданылып тұр. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ене* сөзінің “бала тапқан ана”, “шеше” мағынасын ауыс мағынасы деп көрсеткен. Ал дұрысы – бұл оның о бастағы мағынасы болса керек. Монғол тіліндегі *эх(е)* – “мал, матка, маточное поголовье” [126, 682] жоғарыда келтірілген қазақ тіліндегі мысалымызға сәйкес келеді.

Эне сөзі түнгүс-мәншіжүрде бар. Оларда бұл сөздің *эни//энэ//эннэ//эникэ//эниэнэ* формалары қолданылады да, мағынасы “ана”, “апа”, “әже” сөздерімен тең түсіп жатады [197, 27]. В.И.Цинциус монғол тілдеріндегі *эмэ, энэ* сөздері мен *экэ(эхэ)* сөздерін түбірлес сөздер деп қарайды.

Аға сөзі түркі тілдерінің көпшілігінде жасы үлкен, туыс ер адамға байланысты қолданылады. Тек якут тілінде *аға* “әке” мағынасында қолданылады. Э.К.Пекарскийдің сөздігінде *ақа* сөзінің “жас жағынан үлкен адам”, “әке”, “басшы”, “діни қызметкер”, “поп” (священник) мағыналары көрсетілген (Говорь язык., 1,12-13). Басқа түркі тілдерінде де *аға* сөзі (түбірдегі *ғ* дыбысы *г, қ, х* дыбыстарымен алмасып) қолданылады. Сонымен бірге *аға* түбірінен бірнеше туынды сөздер жасалынған. Мысалы, түрікше *адавсу* (үлкен аға), өзірбайжанша *ағатай* (еркелету), қазақша *ағалық, ағатай, ағайын* (аға-іні), т.б. Егер осы сөздің түркі тілдеріндегі мағынасын салыстырып, сұрыптайтын болсақ: 1) жасы үлкен ер адам; 2) туыстық қатысы болмаса да, жасы үлкен ер адам (қазақ тіліндегі *аға* және *ағай* сөздері); 3) баба (дед), ата (қарашай-балқар, алтай, түрік тілдерінде); 4) жасы үлкен туысқан қыз-апай (ертеде); 5) әке (якут тілінде); 6) жасы үлкен қарт адам (якут тілінде); 7) поп, діни қызметкерлер (якут тілінде). Монғол тілдерінде *аха* – “жасы үлкен адам”, “аға”; көне монғол тілінде – “жасы үлкен құрметті адам” мағынасында қолданылады. Қазіргі бурят тілінде *ахай* – “жасы үлкен аға”, “мырза”; диалектілерінде “әке”, “апа”, “жеңге” мағынасында да қолданылады. Сондай-ақ, *аға (ака)* сөзі түнгүс-мәншіжүр тілдерінде де түркі тілдерімен мағыналас.

Э.В.Севортян *аға* сөзін *әке* сөзімен байланыстырып, екі сөзді де негізгі *ақ-, оқ-* (қартаю) етістігінен өрбіген деген

пікір айтады [164, 122]. Егер *ақ* түбірінің көне түркі тілінде шынымен-ақ “қартаю”, “жас ұлғаю”, “қарт”, “ересек” деген синкретикалық мағынасы болса, онда қазақ тіліндегі “қосағынмен қоса ағар” деген алғыстың *ағар* сөзі де *ақ* түбірімен төркіндес болуы ықтимал.

Бөле сөзі қазақ тілінде “бірге туған апалы-сіңлілі кісілердің балалары арасындағы туыстық қатынасты” білдіреді. Нақ осы мағынада *бөле* сөзі (түрлі фонетикалық өзгерістерімен) қарақалпақ, қырғыз, хакас, алтай тілдерінде де кездеседі. Ал басқа түркі тілдерінде *ол* (*бөле*) “ағасының әйелі”, “жеңге”; “нағашыларының әйелі” (гагауз, түрік тілдерінде), башқұрт тілінде “шөбере” (правнук) мағынасында болса, якут тілінде *bila* (*nila*) “семья” мағынасын беретін ыңғайда қолданылады (Э.К.Пекарский. Т.І., С. 463).

Монғол тілдерінде де анасы туыс балаларды *бұл* деп атайды. Бірақ монғолша-орысша сөздікте *бұл* сөзінің “семья”, “семья мүшесі” деген мағынасы да көрсетілген [126,93]. Б.Х.Тодаева *бүле* сөзінің монғол тілінде “бала”, “ұрпақ” мағынасы барлығын айтады [178, 320]. Сондай-ақ, қалмақ тілінде *во ло* – “апалы-сіңлілі кісілердің балалары”, хакас, бурят тілдерінде *бұл* – “немере туысқандар” (двоюродные братья, сестры), т.б. Түнғұс-мәншіжүр тілдері сөздігінің авторлары эвенк тіліндегі *булэ* сөзін көне монғол жазба тіліндегі *vule*, қазіргі монғол тіліндегі *бұл*, бурят тіліндегі *бүлэ* (“семья” мағынасындағы) сөздермен байланыстырады [174, 109].

“*Нағашы*” мағынасында түркі тілдерінде *нағашы*, *таға*, *дайы* (*тайы*) сөздері бар. Л.А.Покровская қазақ тіліндегі *нағашы* сөзін монғол тілінің *нагалы* сөзінің варианты, яғни кірме сөз деп қарайды [146]. *Таға* сөзі қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінде кездеседі. Ал қырғыз тіліндегі *тай* сөзін К.К.Юдахин “ана жағынан туыс” (нағашы) деп түсіндіреді. Қырғызша-орысша сөздікте *таға* сөзін оңтүстік Тянь-Шань говорына тән деп көрсетеді. Біздіңше, *таға* сөзі *тай* және *аға* сөздерінің кірігуі негізінде пайда болған. Нақ осындай жолмен қырғыз тілінде *таяке* (“нағашы әке” мағынасында) сөзі жасалған. Басқа түркі тілдерінде *тай*, *дайн* сөздері “нағашы” мағынасын береді. Бурят-монғол тілінде нағашы мағынасында *таабай* сөзі қолданылады. Ескерте кететін бір жай: сол түркі тілдерінің ішінде алтай (*таай*), тува (*даай*), якут (*таай*) тілдерінде де түбір сөз құрамында созылыңқы дауысты дыбыс бар.

Әже сөзі қазақ тілінде “әкенің шешесі” мағынасын береді. *Әже* сөзінің басқа түркі тілдеріндегі мағынасында сәл де болса ауытқу байқалады. Мысалы, түрікмен тілінде *эже* сөзі: 1) “ана”, “апа”; 2) құрметтеу мағынасында жалпы есімнен кейін қолданылатын сөз. Ал, *эчелик* “өгей ана” дегенді білдіреді. Сондай-ақ *әже* сөзі түркі тілдерінде бірнеше фонетикалық варианттарда қолданылады. Салыстырыңыз: С.Е.Малов *äyi//ashi, ici* сөздерінде “жасы үлкен туыс”, “аға” (дядя, старший брат, старшие предки) мағына барлығын көрсетеді [115, 363]. Тува тілінде *ача* (өке), ұйғыр тілінде *ача* (“әпке”, “апа”), хакас тілінде *иче* (“апа”, “ана”), *ача* (“аға”), *ачы* (“немере аға”), шор тілінде *ача* (“аса”), алтай тілінде *ачы* “әкесінің інісі”, “ағасының қызы”, “ұлы”, “немересі” мағынасында қолданылады.

Монғол тіліндегі *ээж, эчч* сөздері “әже”, “апа” мағынасын береді. Монғол тілінде *адие* – “ата”, *аджиу* – аға, *аджид* – “аға” мағынасында қолданылады [178, 313]. Осы сөздермен ұйғыр тіліндегі *һәдә* “апа” (старшая сестра) сөзінің төркіндес екенін дәлелдеуге болатын сияқты. Барлығында да тұлғалық, дыбыстық, мағыналық өзгеріс байқалады.

2. Некемен байланысты туыстық атаулар. Түркі-монғол тілдерінде некемен байланысты да туыстық атаулар баршылық. Солардың бірі – *құда*. *Құда, құдағи* – қазақ тілінде күйеу мен қалыңдықтың ата-аналарына байланысты айтылатын сөздер. *Құда* сөзі (аздаған дыбыстық ерекшелігімен) өзбек, ұйғыр, қырғыз, тува, қарақалпақ т.б. тілдерде қолданылады. *Құда* сөзінен *құдағи (құдаға), құдаша, құданда* сөздері өрбіген. Л.А.Покровская *-ғый// -ғай* қосымшасын екіге бөліп, *-ғы// -ға* жыныстық белгіні білдіретін монғол тілінің элементі деп көрсетеді [146, 74]. Монғол тілінде де *қуд(а)* сөзі қолданылады. Сондықтан да оның қай тілге тән екенін дәлелдеу қиын. Дұрысы – екі тілге де ортақ деп қарау.

Қатын сөзі қазақ тілінде де, басқа түркі тілдерінде де қолданылады. Ертеректе *хатын* сөзі түркі-монғол тілдерінде “ханша”, “госпожа” мағынасында қолданылған.

Ер сөзі де түркі-монғол тілдеріне ортақ. Ол *әр//ер//ар//ир* түрінде қолданылып, “жыныстық белгі”, “еркек”, “өйелдің күйеуі” мағынасында қолданылады.

Бажа сөзі – апалы-сіңлілі адамдардың күйеулерімен байланысты ұғым. Кейбір түркі тілдерінде *бажа* сөзі тек ер

адамдарға ғана емес, әйелдерге де қатысты қолданылады. Мысалы, түрік, өзірбайжан тілдерінде апа-сіңлілерге байланысты да айтылады; түркімен тілінде *башы* – “апа-сіңділер”, түрікше *vasi* – “апа”, бірақ түркімен тілінде *баща* сөзі де бар, мағынасы – “бажа”. Ал алтай тіліндегі *бадья* “бажа” ұғымымен қатар “әйелінің туысқаны” деген мағынаны да білдіреді. Э.К.Пекарский саха тіліндегі *бата* (*бадья*) сөзін “қайнысының әйелі” деп аударған (I т., 335-б). Монғол тілінде *баз* “туысқан қыздардың күйеуі” мағынасын білдірсе, бурят-монғол тілінде *базаалын* әрі “бажа”, әрі “абысын” мағынасын білдіреді. *Бажа* (*база*) эвенк тілінде – “туысқан қыздардың күйеуі”, “қарындасының күйеуі”.

Қазіргі қазақ тілінде *қайын* сөзі “әйел мен күйеудің туысы” мағынасын береді де, аздаған дыбыстық ауытқулармен басқа түркі тілдерінде де кездеседі. *Қайын* сөзі *қайын ата*, *қайын ене*, *қайын жұрт*, *қайын апа*, *қайнаға* (*қайын аға*) сияқты күрделі сөздердің құрамында да кездеседі. М.Қашғари “Сөздігінде” *қазін* сөзі мен қазақ тіліндегі *қайын* және *қатын* сөздері – түркі тілдеріндегі белгілі заңдылық – з~д/т~й дыбыс алмасуы негізінде пайда болған о бастағы бір сөз.

Адамның дене мүшесіне байланысты атаулар. Туыстық қатысты білдіретін сөздер сияқты дене мүше атаулары да – тілдің лексикалық қорының ең көне қабаттарының біріне жатады. Олардың біразы түркі-монғол тілдеріне ортақ.

Адамның, жан-жануарлардың *қол*, *көз*, *бас*, *аяқ* сияқты мүшелерінің барлық тілдерде де атауы болуға тиіс. Осы лексикалық топтағы ұқсастық, ортақтық та түркі-монғол тілдерінің жақындығынан дерек беретін сияқты. Бірнеше мысал келтірейік.

Шырай сөзі қазақ тілінде “адамның көркі”, “бет ажары”, “жүзі” мағынасын білдіреді. Бұл сөз басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Мысалы, қарайым тілінде *чирай* нұсқалары: *жырай*, *чарай*, *чирэй*, *чырай*, *чэрай*. Өзбек тілінде *чирой* сөзі – “бет”, “жүз”, “көркі”, “жалпы көрініс”, “көңіл күйі” мағынасын білдіреді. Монғол тілінде де *царай* “бет”, “түр-тұлға”, “пішін”, “жүз”, “кескін”, “кейіп”, т.б. мағыналарды білдіреді.

Түркі тілдерінде дене мүше атауларының бірі – *қабырға*. Мысалы, хакас тілінде *хабырға*, өзбек және ұйғыр тілінде

қовурға, түркімен тілінде *гапырға*, қарайым тілінде *қабурга*//
қабурга, түрік тілінде *кавида*, т.б. Монғол тілінде *хавирга*(н).

Қазақ тілінде қолдың шынашақ пен иық арасындағы сүйегін *қар* (қолдың қары) деп атайды. Бұл сөз басқа түркі тілдерінде де, көне түркі тілінде де кездеседі: *қар* – “верхняя часть руки”, “плечо” (ДТС. С.422). Монғол тілінде *гар* “қол” мағынасында қолданылады. Осыған қарап кей ғалымдар *қар* сөзі түркі тіліне көне монғол тілінен енген деген жорамал айтады. Әрине, бұл дәлел емес. *Қар* сөзі түркі тілдерінде кеңінен тарап, көптеген туынды тұлғалар жасаған: *қарма*, *қарыс*; *қарына тартпағанның қары сынсын* т.б. Ал монғол тілдерінде бұл сөздер жоқ.

“Өлшем” мағынасындағы *сүйем* сөзі де түркі-монғол тілдерінде бірдей кездеседі. Монғол тілінде *сөөм*, саха тілінде *сүйем*. Э.К.Пекарский түркі тілдерінде бұл сөздің *сөуям*, *сөм*, *сум*, *суям* формалары барлығын ескертеді (II т., 23-98-66.).

Қазақ тіліндегі *алақан* сөзі де – туынды түбір. Бұл сөз көпшілік түркі тілдерінде қолдың білек пен саусақ аралығындағы бөлшегінің ішкі жағын білдіреді. В.В.Радлов *алақан* сөзін *ал* (“бір затты алу”, “иемдеу” мағынасында) және *-аған*//*-ақан* (“алаған қолым береген” дегендегі) қосымшасынан тұрады деп көрсетеді. Э.В.Севортян бұл сөзді монғол тілінен енген деп есептейді. Монғол тілінде “алақан” мағынасын *алға* сөзі береді. Бұл сөздер әлі де зерттей түсуді керек етеді.

Түркі тілдеріндегі дене мүше атауларының бірі *тамыр* – “қан жүретін жолдар”. *Тамыр*//*дамыр* түркі тілдерінің бәрінде кездеседі. Ол көне түркі тілдерінде *tamar* (*тамар*) формасында қолданылған (ДТС, С.529). *Тамыр* сөзі *тамир* түрінде монғол тілінде де бар.

Омырау қазақ тілінде адамның төсін, көкірегін білдіреді. Бұл сөз басқа түркі тілдерінде *омраз*, *омуроу*, *омырағ*, *амар*, *омра* формаларында қолданылып, негізінен “төс”, “көкірек”, “бұғана” сияқты мағынаны білдіреді. Ал монғол тілінде *омруд* – “бұғана”, бурят тілінде *оморюу*(н) – “аттың төсі”, қалмақ тілінде *омруһ*//*омру* – “төс”, “көкірек тұсы” сияқты мағыналарда қолданылады.

Түркі және монғол тілдерінде: *маңдай*, *таңдай*, *бауыр*, *бүйрек*, *көмек*, *арқа*, *білек*, *сақал*, *ерін*, *мең*, *секпіл*, *сүбе* т.б.

мүше атаулары мағына жағынан да, тұлғасы жағынан да сәйкес келіп жатады.

Үй жануарлары және жабайы аңдарға байланысты қолданылатын атаулар. Көне дәуірден бастап-ақ түркі және монғол тайпалары мал шаруашылығымен айналысып, аңшылықты кәсіп еткен. Сондықтан да бұл тайпалардың тілінде, лексикалық құрамында мал шаруашылығы мен аңшылық кәсібіне байланысты көптеген ортақ сөздер сақталған. Егер түркі тайпаларының Орхон-Енисей өңірі мен Алтай, Саян баурайларында өмір сүрген дәуірінде де мал шаруашылығымен айналысып, монғол тайпаларымен аралас-құралас өмір кешіргендігін еске алатын болсақ, онда бұл екі тілдің құрамында да ортақ сөздердің болатындығы заңды сияқты. Түркілер баққан малдарды (қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе) монғол тайпалары да баққан. Монғолдар да түркілер сияқты малдарды жасына, түсіне, дене бітіміне, жынысына, т.б. ерекшеліктеріне қарап ажырата білген, өзінше атаған.

Түйе малы ертеден-ақ құмды, шөлді аймақтарға бейім, жүк таситын негізгі көлік болып саналған. *Түйе* сөзі өзбек тілінде *туя*, ұйғыр тілінде *төгө*, хакас тілінде *тибе*, қырғыз тілінде *төө*, түркімен тілінде *дүэ*, көне түркі тілінде *тебе//теве* (ДТС, С.546-556) түрінде қолданылған болса, А.М.Щербактың көрсетуінше, түйеге байланысты басқа да көптеген атаулар түркі және монғол тілдерінде сәйкес келеді [204,109]. *Түйе* ұғымында монғол тілінде *тэмээ(н)* сөзі қолданылады (II т., С.235).

Атан – жүк тасуға ыңғайлы, піштірілген түйе. Монғол тілінде де *ат(ан)*, М.Қашғари “Сөздігінде” де *атан* сөзі сұлуланған, ақталған түйе мағынасын білдіреді. *Атан* сөзінің төркіні туралы да пікір әр түрлі: А.М.Щербак оны табумен байланыстырса, Э.В.Севортян екі морфемаға бөліп, *ат* – түбірі мен *-ан* қосымшасынан (*-ған* қосымшасының ықшамдалған түрі) тұрады деп қарайды. Мұндағы *ат* – түбірі “піщу” мағынасын білдіретін етістік дейді [164, 202]. Екінші бір ғалымдар *атан* сөзін *ақтаған* сөзінің ықшамдалған формасы деп есептейді [102, 91].

Ақта сөзінің өзіне келсек, ол қазақ тілінде түйеге байланысты қолданылмайды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ақта* сөзіне “азбан”, “пішпе” деп түсінік берілген.

Ақта сөзі, көбінше піштірілген жылқыға байланысты қолданылады. Түркі тілдерінде ол *ахта*, *ағта*, *аһда* (*ахда*) формасында да кездеседі. Монғол тілінде *агт(ан)* сөзі піштірілген жылқы мағынасында беріледі. Бұл сөз азын-аулақ дыбыстық өзгешеліктермен тұнғұс-мәншіжүр тілдерінде де жұмсалады. *Ақта* сөзі туралы алғаш пікір айтқан П.М.Мелиоранский бұл сөз түркі және монғол тілдеріне XIII ғасырда парсы тілінен енген деген болатын. Бұл пікірге А.М.Щербак та қосылады. Бұл сөздің тарихын басқаша түсіндірушілер де бар.

Бура қазақ тілінде – еркек (аталық) түйе. Қырғыз тілінде *буура*, өзбек, ұйғыр тілдерінде *буғра*, көне түркі тілінде *буғра* (ДТС, С.120), қазақ тілінде *бура* сөзінен *буыршын* сөзі жасалып, ол төрт жасар еркек түйені білдірсе, *бура* сөзінде ондай жастық мөлшерді білдіретін мағыналық реңк жоқ. Ал қырғыз тіліндегі *бууржун* бес жасар еркек түйе мағынасын береді. Соңғы мысалдағы *-шын// -жун* – бір-ақ қосымша. Э.В.Севортян, С.Броккельманның пікіріне қосыла отырып, оны кішірейту мәніндегі қосымша деп көрсетеді [164, 105]. Монғол тілінде де *бугра//буура* сөздері қолданылады.

Инген – “қос өркешті түйенің ұрғашысы”. К.К.Юдахин қырғыз тіліндегі *инген* сөзін “ұрғашы түйе”, ал оңтүстік қырғыз тілі диалектінде “жеті жастан асқан ұрғашы түйе” мағынасын білдіреді деп көрсеткен (ҚРС. С.302). М.Қашғари “Сөздігінде” *індн* сөзі “ұрғашы түйе” мағынасын берген (I т., 142-б). Монғол тіліндегі *ингэ(н)* сөзі де дәл сол мағынада.

Бота – “түйенің жаңа туған төлі”. Көпшілік түркі тілінде ол *бота* түрінде айтылса, кей тілдерде (тува) оның *бодаған*, қазақша – *ботакан*, өзбек және ұйғыр тілдерінде *ботилақ*, *буталаң* кішірейткіш формалары қатар айтылса, көне түркі тілдерінде *боту*, *ботук* түрі де кездеседі (МК. I., 142-б; III., 236-б). Қазіргі монғол, тілінде *ботго*, көне монғол тілінде *ботугу* сөздері “бота” мағынасын берген. Ішкі Монғолиядағы монғолдар тілінде бұл сөздің *ботог*, *ботого*, *ботуған* формалары бар.

Тайлақ – “бір жастан асқан жас түйе”. Бұл сөз өзірбайжан тілінде *тайлақ* (*tajlaq*) жылқыға байланысты да айтылады. А.М.Щербак *тайлақ* сөзінің түбір морфемасы *тай* түбірі мен *-лақ* деген қосымшадан (салыстыр: *бота+лақ*, *қоша+лақ*, *шақа+лақ*) тұрады деп көрсетеді [204, 107]. Монғол тілінде *тайлаг* – “үш жастан асқан еркек түйе”.

Түрікмен тілінде екі жасқа дейінгі түйенің ботасын *төрүм* десе, тува тілінде *дорүм* деп атайды. *Торым* қазақ тілінде жеке айтылмай, тек *тоқты* сөзімен бірігіп, қос сөз жасайды (*тоқты-торым*). М.Қашғари “Сөздігінде” *торүм* (ДТС, С.378) – “түйенің баласы”. Демек, *тоқты-торым* қос сөзіндегі *торым* бір кездерде қазақ тілінде де жеке-дара қолданылған болуы керек. Монғол тіліндегі *тором* – “бір жастан асқан түйенің баласы”.

Құнанша – “екі жастан асқан түйе”. Қазақ тілінде *құнан*, *дөнен*, *құнажын*, *дөнежін* сөздері жылқыға және сиыр малына байланысты жасын (үш, төрт жыл) және жынысын білдіреді. *Құнан*, *дөнен* сөздері монғол тілінде де бар. Ал *-жын* (*құнажын*, *дөнежін*) қосымшасы монғол тілінде жыныстық белгіні білдірсе, түркі тілдерінде ол байқалмайды. Сондықтан бұл сөздерді кейбір ғалымдар түркі тілдеріне енген монғол сөздері деп қарайды.

Айғыр – “үйірге қойылатын еркек жылқы”. Бұл сөз түркі тілдерінің көпшілігінде-ақ бар: *айғыр* (көпшілік тілдерде), *азгір* (балқар), *айтыыр* (якут), *айар* (чуваш) т.б. *Айғыр* сөзінің қолданылуында да, мағынасында да көп айырмашылықтың болуы оның өте көне сөз екенін көрсетеді. Мысалы, Э.К.Пекарский якут тіліндегі *атымыр* сөзінің: 1) “жеребец”, 2) “бык”, 3) “нехолощенный самец”, 4) “табун”, 5) “отличающийся большой величиной, крепкостью, силой, властью” сияқты бес мағынасын көрсеткен [145, 11-16]. Монғол тілінде “айғыр” мағынасында *азрага(н)* сөзі қолданылады. *Айғыр* сөзінің этимологиясына профессор Е.И.Убрятова толығырақ тоқталған.

Жорға – қазақ тілінде “жүрісі майда, жайлы жылқы” мағынасын береді. Бұл сөз түркі тілдерінің біразында бар; көне түркі тіліндегі *шор//жор*, яғни *жүру* сөзімен байланысты болса керек. Монғол тілінде *жороо* сөзі “жорға” мағынасын береді.

Түркі және монғол тілдерінде әрі дыбыстық, әрі мағыналық жағынан сәйкес келетін сөздер сөздік құрамның барлық саласында да кездеседі. Тіпті, басқа тілдерден алынбайтын етістіктер аралығында да ондай сәйкестік мол кездеседі.

Сонымен жоғарыда келтірілген дыбыстық, әрі мағыналық жағынан өзара сәйкес сөздердің түркі, монғол, сондай-ақ тұңғұс-мәншіжүр тілдерінде бірдей кездесуі олардың осы тілдерге ортақтығынан, ең көне алтай дәуірінде қалыптасуынан дерек беретін сияқты. Ол ортақ туысқандық тарихи себептерге байланысты болуы мүмкін.

Фонетикалық ұқсастықтар. Әр тілдің өзіндік дыбысталу жүйесі, ерекшелігі, заңдылығы болады. Мысалы, қазақ тілінде *ж*-мен басталатын сөздер татар тілінде *й* арқылы айтылады. Немесе қазақ тіліндегі *нан*, *барды* сөздері өзбек тілінде *нон* (*хлеб*), *борди* (*пошел*) болып, *а* дыбысының *о* дыбысына ыңғайласуы да – бұл тілдердің өзіндік заңдылығы.

Түркі тілдері мен монғол тілдерін салыстырып қарасақ, төмендегі ортақтықты және ерекшелікті байқауға болады.

1. Тіл дыбыстарын дауысты және дауыссыз деп екіге бөлу – түркі-монғол тілдеріне ортақ қасиет. Бірақ түркі тілдерінде созылыңқы дауысты дыбыстардың табиғаты бірдей емес. Осы қасиетіне қарай түркі тілдеріндегі дауыстылар созылыңқы және қысқа дауыстылар болып өзара екіге бөлінеді. Қазақ тілінде созылыңқы дауысты дыбыстар мүлдем жоқ та, оларды біз қырғыз, хакас, тува, якут тілдерінен, сондай-ақ түркімен тілінен кездестіреміз. Бұл тілдердің бірінде ол дыбыстар жүйелі түрде кездессе, екіншісінде олай емес. Олар сан жағынан да біркелкі емес. Якут тілінде сегіз қысқа, сегіз созылыңқы дауысты дыбыс болса, хакас тілінде тоғыз қысқа, сегіз созылыңқы дауысты дыбыс бар. Созылыңқы дыбыс монғол тілдеріне де тән, бірақ Орхон-Енисей жазуында созылыңқы дыбыстар кездеспейді. Алтай тілдеріндегі дауысты дыбыстарды кесте арқылы салыстырып көрсетуге болады.

Тілдер	Қысқа дауысты дыбыстар	Саны	Созылыңқы дауысты дыбыстар	Саны
Қырғыз	а, э/е, о, о, у, ү, ы, и	8	аа, ээ, оо, өө, уу, үү	6
Алтай	а, э/е, ö, ө, у, ү, ы, и	8	аа, ээ, оо, өө, уу, үү, ыы, ии	8
Хакас	а, э/е, и, ы, і, о, ө, у, ү, ё	9	аа, ээ, ыы, ии, оо, өө, уу, үү, ёё	9
Тува	а, с (э), ы, и, у, ү, о, ө	8	аа, сс, ыы, ии, үү, уу, оо, өө	8
Түркімен	а, и, о, ө, э (е), ы, э, у, ү,	8	аа, ии, оо, өө, уу, үү, ээ, ыы	8
Монғол	а, э, ө, ү, о, у, ы, и	8	аа, ээ, сс, уу, оо, үү	6
Бурят	а, э (е), ө, ү, о, у, и	7	аа, ээ, ее, үү, оо, уу, ии	7
Қалмақ	а, о, у, э, ө, ү, о, и	8	аа, оо, уу, ээ, өө, үү, оо, ии	8

Алтай тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар артикуляция жағынан ұқсас, арасында айтарлықтай алшақтық жоқ. Мысалы, монғол тіліндегі *a* – тіл арты ашық езу дауысты дыбыс. Ол сөздің барлық позициясында қолданыла береді. *O* – тіл арты (жуан) ашық, еріндік дауысты дыбыс. Ерін дыбыстарының буын таңдамай, сөздің барлық позициясында келе беруі монғол тілдеріне де, түркі тілдеріне де тән құбылыс. Мысалы, қырғыз тілінде *бірөө (біреу), мөөре (мөңіре); ойно (ойна);* якут тілінде: *ооньоо (ойна), оттук (отты, шөпті), сонна (сонау), сонччо (сонша);* хақас тілінде: *тулку (түлкі), хыроо (қырау), хусхун (құзғын),* т.б.

Әйткенмен, көріп отырғанымыздай, бұл заңдылықта да бір ізділік жоқ. Жақша ішіндегі қазақша нұсқалары соны көрсетеді, яғни қазақ тілінде *o* тек сөздің бірінші буынында ғана кездеседі. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың алмасуы мен сәйкестік заңдылықтары жалпы алтай тілдерінен де, тіпті бір тілдің өз ішінен де байқалатын құбылыс. Мысалы, Сырдың орта деңгейі мен Қаратау айналасындағы қазақтар тілінде *өңле-, тыңла-, аңла-* болып айтылса, әдеби тілде *өңде-, тыңда-, аңда-* түрінде қолданылады. Бұл арада біз *л ~ д* сәйкестігін көріп отырмыз. Сол сияқты Қазақстанның батыс аудандарында тұратын қазақтар тіліне тән *аңазак, арқалы* сөздері әдеби тілде *аңызак, арқылы*. Бұл жерде *a ~ ы* дыбыстарының сәйкестігі көрінеді. Мұндай заңдылықтар монғол мен түркі тілдерінің арасында да кездесіп отырады. Кей жағдайларда ғана монғол тіліндегі *a* түркі тіліндегі *y//ы* дыбыстарымен сәйкес келеді. Мысалы, *шарай ~ шырай, баатар ~ батыр, худаг ~ құдық, қатан ~ қатын, хонгар ~ қоңыр* т.б.

Монғол тіліндегі *э(e)* дыбысы сөздің барлық позициясында қолданылады және оған қазақ тіліндегі *i* сәйкес келеді. Мысалы: *өңгэр ~ өңір (жаға, омырау мағынасында), зээ ~ жійен (жиен), бэлтрэг ~ бөлтірік, бүргэд ~ бүркіт, бүтэн ~ бүтін,* т.б.

Монғол тіліндегі *y, ү* дыбыстары да буын талғамайды. Қазақ тілінде бұларға *ы, ө* дыбыстары сәйкес келеді: *цулбуур ~ шылбыр, хухэ ~ көк, бүлэг ~ бөлек, бүл ~ бөле, сувай ~ сыбай (сыбай-салтаң тіркесіндегі).*

Ө дыбысы ерін үндестігі бар түркі тілдерде барлық буында кездесе береді. Монғол тіліндегі *ө* дыбысына қазақ тіліндегі

i, e, y дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы, *чөдөр ~ шідер, төркөм ~ төркін, төмер ~ темір* (ұйғыр тілінде *төмүр*), *мөс(өн) ~ мүз, шөңхор ~ сұңқар*, т.б.

Монғол тілінде *n* дыбысы қазақ тіліндегі *n* дыбысымен сәйкес келеді, тіпті сөздерде келу орны да ұқсас. Салыс-тырыңыз: *ногт ~ ноқта, санаа ~ сана* (“ақыл-ой” мағынасында), *нағац ~ нағашы, чин ~ шын* т.б. Кей жағдайларда монғол тіліндегі *n* дыбысына қазақ тіліндегі *k, l, ң* дыбыстары сәйкес келеді: *сэрген ~ сергек, нашын ~ лашын* т.б.

P дыбысының түркі және монғол тілдерінде қолданылу жағынан ұқсастық көп. Бірақ түркі, монғол тілдеріне тән ротацизм заңдылығы *-p* менен *з*-ның сәйкестігі – сақталып отырады: *ихер ~ егіз, ухер ~ өгіз, түргэн ~ тез, херчик ~ кесу* (қазақ тілінде *керту* сөзімен салыстыр) т.б. Н.А.Баскаковтың топшылауынша: алтай дәуіріндегі біртұтас тілдерден түнғұс-мәншүжір, монғол және түркі тілдері бөлініп шығып, жеке-жеке тіл ретінде қалыптасқан. Ротацизм құбылысын (*p ~ з*) ол осы дәуірдің жемісі деп қарайды [20,150]. Б.А.Серебренников пен А.М.Щербак (*p ~ з*) құбылысын басқаша дәлелдейді. Ал, тіл фактілеріне қарасақ, ротацизм түркі тілдерінің өз ішінде де байқалады: чуваш тіліндегі *p*-мен келетін кейбір сөздер басқа түркі тілдерінде *з* дыбысымен айтылады. Салыстырыңыз: *хер ~ қыз, хур ~ қаз, хуран ~ қазан, ватар ~ отыз, хантар ~ құндыз, самар ~ семіз, зер ~ жүз, сур ~ жаз, чер ~ тізе*, т.б. Жеке түркі тілдерінде де *з* мен *p* дыбыстарының сәйкестігі байқалады. Мысалы, түрікмен тілінің емут диалектісінде *айтмаз* және *айтамар* (екеуі де болымсыз етістікке жалғанған есімше формасы) түрінде қолданылады.

D дыбысы – *t* дыбысының ұяң сыңары. Сондықтан да оларды артикуляциялық жағынан түркі тілдерінде де, монғол тілдерінде де алмастырып қолдану байқалады. Салыстырыңыз: түрікмен тілінде *дөшек, дүземек, доймақ, дүшүрмек* т.б. сөздер қазақ тілінде *төсек, түзеу, тою, түсіру* болып *t* дыбысымен айтылады. Бұл құбылыс тіпті қазақ тілінің өз ішінде, жергілікті тіл мен әдеби тіл арасында да байқалады: *түз ~ дүз, тұзақ ~ дұзақ, тиірмен ~ диірмен, тілмар ~ ділмар, тоға ~ доға*, т.б. Нақ осындай құбылыс монғол тілдерінің өз ішінде де кездеседі: монғол тілінде: *дагнуур ~ тагнуур* (борона), *давцан ~ тавцан* (платформа), *нядлах ~*

нятлак (производить убой); бурят тілінде: *бараадаха* ~ *бараатаха* (становиться темноватым), *гэдәһэн* ~ *гэтэхэн* (кишок), *гадаһан* ~ *гатаһан* (колышко) т.б. Қазақ тілінде *д* дыбысы сөз басында сирек қолданылса, сөз соңында мүлде қолданылмайды. Кей ғалымдарымыздың пікірінше, түркі тілдерінде сөз басында *д* дыбысы қолданылмаған, сөз басында *д* дыбысының қолданылуы – тек соңғы кезде болған құбылыс дейді [168, 41]. Бірақ монғол тілдерінде бұл дыбыс сөздің барлық позициясында қолданыла береді. Сондықтан да кейде монғол тіліндегі *д* дыбысына түркі тілдеріндегі *ж*, *й*, *т* дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы, *далве* ~ *жалбыз* (түркімен тілінде *нарпыз*), *долгио(н)* ~ *толқын*, *хадам* ~ *қайын*, *дөш* ~ *төс*, *дэл* ~ *жал* т.б. Түркі, монғол тілдеріндегі *д* дыбысының *ж*, *й* (*й*), *з* дыбыстарымен сәйкес келуі – бұл тілдерге алтай дәуірінен келе жатқан ортақ құбылыс. Ол өлі де жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Грамматикадағы ұқсастықтар. Түркі-монғол тілдері арасындағы ұқсастықтар грамматикалық категориялар арасында да анық байқалады. Түркі, монғол тілдеріндегі түрлі қосымшалар мағына және дыбысталуы жағынан ғана емес, сонымен бірге олар түбір сөзге жалғану тәртібі бойынша да сәйкес келеді. Бұл сәйкестікті де ғалымдар түркі-монғол тілдерінің алтай дәуіріндегі ортақтығына байланысты деп қарайды.

Алтай тілдерінің барлығына ортақ, сөйлемдегі қызметтері де, мағыналары да тепе-тең түсіп жататын септік жалғауларын қарастырып көрейік.

Атау септігінің бұл тілдерде грамматикалық көрсеткіші жоқ, ол түбір сөз тұлғасына сәйкес. Ал **ілік септігінің** түркі тілдерінде қосымшасы *-ның// -нің*, *-дың// -дің*, *-тың// -тің*, *-нұң// -тұң*, *-дүң// -дүн*, т.б. болса, монғол тілінде *-ны// -ни*, *-ну// -нү*. Н.А.Баскаковтың пікірінше, көне монғол тілінде *-ны// -ни* қосымшасының толық формасы *-ның// -нің* болған. Дегенмен кейбір монғол тілдерінің диалектінде ілік септігінің *-ың// -ин* формасы да кездеседі. Мысалы, бурят-монғол тілінің алар диалектінде ілік септігінің *-ын// -ин* формасы қолданылады: *аха(аға)* > *ахатн* (ағаның), *шоно* (бөрі) > *шонотн* (бөрінің).

Барыс септігі, негізінен, амал-әрекеттің бағытын, беталысын білдіреді де, түркі тілдерінде *-ға// -ге// -қа// -ке*,

-на//не, монғол тілдерінде -ра//ре, -а//е қосымшалары арқылы беріледі. Оның -ра//ре нұсқасы көне түркі тілдерінде қолданылғанымен, қазіргі түркі тілдерінде кездеспейді. Г.Д.Санжеев монғол тіліндегі барыс септіктің -а формасын көне -ра//ре қосымшасының ықшамдалған (р түсіп қалған) түрі деп қарайды [159, 95]. Бұл пікірді Г.И.Рамстедт қолдайды [154].

Түркі тілдерінде **табыс септігінің** қосымшасы -ды//ді, -ты//ті, -ны//ні, -ын//ін болса, монғол тілдерінде -ы//ны//не.

Түркі тілдері мен монғол тілдерінің арасындағы ортақтық тек септік жалғауларында ғана емес, басқа грамматикалық тұлғаларда да (көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларында да сөз жасайтын жұрнақтарда да) кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде етістіктен туынды түбір зат есім жасайтын -ын, -ім//м жұрнақтарын салыстырайық: *келіс-ім, кес-ім, ал-ым* т.б. Монғол тілінде де осы модель (-м//им) кездеседі: *хэрч-* (рубить) > *хэрчим* (кусок), *алх-* (шагать) > *алху-* (шаг), *толго* (играть) > *толгом* (игрушка), т.б.

-Ық//ік//к//к қосымшасы түркі тілдерінде етістіктен зат есім тудыратын болса, мысалы: *кес-ік, бөл-ік, жыр-ық, тара-қ* т.б., монғол тілінде де солай: *хэсэг* (часть, кусок), *бүлэг* (группа, раздел), *чимэг* (наряд, украшение), т.б.

Қазақ тілінде -шы//ші қосымшасы есім сөздерге қосылып, кәсіптік, мамандық мағына беретін зат есім жасайды. Мысалы: *мал-шы, оқыту-шы, етік-ші*, т.б. Монғол тілінде осы қосымшаның -чи(н) // -чы(н), -жы(н) // -жі(н) нұсқалары жалғанады: *төмарчи(н)* (кузнец), *хоньчин* (пастух, овец, чабан), *яргачин* (мясник), т.б.

-Лық//лік, -лы//лі, -тық//тік, -ты//ті формалары қазақ тілінде есім сөздерден сын есім тудыратын қосымша болып саналады. Мысалы, *атты кісі, түйелі адам* т.б. -Лы//лі қосымшасының бастағы этимологиялық толық формасы -лық//лік, -лұқ//лук. Мысалы, көне түркі тілінде: *Қағанлық бүдүн әртім* (“қағандық халық едім”) (КТБ, 9). Сондай-ақ: *табғач қағаның ічрәкі бәдізчиг ыты* (“Табғач қағаны ішкі ұсталарын жіберді”) (КТБ, 12). Монғол тілінде нақ осы мағынада -лаг//лег қосымшасы қолданылады. Мысалы, *байан-лағ* (богатство), *төмөр-лег* (металл, металлический), т.б.

Көпшілік түркі тілдерінде *-ыс// -іс*, *-ыш// -іш* қосымшасы етістіктен зат есім жасаса (*тап+ыс>табыс*, *соқ+ыс>соғыс*, *шап+ыс>шабыс*), монғол тілінде осы қызметті *-и* қосымшасы атқарады: *тұл>түлиш* (топливо), *хэвт>хэвтэш* (лежанка, ложе) т.б.

Түркі-монғол тіл фактілерінен мұндай морфологиялық ұқсастықтарды көптеп кездестіруге болады. Егер морфологиялық тұлғалардың бір тілден екінші тілге ауыса бермейтін категория екенін ескерсек, онда бұл фактілер алтай дәуіріндегі біз қарастырған түркі және монғол тілдерінің туыстығынан дерек бергені.

2. Түркі тілдерінің дамуындағы хун дәуірі

Хун дәуірі алтай дәуірімен ұштасып, байланысып жатады да, біздің заманымызға дейінгі III ғасыр мен V ғасыр аралығын қамтиды. Егер Алтай дәуіріндегі тайпалар туралы бізде ешқандай тарихи мәлімет, жазба деректер болмай келсе, Хун дәуірі жайлы аз болса да, деректер бар. Мәселен, біздің

заманымызға дейінгі кезең мен біздің заманымыздың басында Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір өлкелерінде жасаған түркі, монғол және түнғүс-мәншіжүр тайпаларының басын біріктіріп тұрған Хунну империясы болған. Ол өз кезінде Қытай империясымен тайталасып, тарихта белгілі рөл атқарған. Хунну империясы туралы аз болса да мәліметтер қытай жазба деректерінде сақталған. Бірақ бұл деректер хундардың этникалық құрамын анықтауда, тілдік ерекшеліктерін белгілеуде жеткіліксіз. Сондықтан да хундардың тілі, әдет-ғұрпы, әлеуметтік құрылысы туралы даулы пікірлер баршылық [20].



Орта азиялық хунның бейнесі (Герасимовтың реконструкциясы бойынша)

-на// -не, монғол тілдерінде -ра// -ре, -а// -е қосымшалары арқылы беріледі. Оның -ра// -ре нұсқасы көне түркі тілдерінде қолданылғанымен, қазіргі түркі тілдерінде кездеспейді. Г.Д.Санжеев монғол тіліндегі барыс септіктің -а формасын көне -ра// -ре қосымшасының ықшамдалған (р түсіп қалған) түрі деп қарайды [159, 95]. Бұл пікірді Г.И.Рамстедт қолдайды [154].

Түркі тілдерінде табыс септігінің қосымшасы -ды// -ді, -ты// -ті, -ны// -ні, -ын// -ін болса, монғол тілдерінде -ы// -ны// -не.

Түркі тілдері мен монғол тілдерінің арасындағы ортақтық тек септік жалғауларында ғана емес, басқа грамматикалық тұлғаларда да (көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларында да сөз жасайтын жұрнақтарда да) кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде етістіктен туынды түбір зат есім жасайтын -ын, -ім// -м жұрнақтарын салыстырайық: келіс-ім, кес-ім, ал-ым т.б. Монғол тілінде де осы модель (-м// -им) кездеседі: хэрч- (рубить) > хэрчим (кусок), алх- (шагать) > алху- (шаг), толго (играть) > толгом (игрушка), т.б.

-Ық// -ік// -қ// -к қосымшасы түркі тілдерінде етістіктен зат есім тудыратын болса, мысалы: кес-ік, бөл-ік, жыр-ық, тара-қ т.б., монғол тілінде де солай: хэсэг (часть, кусок), бүлэг (группа, раздел), чимэг (наряд, украшение), т.б.

Қазақ тілінде -шы// -ші қосымшасы есім сөздерге қосылып, кәсіптік, мамандық мағына беретін зат есім жасайды. Мысалы: мал-шы, оқыту-шы, етік-ші, т.б. Монғол тілінде осы қосымшаның -чи(н) // -чы(н), -жы(н) // -жі(н) нұсқалары жалғанады: төмарчи(н) (кузнец), хоньчин (пастух, овец, чабан), яргачин (мясник), т.б.

-Лық// -лік, -лы// -лі, -тық// -тік, -ты// -ті формалары қазақ тілінде есім сөздерден сын есім тудыратын қосымша болып саналады. Мысалы, атты кісі, түйелі адам т.б. -Лы// -лі қосымшасының бастағы этимологиялық толық формасы -лық// -лік, -лұқ// -лүк. Мысалы, көне түркі тілінде: Қағанлық бұдүн әртім (“қағандық халық едім”) (КТБ, 9). Сондай-ақ: табғач қағаның ічрәкі бәдізчиг ыты (“Табғач қағаны ішкі ұсталарын жіберді”) (КТБ, 12). Монғол тілінде нақ осы мағынада -лаг// -лег қосымшасы қолданылады. Мысалы, байан-лағ (богатство), төмөр-лег (металл, металлический), т.б.

Көпшілік түркі тілдерінде *-ыс// -іс*, *-ыш// -іш* қосымшасы етістіктен зат есім жасаса (*тап+ыс>табыс*, *соқ+ыс>соғыс*, *шап+ыс>шабыс*), монғол тілінде осы қызметті *-ш* қосымшасы атқарады: *тұл>түлш* (топливо), *хэвт>хэвтэш* (лежанка, ложе) т.б.

Түркі-монғол тіл фактілерінен мұндай морфологиялық ұқсастықтарды көптеп кездестіруге болады. Егер морфологиялық тұлғалардың бір тілден екінші тілге ауыса бермейтін категория екенін ескерсек, онда бұл фактілер алтай дәуіріндегі біз қарастырған түркі және монғол тілдерінің туыстығынан дерек бергені.

2. Түркі тілдерінің дамуындағы хун дәуірі

Хун дәуірі алтай дәуірімен ұштасып, байланысып жатады да, біздің заманымызға дейінгі III ғасыр мен V ғасыр аралығын қамтиды. Егер Алтай дәуіріндегі тайпалар туралы бізде ешқандай тарихи мәлімет, жазба деректер болмай келсе, Хун дәуірі жайлы аз болса да, деректер бар. Мәселен, біздің

заманымызға дейінгі кезең мен біздің заманымыздың басында Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір өлкелерінде жасаған түркі, монғол және түңғұс-мәншіжүр тайпаларының басын біріктіріп тұрған Хунну империясы болған. Ол өз кезінде Қытай империясымен тайталасып, тарихта белгілі рөл атқарған. Хунну империясы туралы аз болса да мәліметтер қытай жазба деректерінде сақталған. Бірақ бұл деректер хундардың этникалық құрамын анықтауда, тілдік ерекшеліктерін белгілеуде жеткіліксіз. Сондықтан да хундардың тілі, әдет-ғұрпы, әлеуметтік құрылысы туралы даулы пікірлер баршылық [20].



Орта азиялық хунның бейнесі (Герасимовтың реконструкциясы бойынша)

Хундар кімдер? Ең алдымен хундар — Қытайдың солтүстігіндегі көршілестері. Ертеден отырықшылықпен, егін егумен айналысқан қытай халқымен іштей араласып, солармен тікелей байланыста болған, олардан азық-түлік, киім-кешегі мен тұрмысқа қажетті заттарын алып отырған. Қытай императорлары көшпелі хундардың қоныс аударып, көшіп-қонуын мұқият қадағалап отырған. Сондықтан хундар туралы алғашқы мәліметтер де осы қытай жазуларында сақталған. Хундар туралы алғашқы және біршама толық мәлімет біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырда өмір сүрген Сам Цяньнің “Тарихи жазбалар” (“Историческая запись”) деген еңбегінде берілген. Екінші бір дерек біздің заманымыздан бұрынғы I ғасырда жасаған Бань Гудың “Үлкен Хань династиясының тарихы” (“История Старшей династии Хань”) кітабында сақталған.

Біздің заманымызға дейінгі X ғасырда Гоби құмының етегінде жаңа халық — *хундар* (Еуропа тарихшылары *гундар*, Қазақ ССР тарихының 2 томында *ғундар* деп атайды. Біз көпшілік тән алған *хун* терминін шығыс *гундарға* байланысты қолдандық) қалыптаса бастайды. Бұл жерде өте ертеден-ақ Хянь юнь, Ханьюй тайпалары тұрып келген, бірақ екеуі де хундардың құрамына енбеген. Себебі, ол дәуірде хундар болмаған. X ғасырда Қытайдағы Ся династиясының ордасында бүлік шығады да, соңғы император Цзе-Кейдің баласы Шун Вэй қашып, Қытайдың солтүстігіне кетеді. Тарихи деректерде хундардың ата-тегі осы қашқын Шун Вэй және оның айналасындағы адамдар болған деген пікір, аңыздар да бар. Хундардың алғашқы кездегі тарихы Қытай жылнамаларында өз ізін қалдырмаған. Бұған, біздің пікірімізше, екі нәрсе себепші болған: біріншіден, хундар сол кезде өте әлсіз, қытайларға өз ықпалын тигізе алмаған болуы ықтимал, екіншіден, хундар мен қытайлар тікелей шекаралас өмір сүрмеген. Олардың аралығында Жун тайпалары орналасқан. Жундар тауды, тау етектерін мекендесе, хундар таусыз жазық далада өмір сүрген. Хун туралы мәлімет алғаш рет біздің заманымызға дейінгі 1764 жылғы, екінші рет заманымызға дейінгі 822 жылғы, ал үшінші рет 304 жылғы қытай жазбаларында кездеседі.

Археологиялық зерттеулердің көрсетуінше, хундардың көне ата-тегі орта бойлы (ұзындары көп), ат жақты, денелері ақ, шаштары сары болғандығын көрсетеді. Е.Грумм-Гржимайлоның айтуынша, олар ди немесе дили тайпаларымен генетикалық жақындығы болған. Ал қытайлар Саян тауларын Дилин деп атағандығы да мәлім. Демек, хундар Гоби шөлінің етегінде ғана емес, Саян тауларының етегінде де орналасқан. Біздің заманымызға дейін XII ғасырда хундар Хэбей өлкесінен бастап, Байкөл жағасына дейінгі жерлерге қоныстанып, Қытайға шабуыл жасай бастайды. Бұрынғы ата-бабаларына қарағанда экономикасы өсіп, жеке мемлекет құра бастайды. 1200 жылдары ауа райы салқындап, Гоби шөлі оңтүстікке қарай жылжиды. Енді хундарға шөлден өтіп Сібірдің жазығына шығуына мүмкіндік туады. Археологиялық зерттеулер біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырда Алтай, Саян тауларының етегінде, қазіргі Монғолия жері мен Оңтүстік Сібір жазықтығында хундардың өмір сүргендігі жайлы көптеген мәліметтер берді.

Хун империясының өсіп-өркендеп, Қытай империясымен бой таластырған дәуірі – Модэ Шаньюй дәуірі. Біздің заманымызға дейінгі 209 жылы Модэ өз әкесі Тумань Шаньюйды өлтіріп, Хун империясының тағына отырады да, Шаньюй атағын алады (адам, тайпа аттарын С.Г.Кляшторный жасаған транскрипция түрінде бердік). Ол өте айлакер, талапты қолбасы болғандықтан өз айналасына хундарды, көрші тайпаларды біріктіре бастайды. Б.з.д. 205–204 жылдары Қытайға бірінші рет шабуыл жасады. Тарихи ескерт-кіштердің көрсетуінше, император Модэ хундардың 24 тайпасын (руын) біріктіріп, бір империя құрған. Ол бұлардан басқа хундармен туыс Алтайды қоныстанған қыпшақтарды (қытай тілінше – *кюеше*), Саян мен Ангара арасын қоныс еткен дилиндерді, батыс Монғолия территориясында жасаған қырғыздарды (қытай ескерткіштерінде – *гэгунь*) өзінің империясына қосады.

Хун империясының құрамындағы халықтар этникалық жағынан біркелкі, тұтас болмаған сияқты. Оған басты себеп: хундар, жалпы көшпелі тайпалар сияқты, өздері жаулап алған, бағындырған тайпаларды өздеріне қосып алатын, не қырып жіберетін болған. Сондықтан да жасағы жеңілген тайпалар не

хундарға қосылып, не жер ауып көшіп кететін болған. Хундар да сондай құрама халықтардың басын қосқан империя құрды. Мысалы, Модэ Шаньюй кезінде хундардың басында үш тайпа тұрған: Хунянь, Лань және Сюнбу. Хунянь тайпасының аты түркі тілдеріндегі Куян – қоян (заяц) сөзінен алынған. Сюнбу сөзі де сол кезде түркі тілдерінде “шет”, “жаға” мағынасын білдірген. Ал Лань қытайша – бір гүлдің аты [52,75]. Қытайлардың жазба шежірелерінде Хуянь тайпасының басшысын гун (князь) демей, ван (хан) деп атауы оның беделді тайпа екендігін білдіреді. Ал мемлекеттің төреші, биі (судья) Сюнбу тайпасынан қойылатын болған.

Көне хун тайпасының қай тілде сөйлегендігі – әлі де шешіле қоймаған даулы мәселе. Мысалы, Монғолия тарихын жазған авторлар Н.Я.Бичуриннің пікіріне сүйеніп, хундар монғолдармен тектес десе, К.Сиротория, П.Пелльо, А.Лигети, В.В.Бартольдтар хундар – түркі тайпаларының ата-тегі, олар түркі тілдерінде сөйлеген деген пікір айтады. Қытай жазба ескерткіштерінде кездесетін жеке адам аттары, жер атаулары, зат атаулары өзгертіліп айтылуына байланысты хун тілі туралы мардымды дерек бере алмайды. Бірақ әр түрлі жорамал жасауға мүмкіндік жоқ емес. Хун империясының құрамында бірнеше тайпаның өкілдері болған болса, олардың бірнеше тілде сөйлеуі де ықтимал. Монғол тілдері мен түркі тілдерінің уәкілдері Хун империясының тұсында бір-біріне жіті араласып, тілдік жақындығын күшейте түсуі ықтимал. Сонымен қатар осы дәуірде дербес даму жолына түсуі де мүмкін. Ғалымдар қытай жазба деректері арқылы бізге жеткен кейбір көне түркі элементтері мен қазіргі түркі тілдері материалдарын салыстыра отырып, хун дәуіріндегі түркі тілінің жобасын жасауға мүмкіндік бар дегенді айтады. Бұл алдағы уақытта шешілетін игілікті істердің бірі болмақшы.

Хун дәуірінде түркі тілдері мен монғол, тұнғұс-мәншіжүр тілдері жеке-жеке тіл ретінде “өмір сүре” бастауы мүмкін дедік. Бірақ олардың сөздік құрамында, фонетика мен грамматика жүйесінде Алтай дәуірінен келе жатқан өте көп ортақ белгілердің болғандығы сөзсіз. Бұл ортақ белгілердің уақыт озған сайын азайып, ара-қатынасы алшақтай беруі де, тайпалардың көрші отырып, аралас-құралас болуынан олардың ұзақ сақталуы да заңды. Мысалы, түркі тілдерінде

сөйлейтін чуваш, саха сияқты халықтардың ұзақ уақыт бойына монғолдармен тікелей қарым-қатынаста болуы бұл тілдерде ортақ элементтердің ұзақ сақталуына, көптеген сөздердің дыбысталуына ықпалын тигізген. Оған Сібірде тұратын түркі халықтарының тілдерінде сақталған созылыңқы дыбыстар толық дәлел бола алады.


Модэ және оның ұрпақтарының өз кезінде Қытаймен жаугершілік жағдайында болуы, әрі ішкі феодалдық бытыраңқылықтар, тақ үшін таластар – осының бәрі бір кездегі құдіретті Хунну империясының әлсіреуіне алып келді. Біздің заманымызға дейінгі 58–57 жылдары хундар солтүстік және оңтүстік хундар болып екіге бөлініп кетеді. Бұған, біріншіден, феодализмнің әлеуметтік-саяси құрылымының өзі итермелесе, екіншіден, оның шығыстағы көршісі Сянбиндер мен Қытай империясының күшеюі себеп болды.

Біздің заманымызға дейінгі бірінші ғасырда Хун империясының экономикалық жағдайы қиындай бастайды. Ұзаққа созылған соғыстар, тақ үшін болған таластар халықтың жағдайын нашарлатып, үлкен көтеріліске себепкер болды. Тақ таластарының салдарынан 50-жылдары хундар екіге бөлінеді де, солтүстік хундарды Чжичжи, оңтүстік хундарды Хуханье басқарады. 50-жылдардың соңында екі хун князі де Қытайға елші жіберіп, оған тәуелді екендіктерін білдіреді. Бірақ Чжичжи Қытайдың қарамағында көп тұра алмайды да, біздің заманымыздан бұрынғы 47–46 жылдары Кангюлерге (Қаңлы мемлекетіне) барып қосылады. Біздің заманымызға дейінгі 42-жылы Усундерді (Үйсін мемлекетін) жеңіп, Чжичжи Орта Азияға шыға бастайды. Хуханье бастаған хундар Чжичжи кеткен соң өздерінің ата-мекеніне барып орналасады. Бірақ Сянбилердің басып кіруіне байланысты қайтадан оңтүстікке көшуге мәжбүр болады да, Қытайларға бағынышты болып қалады. Біздің заманымыздан бұрынғы 215 жылы олардың Шаньюйын Қытай императорлары ұстап алып, орнына өз адамдарын тағайындайды. Сөйтіп, оңтүстік хундар жеке мемлекет ретінде “өмір сүруін” тоқтатты.

Түрлі тайпалармен, халықтармен ұзақ араласу нәтижесінде хундардың этникалық, мемлекеттік құрамы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда өзгерген еді. Біздің заманымыздың III ғасырында хундардың төрт тармағы қалыптасып, төрт түрлі тарихқа ие болды.



Алматы қаласынан 45 шақырым жердегі Есік қорғанынан табылған сақ сарбанының алтын киімі



Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазу

1. Солтүстік хундардың бір тобы Қазақстанның солтүстігін жағалай отырып, Орал тауы мен Еділ жағалауына орналасты.

2. Юебань хундары Тарбағатай мен Жетісу өлкелерін қоныстанып, Соғды мәдениетін қабылдаған.

3. Сяньби хундары өз отанын тастап кетпестен, атамекенінде қалып қояды. Бірақ Сяньбилер көп болғандықтан, бірте-бірте түркі ана тілін ұмытып, монғол тілін қабылдайды. Кей ғалымдардың алтай тіл одағы болмаған, түркі тілдерінің монғол және түнгүс-мәншіжүр тілдерінде көптеген ортақ элементтің, тілдік субстраттың пайда болуына осы хундар себеп болды деуі осыдан.

4. Қытайлық хундар — сяньбилерден жеңілген соң оңтүстікке қарай шегініп, Ұлы Қытай қабырғасының екі жағын ала қоныстанған хундардың өкілдері. Бұлар уақыт озған сайын өз қатарын көбейтіп, VI ғасырдың соңына дейін хун империясын қайта құруға әрекет етті.

Солтүстік хундар Бетбақдаламен жүре отырып, Орал тауының орта бөлігінен Еділ бойы, Қара теңіз, Каспий жағаларын толық


мекендеген. Олар өздерінің қатарына угро-финдерден тайпалар қосып алып, Европаға қарай жол тартады. Олар тарихқа гундар деген атпен енген болатын. Алғашқы гундардың тобы көп болмауы керек. Себебі, сянбилерден тозып қашқан хундар төртке бөлінгенде олардың көпшілігі Ұлы Қытай қорғанына жақын барып орналасқан еді. Сондықтан угро-финн тайпаларына қосылып, оларды өз құрамына енгізіп, санын көбейткен деп жорамал жасауға болады. Дегенмен де тіл білімінде солтүстік хундарды қазіргі чуваштардың ата-тегі деп танушылар бар. Б.А.Серебренниковтың пікірінше, чуваштардың ата-тегі Еділдің төменгі жағына орналасады да, ол жердегі халықтарды ары қарай ығыстырады. Кейін өздері де екіге бөлініп: 1) хазарлар Еділдің төменгі ағымында қалып қояды да, 2) бұлғарлар екіге бөлініп, бір тобы оңтүстікке, екіншісі солтүстікке қарай жер ауады [169, 41].

Демек, хундардың құрамында түркі-монғол тайпаларының болғандығы анық және олардың аралығында тілдік параллелдің болуы да заңды. Бірақ ол тілдердің осы кезде ара-жігі ашылып, жеке-жеке өмір сүре бастады. Түркі тілдері де бірнеше тайпалық тіл одағынан құралып, олардың өзіндік ерекшеліктері қалыптаса береді. Хун дәуірінде түркі тілдерінің ішінде *p~л* тілдері, яғни бұрынғы авар, хазар, бұлғар және қазіргі чуваш тілдерінің ата тегі, *з~ш* тілдері, яғни оғыз (уздар), көне қырғыз, көне ұйғыр (Шығыста қалып қойған) және қазіргі оғыз, қыпшақ, қарлұқтардың ата-тегінің тілдері ажыраса бастаған [21,155-156]. Бұлардың кейбір белгілерін қазіргі түркі тілдерінен де байқауға болады. Сонымен хун дәуірінде негізгі түркі тілдерінен (праторкский язык) төрт түрлі түркі тілі өзара жіктеліп, бөлініп шыға бастайды: 1) түркі тілдерінің бұлғар тобы: бұлғар, хазар, авар тілдері; 2) қырғыз тілі (бұл Енисей қырғыздары); 3) якут тілі (осы дәуірде қалыптаса бастаған); 4) оғыз, қыпшақ, қарлұқ тілдері [11,59].

Н.А.Баскаков Хун дәуіріндегі түркі тілдерін екіге, батыс хун және шығыс хун тілдері деп бөледі. Батыс тобы – бұлғар (*p~л*) және оғыз-қарлұқ, қыпшақ (*з~ш*, *д~т*) тілдерінен, шығыс тобы – ұйғыр-оғуз (*з~ш*, *д~т*) және қырғыз-қыпшақ (*з~ш*, *д~т*) тілдерінен тұрады [21,12].



Алматы қаласынан 45 шақырым жердегі Есік қорғанынан табылған сақ сарбазының алтын киімі



Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазу

1. Солтүстік хундардың бір тобы Қазақстанның солтүстігін жағалай отырып, Орал тауы мен Еділ жағалауына орналасты.

2. Юебань хундары Тарбағатай мен Жетісу өлкелерін қоныстанып, Соғды мәдениетін қабылдаған.

3. Сяньби хундары өз отанын тастап кетпестен, атамекенінде қалып қояды. Бірақ Сяньбилер көп болғандықтан, бірте-бірте түркі ана тілін ұмытып, монғол тілін қабылдайды. Кей ғалымдардың алтай тіл одағы болмаған, түркі тілдерінің монғол және түнғұс-мәншіжүр тілдерінде көптеген ортақ элементтің, тілдік субстраттың пайда болуына осы хундар себеп болды деуі осыдан.

4. Қытайлық хундар — сяньбилерден жеңілген соң оңтүстікке қарай шегініп, Ұлы Қытай қабырғасының екі жағын ала қоныстанған хундардың өкілдері. Бұлар уақыт озған сайын өз қатарын көбейтіп, VI ғасырдың соңына дейін хун империясын қайта құруға әрекет етті.

Солтүстік хундар Бетбақдаламен жүре отырып, Орал тауының орта бөлігінен Еділ бойы, Қара теңіз, Каспий жағаларын толық

мекендеген. Олар өздерінің қатарына угро-финдерден тайпалар қосып алып, Европаға қарай жол тартады. Олар тарихқа гундар деген атпен енген болатын. Алғашқы гундардың тобы көп болмауы керек. Себебі, сянбилерден тозып қашқан хундар төртке бөлінгенде олардың көпшілігі Ұлы Қытай қорғанына жақын барып орналасқан еді. Сондықтан угро-финн тайпаларына қосылып, оларды өз құрамына енгізіп, санын көбейткен деп жорамал жасауға болады. Дегенмен де тіл білімінде солтүстік хундарды қазіргі чуваштардың ата-тегі деп танушылар бар. Б.А.Серебренниковтың пікірінше, чуваштардың ата-тегі Еділдің төменгі жағына орналасады да, ол жердегі халықтарды ары қарай ығыстырады. Кейін өздері де екіге бөлініп: 1) хазарлар Еділдің төменгі ағымында қалып қояды да, 2) бұлғарлар екіге бөлініп, бір тобы оңтүстікке, екіншісі солтүстікке қарай жер ауады [169, 41].

Демек, хундардың құрамында түркі-монғол тайпаларының болғандығы анық және олардың аралығында тілдік параллелдің болуы да заңды. Бірақ ол тілдердің осы кезде ара-жігі ашылып, жеке-жеке өмір сүре бастады. Түркі тілдері де бірнеше тайпалық тіл одағынан құралып, олардың өзіндік ерекшеліктері қалыптаса береді. Хун дәуірінде түркі тілдерінің ішінде *p~л* тілдері, яғни бұрынғы авар, хазар, бұлғар және қазіргі чуваш тілдерінің ата тегі, *з~ш* тілдері, яғни оғыз (уздар), көне қырғыз, көне ұйғыр (Шығыста қалып қойған) және қазіргі оғыз, қыпшақ, қарлұқтардың ата-тегінің тілдері ажыраса бастаған [21,155-156]. Бұлардың кейбір белгілерін қазіргі түркі тілдерінен де байқауға болады. Сонымен хун дәуірінде негізгі түркі тілдерінен (праторкский язык) төрт түрлі түркі тілі өзара жіктеліп, бөлініп шыға бастайды: 1) түркі тілдерінің бұлғар тобы: бұлғар, хазар, авар тілдері; 2) қырғыз тілі (бұл Енисей қырғыздары); 3) якут тілі (осы дәуірде қалыптаса бастаған); 4) оғыз, қыпшақ, қарлұқ тілдері [11,59].

Н.А.Баскаков Хун дәуіріндегі түркі тілдерін екіге, батыс хун және шығыс хун тілдері деп бөледі. Батыс тобы – бұлғар (*p~л*) және оғыз-қарлұқ, қыпшақ (*з~ш*, *д~т*) тілдерінен, шығыс тобы – ұйғыр-оғуз (*з~ш*, *д~т*) және қырғыз-қыпшақ (*з~ш*, *д~т*) тілдерінен тұрады [21,12].

3. Түркі тілдерінің дамуындағы көне түркі дәуірі (V–X ғасырлар)

Шығыста қытайлар мен сяньбилердің соққысынан кейін Хун империясының құлауы, хундардың бір бөлігі Орта Азияға, екінші бөлігі Еуропаға, үшінші бөлігінің қытайларға қосылуы, төртіншісі – сяньбилердің құрамында қалуы Шығыс тарихында үлкен өзгеріс енгізе қойған жоқ. Себебі сяньбилер де, жужандар да көшпелі халық болатын. Олар тез араласып, тез арада ажырасып, жеке мемлекетке айналып отырған. Ал батыста болса, хундардың қозғалысы тайпалар одағының орын өзгертуіне, ұлы көшпенділіктің басталуына себепші болды. Мысалы, сяньбилердің соққысынан соң Алтай, Саян тауларын аса, Еуропаға бет алған хун тайпалары жолындағы угро тілінде сөйлейтін тайпалармен бірге түркі тілінде сөйлейтін тайпаларды ілестіре отырып, Еділ бойындағы алаңдарды Дон бойына ығыстырды. Хундардың осылай ыдырауы негізінен пайда болған бұлғарлар мен хазарлар Еділ, Дон бойларын, Кавказ тауы етектерін, Арал, Каспий жағалауларындағы ру-тайпаларды қозғалысқа салды. Демек, көптеген көшпелі тайпалардың мекен ауыстырып, көшіп-қонуы Ресей мен Византия сияқты үлкен мемлекеттерге де ықпалын тигізді. Оңтүстікте олар Иран мемлекетіне де ене бастағаны белгілі.

Түркі тайпалары Орта Азия мен Қазақстан, Еділ-Дон аралығы мен Кавказ тауларының етектерінде қаншама көшіп-қонып жүрсе де, олардың ту тіккен жері – Сібір өлкесі болатын. “Түрік” сөзі де осы Сібірде қолданылған. А.Н.Гумилевтің көрсетуінше, біздің заманымыздың 439 жылы тобасцилар хундардың қалдықтарын жеңіп, Хэси өлкесін қытайдың Вэй империясына қосқан кезде 500 үйлік хунның князі Ашина жужандарға қашып өтеді де, Алтай тауының оңтүстігіңе орналасады, олар жужандар үшін темір қорыта бастайды. Қытайлықтар Ашина тобын және оның айналасындағы, қол астындағы халықтарды *ту-кю* деп атайды. П.Пелльо бұл қытай сөзін *тюрк-ют* деп транскрипция жасаған. “Турк” деген сөз “күшті”, “мықты”, “берік” деген мағынаны білдірсе, *ют* морфемасы монғол тілінде көптік

мағынаны білдіреді*. Дегенмен де, аз санды Ашина тез арада үлкен беделге ие болуы екіталай еді. Солай бола тұрса да, Ашина тобының жауынгерлігі, Ашинаның ұйымдастырушылық қабілеті мен қолбасшылық дарындылығы 500 үйлі топтың басын біріктіріп, басшы тайпаның (топтың) бірі болуына мүмкіндік алды. Ашинаның Алтай тауының оңтүстігіне көшіп келуіне ертеректе көшіп келген хун тайпаларының сол араларда болуы да себеп болса керек. 468 жылы батыс хундар халық ретінде жойылса, 545 жылы түрктер халық ретінде тарих аренасына шықты [50, 22]. Өте қысқа мерзім ішінде хун тайпаларының жеке халық ретінде қалыптасуы 500 үйлі Ашина тобынан басқа да, Алтай, Саян таулары баурайларында туыстас тайпалардың мол болғандығынан дерек береді.

Неліктен біздің заманымыздың 545 жылы түркі тайпалары жалпы түркі халқы болып қалыптасқан? Әрине, халық аз уақыттың ішінде қалыптаспайды, ол біртіндеп даму нәтижесінде қалыптасады. Түркі халықтары да солай біртіндеп даму негізінде қалыптасқан. Олардың негізі Хун империясы кезінде-ақ пайда болған. Бірақ “*түрк*” сөзінің этноним ретінде қалыптасуы соңғы кездерде (монғол шабуылынан кейін) ғана, о баста *түрк* (>*түркі*) сөзі тайпалар одағының атауы ретінде қолданылған. Ал, 545 жылы болса, Батыс Вэй императоры Вэньда түрктердің (түркілердің) қағаны (ханы) Бумынға арнайы елші жіберіп, Шығыс Вэй императоры Гао Хуаньға қарсы одақ жасауды ұсынады. Екінші сөзбен айтқанда, түркі қағаны Бумынды Қытай императоры өзімен тең санап, түрктерді жеке халық деп есептеп, одақтастыққа шақырған. Бірақ түрктер бұл кезде жужандарға бағынышты болатын, сондықтан да олар Батыс Вэй императорымен астыртын байланыс жасаудан ары аса алмайды. Тек 552 жылдың қысында Бумын қаған жужан ханы Анахуаньға [102] қарсы жорық жасап, оны жеңеді. Жужан ханы өзін-өзі өлтіреді. Сол соғыстан кейін түрктер бостандық алып, Бумын қаған атағына ие болады. Осы жылдан түрк (түркі) қағанаты дербес өмір сүре

* Түрк, түркі сөздерінің этимологиясы туралы алғысөзде толығырақ айтылған. Бұл жерде түрк (бұрынғы дәстүр бойынша) пен түркі (кейінгі қалыптасуы) атаулары бір этнонимнің нұсқалары ретінде алынған.

бастайды. 552—554 жылдары олар Енисей қырғыздарын, қай тайпаларын, қидандар мен оғыз-татар тайпаларын өзіне қаратып алады (қидандарды қытай әскері талқандаған болатын, бірақ ол жерде ұзақ тұра алмайды. Қытайлардан кейін түркілер басып алған).

Түркі қағанаты тек шығысқа қарай ғана қанат жаймай, олар өз территориясының шегін батысқа қарай да кеңейте түсті. Түркілер батыс жорығын Бумын қағанның інісі Истемин қаған басқарды. Истемин қаған өз жорығын 552 жылдан кейін бастады. 555 жылы оның жасақтары Арал теңізін орай өтіп, Каспийге дейін жетеді, бірақ Еділден ары өте алмайды. Оңтүстікте шекарасы Әмударияны жағалай отырып, Шаштың (қазіргі Ташкенттің) солтүстігінен өткен. Соғдияна мен Бұқара Истеминнің қол астына кірмей қалған. Сөйтіп Еділден Сары теңізге дейін созылып жатқан ұланғайыр территория Түрік қағанатының қол астына қарайды. 571 жылы түрк сарбаздарының аттары Солтүстік Кавказ жерінің шаңын шығарып жатты. Бұдан бұрын Истемин қаған Бұқара мен Соғды жерін (560 ж.) жаулап алған болатын.

Осыншама байтақ жерді алып жатқан феодалдық мемлекет ұзақ уақыт өз бірлігін сақтап келді. Тек 603 жылы ғана ол Батыс және Шығыс түркі қағанаттарына бөлініп кетті. Батыс түрк қағанатының орталығы Жетісуда, Шығыс түрк қағанатының орталығы Монғолия территориясы болды. Батыс түрк қағанатының тілі туралы мардымды материалдар жоқ. Дегенмен Батыс түрк қағанатының құрамында негізінен түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың саны мол болғандығы тарихтан белгілі.

Батыс түркі қағанатының құрамындағы бұлғарлар мен хазарлар, печенектер мен қыпшақтар түркі тілінде сөйлегені анық. Бұлардың тегі туралы да жазба деректер жоқтың қасы. Жеке сөздер мен сөз тіркестері осы дәуірдегі саяхатшылардың естеліктері мен жазған кітаптарында, сол дәуірде жарық көрген түрлі сөздіктерде кездейсоқ кездесіп қалады. Кейде топонимдік атаулар мен ономастикалық материалдар да кездеседі. Егер Батыс түрк қағанатының құрамында болған халықтар мен жерлердің тарихына үңілсек, оған қазіргі чуваш, башқұрт, татар сияқты халықтардың территориясы, Қырым, Кавказ, Мауренахр (Қос өзен арасы), Қазақстанның



Күлтегін ескерткіші

белгілі дәрежеде бағыт сілтеп отыратын қытай империясы мен Тибет бар болатын. Алғашқы кезде Батыс қағанат Қытайдың ішкі істеріне белсене араласады. Солардың көмегімен 618 жылы Суй династиясын аударып, Тан династиясын орнатады. Бірақ Тан династиясы тез арада түркілерге қарсы шабуылға шығып, 630 жылы оларға қатты соққы береді. Түркілер өздерін қытайларға қарсы қойып, VII ғасырдың 80-ші жылдары Күтлұғ қағанның бастауымен қытайларға қарсы көтеріледі. Күтлұғ-түркілер тарихында Эльтэрэс (Елтеріс) “Халықтың басын қосушы” деген атымен мәлім. Эльтэрэс өлгеннен кейін (691 ж.) таққа інісі Мочжо отырады. Мочжо (тарихта ол Канаган қаған атымен мәлім) билік еткен дәуірде (693–716 ж.) қытайлардан мүлде бөлініп, бұрынғы жерлерін қайтарып алады. Мочжо өлгеннен кейін Күлтегіннің (685–731 ж.) көмегімен Білге Могилан (684–734) таққа отырады. Бірақ халықтың ішкі жағдайы, ру басшылары мен феодал шонжарлардың таласы Батыс түрк қағандарын мүлдем әлсіретіп жіберген болатын. 745 жылы Батыс қағанат өмір сүруін тоқтатты. Оның орнына ұйғыр хандығы орнайды.

ұлан-байтақ жерлері қарағандығы мәлім. Қара Гурен қаған өлгеннен кейін (601 жыл) Батыс түрк қағанатында жеке мемлекет болып бөлініп шығу үшін әрекет етушілер көбейе бастады. Әсіресе, түргештер бұған өте белсене кірісті. IX ғасырда Батыс түрк қағанатының жерінде бұғарлар, хазарлар, қыпшақтар, оғыздар, қарлұқтар өздерінің мемлекеттерін құрды. Ал Шығыс түрк қағанатында ұйғырлар мен қырғыздар мемлекеті орнады.


Шығыс түрк қағанатының географиялық жағдайы Батыс қағанатына қарағанда мүлде басқаша болатын. Бұл қағанатқа белгілі дәрежеде күш көрсетіп,

бастайды. 552—554 жылдары олар Енисей қырғыздарын, қай тайпаларын, қидандар мен оғыз-татар тайпаларын өзіне қаратып алады (қидандарды қытай әскері талқандаған болатын, бірақ ол жерде ұзақ тұра алмайды. Қытайлардан кейін түркілер басып алған).

Түркі қағанаты тек шығысқа қарай ғана қанат жаймай, олар өз территориясының шегін батысқа қарай да кеңейте түсті. Түркілер батыс жорығын Бумын қағанның інісі Истемин қаған басқарды. Истемин қаған өз жорығын 552 жылдан кейін бастады. 555 жылы оның жасақтары Арал теңізін орай өтіп, Каспийге дейін жетеді, бірақ Еділден ары өте алмайды. Оңтүстікте шекарасы Әмударияны жағалай отырып, Шаштың (қазіргі Ташкенттің) солтүстігінен өткен. Соғдияна мен Бұқара Истеминнің қол астына кірмей қалған. Сөйтіп Еділден Сары теңізге дейін созылып жатқан ұланғайыр территория Түрік қағанатының қол астына қарайды. 571 жылы түрк сарбаздарының аттары Солтүстік Кавказ жерінің шаңын шығарып жатты. Бұдан бұрын Истемин қаған Бұқара мен Соғды жерін (560 ж.) жаулап алған болатын.

Осыншама байтақ жерді алып жатқан феодалдық мемлекет ұзақ уақыт өз бірлігін сақтап келді. Тек 603 жылы ғана ол Батыс және Шығыс түркі қағанаттарына бөлініп кетті. Батыс түрк қағанатының орталығы Жетісуда, Шығыс түрк қағанатының орталығы Монғолия территориясы болды. Батыс түрк қағанатының тілі туралы мардымды материалдар жоқ. Дегенмен Батыс түрк қағанатының құрамында негізінен түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың саны мол болғандығы тарихтан белгілі.

Батыс түркі қағанатының құрамындағы бұлғарлар мен хазарлар, печенектер мен қыпшақтар түркі тілінде сөйлегені анық. Бұлардың тегі туралы да жазба деректер жоқтың қасы. Жеке сөздер мен сөз тіркестері осы дәуірдегі саяхатшылардың естеліктері мен жазған кітаптарында, сол дәуірде жарық көрген түрлі сөздіктерде кездейсоқ кездесіп қалады. Кейде топонимдік атаулар мен ономастикалық материалдар да кездеседі. Егер Батыс түрк қағанатының құрамында болған халықтар мен жерлердің тарихына үңілсек, оған қазіргі чуваш, башқұрт, татар сияқты халықтардың территориясы, Қырым, Кавказ, Мауренахр (Қос өзен арасы), Қазақстанның



Күлтегін ескерткіші

ұлан-байтақ жерлері қарағандығы мәлім. Қара Гурен қаған өлгеннен кейін (601 жыл) Батыс түрк қағанатында жеке мемлекет болып бөлініп шығу үшін әрекет етушілер көбейе бастады. Әсіресе, түргештер бұған өте белсене кірісті. IX ғасырда Батыс түрк қағанатының жерінде бұлғарлар, хазарлар, қыпшақтар, оғыздар, қарлұқтар өздерінің мемлекеттерін құрды. Ал Шығыс түрк қағанатында ұйғырлар мен қырғыздар мемлекеті орнады.

Шығыс түрк қағанатының географиялық жағдайы Батыс қағанатына қарағанда мүлде басқаша болатын. Бұл қағанатқа белгілі дәрежеде күш көрсетіп,

белгілі дәрежеде бағыт сілтеп отыратын қытай империясы мен Тибет бар болатын. Алғашқы кезде Батыс қағанат Қытайдың ішкі істеріне белсене араласады. Солардың көмегімен 618 жылы Суй династиясын аударып, Тан династиясын орнатады. Бірақ Тан династиясы тез арада түркілерге қарсы шабуылға шығып, 630 жылы оларға қатты соққы береді. Түркілер өздерін қытайларға қарсы қойып, VII ғасырдың 80-ші жылдары Күтлұғ қағанның бастауымен қытайларға қарсы көтеріледі. Күтлұғ-түркілер тарихында Эльтэрэс (Елтеріс) “Халықтың басын қосушы” деген атымен мәлім. Эльтэрэс өлгеннен кейін (691 ж.) таққа иісі Мочжо отырады. Мочжо (тарихта ол Канаган қаған атымен мәлім) билік еткен дәуірде (693–716 ж.) қытайлардан мүлде бөлініп, бұрынғы жерлерін қайтарып алады. Мочжо өлгеннен кейін Күлтегіннің (685–731 ж.) көмегімен Білге Могилан (684–734) таққа отырады. Бірақ халықтың ішкі жағдайы, ру басшылары мен феодал шонжарлардың таласы Батыс түрк қағандарын мүлдем әлсіретіп жіберген болатын. 745 жылы Батыс қағанат өмір сүруін тоқтатты. Оның орнына ұйғыр хандығы орнайды.

Ұйғыр қағанаты да ұзақ жасай алмаған еді. Олардың ең күшейген дәуірі — Мончур Гэлэ-хан дәуірі. Ол 747 жылы әкесі Пэйло өлгеннен кейін таққа отырады. Бірақ ұйғыр қағанатының құрамына кірген тайпалар тату тұра алмағандығы тарихтан белгілі. Мысалы, 795 жылы ұйғырлардың қағаны Ачо өлгеннен кейін қағанат тағына Құтлұғ отырады. Өлген қағанның орнына басқа мұрагердің отыруы заңды, бірақ Ачо ұйғырлардың яғлақар руынан болса, Құтлұғ телелер құрамына енетін эдиздер руынан еді. Демек, қағанат билігі ұйғырлардан телелерге өтеді. Ал, 839 жылы ұйғыр Қурабир телелерден болған қаған Құдыны түрк тайпасы шатоалардың көмегімен аударғанда, эдиздердің көсемі Кюлюг-баға қырғыздарды жәрдемге шақырады. Сөйтіп, 840 жылы ұйғыр қағанаты өмір сүруін тоқтатады. Бірақ ұйғырлар мемлекеті мүлде жойылып кеткен жоқ. Тек Шыңғыс ханның жорығынан кейін ғана ұйғыр хандығы (князьдігі) монғолдардың құрамына енеді. Қырғыз қағанаты да ұзақ өмір сүре алмады. Оларды қара қытайлықтар (қидандар) басып алады.

Батыс түрк қағанатына қарағанда Шығыс түрк қағанаты ұрпақтарына көп жазба мұралар қалдырған. Олар туралы қытай жылнамаларындағы деректерден басқа, түркілердің өздері де жазба деректер қалдырған. Олардың ең үлкені де, әсіресе лингвистер үшін құндысы да — Орхон-Енисей жазу ескерткіштері. Бұл ескерткіш тіл тарихына “руникалық ескерткіш” деген атпен енген. Руникалық жазу ескерткіштері жанры жағынан да, алфавит жағынан да, стилі жағынан да бірізді емес*. Көне түркі жазу ескерткіштерінің әрқайсысы Батыс түрк қағанатының әр дәуіріне, белгілі бір саяси-әлеуметтік жағдайлармен байланысып жатады. Осы ерекшеліктерін ескере отырып, С.Г.Кляшторный мен А.Н.Коновтар көне түркі жазу ескерткіштерін 7 топқа бөліп қарайды [83, 51-52; 88, 22].

1. Батыс түрк қағанатына тән ескерткіштер. Бұлар негізінен Орхон ескерткіштері деп аталады да, оған: 1) Орхон өзенінің бойынан табылған ескерткіштер; 2) Алтай тауының айналасынан табылған ескерткіштер енеді. Ғалымдарымыз бұл

* Руникалық жазулардың тарихы, зерттелуі, оқылу тәсілі туралы көптеген еңбектер бар, сондықтан оларға арнайы тоқталмадық.

ескерткіштерді VII–VIII ғасырларда жазылған деп шамалайды. Тасқа жазылған сына жазулардың ішіндегі ең үлкені де, тілдік материалдары жағынан құндысы да осы дәуірге сай келеді.

2. Қырғыз қағанатына тән Енисей жазу ескерткіштері. Енисей жазу ескерткіштерінің қай кездерде жазылғандығы туралы түрлі пікір бар. Мысалы, бұл ескерткіш тілін С.Е.Малов V–VI ғасырдағы түркілер тіліне, В.Томсен мен П.М.Мелиоранскийлер VI–VII ғасыр түркілер тіліне, В.В.Радлов VII–VIII ғасыр түркілер тіліне тән деп көрсетеді. Ал, Л.Р.Қызласов бұл ескерткіштерді IX–X ғасырда жазылған деген пікір айтады. Енисей жазу ескерткіштері Орхон жазу ескерткіштеріндей көлемі жағынан өте үлкен емес. Олардың ең үлкені Уйбат өзенінің бойынан табылған. Уйбат III деп аталатын ескерткіш 478 таңбадан тұрады [39, 26].

3. VIII–X ғасырларда жазылып, Лена-Байкал өңірінен табылған ескерткіштер. Бұл ескерткіш Құрұхан тайпалар одағына тиісті.

4. Талас және Ферғанадан табылған руникалық ескерткіштер. Бұл оғыз ескерткіштері батыс түрк тайпаларының ұрпақтарына тән, VI–VIII ғасыр аралығында жазылған.

5. VIII ғасырдың екінші жартысы мен IX ғасырларда жазылған Монғолиядағы ұйғыр қағанатына тиісті болған Семиги және Караболғасун ескерткіші.

6. Шығыс Түркістандағы ұйғыр мемлекетіне (IX–X ғғ.) тән ескерткіштер мен турфан жазулары.

7. Хазар қағанаты мен Печенек тайпаларына тиісті Шығыс Еуропадан табылған ескерткіштер.

Соңғы кездерде көне түркі жазуымен жазылған ескерткіштер Жетісу өңірінен табылды.

Бұлардың ішіндегі ең көлемдісі де, тілдік материалы тұрғысынан ең байы да, күні бүгінге дейін жан-жақты зерттеліп келе жатқаны – Орхон өзенінің бойында тасқа ойып жазылған жазулар. Бұл жазулардың бәрінің де тіл жағынан бір-біріне жақындығы айқын сезіледі. Сонымен қатар оларда диалектілік ерекшеліктердің бар екендігі де айқын аңғарылады. Сондықтан да бірсыпыра ғалымдардың бұл ескерткіштерді белгілі бір халықтың (қырғыздар, чуваштар, хакастар) меншігіне телуге дейін барған әрекеттері де болды. Әрине кейбір тілдердің дыбыстық жүйесі мен морфологиялық

құрылымы Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің тіліне өте жақын болуы, ал екінші біреулерінің олардан сәл алыстау тұруы мүмкін. Қалай болғанда да, үніле зерттеген жағдайда Орхон-Енисей жазуы түркі тілдерінің барлығына ортақ дүние екендігіне, оны белгілі бір халықтың еншісіне тели салуға көнбейтіндігіне көз жеткізуге болады.

С.Г.Кляшторный VII—X ғасырларда түрк қағанатының қол астына қараған жерлерде (қазіргі Монғолия, Сібірдің оңтүстігі, Жетісу) бір ғана көне түркі әдеби тілі болуы мүмкін, оның негізіне Ашина тайпасының (билеуші тайпа) тілі арқау болған деген жорамал айтады

[83, 51]. Алайда руникалық жазба ескерткіштері тек бір дәуірдің жемісі болып, бір территорияда өмір сүрген түріктердің ғана тілдік ерекшеліктерін қамтумен шектелуі мүмкін емес. Олар шамамен 4—5 ғасыр аралығындағы дәуірде қалыптасып, Сары теңізден Қара теңізге дейінгі аралықты алып жатқан бірнеше түркі тайпаларының тіл ерекшелігін қамтуы мүмкін. Сондықтан руникалық ескерткіш тілінде диалектілік ерекшеліктердің белең беруі заңды құбылыс іспетті. IX—X ғасыр жазба ескерткіштерін жоғарыда біз үш қағанаттың мұрасы ретінде қарастырдық. Олар: 1) Түрк қағанаты, 2) Ұйғыр қағанаты, 3) Қырғыз қағанаты. Осы үш қағанаттың үшеуі де түркі тілдес болғандықтан өзінше тілдік ерекшеліктері, этникалық айырмашылықтарымен ерекшеленуі мүмкін. Егер тарихи деректерге сүйене сөз қозғайтын болсақ, олардың кезінде бір қағанаттың құрамына енгендігі де мәлім. Бірақ бұдан олардың өзара тілдік айырмашылығы болмады деген пікір тумауға тиіс. Түрк қағанатының екіге бөлінуі, олардың бір тармағының батысқа қарай жылжып, Орта Азия мен Балқан жарты аралына дейінгі аралыққа таралуы, сөзсіз тілдеріне де белгілі дәрежеде әсер

Орхон-енісей ескерткіштерінің әріп таңбалары

Таңбалар	Мәні	Таңбалар	Мәні
Г Г X	Аа,Ее	Э э	Нн,ни
᠔ ᠔ ᠔ ᠔ ᠔	Бб	Ө ө Ө ө Ө ө	НТ,нт
᠖ ᠖ Г ᠖	Бб Бб	} { } { }	НЧ,нч
У У М М	Ғғ	> <	Оо Уу
Е Е	Гг	Р Р Р	Өө Үү
᠖ ᠖ ᠖	Дд	1	Пп
х	Дь дь	Ч Ч Ч	Рр
ч ч ч ч ч ч	Зз	Г Г	Рь рь
г г	Ыы,Ии	5	Сс
᠔ ᠔	Йй	1	Сь сь
А а ᠔ ᠔ ᠔ ᠔	Ққ	᠖ ᠖ ᠖ ᠖ ᠖	Тт
᠖ ᠖ ᠖ ᠖ ᠖	Кк	н н н	Ть ть
᠔	Лл	л ʸ	Чч
У	Ль ль	ʸ ʸ ʸ ʸ ʸ ʸ	Шш
М	ЛТ,лт	∞ ∞	Баш бөлу белгісі
᠖ ᠖ ᠖ ᠔ ∞	Мм	.	
᠔	Нн	.	
н н н	Нь нь		
᠔ ᠔	Ң		
ʸ	Йь йь		

еткен. Осының нәтижесінде түркі тілдес бірнеше шағын топтар пайда бола бастады. Мәселен, IX ғасырда Монғолияда қырғыздардың, Жоңғарияда ұйғырлардың (тоғуз-угурлар), Жетісу өңірінде қарлұқтардың (шігіл тайпасының қол астына біріккен тухси, аз, яғма тайпаларынан) мемлекеті пайда болады. Ал, Бұқара, Самарқанд, Қашқар, Ферғана, Хорезмдерде түркілер парсы тілдес халықтармен араласып кетеді. Орыс шежірелерінде көрсетілгендей, Сырдарияның төменгі ағысы мен Каспий жағалауын тоғуз-гуздар, гуздар, түркілер деп аталып кеткен көшпенді оғыздар мекендеді. Орал мен Жайық аралығында печенектер, Ертіс жағасында қимақтар, Енисей бойында қырғыздар орналасты. Орыс жерімен шекаралас аймақтарда түркілердің Хазар және Бұлғар мемлекеттері көршілес жатты.

Бұл тайпалар бір жерде ұзақ уақыт тұрақтап тұра алған емес, өйткені олар сол дәуірде көшпенділіктің екінші сатысын өз бастарынан кешіруде болатын. Түрлі жағдайларға байланысты ауық-ауық қоныс аударыстырып та тұрған. Яғни түркі тайпаларының аралас-құралас тұруы X ғасырларда әлі де тоқтамаған процесс болатын. Бірақ Сібірдегі түркі тайпалары мен Батыста қоныстанған түркі тайпаларының бір-бірімен араласуы өте сылбыр еді. Соның салдарынан Шығыстағы оғыздар, ұйғырлар мен қырғыздар бастаған түркі тектес тайпалардың арасы батыстағы бұлғар, хазар, печенектерден бөлініп қалады. Түркі тілдерінің кейінгі кезеңдердегі даму барысы бұл жіктің бұрынғыдан да алшақтай түсуіне түрткі болды.

Шығыс түркі қағанатының құрамындағы тайпалар тілінің жазба ескерткіштері көбірек сақталғандықтан, олардан сол дәуірдегі түркі тілдерінде бар диалектілік ерекшеліктерді айқын байқауға болады. Ал, Батыс түркі қағанатының құрамындағы түркі тайпаларынан ондай жазба ескерткіштері қалмаған. Тек азын-аулақ сөздер мен топоним атаулары ғана VI–X ғасырдағы Батыс түркі қағанатының құрамындағы түркі тайпаларының тілі туралы жеңіл-желпі шолу, үстіртін бағдар жасауға мүмкіндік береді*.

Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің тілін салыстырып қарасақ, оларда дыбыстық өзгерістердің барлығы анық көзге

* М.Қашғаридың сөздігінен де, кейбір эпитафиялық жазулардан да X ғасырдағы бұлғар, оғыз, қыпшақ тайпаларының тілі туралы мәлімет алуға болады.

түседі. Дауысты дыбыстардың алмасу ерекшелігіне қарай саралап: 1) *a*-тіл (ə, o, ɵ), 2) *i*-тіл (*ы, у, ү*) деп бөлу бар. Руникалық жазба ескерткіштерінде *a* дыбысы мен *ы* дыбысының орын алмастырып, қосарланатындығын: *еч~ич* (“бол” мағынасында), *ад~ид* (“ағу” мағынасында), *те~ти* (де мағынасында), *тас/дас~тыс/тыт* (“тысқары” мағынасында) көп ғалымдарымыз да көрсеткен болатын.

Дауыссыз дыбыстардың қолданылуында да айырмашылықтар бар. Мысалы, *б* және *м* дыбыстарының сөз басында бірінің орнына бірі

ауысып қолданылуы жиі байқалады. Тіпті, бір ескерткіш тілінің өзінде-ақ бұл екі дыбыстың орын алмасып қолданылғаны кездеседі. *Ман* (мен), *ваңа* (маған) (Енисей., 10-б), *вәңкй* – *тәңкй* (мәңгі) (Енисей., 32-б).

Орхон-Енисей ескерткіштерінің тіліндегі ерекшеліктер толық зерттелмеген. Дегенмен де, ескерткіштер тіліндегі дауыссыз дыбыстардың қолданылу ерекшелігіне қарай оларды бірнеше топқа бөлуге болады. А.Н.Баскаков оларды екі топқа бөледі.

Бірінші топқа көне оғыздар мен қырғыздардың тілінен дерек беретін Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілін енгізуге болады. Бұл тілдің мынадай ерекшеліктері бар: 1) сөз ішінде, сөз соңында *ң, н, й* дыбыстары ауыстырылып пайдаланылады: *аңығ, анығ, айық* (дурной, злой); *көң, қон, қой* (овца), *йаң, йан, йай* (рассеивать), *чығаң, чыған, чығай* (бедный), *қытан, қытан, қытай* (қытай); 2) сөз соңындағы *ғ* мен *в*-ның орнына *б* дыбысын қолдану: *суб* (*суғ, сув* деудің орнына) – *су, аб* (*ав* деудің орнына) – *ау*; 3) сөз соңындағы *б* мен *м* дыбысын ауыстырып қолдану: *бен, мән* (“мен” мағынасында), *биң, бың, мың* (“мың” мағынасында); 4) көсемшенің *-ыт, -ін* қосымшасының орнына *-пан* қосымшасын қолдану; 5) екінші

Көне ұйғыр ескерткіштері таңбасы

Таңбалар			Мәні
𐰀	𐰁	𐰂	Аа
𐰃	𐰄	𐰅	Ээ
𐰆	𐰇	𐰈	Ыы, Іі
𐰉	𐰊	𐰋	Оо, Уу
𐰌	𐰍	𐰎	Өө, Үү
𐰏	𐰐	𐰑	Бб, Пп
𐰒	𐰓	𐰔	Вв
𐰕	𐰖	𐰗	Ғғ
𐰘	𐰙	𐰚	Кк
𐰛	𐰜	𐰝	Хх
𐰞	𐰟	𐰠	Кк, Гг
𐰡	𐰢	𐰣	Тт
𐰤	𐰥	𐰦	Дд
𐰧	𐰨	𐰩	Жж
𐰪	𐰫	𐰬	Зз
𐰭	𐰮	𐰯	Йй
𐰰	𐰱	𐰲	Лл
𐰳	𐰴	𐰵	Мм
𐰶	𐰷	𐰸	Нн
𐰹	𐰺	𐰻	Рр
𐰼	𐰽	𐰾	Сс
𐰿	𐱀	𐱁	Шш
𐱂	𐱃	𐱄	Чч

жақ өткен шақтық *-тығ*, *-тығыз* қосымшасының болуы; 6) 3-жақ бұйрық райы *-суы*, *-чук* формасының болуы; 7) етістіктің *-сығ* формалы рай қосымшасының болуы; 8) *ғырынч* демеулігінің қолданылуы.

Екінші топқа көне ұйғыр тілін жатқызуға болады. Бұлар өз ішінде екі топқа бөлінеді де, алғашқысына манихей жазу ескерткішінің тілі, немесе көне ұйғыр тілінің *n* диалектісі жатады. Ал, екінші топқа манихей жазуынан кейінгі дәуірдегі жазба ескерткіштері (будда, брахма және христиан тәрізді діни сюжеттегі жазулардың тілі) немесе *y* диалектісі жатады. *n* диалектісінің өзіндік белгілері мыналар: 1. Ашық *a/ə* дыбыстарының орнына *ы/i* дыбыстарының қолданылуы. Мысалы, құралдық септігі *-ан*, *-ән* қосымшасының орнына *-ын*, *-ин*; дерексіздік есімнің жұрнағы *-лағ*, *-ләг* орнына *-лығ*, *-лиг* қолданылады. 2. II жақ өткен шақтық *-тығ/-тығыз* қосымшасы бар. 3. Көсемшенің *-ып*, *-ип* қосымшасымен бірге *-пан* қосымшасы да қолданылады. 4. Етістіктің *-сығ* қосымшасы да бар.

y диалектісінің негізгі ерекшеліктері мыналар: 1) *ғ* мен *б* дыбыстарының орнына *в* дыбысының қолданылуы: *суб* (*суб*, *суғ* орнына) – “су” мағынасында, *ав* (*аб* орнына) – “ау” мағынасында; 2) Көне көсемшенің қосымшасы *-пан* орнына *-ып*, *-ип* көбірек қолданыла бастаған; 3. *-сығ* қосымшасының орнына *-ғу*, *-луғ* қосарлана қолданылатын болған; 4. Бұйрық райының II жағы *-зун* қосымшасына *-ие* болған; 5. Өткен шақтық *-тың//*-*тыңыз* қосымшасының орнына *-тық//*-*тығыз* жарыса қолданыла бастаған [21,95-96].

IX–X ғасырлар жазба ескерткіштерінің тілінде *p* және *d/т~с/з* құбылысты тілдердің арасы ашық межелене бастаған. *P* тілдеріне хазар, бұлғар (қазіргі чуваш) және оғыз тілдері жатады. Міне, осы тілдерде *d* мен *p* дыбыстарының сәйкес келу заңдылықтары XII ғасырға дейін созылып келген. Мұны Еділ бұлғарларының құлпытастарына жазылған жазуларда шығыс септігінің *-дан*, *-ден* қосымшасының орнына *-ран* жалғауының (*döjaraп* – дүниеден) қолданылғанынан көреміз. Сондай-ақ өткен шақтық *-ды//*-*ді* қосымшасының қызметін *-ры//*-*рі* атқарған [189, 46]. Ал *p* мен *з/с* дыбыстарының жарыса, қатар қолданылуы осы тұста жиі кездеседі.

Бұл дәуірде түркі тілдерінің кейбіреулерінде *y*, *ж/з*, *d* дыбыстарымен сөйлеу ерекшелігі де жайлап байқала бастады.

Академик А.Н.Кононов сол кездегі оғыздар мен қыпшақтардың тілін *й*, ұйғырлардың тілін *д*, қырғыздардың тілін *з* (*з*) деп топ-топқа бөліп көрсетеді.

4. Түркі тілдерінің дамуындағы орта ғасыр дәуірі (X–XV ғасырлар)

X–XV ғасырлар түркі халықтары үшін өте маңызды әлеуметтік оқиғаларға толы, олардың әрқайсысының жеке-жеке халық ретінде қалыптаса бастап, өз алдына отау тіккен дәуірі болды. Басқа сатылардан гөрі бұл дәуірдің ең басты ерекшелігі де осы жалпы түркі тілдерінен бөлініп шығып, дербес тілдердің қалыптаса бастауында жатыр. Халықтардың жеке отау тігіп, бір ортадан бөлініп шығу жолы бір ондаған жылдармен ғана шектелінбейді, қайта бірнеше ондаған жылдар бойына созылатындығы белгілі. Сондықтан да әр халық белгілі бір тайпалар одағының ықпалында болып, өзара ұзақ уақыт бойы бір-бірімен тығыз байланысып жатады. Уақыт озған сайын біртіндеп жайлап бірі екіншісінен іргесін алшақ салып, даралана бастайды. Бұған, әрине, халықтардың әлеуметтік даму дәрежесі, орналасқан географиялық ортасы, тіл дербестігі, діни нанымдары, т.б. қозғаушы күштер себепші болады. Орта ғасыр түркі тайпаларының дамуына да осындай факторлардың үлкен әсері болды.

X–XV ғасырларда түркі тайпалары жасаған өлке өте кеңейген және бірнеше мемлекетке бөлінген болатын. Олардың тілдерінде де, діндерінде де алшақтық анық байқалына бастады. Орта Азияда жасайтын түркі тайпалары ислам дінін қабылдап, арабтармен араласып, араб тілінің ықпалына түссе, Сібір түркі тайпалары монғол тайпаларымен, угро-финн тайпаларымен байланысты. Чуваш, саха (якут) сияқты халықтардың ата тегі өзінің тілдес тайпаларынан қол үзіп, чуваштар угро-финн, сахалар монғол тайпаларының қоршауында қалды. Орта Азия мен Жетісуда жасайтын түркі тайпаларында да тілдік, этнографиялық ерекшеліктер байқалына бастады. Бір топ түркі тайпалары отырықшы, жерге таңылған болса, екінші бір топ тайпалар көшіп-қонып, көшпенді өмір сүрді. Отырықшы тайпалар жергілікті парсы-тәжік тілдес халықтармен араласып, қостілділік пайда болды. Кавказ өңіріндегі жағдай мен Кіші Азиядағы жағдай да бірдей емес еді.

Араб алфавитінің қолданылуы

Мәселе түрінде	Сөз соңында	Сөз ортасында	Сөз басында	Мәселе түрінде	Сөз соңында	Сөз ортасында	Сөз басында
ا	ا	-	-	ض	ض	ظ	ظ
ب	ب	ب	ب	ط	ط	ظ	ظ
پ	پ	پ	پ	ظ	ظ	ظ	ظ
ت	ت	ت	ت	ع	ع	ع	ع
ث	ث	ث	ث	غ	غ	غ	غ
ج	ج	ج	ج	ف	ف	ف	ف
ح	ح	ح	ح	ق	ق	ق	ق
خ	خ	خ	خ	ك	ك	ك	ك
د	د	-	-	ل	ل	ل	ل
ذ	ذ	-	-	م	م	م	م
ر	ر	-	-	ن	ن	ن	ن
ز	ز	-	-	ه	ه	ه	ه
ژ	ژ	-	-	و	و	و	و
س	س	س	س	ي	ي	ي	ي
ش	ش	ش	ش				
ص	ص	ص	ص				

Тілдік ерекшелігі жағынан да олардың бөліне бастауы заңды еді. Бірақ монғолдардың шабуылы бұған теріс ықпал жасады. Қалыптасып келе жатқан жаңа этникалық, тілдік топтарды араластырып жіберді. Жалпы Ұйғыр қағанаты мен Қырғыз қағанатының ыдырауы, Сібір түркі тайпаларының батысқа қарай көшуі Қазақстан мен Орта Азияда жасайтын түркілердің өміріне өзгеріс енгізеді. Бұл кезде Орта Азияда Саманидтер династиясы билік құрып тұрған болатын.

Ал түркілер болса, бұл кезде соғдылармен аралас тұрған.

Тіпті, саманилер өздерінің таңдамалы әскерлерін де осы түркілерден жасақтағаны бізге тарихтан белгілі. Соғды халқы өте жоғары мәдениетті, егіншілікпен және сауда-саттық істерімен айналысқан. Тіпті VI—VIII ғасырлардың өзінде-ақ олар түркі тайпалары мекендеген Жетісу өлкесіне дейін қоныс аударып, жергілікті халықпен тығыз араласа бастаған. Соның нәтижесінде олар сол кездегі өзге елдермен қатынасудың арнасы болған Ұлы Жібек жолын өз қолдарынан шығармай ұстап отырған.

Жетісу өлкесінде X ғасырда айналасына күшті ықпал жасап, алыс-жақынды билеп-төстеп отырған оғыздар өмір сүрген. Оларға дейін болған қарлұқтар туралы алғашқы дерек V ғасырдың ортасынан бастап кездеседі. Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінде де қарлұқтар жайында мәліметтер бар. Олардың Жетісуда ірі-ірі Құлан, Меркіт сияқты қалалары да болған. Қарлұқтар құрамы жағынан алғанда бір тайпа емес, бірнеше тайпаның бірігуінен барып құралған үлкен одақ болатын. Қазақ ССР тарихының авторлары қарлұқтардың құрамына *бұлаң, шігіл, ташиллы* тайпалары кірген деп көрсетеді. Араб авторларының еңбектері мен М.Қашғари сөздігінде бұдан басқа да мәліметтер ұшырасады. Дегенмен

де бізге жеткен деректердегі пікірлерді жинақтай қорытсақ, *қарлұқтар* мен *оғыздар* билеп-төстеген тайпалардың жиыны *тұхсилар, шігілдер, аукишилдер, халанжуар, шоруктар, аргулар, барсхандар* сияқтылардан тұрады екен. Бұлардан басқа олардың санатына Жетісуды жайлаған соғды тайпаларының өкілдері мен оғыздардың бір бөлігі енген. Себебі М.Қашғари Баласағұнда тұратын түркілердің соғды тілін жақсы білетіндігін айтады [105, I, 66]. Демек, М.Қашғари дәуірінде Жетісуда өмір сүрген түркілер мен соғдылықтардың бір-бірімен араласып кеткендігі байқалынады, ал сондай аралас-құраластықтың ілгері даму нәтижесінде соғды тілі ұмытылып, жергілікті халық тіліне сіңісіп кеткен.

Қарлұқтар өте кең аймақты иемденді. Олар Шаш өлкесі (Ташкент) мен Балқаш, Ыстықкөл айналасына дейінгі ұланғайыр аралықты мекендеген. Жер көлемінің алшақтығынан ба, әйтеуір, екі орталығы болған: оның бірі – Баласағұн қаласы, екіншісі – Қашғар қаласы. Қарлұқтар түркі тілдерінің әр түрлі диалектісінде сөйлеген. Солай бола тұрса да олардың *й* және *ж* тілдермен сөйлеген екі тобы болғандығы анық. Олардың тілі, әдет-ғұрпы туралы М.Қашғаридың сөздігінен толық мәлімет алуға болады. Осы қарлұқтардың айналасына шоғырланған түркі тайпалары Жетісуда қараханидтер деген атпен белгілі болған мемлекет құрады.

Қараханидтердің құрамына кірген, қарлұқтардан кейінгі үлкен тайпаның бірі – *шігілдер*. Бұлар Тараз бен Ыстықкөл айналасындағы далада көшіп-қонып жүрген. Араб тарихшыларының деректеріне қарағанда, шігілдер киіз үйлерде тұрған, бастарына киізден істелген қалпақ киетін болған; баққан малдары – сиыр, қой, жылқы, ал өздері күн, жұлдыз сияқты т.б. пірлерге табынатын болған. М.Қашғаридың айтуынша, шігілдер тобы түркі тілінде сөйлеген. Олардың құрамын қоныстарына қарай ол 3 топқа бөлген: 1) Барсаған қаласынан сәл арырақтағы Кум қаласын мекендеген шігілдер, 2) Тараз айналасындағы қалаларда тұратын шігілдер, 3) Қашғарды мекен еткен шігілдер [105, I, 374].

Қараханидтер құрамына кірген үшінші тайпа – *яғмалар*. Бұлар да өздерінің тілін таза сақтап келгендердің бірі. Олар Ыстықкөлден Қашғарға дейінгі жерлерде көшіп-қонып жүрген, негізгі тұрағы – Шығыс Түркістан. Өзге көршілес тайпаларға қарағанда бұлардың жаугершілікпен аты шыққан.

Осы үш тайпа қараханидтер династиясының тұрмыс-тіршілігінде үлкен рөл атқарғаны анық, бірақ оларменен терезесі тең басқа да тайпалардың болғандығына да шек келтіруге негіз жоқ. Қолда бар мәліметтерге жүтінсек, “қараханидтердің ұйтқысы болған қай тайпа?” деген сұрауға дәл жауап беретін де дерек жоқ. Тек М.Қашғаридың көрсетуінше, *қағани тіл*, яғни ханның, билеуші тайпаның тілі таза тіл болмақ. Ал таза деп танылған тілдерінің қатарында басқа тілдердің де аты аталған. М.Қашғари таза тілдердің қатарына ең жақыны *оғыз*, ең жақсысы деп *тухси*, *яғма* тілдерін де қосқан. Оғыздар қарлұқ бірлестігінің құрамына енгені болмаса, билеуші тайпа дәрежесіне көтеріле алмаған. Ал *арғулар* мен *тухсилардың* қарлұқтарға ықпалы болғанымен, билік қолдарына тимеген. Олар Испиджаб, Тараз, Баласағұн, Суябты мекен еткенімен, тегі жағынан *түргештерге* барып тіреледі.

Қараханидтер дәуірінің жазба ескерткіштерінің тілінде ең құндысы да, көлемдісі де Юсуф хас Хажибтың “Құтадғу білігі” мен М.Қашғаридың “Диуани лұғат-ит түрк” деген еңбектері. Әрине, ол дәуірде түркілер біршама мәдениетті мемлекет болғандығы аян. Егер қарлұқтар бірлестігіне кірген тайпалар Турфан ойпатындағы ұйғыр мәдениеті мен Орта Азиядағы соғды, араб мәдениетінен нәр алғандығын, Баласағұн, Қашғар, Самарқанд, Бұқара сияқты мәдени орталықтары болғандығын ескеретін болсақ, қараханид түркітерінің жоғары мәдениетті мемлекет болғандығын дәлелдеудің қажеті болмас. Оның үстіне қарлұқтар VIII ғасырда, өз кезіндегі көп діннен гөрі бір саты ілгерілеу тұрған ислам дінін қабылдаған. Бұл жағдай араб мәдениетінің қараханидтер ортасына тосқауылсыз жетуіне мүмкіндік туғызған.

Қараханидтер дәуіріндегі түркітер арасында үлкен бір тайпалар одағы — оғыздар болды. Оғыздар да өзінің бірлестігін Жетісуда құрған болатын. Бірақ олар бастысқа қарай жылжу барысында өздерінің құрамын толықтырып отырған.

IX—X ғасырларда оғыздар қазіргі Батыс Қазақстан жерінде шоғырланып, өздерінің алғашқы мемлекетін құра бастайды. Бірақ бұл оғыздардың да тарихында анықталмаған көптеген көмескі жайттар баршылық. Дегенмен кейбір тілдерде кездесетін ерекшеліктер мен топонимдік атауларды, олармен

байланысты айтылатын аңыздарды ескеретін болсақ, оғыздар алғашқы кезде қазіргі Қазақстан мен Орта Азияның таулы аймақтарында да тіршілік еткен сияқты. Мысалы, өзбек лингвистері Шымкент облысының Созақ, Сайрам, Илан, Қарамұрт сияқты елді мекендерінде тұратын өзбектерді өзбек тілінің оғыз диалектісінде сөйлейді, олар сол көне оғыздардың ұрпақтары деген пікірді айтады. Т.Бангуоғлының пікіріне сүйенсек, оғыздар Балқаш жағынан көшіп, Орта Азия жеріне қоныс аударған.



Юсуф Баласағунидің “Құдатқу білік” кітабының титулы

Ал С.П.Петровтың тұжырымдауынша, X–XI ғасырларда Ташкент (Шаш) айналасында да оғыздар тұрған.

XI ғасырда батыс жағынан қозғалған қыпшақтардың қысымымен оғыздар Арал, Каспий жағалауларынан ірге көтеріп, оңтүстікке қарай ығыса бастайды да, Түрікменстан мен Хорезм жеріне келіп жетеді. Бұл кезде Әмударияға дейінгі жерлер қараханидтердің қол астында еді де, Әмударияның батысы Ауғанстанмен бірге газнауилерге тәуелді болатын. Бұл жерлерді ол заманда бүгінгі түрікмен әулеті (оғыздар) жайлайтын. Олардың бір бөлігін Микаил ибн Селжүк басқарып, Зарафшан айналасында көшіп-қонып жүрген. Селжүктер жекелеген рулар одағынан біріккендігі белгілі, алайда кейбір түрікмен тарихшылары оны түрікмендердің ең үлкен руы *қанықтан* таратады. М.Қашғари да селжүктердің арғы тегі – *кілік* деп көрсетіп, оның басшылары қақан (хан) болғанын ескертеді (Диуани. I., 79-б). Бірақ Селжүк оғыз атағын алмаған, үнемі сюбашы (қолбасшы) атағында жүрген [141, 92]. Дегенмен де олар көптеген руларды айналасына топтап, іргелеріндегі газнауилерге де, қараханидтерге де жайсыз бола бастады. 1025 жылы түркімендер Махмуд Газнауидің келісімімен Әмудариядан ары Хорасан жеріне өтеді.

Бірақ түрікмендер мен жергілікті халық арасында үздіксіз қақтығыс болып тұрады. Сондай ұрыс-керістен ашынған М.Газнауи түрікмендерге қалың қолмен қарсы көтеріліп, оларды ойсырата жеңеді.

Мауренахрдағы түрікмендердің де жағдайы онша жақсы болмады. Мауренахр илек ханы Леи Теин өлгеннен кейін (1034 ж.) Бұқара төңірегіндегі түрікмендер Хорезмге ауады. Бірақ хорезмшах Хорун өлгеннен кейін түрікмендер газнауи сұлтанына хат жолдап, Хорасанға жайғасуды, жер беруді екінші рет өтініп сұрайды. Олар Ниса, Рарова, Сархас, Мерв, Обиворут өңіріне мал жайып жүруге мүмкіндік берсе, бұлар да өз тарапынан сұлтан әскерлеріне қызмет етуге өзірлігін, азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұруға дайын екендігін білдіреді. Жауап ретінде Махмуд Газнауидің ұлы Масуд Газнауи түрікмендерге қарсы әскер шығарады. Оны тәжірибелі әскер басшы Хаджиб Бектуғдыға басқартады. Бірақ бұл жорық Газнауилердің мерейін үстем ете алмады. 1040 жылы Сархас пен Мерв аралығында, Данданакана маңында газнауилер мен селжүктер арасында соғыс болды да, селжүктер түрікмендерді жеңіп шықты. Сөйтіп селжүктер мемлекеті орнады. Мемлекет басына Турғығұл-Бек отырды (1038–1063). Ол жаугершілікке салынып, көп жерлерді табынымен таптап, 1055 жылы Бағдатқа басып кірді.

Қараханидтер этникалық құрамы жағынан аралас түркі тайпаларынан құралса да, олардың ұйытқысы *қарлұқ*, *шығыл*, *яғма*, *тухси* тайпалары болғандығы анық. Ал бұл тайпалар Ұйғыр қағанатының да негізгі ұйытқысы болып саналған. Сондықтан қараханидтер ұйғыр жазуын, ұйғыр мәдениетін меңгерген, солардың мұрагерлерінің бірі болып саналады. Ал олар Орта Азияға еніп, ислам дініне кіргеннен соң, сөзсіз, араб мәдениетін, Орта Азия мәдениетін де меңгергені даусыз. Нәтижеде қараханидтер екі мәдениетті жалғастырған. Мысалға, Юсуп Баласағұн мен М.Қашғариді көрсетуге болады. Бұл олардың тілдерінде де байқалынады. Ал селжүктерде мұндай бай мәдени мұра бола қойған жоқ, ауыз әдебиеті дамыды. Қазір оғыз түркі тілдерінің көне әдеби мұрасы болып саналатын “Кітәби дәдәм Қорқут” (“Қорқыт баба кітабы”) дүниеге сол дәуірде келген де, тек Әзірбайжан топырағында қағазға

байланысты айтылатын аңыздарды ескеретін болсақ, оғыздар алғашқы кезде қазіргі Қазақстан мен Орта Азияның таулы аймақтарында да тіршілік еткен сияқты. Мысалы, өзбек лингвистері Шымкент облысының Созақ, Сайрам, Илан, Қарамұрт сияқты елді мекендерінде тұратын өзбектерді өзбек тілінің оғыз диалектісінде сөйлейді, олар сол көне оғыздардың ұрпақтары деген пікірді айтады. Т.Бангуоғлының пікіріне сүйенсек, оғыздар Балқаш жағынан көшіп, Орта Азия жеріне қоныс аударған.



Юсуф Баласағунидің “Құдатқу білік” кітабының титулы

Ал С.П.Петровтың тұжырымдауынша, X–XI ғасырларда Ташкент (Шаш) айналасында да оғыздар тұрған.

XI ғасырда батыс жағынан қозғалған қыпшақтардың қысымымен оғыздар Арал, Каспий жағалауларынан ірге көтеріп, оңтүстікке қарай ығыса бастайды да, Түрікменстан мен Хорезм жеріне келіп жетеді. Бұл кезде Әмударияға дейінгі жерлер қараханидтердің қол астында еді де, Әмударияның батысы Ауғанстанмен бірге газнауилерге тәуелді болатын. Бұл жерлерді ол заманда бүгінгі түрікмен әулеті (оғыздар) жайлайтын. Олардың бір бөлігін Микаил ибн Селжүк басқарып, Зарафшан айналасында көшіп-қонып жүрген. Селжүктер жекелеген рулар одағынан біріккендігі белгілі, алайда кейбір түрікмен тарихшылары оны түрікмендердің ең үлкен руы *қанықтан* таратады. М.Қашғари да селжүктердің арғы тегі – *кілік* деп көрсетіп, оның басшылары қақан (хан) болғанын ескертеді (Диуани. I., 79-б). Бірақ Селжүк оғыз атағын алмаған, үнемі сюбашы (қолбасшы) атағында жүрген [141, 92]. Дегенмен де олар көптеген руларды айналасына топтап, іргелеріндегі газнауилерге де, қараханидтерге де жайсыз бола бастады. 1025 жылы түркімендер Махмуд Газнауидің келісімімен Әмудариядан ары Хорасан жеріне өтеді.

Бірақ түрікмендер мен жергілікті халық арасында үздіксіз қақтығыс болып тұрады. Сондай ұрыс-керістен ашынған М.Газнауи түрікмендерге қалың қолмен қарсы көтеріліп, оларды ойсырата жеңеді.

Мауренахрдағы түрікмендердің де жағдайы онша жақсы болмады. Мауренахр илек ханы Леи Теин өлгеннен кейін (1034 ж.) Бұқара төңірегіндегі түрікмендер Хорезмге ауады. Бірақ хорезмшах Хорун өлгеннен кейін түрікмендер газнауи сұлтанына хат жолдап, Хорасанға жайғасуды, жер беруді екінші рет өтініп сұрайды. Олар Ниса, Рарова, Сархас, Мерв, Обиворут өңіріне мал жайып жүруге мүмкіндік берсе, бұлар да өз тарапынан сұлтан әскерлеріне қызмет етуге әзірлігін, азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұруға дайын екендігін білдіреді. Жауап ретінде Махмуд Газнауидің ұлы Масуд Газнауи түрікмендерге қарсы әскер шығарады. Оны тәжірибелі әскер басшы Хаджиб Бектуғдыға басқартады. Бірақ бұл жорық Газнауилердің мерейін үстем ете алмады. 1040 жылы Сархас пен Мерв аралығында, Данданакана маңында газнауилер мен селжүктер арасында соғыс болды да, селжүктер түрікмендерді жеңіп шықты. Сөйтіп селжүктер мемлекеті орнады. Мемлекет басына Турғығұл-Бек отырды (1038–1063). Ол жаугершілікке салынып, көп жерлерді табынымен таптап, 1055 жылы Бағдатқа басып кірді.

Қараханидтер этникалық құрамы жағынан аралас түркі тайпаларынан құралса да, олардың ұйытқысы *қарлұқ*, *шығыл*, *яғма*, *тухси* тайпалары болғандығы анық. Ал бұл тайпалар Ұйғыр қағанатының да негізгі ұйытқысы болып саналған. Сондықтан қараханидтер ұйғыр жазуын, ұйғыр мәдениетін меңгерген, солардың мұрагерлерінің бірі болып саналады. Ал олар Орта Азияға еніп, ислам дініне кіргеннен соң, сөзсіз, араб мәдениетін, Орта Азия мәдениетін де меңгергені даусыз. Нәтижеде қараханидтер екі мәдениетті жалғастырған. Мысалға, Юсуп Баласағұн мен М.Қашғариді көрсетуге болады. Бұл олардың тілдерінде де байқалынады. Ал селжүктерде мұндай бай мәдени мұра бола қойған жоқ, ауыз әдебиеті дамыды. Қазір оғыз түркі тілдерінің көне әдеби мұрасы болып саналатын “Кітәби дәдәм Қорқут” (“Қорқыт баба кітабы”) дүниеге сол дәуірде келген де, тек Әзірбайжан топырағында қағазға

түсірілген. Түркістан, Арал бойлары мен Өму жағалауларында селжүктер қалдырған қыруар мәдени ескерткіштер бар.

Селжүктердің мемлекеті өте кең аймақты алып жатты. Мысалы, селжүктердің Мелик-Шахының өмірінің соңғы кезінде (1072–1092 ж. аралығы) оларға қазіргі Түрікменстан, Өзбекстанның бір бөлігі, Тәжікстан, Ауғанстан, Иран, Кавказ, Сирия, Ирак түгелдей қарады. Бірақ тарих сахнасында бұл мемлекет те ұзақ тұрақтай алмады. Селжүктер өз тұтастығын сақтай алмады, түркі тайпаларының басқа халықпен араласа түсуіне себепші болды. Олардың барлық жорықтарына (Ирандағы болсын, Сириядағы болсын) басты күш болып түрікмен-оғыздар араласты. Сол дәуір туралы деректер қалдырған кейбір араб тарихшылары селжүктерді шегірткедей көп еді деп суреттейді.

Қараханидтердің Орта Азияға үстемдік құрған кезінде Қазақстанның солтүстік және солтүстік батыс өлкелерінде (қазіргі Маңғышлақ, Торғай, Целиноград облыстарында) қыпшақтар күшейе бастаған болатын. VIII–IX ғасырларда қыпшақтар Қимақ мемлекетінің құрамында, соған бағынышты болған. X ғасырларда олар өз алдына отау тігіп, қимақтардың бір бөлігін өзіне қаратып күшейе бастады. Ал XI ғасырда болса өте кең өлкені (Ертістен Еділге дейінгі) иемденіп, бір жағынан орыстармен, екінші жағынан Орта Азия мемлекеттерімен күш сынаса бастайды. Орыстар оларды половецтер деп атаса, византиялықтар кумандар деп атаған. Қыпшақтардың Арал, Каспий және Еділ бойларына келуі бірқатар түркі тайпаларының өз жерінен кетуіне мәжбүр етті. Мысалы, печенектер қыпшақтардан ығысып, Донның екінші жағына не орыс князьдіктерінің қол астына өтуіне, оғыздардың Арал мен Каспийдің солтүстігінен ығысып, Өмудың жоғарғы ағымына қарай көшуіне мәжбүр болды. Осы дәуірде оғыздар мен шығыс печенектердің қосылуынан Киев мемлекетінің оңтүстігінде, Рось дариясының (Днепрдің бір саласы) бойларында жаңа этникалық топ қара бөріктілер (черные клобуки, не черные шапки) пайда болды. Қыпшақтар этникалық құрамы жағынан бір текті болмаған, бірнеше тайпалардан құралған. Мысалы, Ан-Нувери мен Ибн-Халдунның көрсетуінше, қыпшақтар құрамында *токсаба*, *йета*, *буржоғлы*, *бурлы*, *канг-оғлы*, *анджоғлы*, *дурут*, *карабароғлы*,

джузан, карабирикли (қарабөрікті), котян сияқты тайпалар енген. Жоғарыда аталған тайпалар қыпшақ құрамындағы тайпалардың толық саны емес сияқты. Біздіңше, қыпшақтардың төл өкілі болған, кейінгі кездерде Алтын Орданың негізгі күші болған 92 баулы (рулы) көпшенді өзбектер құрамындағы рулардың көпшілігі XI–XII ғасырларда да бар болатын.

Қыпшақтар XIII ғасырға дейін өз үстемдігін Кавказ етектеріндегі халықтарға, оңтүстігінде Хорезм мемлекетіне дейінгі, шығысында Талас өзенінің бойларына дейінгі өлкеге өткізіп тұрды. XV ғасырда жеке халық болып бөлініп шыққан қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, қарашай, малқар, татар, башқұрт, өзбек халықтарының этникалық құрамына енді, халық ретінде қалыптасуында негізге қызмет атқарды. Қыпшақтар монғол шапқыншылығын да, Алтын Орда үстемдігін де, орыстардың қыспағын да, өз билеушілерінің тақ таласын да көрді, бірақ өз ерекшелігін сақтап қалды. Олардың ұрпақтары күл болып сатылып Мысырда, Құлағу сарбазы ретінде Кіші Азияда жасады, өз елінен қол үзбеді, қыпшақтарға тән мәдени мұра қалдырды. Олардың тілдік ерекшелігі туралы мәлімет М.Қашғари сөздігінде кездеседі. Қыпшақ тілінің материалдары Абу Хайян, М.Замахшари, Жамал ад-Дин ат-Түрки, Ибн-Муханна сияқты тілші-ғалымдардың еңбегіне арқау болды. Алтын Орда дәуірінде Сырдың төменгі ағымында қыпшақ-оғыз не оғыз-қыпшақ аралас тілдік әдеби орта пайда болды. Оның негізі Алтын Ордада болса да, екінші шеті мамлюк қыпшақтарында, мамлюк елінде жиналды. Осы аралас тілде *Құтыб, М.Хорезми, С.Сараи, Әли* сияқты ақындар шығарма жазды. Ал “*Кодекс куманикус*” таза қыпшақ тілінде жазылған шығарма болып саналады. Қыпшақ тілінің материалдарын армян тілінде жазылған ескерткіштерден де көруге болады.

XIII ғасырдың басында монғолдар шабуылы басталғаны белгілі. Шыңғысхан және оның нөкерлері Түркістан, Сырдария мен Әмудария, Хорезм т.б. жерлердегі гүлденген мәдениет ошақтарын, қалаларды қиратып, жермен-жексен етті. Сондықтан да академик В.В.Бартольд: “Монғол шапқыншылығы монғолдарға қарағанда түріктердің тағдырына көп ықпал етті”, – деп дұрыс бағалаған болатын [16, 17].

Шыңғысхан 1215 жылы Пекинді жаулап алғаннан кейін өзінің барлық күшін Орта Азияға қарай бағыттайды. 1208 жылы Шығыс Түркістанды жаулап алады да, оның әскері Мухаммед Хорезмшах мемлекетінің шекарасына аяқ басады. Жорық (1219 жылы қыркүйекте) 120-150 мың қолмен Ертіс жағынан басталды. Соғыстың басталуына сылтау Отырардың билеушісі Иналшық Қайыр ханның Шыңғысхан жіберген Омар кожа Отрари мен Джалол Мараги бастаған 500 түйелік керуенді жойып жіберді деген қауесет болды. Шыңғыс әскері өте қысқа мерзім ішінде Отырарды, Хорезмді, Орта Азияны, Хорасанды, Ауғанстанды, Солтүстік Индияны басып алады. Джәбә ноян мен Сүбәдәй нояндар Кавказға өтіп, аландар, қыпшақтар мен орыстардың жасақтарын талқандай отырып, 1224 жылы Дешт-и Қыпшақ жеріне шығады. Сөйтіп, 1225 жылы Шыңғысхан Қарақорымға қайтып оралады. Бұл шапқыншылықтың нәтижесінде қазіргі Орта Азия, Қазақстан жерлері мен Кавказ өлкесі монғолдар қол астына тәуелді болып қалады.

Шыңғысхан орнатқан биліктің де, құрған мемлекетінің де ғұмыры ұзақ бола алмайтындығы белгілі еді. Өйткені, өте үлкен территорияны, бірнеше тілде сөйлейтін, түрлі экономикалық әлеуметтік даму сатысындағы мемлекетті Қарақорымда отырып, бір ортадан басқару мүмкін емес еді. Мұны сезе білген Шыңғысхан өзінің көзі тірісінде-ақ (1227 жылы өлген) өзі құрған мемлекетті балаларына бөліп берген болатын. Бұл жерлер ұлыс деп аталған. Жасы үлкен балаларының үлесіне тиген ұлыстар орталықтан қашығырақ болса, жасы кіші балаларына ұлыстың Монғолияға жақын жерлерін бөліп берген. Мысалы, ең үлкен ұлы Жошының карауына Ертістен бастап батыстағы жерлердің барлығы енген. Оның солтүстік шекарасы орыс жерлерімен шектесіп жатса, оңтүстігі Әмудария мен Сырдарияның етегіне дейін созылған. Екінші ұлы Шағатайға Мауренахрдан бастап Құлжаға дейінгі жерлер тиді. Жошының ордасы Ертіс жағасында орналасса, Шағатай ордасы Іле бойында болды. Үшінші баласы Үгедейдің еншісіне Батыс Монғолия мен Тарбағатай өңірі тиді. Оның ордасы Чугучак өзенінің бойында болды. Төртінші баласы Төле ата жұртын биледі. Қытайда Мөңке тұсында Худалай, Иран мен Кавказда Хулағу билік жүргізді. Уақыт озған сайын

бұл ұлыстар орталықтан біртіндеп қол үзіп, келе-келе жеке мемлекетке не бірнеше мемлекетке ыдырап кетті.

Олардың ең алғашқысы болып Алтын Орда бөлініп шығады. Орталықта да тақ үшін ашық не жасырын түрде кескілескен күрестер болып жататын. 1259 жылы Мөңке хан өлгеннен кейін Монғолияда мемлекет екіге бөлінеді. Қарақорымда Арыг-Бұғы, Кайгинде Худалай өздерін қаған деп жариялайды. Орта Азияда да Шағатай өулеттері өзара бірігіп, әскер шығарып, соғысып жатты. 1272 жылы Ирандағы монғол ханы Хулағу Орта Азияға басып кіріп, Кеш, Нахичеванды талайды. 1273 жылы Бұқараны талан-таражға салады. Шыңғыс пен оның ұрпақтарының қым-қиғаш жорықтары түркі халықтарының бір-бірімен араласа түсуіне еріктен тыс итермелеп, мәжбүр етті. Дегенмен де түркі халықтары монғол шапқыншылығына дейін-ақ өз алдына жеке халық ретінде қалыптаса бастағанын ұмытуға болмайды. Сол дәуірдің өзінде-ақ оғыздар, қарлұқтар мен қыпшақтардың ара-жігі ажыраса бастаған болатын.

Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінде оғыздар туралы қысқаша мәлімет берілгенімен, оларға арнайы тоқталып жатпаған. Ал Махмұд Қашғари оғыздардың 22 рудан тұратындығын және олардың жеке таңбаларының барлығын айтып, бас-басына санап көрсетеді. “Бұл таңбалар мен ру атауларын атап-атап көрсетудегі мақсатымыз адамдардың осы руларды білуге зәрулігінен”, — дейді ол (I т. 89-91-бб.).

Бірақ қандай зәрулік мұны қажет еткендігі туралы айтпайды. Егер сөздіктегі сөздерге берілген салыстыруларға көңіл бөлсек, оғыздардың тілі өз алдына даралана бастағандығын анық аңғаруға болады. Монғолдар шабуылынан оңтүстікке ойысып, Кіші Азияға енген оғыздар тілінде бұл алшақтау кейінірек тіптен күшейе түсуі заңды еді. Осындай қоян-қолтық араласу Сібірдегі түркі тілді тайпалар арасында да болды.

Шығыстағы түркі тайпаларының ішінен монғолдардың үлкен мән бере қарағандарының бірі — қырғыздар болатын. Қырғыздардың Енисей бойынан алғашқы қозғалуы IX ғасырға сай келеді. XV—XVI ғасырлар олардың Тянь-Шанға келіп орналасқан кезі болатын. Егер көне қырғыз тілі тува тіліне жақын болса, қазіргі қырғыз тілінің қыпшақ тіліне ұқсас жақтары көп. Фонетикалық құрылымы тұрғысынан тува тіліне


карағанда алтай тілдеріне жақын тұрған тіл. Шығыстағы түркі тайпалары тілдерінің даму тағдырына көз жүгіртсек, мұнда өзара жақындасқан үлкен екі топтың қалыптасқанын көреміз. Сөйтіп қырғыздар мен алтай тілдері, сондай-ақ якут, тува, хакас, т.б. тілдері өзара туыстығын, жақындығын сақтап қалды.

Батыс түркі қағанатының құрамына енген түркі тайпаларының тағдыры біршама басқаша болды. Шағатай, Жошы, Құлағу ұлыстарына енген тайпалар өз алдарына мәдениет ошақтарының отауын тікті. Мысалы, Алтын Орда құрамына енген тайпалар оғыз-қыпшақ аралас тілде бірнеше ескерткіш қалдырса, Орта Азияда жасаған түркілер Шағатай тілі деп аталып жүрген қоспа тілде жазылған (көне өзбек тілінде) көптеген жаңа ескерткіштер қалдырды. Түркі тіліндегі тағы бір ескерткіштерді Египет пен Кіші Азиядағы үшінші топтағы түркі тайпалары қалдырды. Тілдердің осылайша саралануына сол кездегі тарихи жағдайлар да себепші болды.

Түркі тілдерінің дамуындағы X–XV ғасырлар аралығындағы тарихи жағдайларды жинақтап, тайпалардың бір-бірімен араласу деңгейін, ескерткіштердің жазылу ортасы мен тіл ерекшеліктерін ескере отырып, бір дәуірдің өзін ерекше карап, бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Олар: 1) Қараханидтер дәуіріндегі түркі тілдері және сол тұстағы жазба ескерткіштері; 2) Алтын Орда заманының ескерткіштері; 3) Орта Азия жазба ескерткіштері; 4) Мамлюк түркілерінің тілінде жазылған ескерткіштер. Түркі тілдерінің бұдан басқа да шоғырланған аймақтарда болғандығы анық екенін дәлелдеу үшін, мысалы, әзірбайжандағы оғыздар мен анатоль түріктерінің, Шығыс түркі қағандарының құрамындағы тайпа тілдерін т.б. айтуға болады.

Орта ғасыр түркі тілдерінің ескерткіштерін ғалымдарымыз түрліше топтастырып жүр. Мысалы, Н.А.Баскаов X–XV ғасырды екіге бөліп, монғол шапқыншылығына дейінгі (X–XII) және монғол шабуылынан кейінгі (XIII–XVI) деп даралап көрсетеді [22, 18].

Ал, Ә.Құрышжанов пен Ә.Ибатов бұл дәуірді 4-ке бөледі: 1) Қараханидтер әулетіне байланысты түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XI–XII ғғ.); 2) Орта Азия түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XII–XIV ғғ.); 3) Алтын Орда мен Мысыр түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XIII–XIV ғғ.); 4) Шағатай түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері [100, 101]. Әрине



М. Қашғари “Диванының” ұйғыр тіліндегі басылымының (Үрімші, 1981) титулы

Қараханидтер дәуіріндегі түркі тілдері. Қараханидтер дәуіріндегі түркі тайпаларының жазба ескерткіштері көп сақталмаған. Олардың ішінен біздің заманымызға жеткені өте көлемді де құндылығы жағынан теңдесі жоқ ескерткіш — Юсуф Хас Хажибтың “Құдатғу білігі” мен Махмұд Қашғаридың “Диуани лұғат-ит түрк” деп аталатын екі еңбек. Бұл ескерткіштердің ешбір бөлігі жырымдалмай бәрі толық сақталған. Юсуф Хас Хажибтың еңбегі өлеңмен жазылған дидактикалық дастан. Юсуф дастанды Қашғарда 1069—1070 жылдары жазып бітіреді. Бізге дастанның үш нұсқасы жетіп, әлемге белгілі болып отыр. Дастанның бір нұсқасы Гератта көшірілсе де, қазіргі уақытта Венада сақтаулы. Көшірме сапасы жағынан өте нашар орындалған, көшіруші — Хасан қара Соиль Шаме. Дастанның екінші нұсқасы Каирде, ал үшінші нұсқа Наманганда сақталғандықтан 1913 жылы А.З.Валидов Наманган қаласының тұрғыны Мухаммед хожа эмал Лоляриктің кітапханасынан тапқан. Қазір бұл нұсқа Ташкенттегі Шығыстану институтының кітапханасында сақтаулы. Дастанның тілі, түркі тілдес халықтар әдебиетінің қалыптасуында алатын орны

бұлай бөлу ескерткіштердің тілдік ерекшелігіне негізделген деп айтуға келіңкіремейді, өйткені ескерткіштердің көпшілігі аралас тілде жазылғандығы түркітануда дәлелденген жай [131]. Оның үстіне талдау жүргізу барысында ол дәуірдегі барлық жазба ескерткіштер авторларының назарына іліне бермеген. Дегенмен де, жазылу ортасы мен уақытын, ескерткіш жазылған жердің этникалық құрамы мен тілдік сыбайластығын есепке ала отырып, соңғы жіктемені қабылдауға да болады.


карағанда алтай тілдеріне жақын тұрған тіл. Шығыстағы түркі тайпалары тілдерінің даму тағдырына көз жүгіртсек, мұнда өзара жақындасқан үлкен екі топтың қалыптасқанын көреміз. Сөйтіп қырғыздар мен алтай тілдері, сондай-ақ якут, тува, хакас, т.б. тілдері өзара туыстығын, жақындығын сақтап қалды.

Батыс түркі қағанатының құрамына енген түркі тайпаларының тағдыры біршама басқаша болды. Шағатай, Жошы, Құлағу ұлыстарына енген тайпалар өз алдарына мәдениет ошақтарының отауын тікті. Мысалы, Алтын Орда құрамына енген тайпалар оғыз-қыпшақ аралас тілде бірнеше ескерткіш қалдырса, Орта Азияда жасаған түркілер Шағатай тілі деп аталып жүрген қоспа тілде жазылған (көне өзбек тілінде) көптеген жаңа ескерткіштер қалдырды. Түркі тіліндегі тағы бір ескерткіштерді Египет пен Кіші Азиядағы үшінші топтағы түркі тайпалары қалдырды. Тілдердің осылайша саралануына сол кездегі тарихи жағдайлар да себепші болды.

Түркі тілдерінің дамуындағы X–XV ғасырлар аралығындағы тарихи жағдайларды жинақтап, тайпалардың бір-бірімен араласу деңгейін, ескерткіштердің жазылу ортасы мен тіл ерекшеліктерін ескере отырып, бір дәуірдің өзін ерекше қарап, бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Олар: 1) Қараханидтер дәуіріндегі түркі тілдері және сол тұстағы жазба ескерткіштері; 2) Алтын Орда заманының ескерткіштері; 3) Орта Азия жазба ескерткіштері; 4) Мамлюк түркілерінің тілінде жазылған ескерткіштер. Түркі тілдерінің бұдан басқа да шоғырланған аймақтарда болғандығы анық екенін дәлелдеу үшін, мысалы, әзірбайжандағы оғыздар мен анатоль түріктерінің, Шығыс түркі қағандарының құрамындағы тайпа тілдерін т.б. айтуға болады.

Орта ғасыр түркі тілдерінің ескерткіштерін ғалымдарымыз түрліше топтастырып жүр. Мысалы, Н.А.Баскаов X–XV ғасырды екіге бөліп, монғол шапқыншылығына дейінгі (X–XII) және монғол шабуылынан кейінгі (XIII–XVI) деп даралап көрсетеді [22, 18].

Ал, Ә.Құрышжанов пен Ә.Ибатов бұл дәуірді 4-ке бөледі: 1) Қараханидтер әулетіне байланысты түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XI–XII ғғ.); 2) Орта Азия түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XII–XIV ғғ.); 3) Алтын Орда мен Мысыр түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XIII–XIV ғғ.); 4) Шағатай түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері [100, 101]. Әрине



М. Қашғари “Диванының” ұйғыр тіліндегі басылымының (Үрімші, 1981) титулы

Қараханидтер дәуіріндегі түркі тілдері. Қараханидтер дәуіріндегі түркі тайпаларының жазба ескерткіштері көп сақталмаған. Олардың ішінен біздің заманымызға жеткені өте көлемді де құндылығы жағынан теңдесі жоқ ескерткіш — Юсуф Хас Хажибтың “Құдатғу білігі” мен Махмұд Қашғаридың “Диуани лұғат-ит түрк” деп аталатын екі еңбек. Бұл ескерткіштердің ешбір бөлігі жырымдалмай бәрі толық сақталған. Юсуф Хас Хажибтың еңбегі өлеңмен жазылған дидактикалық дастан. Юсуф дастанды Қашғарда 1069—1070 жылдары жазып бітіреді. Бізге дастанның үш нұсқасы жетіп, әлемге белгілі болып отыр. Дастанның бір нұсқасы Гератта көшірілсе де, қазіргі уақытта Венада сақтаулы. Көшірме сапасы жағынан өте нашар орындалған, көшіруші — Хасан қара Соиль Шаме. Дастанның екінші нұсқасы Каирде, ал үшінші нұсқа Наманганда сақталғандықтан 1913 жылы А.З.Валидов Наманган қаласының тұрғыны Мухаммед хожа эмал Лоляриктің кітапханасынан тапқан. Қазір бұл нұсқа Ташкенттегі Шығыстану институтының кітапханасында сақтаулы. Дастанның тілі, түркі тілдес халықтар әдебиетінің қалыптасуында алатын орны

бұлай бөлу ескерткіштердің тілдік ерекшелігіне негізделген деп айтуға келіңкіремейді, өйткені ескерткіштердің көпшілігі аралас тілде жазылғандығы түркітануда дәлелденген жай [131]. Оның үстіне талдау жүргізу барысында ол дәуірдегі барлық жазба ескерткіштер авторларының назарына іліне бермеген. Дегенмен де, жазылу ортасы мен уақытын, ескерткіш жазылған жердің этникалық құрамы мен тілдік сыбайластығын есепке ала отырып, соңғы жіктемені қабылдауға да болады.

туралы көптеген зерттеулер жүргізіліп, сан алуан пікірлер айтылды.

Екінші үлкен ескерткіш — М.Қашғаридың сөздігі. Автордың толық аты — Махмуд ибн ал-Хусейн ибн Мухаммед. Ол 1029—1038 жылдар шамасында Қашғарда туған*. Сондықтан туған жерінің құрметіне Қашғари атанып кеткен. “Диуани лұғат-ит түрк” (бұдан кейін “Диуан”) бізге дейін 1266 жылы 1 тамыз деп мерзімі көрсетіліп, бізге көшірме күйіндегі нұсқада жеткен. Дегенмен сөздік кейбір деректерге қарағанда 4 рет өңделгеннен кейін 1073 жылы біржолата аяқталған. М.Қашғаридың өмірі туралы, оның қай түркі тайпасының өкілі, қайда оқып, қай жерде кітабын жазып бітіргендігі жөнінде толық мәлімет жоқ. Бірақ ол жайында “Диуанның” өзінен азын-аулақ мәлімет алуға болады. Мысалы, түркі қалаларын саманилерден қолға алған бабаларымыз білікті дейтін еді (I, 136-б). Демек, М.Қашғаридың бабалары бектерден болған. А.Н.Кононовтың пікірінше, М.Қашғаридың бабаларының бірі 992 жылы Бұқараны жаулап алған *Хоруй (әл-Хасан) бин Сулейман* болуы да ықтимал деген жорамал жасайды [86, 4]. Сондай-ақ Махмуд: “Бабаларымыз әмірді *хамір* дейді”, — деп жазған (I, 136-б.). Демек, М.Қашғари “*а*” орнына “*ха*”-мен сөйлейтін тайпаның өкілі болса керек. М.Қашғари өзінің сөздігін жасы ұлғайғанда барып жазған. Себебі автор: “Мен түрктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғмалар, қырқулардың (қырғыздардың) қалалары мен ауылдарын және жайлауларын көп жылдар бойы кезіп шықтым, сөздігін жинадым, түрлі сөздердің табиғатын зерттеп, анықтап шықтым”, — деп жазады (I, 44-б.). “Диуандағы” материалдар М.Қашғаридың түрктер жасаған көп аймақтарды аралап шыққандығына** және әдебиетке, тілге, этнографияға,

* М.Қашғаридың өмірі туралы қысқаша қосымша мәліметті мына еңбектерден алуға болады [86; 127; 99].

** М.Қашғари түрктер жасаған барлық территорияны аралап шыққан, бірде-бір ру не тайпа қалмаған деген пікірден аулақпыз. Бірақ, көпшілігінен, әсіресе, ірі-ірі ру, тайпалар туралы хабары болғандығын ескерген жөн. Мысалы, Ф.С.Хақимзянов Волга бойындағы түрктер М.Қашғари көрсеткен өзара өте жақын бұлғар, сувар тілдері дегеніне сенімсіздікпен қарайды. П.Г.Фатыхов та М.Қашғариды бұлғарлар арасында болмаған деп есептейді.

тайпалардың тарихына байланысты қыруар материал жинағандығына толық сенім туғыза алады. Бұл пікірге қосымша айта кететін нәрсе – М.Қашғари сөздігін жазуға кіріскенде ол араб тіл білімі үлгісін өте жетік білген, басқа тілдерден де жан-жақты хабары бар білікті зерттеуші болған. Сондықтан оны зерттеушілер XI ғасырдың энциклопедист ғалымы деп дұрыс баға беріп жүр. Сан салалы ғылымды меңгеруге қыруар уақыт та керек. М.Қашғаридың өмірбаянын зерттеуші ғалымдар ол алғашқы білім негіздерін Қашғарда, одан кейін Бұқара, Самарқанд сияқты мәдениет пен ғылым ордаларынан алғандығын, кейіннен араб елдерінде оқығандығын ескертеді.

Сөздік араб тіл білімі негізінде жазылған. Түркі сөздерін араб тіліне аударып, түсіндірме берген. Араб лексикографиясында бұрыннан қолданылған әдіс – сөздерді есімдер, етістер деп топтау мұнда да бар. Бірақ М.Қашғари түркі тілінің өзіндік ерекшеліктерін өте жақсы білуінің арқасында, араб тіл білімінің кей үлгілерінің сәйкес келе бермейтіндігін анық байқаған. “Қысқарту және жеңілдету мақсатында бұл еңбегімде менен бұрын ешкім жазбаған және ешкімге белгісіз болған тәртіпте жаздым”, – деп автор оны да ашық айтады (I, 45-б.). Шынында, М.Қашғари сөздігінің өз заманындағы ғылыми жетістіктердің негізінде жазылғандығы даусыз. Сондықтан кей ғалымдардың М.Қашғариды біреуге шәкірт болған деген пікірі заңды сияқты. Сонда ол кімге шәкірт болған? “Диуанның” жазылуына нендей нәрсе түрткі болған?

Соңғы кезге дейін М.Қашғариды осы сөздігін жазарда басқа бірде-бір сөздікке сүйенбеген деген пікір басым болатын. 1984 жылы Б.А.Хамидов мақала жариялап, онда М.Қашғари өз сөздігін жазуда 961 жылы қайтыс болған Абу Ибрахим ибн Ибрахим ал-Фарабидің “Диуан ал-адаб” деген еңбегіне негізделгендігін көрсетеді [195].

М.Қашғари – түркі тілдерінің фонетикалық жүйесін де, грамматикалық құрылысын да жете меңгерген ғалым. Бірақ “Диуанда” морфология туралы там-тұмдап қана пікір айтылады да, синтаксис жайы мүлде сөз болмайды. Грамматикаға байланысты (синтаксис) ойларын ол өзінің екінші кітабы – “Жавохирун нокви фи лұғат-ат түрк” (Түркі тілдерінің

синтаксисіне тиісті ғауһарлар) дегенде бергенмін деп сілтеме жасаған (I, 62-б.)*. М.Қашғаридың екі кітабы болғандығын басқа ғалымдар да айтады. Мысалы, Хожи Ханафтың “Қашфи зунун” және Египет тарихшысы Бадриддит Айни М.Қашғаридың “Жавохирун ноқви фи луғат-ат турк” және “Диуанның” болғандығын көрсетеді [183, 35]. Бірақ “Жавохирун” біздің заманымызға келіп жетпеген әрі оның тағдыры да белгісіз.

“Диуанның” кіріспе бөлімінде автор араб графикасы түркі тілдерінің дыбыстарын толық жеткізіп бере алмайтындығын ашып айтып, өзінің қосымша белгілер қосқандығын ескерткен (I, 49-б.).

“Диуанда” түркі тілдерінің материалдары салыстыру негізінде де берілген, яғни хакани түркі тілінің материалдары басқа түркі тайпаларының тілдерімен салыстырылған. Автордың өзге тілдерді көбіне оғыз тілімен салыстырғаны анық көрініп тұр. Егер “Диуанда” тоғыз мыңға жақын (А.Н.Кононов 7500-ге жақын деген) түркі сөздеріне түсіндірме берілген болса, оның 500-ден сәл артығы түрлі ру, тайпалар тілінде бар деген белгі қойылған. Осы 500 сөздің 225-не оғыздар тілі деген, аралас тайпалар (оғыз, қыпшақ, яғма, т.б.) тіліндегі сөздер – 31, *шігілдер* тілінен – 40, *қыпшақтар* тілінен – 21, *қарлұқтар* тілінен 12 сөзге ескерту қойылған. Грамматикалық үлгілер де салыстырылып берілген. Мысалы, түркілер: *ол адам үйге көп бара беретін* деген мағынада *ол эврә бараған ол десе*, оғыздар нақ осы мағынаны *ол эврә баран ол дейді* (I, 69-б.). Демек, басқа түркі тайпаларында қолданылатын есімшенің *-ған*, *-ген* қосымшасының орнына оғыздарда *-ан*, *-ен* қолданылады. “Оғыздар құрал атауларын барлық етістіктерге *-сы*, *-сі* қосымшасын қосу тәсілімен жасайды: *jajar bigaci нәң* – ағаш кесетін нәрсе, яғни құралы; *jägäci нәң* – тамақ жейтін нәрсе (табақ, леген)” (II, 73-б.).

Сөздерді салыстыру үстінде түркі тайпаларының тілдерінде байқалған дыбыстық өзгерістерді де көрсеткен. Оқта-текте кейбір тайпалардың тілінен байқалатын дыбыс заңдылықтарына да сілтеме жасап отырады. Мысалы,

* А.Н.Кононов бұл кітапты “Китаб(и) джавахир аннахив ден луғат ит-турк” (Книга драгоценностей синтаксиса тюркских языков) деп берген. Қараңыз: [86].

оғыздар біраз сөздердің құрамындағы *p* дыбысының орнына *z* дыбысын қолданады (II, 92-б.). Сөз басындағы *m* әрпін оғыздар, қыпшақтар мен суварлар *b*-ға айналдырады. Мысалы, түрктер *мэн де бардым* десе, олар *бэн бардум* дейді. Сөздегі *m*-ны оғыздар және оған көрші халықтар *ð*-ға айналдырады, яғни *түйені тэwэj* десе, оғыздар *дэwэj* дейді (I, 67-б.). *Үкі* сөзін түсіндіруде мынадай ескерту айтады: *Үhi* – *үкі*, көпшілік түрктер бұл сөзді *к* мен *үкі* дейді. Дұрысы да осы, өйткені түркі тілдерінде көмейден шығатын *h* жоқ (I, 175-б.).

М.Қашғари – түркі тілдеріне ең алғаш рет жіктеме жасаған ғалым. Ол түркі тілдерін таза және аралас тілдер деп екіге бөледі: 1) басқа тілдердің ықпалына түспеген, тек түркі тілдерінде ғана сөйлейтін елдердің тілдері. Автор бұларға: “Ең тұрақты анық тіл бір ғана осы тілді білген тіл, парсылармен араласпаған және косоғтарына барып-келіп тұратын адамдары жоқ тілдер”, – деп түсінік береді (I, 66-б.). Таза түркше сөйлейтін тайпалар қатарына *яғма*, *тухси*, *қырғыз*, *қыпшақ*, *оғыз*, *шігіл*, *ырғақ*, *парук* тайпаларын жатқызады. Йамақ пен башқұрт тілдері бұларға біршама жақын делінген. Румға (Римге) дейін созылып жатқан бұлғар, сувар*, печенектер тілі де таза сөйлейтіндерге жақын.

Тілдердің ішіндегі ең жеңілі, М.Қашғаридың пікірінше, *оғызша*, ең дәлді, икемдісі *яғма*, *тухси* тайпаларының, сондай-ақ Іле, Ертіс, Иамор, Еділ бойларындағы қалаларда өмір сүретін ұйғырлардың тілі (I, 66-б.). Бұл тілдерде араб-парсы қоспасы жоқтың қасы, оның үстіне түркі тілдерімен ешқандай жақындығы жоқ (қытай, тибет) басқа тілдердің ықпалына, әсеріне түспеген тілдер деп көрсетеді. Оның ойынша, таза деп табылуға тиісті тілді анықтауда негізгі өлшем – қағандар (кахани) сөйлейтін тіл.

Басқа тілдермен қарым-қатынасқа түсіп, бұзылған, шұбарланған тілдерді де Қашғари үшке бөледі. Мұндағы бірінші топ түркі тілдеріне *сұғдақ*, *қанжасқ*, *арғу* тайпалары мен Баласағұн, Тараз, Мадинат-улбайза қалалары тұрғындарының тілін қосады. Бұл халықтар екі тілді, соғды және

* Бұлғарлар мен суварлардың тілдерін М.Қашғари екі тіл деп есептеп, сөздің сонын қысқартып сөйлейді деп көрсеткен [I, 66].

түркі тілдерін бірдей жақсы біледі, олардың сөздерінен түркі тілдеріне соғды тілінің ықпалы анық байқалды. Екінші топқа *худондықтар, тибеттіктер* (тубут) және *танғұттар* тілін жатқызған. Бұлардың тілінен қытай-тибет тілдерінің ықпалы белгі береді. Үшінші топқа *қай, ябаку, татар, басмық* тайпаларының тілін енгізеді де, олардың тілі өзгеше, бірақ түркіше сөйлейді деп көрсетеді (I, 660-б.).

XI ғасыр түркі тілдерін М.Қашғари фоно-морфологиялық ерекшеліктері мен сол тіл иелерінің орналасқан жерлеріне қарай екіге бөледі: 1) *шігіл, яғма, тухси, ұйғырлардан* бастап Қытайға дейінгі аралықты алып жатқан тайпалар, яғни шығыста орналасқан түркі тайпаларының тілі; 2) *оғыз, қыпшақ, суварлардан* Римге дейінгі аралықта жайғасқан, яғни батыста орналасқан түркі тайпаларының тілі. Бұл екі топтың бір-бірінен фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктері де ашып көрсетілген. Мысалы, түркі тілдерінің шығыс тобындағы тілдерде з дыбысы сақталып айтылса, батыс түркі тобындағы тілдерде ол дыбысқа *й* не жай з дыбысы сәйкес келеді: *азақ – айақ – азақ* (I, 68-б.). Сөз басындағы шығыс түркі тайпаларының тілінде кездесетін *й* дыбысына батыс тобында *дж* аффрикат дыбысы сәйкес келеді, не мүлде түсіп қалады: *йылығ – ылығ* (жылы), *йинджу – джинджу* (інжу) (I, 67-б.). Батыс топтағы сөз басындағы *м* дыбысына шығыста *б* дыбысы сәйкес келеді: *мэн – бэн* (мен) (I, 66-б.). Шығыс топта қолданылатын *г, д* дыбыстарына батыста *к, т* дыбыстары сәйкес келеді: *тэwэj – дэwэj, өт – өг* (түйе, тесік), *бугда – букта, jigda – jikta* (қанжар, жиде) (I, 67-б.). Шығыс топтағы түркі тілдерінде қосымшалар *қ, ғ* дыбыстарынан басталса, батыс топтағылар ол дыбысты түсіріп қолданады: *барған – баран, тамғақ – тамақ* (I, 69-б.). Түркі тілдерінің бұл екі тобы арасында морфологиялық айырмашылықтардың да кездесетіндігі анық көрсетілген.

Мысалы, шығыс тілдердегі *-қу, -ғу* қосымшаларына батыста *-асы, -есі* қосымшасы сәйкес келеді: *барғу – барасы, келу – келесі* (I, 69-б.; II, 71-б.). Шығыс тілдеріндегі қимыл атауының *-ғуғы, -қуғы* қосымшаларына батыс топтағы тілдерде *-дачы, -тачы* қосымшалары сәйкес келеді: *барғучі – бардачі* (баратын), *турдачі* (тұратын) (II, 52-б.; II, 55-б.). Сондай-ақ шығыс түркі тілдері тобындағы етістіктің өткен

шақ формасы *-дук, -дук* орнына батыста *-ды, -ді* формасы қолданылады (II, 51-52-66.). Тізіліп берілген бұл ерекшеліктер – М.Қашғари пікірінше, өте жиі кездесетін дағдылы ерекшеліктер. Осылармен қатар бұл екі топтағы тілдердің арасында басқа да өзгешеліктердің барлығы айқын көрсетілген.

Қараханидтер дәуірінде жазылса да Юсуф Хас Хажиб пен М.Қашғариға тілі жағынан жақын тұратын ескерткіштер – Ахмед Югнакийдің “Хибатул хақайық” [119] еңбегі, “Тэфсир” [34] және “Алтын яруқ” [113]. Бұлардың тілдерінде жоғарыда аталғандардан басқа да өзгешеліктердің барлығы анық байқалады. Дегенмен, тілдік ерекшеліктері жағынан бір-біріне жақын тұратын ескерткіштер.

Қараханидтер дәуірінде көпшілік түркі тілдеріне негізделген, жалпыға ортақ әдеби тілдің болғандығы анық. Ондай тіл, әрине, кахани түркілердің, яғни *шігіл, яғма, тухси*, т.б. тайпалардың тілі негізінде қалыптасқан “Құтадғу білік”, “Хибатул хақайық” сияқты ескерткіштердің тілі арқылы байқалады. Қолдағы бар материалдарға қарағанда, таза түркі тілімен (әдеби тіл делінген каханилар тілі) бірге аралас тілдерде жазған шығармалар да көріне бастайды. Бір жағынан, ислам діні ықпалының күшеюімен араб пен парсы тілдері элементтері көптеп ене бастаса, екінші жағынан, оғыздар, қыпшақтар мен қарлуқтар арасы алшақтай түсіп, өзіндік тілдік ерекшеліктері айқын көріне бастайды. Міне сондайлардың бірі – діни мазмұнда жазылған Қожа Ахмет Ясауидің “Диуан-и Хикмет” еңбегі. Мазмұны жағынан бұл еңбек бізді онша қызықтыра қоймайды да, тілі болса – аралас. Сондықтан да оны зерттеуші ғалымдардың көпшілігі күні бүгінге дейін ортақ бір шешімге келе алмай жүр. Мысалы, Г.Вамбери “Хикметтің” тілі түркі тілдерінің орхон диалектісінде жазылған деп есептейді. Ал, А.К.Боровков болса, қараханидтер дәуіріндегі шығыс түркі тобы тілі негізінде жазылған деген пікірді қолдайды [35]. Қалайда, “Диуан-и Хикметтің” тілінен бірізділік байқалмайды, оның үстіне бір кезеңде жазылды деуге де келмейді. Сонымен бірге “Диуанның” да көне нұсқасы сақталмаған, тек XV ғасырда көшірілген көшірмелері (4 дана) бізге дейін келіп жеткен. XII–XV ғасырларда діни мазмұнда жазылған осындай шығармалардың саны бірнешеу. Мысалы, Сүлеймен Бақырғанидың

“Хикметі” (XIII ғ.), Насир Рабғузидың “Хиссасул анбиясы” (1310 ж.), әл-Замахшаридың “Мұхаддиман әл-адабі”, Ибн Муханнаньң “Китабу Хуллийат ул-хайан ва хулбай ул Лисан” т.б.

XII–XIII ғасырларда Орта Азияда жазылып, қазірде сақтаулы тұрған ескерткіштердің тілдерін салыстырып қарасақ, олардың тілдік жүйесінде оғыз, қыпшақ, қарлұқтардың тілдік элементтерінің аралас жүретіндігіне көз жеткіземіз. Оның үстіне XI ғасырдан бастап көпшілік жазба ескерткіштер руникалық жазу мен ұйғыр жазуынан гөрі араб жазуына ауыса бастағандығы белгілі. М.Қашғари өзінің сөздігінде тек ұйғырлардың ғана өз жазуынан басқа жазумен пайдалана алатындығын және оны көпшілігі түсіне бермейтіндігін көрсеткен болатын. Сондықтан А.Н.Кононов М.Қашғари түркілердің руникалық жазуды қолданғандығын көрген ең соңғы өкілі деп атайды. Арабтардың Орта Азияны жаулап алуы, ислам дінінің жергілікті халықтарға сіңе бастауы қараханидтерден бұрын басталған болатын. Ал, қараханидтердің X ғасырдың ортасында ислам дінін қабылдауы ислам дінінің жетекші дін болуына негіз салды да, оның Шығыс Түркістан түркітеріне таралуына сара жол ашты. Алайда ислам жергілікті халықтардың діні болып саналатын шаманизм және ұйғырлар діні буддизммен тайталасып, оны ысырып шығаруы керек еді. Осы мақсатта ислам дінінің негізгі қағидалары түркіше аударылып, діни мазмұндағы түрлі дастандардың таралуына даңғыл жол ашты. Бұл дастандардың тілінде Бұқара, Самарқанд сияқты діни органың тілдік ықпалының күшті болуы да заңды. Сондықтан С.Е.Малов Орта Азияда жазылған XI–XIV ғасыр ескерткіштерінің тілін өтпелі кезеңнің тілі деп атайды. Өйткені бұл тұста, біріншіден, *д* әрпі дыбысталуы *й* әрпімен ауыса бастайды. Жергілікті халықтың сөйлеу тілі *й* тілі болса, *д* тіл кітаби (жазба) тіл негізінде сақталды [113, 221–222].

Түркі тілдерінің даму сатысының бір белесін көрсетуде Алтын Орда мен Мамлюк түріктері дәуірінде жазылған ескерткіштердің тілі ерекше. Біріншіден, бұл дәуірде түркі тайпалары Шыңғыс ұрпақтарының ұлыстарына бөлініп, бірнеше мемлекет құрамына ажыраған болатын. Екіншіден, Шыңғыс және оның ұрпақтарының жорығы кезінде түркі тайпалары мықтап араласып, бұрынғы қалыптаса бастаған этникалық құрылымы да ішінара жаңара бастаған болатын.

Орта Азиядағы оғыздар мен қыпшақтар Хұлағу сарбаздарының құрамында Иранға, Түркия, Кавказға таралып, аралас этникалық топ құруға қатысады. Үшіншіден, Египет пен Сирияда мамлюктер билік құрып, мәдениет пен ғылымның дамуына кең жол ашылса, Алтын Ордада да мәдениет пен ғылымның дамуына қолайлы жағдайлар жасалды. Египет пен Алтын Орда арасы өте қашық болғанымен, олардың тілдері бір-бірімен біршама жақын еді. Екеуінде де оғыз, қыпшақ тайпалары аралас тұрғандықтан екі ортадағы байланыс әлі үзіле де қоймаған болатын. Алтын Орданың қол астына қараған жерлерде белгілі дәрежеде құл саудасы өрістегендігі тарихтан мәлім. Олар жорықтар кезінде қолға түскен тұтқындарды Кіші Азияға сатып отырған. Кей рулар тіпті Иран арқылы шет өлкелерге ауып кетіп отырған. 1242 жылы монғолдар селжүктерді жеңген Түркияны өзіне бағындырды. Хорезмшахтың қол астындағы оғыздар мен қыпшақтар монғолдар келместен бұрын Кіші Азияға қашып өткен болатын.

Орта Азия мен Кіші Азиядағы аралас тайпалар өздерінің әдеби шығармаларын дүниеге келтіріп, өз тілдерінде айтулы шығармалар жаза бастады. Алтын Орда мен Египет түркілерінің тілдерінде жазылған осы іспетті шығармаларды Э.Наджип тіл ерекшеліктеріне қарай беске бөледі: 1) Көне түрікмен жазба тілі. Бұл тіл XIII ғасырда қалыптасып, мамлюк Египетінде дамыған; 2) Оғыз-қыпшақ аралас жазба тіл. Бұл тіл селжүктер кезінде, әсіресе айюбидтер дәуірінде Египетке көшіп келген оғыздар және оғыз тайпаларының құрамына қосыла келген қыпшақтардың тілі; 3) XII ғасырда Сырдарияның төменгі бойында қалыптасқан қыпшақ-оғыз тайпаларының аралас тілі; 4) Еділдің төменгі жағы мен Хорезмде қалыптасқан оғыз-түрікмен тілі. Бұл тіл 3 тілдері қатарынан орын алады да, қыпшақтар тілінің ықпалына ұшыраған, ұйғыр әдеби үлгісін қабылдаған тіл; 5) Орта Азиядағы (й) тілі. Бұл тіл кейін көне өзбек тілінің қалыптасуына негіз болған.

Түркі тілдерінің тек бір тайпасының ғана тілінде жазылған ескерткіштер де кездеседі. Мысалы, “Кодекс куманикус” — таза қыпшақ тілінде жазылған еңбек. Ә.Құрышжанов көне

қыпшақ тілінде жазылған еңбектердің қатарына Абу Хайян, Абдуллақ ат-Турки сияқты ғалымдардың жазған шығармаларын да енгізеді.

Шағатай жазба әдеби тілінде жазылған ескерткіштер. Шағатай — Шыңғыстың Бөртеден туған екінші ұлы. Ол әкесімен бірге талай жорықтарға қатынасып, қол бастап, әкесінің тірі кезінде-ақ ел басқару қызметіне араласқан. Шыңғысхан балаларына өзі жаулап алған ұланғайыр жерді бөліп бергенде, Шағатай еншісіне Жетісу мен Әмударияның оң жағалауындағы жерлерге дейінгі өлке тиеді. Кейінірек бұл жерлер Шағатай ұлысы деп аталады. Шағатай атымен байланысты түркітанымда *шағатай тілі* деген термин де қолданылады. Бұл терминнің қалай қалыптасқандығы, қандай тілдерді қамтитындығы, қай дәуірдің тіліне байланысты қолданылатындығы туралы ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Шағатай тілі терминінің қалыптасуы ХІХ ғасырда жасаған орыс ориенталист ғалымдарының үлесіне тиеді де, оның қолданыла басталуын ХІV—ХV ғасырдан іздеген дұрыс. Ең алдымен, Шағатай ұлысы түркі халықтарының барлығына, не өзбек халқына тиісті ат па? “*Ұлыс*” сөзі халық, ел мағынасында қолданылған. Оның халық жасайтын елді мекен деген мағынасы да бар. Мысалы, ДТС (Древнетюркский словарь. Л., 1969) көрсетуінше, X ғасырда жазылған көне ұйғыр ескерткіштерінің бірінде бұл сөз осы мағынада қолданылған. Мысалы, *Varanas ulustagi gan oqli* — “Сын правителя селения Бенареса” (КР. 44). Көне монғол тілінде *улыс* белгілі бір адамның (ханның) қарамағындағы халықты білдірген [40, 97]. Нақ осы халық мағынасында Науаи мен Бабыр шығармаларында да қолданылады, айырмашылығы — белгілі бір ханға тәуелді емес, жалпы халық мағынасын білдірген. Мысалы, *ва яна хам турк улусида бир суруддурким, ани “Мухаббатнама” дерлар* — Және түркі халқында бір жыр бар, оны “Мухаббатнама” дейді (Науаи, Мезонұл-авзон). *Менинг анам кашида минг беш юз, икки мингга лвук мугул улусидин бор эди* — “Анамның қасында бір мың бес жүз, екі мыңға жуық монғол бар еді” (Бабыр). Бір таңданатын нәрсе, Науаи шығармаларында *улыс* сөзі де, *шағатай* сөзі де қолданылады, бірақ *шағатай ұлысы* (чиғотой улиси) тіркесі қолданылмайды. Шағатайдың қарамағындағы халық мағынасында

чиғотой холқи тіркесі қолданылады. Мысалы, *Яна турк улуси, батахсис чиғотой холқи аро шойиъ авзондурким, олар сурудларни ул вози била исоб, мажolisда айтурлар* (Навои, Мезонул-авзон) – “Науаи сөздігін жазған авторлар *чиғотой холқи* деген тіркесті *өзбектер* деп аударған” [9, 472]. Науаи шығармаларында “*чиғотой тили*” деген термин қолданылмаса да, “*чиғотой лафзи*” деген тіркес қолданылады. Мысалы, *...түрк тили била қадам сурдум ва хар нечук қаидадаким, мағни акборига зийнат ва оройиши кургузуб эдилар, чиғотой лафзи била рақам урдум* (Науаи, Мезонул-авзон). Мағынасы: “Түрк тілінде қалам қозғадым (жаздым – автор) және әр түрлі қағидаларда мағынаға әр түрлі нәзік өрнектер беріп, шағатай тілінде жаздым”. *Лафзи* сөзі мен *тілі* сөзі синоним ретінде қолданылған. Бірақ *лафзи* сөзінің қолданылудан шығып, архаизм болуы *шағатай тілі* терминінің қалыптасуына алып келген.

Шыңғыс Шағатайға сыйға берген өлкеде тұтас бір мемлекеттің ұзақ болуына экономикалық жағдай жоқ болатын. Шағатай ұлысының бір бөлегі көшпенді мал шаруашылығымен айналысса, екінші бөлігі отырықшы; егін шаруашылығымен айналысатын, үлкен қалалары бар халық болатын. XIII ғасырдың орталарында Жошы мен Шағатай ұлыстарында жағдай сәл басқашалау еді. 1251 жылы Батыйдың көмегімен Мөңке (Мангу) ұлы хан болып сайланды, бірақ Угеде мен Шағатай ұрпақтары бұған қарсы болады. Мөңке Шағатай ұрпақтарының үстіне (Мауренахрға) қалың қолмен келіп, бірнеше Шағатай ұрпақтарының қанын төгеді. Нәтижеде Шағатай ұрпақтары Жетісудан қол үзіп қалады. Шағатай әулеті Алтын Орда хандарының ұрпақтарын кейінірек Мауренахрдан қуады, бірақ екі арадағы байланыс бұрынғыдай болмайды. Мауренахрдағы монғолдар жергілікті халықтармен араласып, өздерінің тілін, салт-санасын ұмыта бастайды. Сондықтан да оларды Жетісудағы көшпенді монғолдар дүбәрә, немесе *қоспа* (*қараунақтар*) деп атаса, Мауренахрдағы отырықшы монғолдар Жетісудағы көшпенді монғолдарды *жете* (қарақшылар) деп атайтын болды. XIV ғасырда Шағатай ұлысы Мауренахр және Моғұлстан (Жетісуда) болып екіге бөлінеді. Шағатай тілі осы Мауренахрдағы (екі өзен аралығындағы) шағатайлықтар тілі болып есептелді. Демек, Темурдың таққа отыруына дейін Шағатай

ұлысы екіге бөлініп кеткен болатын. Кей авторлар шағатай тілі өзбектердің ғана ата мұрасы немесе Темурдың қол астындағы халықтардың тілі дегенде осыны есепке алады.

Шағатай тілі қай дәуірлерде қалыптасты деген сұрауларға да осы тарихи жағдайлармен байланысты жауап берген дұрыс. Ең алдымен, шағатай тілі белгілі бір халықтың сөйлеу, жазу тілі ме, жоқ ақын-жазушылардың, ғалымдардың өздері жасаған жасанды тілі ме? Академик В.В.Радлов: “Восточно тюркский или джагатайский язык не есть язык Средней Азии, как нас уверяет султан Бабур и новейшей исследователь его Вамбери. Это такой же искусственный литературный язык, как и литературный язык османский; образовавшись вследствие исторических обстоятельств, он теперь служит литературным языком восточных тюрков, говорящих очень различными наречиями”, – деп жауап берген болатын [153, 2]. А.Е.Боровков В.В.Радловтың пікіріне қарсы шығады, бірақ тілдік дәлел көрсетпейді [33,100]. Біздіңше, бірінші пікірде аздап болса да шындық бар, бірақ толық келісуге болмайды. Пікірімізді дәлелдеу үшін XIV ғасырда Алтын Ордада жазылған ескерткіштер мен сол дәуірлерде Мауренахрда жазылған ескерткіштерді салыстырып көрелік. Мысалы: *Бир султан бир асрни ултирмага буйрди. Ул бечора тириликдан умидни кесиб, султанга сукти. Масалда келип турур: Хар ким жондан эл ювғай, не ким кунгулида булса тилина келтургай* (С.Сорои) – “Бір сұлтан бір тұтқынды өлтіруге бұйырады. Ол бейшара тірліктен үмітін үзіп, сұлтанды сөкті. Мақалда мынадай деген: Кім де кім жанынан үмітін үзсе, көңілінде не болса соны тіліне келтіреді”. *Ажаб эрмас ким ул бу сирни билса. Бу мушкил ишни бизга шарқ қилса Сезарман ки бу сурат жанли булғай, Бу нахш ахвалини ул муғ билғай* (Кутб) – “Ол бұл сырды білсе ғажап емес, бұл ауыр жағдайды бізге түсіндіріп берсе. Бұл суреттің жанды екенін сеземін. Бұл сурет жайын осы отқа табынушы біледі”. Немесе, *Кулуб айды бу сузни айса булмаз, Халайиққа бу сирни ейса булмаз. Бу кизларнинг бири югруб қайтты, Не ким андин эшитса айитти* (Кутб) – “Күліп айтты: – Бұл сөзді айтса болмас, көпшілікке бұл сырды жайса болмас. Бұл қыздардың біреуі жүгіріп (кері) қайтты. Одан нені есітсе соны айтты”. Келтірілген мысалдарымыздағы сөздер де, грамматикалық формалар да көпшілікке

түсінікті, түркі тілінің заңдылығынан тыс жатқаны жоқ. Мысалымыздағы кей грамматикалық формалар болмаса көпшілігі қазіргі түркі тілдерінде, тіл тарихында тиісті ескерткіштерде қолданылған. Ал шағатай тілінің классикалық үлгісі болып саналатын Науаи шығармаларында араб-парсы элементтері мөлшерден артықша қолданылған, көне түркі элементтері де мол. Тіпті сөйлемдердің құрылысы да араб тілінің сөйлемдерінің құрылысына сәйкестендірілген [12, 1-3]. Мысалы: *Ва султони соқибқирон Пахлавоннинг мадфанин Нейматобод ичидаким, Пахлавон учун ясағоғ ер эрди-тағйин қилдилар ва анда дафн қилдилар. Ва подшохона жанш тузуб, азим ашлар бериб, хатим қойдасини бажо келтурдилар* (Науаи, Хлолоти Пахлавон Мухамад).

Шағатай тілі ғайыптан пайда бола салған жоқ. Оның негізі сол кездегі түркі халықтарының тілі, әлеуметтік жағдайымен тікелей байланысты болған. Ең алдымен, XIII–XIV ғасырларда Мауренахрда көне түркі жазба тілінің (үйғыр, оғыз) белгілі дәрежеде ықпалы барлығын ескеру керек. Екіншіден, ол кезде араб-парсы тілдерінің ықпалы өте күшті еді. Арабтар Орта Азияны басып алғаннан кейін үйғыр, соғды жазуларын ығыстырып, араб жазуының енуіне барша жағдай жасады. Ислам дінімен бірге араб тілі, араб әдебиеті Орта Азияда еркін үстемдік жасады. Мемлекет, ғылым тілі араб тілі болумен бірге әдеби тіл де араб тілі бола бастады. Ата тегі түркі халықтарынан, бірақ арабша, парсыша өлең жазатын ақындар XIV–XV ғасырда өте көбейді. Ә.Науаи өзінің “Мажолисун-нофис” деген еңбегінде Мавлоно Хожи Абулхасан, Мавлоно Кутний, Мавлоно Лутфий, Мавлоно Билал, Мир Саид, Саид Хасан Ардашер, Мавлоно Осафий, Мавлоно Шавкий, Мавлоно Гадоий, Саид Ахмад Мирза, Шох Гариб Мирза, Фаридун Хусаин Мирза, Султон Масъуд Мирза, Султан Али Мирза, Мавлоно Саккокий, Мавлоно Кабулий сияқты ақындардың әрі түркше, әрі парсы тілінде өлең жазатындығын ескертеді. Науаи дәуірінде зиялы қауым ғана емес, қарапайым еңбекші бұқара да парсы тілінде жете сөйлейтін болған. Тым болмаса Науаи өмір сүрген Герет не Хусайн Байқараның қол астына қараған өлкеде екі тілділік (түркі және парсыша) кең өріс алғандығы анық. Науаи өзінің “Мухаматул-луғатайн” деген кітабында: “*Аммо туркнинг*

улуғидин кичигига дегинча ва навкаридин бегига дегинча сарт тилидин бахраманддурурлар... Хато турк шурасиким, форси тили бирла рангии ашғер ва ширин гуфтар зехир килурлар”, – деп жазады. Мағынасы: Бірақ түркілердің үлкенінен кішісіне дейін және сарбаздарынан бегіне дейін сарт (парсы) тілін біледі. Тіпті түркі кедейлері парсы тілінде анық, сұлу сөйлей алады. Демек Науаи және оның замандастары тілінде араб-парсы тілінің элементтерінің көп болуы сыры да осы қос тілділікте жатыр.

“Мухаббатнама”, “Оғызнама” сияқты көне түркі тілінің көп тілдік ерекшеліктерін сақтаған ескерткіштер XIV–XV ғасырларда өз ізін суыта қоймаған. Оларда қалыптасқан жазба дәстүр Лутфий, Саккакий, Науаиларға да жат болмағандығы анық. А.К.Боровков В.В.Радловқа қарсы пікір айта отырып, Науаи шығармаларында көне ұйғыр элементтері өте аз деген пікір айтады [34, 101]. Бұл пікірдің дұрыс-бұрыстығын анықтау басқа жоспардағы жұмысты талап етеді. Ал Науаидың көне ұйғыр жазба әдебиеті үлгісінде жазылған шығарма-ларымен таныс болғандығы анық. А.К.Боровковтың өзі Гератта көне ұйғыр әдебиетінің бірнеше үлгілерінің көшірілгендігін айтады. Мысалы, “Құтадғу білік”, т.б. Сондай-ақ “Бактияр-нама”, “Мирадж-нама” сияқты ескерткіштер XV ғасырда Гератта пайда болған. Көне ұйғыр әдеби дәстүрінің XV ғасырда Гератта ықпалы күшті болғандығын басқа ғалымдар да, Науаидың замандастары да айтқан. Сондықтан Науаи еңбектерінде көне ұйғыр әдеби традициясының ықпалы болмаған деген пікірге сену қиын. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде қолданылған сөздер, грамматикалық формалар Науаи шығармаларында кездеседі. Мысалы, А.К.Боровков көне ұйғыр дәстүрінде жазылған ескерткіш деп санайтын Адиб Ахмедтің (Ахмад Югнакидің) “Хибатул Хақайық” деген шығармасында қолданылған кей грамматикалық формалар Ә.Науаи шығармаларында қолданылады. Салыстырыңыз: *-мыш*, *-миш* қосымшасы екі ақынның шығармаларында да өткен шақ қосымшасы ретінде қолданылған. *Йа йалған сөз йигдег көни сөз шифа. Бу бир сөз озағы урылмыш мысал* (Югнаки) – “Немесе жалған сөз – ауру, шын сөз ем сияқты. Бұл бұрыннан келе жатқан мысал сөз” (аударған Б.Сағындықов). *Адиблар адиби фазылар башы*

Гуһардин сөз аймыш андын сөз биши – “Ақындардың ақыны, жақсылардың басшысы, Гауһардай сөз айтқан, басқа сөздің құны жоқ” (Югнаки). *Ишқ илги куввати мен хастани қылмиш забун эй кунгил, не чора айлай мен заифу ул қавий* (Науаи) – “Махаббаттың алғашқы қуаты ауыру мені әлсіретті, Ей көңіл, ол күшті, мен әлсізбін, не амал қылайын?!” *Ағар ошиқ этса висол орзу, Аен этмиш улғай махол орзу* – “Егер құмар етсе, бетіңе арман, білдірген сол кезде-ақ арман өлсін” (Науаи). -*Ғучы, -гүчи, -ған, -ген, -ар, -ер, -ыр, -ир, -йур, -йүр* қосымшалары екі жазушының шығармаларында да есімше қызметінде қолданылған. Салыстырылып отырған шығармаларда септік жалғаулары да, көптік жалғаулары да, төуелдік жалғаулары да сәйкес келеді т.б. Ә.Науаи мен А.Югнаки шығармаларында аздап өзгешеліктің бар екендігі де анық. Мысалы, Науаи шығармаларында араб-парсы тілінің ықпалымен көптік жалғауының басқа түрлері де кездеседі. Салыстырыңыз: *мурсал, муқарраб, мустамиъ, солик, орфи, мұмин* дегендер жекеше болса, оның көпше түрі: *мурсали:м, муқарраби:н, мустамиъи:н, солики:н, орифи:н, мұмини:н* болады [4, 40-46].

Шағатай тілімен байланысты айтылған пікірлерді жинақтайтын болсақ, мынадай қорытындыға келуге болады. *Біріншіден*, шағатай тілі ғайыптан пайда болған тіл емес. Ол өзі қалыптасқан дәуірдегі халықтың тілімен байланысқан, сол дәуірдің тіл байлығын көрсетіп бере алатын тіл. *Екіншіден*, шағатай тілінде көне түркі тілінің элементі басым болғанымен, араб-парсы тілінің элементтері де мол. Бұған сол дәуірдегі әлеуметтік жағдай да себепші болған. *Үшіншіден*, шағатай тілінде көне түркі тілінің элементтері де көп қолданылады. Сондықтан да оны көне түркі тілінің заңды жалғасы деген дұрыс. *Төртіншіден*, шағатай тілі – уақыт өтуімен байланысты халықтың сөйлеу тілінен қол үзіп, белгілі бір қатаң схемаларға негізделініп қалыптасқан кітаби тіл. Ол – көркем әдебиеттің де, ғылымның да және кеңсе (іс-қағаздар) тілі. Сондықтан шағатай тілінің бірнеше стилдік тармақтары болған. Мысалы, оның көркем жазба әдебиетке тән, ғылыми еңбектерге тән, іс-қағаздарына (хаттарға, хан жарлықтарына т.б.), діни еңбектерге байланысты, т.б. ерекшеліктері болған.

Шағатай тілінің қалыптасу кезеңін мына дәуірден басталады деп үзіп айту қиын. Ол біртіндеп қалыптасқан, бірнеше

ғасырларға созылған үздіксіз процестің жемісі. Бірақ ғалымдар оның мезгілін кесіп көрсетуге әрекет етеді. Мысалы, Э.Н.Наджиб шағатай тілін Дурбектен бастау керек дейді [131, 26]. Н.А.Баскаков шағатай тіліне XIII–XIV ғасырларда жазылған шығармаларды, сол дәуірдің әдеби тілін енгізу керек дейді [21, 395]. Әрине, шағатай тілінде жазылған шығармаларға XIII–XV ғасырларда Мауренахрда жазылған шығармаларды енгізген дұрыс. Қазір көпшілік ғалымдар оны ескі өзбек тілі деп атап, оның ең дамыған үлгісі А.Науаи шығармалары деген пікірде. Біздің пікірімізше, шағатай тілі Орта Азия мен Алтын Ордада қалыптасқан әдеби дәстүрдің заңды жалғасы. Сондықтан да оның тілінде көне ұйғыр әдеби үрдісінің (“Құтадғу білік”, “Хибатул хакаиқ” т.б.), Орта Азияда жазылған “Тефсир”, “Нахджул-Фарadis”, Ясауидің “Хикметі”, Рабғузидың “Қисас ул-әнбиясымен” де, Алтын Ордада жазылған “Мухаббатнама”, “Оғызнама”, С.Сараидың шығармаларымен байланысы болуы заңды. Бұларға қоса ғалымдардың шығармалары тілдеріндегі айырмашылықтарды да ескеру қажет. Ондай айырмашылықтардың болуы таңғаларлық жағдай емес. Сондай-ақ шағатай тілінің дәстүрі XV ғасырдан кейін мүлдем үзілді деп кесіп айту да дұрыс емес. Қолымызда бар материалдардың көрсетуінше, қазақ халқы үшін шағатай тілі онша түсінікті бола бермегенімен, шағатай тілі дәстүрі қазақ тілінің жазба ескерткіштерінің соңғы кезеңге дейінгі дәуіріне (XX ғасырдың басына) де ықпалы болғандығы байқалады. Мысал ретінде Б.Әбілқасымов жариялаған мәтіндер мен “Айқап” журналында басылған материалдарды көрсетуге болады. Абай мен Ақан сері сияқты шығыс үлгісінде тәлім алған ақын-жазушылардың еңбектерінде де шағатай тілінің ықпалы жоқ емес. Абайдың алғашқы өлеңдері мен қара сөздері де осы пікірімізге дәлел. Өзбек тілінде шағатай тілі дәстүрінің ықпалы күні бүгінге дейін сезіледі. Мысал ретінде Айбектің “Навои”, П.Қади-ровтың “Юлдизли тунлар” романын көрсетуге болады.

Шағатай тілінде жазылған шығармаларды сұрыптап көрсету – қиын іс. Ең алдымен, шағатай тіліне алғашқы қадам қойған шығармаларды табу қиын. Қазіргі өзбек әдебиетшілері мен тілшілері шағатай тілінде (оларша ескі өзбек тілі) жазылған шығармаларға (ешқандай белгісін

көрсетпестен) Хорезми, Кутб, Сараи, Хайдар, Хорезми, Атайи, Саккакий, Литфи, Наваи, Бабыр, М.Салих сияқты ақын-жазушылардың еңбектерін қосады. Егер жоғарыда аты аталған ақын-жазушыларды өзбек халқына тәуелді ететін болсақ, оларды дәлелдеу керек. Түркітанушы ғалымдар арасында басқаша пікірлер де айтылады. Мысалы, Хорезмидің “Мұхаббатнама” дастанын Э.Н.Наджип қыпшақ-оғыз аралас тілде жазылған десе, “Мубарак мактублар” (Тошкент, 1987 ж.) деген жинақ авторлары Хорезмиді өзбек әдебиетінде бірінші рет нама жанрын бастап беруші өзбек жазушысы деп есептейді. Ал А.М.Щербак “Мұхаббатнамада” қыпшақ элементі басым деп есептейді [205, 170]. А.М.Щербак “Оғызнаманы” оғыз-қарлұқ қоспа тілде жазылған десе, А.Н.Баскаков оны оғыз-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіш деп есептейді. Э.Н.Наджип Күтбтың “Хұсрау уа Шырын” дастанын қыпшақ-оғыз тілінде жазылған шығарма десе, А.Ибатов Күтб қыпшақ ақыны дейді. Э.И.Фазылов С.Сараи мен Күтбты ескі өзбек тілінде шығармалар жазған өзбек ақыны деп есептейді. Жалпы XIV—XV ғасырларда жазылған ескерткіштердің барлығын бір тілдің еншісіне беру дұрыс емес. Әдебиет тарихы үшін, әдеби процестердің дамуын белгілеу үшін XV ғасырға дейінгі ақын-жазушыларды әр халық өз әдебиет тарихына қосуы дұрыс болса да, тіл жағынан қосу дұрыс болмайды. Сондай-ақ шағатай тілі үлгісінде жазылған шығармалардың барлығын өзбек тілінің еншісіне беру де шындыққа сәйкес емес. Шағатай тілі үлгісінде жазылған көптеген шығармалардың тілі қазіргі өзбек тілінің бастамасы екендігін мойындасақ та, саналы түрде, басқа түркі тілдес халықтардың (казак, татар, түрікмен) да еншілес екендігін ескерту қажет. Мысалы, Ясауидің “Диуани хикметі” мен “Тефсирді” бір тілдің еншісіне бермей, батыс хун тілдеріне тиісті ескерткіш деп мойындаған дұрыс болады. Оның тілінде белгілі бір халықтың тіліне тән элементтердің мол, екінші біреулеріне тиісті элементтер аздау болуы ықтимал. Тілі жағынан Э.Н.Наджип Дурбекті өзбек тіліне тән десе де, оны үзілді-кесілді өзбек әдебиетінің еншісіне беріп қоюға болмайды. Тілі жағынан Дурбек қыпшақтарға өте жақын.

Шағатай тілінде жазылған шығармалардың ең классикалық үлгісі Науаи шығармалары деп атасақ та, оны ары қарай жалғастырған Бабыр, М.Салих сияқты ақын-жазушылар

болды. Егер XI–XV ғасырларда Орта Азия мен Алтын Орда топырағында жазылған шығармалардың тілін *д* тілі деп атайтын болсақ (С.Е.Малов солай деп атаған), шағатай тілі түркі тілдерінің *й* диалектісі негізінде қалыптасқан. А.К.Боровков “Тефсир” тілімен байланысты пікір айта отырып, XII–XIV ғасырларда *д* диалектісімен жазылған шығармалардың болған-болмағандығы, бұрынғы дәстүрдің жалғасқан-жалғаспағандығы анық емес деген пікір айтады. Бірақ шағатай тілі шығыс әдеби үрдісімен тығыз байланысты болған түркі тілінің *й* (*j*) диалектісі негізінде жазылған дейді [34, 21]. С.Е.Малов та XI–XIV ғасырларды да батыс түркі тілдерінің құрамына енген тілдерде *д* тілдерінің *й* (*j*) тілдеріне өте бастағандығын көрсетеді. Бірақ тілдердің бұлай бөлінуі бірден бола салмайтындығы шындық. Мысалы, “Тефсир” түркі тілдерінің *д* диалектісінде жазылған. Салыстырыңыз, *адақ* (нога), *адғір* (жеребец), *адин* (другой), *адір* (отделять), *одағ* (бодрствующий), *одакі* (прежний), *одур* (выбрать), *уди* (спать), т.б. Бірақ “Тефсирде” бұл сөздердің *й* (*j*) нұсқасы да қолданылған. Салыстырыңыз, *ајак* (нога), *ајріл* (отделять), *ајру* (отдельно), *ојоқ* (бодрствовать), *ојакі* (прежний), т.б. XIV ғасырда да *д* диалектісінің ықпалы аз болса да сақталған сияқты. Ә.И.Фазылов XIV ғасыр ескерткіштерінің тілі бойынша жазған сөздігінде *кадгу* (горе), *код* (оставлять), *адаг* (нога), *эдгу* (добрый), *бод* (рост) сияқты сөздерді *д* әрпімен берген. Бірақ бұл өте аз кездесетін және оның *й* (*j*) дыбысымен айтылатын варианты да кездеседі. Салыстырыңыз, *кајгу* (II т., 589-б.), *кој* (II т., 629-б.), *кудук*, *кузук*, *күйуғ* (II т., 641-б.) т.б. Демек шағатай тілінде жазылған ескерткіштер *д* диалектісінің дамуы нәтижесінде қалыптасқан түркі тілінің *й* тобының диалектісіне жатады.

Шағатай тілі тарихында Ә.Науаидың алатын орны ерекше. Ә.Науаи (1441–1501) өзбек халқының ұлы ақыны, ағартушысы және XV ғасырдың ірі қоғам қайраткерлерінің бірі болып саналады. Оның әдеби мұрасының көптігі жағынан өз дәуіріндегі шығыс ақындарының алдыңғы қатарынан орын алатындығы белгілі. XV ғасырда Орта Азияда ислам діні өте күшейіп, араб-парсы тілінің ықпалы өседі, оған пайғамбар тілі ретінде сыйынып, барлық жазба жұмыстар араб тілінде, араб жазуында жазылатын болған. Мемлекет басында

тимурилер отырса да, шағатай тілі мемлекеттік тіл ретінде қолданылмайтын. Гератты билеген Хусайн Байкарадан бастап, ұлты түркі тектес халықтан шыққан ақын-жазушылар да араб-парсы тілін жетік меңгеріп, екі тілде бірдей өлең жазатын болған. Көпшілік еңбекші бұқара да парсы-тәжік тілін жақсы білген. Ә.Науаидың тілімен айтқанда түркілердің кішісінен ұлығына дейін, сарбазынан биіне дейін сарт, яғни араб-парсы тілін жақсы меңгерген. Сол дәуірдің басқа ақындары сияқты Ә.Науаи да өз шығармаларын әрі парсы, әрі түркі тілінде жазған. Ол парсы-тәжік тілдерінде жазған өлеңдеріне Фони, түркі тілінде жазған шығармаларына Науаи (“фони” сөзі араб тілінде тез өтетін, өткінші мағынасын білдірсе, “наво” сөзі *күй, музыкалық саз* мағынасын білдіреді) деп жазатын болған. Шындығында Ә.Науаидың түркі тілінде жазған шығармалары парсы тілінде жазған шығармаларынан әлдеқайда көп. Ол түркі тілдерін араб, парсы тілдерімен қатар қойып, түркі тілдерінде де жақсы өлең-жыр жазуға болатындығын айтқан және жақсы өлеңдер жазып, өз пікірін іс жүзінде көрсете де білген. Түркі тілдерінің келешегі үшін Ә.Науаи өз айналасындағы ақын-жазушылармен аяусыз күрес жүргізді. Оны біз түрлі ескерткіштері арқылы жеткен ақын Биноиймен (1512 жылы өлтірілген) болған өзін-тартыстардан аңғарамыз.

Ә.Науаи өте көрнекті қоғам қайраткері, данышпан ақын болумен бірге, ол әдебиет, тарих, тіл білімі мәселелеріне байланысты да еңбектер жазған. Мысалы, ол өзінің “Мажолисун-нофис” деген шығармасында өзіне дейін және өзі жасаған дәуірдегі 453 ақын-жазушы, тарихшы, музыкант, сәулеткер және қоғам қайраткерлерінің атын атап, еңбектерінен үлгі берген. Тіл мәселесімен байланысты өз көзқарасын “Мухоқаматул-луғатаин” деген еңбегінде айтады.

“Мухоқаматул-луғатаинда” Ә.Науаи түркі тілін парсы-тәжік тілімен салыстырады (“Екі тіл тартысы”). Кітап мына сөздермен басталады: “...*сээ дуредурким, анинг дареси кунгилдур*” (“Сөз – інжу, оның дариясы – көңіл”). Екі тілді салыстырғанда түркі тілінің парсы тілінен еш кемдігі жоқтығын; түркі тілдерінде де өте жақсы өлең жазуға болатындығын көрсетеді. Тіпті көп жағдайларда тіл байлығы, нәзік мағыналық реңктерді білдіруде түркі тілі парсы тілінен жоғары тұрады дейді. *Инграмақ, синграмақ* сөздері туралы айта

отырып: “*Ва инграмак ва синграмак, дард билан яшурун охиста йигламақдур ва ораларида тафовут оз топилур, туркчада бу матал борким. Байт: Истасам давр ахлидин ишқингин пихон айламак. Кечалар гоҳ инграмақдур одатим, гоҳ синграмак. Форсида бу мазмунким булмағай, шоир не сора қилғай?*” дейді. Келтірілген үзіндінің мазмұны мынадай: “Ыңырану, сыңырану (дыбыс шығармай егіліп, күрсініп жылау) — дертті болып жасырын жай жылау. Араларында айырмашылық аз. Түрк тілінде мынадай мәтел бар. Өлең: Сүйгенімді айналамдағылардан жасыруды қалаймын. Түнде бірде ыңырану, бірде күрсіну әдетім. Парсыларда бұл мағына жоқ. Ақын қандай шара табады?” Ә.Науаи түріктерде жылаудың “*инграмак, синграмак, сиктамак, укирмак, инкирмак, хай-хай жылау*” сияқты түрлері барлығын айтып, араларындағы айырмашылықты көрсеткен. Тіпті түркі тілдерінде бар, парсы тілдерінде баламасы жоқ сөздерді де көрсеткен. Мысалы, түркі тілдеріндегі *қызғанбақ, қымсыну* сөздерінің, дене мүше атауларынан *кабақ* және адам денесіндегі *мең (қал)* сөздерінің парсыларда аудармасы жоқ деп көрсетеді. “*Ва хусн таърифида улуғроқ холғаким, турклар менг ат куюптилар, алар ат қуймайдулар.* — “(Адамның) көркін бейнелегенде үлкенірек қалды түркілер мең деп атайды. Олар (парсылар) оған ат қоймаған”, т.б.

Түркі тілдеріндегі сөздердің көп мағыналы болатындығын да мысалдармен көрсеткен. Мысалы, *түз* және *көк* сөздеріне байланысты былай деп жазады: “*Яна андакки, туз лафзики неча маъни ирода қилса булур. Бири тузки, уке найзадек нимани дерлар. Яна туз — хамвар даштни дерлар. Яна туз — рост кишини дерлар. Яна туз — созни тузмакка амр қилмағни, яна туз — икки киши орасида мувофақат солмоғмни (дерлар). Яна туз — бир мажлис асбоига хам деса булур. Ва кук лафзини хам неча маъни била истеъмол килурлар. Бири кук — осмонни дерлар. Яна кук охангдур. Яна кук теграда кукламаакдур. Яна кук қадоғни хам дерлар. Яна кук сабза ва улангни дағи дерлар*”. Мазмұны: “Және мынадай: *түз* сөзі бірнеше мағынаны білдіреді. Бір *түз* оқ не найза сияқты зат. Және *түз* — тептегіс дала (шөл) деген. Және *түз* — шыншыл (өтірік айтпайтын адам — О.М.). Және *түз* — музыкалық аспапты жөндеуге бұйыру және *түз* — екі кісі арасындағы келісудің мәнін (айтады). Және *түз* — бір отырысқа (зияпатқа) керекті

заттарды да айтса болады. *Көк* сөзі де бірнеше мағынада қолданылады: бірінші *көк* – аспан демек. Және *көк* – құт. Және *көк* – айналаның көктеуі. Және *көк* – қабарған. Және *көк* – от – өлең және көкөністі де білдіреді”. Түркі тілдеріндегі сөздердің көп мағыналық қасиетін Науаи жақсы білген және одан шығармаларында жақсы пайдаланған. Мысалы: Ә.Науаи шығармаларының сөздігін жазған авторлардың көрсетуінше, *көк* сөзі – омоним сөз, бірақ алты мағынада, *түз* сөзі бес мағынада, *іш* (адамның дене мүше атауы) жеті мағынада, *іш* етістігі төрт мағынада, *қол* мағынасындағы *илик* сөзі сегіз мағынада, *майдалау*, *бөлу* мағынасындағы *ушат* етістігі төрт мағынада, т.б. қолданылған.

Ә.Науаи тек өз дәуірінде ғана емес, өзінен кейінгі дәуірлерде де түркі тілдерінің дамуына өте үлкен ықпал жасаған. Оның еңбектері мұрагерлері тарапынан мұқият зерттелді және зерттелуде. Қазан төңкерісіне дейін Науаи шығармалары негізінде бірнеше сөздіктер жасалынды. Мысалы, Бадаи ал-луғат, Абушка, Санглох, Луғати аторкия т.б. Қазан төңкерісінен кейінгі кезде де бірнеше сөздіктер жарияланды, ғылыми еңбектер жазылды. Олардың ішінде Науаи шығармаларының толық (15 томдық) жинағы, Ә.И.Фазылов басшылығында жарияланған төрт томдық Науаи шығармаларының түсіндірме сөздігін атап айту керек. Ақынның шығармалары бірнеше рет өзбек, орыс тілдерінде жарияланды. Науаидың 550 жылдық торқалы тойы қарсаңында ақынның 20 томдық еңбегін басып шығара бастады.

Ә.Науайдан кейін жасап, шағатай тілінде шығармалар жазғандардан З.М.Бабыр мен М.Салықты ерекше бөліп көрсетуге болады. Захриддин Бабыр – теурилерден тарқаған, Анджинның өміршісі, Ұлы Моғул империясының негізін салушы адам. Оның түркітану тарихында “Бабурнама” деген мемуарлық шығармасы мен өлеңдер жинағы бар.

Түркітанушылар, негізінен, Бабырды тарихшылардың, әдебиетшілердің көзқарасымен зерттеген. Шындығында оның “Бабурнамасында” әдебиетке де, тарихқа да, географияға да, тіл біліміне де, заң ғылымына да, дипломатияға да тиісті материалдар берілген; оларды өз дәуірінің деңгейінде сөз еткен. Бабыр шығармаларының дені қара сөзбен жазылған. Онда шағатай тілінің нормасына сай келетін сөз

қолданыстары, грамматикалық, фонетикалық белгілер сақталған. Ә.Науаи тілімен салыстырғанда Бабыр шығармаларында араб-парсы сөзі аздау, бірақ қажетті жерлерінде олардан толық пайдаланған. Сондықтан да “Бабурнамада” араб тіліндегі сөйлем құрау нормалары да, көне түркі тілдеріне тиісті болған грамматикалық формалар да көп кездеседі. Дегенмен де, “Бабурнаманы” Науаи шығармаларына қарағанда оңай түсінуге болады. Мысалы: “*Алишербек назри иуқ киши эди. Туркий тил била то шеър айтубтурлар, хеч ким анча куп ва хуб айтқон эмас*”. “*Ахси кургани баланд жар устида воке булибтур, иморатлар жар екасида эрди. Ушбу тарихда душанба куні рамазан айинининг туртида Умаршайх мирза, жардан кабутар ва кабутархона била учуб, шунқар булди. Утиз туруз ешар эрди*”, т.б.

XV ғасырда шағатай тілінде жазылған көлемді дастанның бірі М.Салихтың “Шайбанинама” дастаны болып саналады. “Шайбанинама” дастаны шағатай жазба әдеби дәстүрі негізінде жазылса да қазіргі өзбек тіліне тән сөз қолданыстары көп кездеседі.

XVI–XVII ғасырларда шағатай тілі халықтың сөйлеу тілінен ажыратылып, сарай ақындарының, аристократтарының жазба тіліне айналып қалды. Бұған шағатай тілінде сақталған (әсіресе іс-қағаздар, тарихи жылынамалар тілінде) қатаң тәртіппен тілдік даму заңдылықтар негізінде пайда болған алшақтықтар себепші болды. XV ғасырда Орта Азияда қазақ, өзбек, түркімен, қарақалпақ сияқты халықтар пайда болды да, олар өз тілдерін дамытты. Шағатай тілі үлгісінде көне дәстүр мен араб-парсы элементтеріне белшесінен батқан шығармалар халыққа түсініксіз болып қалды. Науаи дәуірінде қалыптасқан қос тілділік әлсіреп, ұмыт бола бастады. Тіпті, бұны XVII ғасырда жасаған оқымысты Әбілғазы Баһадүр хан да айтқан болатын. Біз Абу-л Ғазының шығармасын да шағатай тілінің нормасын сақтаған шығарма деп есептейміз, бірақ ол саналы түрде өз шығармасын халық тіліне жақындатуға әрекет еткен. Бірақ шағатай тілінің ықпалы кеңсе тілінде, зиялылардың хат-хабарларында соңғы кезге дейін (XX ғасырдың басына дейін) сезілерлік дәрежеде болғандығын дәлелдеуге болады. Қазақ тілшілері жеке бөліп жүрген “кітаби тіл” осы шағатай тілінің жалғасы болып саналады.

5. Түркі тілдерінің дамуындағы жаңа дәуір және түркі тілдерінің қалыптасуы (XV–XX ғасырлар)

XV ғасыр түркі тілдес халықтар өмірінде жалпы түркілік одақ құруымен не одақтардың ыдырап, бірнеше халықтардың жеке отау тігуімен айрықша дараланып тұрады. Әрине, халықтардың бір ортадан бөлініп шығуы ұзақ жылдар бойына созылады да, белгілі бір мерзім ішінде жіктерін ажыратып, дербес халық ретінде бой көрсетеді. XV ғасырда түркі халықтарының әлеуметтік тарихи-экономикалық жағдайлары түрліше болып қалыптасты. Мысалы, Орта Азияда тұратын түркі тілдес халықтар отырықшылыққа ауысып, жер өңдеу кәсібімен тығыз байланыста болды; егіншілік олардың шаруашылық кәсібіндегі басты сала болып саналды. Ал Қазақстанның және Мауренахрдың құмды өлкелерін мекендейтін түркі тілдес халықтар мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қонып жүрді. Тұрмыстағы осындай экономикалық жағдай, түптеп келгенде, екі халықтың дүниеге келуіне себеп болды. Тіпті көшпенді түркі тайпаларының өздері де XIII ғасырда, монғолдардың шапқыншылығына дейін өзара одақтасып, араларын бір-бірінен алшақ сала бастаған болатын. Монғолдардың шабуылы түркі тайпаларының араласуына басты себепші болғанымен оның келешегі үшін шешуші рөл атқара алмады.

XIV ғасырдағы түркі тілдес халықтардың әлеуметтік картасына назар сала қарайтын болсақ, Алтын Орда, Шағатай ұлысы (Монғолиядағы татардан басқасы) бәрі де бұл кезде іштей жіктеліп, өзара бөлініп кеткен еді. Алтын Орданың қол астына қараған территориядағы түріктер де бір қалыпта, саяси әлеуметтік даму дәрежесі жағынан бір деңгейде болмағандығы байқалады. Еділ бойындағы орыстармен араласып, отырықшы болып кеткен түркілер елімен Дешті Қыпшақ түркілерін бір деңгейге қоюға болмайтындығы тіптен де анық. Оның үстіне түркі тайпалары тек туыстық, қандық негізде ғана біріккен деу де дұрыс болмас еді. Туыскандық бұл тайпалардың басты белгісі болғанымен, оларды біріктіріп тұрған әлеуметтік-экономикалық күй-жайдың да шешуші мәні болды. Міне, осындай қоғамдық материалдық талаптар тайпалар одағының қалыптасуына жағдай жасайды. Ал тайпалар одағының тіпті әлеуметтік қарым-қатынастың нашар дамыған дәуірінде де дүниеге келіп, ілгері

қарай дами беретіні де болды. XIV–XV ғасырларда мұндай тайпалар одағы ұлғайып, белгілі бір мемлекет құрамында бастары біріксе, екінші біреулері өзге бір мемлекеттің құрамына кіріп бірігеді. Сөйтіп белгілі бір территорияда аралас-құралас жатқан тайпалар біртіндеп өздерінің ру-тайпалық атауларын жойып, ежелден мекен еткен аумақтық шекарасы жоғала бастайды.

Халықтың пайда болуы рулық, тайпалық қатынастың даму барысындағы заңды көрінісі болса да, қоғамдағы жаңа этносоциологиялық басқыш болып саналды. Жерге иелік ету көшпелі халықтарда отырықшы халықтардың өміріндегідей сияқты анық байқалмайды. Алайда олардың да тұрмыс тәжірибесінде белгілі аймақтарды өз қарамағына икемдеуге тырысушылық мүлдем жоқ деуге де болмайды. Мысалы, әр рудың, тайпаның көшіп-қонып жүретін нақтылы аудандары болған. Келе-келе қандық туысқандыққа сүйенген бірлік біртіндеп жерге байланысты құрылған бірлікке ауысады. XIV–XV ғасырлардағы түркі тайпаларының да ара жігі осы принципке сәйкес бөліне бастайды.

Батыста чуваштардың ру-тайпа одағы негізінде чуваш халқы қалыптаса бастайды. Ал одан беріректегі қыпшақ-бұлғар тайпаларының одағы екіге бөлініп, татар мен башқұрт халықтарының қалыптасуына негіз болды. Олар XV ғасырда қыпшақ-половецтер одағынан бөлініп, қазақ пен ноғайлар, қарақалпақтарға және Кавказ өңіріндегі қыпшақтарға (қарайым, құмық, қарашай-балқар, қырым татарларының солтүстік тобына) бөлінеді. Қазақтардың халық ретінде қалыптасуын тек Ноғай Ордаларымен байланыстыру жеткіліксіз, себебі оның этникалық құрамында көшпенді өзбектердің де көп рулары бірге болған. Сондықтан да кейбір ғалымдарымыз Қазақ хандығының құралуын көшпенді өзбектердің, Махмуд Шайбанидің Мауренахрды жаулап алуымен, қазақ сұлтандары Керей мен Жәнібектердің Әбілқайыр қол астынан бөлініп шығуымен байланыстырады. Тарих мағлұматтарына жүгінсек, бұл дәуір қазақ халқының жеке отау тігуінің аяқталған дәуірі болатын. Ал, оның қалай, қай кезде басталуын Дешті Қыпшақтағы тайпалар одағынан іздеу керек сияқты.

Ноғай Ордасының күшейе түскен дәуірі Нурад-дин (1426–1440) билік жүргізген мезгілдер болатын. Осы уақытта хандық құрамындағы тайпалардың ішіндегі ең күштісі де,

билік жүргізіп отырғаны да маңғыттар болатын. Сондықтан да, кейде Ноғай Ордасын маңғыт жұрты деп те атаушылық бар. Маңғыттардан басқа Ноғай Ордасының құрамына *қоңырат, қарлұқ, найман, арғын, қаңлы, алышын, қыпшақ, кеңгерес**, *алаш, тама* сияқты рулар енген. Ноғай Ордасының құрамына енген рулар *қазақ, қарақалпақ, ноғайлардың* халық ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарған.

Оғыз тайпалары одағының да құрамынан *әзірбайжан, түрікмен, гагауз, түрік* халықтарының бөлініп шығуы осы XV ғасыр нобайына сәйкес келеді. Әзірбайжан және түркмендердің этникалық құрамы ертеректе жүйеге түссе де, олар халық ретінде тек монғол шапқыншылығынан кейінгі жерде ғана қалыптаса бастады. Әрине, түрікмендер мен әзірбайжандардың этникалық құрылымы бірдей емес. Селжүктердің қозғалуымен байланысты Кіші Азияға енген оғыздар мен Әмударияның жағасында қалған оғыздардың ата тегі бір болғанымен, олардың кейінгі тарихы басқаша болған. Айталық, соңғысы монғол шапқыншылығына дейін қоныс тепкен, жермен байланысты шаруашылықпен айналысып, отырықшы болған түркі тайпалары өздерінің бұрынғы руларын ұмытып, мысалы, Ферғаналық өзбектер, Намангандық өзбектер сияқты тұратын жерінің атымен аталатын болып кеткен. Бұл өзбектер, негізінен, өзбек тілінің *й* диалектісімен сөйлейді. Ал көшпенді өзбектермен бірге келіп, өзбек халқының этникалық құрамына енген түркі тайпаларында руға бөліну сақталып қалған. Бірақ бұл өзбектерде қазақ арасындағы сияқты ру қуалау қатан сақтала бермейді. Сөйтіп, Шайбани өзбектері өзбек тілінің *ж* (*дж*) – диалектісінде сөйлейтін тобының негізін құрайды.

Ұйғырлар өздерінің этникалық құрамы, шығу тегі жағынан ұйғыр қағанатының іргесін қалаған тайпалардың мұрагері болғанымен, тілдік құрылымы жағынан олардың барлық қасиеттерін түгелдей сақтап қала алмаған. Ұйғырлардың негізгі көпшілігі (1978 жылғы санақ бойынша 6 миллион), өз Отаны — Шығыс Түркістанда орналасып, бір тобы бұрынғы КСРО-ның территориясында (Қазақстан мен Орта Азия республикаларында) тұрады**. Бүгінде қазіргі ұйғыр әдеби тілі мен классикалық әдеби тілінің арасында белгілі байланыстық, жалғастық дәстүрі сақталғаны аңғарылады [80].

* *Кеңгерестер* де қаңлы тайпасының бір тармағы.

** Оқулықта берілген халық саны [37; 132] кітаптардан, “Ана тілі” газетінен алынды.

XV ғасыр Шығыс түркі қағанатының құрамына енген халықтардың жеке отау тіге бастаған кезеңі болды. Ертедегі оғыз, ұйғыр және қырғыздардың шығыста қалған ұрпақтары үш топқа: 1) ұйғыр-түрік; 2) саха; 3) хакас болып өз алды бөлек шоғырланады. Ұйғыр-түрік тобынан қазіргі тува және тофалар (қарағас) тілдері, якут тобынан қазіргі якут (саха) тілі, ал хакас тобынан қазіргі хакас тілі мен шор тілі және сары ұйғыр, камасин татарларының тілі сияқты т.б. Әзірбайжан деп аталып кеткен халықтың құрамындағы оғыздар Еділ бойынан емес, Иран арқылы келген хулағулар династиясының қол астындағы оғыздар ретінде танылады. Одан бұрын Әзірбайжанда жергілікті халықтармен бірге хазарлар құрамына енген түркі тайпалары орналасқан болатын. Сондықтан да Н.З.Гаджиева әзірбайжан тілінің диалектілерінде қыпшақ элементтері тілдің барлық деңгейлерінде кездеседі деп көрсетеді [45, 175].

Орта Азиядағы қарлұқтар одағы да ыдырап, қазіргі өзбек және ұйғыр тілдерінің қалыптасуына негіз болады. Әрине, өзбек тілін Лутфи, Саккаки, Атаи, Дурбек, Науаи, Бабырлар тілінің заңды жалғасы екендігін мойындамасқа болмайды. Бірақ шағатай (көне өзбек) тілі тек өзбектерге ғана тән деп кесіп айтудың да реті жоқ. Олардың дәстүрлі әдеби тілі Қазан төңкерісіне дейін басқа халықтардың (соның ішінде қазақтардың да) жазба тіліне өз ықпалын тигізіп отырған. Бұны қазақ тілі ескерткіштерінің ертеректегі кітаби тіл үлгісінен анық байқауға болады.

Өзбек халқының қалыптасуында Махмуд Шайбани бастаған өзбектердің құрамына енген қыпшақ тайпаларының да үлесі мол. Сондықтан ба екен, қазіргі түркі тілдерінің ішінде диалектілік шұбарлығы жағынан өзбек тілімен қатар тұратын бір тілдің атын атау қиын. Хорезм мен Қазақстанның көпшілік жерінде *ж*-мен сөйлеуші (қыпшақ тіліне жақын) диалектілік айырмашылық өте мол. Этникалық құрылымы жағынан да өзбек халқы бірнеше тайпаның элементтерін қамтыған. Ең алдымен ескеретін нәрсе – өзбектердің барлығы бірдей өз ру атауларын кейінгі кезге дейін сақтап қала алмағандығы. Қазіргі мекеніне ертеде келген ең майда тілдер өз алдына бөлініп шықты.

6. Түркі тілдерінің дамуындағы ең жаңа дәуір

Бұл дәуір түркі тілінің Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңін қамтиды. Оның басқа дәуірлерден айырмашылығы сол — бұл дәуірде жаңа тілдер пайда болмайды, бір тіл екінші бір тілден бөлініп те шықпайды. Бірақ бұл дәуірде әуелде қалыптасқан тілдер коммуникативті қызметі жағынан дамып, стилдік жағынан сараланып, шындала түседі. Түркі тілдерінің стилдік тармақтары патшалық Ресей кезінде қалыптаса бастаған болатын. Мысалы, 1870 жылы Ташкенттен “Түркістан уалаяты газеті”, 1912 жылы Орынбордан “Қазақ”, Омбы қаласынан “Дала уалаятының газеті” жарық көреді де, қазақ тілінің публицистикалық стилінің пайда болуына, дамуына жағдай жасады. Ал Қазан төңкерісінен кейін қазақ тілінде ондаған газет-журналдар шығып, қазақ публицистикалық стилінің дамуына толық мүмкіндік берді. Кей стилдік тармақтардың жаңадан пайда болғандығын да жасыруға болмайды. Мысалы, қазақ тілінің төл ғылыми стилі үстіміздегі ғасырдың 30-40 жылдары қалыптасты. Әрине, Қазан төңкерісіне дейін тарих, география пәніне байланысты ғылыми еңбектер пайда бола бастады. Мысал ретінде Ш.Уәлихановтың, Қадырғали Жалайридың еңбектерін көрсетуге болады. Бірақ Ш.Уәлихановтың саяхаттары да, әдебиет пен тарихқа байланысты еңбектері де орыс тілінде жарық көрген. Қадырғалидың “Жами аттауарихы” ескі шағатай әдеби тіл үлгісінде жазылған. Бұл сияқты жағдай өзбек, түрікмен, т.б. түркі тілдерінің “өмірінде” де байқалды.

Фонетикадағы өзгерістер. Түркі тілдерінің Қазан төңкерісінен кейінгі дыбыс жүйесіндегі өзгерістер: а) орыс тілінің өсерімен жаңа дыбыстарды қабылдау және ә) емлелік принциптердің түбегейлі өзгеруі негізінде болды. Бірақ дыбыстық өзгерістер бір дыбысты екіншісінің орнына қолдану есебінен дамымай, қайта дыбыстардың тіркесу мүмкіндігінің жетілуі және жаңа дыбыстар қабылдау есебінен өсе түсті. Мысалы, кенес дәуірінде қырғыз тіліне *ф, в, ж, ц* дыбыстары енсе, қазақ тіліне *ф, в, ч, ц, х, э* дыбыстары қабылданды. Бұл дыбыстар орыс тілінен енген көптеген интернационалдық

сөздердің жетегімен келіп орнықты. Дыбыстық жағынан түркі тілдерінің барлығы бірдей деңгейде дамымағаны да аңғарылады. Мысалы, тува тіліне төңкерістен кейінгі дәуірде *в, ф, ц* дыбыстары, түрікмен тіліне *в, ф, с, з, ц* дыбыстары, башқұрт тіліне *ч, в, ц*, чуваш тіліне *б, г, д, ж, з, ф, ц* дыбыстары қосылған*. Сонымен бірге тілдердің дыбыс жүйесі тек сан жағынан ғана өзгеріп қоймастан, тіркесу қабілеті жағынан да, қызметі жағынан да үлкен өзгеріске түсті. Мысалы, қазақ тілінің байырғы сөздерінде *ств, скв, зд, зң, кс, см, нт* дыбыстарының тіркесі кездеспесе, қазір: *Москва, вексель, вахмистр, висмут, гастроном, диктант* сияқты кірме сөздер молынан ұшырасады. Ал, сөз соңында қолданылмайтын *г* дыбысы *геолог, технолог, герцог* сияқты өзге тілден ауысқан сөздерде, *д* дыбысы *Ленинград, фонд, наряд* сияқты ауыс-түйіспен келген сөздерде қолданылатын болды. Бұл сияқты құбылыс өзге түркі тілдерінен де өз орнын тапқан. Орыс тілінің ықпалы негізінен түркі тілдерінің барлығында да сөз басы (жалқы буындар) екі дауыссыздан басталмайды деген заңдылыққа қазірде елеулі өзгеріс енді.

Дауыссыз дыбыстардағы өзгеріс барлық түркі тілдерінде аяқталып біткен процесс деуге де болмайды. Бұған мысал ретінде өзбек тіліндегі орыс тілінен енген *ф, х* дыбыстарын алуға болады. Өзбек тіліндегі *ф* дыбысы бұрыннан бар болатын. Араб-парсы тілінен енген көптеген сөздерде *ф* дыбысы қолданылады, бірақ ауызекі, сөйлеу тіліндегі дыбысталуында *ф* дыбысы *п*-ға жуық айтылатын: *Фатима – Патима, фарқ – парқ, фақат – пақат, Фарғана – Пәрғана* т.б. Араб тілінің емле заңдылықтарын жақсы білетін сауаты жоғары, көзі ашық адамдар ғана бұл сөздерді дұрыс айта білетін. Ал қазір орыс тілінен көптеген сөздердің енуімен байланысты *ф* дыбысы орыс орфоэпиясы негізінде оп-оңай айтыла береді.

Сондай-ақ *х* дыбысы – өзбек алфавитінен бұрыннан орын алып келе жатқан дыбыс. Бірақ орыс тілінен енген *х* дыбысы жасалу орны жағынан мүлде оқшауланып тұрады. Орыс тіліндегі

* Кей дыбыстардың кірме дыбыс екендігі талас тудыруы да мүмкін.

х дыбысы тіл арты болса, өзбек тіліндегі х көмей дыбысына жақын. Бұл дыбыс та орыс тілінен енген сөздердің әсерінен барып дұрыс айтыла бастаған [66, 288].

Лексикадағы өзгерістер. Қазан төңкерісінен кейінгі түркі тілдерінің өзгеріске ұшырау үрдісі оның лексикасындағы өзгерістерден анық байқалды. Жаңа қоғамдық формация, мәдени-экономикалық қарым-қатынастар, өмірлік әлеуметтік жаңалықтар бұрын-соңды болмаған жаңа түсініктерді, жаңа ұғымдарды “өмірге әкелді”. Кезінде олардың көбісінің-ақ қай (түркі) тілде де болмасын атауы боларлық сөздер жоқтың қасы болатын. Міне, осындай өміршең талаптан туған зәрулікті қанағаттандырудың екі түрлі жолы бар болатын. Оның бірі әр тілдің өзінің ішкі заңдылықтарына сүйене отырып, жаңа сөздер жасау да, екіншісі – басқа тілдерден әзір тұрған сөздерді қабылдау.

Тілдің ішкі мүмкіншіліктері өте мол және ол – тілдердің дамуында жетекші рөл атқарғандығы белгілі: а) сол ішкі мүмкіншіліктерге арқа сүйей отырып, бұрыннан бар байырғы сөздердің жаңа мағынада қолданылуы; ә) сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы; б) сөз тудырушы жұрнақтардың қолданылу аясының артуы; в) басқа тілдерден сөз аударып алу сияқты тәсілдер – тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдаланудың бір көзі.

Байырғы сөздердің жаңа ыңғайда қолданылғанын да әуелгі мағынасының шеңберін кеңейте түсетіні – ежелден келе жатқан тіл заңдылығы. Қазан төңкерісінен кейін бұл әдісті тиімді пайдалануға кең жол ашылды. Себебі, бұрын сөйлеу тілінде ғана қолданылатын сөздер экономиканың, мәдениет пен ғылымның т.б. қарыштап ілгерілеуімен байланысты басқа сөздер стилдік мағынаға ие болып, жаппай қолданыла бастады. Мысалы, *аға* сөзі бұрын ағайынды, туысқан ер адамдардың жасы үлкеніне байланысты қолданылса, қазір *аға лейтенант*, *аға ғылыми қызметкер* деген сияқты сан алуан тіркестерде қолданылып жүр. *Аға оқытушы*, *аға лейтенант*, *аға ғылыми қызметкер* дегенде зәредей де туысқандық мағына жоқ, оларда тек дәрежені білдіретін мағыналық ренк қана бар. *Кіші* сөзі де осыған сәйкес: *кіші ғылыми қызметкер*, *кіші лейтенант*

дегенде де сондай дәрежені білдіру мәні бар. Әзірбайжан тіліндегі *намус* сөзі бұрын орыстың “честь” сөзімен мағыналас болса, қазір “*гражданская доблесть*” мағынасында да, *долдурмаг* сөзі бір нәрсенің ішін толтыру (қапты толтыру) мағынасын білдірсе, қазір *планы долдурмаг* – “*жоспарды орындау*” мағынасында да қолданылады. Сөздердің осындай жолмен өз мағынасын кеңейтіп, жаңа мағынаға ие болуы басқа түркі тілдерінде де кездесетін заңдылық.

Кейбір сөздер өзінің бұрынғы білдіретін мағынасынан қол үзіп, мүлде жаңа мағынада қолданыла бастады. Мысалы, *беташар* дәстүр бойынша әдет-ғұрыпқа байланысты тойларда ғана қолданылатын сөз болатын. Қазір бұл сөз орыстың “предисловие, введение” сөздерімен мәндес ыңғайда іске асып жүр. *Мүше* сөзі әуелде дене бөліктері атауымен байланысты қалыптасқан сөз болса, қазір белгілі бір ұйымның құрамына кірген адамды да “*мүше*” деп айту дәстүрге айналған.

Сөзбе-сөз (калька) аударып алу да жаңа сөздер жасаудың тәсілі ретінде лексиканы байыта түсудің бір көзіне айналып отыр. Бірақ аударма арқылы сөз жасаудың барлық кезде де сәтті шыға бермейтіні бар. Солай бола тұрса да, Қазан төңкерісінен кейінгі жерде аударып алу жолымен көптеген сөздер туындап, қазірде күнделікті тілімізде ұтымды қолданылып жүр. Мысалы, қазақ тілінде: *көрермен* (зритель), *оқырман* (читатель), *туынды* (произведение), *еңбеккүн* (трудодень), *қолжазба* (рукопись), *көк базар* (зеленый рынок), т.б. Өзбек тілінде: *балалар боғчаси* (детсад), *учбурчак* (треугольник), *арлашма* (смесь), *қултиқ* (залив), *кемишик* (падеж), *тенглала* (уравнение), т.б.

Қосымшалардың қызмет аясының кеңеюі арқылы да жаңа сөздер жасалып, лексика құрамының байи түскендігі байқалады. Мысалы, *тілші* сөзі мамандық иесін білдіреді. -*Шы//ші* қосымшасының мамандықты білдіруі төңкерістен кейінгі кезде ғана “дүниеге келген” әдіс ретінде танылып отыр. Дәл осы сияқты жолдармен жасалған сөздердің қатары өзге түркі тілдерінде де көптеп кездеседі.

Төңкерістен кейінгі дәуірде лексика саласының дамуындағы үлкен бір арна – орыс тілінен не орыс тілі арқылы

басқа тілдерден сөз алу болды. Лексика қорына басқа тілдерден сөз қабылдау барлық түркі тілдерінде бір деңгейде болған жоқ. Мысалы, өзбек, татар, башқұрт, т.б. тілдерде 20-жылдардың ішінде орыс тілінен саналы түрде қашқалақтау, араб-парсы сөздерін көбірек қолдануға бой ұру байқалды. Тіпті, *инклуб* (өзбек), *тәңкеріс* (қазақ) “революция” сияқты интернационалдық сөздердің өзін аударып қолданғанына көп болған. Бірақ тарих өзінің ілгері басу жолында кескестеген осындай уақытша кедергілерді игере отырып, тілдердің даму барысына дұрыс бағыт сілтеді. Қазір орыс тілі түркі халықтарының ұлтаралық тіліне айналып отыр.

Грамматикадағы өзгерістер. Грамматика тілдің өте баяу дамиды деп категориясы екендігі белгілі. Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде жаңа грамматикалық категориялар пайда болып жатпаса да, бұрыннан бар категориялар өзінің қолдану аясын кеңейтіп, жиілігін көбейте түсті. Мысалы, башқұрт тіліндегі *-ымта// -емтэ* (*кушымча* – приложение; *элемент* – связь), *-ынты// -енте* (*йогонто* – влияние), *-деш// -дәш* (*замандаш* – современник; *туғандаш республикалар* – братские республики); өзбек тіліндегі *-чилик* (*деққончилик* – земледелие; *далачилик* – полеводство); қазақ тіліндегі *-шыл// -шіл* (*алашордашыл* – алашординец), *-қыш// -ғыш* (*ұшқыш* – летчик), *-кес* (*зиянкес* – вредитель), *-ландыру// -лендіру* (*газландыру* – газификация; *коллективтендіру* – коллективизация). т.б. қосымшалар өздерінің мағынасын, қолдану аясын бұрынғыдан кеңейте түскен. Енді бір қосымшалар өздерінің білдіретін мағыналарының аражігін ажырата бастаған. Мысалы, төңкеріске дейін өзбек тілінде *-жақ* тек келер шақ мағынасында қолданылса, *-ғушы* қосымшасы ауыспалы келер шақтың көрсеткіші ретінде қолданылады. Сондай-ақ өзбек тіліндегі осы шақтың *-вотти* және *-япти* формалары бұрын диалектілік ерекшелікті білдіретін мағыналас қосымша болып саналып келсе, қазір *-апти* әдеби тілдің нормасына айналып отыр.

Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде көптеген түркі тілдес халықтар өздерінің ұлттық әліпбиіне ие болып, көркем әдебиетін дамытты, әдеби тілін нормаға келтірді. Жазу

мәдениетінің өсіп-жетілуі, тілдің стилдік тармақтарының дамуына жағдай жасады. Жазба әдеби тілі өріден жалғасып келе жатпаған не жаңадан қалыптаса бастаған қазақ, қарақалпақ, қырғыз, саха, тува т.б. тілдерінде көркем әдеби тілдің қалыптасуымен бірге ғылыми стиль, іс-қағаздары стилі, публицистикалық стилдер өз жүйесін тапты. Ал өзбек тілінің көркем әдебиет стилі ертеде қалыптасқанымен, оның негізінде көпшілік қауымға жат бола бастаған көне өзбек (шағатай) тілі жататын. Қазан төңкерісінен кейін өзбек әдеби тілі жалпы халықтық сөйлеу тіліне жақындай түсті.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ

Тілдерге туыстық жақтан жіктеме жасаудың тіл білімі үшін берері мол. Тілдердің туыстық белгісін анықтап, олардың қаншалықты алыс-жақын екендігін көрсетіп беретін салыстырмалы-тарихи зерттеулер екендігін II тарауда айттық. Әрине, лексикалық құрамы мен дыбысталу жүйесі жағынан жақын тілдерді анықтау онша қиындық туғыза қоймайды. Мысалы, қазақ тілі мен қарақалпақ тілінің туыстас тіл екендігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бірақ туыстас тілдердің барлығы да қазақ, қарақалпақ тілдері сияқты лексикалық, фонетикалық, грамматикалық жағынан толық сәйкес келе бермейді. Мысалы, түркі тілдері тобына енетін қазақ тілі мен чуваш тілдерінің материалдарын салыстырып қарайтын болсақ, бұлардың аралығында үлкен алшақтық бар, түркі тілдес болса да, чуваш пен қазақ өз тілдерінде сөйлесе кетсе, бір-бірін түсіне алмайды. Төмендегі сөздерді салыстырып көрейік:

қазақша	қыз	су	же	бар	қарын	аяқ	көз	арқа
чувашша	хер	хер	си	гур	хырам	ура	куҫ	сұран
қазақша	бар	бар	арт	кір	казан	сүт	балық	балта
чувашша	пур	чере	қыҫ	кер	хұран	сет	пула	пурта

Туыстас тілдердің материалдарын өзара салыстырып қарайтын болсақ, кей тілдер өте жақын туыстық қатынаста болып, ұқсастық белгілері айқын көрініп жатса, екінші бір тілдер арасында ондай ұқсастық аз болады, тіпті кейбіреулерінің (мысалы, чуваш және қазақ тілдерінің) туыстық қатысын анықтау арнайы ғылыми талдауды қажет етеді. Бұл олардың тарихи даму жолына да, жеке тіл ретінде қалыптасу кезеңіне

де, көрші тілдердің әсеріне де байланысты болады. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің ұқсас белгілері өте көп, олардың туыстығын дәлелдеп жату қажет те емес. Себебі, олар ру, тайпа тілдері ретінде ұзақ уақыт бойына қалыптаса бастады. Бұл халықардың құрамына енген ру-тайпалар өзара тығыз араласып, бір территорияда (Ноғай Ордасы мен Өзбек Ордасының құрамында) өмір сүрген. Сондықтан бұл халықтардың тілінде ортақ белгілердің көп болуы заңды да. Ал чуваштар болса, Орта Азия мен Қазақстанда тұратын тайпалармен қатынасын ертерек үзген. Олар көбінесе монғол тілдес тайпалардың ортасында қалып, солармен қатынаста болған. Сөйтіп, қазақ тілі де, чуваш тілі де өзіндік бағытта дамып, қалыптасқан. Тілдер арасындағы алыс-жақындық, міне, осындай даму процесінің ерекшеліктеріне байланысты болса керек.

Дүние жүзіндегі тілдерді салыстырмалы-тарихи зерттеулер негізінде іштей бірнеше туыстас топтарға бөліп қарау – көптен келе жатқан ғылыми дәстүр. Дегенмен, күні бүгінге дейін тілдерді туысқандық жақтан топтастырудың өлі де шешімін таба алмай жүрген мәселелері жоқ емес. Бұған себеп, біріншіден, дүние жүзі тілдерінің бәрі бірдей толық зерттелмегендігінде болса, екіншіден, тіл элементтерінің күрделілігі мен сан қырлылығына байланысты. Мәселен, үндіеуропа, түркі тілдері біршама толық зерттелген тілдерге жатса, америка үндістерінің тілдері жөнінде оны айта алмаймыз. Тіпті зерттелінген, грамматикалық, дыбыстық жүйесі анықталған түркі тілдерінің өздерін де ғылыми тұрғыдан жан-жақты толық анықтадық деп айтудың өзі де қиын. Түркі тілдерін туысқандық, тарихи, морфологиялық, т.б. ерекшеліктеріне байланысты топтастыру мәселесі белгілі дәрежеде дұрыс шешілсе де, оның өлі де зерттей түсетін, толықтыра, жетілдіре түсетін жақтары баршылық. Бұл салада салыстырмалы-тарихи зерттеулердің рөлі ерекше*.

Дегенмен, қазіргі түркі тілшілері түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи әдіспен зерттеуді өздерінде толық меңгергендіктен, жеке түркі сөздерінің грамматикалық, фонетикалық, лексикалық ерекшелігін анықтамағандықтан өздерінде

* Бұл саладағы азды-көпті табыстарымыз жайында II тарауда айтылған.

қалыптасқан дәстүрлік талдауды қолдап, жеке түрлерін мойындамайды. Мысалы, Анкарада жарияланған “Түрк энциклопедиясында”: “Түрікменше, татарша, башқұр-тша, қазақша диалектілерді тіл деп санау дұрыс емес”, — деп жазады [180, 13]. Олай деуіне себеп: 1) түркі тілдерінде халықтар бірі екіншісін толық түсінеді; 2) көрнекті ғалымдарымыз оларды *тіл* деп атамаған, *наречие* деп атаған. Олардың айтуынша, кей ғалымдар чуваш пен саха тілдерін диалекті, басқаларын *лапша* (говор) деп атаған. Орыс тіл білімі ықпалымен қалыптасқан тіл білімі өкілдері “диалект”, “говор” терминін қолданады. Диалект дегенде тілшілер: “Разновидность (варианты) данного языка, употребляемая более или менее ограниченным числом людей, связанных территориальной, профессиональной или социальной общностью и находящихся в постоянном и непосредственном языковом контакте”, — деп анықтама береді [21, 131]. Этимологиялық сөздіктер де осыған жақын анықтама берген. Қараңыз: “Диалект — разновидность данного языка, употребляемая в качестве средства общения лицами, связанными типом территориальной, социальной или профессиональной общностью”, — деп анықтаған [139, 133]. Орыс тілшілерінің Қазанға дейінгі өкілдері наречие сөзін “қосарланған” деп, қазір де қолданылады: Наречие II. Крупные подразделения языка, объединяющие группу говоров, связанных между собой рядом общих явлений, неизвестных другим говором” [14, 253]. Біздіңше, тіл, диалекті мен говорлардың ажыратып тұратын өлшемі бар. Тіл белгілі халықтың бәріне тән болған, олардың күнделікті өмірінде қолданылатын тілдері. Ал диалектілер тілдің ішкі құрамында өмір сүріп, белгілі бір территорияда шектелінген тілдік ерекшеліктер. Оларда өзіндік грамматикалық жүйе, фонетикалық жүйе заңдылығы болмайды. Диалектілерде грамматикалық ерекшелігі болуы, дыбыстық ерекшелігі, басқа жерлерде қолданылмайтын сөздердің болмауы мүмкін. Бірақ ондай айырмашылықтар белгілі жерлермен ғана шектеледі. Тіпті кей диалектілердің көлемі (географиясы) көлемді болуы, грамматикалық ерекшелігі көптеу болуы мүмкін, бірақ жалпы халықтық тілден қол үзе алмайды. Мысалы, өзбек тіліндегі диалектілерді көрсетуге болады. Егер қазақ тілін жалпы түркі тілінің бір

диалектісі деп есептесек, онда оларға тірек болған грамматикалық жүйені қайдан аламыз? Қазақ тілінің өз алдына грамматикалық жүйесі, дыбыстық құрылымы, өзіндік қоры мен құрамы бар. Демек қазақ тілі өз алдына, өзбек тілі өз алдына, қырғыз тілі өз алдына, өзірбайжан тілі өз алдына, т.б. тіл деп тану дұрыс.

Түркітануда түрк тілі, түрік тілі және түркі тілі деген терминдер қолданылады. Біз “Түркологияға кіріспе” деген атпен жариялаған еңбегімізде: “*Түркі* (тюркский) деген этноним түркі халықтарының бәріне ортақ, бұрынғы-соңғы түркі тілдерінің басын қосатын, тобын білдіретін жалпы атау ретінде ресми қалыптасты да, “*түрік*” этнонимі Осман түріктерінің ғана, яғни қазіргі Түркияда жасайтын негізгі халықтың тілін білдіретін термин ретінде қолданылатын болды. Демек, “түркі тілі”, “түркі халқы” деген жеке тіл де, халық та жоқ. Бірақ түркітанудағы дәстүр бойынша біз көне дәуірге тән көне ескерткіштер тіліне байланысты *түрк* (тюрк) деген терминдерді де қолдандық. Мысалы, Түрк қағанаты (түркі қағанаты емес)”, – деп жаздық [104].

Тілдерге туыстық жағынан талдау жасауда қиындық туғызатын екінші бір жағы – бірден-бір “таза” тіл болмайды. Өйткені жеке, саяқ өмір сүретін тіл кездеспейді. Жер жүзіндегі барлық тілдер, соның ішінде түркі халықтарының тілдері де, басқа көршілес тілдермен ұзақ уақыт бойына қарым-қатынас жасап келеді. Осының нәтижесінде бір тілден екінші тілге сөз, дыбыс не грамматикалық элементтер ауысып отырады*. Сондай-ақ, о бастағы негізгі бір туыс тілдер өзара жіктеліп,

* Түркі халықтарының жеке тілдерге бөлініп, қатаң жерге орнығып қалғанға дейінгі кезде (шамамен XV ғасырға дейін) түркі тайпалары араласып, бір тайпадан белгілі топтар екінші тайпаларға өтіп жатуы мүмкін. Мысалы, оғыздар Орхон жазуы жазылған дәуірде (VI ғасырда) Монғолияда жасаған. Ал VIII–XIX ғасырда оғыздардың көпшілігі Түркістан мен Аралдың оңтүстік жағалауында жайлап жатқандығы анық. М.Қашғари дәуірінде оғыздар қазіргі түркімендер мекендеген жерлерді тұрақ етті. Құлағу жорығынан кейін оғыздардың бір тобы Кіші Азияны мекендеді. Оғыздар көшіп, жерінен барлық халқы кетпей, белгілі тобын қалдырады. Оған дәлел ретінде оғыз диалекті сақталған Қазақстандағы (Сайрам, Түркістан айналасында) өзбектер. Ал Құлағу жорығымен байланысты қыпшақтар, қарлұқтар, оғыздар да араласып, Кіші Азияға көшті. Оның көрінісін қазіргі түркітердің этникалық құрамынан көруге болады.

жеке, дербес тіл құруы да немесе бірнеше басқа тілдердің құрамына еніп, жаңа ерекшеліктерге ие болуы мүмкін. Дәлел ретінде өзбек тілін көрсетуге болады. Өзбек тілі, көпшілік тілшілердің пікірінше, түркі тілдерінің қарлұқ тобына жатады. Бірақ өзбек тілінің құрамында қыпшақ тілдері мен оғыз тілдерінің элементі де аз емес. Егер жалпыхалықтық өзбек тіліне, оның диалектілік құрамына талдау жасасақ, онда қарлұқтан басқа көптеген қыпшақ пен оғыз элементтерін кездестіруге болады. Сондықтан да тілдер аралығында ылғи да болып жататын осындай байланыстың тамырын олардың өткендегі тарихынан іздеген жөн.

Түркі тілдерінің туыстығын қазіргі күнде дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бұл — ғылыми тұрғыдан дәлелденген мәселе. Туыстығымен бірге бұл тілдердің әрқайсысы бір-бірінен өзіндік (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) ерекшеліктерімен де жіктеліп, бөлінеді. Мәселенің ең қиын жері — олардың осы ерекшеліктеріне қарай алыс-жақындығын анықтап, топ жасау.

Түркі тілдерін ерекше гнесиологиялық топтарға бөліп алған ғалымдар түрк тілдерін де іштей бөлуге болатындығын көре білген. Ол үшін түркі тілдерінің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық элементтерін салыстырып, оларды да іштей жіктелініп бөлініп жатқандығын анықтады. Мысалы, қазақ тілі мен қарақалпақ тілдерінің ұқсастығы өзбек тілі мен қазақ тілдеріне қарағанда көптеу екендігін жай салыстырғанда байқауға болады. Салыстырыңыз, қазақша *бас* — қарақалпақша *бас*; қазақша *бау* — қарақалпақша *бау*; қазақша *батыс* — қарақалпақша *батыс*; қазақша *бекініс* — қарақалпақша *бекинис*; қазақша *бәсекелеу* — қарақалпақша *бәсекелеу*; қазақша *баяғыдай* — қарақалпақша *баяғыдай*, т.б. Дегенмен қазақ тілі мен қарақалпақ тілдерінің ешқандай айырмашылығы жоқ екен деуге болмайды. Ондай айырмашылықтар болады. Мысалы, қарақалпақтар *озал бастан* (*бастапқы*), *усы бастан* (қазірден бастап), *берк тарту* (қатты байлау), *биймурат* (мақсатсыз, тілексіз), *бир қия* (ұзақ, бір шет жер), *бир майдан* (азғана, шамалы), т.б. сияқты сөздер қазақ тілінде қолданылмайды немесе мағынасында өзгешелік бар. Ондай өзгешелік сөздердің дыбысталуында да байқалынады. Мысалы, қазақша тілінде *бөнде* (бенде), *бөдбақ* (бетбақ), *бәйбәтше* (бәйбіше), *әрмансыз* (армансыз), *бирлесу* (бірлесу), т.б. Осындай тілдік элементтердегі

айырмашылықты салыстырып, туыстық жағынан жақын немесе алыс тілдер деп топтастырып, бөлу дәстүрі бар. Түркі тілдерін туыстық жақындығына қарай жүйелеп, бөлген бірнеше ғалымдар болған. Олар: И.Н.Березин, Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, Н.Ф.Катанов, Ф.Е.Корш, А.Н.Самойлович, Н.А.Аристов, В.А.Богородицкий, И.А.Батманов, Н.А.Баскаков, А.Н.Кононов, М.Рясянен, И.Бенцинг, К.Г.Ментес, Т.Текин, С.Е.Малов, т.б.

Түркі тілдерін топтастыруды ең алғаш ұсынған — М.Қашғари. Ол өзінің “*Диуани лұғат-ит түрк*” деген сөздігінде түркі тілдерін орналасқан орнына қарай және тілдердің тазалығына қарай топтастырады. Географиялық орналасу орнына қарай Рұмнан бастап Синға (Қытайға) дейін орналасқан түркілерді екіге бөледі: “Мұсылман болсын, болмасын мейлі, Рұм өлкесі жанынан Күншығысқа қарай кеткен рет бойынша, біртіндеп, шығыстағы тайпалардың орналасқан жайларын көрсеттім”, — деп, Рұм төңірегіндегі тайпаларды бір топқа, Қытай (Шин) төңірегіндегілерді екінші топқа бөледі. Бірінші, Рұм төңірегіндегілерге *қыпшақ, оғыз, иемен, бишенек, башғыры, басмыл, край, пабақу, татар, қырғыз* десе; Шин төңірегіндегілерге *шігіл, тохсы, шағма, ұғрақ, жарук, жомыл, ұйғыр, жанғұт, қытай* деп көрсеткен [105, 54-55]. “Диуанда” екінші бір жолмен топтастыру бар. Ол — тілдердегі тазалық пен басқа тілмен аралас тілдерді бөлу. М.Қашғаридың өз сөзімен келтірейік: “Ең ашық-айқын әрі тура-түзу тіл — тек сол бір ғана тілді біліп, араласпайтын және шет өлкелермен барыс-келіс жасамайтын кісілердің тілдері. Екі тіл білетін және шаһарлармен араласып қалған кісілердің тілдерінде бұзықтық бар. *Соғдақ, кенжик, арғу* тайпалары осындай екі тілді білетіндерге кіреді” [105, 55]. Аралас тілдердің саны бірнеше, барлығын көрсетеді. Мысалы: “Баласағұндықтар соғдыша, иә түрікше сөйлейді. Тараз бен Бейдә шаһарларының халықтары да солай, соғдыша және түрікше сөйлейді. Ісбіжаб шаһарынан Баласағұнға дейін жайылған бүтін Арғу шаһарлары халықтарының тілдерінде кемшіліктер бар” [105, 56]. Таза түркіше сөйлей алатын тілдерді де санаған. “Тілдердің ескісі оғыз тілдері, ең түзуі, турасы *тахсы* мен *йығма* тілдері”. Және таза тілдерге *қай, шабыну, татар, басмыл, қырғыз, қыпшақ, ұғрақ, жанғұт* т.б. тілдерді көрсетеді [105, 56]. Ұйғыр

тілдерін ерекше бөліп атап көрсетеді. Яғни, “Ұйғырлардың тілі түрікше, әйтсе де, өзара бір-бірімен тағы бір түрлі өзгеше тілмен сөйлеседі. Кітаптың бас тарапында көрсетілген 24 әріпті түрк жазуларын қолданады. Кітаптарын, хат-хабарларын сол жазумен жазады. Ұйғырлар мен шишалықтардың бұдан басқа тағы жазуы бар. Ресми құжаттарын, жазбаларын сол жазумен жазады” [105, 55-56]. Демек, ұйғырлардың таза не бұзық тіл екендігін көрсетпейді, оның екінші тілдері бар дейді. Шамалауымызша, ұйғырлар көне түркі (Орхон жазуымен сыбайлас) тілдерден пайдаланған. Сонымен, руникалық жазуды XI ғасырда қолданған осы ұйғырлар болуы мүмкін. Ұйғыр жазуы дегені осы көне руникалық жазу болуы мүмкін.

Батыс ғалымдарынан алғаш рет (1820 ж.) түркі тілдерін жүйеге келтірген А.Ремюза болатын [156]. Ол түркі тілдерін: якут тобы (саха тілі), ұйғыр тобы (ұйғыр, шағатай, түрікмен тілдері), ноғай тобы (Қырым-Астрахан төңірегіндегі татарлар тілі), қырғыз тобы, түрік тобы деп беске бөліп қарайды. А.Ремюза өз жіктемесінде түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың тұрған жерлері мен олардың тұрмыс-тіршілігіне де қосымша материалдар берген. Дегенмен, бұл жіктеуді түркі тілдерін толық қамтыған, ғылыми принципке негізделген деп айтуға болмайды.

Түркі тілдерінің жүйесін жасауда отандық орыс ғалымдарының еңбегі зор. Солардың ішінде В.В.Радлов, Ф.Е.Корш, А.Н.Самойловичтердің жасаған жүйесінің орны бөлек.

Түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сүйене отырып, В.В.Радлов оларды: 1) шығыс тобы, 2) батыс тобы, 3) Орта Азия тобы және 4) оңтүстік тобы деп 4 топқа бөледі [151]. Бұл топтастыруда тілдердің орналасу мекен-жайы негізге алынса да, ол олардың фонетикалық белгілеріне сүйенген. Мысалы, шығыс тобы деп аталатын түркі тілдерінің тобына Сібірдегі түркі тілдері енген. Олардың негізгі фонетикалық белгісі ретінде автор: 1) *и* (i) дыбысының болуын; 2) *о* дауысты дыбысының өзінен кейінгі қысқа дауысты дыбыстарға ықпалының бәсеңдігін; 3) *ө* дауысты дыбысының өзінен кейінгі қысқа дауыстыларға күшті ықпал етуін; 4) түбір сөздердің қатаң дауыссыздардан басталатындығын (*бас* деудің орнына *нас* деуін); 5) *ш*, *т* дыбыстарына аяқталатын түбірлерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша қосылса,

олар ұяңға айналуын (*тиш+и – тижси; тут+ар – тудар*); 6) сөз соңындағы қатаң *п, қ, к* дыбыстарының дауысты дыбыс алдында ұяңдануын; 7) *л* дыбысының әрі ұяң, әрі қатаң айтылатын нұсқалары болуын; 8) сөз құрамында мұрын жолды дауыссыздар болған жағдайда сөз басындағы *б* дыбысы да мұрын жолды дыбысқа айналуын карастырған. В.В.Радлов шығыс тобына саха тілін қоспастан, оны жеке тіл ретінде қараған.

Батыс тобына автор Батыс Сібір татарларының, Еділ татарларының тілін, сондай-ақ қырғыз, қазақ, башқұрт тілдерін енгізеді. Бұл топтағы тілдердің фонетикалық ерекшелігі ретінде мыналарды атап көрсетеді: 1) сөз басында қатаң дауыссыздардан *қ, к, т* және *п* дыбыстары қолданылады (*гун* орнына – *күн*); 2) сөз басында ұяң *б* дыбысы қолданылады (*нас* орнына – *бас*); 3) сөз соңында үнсіз дауыссыздардың қолданылуы; 4) сөз басында *д* дыбысының қолданылуы; 5) сөз соңындағы қатаң дауыссыз дыбыстың дауысты дыбыстың алдында тұрып ұяңға айналуы (*китап – кітабы; етік – етігі*); 6) сөз соңындағы *т* дыбысы дауысты дыбыстан басталған қосымша алдында өзінің қатаңдық қасиетін сақтайды; 7) *л* (жуан) және *л* (жіңішке) дыбыстарын ажыратады; 8) *с, з, ш* дыбыстары сөздің барлық позициясында қолданылады; 9) *с~ш, ч~ш, ч~ц* дыбыстарының сәйкес келуі (қырғызша *таш*, қазақша *тас, чай*; Қасымов татарлары тілінде *цай*); 10) *э~и, ө~ү, о~у* дыбыстарының өзара сәйкес келуі (қырғызша *қол*, татарша *құл*), т.б.

В.В.Радлов Орта Азия тобына өзбек және ұйғыр тілдерін жатқызады да, олардың мынадай ерекшелігін көрсетеді: 1) еріндік *о, ө* дыбыстары түбір сөздің бірінші буынында қолданылады; 2) *ы* және *и (і)* дыбыстары өзгеріске ұшырайды; 3) сөз соңындағы ұяң дауыссыздар қолданылады; 4) сөз соңындағы *-ығ* көрсеткіші *-ық* нұсқасымен ауыстырылады (ұйғырша *серик*, өзбекше *сорык*); 5) етістіктің түбіріндегі *к, п* қатандары дауысты дыбыстың алдында тұрып ұяндаймайды (қырғызша *чығат* орнына *чықады*); 6) *л* және *л'* дыбыстарының конвергенциясы байқалады, т.б. Осы группа ішінде тараншы тілін (Құлжа, Іле өлкесін мекендейтін түркі халқының тілін) жеке топ етіп береді. Шын мәнісінде тараншылар да – ұйғырлар.

Төртінші етіп оңтүстік топты көрсеткен. Бұл топтың құрамына түрікмен, әзірбайжан, оңтүстік және Қырым татарларының кей говорларын қосқан. Бұлардың өзіндік белгілері ретінде: 1) *ө, о* дауыстылары тек бірінші буында ғана қолданылады; 2) *ы* және *и (і)* дыбыстары бір-бірінен ажыратылады; 3) қосымшалардағы қысаң дауыстылар еріндік дауыстыларға айналады; 4) кірме сөздер өте көп болғандықтан дауысты дыбыстардың буын үндесуі (сингармонизм) толық сақталмайды; 5) сөз басында *д, з* дыбыстары көп қолданылады; 6) сөз соңындағы *ч* және *т* дыбыстары өзінен кейін келген дауыстылардың ықпалымен *дж* және *д-ға* өтеді (түрікменше *ач+ы – аджы, эт+ер – едер*) деп көрсетеді.

Академик Ф.Корштың жіктеуі түркі тілдерінің әрі фонетикалық, әрі морфологиялық ерекшеліктеріне негізделіп жасалған [96, 76]. Ол топтастырудың *фонетикалық белгісі* ретінде *ғ, г* дыбыстарының екі түрлі қолданылу ерекшелігіне сүйенген: 1) ашық дауысты дыбыстардан кейін *ғ* және *у* дыбыстарының орын алмасу мүмкіндігі (*тағ – тау*); 2) қосымшалардың басында, не қысаң дауыстыдан кейін сөз соңында *г, ғ* дыбыстарының қолданылуы не қолданылмауы (*-ған >-ан: қалған >қалан, сарығ >сары*).

Морфологиялық ерекшелігі ретінде: а) көсемшенің *-а, -е, -й* формасы мен қалып етістігінің тіркесуі арқылы осы шақтық мағына беруін; ә) есімшенің *-р* формасының қолданылуын (*келурмен*) негіз еткен. Осы екі белгіге (фонетикалық, морфологиялық) сүйене отырып, Ф.Корш түркі тілдерін төрт топқа бөлген.

I. Солтүстік тобы. Түркі тілдерінің бұл тобына алтай (ойрат), қырғыз, қарачай, қазақ, ноғай, татар, башқұрт, т.б. тілдерді енгізген. Бұл топтағы түркі тілдері *тағ* сөзінің соңындағы *ғ* дыбысын *у* дыбысына алмастырып (*тау*), осының негізінде созылыңқы айтумен ерекшеленеді. Яғни *тағ – тау – тоо* (қырғызша) – *туу* (чувашша). Бұл топтағы тілдерде қосымшалар басындағы *-ғ* дыбысы сақталған (*қалған, қалан* емес), бірақ түбір соңында қысаң дауыстыдан соң *ғ* түсіріліп айтылады (*сарығ* орнына *сары*). Осы шақтық мағына көсемшенің *-а// -е, -й* қосымшалары мен қалып етістігі арқылы жасалатын аналитикалық формамен (*келе турурмен*) беріледі.

II. Батыс тобы. Түркі тілінің бұл тобына автор түрікмен, түрік, әзірбайжан, гагауз, т.б. тілдерді енгізген. Бұл топқа енген тілдер қосымша басындағы *ғ* дыбысын жоғалтқан (*қалан*) болса да, сөз соңындағы *ғ* дыбысын (*тау* орнына *тағ*) сақтап қалған. Сондай-ақ, қысаң дауысты дыбыстардан соң түбір соңында *ғ* сақталмаған (*сары*). Осы шақ мағынасы *-р* қосымшасының қосылуы арқылы жасалады.

III. Шығыс тобы. Бұл топқа автор көне орхон, көне ұйғыр, шағатай, қыпшақ (половец), қарағас, т.б. тілдерді қосады. Бұл тілдерде сөз соңында *ғ* дыбысы сақталып (*тағ*), қосымшалары *ғ*-дан басталады (*қалған*); сөз соңындағы қысаң дауыстылардан кейін де *ғ* қолданылады (*сарығ*). Осы шақ мағынасы *-р* қосымшасы арқылы беріледі (*келурмен*), т.б.

IV. Аралас топ. Бұл топқа автор жоғарыдағы тілдермен байланысы жоқ саха, чуваш және Орта Азиядағы халықтардың кей тілдерін жатқызған.

В.В.Радлов пен Ф.Корштың жіктеуі түркі тілдерін топқа бөлуші кейінгі ғалымдарға тигізген көмегі қанша мол болса, кемшілігі де аз болған жоқ. Мысалы, В.В.Радловтың жіктеуі түркі тілдерінің фонетикалық ерекшелігіне негізделсе де, ол ерекшеліктер толық көрсетілмеді. Батыс тобының негізгі ерекшелігі ретінде сөз басында *қ*, *к*, *т* дыбыстарының қолданылуы *с*, *з*, *ш* дыбыстарының буын талғамауы көрсетілген. Бірақ, бұл қасиет — тек батыс тобына ғана емес, басқа топтарға (оңтүстік, Орта Азиядағы тілдерге де) тән қасиет. Сондай-ақ, *о*, *ө* дыбыстарының сөздің бірінші буынында қолданылуы Орта Азия түркі тілдері тобының және сонымен бірге оңтүстік түркі тілдерінің ерекшелігі деп берілген. Ф.Корш ұстанған принцип те түркі тілдерінің ерекшеліктерін толық қамти алмады.

Түркі тілдерінің өзіндік ерекшелігін кеңінен қамтуға әрекет еткен жіктемені А.Н.Самойлович жасады [157]. Академик А.Н.Самойлович Радлов пен Корштың топқа бөлуін қостай отырып, оған азын-аулақ өзгеріс енгізеді. Ол түркі тілдеріндегі алты (*тоғыз*, *аяқ*, *бол*, *тау*, *сары*, *қалған*) сөздің фонетикалық, морфологиялық белгісіне қарай отырып, оларды алты топқа бөледі.

I. *Р* — тобы немесе бұлғар, чуваш тобы. Бұллар мынадай ерекшеліктерге ие: *тохор*, *ура*, *пул*, *тау//ту*, *сари*, *қалан* түрінде айту. Бұл топқа көне бұлғар тілі мен қазіргі чуваш тілдері енеді.

II. *Д* – ұйғыр немесе солтүстік-шығыс тілдері. Олардың негізгі ерекшеліктері: *тоқуз, адақ//азақ, пол, тағ, сарығ, қалған*. Бірақ автор бұл топтағы тілдерді іштей тағы үш топқа бөледі: *Т* - *тобы* – якут тілі. Якут тілінің заңдылығы бойынша басқа тілдерде дауысты дыбыстың ортасында келген және дауыстыдан кейін сөз соңында келген *й* дыбысы *т* дыбысына айналады: *айақ>атақ, ай>ат*; *Д*- тобына Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі, көне ұйғыр тілдері және қазіргі тува, қарағас (тоғалар), салар тілдері енеді. Бұл тілдер *й>д* процесімен ерекшеленеді: *айақ>адақ, ай>ад//ат*; *З*- тобына сары ұйғыр, шор, хакас тілдерін жатқызады. Бұл тілдер *й>з* құбылысымен ерекшеленеді: *айақ>азақ, қой>қоз*, т.б.

III. *Тау* – тобы немесе қыпшақ, солтүстік-батыс тобы. Бұл топқа енген тілдердің негізгі ерекшеліктері: *тоғуз, аяқ, бул//бол, тау, сары, қалған*. Автор “*тау*” тобын іштей екіге бөледі: а) монғолдарға дейін қалыптасқан тілдер (алтай, телеуит, қырғыз, құмық, қарашай, балқар, қарайым, татар, башқұрт); б) монғолдардан кейін қалыптасқан тілдер (қазақ, ноғай). А.Н.Самойлович бұл топ ішінде бірнеше фонетикалық белгілерді көрсеткен. Мысалы, *ш* мен *с* дыбыстарының орын алмасуы байқалады (қырғызша *таш*, қазақша *тас*); *ч~ш*, *ч~ц* дыбыстары да орын алмасады (қырғызша *ач*, қазақша *ас*, барабин татар., башқұртша *-ац*), т.б.

IV. *Тағлық* – тобы. Шағатай немесе оңтүстік шығыс тобы. Бұл топтағылардың негізгі ерекшелігі: *тоқуз, аяқ, бол, тағ, сарық, қалған*. Автор бұл топқа көне шағатай, Қытай Түркістанында тұратындардың, өзбек, т.б. тілдерді жатқызған.

V. *Тағлы* – тобы. Қыпшақ-түрікмен немесе орта топ. Бұлардың негізгі белгілері: *доқуз, аяқ, бол, тағ, сары, қалған*. Автор бұл топқа Хорезм өзбектерінің де тілін жатқызады.

VI. *Ол* – тобы. Түрікмен немесе оңтүстік батыс тобы. Олардың негізгі ерекшелігі: *доқуз, аяқ, ол, дағ, сары, қалан*. Автор бұл топқа түрікмен, өзірбайжан, түрік және гагауз тілдерін енгізген.

А.Н.Самойлович өзінің жіктемесіне негізгі өлшем етіп түркі тілдерінде кездесетін мынадай фонетикалық заңдылықтарды да алған: 1) *ғ(г)~қ(к)~х* дыбыстарының алмасуы; 2) *а* мен *у* дыбыстарының алмасуы; 3) *р~з* дыбыстарының алмасуын; 4) сөз ортасындағы *й~д~т~з~р* дыбыстарының алмасуы; 5) сөз басындағы *т~д* және сөз соңындағы ашық дауысты дыбыстардан кейінгі *ғ~у* дыбыстарының алмасуы; 6) қысаң

дауысты дыбыстан кейін сөз соңында *ғ* (*қ*) дыбыстарының сақталуы, не түсіп қалуы; 7) *бол* етістігінің тұлғалық нұсқасына байланыстылығы; 8) есімшенің *-ған* қосымшасындағы *ғ* дыбысының сақталуы не сақталмауы, т.б. Бұл белгілер түркі тілдерінің барлық ерекшелігін толық қамтымаса да, олардың бәрі де кездеседі.

Түркі тілдерін профессор **В.А.Богородицкий** олардың орналасқан географиялық орнына қарай бөлуді ұсынған. Ол түркі тілдерін 7 топқа бөледі [30]: 1) солтүстік батыс тобы (саха, тува, қарағас тілдері); 2) хакас (абакан) тобы (хакас тілі және оның диалектілері); 3) алтай тобы (алтай тілі және оның диалектілері); 4) батыс Сібір тобы (Чұлым, Барабин, Тюмень, Тобыл татарларының тілі); 5) Еділ және Орал бойындағы татар, башқұрт тілдерінің тобы; 6) Орта Азия (өзбек, ұйғыр, қазақ, қарақалпақ және қырғыз) тілдері; 7) Оңтүстік батыс (түрік, түрікмен, өзірбайжан) тілдері.

В.А.Богородицкий түркі тілдерінің әр тобына тән өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге әрекет еткенімен, бірақ онысы сәтті шыға қоймаған. Мысалы, түркі тілдерінің солтүстік батыс тобына В.А.Богородицкий саха, тува және қарағас (тофалар) тілін жатқызады. Олардың негізгі белгісі ретінде сөз басында *с* дыбысының қолданылмауын, дифтонгтардың көптігін көрсетеді. *Й~ч, ч~ш* дыбыстарының алмасуын тек осы тілдерге ғана тән белгі деген. Сондай-ақ, оңтүстік батыс түркі тілдеріне түрікмен, гагауз, құмық, өзірбайжан, түрік тілдерін жатқызады. Бірақ, құмық тілі бұл топтан гөрі қыпшақтарға жақын. Сонымен бірге автор чуваш тілінің осы оңтүстік-батыс түркі тобына қатысты белгілері көп деп дәлелдегісі келеді.

Түркі тілдеріне тарихи тұрғыдан топтау жасаған **С.Е.Малов** болатын [112; 90]. Ол түркі тілдерін көне элементтерді құрамына сақтауына қарай *ең көне тіл, көне тіл, жаңа тіл* және *ең жаңа тіл* деп 4 топқа бөлген. Қай тілде көне элемент көбірек сақталса, сол тіл көне тіл болып есептеледі деген принципке сүйене отырып, Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазу ескерткіштерімен салыстыра отырып, С.Е.Малов көнеліктің бір белгісі ретінде *рт, лт, нт* тіркестері бөлінбейтін түбірлер құрамына ғана емес, түбір мен қосымшалар аралығында да сақталатындығын көрсетеді. Ол *алтун, алты* сияқты түбір сөздердің ортасында, *арт, өрт* сияқты сөздердің

соңында *лт, рт* дыбыстар тіркесінің келуі көнеліктің белгісі емес, қазіргі көпшілік түркі тілдерінде қолданылатын *алды, анда, барды* сөздеріндегі *лд, нд, рд* тіркестерінің *алты* (взял), *анта* (там), *барты* (ходил) түрінде кездесуін ғана көнеліктің белгісі дейді. С.Е.Малов түркі тілдерін топқа бөлуде дауысты дыбыстардың созылыңқылығына да көңіл бөлген.

Сонымен бірге, ол көне түркі тілдерінің құрамына енген тілдерде кездеспейтін элементтердің болуы да заңды деп көрсетеді. Мысалы, автор саха, чуваш тілдерін көне түркі тілдерінің қатарына жатқызған. Бірақ бұл тілдерде де кейбір тіл арты дыбыстарының қолданылмауын ол ең жаңа тілдерге тән қасиет деп, руникалық жазудағы *älig* орнына якут тілінде *іі*, тағ орнына *тыа*, чуваш тілінде *ту* сөздерінің қолданылуын мысал ретінде берген.

С.Е.Малов түркі тілдерінің тарихын есепке ала отырып, төмендегідей түрде жіктеме жасайды:

1. Ең көне түркі тілдері: *бұлғар, ұйғыр (сары ұйғыр), чуваш, якут* тілдері.

2. Көне түркі тілдері: *оғыз* (көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінің тілі), *тоғалар, тува, ұйғыр* (көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің тілі), *хакас, шор* тілдері.

3. Жаңа түркі тілдері: *өзірбайжан, гагауз, құман, қыпшақ, печенек, половец, салар, түрік, түрікмен, ұйғыр* (Қытай немесе Шығыс Түркістан мұсылман ұйғырларының тілі), *өзбек, шағатай, чұлым* тілдері.

4. Ең жаңа түркі тілдері: *башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, ойрат* (Таулы Алтай), *татар* (Қазан, Қасымов, Мишер, Батыс Сібір татарлары), *чуваш, якут* тілдері.

Түркі тілдеріне жіктеме жасау мәселесімен соңғы кезде де шұғылданушылар бар. Бірақ бұл істің бәрі бірдей сәтті болмаса да, жаңа принцип, тың пікірлер айтушылар да жоқ емес. Сондай талдаулардың бірі (үш түрлі үлгіде) 1959 жылы жарық көрген авторлар ұжымы жазған “Түркі филологиясының негіздері” атты еңбекте берілген.

Бұл кітаптағы бірінші жіктеменің авторы – **И.Бенцинг** [149, 1-5] барлық түркі тілдерін 5 топқа бөліп қарайды:

1) *бұлғар тобы*; 2) *оңтүстік немесе оғыз тобы*; 3) *батыс немесе қыпшақ тобы*; 4) *батыс немесе ұйғыр тобы*; 5) *солтүстік топ*.

Автордың көрсетуінше, бұлғар тобына тек чуваш тілі ғана енеді. Ал бұл тілдің тарихы Еділ бұлғарларымен байланысып жатыр. Оңтүстік немесе оғыз тобына: а) осман түріктерінің (барлық диалектілерімен) тілі, қырым татарлары мен гагауз тілі; ө) әзірбайжан тілі және оның диалектілері (Ирандағы әзірбайжандардың тілімен қоса); б) түрікмен тілі (Ирандағы түрікмендер мен түрхмен тілдерін қоса). Бұл тілдердің көне тарихы М.Қашғари “Сөздігіндегі” оғыздар тілі, селжүктер қалдырған естеліктер тілі (XIII ғ.), көне осман түркітерінің тілі мен XIV ғасырдағы қыпшақ-оғыз аралас тіл негізінде жазылған сөздіктердегі материалдармен байланысты.

Батыс түркі немесе қыпшақ тобындағы түркі тілдерін автор: а) Қара теңіз, Каспий жағалауындағы; ө) Оралдағы; б) Арал-Каспий жағалауындағы тілдер деп іштей үшке бөлген. Бірінші топқа қарайым, қарашай-балқар және құмық тілдерін жатқызса, екінші топқа татар, башқұрт және қырым татар тілдерін, Арал-Каспий тобына қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін жатқызған. Бұл тілдердің көне ескерткіші ретінде М.Қашғари “Сөздігіндегі” қыпшақ элементтері мен “Кодекс куманикусті” көрсетеді. Шығыс түркі немесе ұйғыр тобына И.Бенцинг өзбек және ұйғыр тілдерін жатқызады. Автор бұл топтағы тілдерді көне және орта ғасыр тілдері деп екіге бөліп, оларға көне ұйғыр, шағатай және қараханидтер мен Хорезм түркілерінің тілін жатқызады. Түркі тілдерінің солтүстік тобын: а) Арал-Саян тілдері*; ө) Солтүстік тобы деп автор екіге бөлген. Бірінші топқа алтай (ойрат), шор, хакас, тува, қарағас тілдерін, ал Солтүстік Сібір тілдеріне якут, долған тілдерін енгізеді. Бұл тілдердің көне тарихы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерімен байланысты деп көрсетілген.

И.Бенцингтің жіктемесі түркі тілдерінің тарихы мен қазіргі кезеңін толық қамтыса да, әр топтың өзіне тән белгілерін атап көрсетсе де, кемшіліктерден құралақан емес. Мысалы, бұл жіктемеде тілдердің орналасу жағдайы (географиясы) негізгі принцип етіп алынады да, әр тілдің өзіндік ерекшелігі есепке алынбайды. Гагауз тілін түркі тілдерінің оңтүстік

* *Баскаков Н.А.* И.Бенцингтің Арал-Саян тобы дегенін Алтай-Саян тобы болу керек деп түзету енгізген [21, 217].

немесе оғыз тобына қосады да, олардың (жалпы оғыз тілдерінің әрқайсысының) өзіндік ерекшелігін ұмыт қалдырады. Түрікмен тілінде оғыз элементінің болуымен қыпшақ элементінің, гагауз тілінде көне бұлғар тілі элементінің, түріктерде араб-парсы элементінің көп сақталғандығы, т.б. жөнді ескерілмеген. Ал, қырғыз тілін автор батыс түркі тілдерінің Арал-Каспий тобына қосқан. Негізінде, қырғыз тілінің алтай тілдерімен тамырлас жатқан жақтарына көңіл аударылмаған.

Көрсетілген жинақтағы түркі тілдерінің екінші жіктеуінің авторы – профессор **К.Г.Менгес**. Ол түркі тілдерін алты топқа бөледі.

I. Түркі тілдерінің орталық және оңтүстік батыс тобы. Бұл тілдер өз ретінде екі топқа бөлінеді: а) Орталық Азия тілдері (көне тілдерден Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілі, көне ұйғыр тілі, М.Қашғари “Сөздігіндегі” қараханидтер тілі, шағатай тілі, қазіргі түркі тілдерінен өзбек, ұйғыр және қырғыз тілдері); ө) оңтүстік-батыс немесе оғыз тілдері (көне тілдерден көне Осман түріктерінің тілі мен жаңа тілдерден түрік, әзірбайжан, түрікмен және гагауз тілдері).

II. Түркі тілдерінің солтүстік-батыс немесе қыпшақ тобы. Автор бұл тілдерді іштей тағы да төрт топқа бөледі: а) көне солтүстік-батыс түркі тілдері (бұған құмандар тілі кіреді); ө) Қара теңіз-Каспий тілдері (бұған қарайым, қарашай-балқар, қырым татарлары мен құмық тілдері кіреді); б) Еділ-Кама тілдері (оған татар, батыс Сібір татарларының тілі, барабин татарлары және башқұрт тілдері кірген); в) Арал-Каспий тілдері (оларға қазақ, қарақалпақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, ноғай тілдері енеді).

III. Түркі тілдерінің алтай тобы. Бұл топқа Таулы Алтай тілдері мен диалектілері жатады. Туыстық жағынан бұл тілдер хакас (абақан) тілдерімен тамырлас.

Түркі тілдерінің бұл тобы екіге бөлінеді: 1) Оңтүстік орталық Сібір, абақан немесе хакас тілдері (шор, хакас тілдері мен олардың диалектілері); 2) шығыс немесе тува тілдері (тува және қарағас тілдері).

IV. Түркі тілдерінің Солтүстік-шығыс, Шығыс Сібір немесе якут тілдері (*якут, долған тілдері*). Түркі тілдерінің соңғы тобын (*ғ-тобын*) Еділ-бұлғар немесе хун-бұлғар тобы деп

атайды да, оны екіге бөледі: а) Еділ-бұлғар және ә) чуваш тілдері.

К.Г.Менгестің жіктемесі негізінен географиялық принципке құрылғандықтан И.Бенцингтің бөлуінен онша алшақ кете қоймайды. Сонымен бірге К.Г.Менгес жіктемесінде кейбір жаңа пікірлер де жоқ емес. Мысалы, Орхон-Енисей ескерткішінің тілі шағатай тілімен бір топқа қосылған. Бұл екеуінің түркі тілдерінің өткен тарихына қатыстылығына байланысты жақындығы болса да, бір топқа жататындай ортақ белгісі аз. Мәселен, шағатай тілінің дыбыстық жүйесі Орхон-Енисейден мүлдем басқаша, онда араб-парсы элементтері өте көп, стандарт формалар басым, т.б. Сондықтан да кей ғалымдар (Ф.Корш, Н.А.Баскаков, И.А.Батманов, С.Е.Малов, т.б.) Орхон-Енисей жазба ескерткішінің тілі мен шағатай тілін бөлек-бөлек қарастырады. Сондай-ақ қазіргі өзбек, ұйғыр тілдерінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілімен бір қатарға қоюға болмайтын сияқты, өйткені олар географиялық орналасу жағынан, ерекшелігі бойынша да сәйкес келмейтін тілдер.

Жинақтағы үшінші жіктеме редакциялық алқаның ортақ пікірі негізінде берілген. Мұнда түркі тілдері 4 топқа бөлінген:

I. Көне түркі тілдері (Орхон-Енисей жазба ескерткіштері мен әр түрлі көне ұйғыр жазба ескерткіштері);

II. Орта ғасыр түркі тілдері. Бұл тілдер іштей 2 топқа бөлінген: а) *Батыс орта ғасыр түркі тілдері* (“Кодекс куманикус”, мамлюк қыпшақтары мен армян қыпшақтарының тілдері); ә) *Шығыс орта ғасыр түркі тілдері* (қараханидтер дәуіріндегі ескерткіштер тілі, Хорезм түріктерінің тілі, шағатай және көне өзбек тілі);

III. Жаңа түркі тілдері. Бұл тілдерді авторлар іштей кішігірім бес топқа бөлген: 1) *оңтүстік түркі тілдері* (көне осман тілі, қазіргі түрік тілі, гагауз, оңтүстік Қырым татарлары тілінің диалектісі, өзірбайжан және түрікмен тілдері); 2) *батыс түркі тілдері*: а) жаңа коман тілдері (қарайым, қарашай, балқар, қырым-татар, құмық); ә) Орал тілдері (татар, башқұрт); 3) *орталық немесе Арал-Каспий түркі тілдері* (қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, қырғыз тілі); 4) *шығыс түркі тілдері* (өзбек, жаңа ұйғыр, сары ұйғыр, салар); 5) *солтүстік түркі тілдері* (алтай, хакас, чұлым, шор, тува, қарағас, якут).

IV. Бұлғар тобы. Бұл тілдерге хун, Дунай мен Еділ бұлғарлары және чуваш тілдері жатады.

Н.А.Баскаков бұл бөлуді тек тәжірибелік мақсат үшін жасалған деп бағалайды. Шынында бұл жерде де ғылыми принциптен гөрі географиялық принцип көбірек сақталғандығы көрініп тұр. Тек өзбек тілі мен сары ұйғыр, салар мен жаңа ұйғыр тілдерін бір топқа қосуда ғана географиялық принцип сақталмаған. Түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктеріне жете көңіл бөлмегендік, мәселен, Алтай тілдері мен якут, тува тілдерінің бір топқа берілуінен де байқалады. Бұл тілдердің дыбыс жүйелерінде де, грамматикалық құрылымы мен сөздік құрамында да сәйкес келмейтін элементтер көп. Олар тарихи қалыптасуы жағынан да ерекшеленеді.

Шетел түркітанушыларының ішінен түркі тілдерін бөлуге соңғы кезде түрік ғалымы Т.Текин де атсалысып отыр. Ол өзіне дейінгі жіктеушілердің кемшіліктерін ескере отырып жасаған жіктемесінде көбіне-көп фонетикалық принципке сүйенеді.

Т.Текин дыбыс алмасуының алты түрін басшылыққа ала отырып, түркі тілдерін төмендегідей топтастыруды ұсынады: I топ *p-л* чуваш тілі; II топ *hadaғ* – халадж тілі; III топ *атах* – саха тілі; IV топ *адағ* – тува тілі (қарағас тілімен бірге); V топ *азағ*: 1-топ: *дазіл* – хакас тілі; 2-топ: *чазіл* – орта чулым, морас, жоғарғы топ тілдері; 3-топ: *йашыл* – сары ұйғыр тілі; VI топ *тағлық* – алтай тілінің солтүстік диалектісі, кондон, төменгі топ тілдері; VII топ *тұлу* – алтай тілінің оңтүстік диалектісі; VIII топ *толу* – қырғыз тілі; IX топ *тағліг*: 1-топ: *оғыз* – өзбек тілі; 2-топ: *егиз* – жаңа ұйғыр тілі; X топ *тавлі*: 1-топ: *гөш* (“ет” мағынасында): а) *жыл* – казак, қарақалпақ тілдері; ө) *йыл* – ноғай және қарақалпақ тілінің халич диалектісі; 2-топ: *гуш*: а) *сүз* – татар тілі; ө) *һүз* – башқұрт тілі; 3-топ: *гош*: а) *пер* – барабин татарларының тілі; ө) *йол* – қарашай-балқар, қырым татар тілінің солтүстік диалектісі; б) *тоғуз* – өзбек тілінің Хорезм диалектісі; в) *тоғуғ* – қарайым (тракай диалектісі) тілі; г) *доғуз* – қырым татар тілінің оңтүстік диалектісі; д) *гел* – құмық тілі; XI топ *тағлы* – салар тілі; XII топ *дағлы*: 1-топ: *гал*: а) *ав* – түрікмен тілі; ө) *ез* – хорасан диалектісі, 2-топ: *гал* – өзбек тілінің

хорезм-оғыз диалектісі; 3-топ: *гал* – әзірбайжан тілі; 4-топ: *гал*: а) *ев* – түрік тілі; ә) *йев* – гагауз тілі.

Т.Текиннің жіктемесі түркі тілдерінің синхронды дамуына негізделіп, олардың фонетикалық ерекшеліктеріне сүйенген. Соның өзінде де түркі тілдерінің барлық фонетикалық ерекшеліктерін түгел есепке алынған деп айтуға болмайды. Мысалы, түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінде оларды екіге бөліп тұрған нәрсе – созылыңқы дауысты дыбыстың болу, болмауы; сингармонизм құбылысының сақталу не сақталмауы; дауыссыз дыбыстардың өзара тіркесу қабілеті, дыбыстардың позициялық ерекшеліктері, т.б. бұл жіктемеде ескерілмеген. Екінші кемшілігі – барлық түркі тілдері түгел қамтылмаған. Бір-біріне өте жақын қазақ, ноғай сияқты тілдер бір топтың басқа-басқа тобына жатқызылған. Үшінші кемшілігі – түркі тілдері өзара ажыратылып, түгел есепке алынбаған.

Кеңес ғалымдары да түркі тілдерін қандық-туысқандық жағынан топтастыру, оның ғылыми принциптерін анықтау мәселесіне кейінгі кездерде ерекше көңіл бөліп келеді. Олардың ішінде түркі тілдерін жан-жақты зерттеп, әрі грамматикалық, әрі фонетикалық ерекшеліктерін анықтай отырып, толық жүйелеу жасаған ғалымдардың бірі – Н.А.Баскаков [21]. Н.А.Баскаковтың еңбегінен кейін де түркі тілдерінің туыстық жүйесі туралы пікір айтқан ғалымдарымыз болды, бірақ Н.А.Баскаковтың жүйесіне ешкім күні бүгінге дейін айтарлықтай өзгеріс енгізе қойған жоқ.

Жалпы тіл білімінде туыстық жүйелеудің ғылыми принциптері негізінен анықталған. Бірақ ғалымдар өз жүйелеулерінде тілдің қай жағын негіз етіп алуына байланысты түрліше принциптер қолданып, оларды өздерінше дамыта түсуге тырысады. Мысалы, С.Е.Малов өзінің жүйесіне түркі тілдерінің тарихи өсу жолын, әрбір тілде көне элементтердің сақталу дәрежесін негіз етіп алса, В.А.Богородицкий түркі тілдерінің орналасқан территориясына көңіл аударады. Ал, Н.А.Баскаков өз жіктемесінде түркі тілдерінің тарихын, қазіргі жағдайын, этникалық құрамын толық есепке алуды ұсынады. Шындығында да, түркі халықтары ұзақ дәуір бойына аралас-құралас өмір сүріп, көрші мемлекеттер құрамында болып келді. Жер жағынан олардың жақындығы этникалық жағынан араласуына, тілдерінің жақындасуына

ықпал жасап келді. Осы жағдаймен байланысты, Н.А.Баскаков тілді сол тілде сөйлеуші халықтың тарихынан бөліп алып қарауға болмайды деген принцип ұстайды. Н.З.Гаджиева болса, Н.А.Баскаковтың жіктемесіне баға бере отырып, бұл принципке қосылғысы келмейді. Оның пікірі бойынша, тіл тарихы халық тарихымен байланысты емес, ол екеуі бір деңгейде бола бермейді [176,110].

Тіл фактілерін есепке алмай, тек халықтың тарихи өсу жолын ғана қарастырудың тіл біліміне берер пайдасы аз болатындығы өз-өзінен белгілі. Бірақ тілдің баяу және үздіксіз дамып отыратындығын, арасында үзіліс не секірмелі дәуірдің болмайтындығын ескеретін болсақ, онда жіктеме үшін тіл тарихының берері мол екендігі анық. Түркі тектес халықтардың көп ғасыр бойында іргесі ашылмай келді. Географиялық жағынан аралары бөлінуі кейінгі дәуірде ғана болғандығын тарих ғылымы дәлелдеп береді. Демек олар көршілес, аралас-құралас тұрған. Тағы бір еске алатын нәрсе – түркі халықтарының көпшілігі көшпелі өмір сүріп, кейінгі дәуірде ғана отырықшы болып, егіншілікпен айналыса бастаған. Ал, көшпелілік түркі тілдес халықтардың бір-бірімен тығыз араласуына немесе дербес, жеке-дара өмір сүруіне жағдай жасаған. Түркі халықтарының этникалық құрамындағы ру, тайпалар олардың халық ретінде қалыптасуында қандай рөл атқарса, тілдерінің қалыптасуында да сондай ықпал еткен.

Түркі халықтарының тарихында Хун дәуірінің болғаны туралы жоғарыда айтылды. Осы хундар Шығыстағы түрк қағанатының ыдырауына байланысты оның іштей екіге – Орта Азия мен Қазақстан территориясына еніп, Еділ бойына дейінгі ұлан-байтақ жерді алып жатқан Батыс түрік қағанаты мен Шығыс түрік қағанатына бөлінгендігі Н.А.Баскаковтың осы дәуірдегі түркі тілдерін батыс хун және шығыс хун тілдері деп екіге топтастыруына негіз болған. Түркі тілдерінің бұлай бөлінуінің лингвистикалық та негізі бар. Шығыс хун тілдері мен батыс хун тілдері арасындағы байланыс бара-бара әлсіреп, монғол, тунгус, маньчжур тілдерімен қатынасып күшейсе, батыс хун тілдері угро-финн, славян, иран тілдес халықтармен араласып, екінші бір бағытта дами бастайды. Сөйтіп, о баста бір негізге ие болған түркі тілдері бірнеше бағытта дамып, өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Сібірдегі түркі тілдерінің көне

қалпын көбірек сақтауының себебі — олардың басқа халықтармен көп араласпай, тілін таза ұстауында. Батыс хун тілдерінен көне түркі элементтерін бойында көбірек сақтаған чуваш тілі. Ал қалған көпшілігі басқа халықтармен жіті араласып, көптеген өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, қазіргі өзбек тілін алсақ, ол түркі тілдерінде сөйлеуші тайпалардың жергілікті иран тілдес халықтармен тоғысуы негізінде қалыптасқан.

Әрбір түркі тілінің қалыптасу тарихы бар да, олардың басқа тілдерден ерекшеленетін белгілері де бар. Мысалы, ұйғыр тілі өзінің даму тарихын, барлық түркі тілдері сияқты, хун дәуірінен бастаған. Түркі тілдері екіге бөлінгенде ол шығыс хун тілдерінің құрамында қалады. Осы дәуірден бастап ұйғыр тілі бірнеше даму сатысын басынан өткізеді: 1) *көне дәуір*, ол екіге бөлінеді: а) ең көне дәуір (V ғасырға дейін); ә) көне дәуір (V–VIII ғасыр); 2) *орта ғасыр дәуірі*: а) орта ғасырдың ерте кезі; ә) орта ғасырдың кейінгі кезі; 3) *қазіргі дәуір*: а) жаңа дәуір; ә) ең жаңа дәуір [103]. Ұйғыр тілінің көне дәуірі көне ұйғыр тілімен байланысты болса, орта ғасыр тарихы шағатай тілімен байланысты. Ұйғырлар Қараханидтер мемлекетінің құрамына еніп, қарлұқ, оғыз тайпаларымен араласады. Сондықтан да болу керек Н.А.Баскаков түркі тілдерінің X–XIII ғасырдағы қарлұқ тобын: 1) қарлұқ-ұйғыр және 2) ұйғыр-хорезм тілдері деп екіге бөлген. Ұйғыр мен өзбек тілдерінің құрамындағы ортақ элементтердің көп болуы — осы дәуірдің жемісі. Ал қырғыз тілінің тарихи тамыры Енисей жазу ескерткіштеріне барып саяды. Бірақ қазіргі қырғыз тілі Енисей жазу ескерткіштерінің тілінен өзгешелеу, өйткені ол кейінгі дәуірде қыпшақ тайпаларының арасында қалыптасқан. Сондықтан да оның құрамында көне белгілерімен бірге қыпшақ элементтері де мол.

Қазақ тілінің тарихы да өте күрделі, ол қазақ халқының халық болып қалыптасу дәуірінде оның құрамына енген ру-тайпалар тілінің негізінде пайда болған. Ал ол ру-тайпалар өз кезегінде хундардың құрамына енген хазарлар мен бұлғарлар одағында болғаны белгілі. Бұл тайпалар бері келе қыпшақ және Алтын Орда құрамындағы басқа тайпалармен араласты. Өзбек Ордасы мен Ноғай Ордасының ыдырауы негізінде “дүниеге келген” қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғай халықтарының этникалық құрылымындағы ұқсастық, ру-

тайпа атауларының сәйкестігі олардың бір кездерде этникалық туыстығына байланысты. Кейбір ру, тайпа атауларының бірнеше халықтардың құрамында кездесуі — тығыз араласудың айғағы. Мысалы, қыпшақ этнонимі қазақ, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, қырым татарлары, өзбек, алтай халықтарының құрамында кездеседі. Ол топоним ретінде де көптеген түркі аймақтарында ұшырайды. Сондай-ақ қаңлы, найман, қоңырат, төлеу сияқты атаулары да түркі тілдес халықтар құрамынан табуға болады. Қазақтар мен ноғайлар Алтын Ордадан бөлініп шыққанда ондағы көптеген рулар екі жарылып, бір бөлегі ноғайларға, екінші бөлегі қазақ халқының құрамына енгендігі тарихтан белгілі. Өзбек Ордасының мұрагері Әбілхайыр мен М.Шайбани көшпелі өзбектерді бастап Мауренахрға басып кіріп, сонда орнығады да, өзбек халқының қалыптасуына негіз қаласа, Керей мен Жәнібек сұлтанның қол астында қалған ру-тайпалар қазақ халқының негізін құрайды. Сайф ад-Дин Ахсилентидің “Мәжму-ат-тауарихында” көрсетілген өзбектердің 92 ру аталуы және олардың көпшілігінің қазақ руларымен сәйкес келуі Әбілхайыр бастаған көшпелі өзбектердің қазақтармен ертеден келе жатқан туыстығынан дерек беретіні сөзсіз. Олардың тілінің (қыпшақ, қаңлы, қоңырат элементінің), әдебиетінің де ортақ, жақын болып келуі, міне, осыған байланысты.

Н.А.Баскаков түркі тілдеріне жіктеме жасағанда [21, 230-342] осындай мәліметтерді, тілмен сол тілде сөйлеуші халықтың тарихи өсу жолын, тілдердің қарым-қатынасы мен өзіндік ерекшеліктерін негізге алады. Осыған орай ол түркі тілдерін ең алдымен батыс және шығыс хун тілдері деп екі топқа бөледі. Батыс хун тілдеріне: 1) бұлғар тобын, 2) оғыз тобын, 3) қыпшақ тобын, 4) қарлұқ тобын жатқызады да, олардың негізгі фонетикалық ерекшеліктері ретінде: а) *з~д~т~й* дыбыс сәйкестіктерін (*айақ~адақ~азақ~атақ*); ө) қатаң дыбыстар мен ұяң дыбыстардың ажыратылуын (*б~п, к~г, с~з, д~т*); б) *х, в, қ* дербес дыбыстарының бар-жоғын тексереді. Лексикалық ерекшеліктерден араб-парсы және монғол элементтерінің аз-көптігін, грамматикалық ерекшеліктерінен құрмалас сөйлемдердің даму жүйесі, жалғау-жұрнақтардың жалғану тәртібін, т.б. көрсеткен.

1. Батыс хун тілдері

Батыс хун тілдерін Н.А.Баскаков төрт топқа бөліп қарайды.

I. Бұлғар тобы.

Түркі тілдерінің бұлғар тобына көне бұлғар, хазар және қазіргі чуваш тілдері енеді. Көне бұлғар (Еділ және Дунай бойы) мен хазар тілдеріне қатысты сақталған тілдік материалдар жоқтың қасы. Ал чуваш тілі болса, осы бұлғар тілінің заңды мұрагері. Бұл тілдің құрамында славян, угрофинн тілдерінің элементтерімен қатар қыпшақ тілі компоненті де анық байқалады. Бұлғар тілінің өзіндік ерекшеліктері ретінде Н.А.Баскаков төмендегі белгілерді көрсетеді. *Фонетикалық ерекшеліктер*: а) екі еріндік, екі езулік дауысты дыбыстан құралған дауыстылар жүйесінің (вокализм) болуы; ә) байырғы не кірме сөздердің басындағы дыбыстың дифтонгқа айналуы (*йерт* < *ерт*, *йекев* < *екев*, *йер* < *ер* т.б.); б) басқа тілдердегі сөз соңындағы *з* орнына *p* дыбысының қолданылуы (ротацизм құбылысы): *пар*~*буз*// *мұз* (лед); *хер*~*қыз* (дочь, девочка), т.б.; в) өзіне тән *с* дыбысының орнына *й*~*ж*~*дж*~*ч* дыбыстарының қолданылуы; г) ұяң мен қатаң дыбыстармен қатар палатальды дыбыстардың болуы; д) *д*~*т*~*з*~*й* дыбыстарының *p* дыбысымен алмасуы (*адақ*~*азақ*~*аяқ* орнына *ура*, т.б.); е) *ш*~*с* дыбыстарының орнына *л* дыбысының қолданылуы (ламдаизм): *хел*~*қыш*~*қыс* (зима), *телек*~*түш*//*түс* (сон), *алак*~*ишик*//*есик* (дверь), т.б.

Сөздің құрамындағы басқа тілдерде кездеспейтін *сын* (человек), *арам* (женщина), *курха* (новый) сияқты сөздерінің болуы. Грамматикасында да өзіндік ерекшеліктер бар.

II. Оғыз тобы.

Түркі тілдерінің оғыз тобы іштей үшке бөлінеді:

- 1) оғыз-түрікмен тобы,
- 2) оғыз-бұлғар тобы,
- 3) оғыз-селжүк тобы.

Оғыз тобына жататын тілдердің негізгі ерекшеліктері мыналар: *Фонетикалық ерекшеліктер*: а) сегіз қысқа дауысты дыбыс бар (басқаларында алты, не тоғыз болуы мүмкін); ә) *ғ*, *г* сөз соңында сақталып (*дағ* (гора), *бәг* (бек), кейбір қосымшаларда түсіп қалады (*гәләң* – *кәлгән*, *алан* – *алған*);

б) қосымшаларда қысаң еріндік дауысты дыбыстардың қолданылуы; в) сөз басындағы *к/к, т* дыбыстарының ұяндауы: *гөр* (*көр* орнына), *дил* (*тил* орнына); г) сөз басындағы *п/б* дыбыстарының түсіп қалуы: *ол* (*бол, рол, пул* орнына) т.б. *Грамматикалық ерекшеліктер*: а) ілік септігінің редукцияланған *-ын// -иң* және табыс септігінің *-и* қосымшасымен қатар толық формасының *да* (*-ның// -ниң, -ны// -ни*) сақталуы; ө) барыс септігінің редукцияға ұшырап, дауыссыз дыбыссыз қолданылатын формасының болуы: *адама* < *адамға* (человеку), т.б.; б) I жақ жіктік жалғауының редукцияланған қосымшасының болуы: *бәрәрис* < *бәрәрмиз* (мы дадим); в) қалау райының *-ғу// -ғу* формасының орнына *-сен// -сиң* формасының қолданылуы: *кәләсиң* (*кәлғу* орнына); г) *-малы// -мәли* формасының борышты рай мағынасында қолданылуы; д) қыпшақ тілдеріндегі *-ған// -ген* есімшесінің орнына *-мыш// -миш* формасының қолданылуы, т.б. *Лексикалық ерекшелігі*: оғыз тілдерінің де тек өзіне ғана тән (қыпшақ тілдерінде жоқ) лексикалық элементтерінің болуы: *курт* (бөрі), *көпәк* (ит), *қапу* (есік), *алын* (мандай), т.б.

Оғыз тілдері іштей үш топқа бөлінеді және олардың бір-бірінен ажырататын ерекшеліктері де бар.

1. Оғыз-түрікмен тобы. Бұл тілдерге М.Қашғаридың Сөздігінде көрсетілген оғыздар мен түрікмен және Кавказда өмір сүретін түрхмен тілдері енеді. Олардың *фонетикалық ерекшеліктері*: а) түрік тілінде қолданылатын *с/з* дыбыстарының орнына тіс ортасы *с/з* дыбыстары қолданылады; ө) түрік тіліндегі *в* дыбысының орнына *б* дыбысы қолданылады: *бәр// бер* (түрік тілінде *вәр-*); б) бірінші (первичные) созылыңқы дауысты дыбыстардың болуы; в) етіс сингармонизмі бар; г) *бол* және *ол* нұсқаларының қатар болуы; д) жіктеу есімдігінде *м* дыбысының сақталып, түрік тілінде *б* болуы: *мән* (түрік тілінде *бән*); ө) оғыз-селжүк тілдеріндегі сөз басындағы *қ* дыбысының орнына *г* дыбысының қолданылуы, т.б. *Грамматикалық ерекшелігі*: а) түрік тіліндегі *-дық// -дик, -мыш// -миш* есімшелерінің орнына *-ан// -ен, -ған// -ген* қосымшасының актив қолданыла бастауы; ө) диалектілерінде келер шақ есімшенің *-мар// -мәр* формасымен қатар *-маз// -мәз* формасының параллель қолданылуы; б) түрік тіліндегі осы шақтың *йор* формасының орнына *йар* (*о-ның*

орнына *a* қолданылуы); в) түрік тіліндегі *-ажак// -эжэқ* қосымшасының орнына *-жақ// -жэқ* (*a* дыбысы түсіп қалған) қолданылуы т.б.

2. *Оғыз-бұлғар тобы*. Оғыз тілдерінің бұл тобына көне печенег, үз (*торктер, берендейлер, ковуилер* т.б.) және қазіргі гагауз, балқан түріктерінің тілдері енеді. Бұл тілдер алғаш бұлғар тілдерінің, кейін қыпшақ тілдерінің ықпалына түсіп, көп өзгеріске ұшыраса да, өздерінің оғыз тіліне тән грамматикалық ерекшелігін сақтап қалған.

3. *Оғыз-селжүк тобы*. Оғыз тілінің бұл тобы алғашқы екі топқа қарағанда жаңа тіл болып саналады да, оған көне селжүк, көне осман түріктерінің тілі мен жаңа тілдерден әзірбайжан түркі тілдері жатады.

III. Қыпшақ тобы.

Түркі тілдерінің бұл тобына: 1) қыпшақ-половец, 2) қыпшақ-бұлғар және 3) қыпшақ-ноғай тілдері енеді. Бұл тілдердің төмендегідей ерекшеліктері бар: *фонетикалық ерекшелігі*: а) сегіз не тоғыз дауысты дыбыстың болуы; ә) қосымшалардағы қысаң дауыстылардың еріндік болмауы; б) ерін үндестігінің әлсіз болуы; в) созылыңқы дауыстылардың болмауы; г) дауысты және дауыссыз дыбыстардың жаңа тіркесінің пайда болуы: *ғ/г: ағ>ав, ег>уй, ег>үй*. Мысалы, *тағ>тав* (гора), *тег>тий* (касаться) т.б. сөз басында *т* (*й* орнына), *т* және *к/қ* дыбыстарының қолданылуы; е) сөз басындағы *й~ж~дж* дыбыстарының тұрақсыздығы, т.б.

1. *Қыпшақ-половец тобы*. Қыпшақ тілдерінің бұл тобына көне половецтер (қыпшақтар, құмандар) тілі мен қазіргі жанды тілдерден қарайым, қарашай-балқар, құмық, қырым татарлары тілі (далалық татарлар диалектісі) енеді. Бұл тілдердің мынадай *фонетикалық өзгешелігі* бар: а) қыпшақ-ноғай тілдеріндегі сөз соңындағы *c* дыбысының орнына *ш* дыбысы қолданылады; ә) сөз басындағы *ж* дыбысының орнына, көпшілік жағдайда *й* дыбысы қолданылады; б) қыпшақ-бұлғар тобынан өзгеше, қыпшақ-ноғай тілдерімен сәйкес келетін дауысты дыбыстары бар; в) *м/б/п* дыбыстарының ассимиляциясы қыпшақ-ноғай тілдерінен гөрі әлсіз болады; г) *н/д/т* дыбыстарының ассимиляциясы байқалмаса да, қосымшаларда *т/д* дыбыстары түбірдің соңғы дыбысына байланысты қолданылады; д) ілік

септігінің *-ның// -нің* және табыс септігінің *-ны// -ні* қосымшасы барлық жағдайда сақталып, *н/д/т*-мен айтылатын фонетикалық нұсқалар жасайды.

2. *Қыпшақ-бұлғар тобы*. Қыпшақ тілінің бұл тобына орта ғасыр батыс Алтын Орда әдеби тілі мен қазіргі татар, башқұрт тілдері енеді. Бұл тілдердің 9 дауысты дыбысы бар да, бұл жағынан чуваш тіліне жақын тұрады. Айырмашылығы: қыпшақ-бұлғар тілдеріндегі *ә* дыбысы чуваш тіліндегі түбірде қолданылатын *э* дыбысына сәйкес келеді. Сонымен бірге татар, башқұрт тілдерінің дауысты дыбыстары басқа қыпшақ тілдерінен ерекшеленіп тұрады. Мысалы, қыпшақ-бұлғар тілдеріндегі *и, у, ү* дыбыстары басқа қыпшақ тілдеріндегі *э, о, ө* дыбыстарымен сәйкес келеді: башқұртша *кил* (ноғайша — *кэл*) “приходить”, татарша *қул* (ноғайша *қол*) “рука” т.б. Дауыссыз дыбыстар жүйесінде де айырмашылықтар бар.

3. *Қыпшақ-ноғай тобы*. Қыпшақ тілдерінің бұл тобына қазіргі қазақ, ноғай, қарақалпақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі (*ж*-мен сөйлеуші диалектілер) енеді.

IV. Қарлұқ тілдері.

Бұл тілдер батыс және шығыс хун тілдерінің аралық тұсына жатады да, құрамында қарлұқ-ұйғыр (X–XI ғ. Қараханидтер мемлекетінің тілі, Рабғузидың “Қысас ул-анбиясының” тілі) және қарлұқ-хорезм тілдерін (Ахмед Ясауидің “Диуани Хикметінің” тілі, батыс Алтын Орда, шағатай, көне өзбек тілі және қазіргі ұйғыр, өзбек тілдері) біріктіреді. Бұл тілдердің *фонетикалық ерекшеліктері*: а) дауысты дыбыстарының саны құбылмалы, алтыдан тоғызға дейін ауытқып отырады; ә) *к* дыбысының жұмсалуды түрліше; б) *п, т, к/қ* дыбыстарын сөз ортасында қолданбайды; в) сөз соңындағы *ғ, г* дыбыстары сақталған, не *қ>к*-ге өткен т.б. Сөздік құрамында оғыз элементтері көбірек кездесіп, араб-парсы тілінен енген сөздер қыпшақ тілдеріне қарағанда молдау ұшырасады. *Грамматикалық ерекшеліктері*: а) жинақтық сан есімдердің *-ағу// -эгу* формасын сақтауы (оғыз тілінде бұл форма *-ыла// -илә*, қыпшақ тілдерінде *-ав // -эв// -ау// -еу* арқылы беріледі): *икәгу* (оғызша *иккилә*, қыпшақша — *екәв*, қазақша — *екеу*) “двое”; ә) қимыл атауының көрсеткіші *-ғу// -гу* формасы жиі қолданылады, т.б.

Шығыс хун тілдері

Түркі тілдерінің бұл тармағы ұйғыр-оғыз және қырғыз-қыпшақ сияқты үлкен екі топ тілдің басын қосады.

Шығыс хун тілдерінің батыс хун тілдерінен айырмашылықтары бар. *Фонетикалық жағынан*: а) шығыс хун тілдерінде көне түркі тілдерінің элементтері көп болуымен бірге, екінші дәрежелі созылыңқы дауысты дыбыстар кездеседі; ә) батыс хун тілдерінде қолданылатын *й* дыбысының орнына *з, д, т* дыбыстары қолданылады; б) *д/т, б/п, қ/к, ғ/г, с/з* қатаң, ұяң дыбыстарының қатары әлсіз ажыратылады, тек қазіргі алтай, хакас тілдерінде ғана жеке фонема болып есептелінеді; в) батыс хун тілдеріндегі жеке фонема болып саналатын *х, в, қ* дыбыстары өзара ажыратылмайды.

Батыс хун тілдерінің сөздік құрамында араб-парсы кірме элементтері көп болса, шығыс хун тілдерінде моңғол тілдерінен енген кірме сөздердің дені молдау. Ал грамматикалық құрылымы жағынан құрмалас сөйлемдер жүйесі онша дамымаған, есімдер мен етістердің кіріккен аналитикалық формалары басым.

І. Ұйғыр-оғыз тілдері. Бұл тілдердің қырғыз-қыпшақ тілдерінен айырмашылығы: а) сөз ортасындағы *й* дыбысының орнына *д, т, з* дыбыстары қолданылады (*атах~адақ~азақ*); ә) сөз соңындағы *й* дыбысының орнына *т, д* дыбыстары қолданылады (*күй* орнына *құт* “лить”); б) сөз соңындағы *ғ~г* дыбыстары сақталады (*тағ*).

Ұйғыр-оғыз тілдері іштей ұйғыр-тукюй, якут және хакас тобы болып бөлінеді.

1. *Ұйғыр-тукюй тобы* құрамына көне тілдерден Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің (немесе көне оғыз) тілі, көне ұйғыр тілі, қазіргі түркі тілдерінен тува, қарағас (немесе тофалар) тілдері жатқызылады. Бұл тілдердің өзіне тән *фонетикалық ерекшеліктеріне*: а) сөз ортасында басқа тілдерде кездесетін *т~з~й* дыбыстарының орнына *д* дыбысы қолданылады: *адақ* (басқа тілдерде *атақ, азақ, аяқ* “нога”), *адырылмаз* (*айырылмаз* “неразличающийся”); ә) сөз соңында басқа тілдерде кездесетін *д, й* дыбыстарының орнына *т* дыбысы қолданылады: *құт* (*күй, құд* “лить” орнына); б) *лт, рт* дыбыстарының өзгеруі: *көрти > көрді* “он видел”, *өлті > өлді* “он умер”; в) сөз соңында *ғ, г*

дыбыстарының сақталуы (*тағ*, бә “гора”, “бек”); г) ерін үндестігі; д) мұрын жолды *ң* дыбысының болуы т.б. жатады. *Грамматикалық ерекшеліктеріне*: а) келер шақ есімшенің *-ар* // *-ер* көрсеткішінің орнына *-ур* // *-ұр*, *-ыр* // *-ер* оның қысаң дауысты нұсқасының қолданылуы; табыс септігінің *-ығ* // *-иғ* қосымшасының және көне шартты райдың *-сар* // *-сәр* формасының қолданылуы жатады.


2. *Саха-якут тілі тобы*. Бірақ бұл топқа қазір бір ғана якут тілі енеді. Бұл тіл өз құрамында ұйғыр-оғыз тілдеріне тән белгілерді сақтай отырып, басқа тілдерден мынандай айырмашылықтары да бар: а) басқа тілдерде сөз ортасында қолданылатын *д*, *з*, *й* дыбыстарының орнына *т* дыбысы қолданылады: *атах* (басқа тілдерде: *адах*, *азак*, *айақ* “нога”); ө) басқа тілдердегі *й~ж~дж~д~ч* дыбыстарының орнына *с* дыбысы қолданылады: *сыл* (басқа тілдерде *йыл*, *жыл*, *джыл*, *дыл*, *чыл* “год”), *суол* (басқа тілдерде: *йол*, *жол*, *джол*, *чол* “путь”, “дорога”); б) кей сөздердің бастапқы *с* дыбысының түсіп қалуы байқалады: *ағыс* (басқа тілдерде *сегиз* “восемь”); *ән* (басқа тілдерде *сән* “ты”); в) басқа тілдердегі сөз ортасындағы *с*, *ш*, *ч* дыбыстарының *қ* дыбысына өтуі байқалады: *бықах* > *бышақ* / (*пышақ* // *пичақ* “нож”); г) басқа түркі тілдерінде кездеспейтін *иа*, *иә*, *уә*, *үә* қос дауысты дыбыстарының болуы, т.б.

3. *Хақас тілдерінің тобы*. Түркі тілдерінің бұл тобы өзара тағы екі топқа бөлінеді. Бірінші тобына хакас, шор тілінің иран диалектісі, сары ұйғыр, камасин және Чулым татарларының тілі енсе, екінші тобына шор тілінің қосуан диалектісі, алтай тілінің сарлұқ диалектісі енеді. Бұлардың өзіне тән тілдік ерекшеліктері мыналар: а) басқа тілдерде тіл заңдылықтарымен байланысты сөз ортасында өзгеріп келетін *т~д~й* дыбыстарының орнына *з* дыбысы қолданылады: *азах* (басқа тілдерде *атах~адақ~айақ* “нога”); екінші топтағы тілдерде бұл байқалмайды; ө) басқа тілдердегі сөз соңындағы *й* дыбысының орнына *с~з* дыбыстары қолданылады; *кес*-/*кий*- “надевать”; екінші топтағы тілдерде бұл құбылыс байқалмайды; б) сөз басында басқа тілдерде қолданылатын *й~ж~дж~д~с* дыбыстарының орнына *ч* не *н*, *ң* (*н* орфография бойынша) қолданылады: *чыл* (басқа тілдерде: *жыл* – *джыл* – *дыл* – *сыл* “год”), *наңдыр* // *намдур* // *нанмур* (басқа тілдерде *йағмыр* – *йамғыр* “дождь”); в) сөз ортасында *м/б* дыбыстарының алмасуы: *қәбә* (*кеме* “лодка”), *тәбир* (*тэмир* “железо”), т.б.

II. Кыргыз-қыпшақ тілдері. Шығыс хун тілдерінің екінші тармағы *қырғыз-қыпшақ* тілдері болып саналады. Бұл тілдердің құрамына көне қырғыз тілі мен қазіргі қырғыз және алтай тілдері енеді. Бұлардың да басқа тілдерден ерекшеленіп тұратын белгілері бар. Олар мыналар: а) сегіз толық дауысты және алты (не сегіз) екінші дәрежедегі созылыңқы дауысты дыбыстары бар; ө) ерін үндестігі сақталған; б) диалектілерінде ұяң және қатаң дауыссыздар әлсіз ажыратылады; в) қыпшақ-ноғай тілдеріндегі *с, ш* дыбыстарының орнына *с* мен *ш* дауыссыздары қолданылады: *қач*- “убегать”, *баш* “голова”; г) сөз басында көбінесе қатаң дауыссыздар қолданылады; д) көне түркі тілдеріне тән грамматикалық формалар көп сақталмаған т.б.

Алтай тілдері мен қырғыз тілдерінің арасында мынадай айырмашылық байқалады: а) қырғыз тілінде алты, алтай тілінде сегіз созылыңқы дауысты дыбыс бар; ө) алтай тіліндегі *д~т* дыбыстарының орнына қырғыз тілінде *й* дыбысы қолданылады; б) қырғыз тілінде қатаң мен ұяң дауыссыздар ажыратылса, алтай тілінде олар бөлінбейді; в) ілік және шығыс септіктерінің көрсеткіші қырғыз тілінде *-нын// -нин// -дың// -дин// -тын// -тин*; *-даң// -дәң// -таң// -тәң// -наң// -нәң* болса, алтай тілінде *-нын// ниң*, *-дың// -диң*, *-тың// -тиң* және *-даң// -дәң// -таң// -тәң// -наң// -нәң* түрінде қолданылады.

Н.А.Баскаковтың осылай бөлуін төмендегідей схема түрінде көрсетуге болады [20, 18-19].



БЕСІНШІ ТАРАУ

ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ БОЙЫНША ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ

Түркі тілді халықтар дүниенің барлық түкпіріне таралған, сондықтан олардың мәдени, экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі бірдей болмайтындығы анық. Бұл олардың тілінде де анық байқалады. Түркия, Қазақстан, Өзбекстан сияқты елдерде ана тілі мемлекеттік тіл деңгейінде өмірдің барлық саласында қолданылады. Татар, башқұрт, саха сияқты түркі тілдері орыс тілінің ықпалында, екінші мемлекеттік тіл ретінде қолданылып, Ресейдің пошта, қатынас байланыстарында қолданылуы шектелген тіл санатына жатады. Тіпті тұрмыстық қажетті ғана атқаратын түркі тілдері де бар екендігі рас.

Тілдің даму деңгейіне жағдай жасайтын, қосалқы болса да рөл атқарған нәрсе — түркі халықтарының орналасу жағдайы. Көп санды, тілі дамыған, экономикасының деңгейі жоғары халықтардың қоршауында болған (әлеуметтік, саяси-экономикалық тәуелсіздігі болмаған) халықтың тілі де еркін дами алмайтындығы анық. Оған мысал ретінде құмық, қырым татарлары, ноғай сияқты халықтардың тілін (орыстардың қоршауында) салар, сары ұйғыр тілінің қытай қоршауында болғандығын, каладж тілінің семит тілінің қоршауында қалып дамымағандығын, басқа тілдердің ықпалын күшті сезгендігін көрсетуге болады. Тіпті ұзақ уақыт бойына қоршауда болған кей түркі тілдері өзінің дыбыстық көрінісін де өзгерткендігін дәлелдеу мүмкін. Оған мысал ретінде чуваш және саха тілдерін көрсетуге болады.

Тарихи жағдаймен байланысты түркі халықтары сан жағынан да бір деңгейде дамымаған. Сөзімізге дәлел ретінде қазақ халқының дамуын көрсетуге болады. А.Тажутов қазақтардың өсуін мынадай деректермен көрсеткен: 1897 жылы қазақтардың саны 3 787 мың, 1911 жылы — 4 692 мың,

1926 жылы — 3 968 мың, 1939 жылы — 3 099 мың, 1959 жылы — 3 581 мың, 1970 жылы — 5 299 мың, 1979 жылы — 6 556 мың, 1989 жылы — 8 135 мың. Кестенің көрсетуінше, 1926 жылғы көрсеткіш 1911 жылға қарағанда аз, ал 1926 жылға қарағанда 1939 жылы қазақтар аз болған. 1959 жылдан бастап қазақтың саны көбейе бастаған. Кей халықтарда тек көбею ғана болған сияқты. Оған мысал ретінде өзбек, түрікмен, қырғыздарды көрсетуге болады. Қазіргі түркі халықтарының нақтылы санын көрсету қиын болып тұр. Оған бірнеше себеп бар. Бірінші, қазір халықтың дамуы тез өсіп отыр, бірақ оларда санақ өткізу мүмкіндігі жоқ. Екіншіден, халықтарды санау он жылда бір рет өткізілуі керек. Бірақ мемлекеттер саясатпен байланысты санақ санын көрсетпейді. Үшінші, тарихи, экономикалық жағдаймен байланысты көші-қон халықтың санын да өзгертеді. Мысалы, соңғы жылдарда қазақтар 0,5 млн. адам Қазақстанға көшіп келді, түріктердің 1 млн-ы Германияда жүр. Олардың санын анықтау мүмкін емес. Біз 1989 жылғы мәліметтерге көз салып қарасақ, халықтардың саны түрлі болуы пікірімізге дәлел. Ондай кесте мыналар:

Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігі-ақ бірнеше диалектіден немесе говорлар тобынан тұрады және ол диалектілер мен говорлар тұтас бір территорияда да немесе әр түрлі регионда да жайласуы байқалады. Сондай-ақ белгілі бір топқа жататын түркі тілдерінің диалектілері мен говорлары өздерінің ерекшеліктері бойынша әр түрлі топтағы тілдердің құрамына енуі де мүмкін. Мысалы, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі қарлұқ тілдерінен гөрі қыпшақ тілдерінің (қазақ, қарақалпақ, ноғай т.б.) ерекшеліктерін өзінде көбірек сақтаған, сол сияқты қырым татар тілінің өзі қыпшақ тобына жатса да, оның оңтүстік диалектілері өз ерекшеліктерімен оғыз тобына еніп отыр. Сондай-ақ алтай тілінің оңтүстік диалектілері қырғыз-қыпшақ тобына енсе, солтүстік тобы ұйғыр-оғыз тобына жатады. Басқаша айтқанда, бір тілдің негізін құраушы диалектілер өзіндік ерекшеліктеріне байланысты жіктеліп, екі топқа бөлініп тұр. Бұл, әрине, түркі тілдерінің тарихи қалыптасу кезіндегі рутайпалар тілінің өзара араласуына байланысты күрделі процестің бір көрінісі болса керек.

Түркі тілдес халықтардың сандық көрінісі

		Тәтімов	Тажутов	“Весь мир”		Ахмет
1	өзбектер	57 млн		45 млн	336	65 млн
2	өзбектер	19,8 млн	10,697	14,8 млн	339	21 млн
3	әзірбайжандар	16,2 млн		18,77 млн	37	24,791106
4	қазақ	10,5 млн	8,135	7,5 млн	167	11
5	ұйғыр	7,7 млн		6,5 млн	340	17 млн
6	татар	7,2 млн		6,32 млн	318	10 млн
7	түркімендер	4,7 млн	2,728	3,81 млн	336	4,018297
8	қыргыз	3,0 млн	2,528	2,24 млн	182	3 300 000
9	чуваш	1,9 млн		1,8 млн	375	1,9 млн
10	башқұрт	1,0 млн		1,5 мың	94	2 500 мың
11	қырым татар	790 мың		400 мың	318	
12	қашқай	785 мың				
13		6,90 мың				
14	қарақалпақ	475 мың	423 мың	350 мың	179	600 мың
15	якут (саха)	400 мың		350 мың	388	
16	апшар	390 мың				
17	шақыбас	320 мың				
18	құмық	315 мың		255 мың	119	282,178

19	тува	250 мың		185 мың	333	3000 мың
20	месхет	225 мың				
21	гагауз	223 мың		200 мың	120	247,164
22	карашай	170 мың		140 мың	175	400 мың
23	малкар	100 мың		66 мың	85	200
24	салар	95 мың	72 мың	285		
25	хакас	93 мың	70,8 мың	345		
26	ногай	90 мың		59,5 мың	254	300 мың
27	алтай	85 мың		60 мың	62	180 мың
28	бух. еврей	40 мың				
29	каджар	38 мың				
30	шор	20 мың				
31	сары ұйғыр	14 мың				
32	долғандар	7 мың				
33	хотандар	5 мың				
34	карайым	4 мың				
35	қырымшақ	2 мың				
36	тофалар	1 мың				
37	ұранкай	30 мың				

1989 жылғы санақтан алынған.

1. Тәтiмов М. Қазақ әлемi. Алматы, 1993.

2. Тажутов А. Қазақтың саны қанша болған? Алматы, 1998, 43-б.

3. Вес мир. Энциклопедический справочник. Минск-Москва, 2000.

4. Buran Ahmet, Alkaja Ercan. Caidos türk lehceleri. Elazig, 1999.

Айта кету керек, кейбір түркі тілдерінің сол тілде сөйлеушілердің аздығына немесе бытыраңқы отыруына, белгілі өлкедегі басқа тілдердің тар шеңберінде ғана қолданылып, әдеби тілдердің дәрежесіне көтеріле алмағандары да бар. Мысалы, тофалар (қарағастар) қырымшақтар, Балқан, Чұлым түркілерінің, Барабин татарларының тілдері, т.б. Түркі тілдері санатына енген кей тілдердің материалдары толық зерттелмеген, тіпті тілдік материалдары жиналмаған. Сондықтан олардың айналасында даулы пікір болуы мүмкін. Оқулықтарда олар шешілмейді, ол үшін арнайы зерттеу керек болады.

Біз төменде жазба әдеби тіл санатына жататын негізгі-негізгі деген түркі тілдері бойынша ғана қысқаша мәлімет беріп өтуді мақұл көрдік. Олар Н.А.Баскаковтың жіктемесіне сәйкес топтастырылып беріліп отыр: 1) **бұлғар тобы** – чуваш тілі; 2) **оғыз тобы** – түрік, түрікмен, әзірбайжан, гагауз тілдері; 3) **қыпшақ тобы** – қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарайым, қарашай-балқар, құмық тілдері; 4) **қарлұқ тобы** – өзбек, ұйғыр тілдері; 5) **ұйғыр-оғыз тобы** – тува, якут, тофалар тілі, хакас, шор, алтай, сары ұйғыр тілдері; 6) **қырғыз-қыпшақ тобы** – қырғыз, алтай тілдері.

1. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ БҮЛҒАР ТОБЫ

ЧУВАШ ТІЛІ

Чуваш тілі Ресейдің құрамындағы жасайтын чуваш халқының сөйлеу, жазба және әдеби тілі болып саналады. Чуваштардың жалпы саны – 1839228*. Чуваш халқының тарихы – өте күрделі уақиғалармен байланысып жатқан ұзақ жолы бар тарих. Олар өздерін Еділ бойында тұратын бұлғарлардың тікелей ұрпағымыз деп есептейді. Бірақ олардың

* Халықтардың саны 1989 жылғы санақ бойынша берілді. Мәліметтер “Ана тілі” газетінен алынды.

этникалық құрамына тек бұлғар тайпаларына тиісті элементтері ғана кіріп қоймай, қыпшақ тайпаларының да, финдердің де элементтері араласқан. XV ғасырда Бұлғар мемлекеті ыдыраған соң чуваштар басқа түркі тайпаларымен қатынасын үзіп, угро-финдердің қоршауында жасады. Бұл сөзсіз чуваштардың тіліне өз ықпалын тигізді. Нәтижесінде чуваштардың тілінде күрделі өзгерістер пайда болды да, ол басқа түркі халықтары түсінбейтін дәрежеге жетті. Сондықтан да көптеген ғалымдар чуваш тілін түркі тілдерінің қатарына қоспауға әрекет етті. Қазіргі чуваш тілінің дыбыстық жүйесі, сөздердің дыбыстық құрамы басқа түркі тілдес халықтардан мүлде өзге, ал грамматикалық құрылымы түркілік сипатын сақтаған.



Н.И.Ашмарин (1870–1933)

Чуваш тілін, әдебиеті мен тарихын зерттеу Қазан төңкерісінен бұрын басталған. Алғашқы чуваш тілін зерттеушілердің қатарына Н.И.Золотницкий, Н.И.Ашмарин, Н.А.Лебедев, т.б. жатқызуға болады. Қазан төңкерісінен кейін чуваш тілін зерттеуге В.Г.Егоров, Н.А.Андреев, Н.К.Дмитриев, С.П.Горский, М.И.Сворцов, Г.И.Федоров, Г.Е.Корнилов сияқты кеңес, А.Ронаташ, З.Гомбоц, И.Будиц, Д.Немет, Л.Лигети, О.Прицак сияқты шет ел тілшілері ат салысуда.

Чуваш тілінде жоғары және төменгі диалекті деп аталатын екі диалекті бар. Бұлар географиялық орнына қарай ажыратылғанымен нақтылы бөлініп жататын шегарасы жоқ. Чуваш тілі, негізінен, төменгі диалектіге сүйенеді. Бұл екі диалектінің арасында лексикалық, фонетикалық және аздаған грамматикалық ерекшелік бар. Мысалы, сөз басында не сөздің бірінші буынында *o* дыбысымен айтылған сөздер төменгі диалектіде *у* дыбысымен айтылады. Мысалы, *орман* – *урман* “улица”, *орана* – *урана* “телега”, *сораах* – *сураах* “овца”, *воннаа* – *вуннаа* “десять” т.б. Жоғарғы диалектілерде *a*, *e* дыбыстары езулік дыбыстарға жуық айтылады. Мысалы, *камаол* “настроение”, *кеоереок* “шуба”, т.б. Жоғарғы диалектіде сингармонизм заңдылығы біршама сақталған. Жоғарғы

1989 жылғы санақтан алынған.

1. Тәтимова М. Қазақ әлемі. Алматы, 1993.
2. Тажутов А. Қазақтың саны қанша болған? Алматы, 1998, 43-б.
3. Вес мир. Энциклопедический справочник. Минск-Москва, 2000.
4. Buran Ahmet, Alkaja Ercan. Caidos türk lehceleri. Elazig, 1999.

Айта кету керек, кейбір түркі тілдерінің сол тілде сөйлеушілердің аздығына немесе бытыраңқы отыруына, белгілі өлкедегі басқа тілдердің тар шеңберінде ғана қолданылып, әдеби тілдердің дәрежесіне көтеріле алмағандары да бар. Мысалы, тофалар (қарағастар) қырымшақтар, Балқан, Чұлым түркілерінің, Барабин татарларының тілдері, т.б. Түркі тілдері санатына енген кей тілдердің материалдары толық зерттелмеген, тіпті тілдік материалдары жиналмаған. Сондықтан олардың айналасында даулы пікір болуы мүмкін. Оқулықтарда олар шешілмейді, ол үшін арнайы зерттеу керек болады.

Біз төменде жазба әдеби тіл санатына жататын негізгі-негізгі деген түркі тілдері бойынша ғана қысқаша мәлімет беріп өтуді мақұл көрдік. Олар Н.А.Баскаковтың жіктемесіне сәйкес топтастырылып беріліп отыр: 1) **бұлғар тобы** – чуваш тілі; 2) **оғыз тобы** – түрік, түрікмен, әзірбайжан, гагауз тілдері; 3) **қыпшақ тобы** – қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарайым, қарашай-балқар, құмық тілдері; 4) **қарлұқ тобы** – өзбек, ұйғыр тілдері; 5) **ұйғыр-оғыз тобы** – тува, якут, тофалар тілі, хакас, шор, алтай, сары ұйғыр тілдері; 6) **қырғыз-қыпшақ тобы** – қырғыз, алтай тілдері.

1. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ БҮЛҒАР ТОБЫ

ЧУВАШ ТІЛІ

Чуваш тілі Ресейдің құрамындағы жасайтын чуваш халқының сөйлеу, жазба және әдеби тілі болып саналады. Чуваштардың жалпы саны – 1839228*. Чуваш халқының тарихы – өте күрделі уақиғалармен байланысып жатқан ұзақ жолы бар тарих. Олар өздерін Еділ бойында тұратын бұлғарлардың тікелей ұрпағымыз деп есептейді. Бірақ олардың

* Халықтардың саны 1989 жылғы санақ бойынша берілді. Мәліметтер “Ана тілі” газетінен алынды.

этникалық құрамына тек бұлғар тайпаларына тиісті элементтері ғана кіріп қоймай, қыпшақ тайпаларының да, финдердің де элементтері араласқан. XV ғасырда Бұлғар мемлекеті ыдыраған соң чуваштар басқа түркі тайпаларымен қатынасын үзіп, угро-финдердің қоршауында жасады. Бұл сөзсіз чуваштардың тіліне өз ықпалын тигізді. Нәтижесінде чуваштардың тілінде күрделі өзгерістер пайда болды да, ол басқа түркі халықтары түсінбейтін дәрежеге жетті. Сондықтан да көптеген ғалымдар чуваш тілін түркі тілдерінің қатарына қоспауға әрекет етті. Қазіргі чуваш тілінің дыбыстық жүйесі, сөздердің дыбыстық құрамы басқа түркі тілдес халықтардан мүлде өзге, ал грамматикалық құрылымы түркілік сипатын сақтаған.



Н.И.Ашмарин (1870–1933)

Чуваш тілін, әдебиеті мен тарихын зерттеу Қазан төңкерісінен бұрын басталған. Алғашқы чуваш тілін зерттеушілердің қатарына Н.И.Золотницкий, Н.И.Ашмарин, Н.А.Лебедев, т.б. жатқызуға болады. Қазан төңкерісінен кейін чуваш тілін зерттеуге В.Г.Егоров, Н.А.Андреев, Н.К.Дмитриев, С.П.Горский, М.И.Сворцов, Г.И.Федоров, Г.Е.Корнилов сияқты кеңес, А.Ронаташ, З.Гомбоц, И.Будиц, Д.Немет, Л.Лигети, О.Прицак сияқты шет ел тілшілері ат салысуда.

Чуваш тілінде жоғары және төменгі диалекті деп аталатын екі диалекті бар. Бұлар географиялық орнына қарай ажыратылғанымен нақтылы бөлініп жататын шегарасы жоқ. Чуваш тілі, негізінен, төменгі диалектіге сүйенеді. Бұл екі диалектінің арасында лексикалық, фонетикалық және аздаған грамматикалық ерекшелік бар. Мысалы, сөз басында не сөздің бірінші буынында *o* дыбысымен айтылған сөздер төменгі диалектіде *у* дыбысымен айтылады. Мысалы, *орман* – *урман* “улица”, *орана* – *урана* “телега”, *сораах* – *сураах* “овца”, *воннаа* – *вуннаа* “десять” т.б. Жоғарғы диалектілерде *a*, *e* дыбыстары езулік дыбыстарға жуық айтылады. Мысалы, *камаол* “настроение”, *кеоереок* “шуба”, т.б. Жоғарғы диалектіде сингармонизм заңдылығы біршама сақталған. Жоғарғы

диалектіде көптік жалғауы *-сам, -сем* формасында қолданылса, төменгі диалектіде тек *-сем* түрінде қолданылады. Жоғарғы диалектіде *а, е* дыбыстарына біткен сөздерге ілік септігі *-йан*, барыс септігі *-я* түрінде қосылса, төменгі диалектіде *-нан, -нен* және *-на, -не* түрінде қосылады т.б.

Чуваш тілінде 9 дауысты (*а, аа, э (е), ее и, о, у, у, ы*) және 24 дауыссыз (*м, н', н, в, л, л', р, й, п, б, ф, т, т', д, к, г, с, ш, ç, ж, з, ч, ц, х*) дыбыс қолданылады. Әдеби тілде *о* дыбысы кірме сөздердің құрамында ғана қолданылады. Ал дауыссыздардан *б, д, г, ж, з, ц* дыбыстары төл чуваш сөздерінде қолданылмайды.

Чуваш тілінде сегіз септік бар. Атау септігінің арнайы қосымшасы жоқ. Ілік септігінің қосымшасы *-ан, -ен, -н*. Мысалы, *пасар* “базар” – *пасараан*. Барыс (дательноподлежащий) септігі зат есімдерге *-а, -е, -на, -не* қосымшаларын қосу арқылы жасалынады. Мысалы, *пасара*. Жатыс септігі (местный) түбірге *-ра, -ре, -та, -те* қосымшаларын қосу арқылы жасалынады. Мысалы, *пасарта*. Шығыс септігі түбірге *-тан, -тен, -ран, -рен* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *пасартан*. Табыс септігі түбірге *-на, -не, -нала, -неле* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *пасарна*. Болымсыздық (отрицательный или лишительный) септігі түбірге *-сар, -сер* қосымшасын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *пасарсар*. Себептілік (причино-целовой) септігі түбірге *-шаан, -шеен* қосымшасын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *пасаршан*. Көптік жалғауының грамматикалық көрсеткіші – *сеем*. Мысалы, *тус-амсеем* “мои друзья”, т.б.

Чуваш тіліндегі сөз тудыратын жұрнақтар мыналар:

1. Зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтары: 1) *-са, -се*. Бұл қазақ тіліндегі *-шы, -ші* жұрнағымен мағыналас: *сұхаса* “пахарь”, *утарса* “посечник”, т.б.; 2) *-аас, -еес*: *пурнас* “жизнь”, *саванас* “радость”, т.б.; 3) *-лах, -лех*. *этемлех* “человечество”, *таванлах* “братство”, т.б. 4) *-а, -е*: *висе* “весы”, *турта* “оглобля”, т.б. 5) *-ка, -ке*: *чышкаа* “кулак”, *супкаа* “пощечина”.

2. Сын есімнің сөз тудыратын жұрнақтары: 1) *-ла, -ле*: *хааюлла* “смелый”, *тиртейле* “аккуратный”, т.б.; 2) *-саар, -сеер*: *хаюсар* “несмелый”, *тирпейсеер* “неаккуратный”, т.б.; 3) *-хи*: *ирхи* “утренний”, *ыранхи* “завтрашний”, т.б.; 4) *-чаак, -чеек*: *мухтанчак* “хвастливый”, *именчек* “застенчивый”, т.б.; 5) *-аак, -еек*: *харак* “сухой”, *серек* “гнилой”, т.б.

3. Етістіктің сөз тудырушы жұрнақтары: 1) *-ла, -ле: секле* “поднимать”, *сыхла* “охранять”, т.б.; 2) *-ан, -ен, -н: йепен* “мокнуть”; 3) *-лан, -лен: авлан* “жениться”, *иккелен* “сомневаться” т.б.; 4) *-ал, -ел, -л: шурал* “белеть”, *сенел* “обновляться” т.б.; 5) *-аар, -еер, -р: шаавеер* “поливать”, *питеер* “запирать” т.б.; 6) *-ат, -ет, -т: хурат* “чернить”, *типет* “сушить” т.б.

Салыстырмалы шырай түбір сын есімдерге *-рах, -рех (ашаарах* “теплее”, *шлемерех* “красивее”) және *-тарах, -терех (пуянтарах* “богачее”, *сахалтарах* “поменьше”) қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Күшейтпелі шырай *-чи, -чат, -вер, -сем (чи йуне* “самый дешевый”, *чат-шура* “белый-прибелый”, *веер-сеене* “совершенно новый”) демеулік шылаулары, қайталама қос сөздер (*шура-шура* “белый-прибелый”, *инсе-инсе* “далекий-далекий”) және *пуре* “весь, все” сөзінің тіркесуі арқылы (*пуренчен лаайах* “лучше всех”, *пуренчен сууллее* “высше всех”) жасалады.

Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге *-мееш* қосымшасын қосу арқылы жасалды. Мысалы, *саккаармееш* “восьмой”, *вун иккеемереш* “двенадцатый”, т.б. Топтау сан есімдері *-шар, -шер* қосымшасының көмегімен жасалады. Мысалы, *вун висшер* “по тринадцать”, *сичшер* “по семи”, т.б. Бір сөзіне *-ер* қосымшасы қосылып, топтау сан есімін жасайды. Мысалы, *перер* “по одному”. Егер күрделі сан есімдердің құрамында бір сөзі келсе, онда оған *-шер* қосымшасы қосылады. Мысалы, *сирем першер* “по двадцати одному” т.б. Бірер сөзі қазақ тілінде де қолданылады, бірақ ол топтау сан есімі болмастан, болжалдық сан есім мағынасын білдіреді. Жинақтау сан есімі есептік сан есімдерге *-аан, -еен* қосымшасын қосу арқылы жасалды. Мысалы, *иккеен* “вдвоем”, *саккараан* “восьмером”, т.б. Бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдер мен реттік сан есімдердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, *иккее виссемереш* “две третьих”, *виссе пилкеекмеш* “три пятых”, т.б.

Әдебиеттер:

1. Материалы по грамматике современного чувашского литературного языка. Ч.І., Чебоксары, 1957.
2. Егоров В.Г. Современный чувашский литературный язык. Чебоксары, 1971.
3. Языки народов СССР. М., 1966. Т.ІІ.
4. Чувашско-русский словарь. М., 1985.

2. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ОҒЫЗ ТОБЫ

ТҮРІК ТІЛІ

Түрік тілі Түрік Республикасында жасаушы 65 миллионға жуық* түрік халқының мемлекеттік тілі болып саналады. Түріктер тек Түркияда ғана жасамастан, олар ТМД-да, Еуропаның бірнеше мемлекеттерінде, Африкада, Австралияда да тұрады. Түріктер жеке халық болып қалыптасқанға дейін өте қиын да ұзақ тарихи жолды басып өткен. Олар өздерінің ата тегін X–XI ғасырларда Орта Азияда жасаған оғыз тайпаларымен байланыстырады. Шындығында да, оғыздар түркі халқының этникалық құрамының негізін құрайды. Олардың тілі батыс хун тілдерінің оғыз-селжүк тобына жатады. Кіші Азияға түркі тайпаларының келіп орналаса бастауы заманымыздың басында басталынған. Ал VIII–X ғасырларда болса, олардың Кіші Азияға енуі үлкен қарқынмен болады. Бұған тарихи жағдай да себепші болған. 742 жылы Батыс түрк қағанаты ыдыраған соң оғыздар Сырдың төменгі ағымына қарай көшеді де, IX ғасырда Сыр етегінде жеке мемлекет құрады. IX ғасырдың соңы X ғасырдың басында оғыздар екіге бөлініп (батыс және шығыс оғыздар болып), оның шығыс тобы түркмендер, батыс тобы селжүктер деп аталды. Селжүктер XI ғасырда күшейіп, Кіші Азияға, одан Кавказға енеді, жаңа жерлер үшін күрес бастайды. 1071 жылы селжүктер Византия императоры Роман IV Диогенді ойсырата жеңеді де, Кіші Азияда өз үстемдігін орнатады. 1453 жылы (29 мамырда) Константинополдің құлауы түріктердің Кіші Азияға билігін толық қамтамасыз етті. Түрік халқының этникалық құрамында оғыз тайпаларымен бірге қыпшақ тайпаларының өкілдері де болған. Қыпшақтар Кіші Азияға Балқан арқылы да, Иран, Ауғанстан арқылы да, Кавказ арқылы да өткен. Қыпшақтардың көп өткен дәуірі XIII–XIV ғасыр болып саналады. Монғолдардан жеңілген Хорезмшах әскерлерінің құрамындағы қыпшақтар мен қаңлылар (олар Хорезмшах әскерінің негізі болатын) қашып, Иран, Ауғанстан арқылы Кіші Азияға өткені белгілі. Екінші өту Хулагу жорығымен байланысты.

* Түрік ғалымы Бұран Ахметтің мәліметі бойынша.

Түрік тілі көне жазба ескерткіштерге бай тілдердің бірі болып саналады. XIII ғасырда карамандар бектігінің билеушісі Мехмед-бей (1261–1277) Коние қаласын жаулап алып, билік құрған кезде-ақ түрік тілін мемлекеттік іс-қағаздар тілі және есеп-қисап тілі деп жариялаған болатын. Сол дәуірден бастап күні бүгінге дейін түрік тілі мемлекеттік тіл болып есептеледі. Рас, осы ұзақ дәуір ішінде түрік тіліне бірнеше рет реформа жасалды. Олар өз тарихының көпшілігінде араб тілдес халықтардың қоршауында, солармен араласа отырды, ислам дінін үстем дін деп есептеді, араб жазуынан пайдаланды. Сондықтан да түріктердің тілінде араб-парсы сөздерінің өте көп қолданылуы заңды. Араб-парсы тілінің ықпалы тек лексикада ғана емес, морфология мен синтаксисте де сезілерлік дәрежеде болды. Бұған мысал ретінде көне түрік әдеби тілін көрсетуге болады. Түрік зиялы қауымы ана тілінің тазалығы үшін күресіп, 1928 жылы араб жазуынан латын жазуына өтті, ал 1929 жылдан бастап мектептерде араб, парсы тілін оқыту тоқтатылды.

Түрік халқының тіліне, әдебиеті мен тарихына қызығу ерте кезден-ақ басталған болатын. Византияның орталығы Константинопольдің құлауы, Осман түріктерінің Балқан жарты аралына шығуы Еуропа ғалымдарының, саясатшыларының назарын өзіне аудармай қойған жоқ. Алғашқы түрік тілінің грамматикасы XVI ғасырда (Бергамалы Кадри 1530 ж., Филоппо Арденти 1533 ж.) жарық көрді. Ресейде де түріктердің тарихына қызығу ерте басталды. Орыс түркітанушыларынан Д.Катемирден бастап бірнеше ғылым тарландары Түркия тарихын, түрік тілін, әдебиетін зерттеуге өз өмірлерін сарп етті. Олар: В.В.Бартольд, А.Казем-Бек, П.М.Мелиоранский, А.Е.Крымский, И.Б.Греков, Г.Глебов, В.А.Гордлевский, А.Н.Кононов, Э.В.Севортян, Н.А.Баскаков, А.Н.Баскаков, Т.И.Грунин, т.б. болатын.

Түрік тілінде сегіз қысқа, үш созылыңқы дауысты дыбыс бар: *a, e, i, ĩ, o, ö, ü, u* және $\bar{a}, \bar{i}, \bar{u}$ Дауыссыз дыбыстардың саны – 24: *p, b, f, v, t, d, s, ş, z, j, c, ç, m, n, l, l', r, u, k, k', g, g', h, ğ*. Дауысты дыбыстармен байланысты заңдылық – дыбыстардың үндесуі (сингармонизм) сақталады. Мысалы, түрік тіліндегі түбір сөздер бірінғай не жуан буынды, не жіңішке буынды болып келеді. Яғни сөздердің бірінші

буынында *a* дыбысы қолданылса, екінші, үшінші буында-рында *a*, *i* дыбыстары қолданылады. Бірінші буынында *u* дыбысы қолданылса, қалған буындарында *u*, *a* дыбыстары қолданылады. Салыстырыңыз, *araba* “повозка”, *arık* “худой”, *ardəl* “потомок”, *eomalic* “согнутый” т.б. Егер бірінші буындағы дауысты дыбыс жіңішке болса, қалған буындағы дауыстылар да жіңішке болады. Салыстырыңыз, *deneu* “опыт”, *etek* “подол”, *gedik* “шель”, *gölge* “тень” т.б. Бұл заңдылық қосымшаларда да сақталады. Яғни түбірдің соңғы буыны жуан болса, қосылатын қосымшалар да жуан буынды болады, жіңішке болса, жіңішке болады. Мысалы, *ara* “расстояние” – *ara-lar-i*, *ara-lar-i-nda*; *bozgun* “поражение, рагром” – *bozguncu*, *bozgunculik*; *dis* “зуб” – *disleri*, *disten* т.б. Түрік тілінде ерін үндестігі де сақталған, бірақ толық емес.

O, *ö* дыбыстары (*or* қосымшасынан басқа) қосымша морфемалардың құрамында қолданылмайды. Демек езу дауысты дыбыстарының барлығы ерін дауысты дыбыстарынан *u*, *ь* дыбысы қосымшаның құрамында қолданылады. Мысалы, ырықсыз етіс қосымшалары *-il*, *-ul*, тәуелдік жалғауы *-miz*, *-muz*, сын есімнің сөз тудырушы жұрнақтары *-li*, *-li*, *-lu*, *-lb*, *-siz*, *-siz*, *-suz*, *-sz* т.б.

Түрік тілінің тәуелдік жалғауы, негізінен, қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауымен сәйкес келеді. Айырмашылығы қазақ тілінде тәуелдік жалғауы екінші жақта *-ың*, *-ің*, *-ң* (*кітабың*, *балаң*) түрінде болса, түрік тілінде ол *n* (*n*) формасында ғана қолданылады. Мысалы, *baban* “твой отец”, *kardesin* “твой брат”. Тәуелдік мағынаны білдіретін *-niki* жұрнағы қазақ тілінде үш жақта да бірдей қолданыла береді. Мысалы, *менікі*, *сенікі*, *оныкі*, *баланікі*, *шалдікі*, т.б. Түрік тілінде ол бірінші жақта *-itki* (*-ым-кі*), екінші және үшінші жақта *-nki* формасында қолданылады. Мысалы, *benimki* (“мой, принадлежащий мне”), *bizimki* (“наш”), *seninki* (“твой”), *onunki* (“его”), *sizinki* (“ваш”), *olarniki* (“их”).

Түрік тілінде алты септік қолданылады. Атау септігінің қосымшасы жоқ (*kiz*). Ілік септігінің қосымшасы: *-in*, *-эн*, *-un*, *-ын*, *-nin*, *-nin*, *-nun*, *-нын* (*kizin*). Барыс септігінің қосымшасы: *-a*, *-e*, *-ya*, *-ye* (*kiza*). Табыс септігінің қосымшасы: *-э*, *-i*, *-u*, *-ь* (*kizi*). Жатыс септігінің қосымшасы: *-ta*, *-te*, *-da*, *-de* (*kizda*). Шығыс септігінің қосымшасы: *-dan*, *-den*, *-tan*, *-ten* (*kizdan*).

Үшінші жақ тәуелді жалғаулы зат есімдер септелгенде і дыбысын қосып барып септеледі. Мысалы, *evi > evinin, evine, evin, evinde, evinden*, т.б.

Түрік тілінде туынды түбір сөз жасайтын жұрнақтар мыналар:

1. Зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтары: 1) *-çi, -çi, -çu, -çu*: *avçi* “охотник” (*av* “охота”), *demirçi* “кузнец” (*demir* “железо”), *baltaçi* “дровосек” (*balta* “топор”); 2) *-daç, -taç*: *yoldaç* “спутник” (*yol* “путь”), *çagdaç* “современник” (*çag* “время”); 3) *-le, -li, -lu, -lb*: *Çinli* “китаец” (*Çin* “Китай”), *dagli* “горец” (*dag* “гора”), т.б.; 4) *-lek, -lik, -luk, -lbk*: *agirlik* “тяжесть” (*agir* “тяжелый”), *çobanlik* “занятие пастуха” (*çoban* “пастух”), *yaglik* “салфетка” (*yag* “масло, жир”), т.б.; 5) *-ma, -me*: *baçma* “давление” (*baçmak* “давить”), *bölme* “разделение, секция” (*bölmek* “разделить”), т.б.; 6) *-maça, -meçe*: *çekmeçe* “выдвижной ящик” (*çek* “тени”), *bulmaca* “кроссворд” (*bulmak* “находить”), т.б.; 7) *-(э)m, -(i)m, -(u)m, -(ь)m*: *biçim* “жатва” (*biç* “резать”), *çeçim* “выборы” (*seçmek* “выбрать”); 8) *-ak, -ek*: *konak* “гость” (*konmak* “оставаться на ночлег”), *yatak* “постель” (*yatmak* “лежать”), т.б.

2. Сын есімнің сөз тудырушы жұрнақтары: 1) *-li, -li, -lu, -lb*: *yasli* “пожилой” (*yas* “возрасть”), *tatli* “сладкий” (*tat* “вкус”), *degerli* “ценный” (*deger* “цена”); 2) *-siz, -siz, -suz, -sьz*: *tuzsuz* “несоленный” (*tuz* “соль”), *şekersiz* “без сахара” (*şeker* “сахар”) т.б.; 3) *-ki, -ku*: *sabahki* “утренний”, *sabah* “утро”, *dьnki* “вчерашний” (*dьn* “вчера”) т.б.; 4) *-daki, -deki, -taki, -teki*: *bahçemьzdeki agaç* “дерево, находящееся в нашем саду”, *bu evdaki daire* “квартира, находящаяся в этом доме” т.б.

3. Туынды түбір етістік жасайтын жұрнақтар; 1) *-la, -le*: *tuzda* “солить” (*tuz* “соль”), *temizle* “чистить” (*temiz* “чистый”) т.б.; 2) *-a, -e*: *toza(mak)* “пылить” (*toz* “пыль”), *yaça(mak)* “жить” (*yaç* “возрасть”), *dile* “просить” (*dil* “язык”) т.б.; 3) *-al, -el, -l*: *yönel (mek)* “направляться” (*yön* “сторона”), *genzel (mek)* “помолодеть” (*genç* “молодой”) т.б.; 4) *-ar, -er, -r*: *karar(mak)* “чернеть” (*kara* “черный”), *agar(mak)* “становиться белым” (*ag* “белый”) т.б.; 5) *-эк, -ик, -ук, -ьк*: *geçik(mek)* “опоздать” (*gece* “поздний”), *birik(mek)* “скопляться” (*bir* “один”), т.б.

Әдебиеттер:

1. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.-Л., 1956.
2. Майзель Е.С. Изафет в турецком языке. М.-Л., 1967.
3. Иванов С.Н. Курс турецкой грамматики. Ч.І. Л., 1975; Ч.ІІ. Л., 1977.
4. Турецко-русский словарь. М., 1977.
5. Қазақша-түрікше сөздік. (Нежелет Албай). Түркістан, 2001.

ӘЗІРБАЙЖАН ТІЛІ

Әзірбайжан тілі — әзірбайжан халқының сөйлеу, жазба және әдеби тілі болып саналады. Олар ТМД елдер көлемінде (6791106) және шет елдерде (7500 мың) тұрады. Әзірбайжан халқы көне тарихқа ие және түркі халықтарының ішінде көне жазба ескерткіштеріне бай халықтардың бірі болып саналады. Олардың түп тамыры көне жазба ескерткіштерінде көп айтылатын оғыз тайпаларымен байланысты. Сондықтан оғыздар туралы мәлімет Орхон-Енисей жазуларында, М.Қашғаридың сөздігінде кездеседі. М.Қашғари өз сөздігінің кіріспе бөлімінде түркі тектес халықтардың орналасу тәртібіне шолу жасай отырып: *“Румға яқин биринчи қабила бэжэнэк (печенек — О.М.), сунг кіфчак, оғуз, јалан, башкірт, басмил, сунг қай, сунг јабақу, сунг татар, сунг қіркіз келади,”* — деген болатын. Оғыздар туралы жазылған еңбектерде олардың Сібірден көшкендігі, Жетісу, Түркістан арқылы Арал мен Каспий бойларына келіп орналасқандығы көрсетіледі. Қазіргі әзірбайжан территориясына оғыздардың келіп орналасуын монғол шапқыншылығымен байланыстырушылар да жоқ емес. Әрине селжүктердің әзірбайжанға келе бастауы X—XI ғасырларда басталғаны тарихтан белгілі. Мысалы, Турлы-бек 1040 және 1054 жылдары екі рет әзірбайжанға басып кіреді. Селжүктердің әзірбайжанды басып алуы көшпенді түркі тайпаларының көптеп келе бастауына жол ашады. Бірақ селжүктерге дейін де ол жерлерде түркі тілдес тайпалардың болғандығы туралы да деректер бар. Пікірімізге дәлел ретінде Хазар қағанатын келтіруге болады. Хазар қағанаты өз шекарасын Кавказ тауларының етегіне дейін жеткізгендігі анық. Сондай-ақ хазарлардың мәдениетіне тиісті болған археологиялық

байлықтар Дербенттен де табылған. Сонымен бірге хазарлар руникалық жазуды пайдаланғандығы да тарихтан белгілі.

Әзірбайжан тілінің қалыптасуын оғыз тайпаларымен байланыстырамыз. Н.А.Баскаков әзірбайжан тілінің түп-тамырын оғыз тайпаларымен байланыстырып, қазіргі түрікмен, гагауз тілдерімен бірге батыс түркі тілдерінің оғыз тобына қосады. Дегенмен де әзірбайжан тілінің қалыптасуында қыпшақ тілдерінің де үлесі мол болған. Н.З.Гаджиева әзірбайжанда жасаған *азер* тайпасының тілі туралы айта келіп, бір кездерде азер тайпасымен қатар әзірбайжанда түркі тілдес халықтардың да жасағандығын көрсетеді. Заманымыздың басында Каспий теңізінің оңтүстігінде эламитяндар жасағандығын, олардың бір тобы өздерін *окюз* (бык) деп атағандығы да анық. З.Ямпольскийдің берген хабарына қарағанда, біздің заманымызға дейінгі XIV ғасырда жасаған ассирияның клинопись жазуында “түркітердің” Урмия өзенінің бойларында жасағандығы туралы мәлімет бар. Бұл сияқты деректер басқа жазба ескерткіштерінде де, ғылыми еңбектерде де кездеседі. Ал біздің заманымыздың V–VII ғасырларында хазарларға байланысты жазылған деректермен байланыстыра



Ә.В.Севортян (1901–1978)

пікір айтатын болсақ, онда ол кездерде бұл жерлерде қыпшақ тілдес тайпалар жасаған. Селжүк оғыздарының XIII–XIV ғасырларда әзірбайжанға енуі қыпшақ тілдес тайпалардың оғыз тіліне өтуіне себепші болған.

Әзірбайжан тілі Қазаннан бұрын да, кейін де ғалымдардың арнайы зерттеу нысаны болған. Әсіресе, үстіміздегі ғасырдың елуінші жылдарынан кейін әзірбайжан тілін зерттеу Ә.В.Севортян, Н.З.Гаджиева, М.Ш.Ширалиев, З.И.Будагова, Р.Рус-тамов, А.А.Ахундов, Ф.Р.Зейналов, А.Г.Оруджев, М.Ш.Рагимов сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектеріне арқау болды.

Әзірбайжан тілі көп диалектілі тілдің қатарына жатады. Әзірбайжан тілшілері әзірбайжан тілінде 4 диалектілік топ бар

Әдебиеттер:

1. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.-Л., 1956.
2. Майзель Е.С. Изафет в турецком языке. М.-Л., 1967.
3. Иванов С.Н. Курс турецкой грамматики. Ч.І. Л., 1975; Ч.ІІ. Л., 1977.
4. Турецко-русский словарь. М., 1977.
5. Қазақша-түрікше сөздік. (Неждет Албай). Түркістан, 2001.

ӘЗІРБАЙЖАН ТІЛІ

Әзірбайжан тілі — әзірбайжан халқының сөйлеу, жазба және әдеби тілі болып саналады. Олар ТМД елдер көлемінде (6791106) және шет елдерде (7500 мың) тұрады. Әзірбайжан халқы көне тарихқа ие және түркі халықтарының ішінде көне жазба ескерткіштеріне бай халықтардың бірі болып саналады. Олардың түп тамыры көне жазба ескерткіштерінде көп айтылатын оғыз тайпаларымен байланысты. Сондықтан оғыздар туралы мәлімет Орхон-Енисей жазуларында, М.Қашғаридың сөздігінде кездеседі. М.Қашғари өз сөздігінің кіріспе бөлімінде түркі тектес халықтардың орналасу тәртібіне шолу жасай отырып: *“Румға яқин биринчи қабила бэжэнэк (печенек — О.М.), сунг кіфчак, оғуз, јалан, башкірт, басмил, сунг қай, сунг јабақу, сунг татар, сунг кіркіз келади,”* — деген болатын. Оғыздар туралы жазылған еңбектерде олардың Сібірден көшкендігі, Жетісу, Түркістан арқылы Арал мен Каспий бойларына келіп орналасқандығы көрсетіледі. Қазіргі әзірбайжан территориясына оғыздардың келіп орналасуын монғол шапқыншылығымен байланыстырушылар да жоқ емес. Әрине селжүктердің әзірбайжанға келе бастауы X—XI ғасырларда басталғаны тарихтан белгілі. Мысалы, Турлы-бек 1040 және 1054 жылдары екі рет әзірбайжанға басып кіреді. Селжүктердің әзірбайжанды басып алуы көшпенді түркі тайпаларының көптеп келе бастауына жол ашады. Бірақ селжүктерге дейін де ол жерлерде түркі тілдес тайпалардың болғандығы туралы да деректер бар. Пікірімізге дәлел ретінде Хазар қағанатын келтіруге болады. Хазар қағанаты өз шекарасын Кавказ тауларының етегіне дейін жеткізгендігі анық. Сондай-ақ хазарлардың мәдениетіне тиісті болған археологиялық

байлықтар Дербенттен де табылған. Сонымен бірге хазарлар руникалық жазуды пайдаланғандығы да тарихтан белгілі.

Әзірбайжан тілінің қалыптасуын оғыз тайпаларымен байланыстырамыз. Н.А.Баскаков әзірбайжан тілінің түп-тамырын оғыз тайпаларымен байланыстырып, қазіргі түрікмен, гагауз тілдерімен бірге батыс түркі тілдерінің оғыз тобына қосады. Дегенмен де әзірбайжан тілінің қалыптасуында қыпшақ тілдерінің де үлесі мол болған. Н.З.Гаджиева әзірбайжанда жасаған *азер* тайпасының тілі туралы айта келіп, бір кездерде азер тайпасымен қатар әзірбайжанда түркі тілдес халықтардың да жасағандығын көрсетеді. Заманымыздың

басында Каспий теңізінің оңтүстігінде эламитяндар жасағандығын, олардың бір тобы өздерін *окуз* (бык) деп атағандығы да анық. З.Ямпольскийдің берген хабарына қарағанда, біздің заманымызға дейінгі XIV ғасырда жасаған ассирияның клинопись жазуында “түркітердің” Урмия өзенінің бойларында жасағандығы туралы мәлімет бар. Бұл сияқты деректер басқа жазба ескерткіштерінде де, ғылыми еңбектерде де кездеседі. Ал біздің заманымыздың V–VII ғасырларында хазарларға байланысты жазылған деректермен байланыстыра пікір айтатын болсақ, онда ол кездерде бұл жерлерде қыпшақ тілдес тайпалар жасаған. Селжүк оғыздарының XIII–XIV ғасырларда әзірбайжанға енуі қыпшақ тілдес тайпалардың оғыз тіліне өтуіне себепші болған.



Ә.В.Севортян (1901–1978)

Әзірбайжан тілі Қазаннан бұрын да, кейін де ғалымдардың арнайы зерттеу нысаны болған. Әсіресе, үстіміздегі ғасырдың елуінші жылдарынан кейін әзірбайжан тілін зерттеу Ә.В.Севортян, Н.З.Гаджиева, М.Ш.Ширалиев, З.И.Будагова, Р.Рус-тамов, А.А.Ахундов, Ф.Р.Зейналов, А.Г.Оруджев, М.Ш.Рагимов сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектеріне арқау болды.

Әзірбайжан тілі көп диалектілі тілдің қатарына жатады. Әзірбайжан тілшілері әзірбайжан тілінде 4 диалектілік топ бар

деп есептейді. Бірінші топқа *куба, баку* диалектілерін енгізеді де, оны шығыс топ деп атайды. Екінші батыс тобына *казах, ганжа, карабах* диалектілерін енгізеді. Үшінші топқа *нуха* диалектісін енгізеді де, оны солтүстік топ деп атайды. Төртінші топты оңтүстік топ деп атап, оған *нахичиван, орудбад, тавриз* диалектілерін енгізеді.

Әзірбайжан тілінде тоғыз дауысты дыбыс бар: *а, е, ы, и, о, у, ө, ү*. Бұлардың *ы* дыбысынан басқалары сөз басында қолданыла береді. Сонымен бірге бұл тілде созылыңқы дауысты дыбыс жоқ, ондай дыбыс фонемалық қасиетке ие емес.

Кей кірме сөздерде *а, е, ө, у, и* дыбыстары созылыңқы айтылады. Мысалы, *шө:бә* “отдел”, *мө:тәдил* “умеренный”, *не:мәт* “блага”, *елан* “объявление”, *ми:рас* “наследство”, *мө:мин* “правомерный, мусульманин” т.б. Дауыссыз дыбыстардың саны – 24. Әзірбайжан тіліндегі дыбыстарды қазақ тіліндегі дыбыстармен салыстырсақ, айтарлықтай айырмашылық бар. Мысалы, қазақ тілінде *ө* дыбысы сирек және сөздің бірінші буындарында қолданылса, әзірбайжан тілінде ол буын талғамайды. Мысалы, *дөвө* “верблюд”, *көрчөк* “достоверный”, *өт* “мясо”, т.б. *Ә* дыбысы қосымшалар құрамында да қолданылады. Мысалы, *Материаллар һазыр олан кими јала дүшәрсән* (М.Ибрагимов). “Как только материалы будут готовы, отправись в путь”. *Учлүкдә* “втроем”, *эввәддән* “раньше” т.б. Керісінше, қазақ тілінде *е* дыбысы қосымшалар құрамында қолданылса, әзірбайжан тілінде ол қосымшалар құрамында қолданылмайды. Дауыссыз дыбыстар арасында да айырмашылықтар бар. Мысалы, қазақ тілінде *һ* дыбысы азын-аулақ сөздерде ғана қолданылса, әзірбайжан тілінде ол сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында да қолданыла береді. Мысалы, *гәраркаһ* “штаб”, *гәһвә* “кофе”, *гәһәрли* “сердитый”, *гәһәл* “загон (для скота)”, *һејвә* “айва” т.б. Әзірбайжан тілінде *ј* дыбысы бар. Бұл дыбыс қазақ тіліндегі *й* дыбысына сәйкес келеді, бірақ нақ сол дыбыстың өзі емес. Бұл дыбысқа сөз басында қазақ тіліндегі *ж* дыбысы сәйкес келеді. Салыстырыңыз, *јад* – жат “чужой”, *јаз* – жаз “лето”, *јазы* – жазу “письмо” т.б. Сөз ортасында, соңында оған *й* дыбысы сәйкес келеді. Салыстырыңыз: *јай* – жай “лук”, *јайылма* – жайылмақ “распространяться”, *јайлаг* – жайлау “пастбище”, *айрылыг* –

айырылу “разлука”. Сөз басында, сөз соңында келетін дыбыстар арасында да айырмашылық байқалады. Мысалы, қазақ тілінде сөз басында қолданылатын *қ, к* дыбыстарының орнына, көбінше, әзірбайжан тілінде *г* дыбысы қолданылады. Салыстырыңыз: *галпаг* – қалпақ “головной убор”, *гамыш* – қамыс “камыш”, *ган* – қан “кровь”, *гыз* – қыз “девочка”, т.б. Сөз басындағы қазақ тіліндегі *т* дыбысына әзірбайжан тілінде *д* дыбысы сәйкес келеді. Салыстырыңыз: *доғым* – туым “роды”, *диз* – тізе “колено”, *дик* – тік “вертикальный”.

Әзірбайжан тілінің өзіне тән морфологиялық ерекшелігі де бар. Мысалы, зат есімдер алты түрлі септік бойынша өзгереді. Бірақ ілік септігінің *-нын, -нин* қосымшасымен бірге *-ын, -ин* және *-жын, -жин* қосымшасы да бар. Мысалы, *јапрағын, охун, сујін* т.б. Қазақ тіліндегі сияқты әзірбайжан тілінде барыс септігінің *-ға, -ге* қосымшасы жоқ. Барыс септігінің морфологиялық көрсеткіші *-а, -ә, -ја, -јә*. Мысалы, *суја, оха* т.б. Тәуелдік жалғауының қосымшасы *-ын, -ин, -н*. Қазақ тіліндегі екінші жақтың *-ң* қосымшасы қолданылмайды. Сондай-ақ *-ыңыз, -уизңыз, -низ* қосымшасы – қазақ тіліндегідей екінші жақ сыпайы түрінің жеке қосымшасы емес, екінші жақтың көпше түрінің қосымшасы.

Айтарлықтай ерекшелік етістіктің грамматикалық категорияларында байқалады. Ең алдымен байқалатын нәрсе – әзірбайжан тіліндегі рай қосымшаларындағы ерекшелік. Әзірбайжан тілшілері бұйрық рай, ашық рай, қалау рай, шартты райлармен бірге міндеттілік (долженствовательное) және қажеттілік (необходимое) райларының бар екендігін көрсетеді. Міндеттілік райы етістіктің түбіріне *-малы, -мәли* қосымшаларын қосу арқылы жасалады да, сөйлемде жіктеліп барып қолданылады. Бұл рай қосымшасынан кейін бірінші жақта жіктік жалғауы *-јам, -јәм, -јығ, -јик*; екінші жақта *-сан, -сәнсыңыз, -синиз*; үшінші жақта *-дыр, -дир* формасында жалғанады. Қажеттілік райы болса етістіктің түбіріне *-(ј)асы, -(ј)әси* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *алмалыјам* “должен взять”, *алмалысан* “ты должен взять”, *алмалыдыр* “он должен взять”; *аласыјан* “мне необходимо взять”, *аласысан* “тебя необходимо взять”, *аласыдыр* “ему необходимо взять”, т.б. *-Малы, -мелі, -асы, -есі* қосымшалары басқа түркі тілдерінде де қолданылады, бірақ оларда рай

қосымшасы ретінде қолданылмауы мүмкін. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде *суғармалы, ойнамалы, аласы, бересі* сияқты сөздерде қолданылады, бірақ оларда етістікке тән мағына жоқ. Өзбек тілінде *келаси, уласи* сөздері қолданылады, бірақ оны есімшенің қосымшасы деп есептейді.

Әдебиеттер:

1. Грамматика азербайжанского языка. Баку, 1971.
2. Языки народов СССР. Т. II., М., 1966.
3. *Севортян Э.В.* Аффиксы глаголообразования в азербайжанском языке. М., 1962.
4. *Севортян Э.В.* Аффиксы именного словообразование в азербайжанском языке. М., 1966.
5. *Ширалиев М.* Азербайжан диалектологиясынын әсаслары. Бақы, 1968.

ТҮРІКМЕН ТІЛІ

Түрікмен тілі – Түрікменстанда жасайтын түрікмен халқының сөйлеу, жазба және мемлекеттік тілі болып саналады. Түрікмендер Өзбекстанда, Тәжікстанда, Қазақстанда, Ресейдің кей жерлерінде (ТМД-да 2718297) және шет елдерде (1410 мың) тұрады. А.Н.Баскаковтың жіктемесі бойынша түрікмен тілі қазіргі әзірбайжан, түрік, гагауз тілдерімен бірге түркі тілдерінің оғыз тобына енеді.

Түрікмендер және олардың ата тегі болып саналатын оғыздар туралы мәлімет өте ертеде жазылған ескерткіштерде кездеседі. Көпшілік ғалымдар түрікмендердің оғыз тайпалар одағынан бөлініп шығуын IX ғасырда ислам дінін қабылдаумен байланыстырады. Шындығында, оғыздар Сібірден көшіп, Арал, Каспий бойларына қоныстанғанға дейін бір бүтін, бір топ болып жасаған. Басқа түркі тайпалары сияқты оғыздардың этникалық құрамы да бір текті болмай, аралас болғандығы анық. Тарихи деректердің көрсетуінше, оғыздар Балқаштан бастап, Каспий теңізіне дейінгі ұлан-байтақ өлкені алып жатқан. Осы өлкеде жасаған басқа тайпа өкілдері де оғыздар құрамына енген. Мысалы, С.Г.Агаджановтың пікірінше, X ғасырда Жетісу өлкесінде оғыздар қарлұқтармен аралас жасаған. Басқа деректердің көрсетуінше, X–XI ғасырда оғыздар Шу, Ташкент, Түркістан, Арал мен Каспий бойларына дейінгі жерлерді мекендеген, бірнеше тайпадан

құралған. Бірақ олардың Х ғасырда шоғырланған мекені Арал мен Каспий жағалауы болған. Мысалы, Истархридың көрсетуінше, Хорезмнен Исфиджабқа дейінгі жерлерде түрк-гуздар (оғыздар — О.М.), Исфиджабтан Ферғанаға дейінгі өлкеде түрк-карлұқтар жасаған. Жалпы оғыздардың екі топқа бөліне бастауы Жетісуда басталған, ал Әмудария бойларында бұл процесс аяқталған болатын.

Қазіргі түрікмен тілі бірнеше диалектіден құралады. Түрікмен тілшілері қазіргі түрікмен тілінің диалектілерін үлкен екі топқа бөледі. Бірінші топқа *теке, сарык, гөклен, емуд эрсары* диалектілері енсе, екінші топқа *нухур, анау, эски, сурхы, арабачы, кирач, чаудыр, нукры, хатан, баят* сияқты диалектілер енеді.

Түрікмен тілі көне жазба ескерткіштері бар тіл болып саналады. Олардың Мақтымғұлы, Молланепес сияқты классик ақындарының шығармалары Қазаннан бұрын баспа бетін көріп, түркі халықтарының арасына кең тараған. Сондай-ақ түркмен тілі Қазаннан бұрын орыс ориенталист ғалымдарының зерттеу нысаны да болған. Мысалы, А.Н.Самойлович түрікмен тілі мен әдебиеті, этнографиясы туралы Қазаннан бұрын бірнеше еңбек жазғандығы анық. Кеңес дәуірінде түрікмен тіл білімі қалыптасып, түрікмен тілі жан-жақты зерттелді, бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Түрікмен тілін зерттеген кеңес тілшілерінен А.П.Поцелуевский, П.Азымов, М.Н.Хыдыров, Б.Чарыяров, З.Б.Мухамедова, Т.Тачмурадов, К.Сарыев, Х.Байлиевтердің аттарын атап көрсетуге болады.

Түрікмен тілінде он дауысты дыбыс бар: *а, о, ө, у, ү, ы, и, э, е, ө*. Сонымен бірге түрікмен тіліндегі дауысты дыбыстар созылыңқы және қысқа дауыстылар болып екіге бөлінеді. Салыстырыңыз: *ат* “конь”, *ат* “имя”, *от* “травя”, *от* “огонь”, *өл* “умри” *өл* “мокрый”, *бил* “знай”, *бил* “поясница”, *гыз* “нагриваться”, *гыз* “девочка” т.б. Түркітануда созылыңқы дауысты дыбыстарды бірінші және екінші созылыңқылық деп екіге бөлу дәстүрі бар. Түрікмен тіліндегі созылыңқы дауысты дыбыстарды көпшілік ғалымдар бірінші (первичный) созылыңқы дауыстылардың қатарына қосады. Қазіргі түрікмен тілінің материалдарының көрсетуінше, дауысты дыбыстардың қолданылу жиілігі, сөз құрамында келу деңгейі бірдей емес. Мысалы, *а* дыбысы созылыңқы және қысқа

болып келеді де сөздің барлық шегінде қолданыла береді. Сөз басында: *ат* “лошадь”, *а:т* “имя”; сөз ортасында: *а:ашшы* “плотник”, *елбарс* “лев”, *са:ры* “желтый”, *да:ш* “камень”; сөз соңында: *чыра* “лампа”, *дашарда* “во дворе”, *жеза* “наказание”, *дерйа* “река”, т.б. Сондай-ақ *о*, *ө* дыбыстары да созылыңқы және қысқа айтылады, бірақ қысқа *о*, *ө* дыбыстары сөздің барлық буындарында қолданылса, созылыңқы айтылғанда тек сөз басында не бірінші буынның құрамында айтылады.

Түрікмен тілінде 21 дауыссыз дыбыс бар: *б, в, г, д, ж, ж, з, й, к, л, м, н, н, п, р, с, т, ф, х, ч, ш*. Түрікмен тілінде *щ, ң* дыбыстары да қолданылады, бірақ олар жеке фонемалық сипатқа ие емес. Сөз ішінде екі *ш* дыбысы келсе ғана екі *ш* дыбысының орнына *щ* әрпі жазылады. Мысалы, айтылуда *ишшек, паишы* болса, жазылуда *ищек, пащы* болып жазылады. Ал *ң* түрікмен тіліндегі төл сөздерде кездеспейді, орыс тілінен не орыс тілі арқылы кірген кірме сөздердің құрамында қолданылады. Мысалы, *цыган, цемент* т.б. Бұл сөздер түрікмен тілінің орфоэпиялық нормасымен айтылғанда *сиган, семент* түрінде айтылады. Түрікмен тіліндегі дауыссыз дыбыстардың барлығы бірдей қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарға сәйкес келе бермейді. Мысалы, түрікмен тіліндегі *г* дыбысы тіл арты және тіл ортасы болып екі түрлі жасалады. Тіл ортасының көмегімен жасалғанда олар жіңішке (тіл алды) дауысты дыбыстармен тіркеседі (*чигит* “семечки”, *сөйги* “любовь”), тіл артының көмегімен жасалғанда жуан (тіл арты) дауысты дыбыстармен тіркеседі (*агсақ* “храмой”, *бояг* “краска”, *гуры* “сухой”). Дауыссыз дыбыстардың сөздердің құрамында қолданылу жағынан да айырмашылықтардың бар екендігі байқалады. Мысалы, *ж* дыбысы түрікмен тілінде (кірме сөздерді есепке алмағанда) сөз басында айтылмайды, сөз ортасында, сөз соңында көбірек қолданылады. Қазақ тілінде болса, бұл дыбыс сөз талғамайды. Сондай-ақ *г* дыбысы түрікмен тілінде сөздердің барлық буындарында келе берсе, қазақ тілінде сөз соңында қолданылмайды.

Түрікмен тілінде езу үндестігі басым. Яғни езу дауысты дыбыстары сөздердің екінші және үшінші буындарында қолданыла береді. Сонымен бірге қосымшалардың құрамында да кездеседі. Сингармонизм заңдылығына байланысты: 1)

сөздер не бірыңғай жуан дауысты дыбысты, не бірыңғай жіңішке дауысты дыбысты; 2) қосымшалар түбірдегі соңғы буынның жуан не жіңішке болуына қарай жуан, жіңішке болып жалғанады. Сондықтан да қосымшалар екі, төрт вариантты болып қолданылады. Мысалы, *-да, -де* (жатыс септігі), *-а, -е* (барыс септігі), *-дан, -ден* (шығыс септігі), т.б. Сонымен бірге түрікмен тілінде ерін үндестігі де сақталған. Олар түбір сөздердің буындары арасында (*көмүр, годүк, доңуз, зулум*), кейбір жалғаулардың фонетикалық нұсқалары ретінде (*-ның, -ниң, -нун, -нүн* – ілік септігінің қосымшасы; *-ым, -им, -ум, -ың, -иң, -уң, -үң* – тәуелдік жалғауы), туынды түбір құрамындағы түбір мен жұрнақтары аралығында (*дүшүр, дослук, бөлүм*) қолданылады. Дауыссыз дыбыстар арасындағы үндесу, көбінше, ілгерінді ықпал заңдылығына бағынады. Бірақ басқа түркі тілдеріндегідей түбірдің соңғы дыбысының қатаң болуымен қосымшаның қатаңнан басталуы, дауысты болса қосымшаның үнді не ұяңнан басталуы сияқты нұсқалар қолданылмайды. Қосымшалардағы нұсқалар дауысты дыбыстармен ғана байланысты болады. Мысалы, қазақ тілінде шығыс септігінің қосымшалары *-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен* қалыптасқан. Түрікмен тілінде олар тек *-дан, -ден* түрінде келеді. Сондай-ақ қазақ тілінде жатыс септігінің *-да, -де, -та, -те, -на, -не* нұсқалары қалыптасып, түбірдің соңғы дыбысының дауысты, қатаң, ұяң, үнді болуына қарай қосылса, түрікмен тілінде *-да, -де* нұсқаларына ие. Бірақ қатар қолданылған кей дауыссыз дыбыстар (көбінше түбір мен қосымшалар аралығында) бірі екіншісіне ықпал жасап, дыбыстық өзгеріске түсуі өте көп байқалады. Мысалы, түбірдің соңғы дыбысы *н* дыбысына бітіп, қосымша *д* дыбысынан басталынса, айтылуда *д* дыбысы *н* болып айтылады, жазылуда ескерілмейді. Мысалы, *менне* (жазылуда *менде*), *муннан* (жазылуда *мундан*), *гөзүне* (жазылуда *гөзүнде*) т.б. Сөздің соңғы *м* дыбысына бітіп қосылатын қосымша *д* дыбысынан басталынса, *д* дыбысы айтылуда *н* болып айтылады. Мысалы, *кимне* (жазылуда *кимде*), *адымна* (жазылуда *адымда*), *өйүмнен* (жазылуда *өйүмден*) т.б. *Н* дыбысына біткен сөздерге *б* дыбысынан басталатын қосымшалар қосылса, не екінші бір сөз тіркесе, айтылуда *б* дыбысы *м* болып айтылады. Мысалы, *он мир* (жазылуда *он*

бир), *он мәш* (жазылуда *он бәш*) т.б. Бұл типтес дыбыс ықпалы кейде кейінді ықпал заңдылығы негізінде де болады. Мысалы, *т*, *з* дыбыстарына біткен сөздерге *с* дыбысынан басталған қосымша қосылатын болса, *т*, *з* дыбыстары айтылуда *ж*, *с* болып айтылады. Салыстырыңыз: *тұссағ* (жазылуда *тутсағ*), *яссағ* (жазылуда *ятсағ*), *ессе* (жазылуда *етсе*) т.б.

Түрікмен тілінде сын есімнің төрт шырайы бар деп есептеледі. Жай шырайдың арнайы қосымшасы болмайды, түбір сын есімдер арқылы беріледі. Салыстырмалы шырай *-рақ*, *-рек* қосымшаларының көмегімен беріледі. Күшейтпелі шырай күшейтпелі буынды қос сөздер үлгісінде, *не чув* (пре), *шар* “очень”, *өрөн* “очень”, *иң* “самый”, *иңнән* “исключительно, очень”, *хас* “особенно”, *чым* “пре” сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Төртінші шырай ретінде бәсең (уменьшительно-ласкательная степень) шырай есептеледі. Олар сын есімнің түбіріне *-ымтыл*, *-имтил*, *-ымтық*, *-имтик*, *-жа*, *-же*, *-жак*, *-жек* қосымшаларын қосу арқылы жасалады.

Басқа түркі тілдеріне қарағанда етістіктің шақ қосымшаларында айтарлықтай ерекшелік бар. Мысалы, түрікмен тілінде осы шақтың синтетикалық формасы бар. Бұл форма қыпшақ тілдерінде де, қарлұқ тілдерінде де, оғыз тілдерінің басқаларында да қолданылмайды. Ол *-яр*, *-йөр* формасына ие. Түрікмен тілдеріне жақын туыс тілдерден түрік тілінде *-уор* қосымшасы нақ осы шақ мағынасында қолданылады. Түрікмен тіліндегі *-яр*, түрік тіліндегі *-уор* қосымшалары *жур* қалып етістігінің дамуы нәтижесінде қалыптасқан. Түрікмен тілінде осы шақтың жалпы осы шақ, нақтылы осы шақ, болжалды (неғайбыл) осы шақ және ауыспалы (осы өткен) шақ түрлері бар. Жалпы осы шақ *-яр*, *-йор* қосымшасының етістіктердің түбіріне қосылуы арқылы жасалынса, нақтылы осы шақ *ду:р*, *оты:р*, *яты:р*, *йо:р* төрт етістігінің көмегімен жасалады. Бұл төрт етістіктің жеке өздері тұрып та, аналитикалық форманың құрамында келіп те нақ осы шақ мағынасын білдіреді, бірақ болымсыз формада қолданылмайды. Болжалды осы шақ *-дыр*, *-дир* қосымшасының көмегімен жасалса, ауыспалы осы шақ тәуелдік жалғаулы *-ан*, *-ен* формалы өткен шақ есімшесіне *ок* (*йо:к*) сөзінің қабаттасуы арқылы жасалады.

Өткен шақтың бірнеше түрі бар. Мысалы, *-ды*, *-ди*, *-ду*, *-дү* қосымшасының көмегімен нақтылы өткен шақ (*гелдим*,

яздим) жасалса, *-ярды, -йәрди* қосымшасы тиянақсыз өткен шақтың грамматикалық формасы ретінде қолданылады. Мысалы, *язярдим* “я писал” т.б. Тиянақсыз өткен шақтың екі түрі бар. Оның бірінші түрі *-ярды, -йәрди* қосымшасы арқылы жасалса, екінші түрі *-арды, -ерди* қосымшалары арқылы жасалады. *-Жақды, -жекди* қосымшалары арқылы жасалан өткен шақты болжалды өткен шақ (прошедшее время намерения) деп атайды. Мысалы, *өлдүржекди, башлабержекди* т.б. *-Ынды, -упди, -унды, -үнди* қосымшалары арқылы берілген өткен шақтың мағынасы бұрынғы болған амал-өрекетті білдірумен байланысты болады. Мысалы, *болупди, ятыпды, гелипди* т.б. Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі *-манды, -мәнди* қосымшаларының көмегімен жасалады. Мысалы, *язмандым, гелмәндим*, т.б.

Түрікмен тілінде келер шақтың екі түрі бар. Біреуі – жалпы келер шақ (будущее некатегорическое). Жалпы келер шақ етістіктің түбіріне есімшенің *-ар, -ер* қосымшасын қосу арқылы жасалады да, келешекте болуы мүмкін болған амал-өрекетті болжау, шамалау мағыналық реңкін қоса білдіреді. Мысалы, *Инди ишлер ела душер* (Х.Ысмаилов). *-Ар, -ер* қосымшасы етістіктің болымсыз түріне де қосылады. Қазақ т.б. түркі тілдерінде оның болымсыз түрі *-мас, -мес* формасында болса, түрікмен тілінде оның *-мас, -мес* формасымен бірге *-мар, -мер* формасында да қолданылады. Мысалы, *язмардым, язмарсын, язмаз*, т.б. Бірінші жақта келер шақтың бұл түрі *-манам, -менем* формасына да ие болады. Мысалы, *Алладан горкаррам, сенден горкманам* (Молланепес). Келер шақтың екінші түрі нақтылы (будущее категорическое) деп аталады да, етістіктерге *-жак, -жек* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Түрікмен тіліндегі *-жак, -жек* қосымшасының өзіндік ерекшелігі де бар. Ең алдымен, *-жак, -жек* формалы келер шақ жіктік жалғауын қабылдамайды, жақтық мағынаны сөйлемде қолданылған бастауыш арқылы анықтауға болады. Мысалы, *Айнам, мен сени бир салым еке галдыражак* (Б.Кербабев). Екіншіден, бұл қосымша болымсыз етістіктерге қосылады, көбінше болымсыздық мағынасы дәл сөзінің тіркесуі арқылы беріледі. Мысалы, *Беки, оғлуң бу пикириңе гөвнемежек* (А.Дурдыев). *Онуң геленини-гелмедигини вели мен билжек дәл*, т.б.

Әдебиеттер:

1. Грамматика туркменского языка. Ч.І. Ашхабад, 1970.
2. Языки народов СССР. Т.ІІ. М., 1966.
3. Улы русча-туркменче чөзлүк. Т.І. М., 1986., Т.ІІ. М., 1986.

ГАГАУЗ ТІЛІ

Түркі тілдерінің оғыз тобына жататын тілдің біреуі – гагауз тілі. Гагауздар Молдавада және Украинаның Одесса облысында (еліміздегі гагауздардың жалпы саны – 197164) тұрады. Олардың біразы шет елдерде (Болгарияда, Түркияда), ТМД-ның бірнеше республикаларында тұрады. Гагауз халқының тарихы, этнографиясы толық зерттелмеген. Олардың 1957 жылға дейін өз жазулары болмаған. 1957 жылы 30 шілдедегі Молдавия Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен, орыс грамматикасы негізінде гагауз әліпбиі қабылданды. Гагауыз әліпбиінде 37 әріп бар: *a, ä, б, в, г, д, е, ё, ж, ж, з, и, й, к, л, м, н, о, ö, п, р, с, т, у, ү, ф, х, ц, ч, щ, ы, ь, э, ю, я.*

Гагауз тілін зерттеу Қазан төңкерісінен бұрын басталса да, оны жан-жақты ғылыми зерттеу елуінші жылдардан кейін қолға алынды. Гагауз тілін зерттеуге В.А.Машков, Н.К.Дмитриев, Л.А.Покровская, Г.А.Гайдаржи, Д.Н.Танисоглу, Б.Г.Гафаров, Б.П.Тукан сияқты ғалымдар ат салысты. Қазіргі гагауз тілінде екі диалекті бар деп есептеледі. Гагауз тілінің орталық диалектісінде Молдаваның Чадыр-Лукск, Комратск ауданында жасайтын гагауздардың сөйлеу тілі енсе, оңтүстік диалектіге Молдаваның Булканштет ауданында жасайтын гагауздардың тілі енеді. Кей ғалымдар Болгарияда жасайтын гагауздардың тілі де өзгеше дейді. Бірақ оларды ғалымдар жеке диалекті деп санамайды. Орталық диалекті мен оңтүстік диалектінің арасында фонетикалық, лексикалық ерекшеліктер бар да, грамматикалық ерекшеліктер өте аз. Етістіктің осы шағымен байланысты грамматикалық ерекшеліктер ғана бар. Яғни орталық диалектіде осы шақ *-эр, -ер* жалғауына ие болса, ол оңтүстік диалектіде *-ый, -ий* формасына ие.

Гагауз тілінде дауысты дыбыстар қысқа және созылыңқы болып екіге бөлінеді. Созылыңқы дауысты дыбыстардың қолданылуында аздап ерекшеліктер бар. Мысалы, бірінші созылыңқылық көне түркі сөздерінде ғана сақталған да, өте сирек кездеседі. Мысалы, *аара* “ищи”, *аарт* “задняя часть”,

каав “гусь”, *каар* “снег” т.б. сөздер жалпы түркі тілдерінде қолданылатын, жалпы түркілік сипатқа ие. Ал *лаазым* “нужно”, *аалем* “мир”, *маави* “синий”, *саат* “час” сияқты сөздер – кірме сөздер. Созылыңқы дауыстылардың екінші түрі – екінші созылыңқылық көбірек қолданылады. Созылыңқы *aa* дыбысы *a-h-a*, *a-h*, *a-ғ-a* сияқты орындарда қолданылады. Мысалы, *аач-ағач* “дереву”, *аар-ағыр* “тяжело”, *раат* (араб. *rahat* – рахат), *маасус* (араб. *mahus*), *достулаа* (достук(ғ)а) “дружба” т.б. Гагауз тіліндегі созылыңқы дауысты дыбыстардың саны тоғыз: *aa*, *ee*, *uu*, *oo*, *uu*, *yy*, *öö*, *üü*, *ää*. Гагауз тілінде қысқа дауысты дыбыстардың саны да тоғыз. Олардың айтылуында, жазылуында басқа түркі тілдерінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Сөз құрамында дауысты дыбыстар сингармонизм заңдылығын сақтайды. Яғни сөздің бірінші буыны жуан болса, қалған буындары да жуан болады (мысалы, *йалдыз*, *йалдызламаа*, *йалдызлы*, *колай*, *калайжа*, *колайламаа*, *колайландырмаа* т.б.), жіңішке болса, қалған буындары да жіңішке болады (мысалы, *серт*, *сертленмее*, *сертлендирмее*, *тясен*, *тясенжи* т.б.). Сонымен бірге гагауз тілінде ерін үндестігі де сақталған, бірақ өте кең таралмаған. Түбір сөздің құрамындағы дауыстылар арасында *o*, *y*, *я* дыбыстары үндессе, қосымшалар құрамында тек *y*, *я* дыбыстары ғана қолданылады. Мысалы, етістіктің өткен шақ формасы *-ды*, *-ди*, *-ду*, *-дү*; жіктік жалғауы *-ым*, *-им*, *-ум*, *-үм*; *-сын*, *-син*, *-сун*, *-сүн* формасына ие.

Гагауз тілінде 22 дауыссыз дыбыс бар, бесеуі үнді, жетеуі ұяң, оны – қатаң. Қазақ тілінің дауыссыздары сияқты қатаң жөнә ұяң дауыссыздардың көбі өзара сәйкес келіп жатады. Мысалы, *б~п*, *д~т*, *г~к*, *ж~ш*, *з~с*, т.б.

Дауыссыз дыбыстардың қолданылуында қазақ тілінен аздап өзгешелік бар. Мысалы, *г* дыбысы сөз басында, сөз ортасында жиі қолданылады. Қазақ тілінде *к* дыбысынан басталатын көп сөздер гагауз тілінде *г* дыбысымен айтылады. Салыстырыңыз: *гарга* “ворона”, *гежә* “ночь”, *гележек* “будущий”, *гелин* “невеста”, т.б. Сонымен бірге *к* дыбысы да сөз басында қолданылады. Мысалы, *кир* “грязь”, *кирпик* “ресница”, *куйрук* “хвост”, т.б.

Гагауз тілінде *қ*, *ғ* дыбыстары фонема ретінде саналмайды. Сондай-ақ, *г*, *д*, *з* дыбыстары сөз соңында қолданылмайды. *З* дыбысы сөз соңында қолданылса да, *с* дыбысына жақын айтылады. Гагауз тілінде *ж* аффрикаты бар. Бұл дыбыс та

сөз басында, сөз ортасында жиі кездеседі, сөз соңында қолданылмайды. Фонетикалық айырмашылықтардың бірі *й* дыбысымен байланысты. Гагауз тілінде *й* дыбысынан басталып айтылатын сөздер қазақ тілінде *ж* дыбысымен айтылады. Мысалы, *йан* “бок”, *йангын* “пожар”, *йаван* “тихий”, *йазы* “письма”, т.б.

Түркі тілдерінде бар сөз табының барлығы гагауз тілінде кездеседі. Зат есімнің мынадай сөз тудырушы жұрнақтары бар: 1) *-ды, -жи, -жу, -жя, -чы, -чи, -чу, -чү*. Бұл қосымша, негізінен, мамандық мәнді туынды түбір зат есім жасайды да, қазақ тіліндегі *-шы, -ші* қосымшасына сәйкес келеді. Мысалы, *колхозчу* (колхозшы), *демиржи* (темірші), *масалчы* (ертекші) т.б. Гагауыз тілінде бұл қосымша етістікке де қосылып туынды түбір зат есім жасайды. Мысалы, *ууредижи* (үйретуші — оқытушы), *ууиренжи* (үйренуші — оқушы) т.б.; 2) *-лык, -лик, -лук, -ляк, -нык, -ник, -нук, -нүк* қосымшасы есім сөздерге қосылып, туынды түбір зат есім, сын есім жасайды. Мысалы, *аачлык* (аштық), *достлук* (достық) т.б.; 3) *-ык, -ик, -ук, -үк* қосымшасы етістіктерге қосылып, туынды түбір зат есім жасайды. Мысалы, *капак* (қақпақ), *дошек* (төсек), т.б.

Гагауз тілінде төрт түрлі жалғау бар. Септік жалғаулары алты түрлі формаға ие. Атау септігінің арнаулы қосымшасы жоқ. Ілік септігінің қосымшасы *-ын, -ин, -ун, -үн, -ан, -ен*. Басқа түркі тілдеріндегідей оларда *-нын, -нин, -нун, -нүн* қосымшалары да бар. Бірінші топтағы қосымшалар дауыссыз дыбыстарға біткен сөздерге қосылса, екіншілері дауысты дыбысқа біткен сөздерге қосылады. Барыс септігінің қосымшасы *-а, -е, -йа, -йе*. Қазақ тіліндегідей *-ға, -ге, -қа, -ке* қосымшалары жоқ. Табыс септігі *-ы, -и, -у, -ү* қосымшаларының қосылуы арқылы жасалады. Шығыс септігінің қосымшасы *-дан, -ден, -тан, -тен*. Гагауз тілінде жай септеу мен тәуелдеулі септеулердің арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Тәуелдеулі септеуде атаудан басқа септіктерде түбірге *н* дыбысын қосып барып септеледі. Мысалы, *досту, достунун, достуна, достуну, достунда, достундин*, т.б. Егер *к* дыбысына біткен екі, не одан көп буынды сөздер септелсе, гагауз тілінің фонетикалық заңдылығы бойынша түбірдегі соңғы дауысты дыбыс

созылыңқы қасиетке ие болады. Мысалы, А: *сокак* (улица), І: *сокаан*, Б: *сокаа*, Т: *сокаа*, Ж: *сокакта*, Ш: *сокактан*, т.б.

Сын есімнің сөз тудырушы жұрнақтары екі түрлі болады. Олардың бір тобы есім сөздерден сын есім жасайтын (-*лы*, -*ли*, -*лу*, -*лү*; -*ны*, -*ни*, -*ну*, -*нү*; -*сыз*, -*сиз*, -*суз*, -*сүз*; -*кы*, -*ки*, -*ку*, -*кү* т.б.), екінші тобы етістіктерден сын есім жасайтын (-*ык*, -*ик*, -*ук*, -*үк*, -*ак*, -*ек*, -*ма*, -*ы*, -*и*, -*у*, -*ү*) қосымшалар болып есептеледі. Сын есімнің шырай қосымшалары да бар. Сондай қосымшалардың бірі -*жа*, -*жд*, -*ча*, -*чә*. Мысалы, *қысажа* “давольно короткий”, *сааржа* “давольно глухой”, *сарыжа* “желтоватый” т.б. Осындай салыстыру мағынасында -*мсы*, -*мси*, -*мсу*, -*мся* қосымшасы да қолданылады. Мысалы, *сарымсы* “желтоватый”, *ишимси* “кисловатый”, *маавимси* “синоватый” т.б. -*Арак*, -*ерек* қосымшасы да салыстыру мағынасын білдіреді, бірақ өнімсіз қосымшалардың бірі болып саналады. Мысалы, *азарак* “маловатый”, *дарарак* “узковатый”, т.б. Мұндай салыстыру *таа/даа* сөзінің тіркесуі арқылы да беріледі. Мысалы, *таа гозол* “более красивый”, *таа ислаа* “более хороший”, т.б. Бір сынды не сипатты екінші бір сыннан не сипаттан асыра көрсету де бар. Олар, негізінен, күшейтпелі буынды қос сөздер арқылы беріледі, не қайталама қос сөздер арқылы беріледі. Мысалы, *қып-қырмызы* “совершенно красивый”, *куп-куру* “совершенно сухой”, *дум-дуз* “совершенно ровный”, *узун-узун* “длинный-длинный”, *биаз-биаз* “белый-белый” т.б. Бұндай мағынаны беру үшін кейде *хем/хен* “самый”, не *хепси* “все” сөздерінің тіркесуі қажет болады. Мысалы, *хен таалы* “самый дорогой”, *хен чок* “больше всего”, *хепсіндан гозол* “самый красивый”, *хепсіндан чок* “больше всех”, т.б.

Етістіктер негізгі және туынды түбір болып келеді де, туынды түбір етістіктер жұрнақтар қосылу арқылы жасалады. Есім сөздерден етістік тудыратын ең өнімді жұрнақтар: -*ла*, -*ле*, -*лу*, -*на*, -*нә*, -*ар*, -*ер*, -*лан*, -*лән* т.б. Етістіктерден етістік тудыратын жұрнақтар етіс жұрнақтары болып саналады. Қазіргі гагауз тілінде бес түрлі етіс жұрнақтары бар: 1) негізгі етіс; 2) ортақ етіс; 3) өздік етіс; 4) өзгелік етіс; 5) ырықсыз етіс. Қосымшалары жағынан етіс жұрнақтарының қазақ тілінен айырмашылығы жоқ, бірақ білдіретін мағыналары жағынан айырмашылығы бар. Мысалы, ортақ етістің

қосымшасы *-ыш, -иш, -уш, -ўш*: *анаиш* “понять друг-друга”, *бакыш* “переглядывать”, *билиш* “познакомиться”, т.б. Гагауз тілінде *-ыш, -иш* қосымшасы қимылдың бірнеше қайталанғандығын да білдіреді. Мысалы, *качыш* “бегать туда-сюда”, *изиш* “прогуливать”, т.б. Гагауз тіліндегі кей етістік тек *-ыш, -иш* формасында ғана қолданылады, оның жай етіс формасы болмайды. Мысалы, *кауыш* “заходить”, *соваш* “мучиться”, *сауш* “убраться” т.б. Өздік етіс қосымшасы *-ун, -ўн, -н, -ын, -ин*. Мысалы, *булун* “находиться”, *бакын* “осматриваться” т.б. Ырықсыз етіс етістіктің түбіріне *-ыл, -ил, -ул, -ял* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Қазақ тіліндегі сияқты, кейде *-ын, -ин, -ун, -ўн* қосымшасы да ырықсыз етіс мағынасында қолданылады. Мысалы, *айырыл* “быть отдельным”, *соолен* “говориться” т.б. Өзгелік етіс етістіктерге *-дур, -дўр, -тыр, -тир, -дыр, -ыт, -ит, -ут, -т, -ыр, -ир* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *йаздыр, гездир, ишет*, т.б.

Рай қосымшалары оғыз тілдеріндегі рай қосымшаларымен сәйкес келеді. Қазіргі гагауз тілінде бес рай бар. Ашық райдың арнайы қосымшасы болмайды. Олар шақ, модальділік мағыналарымен байланысты айтылады. Бұйрық райының бірінші жағын гагауз тілін зерттеген ғалымдар мойындамайды. Қазақ ғалымдарының бірінші жақ бұйрық райының қосымшасы деп жүрген жұрнақты (*-айын, -ейин*) қалау (желательное или желательно-сослагательное наклонение) райының қосымшасы деп есептейді. Екінші жақ бұйрық райдың формасы етістіктің түбір тұлғасымен сәйкес келеді. Ал көпше түрінде болса *-ын, -ин, -ун, -ўн, -йын, -йин, -йўн, -(й)ыңыз, -(й)иниз* қосымшаларын қабылдайды. Үшінші жақта болса *-сын, -син, -сун, -сўн* қосымшасын жекеше түріне, *-сынар, -синәр, -суннар, -сўннар* қосымшасын көпше түріне қосады. Қалау райын шақтық мағынамен байланыстырып: 1) ауыспалы осы шақтық (настоящее и будущее время) және 2) өткен шақтық формасы деп екіге бөлген. Ауыспалы осы шақтық қалау райының бірінші жағында *-айым-, -ейим, -алым, -елим*; екінші жақта *-асын, -есин, -сыңыз, -есиниз*; үшінші жақта *-сын, -син, -сыннар, -синнар* қосымшасына ие болады. Қалау райының өткен шақ бірінші

жақтағы формасы *-айдым, -айдык, -ейидик, -ейидим*; екінші жақта *-айдын, -ейдин, -айдыңыз, -ейдиниз*; үшінші жақта *-айды, -ейди, -айдылар, -ейдилар*. Міндеттілік (долженственное наклонение) рай етістіктің түбіріне *-малы, -мели* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Шартты рай болса *-са, -сә* қосымшаларына ие.

Гагауз тілінде есімшенің бес түрі қолданылады. 1. Есімшенің ең көп қолданылатын түрі *-(u)ан, -(ü)ән*. Бұл қосымша ауыспалы осы шақ мағынасын білдіреді де, басқа түркі тілдеріндегі *-ған, -ген* қосымшасымен этимологиялық жақтан байланысты. Ол, кей жағдайларда ғана өткен шақ мағынасында қолданылады. Сондықтан *-ан, -ән* қосымшалы есімшені ауыспалы өткен шақ деп атау да бар. Гагауз тілінде кей өлі түбір сөздердің құрамында *-ған, -ғән* қосымшалары да сақталған. Мысалы, *сауған* “ветренный”, *улашкан* “заразный” т.б.; 2. Ауыспалы осы шақтың екінші түрі осы және келер шақтық мағынамен байланысты. Олар *-ар, -ер, -р* қосымшасының көмегімен жасалады. Бұл қосымшаның *-ур, -үр, -ыр, -ир* варианты да бар, бірақ олар келер шақтық мағынаны білдіреді; 3. Мақсатты келер шақтық есімше *-(й)ажак, -(й)ажек* қосымшасына ие. Бірақ бұл қосымшалы есімше қазіргі гагауз тілінде сирек қолданылады; 4. *-Мыш, -миш, -муш, -мүш* қосымшалы есімше өткен шақтық мағынада қолданылады. Олардың мағынасында белгісіздік, өте ертеде болған, не амал-әрекеттің иесі кейін білген сияқты мағыналық реңкке ие; 5. Өткен шақтық есімше ретінде *-дык* қосымшасы қолданылады. Гагауз тілінде бұл қосымша тек болымсыз формада ғана өз тұлғасын сақтаған. Яғни болымсыз мағынада *-мадык, -медик* тұлғасына ие. Болымды формада болса *-дыы, -диш, -дуу, -дүү, -тыы, -тиш, -туу, -түү* қосымшаларына ие болады. *-Дык, -дик* қосымшасы, негізінен, қимыл атауы категориясының жұрнағы болып есептеледі.

Гагауз тілінде көсемше жұрнағының тоғыз түрі қолданылады:

1. *-(й)ып, -(й)ип, -(й)уп, -(й)үп.*
2. *-(й)а, -(й)е.*
3. *-(й)арак, -(й)ерак.*
4. *-мадан, -меден.*

5. -(й)ынжа(к), -(й)инжә(к), -(й)унжак, -(й)унжә(к).
6. -дыкча(н), -дикчә(н).
7. -кан, -кин, -кен, -аркан// -ырман// -мышкан, -ажэйкан.
8. -дыйнан, -дийнән, -дуйнан, дуйкән
9. -дызаанан, -дижәйнән т.б.

Әдебиеттер:

1. Покровская Л.А. Грамматика гагаузского языка. Фонетика и морфология. М., 1964.
2. Покровская Л.А. Синтаксис гагаузского языка в сравнительном освещении. М., 1978.
3. Гайдаржи. Гагаузский синтаксис. Кишинев, 1973.
4. Гагаузско-русско-молдавский словарь. М., 1973.

САЛАР ТІЛІ

Саларлар — Қытайдағы түркі тілдес халықтардың бірі. Олардың төл жазуы жоқ. Э.Р.Тенишевтің көрсетуінше, саларлардың жалпы саны — 40 мың-ға жуық. Саларлардың тарихы, тілі, әдебиеті толық зерттелмеген. Жазба деректерде саларлар туралы алғашқы мәлімет М.Қашғаридың сөздігінде бар. Ол *салгур* тайпасы бар екендігін, олардың оғыздардың құрамына кіретіндігін айтады. Жалпы М.Қашғари оғыздардың 22 тайпадан құралатындығын, салгурлар олардың бесінші тайпасы екендігін көрсеткен (Диуани, I., 89-б.). *Салгурлар* оғыздар Сібірден көшкенде олармен бірге көшіп Самарқанд және одан ары Түрікменстанға, Кіші Азияға дейін барған. Бірақ XIV ғасырда кері көшіп, қазіргі орналасқан жеріне келіп қоныстанған.

Салар тілі XIX ғасырдың соңында ғана зерттеле бастаған. Олар туралы материалдар жинап, алғаш хабар бергендер Г.Н.Потанин, Ф.Поярков, В.Ладыгиндер болды. Ал саларлар ішінде болып, тілдік материал жинаған алғашқы тілші түркітанушы С.Е.Малов болатын. Соңғы кезде саларлардың тілін жинап, ғылыми зерттеулер жүргізген — Э.Р.Тенишев. Салар тілін зерттеушілер бұл тілдің табиғатын анықтауда екі түрлі көзқарасты қолдайды. Бір топ ғалымдар салар тілін жеке тіл деп санамастан, сары ұйғыр тілінің бір диалектісі деп санайды. Мысалы, К.Томсен, Н.Н.Поппе, т.б. Екінші

бір топ ғалымдар салар тілі түркі тілдерінің оғыз тобына жататын, бірақ қыпшақ тілдерінің күшті ықпалына түскен жеке тіл деп санайды. Мысалы, Э.Р.Тенишев, т.б. Салар тілінде сөйлеуші халықтар ұзақ уақыт түркі тілдес халықтардан қол үзіп қытай, монғол, тибет тілдес халықтардың қоршауында болды. Сондықтан саларлар көп тілді меңгерген, үй ішінде түрікше сөйлесетін, жұмыстарын қытайша жүргізетін халық болып қалыптасты. Соңғы жағдай салар тілінің құрамына көптеген қытай, тибет, монғол тілдерінің элементтерінің енуіне жағдай жасалды.

Салар тілінің үш диалектілік тармағы бар. 1. Батыс диалекті. 2. Шығыс диалекті. 3. Аралас диалекті. Бұлар, негізінен, фонетикалық және лексикалық ерекшеліктерімен ғана ерекшеленеді.

Салар тілінде сегіз дауысты (*i, u, e, o, a, ä, ü, y*), 32 дауыссыз дыбыс бар. Созылыңқы дыбыстар мағына ажыратпайды, тек сөйлеу кезіндегі түрлі эмоцияны білдіреді.

Салар тіліндегі сөз тудыру жүйесі басқа түркі тілдерінен онша алшақтап кетпеген, туынды түбір сөз жасауда мына жұрнақтар қолданылады:

1. *-uу, -ui, j*, з. Есім сөздерге қосылып мамандықпен байланысты туынды зат есім түбір жасайды. Мысалы, *satyxuэ* “купец”, *maluэ* “пастух”, *temurji* “кузнец”, т.б.;

2. *-lyx, -liх, -liх, -(e)lex*. Зат есімдерге қосылып белгілі бір нәрсеге арналған затты не нақтылы затты білдіретін туынды түбір зат есім жасайды. Мысалы, *astyx* “зерна”, *jojtyx* “помещение, в котором выжымает масло”, *etilyx* “завтрак”, *uttytyx* “старшая жена”, *közelex* “очки”, т.б.;

3. *-ки, гу*. Етістіктерге қосылып, амал-өрекеттің нысаны болатын зат атауларын жасайды. Мысалы, *jiku* “еда”, *kigu* “одежда”, т.б.;

4. *-guuэ, -guiэ, -guiy, -kuiэ, -küэ*: етістіктерге қосылып амалдық мөнді не сол амал-өрекетті орындауға бейімділікті білдіретін туынды түбір сөз жасайды. Мысалы, *keleguuэ* “проситель”, *satkuuэ* “продавец”, *tiiva kukuji* “пастух верблюдов”, т.б.;

5. Зат есімдерге қосылып, сын есім жасайды. Мағынасында сол заттың барлығын білдіретін реңк бар. Мысалы, *kusli* “сильный”, *tiixli* “шерстяной”, т.б.;

6. *-ki, -gi*. Мезгіл мағыналы зат есімдерге қосылып туынды түбір сын есім жасайды. Мысалы, *keski* “вечерный”, *ergi* “давний”, *jitki* “годовой” т.б.;

7. *-la, -le, -na, -ne*. Есім сөздерге қосылып, туынды түбір етістік жасайды. Мысалы, *basta* “возглавлять”, *tanna* “выбирать”, т.б.

Салар тілінде алты септік бар:

1. Атау септігі. Бұл септіктің арнайы қосымшасы жоқ;

2. Ілік септігі. Түбір есімдерге *-ni, -ny* (өте сирек *-n, -nyn*) қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *agasni* “дерева”, *golni* “рука”, *kişini* “(дом) жены”, т.б.;

3. Барыс септігі есім сөздерге *-ga, -ge, -a, -e, -ka, -ke*, қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *kisilara* “людям”, *agasa* “дереву”, *pekke* “князю”, т.б.;

4. Табыс септігі есім сөздерге *-ni, -ny, -ne* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *jagni* “масло”, *zane* “чай” т.б.;

5. Жатыс септігі есім сөздерге *-ta, -te, -da, -de* қосымшалары жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *tuniada* “в мире”, *togta* “на горе”, *jotta* “в пути” т.б.;

6. Шығыс септігі есім сөздерге *-tan, -ten, -dan, -den* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *attan* “с коня”, *kisten/kistan* “от человека”, *amadan* “от матери” т.б.

Сан есімдердің бірлік сандары мен елуе дейінгі ондық сандарында басқа түркі тілдерінен айырмашылық жоқ. Тек 60, 70, 80, 90 сандары жалпы түркілік *алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан* деген атауларымен бірге *ellion* (елу он, яғни алпыс), *ellijigirmi* (елу жиырма, яғни жетпіс), *elliotos* (елу отыз, яғни сексен), *elligyrek* (елу қырық, яғни тоқсан) түрінде де айтылады. Он мыңның орнына қытай тілінен енген *zany* сөзі қолданылады. Ал жинақтау сан есімі тек 2 (*ehelo*), 3 (*üzo/izevo*) сөздерімен ғана байланысты қолданылады.

Етістіктің шақ қосымшалары да бірнеше грамматикалық формаларға ие. Мысалы, осы шақ екі түрлі қосымшаға, келер шақ екі қосымшаға, өткен шақ үш қосымшаға ие, т.б.

Әдебиет:

Тенишев Э.Р. Строй саларского языка. М., 1976.

3. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚЫПШАҚ ТОБЫ


ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік, қазақ халқының ұлттық, әдеби тілі. Қазақ тілінде сөйлейтіндер, негізінен, қазақтар. Қазақтар Қазақстанда (5,289 млн), Ресейде (518 мың), Өзбекстанда (620 мың), Қырғызстанда (27 мың) және Түркменстанда, Монғолияда, Қытайда өмір сүреді. М.Тәтімөвтің көрсетуінше, дүние жүзінде 10,5 млн. қазақ бар.

Қазақтардың көне тарихын жазу келешектің ісі болып отыр. Бірақ көне түркілердің тарихын жазған ғалымдардың пікірлері қазақтарға да тиісті екендігі

анық. Себебі, қазақтардың этникалық құрамына енген ру, тайпалар басқа түркі халықтарының құрамында да бар. Мысалы, қазақ руларының барлығы ж-мен сөйлейтін өзбектердің құрамында бар. Сондықтан 92 баулы (рулы) өзбектер дегенде біз көз алдымызға қазақтар мен Сурхандария, Қашқадария мен Бұқарада жасайтын өзбектерді келтіреміз. Манғыт рулары қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт халқының руларының арасында да бар. Бір кезде жеке мемлекет болған қаңлы, қоңыраттар ру атауы ретінде қазақ, өзбек, саха, т.б. халықтар құрамында да кездеседі.

Қазақ халқының этникалық тарихы қыпшақтармен тығыз байланысты, бірақ ол басқа тайпалардың қаны қазақтарда жоқ деген сөз емес. Сары судан бастап қара суға дейін (Қытайдан бастап Қара теңізге дейін) алқапты жайлап жатқан тайпалар араласып, көшіп отырған. Егер тарихқа көз салсақ, Орхоннан бастап көшкен оғыздар Алтай, Жетісу, Түркістан,



Қазақ тілі бойынша жазылған алғашқы әліппе

6. *-ki, -gi*. Мезгіл мағыналы зат есімдерге қосылып туынды түбір сын есім жасайды. Мысалы, *keski* “вечерный”, *ergi* “давний”, *jitki* “годовой” т.б.;

7. *-la, -le, -na, -ne*. Есім сөздерге қосылып, туынды түбір етістік жасайды. Мысалы, *basta* “возглавлять”, *tanna* “выбирать”, т.б.

Салар тілінде алты септік бар:

1. Атау септігі. Бұл септіктің арнайы қосымшасы жоқ;

2. Ілік септігі. Түбір есімдерге *-ni, -ny* (өте сирек *-n, -nyn*) қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *agasni* “дерева”, *golni* “рука”, *kişini* “(дом) жены”, т.б.;

3. Барыс септігі есім сөздерге *-ga, -ge, -a, -e, -ka, -ke*, қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *kisilara* “людям”, *agasa* “дереву”, *pekke* “князю”, т.б.;

4. Табыс септігі есім сөздерге *-ni, -ny, -ne* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *jagni* “масло”, *zane* “чай” т.б.;

5. Жатыс септігі есім сөздерге *-ta, -te, -da, -de* қосымшалары жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *tuniada* “в мире”, *togta* “на горе”, *jotta* “в пути” т.б.;

6. Шығыс септігі есім сөздерге *-tan, -ten, -dan, -den* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *attan* “с коня”, *kisten/kistan* “от человека”, *amadan* “от матери” т.б.

Сан есімдердің бірлік сандары мен елуе дейінгі ондық сандарында басқа түркі тілдерінен айырмашылық жоқ. Тек 60, 70, 80, 90 сандары жалпы түркілік *алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан* деген атауларымен бірге *ellion* (елу он, яғни алпыс), *ellijigirmi* (елу жиырма, яғни жетпіс), *elliotos* (елу отыз, яғни сексен), *elligyrek* (елу қырық, яғни тоқсан) түрінде де айтылады. Он мыңның орнына қытай тілінен енген *zany* сөзі қолданылады. Ал жинақтау сан есімі тек 2 (*ehelo*), 3 (*üzo/uzeво*) сөздерімен ғана байланысты қолданылады.

Етістіктің шақ қосымшалары да бірнеше грамматикалық формаларға ие. Мысалы, осы шақ екі түрлі қосымшаға, келер шақ екі қосымшаға, өткен шақ үш қосымшаға ие, т.б.

Әдебиет:

Тенишев Э.Р. Строй саларского языка. М., 1976.


3. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚЫПШАҚ ТОБЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік, қазақ халқының ұлттық, әдеби тілі. Қазақ тілінде сөйлейтіндер, негізінен, қазақтар. Қазақтар Қазақстанда (5,289 млн), Ресейде (518 мың), Өзбекстанда (620 мың), Қырғызстанда (27 мың) және Түркменстанда, Монғолияда, Қытайда өмір сүреді. М.Тәтімөвтің көрсетуінше, дүние жүзінде 10,5 млн. қазақ бар.

Қазақтардың көне тарихын жазу келешектің ісі болып отыр. Бірақ көне түркілердің тарихын жазған ғалымдардың пікірлері қазақтарға да тиісті екендігі анық. Себебі, қазақтардың этникалық құрамына енген ру, тайпалар басқа түркі халықтарының құрамында да бар. Мысалы, қазақ руларының барлығы ж-мен сөйлейтін өзбектердің құрамында бар. Сондықтан 92 баулы (рулы) өзбектер дегенде біз көз алдымызға қазақтар мен Сурхандария, Қашқадария мен Бұқарада жасайтын өзбектерді келтіреміз. Манғыт рулары қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт халқының руларының арасында да бар. Бір кезде жеке мемлекет болған қаңлы, қоңыраттар ру атауы ретінде қазақ, өзбек, саха, т.б. халықтар құрамында да кездеседі.

Қазақ халқының этникалық тарихы қыпшақтармен тығыз байланысты, бірақ ол басқа тайпалардың қаны қазақтарда жоқ деген сөз емес. Сары судан бастап қара суға дейін (Қытайдан бастап Қара теңізге дейін) алқапты жайлап жатқан тайпалар араласып, көшіп отырған. Егер тарихқа көз салсақ, Орхоннан бастап көшкен оғыздар Алтай, Жетісу, Түркістан,



Қазақ тілі бойынша жазылған алғашқы әліппе

Орал, одан соң Әму бойына дейін көшкендігі, аралас тайпалардың басшысы болып Жерортаға дейін көшіп өткендігі анық. Оғыздар өздері мекендеген жерден тіпті көшпей, белгілі бір тобын тастап та кеткен сияқты. Мысал ретінде Қазақстанда өмір сүретін өзбек халықтарының ұрпақтары оғыз тілінің элементтерін көп сақтаған. Яғни олар бір кезде оғыздардың ұрпағы болған. Сондай-ақ қаракандардың (*яғма, тухси, шығыл*, т.б.) да қазақ даласында — тұрғандығы, IV—XI ғасырда Жетісуда қарахандықтардың мемлекет жасағандығын, олардың жазғы астанасы Баласағұн қаласы Шу бойында болғандығы анық. Тілдік ерекшелігіне қарайтын болсақ, қазақ тілінің қыпшақтардың тіліне жақындығы даусыз.

Қыпшақтарды қытай жазба ескерткіштерінде *димен* деп атайды. *Димендер* туралы мәліметтер біздің заманымызға дейінгі III ғасырдан бастап белгілі. Ал дәуіріміздің VIII ғасырларында олар Қазақстанның солтүстік өлкесінде Орал тауының орта деңгейіндегі жерлерде жасады. Оңтүстік жағында *қаңлы, қимақ, печенек, оғыз, түргештермен* аралас жасаған. М.Қашғари сөздігінде қыпшақтар оғыздар мен еженек тайпасының ортасында Умге жақын жерлерде жасайды деп көрсетеді [132, 64]. Шыңғыс әскерін қыпшақтар Дешті Қыпшақта күтіп алды. Оның жойқын қырғынын Марко Поло мен Рубрук сипаттаған болатын. В.В.Бартольд араб жазба ескерткіштеріне сүйене отырып, қыпшақ қимақтардың ең батыс бөлігі деп көрсетеді [16, 401]. X ғасырда қыпшақтар жасаған өлкенің солтүстігі Ертіс, оңтүстігі Сырдарияның орта ағымы, Еуропа жағы Кама өзенінің жағалауымен шектелген. Тілдік, тарихи хабарларға сүйенсек, қыпшақтар оғыздармен көрші жасаған, олар тіл жағынан өте жақын, бірақ айырмашылығы бар. Олардың екінші көршісі ретінде *қаңлыны* көрсетеді. Қаңлылар да өте кең өлкені жайлаған түркі тайпасының бірі. Тарихта *қаңлы* мен *қыпшақты* синоним ретінде қолданушылар бар [16, 272]. Осы тілдік жақындығына байланысты автор олардың туыс екендігін мойындап, кейінгі тарихи жағдайлармен байланысты бір халықтың құрамына жатқызады. Қыпшақтар мен кумандарды, печенектерді, қарабөріктілерді өзара байланыстыру бар. Бұған М.Қашғаридың “Қаңлы — қыпшақтардың құрметті адамдары”, — деген сөзі дәлел.

Қыпшақ Алтын Орда құрамына енеді, олардың жоғарғы билігін де иемденген. Монғолдардың тілі бұзылып, түркілік сипатқа ие болады. Оны екі жағдаймен түсіндіруге болады. Біріншіден, қыпшақтар мәдени, экономикалық даму деңгейі жағынан монғолдардан жоғары тұратын. Екіншіден, сан жағынан қыпшақтар монғолдардан көп болатын. Шыңғыс сарбаздары оның өзімен бірге Отанына қайтып, олардың жалпы санының азайтқандығы анық. Оның үстіне қыпшақтар жартылай отырықшы болған. Еділ бойында қалалары бар еді. Алтын Орда ыдырауымен бірге Өзбек Ордасы құрамындағы қыпшақтар оңтүстікке жылжыды. XV ғасырда Ақ Орда, Көк Ордаға бөлінгенде қыпшақтар да екі жарылды. Шайбани ұрпақтарынан бөлініп, қазақ хандары Жәнібек пен Керей Сауранда ту тіккен. Осы жылдардан бастап өзбек, қазақ болып бір халық (қыпшақтар) екі халық құрамына енеді. Екі хандық, екі мемлекет жасалған соң тілдерінде де айырмашылық көбейіп, екі тіл қалыптасты.

М.Қашғари сөздігінің көрсетуінше, түркі тілдерінде XI ғасырда да тілдік айырмашылық бар болатын. Ал XII–XIV ғасырларда Қазақстан мен Орта Азияда үш әдеби тіл қалыптасып, тілдік өзгешелік көріне бастады, бірақ жазба шығармалар аралас тілдерде жазылды. Олар – С.Сараидың “Гүлстан бит-Түркиясы”, Дурбектің “Жүсіп уа Зұлайхасы”, Құтыбтың “Хұсрау уа Шырын”, Хорезмидің “Мухаббатнамасы”, т.б. Бұлар тек қазақ тілінің мұрасы ғана емес, қарақалпақтардың да, өзбектердің де, ноғайлардың да ортақ мұрасы болып саналады.

Қазақтардың этникалық тарихын қыпшақтармен байланыстырдық. Уақыт өтуімен қазақ елі экономикалық, географиялық жағдайлармен үш жүзге бөлінген. Ұлы жүз Оңтүстік пен Жетісу тайпаларын, Орта жүз Орталық Қазақстанда, Кіші жүз Батыс Қазақстанды мекендеген. Олардың шекарасы болмағандықтан араласып, рулық шегі әлсіз болатын, әр жүздің орныққан өлкесі қатаң сақталмаған. Сөзімізге Рамадан, Жағалбайлы тобы Кіші жүзге жатса да, Шымкент төңірегінде жасайтындығы мысал бола алады. Тілдік ерекшеліктерін де солай айтуға болады. Қазақ тілінде кейбір ғалымдар үш диалекті бар деп есептейді. Олар: 1) оңтүстік, 2) батыс және 3) солтүстік-шығыс диалектілері.



А. Байтұрсынұлы (1873–1938)



Қ. Жұбанов (1899–1938)

Бұлардың фонетикалық, лексикалық ерекшелігі анық көрініп тұрса да, грамматикалық ерекшелігі әлсіз. Тек санаулы грамматикалық формаларды ғана көрсетуге болады. Мысалы, оңтүстікте осы шақтың *-тұрық, -түрік*; батыстағы *-сана, -сене; -лық, -лік*, т.б. қосымшаларын қолданылады.

Қазақ тілі Қазан төңкерісінен бұрын да зерттелген. Оны зерттеушілер: Н.И.Ильминский, П.И.Мелиоранский, М.А.Терентьев, В.В.Катаринский, И.Лаптев, Н.Н.Пантусов, Н.П.Остраумов сияқты орыс ғалымдары, Ы.Алтынсарин, О.Алжанов, Б.Бахтыгереев, М.Бекимов, Т.Бокин, Сұлтанғазин, А.С.Жетпісбаев, А.Диваев, А.Байтұрсынұлы сияқты қазақтар. Кеңес дәуірінде қазақ тілін зерттеген ғалымдардың еңбегі салмақты. Олардың қатарына: А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, Ш.Сарыбаев, Ш.Ш.Сарыбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ф.Мұсабаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, К.Аханов, С.Исаев, Т.Қордабаев, т.б.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді. Дауысты дыбыстарға: *а, ә, э, е, ы, і, о, ө, ұ, ү, у, и* дыбыстары енсе, дауыссыз дыбыстарға: *б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ч, ш, щ, ц* жатады. Дауысты дыбыстар жуан (*а, ы, о, ұ*) және жіңішке (*ә, е, і, ү, ө*), еріндік (*о, ө, ұ, ү, у*) және езулік (*а, ә, е, ы, і*), ашық (*а, ә, е, о, ө*) және қысаң (*ы, і, ұ, ү, у*) болып бөлінеді. Қазақ тілінің дыбыс заңдылығына байланысты қазақ тілінің төл сөздері бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке болып келеді. Ал буын үндестік заңдылығына байланысты қосымшалар

түбірдің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне қарай жалғанады. Мысалы, *бала-лар-ы-мыз-ға, үй-де-гі-лер-ің-нен*. Езулік дауысты дыбыстар буын таңдамай, сөздің барлық шегінде қолданыла берсе, еріндік дауысты дыбыстары сөздің тек бірінші буынында ғана қолданылады. Біріккен сөз, қос сөздер мен кірме сөздерде бұл заңдылық бұзылады.

Қазақ тілінде дыбыс үндестігі (ассимиляция) сақталған. Яғни қатар тұрған екі дыбыс бірі екіншісіне ықпал жасап, өзіне ұқсастыруы мүмкін. Қазақ тілінің оқулықтарында екі жүйелі ассимиляцияның барлығы көрсетіледі: 1) ілгерінді ықпал, 2) кейінді ықпал. Сонымен бірге, қазақ тілінде толық үндесу де, жартылай үндесу де бар. Мысалы, *ауызша, жұмысшы* деген сөздер айтылуда *ауышша, жұмышшы* түрінде айтылады, бірақ жазылуда ол заңдылық ескерілмейді. Дыбыс үндестігі кез келген дыбыстар аралығында бола бермейді. Негізінде олар түбір мен түбір, түбір мен қосымша және қосымша мен қосымша аралығында болады. Мысалы, *жаздыгүні, ашудас* дегенде де түбір мен түбір аралығындағы дыбыс үндестігі болса, *атты, үйге* деген түбір мен қосымша арасында, *кітап-тар-дан, бала-лар-ға* дегенде әрі түбір мен қосымша, әрі қосымша мен қосымша аралығында дыбыс үндестігі бар.

Дыбыс үндестігі бойынша: 1) түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымша да қатаңнан басталады: *ат-қа*; 2) түбірдің соңғы дыбысы ұяң болса, қосымша да ұяңнан басталады: *жаз-ға, күз-де*; 3) түбірдің соңғы дыбысы үнді не дауысты дыбыс болса, қосымша не үндіден, не ұяңнан басталады: *бала-лар, бала-дан, нан-нан*; 4) егер түбірдің соңғы дыбысы *к, қ, п* дыбыстарына бітіп, қосымша дауыстыдан басталса, *к, қ, п* дыбыстары ұяңданып, *ғ, г, б*-ға айналады: *жүрек+і – жүрегі, кітап+ы – кітабы, тарақ+ы – тарағы*; 5) түбірдің соңғы дыбысы *н*-ға бітіп, оған қосылатын қосымша, түбір *п* не *б* дыбысынан басталса, *п* дыбысы *м*-ға айналады: *Жан+нейіс – Жампейіс, сенбеді – сембеді*. 6) *қ, к, ғ, г* дыбыстарының алдынан *н* дыбысына біткен сөз келсе, *н* дыбысы *ң*-ға айналады: *түңгі – түңгі, Сәрсенкүл – Сәрсенкүл* (соңғы екі дыбыстық өзгеріс жазылуда ескерілмейді).

Қазақ тіліндегі дыбыстардың да қолданылу жиілігі, басқа дыбыстармен тіркесу қабілеті бірдей емес. Мысалы, *а*



А. Байтұрсынұлы (1873–1938)



Қ. Жұбанов (1899–1938)

Бұлардың фонетикалық, лексикалық ерекшелігі анық көрініп тұрса да, грамматикалық ерекшелігі әлсіз. Тек санаулы грамматикалық формаларды ғана көрсетуге болады. Мысалы, оңтүстікте осы шақтың *-тұрық, -түрік*; батыстағы *-сана, -сене*; *-лық, -лік*, т.б. қосымшаларын қолданылады.

Қазақ тілі Қазан төңкерісінен бұрын да зерттелген. Оны зерттеушілер: Н.И.Ильминский, П.И.Мелиоранский, М.А.Терентьев, В.В.Катаринский, И.Лаптев, Н.Н.Пантусов, Н.П.Остраумов сияқты орыс ғалымдары, Ы.Алтынсарин, О.Алжанов, Б.Бахтыгереев, М.Бекимов, Т.Бокин, Сұлтанғазин, А.С.Жетпісбаев, А.Диваев, А.Байтұрсынұлы сияқты қазақтар. Кеңес дәуірінде қазақ тілін зерттеген ғалымдардың еңбегі салмақты. Олардың қатарына: А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, Ш.Сарыбаев, Ш.Ш.Сарыбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ф.Мұсабаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, К.Аханов, С.Исаев, Т.Қордабаев, т.б.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді. Дауысты дыбыстарға: *а, ә, э, е, ы, і, о, ө, ұ, ү, у, и* дыбыстары еңсе, дауыссыз дыбыстарға: *б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ч, ш, щ, ц* жатады. Дауысты дыбыстар жуан (*а, ы, о, ұ*) және жіңішке (*ә, е, і, ү, ө*), еріндік (*о, ө, ұ, ү, у*) және езулік (*а, ә, е, ы, і*), ашық (*а, ә, е, о, ө*) және қысаң (*ы, і, ұ, ү, у*) болып бөлінеді. Қазақ тілінің дыбыс заңдылығына байланысты қазақ тілінің төл сөздері бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке болып келеді. Ал буын үндестік заңдылығына байланысты қосымшалар

түбірдің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне қарай жалғанады. Мысалы, *бала-лар-ы-мыз-ға, үй-де-гі-лер-ің-нен*. Езулік дауысты дыбыстар буын таңдамай, сөздің барлық шегінде қолданыла берсе, еріндік дауысты дыбыстары сөздің тек бірінші буынында ғана қолданылады. Біріккен сөз, қос сөздер мен кірме сөздерде бұл заңдылық бұзылады.

Қазақ тілінде дыбыс үндестігі (ассимиляция) сақталған. Яғни қатар тұрған екі дыбыс бірі екіншісіне ықпал жасап, өзіне ұқсастыруы мүмкін. Қазақ тілінің оқулықтарында екі жүйелі ассимиляцияның барлығы көрсетіледі: 1) ілгерінді ықпал, 2) кейінді ықпал. Сонымен бірге, қазақ тілінде толық үндесу де, жартылай үндесу де бар. Мысалы, *ауызша, жұмысшы* деген сөздер айтылуда *ауышша, жұмышшы* түрінде айтылады, бірақ жазылуда ол заңдылық ескерілмейді. Дыбыс үндестігі кез келген дыбыстар аралығында бола бермейді. Негізінде олар түбір мен түбір, түбір мен қосымша және қосымша мен қосымша аралығында болады. Мысалы, *жаздыгүні, ашудас* дегенде де түбір мен түбір аралығындағы дыбыс үндестігі болса, *атты, үйге* деген түбір мен қосымша арасында, *кітап-тар-дан, бала-лар-ға* дегенде әрі түбір мен қосымша, әрі қосымша мен қосымша аралығында дыбыс үндестігі бар.

Дыбыс үндестігі бойынша: 1) түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымша да қатаңнан басталады: *ат-қа*; 2) түбірдің соңғы дыбысы ұяң болса, қосымша да ұяңнан басталады: *жаз-ға, күз-де*; 3) түбірдің соңғы дыбысы үнді не дауысты дыбыс болса, қосымша не үндіден, не ұяңнан басталады: *бала-лар, бала-дан, нан-нан*; 4) егер түбірдің соңғы дыбысы *к, қ, п* дыбыстарына бітіп, қосымша дауыстыдан басталса, *к, қ, п* дыбыстары ұяңданып, *ғ, г, б*-ға айналады: *жүрек+і – жүрегі, кітап+ы – кітабы, тарақ+ы – тарағы*; 5) түбірдің соңғы дыбысы *н*-ға бітіп, оған қосылатын қосымша, түбір *п* не *б* дыбысынан басталса, *п* дыбысы *м*-ға айналады: *Жан+пейіс – Жампейіс, сенбеді – сембеді*. 6) *қ, к, ғ, г* дыбыстарының алдынан *н* дыбысына біткен сөз келсе, *п* дыбысы *ң*-ға айналады: *түңгі – түңгі, Сәрсенкүл – Сәрсенкүл* (соңғы екі дыбыстық өзгеріс жазылуда ескерілмейді).

Қазақ тіліндегі дыбыстардың да қолданылу жиілігі, басқа дыбыстармен тіркесу қабілеті бірдей емес. Мысалы, *а*

дыбысы буын талғамастан сөздің барлық деңгейінде қолданыла берсе, езулік, ашық *ә* дыбысы өте сирек қолданылады. *Ә* дыбысының сирек қолданылу табиғатын кей ғалымдар, оның басқа тілден енгендігінен деп ойлайды. Сондай-ақ, қазақ тілінің көпшілік түркі тілдерінен айырмашылығы — *і* дыбысын фонема ретінде қабылдау. *І* дыбысы *ы*-ның жіңішке сыңары ретінде саналады да, қысаң езулік дауысты дыбыстар қатарына енеді. Қарақалпақ, өзбек, қырғыз, т.б. тілдерде қазақ тіліндегі *і* дыбысына графикалық жақтан *и* дыбысын сәйкес келтіреді. Айта кетерлік бір жайт: қазақ тілінде де *и* дыбысы дауысты қосынды дыбыстардың қатарына енеді. Нақ осындай өзбек тілінде де *и* дыбысы бірде жуан, бірде жіңішке дауысты қызметін атқарады. Себебі өзбек тілінде *і* дыбысының жуан сыңары *ы* дыбысы жоқ.

Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарында да өзіндік өзгешелік бар. Мысалы, қазақ тілінде сөз басында қолданылмайтын мұрын жолды *ң* дыбысы өзбек әдеби тілінде қолданылмайды. Қазақ тіліндегі *ң* дыбысына жақын, бірақ айырмашылық бар, артикуляциялық база *нг* дыбыстарының тіркесі арқылы беріледі. Өзбек тіліндегі *к* дыбысы тіл арты формасы болса*, қазақ тілінде тіл ортасы формасы болып саналады. Қазақ тілінің әліпбиінде *h* жеке дыбыс ретінде берілген де, оны жасау орны жағынан көмей (фарингаль), ызың және қатаң дыбыстардың қатарына қосады. Басқа түркі тілдерінде *h* дыбысына жасалу орны жағынан жақын *x* дыбысы кездеседі. Бірақ бұл екі дыбыс тең емес. Салыстырыңыз, қарақалпақ тіліндегі *ax*, *ux*, *nax* сияқты одағайлардағы *x* дыбысы қазақ тіліндегі *h* дыбысымен сәйкес келгенімен *бахa*, *хәзир*, *хайуан* сөздеріндегі *x* сәйкес келмейді. Өзбек тілшілері өзбек тіліндегі *x* дыбысын көмей дыбыстарының қатарына жатқызады да, сөздің барлық шенінде қолданылады (*хосил*, *шахар*, *сиех*) деп көрсетеді.

Дауыссыз дыбыстардың барлығы да бірдей буын талғамастан сөздің бас, орта, соңғы шенінде қолданыла бермейді. Мысалы, *ң* дыбысы сөз басында кездеспейді, *б*, *д*, *г*, *ғ* дыбыстары қазақтың төл сөздерінде сөз соңында

* Хозирги узбек адабий дили. Тошкент, 1980. 62-б.

қолданылмайды. Ал *и, л, р* дыбыстары сөз басында сирек қолданылады. Түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстарды жуан, жіңішке деп бөлу жоқ. Дегенмен де *г, к* дыбыстары тек жіңішке буындарда, *ғ, қ* дыбыстары жуан буындарда кездесетіндігі анық. Өзбек тілінде *к, г* дыбысы жуан, жіңішке буындарда қолданыла береді: *юрак* (жүрек), *пишак* (пышак), *кел* (кел), *кяз* (көз), *гул* (гүл), *юган* (жүген), т.б.

Қазақ тілінде зат есімдердің септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары бар. Грамматикалық категория ретінде көптік жалғаулары әрі синтетикалық әрі аналитикалық жолмен беріледі. Көптік жалғауының грамматикалық көрсеткіші: *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер*. Көптік жалғаулары зат есімге ғана тән болып қалмастан, есім сөздердің басқаларына да қосылады. Мысалы, *Ақтар қашып, қызылдар жеңіп жатқан заман еді* (Ғ.Мұстафин).

Қазақ тілінде екі түрлі септеу бар да, олар жеті түрлі септік жалғауларын қабылдап септеледі.

Жай септеу:

1. Атау *қора, үй*
2. Ілік *қораның, үйдің* < *-дың, -дің, -тың, -тің, -ның, -нің;*
3. Барыс *қораға, үйге* < *-ға, -ге, -қа, -ке;*
4. Табыс *қораны, үйді* < *-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні;*
5. Жатыс *қорада, үйде* < *-да, -де, -та, -те;*
6. Шығыс *қорадан, үйден* < *-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен*
7. Көмектес *қорамен, үймен* < *-мен, -бен, -пен;*

Тәуелдеулі септеу:

1. Атау *қорам, үйім*
2. Ілік *қорамның, үйімнің* < *-дың, -дің, -тың, -тің, -ның, -нің*
3. Барыс *қорама, үйіме* < *-а, -е, -на, -не;*
4. Табыс *қорамды, үйімді* < *-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні, -н;*
5. Жатыс *қорамда, үйімде* < *-да, -де, -та, -те;*
6. Шығыс *қорамнан, үйімнен* < *-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен*
7. Көмектес *қораммен, үйіммен* < *-мен, -бен, -пен;*

Басқа түркі тілдерінен (өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, әзірбайжан, ноғай т.б.) айырмашылығы көмектес септігінің (қосымшасы: *-мен, -бен, -пен*) болуы. Басқа тілдерде бұл септіктің мағынасын *билан, била, илә* шылауларының көмегімен, не басқа септіктердің қосымшалары арқылы беріледі. Тарихы жағынан қазақ тіліндегі көмектес септігінің қосымшасы да осы *билан* шылауы негізінде (дамуы негізінде) қалыптасқан. Дегенмен көмектес септігінің толық қосымша морфема ретінде жаңадан қалыптасқандығын оның бойында түбір морфемаға тән қасиеттің барлығын да байқауға болады. Мысалы, көмектес септігінің қосымшасының жуан буынды нұсқасының болмауы пікірімізге дәлел. Сондай-ақ, көмектес септігі мағына жағынан да басқа септіктерге қарағанда өте бай емес.

Жіктік жалғаулары жекеше, көпше болып екіге бөлінеді де үш жаққа байланысты қосымша қабылдайды.

Жекеше:

I жақ	<i>бала-мын</i>	<	<i>-мын, -мін, -бын, -бін;</i>
	<i>қыз-бын</i>	<	<i>-пын, -пін;</i>
II жақ	<i>бала-сың</i>	<	<i>-сың, -сің;</i>
	<i>қыз-сың</i>		
III жақ	<i>бала, қыз</i>		

Көпше:

I жақ	<i>бала-мыз</i>	<	<i>-мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз;</i>
	<i>қыз-быз</i>		
II жақ	<i>бала-сыңдар</i>	<	<i>-сыңдар, -сіңдер;</i>
	<i>қыз-сыңдар</i>		
III жақ	<i>балалар, қыздар</i>		

Бірінші және екінші жақтың арнаулы қосымшалары бар да, олар дыбыс және буын үндестігі заңдарына байланысты бірнеше фонемалық нұсқаларға ие болады. Мысалы, бірінші жақ жіктік жалғауы түбір сөздің соңғы дыбысы дауысты не үнді болып келген сөздерге қосылғанда үндіден басталған нұсқасы (*-мын, -мін*), ұяң болса, ұяңнан басталған нұсқасы (*-бын, -бін*), қатаң дыбысқа бітсе, қатаңнан басталатын нұсқасы бар. Алайда, II жақтың қосымшасы *-сың -сің* болса,

сыпайы түрінің қосымшасы *-сыз, -сіз* (көпше *-сіздер, -сыздар*).
Үшінші жақ жіктік жалғауының арнаулы қосымшасы жоқ.
Қазақ тіліндегі барлық зат есімдер жіктік жалғауын қабылдау мүмкіндігіне ие, бірақ барлығы бірдей жіктеле бермейді. Қалыптасқан қағида бойынша, тек кімдік (персондық) зат есімдер ғана жіктеледі. Нелік зат есімдердің жіктелмеуі оның синтаксистік қызметімен тікелей байланысты. Екінші сөзбен айтқанда, жіктік жалғауын қабылдаған сөз сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады. Ал зат есімдер жіктелгенде есім баяндауыш жасайды да мағына жағынан бастауыштың кім, не екендігін білдіреді. *Мен ағашпын, сен ағашсың* типіндегі сөз саптау оғаш көрінгенімен, *Хан емессің, қасқырсың* (Махамбет), *Мен жарық Жермін* (Т.Айбергенов) сияқты белгілі тілдік мақсатта қолдану көп кездеседі.

Зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтары өте дамыған, сан жағынан да біршама көп. Зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтары қай сөз табынан туынды түбір зат есім жасау мүмкіндігіне қарай есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар және етістіктерден зат есім тудыратын жұрнақтар деп екіге бөлінеді. Есім сөздерден зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар: *-шы, -ші, -лық, -лік (-дық, -дік, -тық, -тік), -шылық, -шілік, -ыл, -іл, -л*, т.б. Етістіктен зат есім тудыратын өнімді қосымшалар: *-ма, -ме (-ба, -бе, -па, -пе), -м, -ым, -ім, -қы, -кі (-ғы, -гі), -ыс, -іс, -у, -ақ, -ек (-ық, -ік, -қ, -к)* т.б. Бұлардан басқа зат есімнің өнімсіз сөз тудырушы жұрнақтары да бар. Мысалы, есім сөздерден зат есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар: *-дақ, -дек, -кер, -гер, -хана, -стан, -кент, -ат, -ет, -паз, -қор, -қал* (*құмдақ, айлакер, асхана, Қазақстан, қырат, шатқал, құмарпаз*), т.б. енсе, етістіктен зат есім тудыратын өнімсіз қосымшаларға: *-мақ, -мек, (-бақ, -бек, -пақ, -пек), -сын, -сін, -мыс, -міс (-мыш, -міш), -мал, -мел, -ман, -мен, -ыр, -ір (-ар, -ер, -р), -қын, -кін* (*құймақ, кекесін, тұрмыс, жорамал, оқырман, үнгір, қашқын*), т.б. жұрнақтары енеді.

Зат есімнің сөз түрлендіруші жұрнақтары да бар, бірақ олар сөз тудырушы жұрнақтардай көп емес. Олар *-тай* (*жеңгетай*), *-й* (*апай*), *-еке* (*-қа, -ке*) (*Сәке — Сәбит, Мұқа — Мұхтар*), *-жан* (*көкежан*), *-қан, -ақан* (*қошақан, ботақан*),

-шак, -шек (құлыншак), -шык, -шік (төбешік), -ша, -ше (өгізше), -сымақ (теңізсымақ), т.б.

Сын есімдердің де сөз тудырушы жұрнақтары есім сөздерден және етістіктерден сын есім тудыратын жұрнақтар болып екіге бөлінеді. -Лы, -лі, -сыз, -сіз, -дай, -дей, -шыл, -шіл, -лас, -лес, -шак, -шек (бірнеше фонетикалық нұсқалары) қосымшалары есім сөздерден сын есім жасайды. Мысалы, қайратты кісі, баласыз үй, кекшіл бала, томардай дене, ұстаздық ілім, мұңдас құрбы, бойшаң қыз, т.б. Ал -ық, -ік (-ақ, -ек, -к, -к), -уық, -уік, -ыңқы, -іңкі, -ынды, -інді, -малы, -мелі (-палы, -пелі), -шак, -шек, -қыш, -кіш (-ғыш, -гіш), -ымды, -імді, -улы, -улі, -қақ, -кек, -ма, -ме (-па, -пе) сияқты қосымшалар етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар болып саналады. Мысалы, тынық су, жылауық бала, көтеріңкі көңіл, көшпелі ел, сезгіш көңіл, жасқаншақ қыз, ұнамды мінез, жабулы қазан, тайғақ мінез, көшпе құм, т.б.

Сын есімнің морфологиялық категориясы ретінде шырай қосымшасын көрсетуге болады. Олардың бір тобы өнімді (-рақ, -рек, -лау, -леу, -қылт, -кілт) болса, екінші тобы тілімізде сирек қолданылады. Мысалы, -ғыш, -гіш (қызғыш), -ғылт, -гілт (бозғылт), -аң, -ең (қартаң), -ғылым, -гілім (ашқылтым), -шыл, -шіл (аңшыл), т.б.

Сан есімдердің басқа сөз таптарынан сөз тудыратын жұрнағы жоқ болғанымен, өздерінің сөз түрлендіруші қосымшалары бар. Мысалы, -ыншы, -інші қосымшасы сан есімдерден реттік сан есім жасаса, -ау, -еу қосымшасы бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге қосылып жинақтық сан есім жасайды. Мысалы, біреу, екеу, үшеу, т.б. Қазақ тілінде сан есімдер мағынасына қарай алты топқа бөлінеді:

1. *Есептік сан есімдер*. Бұл топтағы сан есімдердің арнаулы грамматикалық қосымшасы болмайды да түбір сөзге тең болады.

2. *Реттік сан есімдер*. Бұл сан есімдер есептік сан есімдерге -ыншы, -інші қосымшасын қосу арқылы жасалады: бірінші, мыңыншы, т.б.

3. *Жинақтық сан есімдер*. Жинақтық сан есімдер есептік сан есімдерге -ау, -еу қосымшасын қосу арқылы жасалады: біреу, екеу, алтау, т.б.

4. *Топтау сан есімдері*. Сан есімнің бұл тобы есептік, жинақтық, болжалдық сан есімдерге шығыс септігінің (септік

мағынасынан қол үзген) қосымшасын қосу арқылы жасалады: *екіден, үштен, жетеуден*, т.б.

5. *Болжалдық сан есімдер*. Болжалдық сан есімдер екі түрлі жолмен жасалады: синтетикалық және аналитикалық жолмен. Синтетикалық жолмен жасалғанда есептік сан есімдерге: 1) *-дай, -дей, -тай, -тей* (*он бестей, жүз елудей*), 2) *-ар, -ер* қосымшасының бір сөзімен қосылуы арқылы (*біреер*) жасалады. Аналитикалық жол арқылы жасалғанда: 1) сан есімдердің (есептік не жинақтық) қосарлануы арқылы (*жиырма бес-отыз, бес-алты бала*), 2) есептік сан есімдерге *қаралы, шамалы, тарта, жуық*, т.б. сөздердің тіркесуі арқылы (*он бес шамалы, жүзге жуық*) жасалады.

6. *Бөлшектік сан есімдер*. Бөлшектік сан есім аналитикалық жолмен жасалады. Олар: 1) бөлшектік сан есімнің бірінші сыңары ілік септік формасында, екіншісі тәуелдік жалғау формасында тұру арқылы (*екінің бірі, оның тоғызы*, т.б.), 2) бөлшектік сан есімнің бірінші сыңары шығыс септігінде, екінші сыңары тәуелдік жалғау формасында (*оннан бірі, жүзден отызы*, т.б.) тұруы арқылы, 3) бөлшектік сан есімнің бірінші сыңары шығыс септігінде, екінші сыңары атау септігінде тұрып “бөлігі” сөзін тіркеу арқылы (*оннан үш бөлігі*), 4) есептік сан есімдерге *жарым* сөзін тіркеу арқылы (*үш жарым мың, екі жарым мың*) жасалады.

Түрлену үлгісі жағынан жіктеу, сілтеу есімдіктері басқа сөз таптарынан ерекшеленіп жатады. Мысалы, жіктеу есімдіктерінен *мен, сен* септелген кезде ілік, барыс, табыс, шығыс септіктерінде *н* дыбысынан айрылады.

А. мен	сен
І. ме-ні	се-ні
Б. ма-ған	са-ған
Т. ме-ні	се-ні
Ж. мен-де	сен-де
Ш. ме-нен	се-нен
К. мені-мен	сені-мен

Ол есімдігі болса, септелгенде *л* дыбысын тастап *о* түрінде септелінеді:

А. ол
І. о-ның
Б. о-ған

- Т. *о-ны*
 Ж. *о-да*
 Ш. *о-дан (о-нан)*
 К. *о-ны-мен*

Түбір құрамындағы дыбыстардың түсіп қалу құбылысын сілтеу есімдіктерінің септелуі кезеңінде де байқауға болады.

А. <i>бұл</i>	<i>ол</i>	<i>сол</i>
І. <i>бұ-ның</i>	<i>о-ның</i>	<i>со-ның</i>
Б. <i>бұ-ған</i>	<i>о-ған</i>	<i>со-ған</i>
Т. <i>бұ-ны</i>	<i>о-ны</i>	<i>со-ны</i>
Ж. <i>бұ-нда</i>	<i>о-нда</i>	<i>со-н-да</i>
Ш. <i>бұ-дан</i>	<i>о-дан</i>	<i>со-нан</i>
К. <i>бұ-ны-мен</i>	<i>о-ны-мен</i>	<i>со-ны-мен</i>

Есімдіктердің септелуінде, басқа сөздердің септелуінен басқаша, ерекше көрініп тұратыны барыс септігінде. Біріншіден, жіктеу есімдіктерінің бірінші, екінші жақ анайы түрінің түбіріндегі дауысты дыбыс өзгереді (*мен – маған, сен – саған*), екіншіден, септік жалғауының көрсеткіші басқа сөздердегідей *-ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е* болмастан, *-ған* формасында қолданылады. Көмектес септігінде түбір мен қосымшаны байланыстырып тұратын *-ы, -і, -ны, -ні* форманты қолданылады.

Морфологиялық категорияларының көптігі жағынан қазақ тілінде етістіктің орны ерекше. Оның шақ, рай, етіс, есімше, көсемше, болымсыздық формасы, т.б. категориялары бар. Сонымен бірге етістіктің сөз тудырушы жұрнақтарының өзі де бірталай.

Етістіктің сөз тудырушы жұрнақтары есімдерден етістік тудыратын және етістіктен етістік тудыратын (етіс) жұрнақ болып екіге бөлінеді. Есім сөздерден етістік тудыратын жұрнақтарға: *-ла, -ле (-та, -те, -да, -де), -лан, -лен (-дан, -ден, -тан, -тен), -лас, -лес (-дас, -дес, -тас, -тес), -лат, -лет (-дат, -дет), -а, -е, -ар, -ер, -р, -ай, -ей, -й, -қар, -кер (-ғар, -гер)*, т.б. қосымшалар енеді. Мысалы, *балтала, күдіктен, көмектес, әндет, жаса, көгер, азай, теңгер, дөнік*, т.б. Етістіктен етістік тудыратын жұрнақтар: 1) етіс және 2) амалдың өту сипатын білдіретін қосымшалар болып екіге бөлінеді. Оларға: *-ыс, -іс, -с, -тыр, -тір (-дыр, -дір), -қыз, -кіз (-ғыз, -гіз), -т, -ын, -ін, -н, -ыл, -іл, -л, -мала, -меле (-бала, -беле, -пала, -пеле)*,

-қыла, -кіле (-ғыла, -гіле), -ыңқыра, -іңкіре (-ңқыра, -ңкіре), -ғышта, -гіште (-қышта, -кіште), -ымсыра, -імсіре (-мсыра, -мсіре), -ыстыр, -істір (-стыр, -стір) т.б. қосымшалар енеді. Мысалы, *алыс, айттыр, барғыз, күшейт, киін, таран, аймала, шапқыла, барыңқыра, барғышта, жыламсыра, қарастыр*, т.б.

Қимыл атау категориясы түбір етістікке -у қосымшасын қосу арқылы жасалады. -У қосымшасы қосылған етістіктер зат есім сияқты септеліп, көптеліп, тәуелдене алады. Бірақ түркі тілдерінің барлығында да қимыл атауы -у қосымшасының көмегімен жасала бермей, -мақ, -мек қосымшасы арқылы да жасалады. Мысалы, өзбек, ұйғыр, өзірбайжан, т.б. тілдерде.

Қазақ тілінде 5 етіс категориясы сақталған:

1. *Негізгі етіс*. Етіс категориясының бұл түрінің арнаулы қосымшасы болмайды да, негізгі түбір етістікке тең болады.

2. *Ортақ етіс*. Ортақ етіс түбір етістіктерге -ыс, -іс, -с қосымшаларының қосылуы арқылы жасалады: *әкеліс, (қонақпен) көріс, сөйлес*, т.б.

3. *Өзгелік етіс*. Етістің бұл түрі негізгі етіске -т, -тыр, -қыз (фонетикалық нұсқаларымен) қосымшаларын қосу арқылы жасалады: *айттыр, жүгірт, барғыз*, т.б.

4. *Ырықсыз етіс*. Ырықсыз етіс негізгі етіске -ыл, -іл, -л және -ын, -ін, -н қосымшаларын қосу арқылы жасалады: *кітап оқылды, киім ілінді*, т.б.

5. *Өздік етіс*. Өздік етістің негізгі грамматикалық көрсеткіші -ын, -ін, -н: *киін, жуын*, т.б.

Етіс қосымшаларының ерекше бір қасиеті бірінің үстіне бірі қосыла беретіндігінде. Мысалы, *барғыздыр, сөйлеттіргізді, ойланттырғызды*.

Грамматикалық мағынасы мен көрсеткіштерінің көптігі жағынан етістіктердің шақ категориясы да ерекше орын алады. Басқа түркі тілдері сияқты қазақ тілінде де үш шақ: 1) *өткен шақ*, 2) *осы шақ*, 3) *келер шақ* бар. Осы шақтың өзі екі түрлі грамматикалық көрсеткішке ие. Нақ осы шақ аналитикалық форма арқылы жасалады да, оның құрамында көсемшенің -ып, -іп, -п, -а, -е, -й жұрнақтары мен *отыр, тұр, жатыр, тұр* қалып етістіктері қолданылады (*оқып отыр, айтып жүр, сөйлеп тұр, оқып жатыр, сөйлей отыр, айта жүр, оқи жүр*

т.б.). Ауыспалы осы шақ болса көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнағына жақ жалғауы қосылу арқылы жасалады (*барамыз, барайық, барады*, т.б.)*.

Келер шақтың үш түрі бар: 1) Болжалды келер шақ. Келер шақтың бұл түрі *-ар, -ер, -р* қосымшасының көмегімен жасалады (*барар, келер*). Сондай-ақ болжалды келер шақ аналитикалық жолмен де жасалады. Мысалы, *-атын, -етін* формалы есімше формасы етістіктерге *сияқты, шығар, тәрізді* сөздерін тіркеу арқылы (*баратын шығар, көретін сияқты* т.б.), не тәуелдік жалғауы немесе барыс септікті *-у* тұлғасы қимыл атауларына *мүмкін* сөзінің тіркесуі арқылы (*келуі мүмкін*) жасалады; 2. Мақсатты келер шақ. Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* қосымшасын қосу арқылы жасалынады. Мысалы, *келмек* т.б.; 3. Ауыспалы келер шақ. Ауыспалы келер шақ бірде осы, бірде келер шақ мағынасында қолданылады да, көсемшенің *-а, -е, -й* қосымшасына жақ жалғауын қосу арқылы жасалады.

Өткен шақ тілімізде өте жиі қолданылады да мына қосымшалар арқылы жасалады: 1) Жедел өткен шақ етістік түбіріне *-ды, -ді* қосымшасын қосу арқылы жасалады (*барды, келді*); 2) Бұрынғы өткен шақ түбір етістікке есімшенің *-қан, -кен, -ған, -ген* қосымшасын қосу арқылы жасалады (*оқыған, барған, келген*); 3) Белгісіз өткен шақ көсемшенің *-ып, -іп, -п* қосымшасының жіктелуі арқылы жасалады (*барыптын, келіпсің, оқыпты*); 4) Ауыспалы өткен шақ етістік түбіріне *-атын, -етін, -итін* қосымшасын қосу арқылы жасалады (*баратынмын, келетінбіз, оқитын*), т.б.

Қазақ тіліндегі сөздердің байланысу тәсілдері, сөйлем мүшелерінің жасалу тәсілі мен сөйлемдегі орын тәртібі, сөйлемнің түрлері басқа түркі тілдерінен алшақтап кете алмайды.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I-II т. Алматы, 1974, 1986.
2. Казахско-русский словарь. А., 2002.
3. Қазақ тілінің грамматикасы. А., 2002.
4. *Сарыбаев Ш.Ш.* Қазақ тіл білімінің библиографиялық көрсеткіші. I-VI т., Алматы, 1965-1994.
5. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

* А.Ы.Ысқақов ауыспалы осы шақты жалпы осы шақ деп атайды.

ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛІ

Қарақалпақ тілі Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақтың негізгі тұрғыны болып саналатын қарақалпақ халқының сөйлеу, жазба және мемлекеттік тілі болып саналады. Қарақалпақтар Қазақстанда және Ресейде (жалпы саны – 423436) және шет елдерде (5 мың) тұрады. Ахмет Буранның дерегі бойынша, қарақалпақтардың жалпы саны – 60 мыңдай. Қарақалпақтардың көне тарихы қазақ пен ноғайлардың этникалық құрамына енген тайпалардың тарихымен байланысып жатады. Сондықтан да қарақалпақтардың ішінде кездесетін рулар қазақтар мен ноғайлардың құрамындағы ру мен тайпалар сияқты қыпшақтардың құрамына енген. Қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының құрамындағы рулардың аттарының сәйкес келуі де – осы туысқандықтың бір көрінісі. Мысалы, қарақалпақтарда мынадай рулар кездеседі: қоңырат, қыпшақ, маңғыт, қытай, ырғақты, балықшы, қаңлы, қайшылы, қара мойын, бессары, қостамғалы, ұштамғалы, қазаяқты, қият, ашамайлы, балғалы, ұйғыр, мүйтен, құйын, кеңес, нөкис, салтыр, т.б. Тарихи дәуір жағынан да, географиялық ортасы жағынан да қазақ, қарақалпақ, ноғайлардың XIV–XV ғасырларға дейінгі мәдениеті, тарихы ортақ, тағдыры бір болғандығына көз жеткізуге болады. Арғы жағы Алтын Орда қол астында, бергі жағы Ноғай Ордасы құрамында осы үш халық бір болған. Бұлардың тек тілдері ғана жақын болып қалмастан, ауыз әдебиеттері де, әдет-ғұрыптары да өте жақын. Сондықтан да бұл үш тіл түркі тілдерінің қыпшақ-ноғай тобына жатады*.

Қарақалпақ тілі туралы пікір Қазан төңкерісінен бұрын айтылғанымен ғылыми еңбектің арнайы зерттеу нысаны болмаған. Кейінгі кездерде ғана қарақалпақ тілі жан-жақты зерттеу нысаны бола бастады. Венгер ғалымы Г.Вамбери XIX ғасырдың екінші жартысында қарақалпақ тілінен аздаған материалдар жариялап, кей дыбыстарына талдау жасаған. Қарақалпақтар арасына келіп, арнаулы зерттеу жүргізген Санкт-Петербург университетінің студенті, П.М.Мелиоранскийдің

* Тарихта қарақалпақтарды черноклобоктар деп атайды. Алғаш Кавказ етегінде, одан Еділ бойында көшіп жүрген. XII–XIII ғасырларда Түркістан өлкесін жайлаған. Қазіргі мекеніне XVI ғасырда келіп орналасқан.

шәкірті И.А.Белов болатын. Ол 1903 жылы Қарақалпақстанға келіп, тілі бойынша материалдар жинаған. Оларын 1917 жылы Ашхабадта бастырған. Кеңес дәуірінде қарақалпақ тілін зерттеуге ат салысқан ғалымдардан Н.А.Баскаков, С.Е.Малов, Е.П.Поливанов, Н.Давкараев, Д.С.Насыров, Е.Бердимуратов, О.Доспанов, М.Дәулетов, А.Нажимов, Х.Хамидовтардың атын атауға болады.

Қарақалпақ тілінің диалектілерін зерттеу үстіміздегі ғасырдың отызыншы жылдарынан басталған. Қазіргі күнде қарақалпақ тілінің диалектілік құрамын анықтауда бір-бірінен онша алшақ емес екі пікір бар. Бір топ ғалымдар (Н.А.Баскаков т.б.) қарақалпақ тілінде: а) солтүстік-шығыс, ә) оңтүстік-батыс диалектілері бар десе, екінші бір топ ғалымдар (Д.С.Насыров, О.Доспанов) оңтүстік және солтүстік диалектілері бар деп есептейді. Дегенмен де, бұл екі диалектінің өзара айырмашылықтары онша көп емес.

Қазан төңкерісіне дейін араб графикасы негізінде қарақалпақ жазуы болған, бірақ оқуға қиын қарақалпақ тілінің дыбыстық жүйесін толық көрсетіп бере алмайтын. Қазан төңкерісінен кейін, басқа түркі тілдес халықтар сияқты, қарақалпақ халқы да өздерінің әліпбиін жасауға мүмкіндік алды. 1924 жылы араб әліпбиін негізінде қарақалпақ жазу графикасы жасалды, ал 1928 жылы араб графикасынан латын графикасы негізінде жасалған қарақалпақ алфавитіне көше бастады. 1940 жылдың 18 шілдесінде қарақалпақтар орыс графикасы негізінде жасалған қарақалпақ алфавитін қабылдады. Осы дәуірлерде қарақалпақтың әдеби тілі де қалыптасты. Оған негіз етіп қарақалпақ тілінің солтүстік диалекті алынды. 1957 жылы қарақалпақ әліпбиіне аздап өзгерістер енгізілді. 1957 жылы қабылданған әліпбиде 41 әріп бар: *а, ә, е, э, ё, ы, и, о, ө, у, ү, б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, ч, ш, щ, ю, я, ь, ы, ц*. Бұлардың тоғызы (*а, ы, ә, е, о, ө, у, ү*) дауысты дыбыс. Э тек орыс тілі, не орыс тілі арқылы енген сөздерде қолданылады да қарақалпақ тілінде жеке фонема деп есептелмейді. Сөздердің бірінші буынында тоғыз дауысты дыбыстың барлығы бірдей қолданыла береді. Бірақ көп буынды сөздердің екінші және қалған буындарында ерін дауысты дыбыстары қолданылмайды. Дегенмен де сөйлеу процесі

кезінде ерін дауысты дыбыстарының екінші буындарда да айтылып қалатын жерлері байқалады. Мысалы, сөздің бірінші буынындағы дауысты дыбыс еріндік, екінші буындағы дауысты қысаң езулік дауысты дыбыс болса, езулік дауысты дыбыс айтылуда еріндік болып естіледі. Салыстырыңыз: *құлын* (айтылуда *құлун*), *күлки* (айтылуда *күлкү*), *қоныс* (айтылуда *қонус*), *қумырсқа* (айтылуда *қумурсқа*), *толық* (айтылуда *толук*), т.б. Сондай-ақ сөз басында *о*, *ө* дыбыстары айтылмайды, айтылуда олардың алдына *й*, *у* дыбыстарының біреуі қосылып айтылады. Дауыссыз дыбыстардан *б*, *в*, *г*, *ғ*, *д* дыбыстары кірме сөздер болмаса, қарақалпақтың төл сөздерінде сөз соңында кездеспейді, кездесе де айтылуда *п*, *т*, *қ*, *к* дыбыстарына жуық айтылады.

Қарақалпақ тілінде дауыссыздардың үндесуі бар. Мысалы, сөздің соңғы дыбысы үнді болса, қосылатын қосымша не үнді, не ұяңнан басталады. Салыстырыңыз, *қар-дың* – *қардың*, *жем-нің* – *жемнің*, т.б. Егер сөздің соңы дауысты дыбысқа бітсе, қосылатын қосымша үнді не ұяңнан басталады. Мысалы, *ана-ны* – *ананы*, *ана-дан* – *анадан*, т.б. Сөздердің соңғы дыбысы қатаң болса, қосылатын қосымша да қатаңнан басталады. Мысалы, *ат-тың* – *аттың*, *тас-қа* – *тасқа* т.б. Қарақалпақ тілінде тек ілгерінді ықпал заңдылығы сақталмастан, кейінді ықпал заңдылығы сақталған. Мысалы, сөз соңы *п*, *қ*, *к* дыбыстарының біреуіне бітсе, қосылатын қосымша дауысты дыбыстардан басталса, онда *п* дыбысы *б* не *у* дыбысына, *к* мен *қ* дыбыстары *г*, *ғ* дыбыстарына айналады. Мысалы, *балық-ы* – *балығы*, *жақ-ар* – *жағар*, *тик-ис* – *тигис*, *тап-ып* – *тауып*, *шап-а-ды* – *шабады* т.б. Түбірдің соңғы дыбысы *н* болып, оған қосылатын қосымша *б* дыбысынан басталса, *н* дыбысы *м* дыбысына айналады. Мысалы, *жан-ба-ды* – *жанбады* (айтылуда *жамбады*), *көн-бе-ген* – *көнбеген* (айтылуда *көмбеген*), т.б. Сондай-ақ сөздің соңғы дыбысы *н* дыбысы болып қосылатын қосымшалар *к*, *ғ*, *г* дыбыстарының біреуінен басталса, айтылуда *н* дыбысы *ң* дыбысына айналады. Мысалы, *бурын-ғы* – *бурынғы* (айтылуда *бурынғы*), *нан-ға* – *нанға* (айтылуда *наңға*), т.б. Дыбыстардың, тіпті кейде буындардың сөйлеу кезінде түсіп қалатын кездері де байқалады. Мысалы, түбір сөзге дауыстыдан басталатын қосымша қосылғанда, кей бітеу буынға біткен

сөздердің соңғы буынындағы қысаң дауысты дыбыс түсіріліп айтылады да, жазылуда да түсіріліп жазылады: *халық-ы* — *халқы*, *мурын-ы* — *мурны* т.б. *Балалар*, *келген*, *салған*, *салынты*, *келінти* сияқты сөздер *баллар*, *кеген*, *саған*, *сапты*, *кепти* түрінде айтылып, бір буыны түсіріліп те айтылады.

Қарақалпақ тілінде алты септік бар, қазақ тіліндегі көмектес септігі қолданылмайды. Көптік жалғаулары *-лар*, *-лер* қосымшасының қосылуы арқылы жасалады, бірақ олар дыбыс үндестік заңдылығына бағынбай, қатаң дауыссызға біткен сөздерге де, үнді дауыссыздарға біткен сөздерге де, дауысты дыбысқа біткен сөздерге де бірдей *-лар*, *-лер* түрінде қосылады. Мысалы, *адамлар*, *көллер*, *атлар*, *итлер*, т.б.

Қарақалпақ тіліндегі сөзжасам жүйелері өте дамыған. Олар мына жұрнақтар негізінде жасалады:

1) *-шы*, *-ші*: *аңшы*, *етікші*, т.б. *-Шы*, *-ші* қосымшасы *өтирикши*, *өсекши* сияқты сындық мағыналы туынды түбір зат есім жасаумен бірге, қазақ тілінде қолданылмайтын *ойыншы* (*биші* мағынасында), *урлықшы*, *тамашашы* сияқты зат есімдер де жасайды;

2) *-лық*, *-лік*: *жақсылық*, *байлық*, *гедейлік*, *дузлық*, т.б.;

3) *-шылық*, *-шилік*: *дйқанышылық*, *егиншилік*, *пахташылық*, т.б.;

4) *-гершилік*: *жаугершилік*, *ләмгершилік*, *адамгершилік*, т.б.;

5) *-ыс*, *-ис*, *-с*: *айтыс*, *тартыс*, *урыс*, *кирис*, т.б.;

6) *-лы*, *-ли*: *ақыллы*, *ғайратлы*, *кәдірли*, т.б.;

7) *-сыз*, *-сиз*: *сансыз*, *жерсиз*, *малсыз*, т.б.;

8) *-дай*, *-дей*: *қақпақтай*, *мендей*, *адамдай*, *қазандай*, т.б.;

9) *-дәк*, *-дек*: *дәрьядәк*, *пәрийдек*, *гүлдек*, т.б. Мағынасы жағынан бұл қазақ тіліндегі *-дай*, *-дей* қосымшаларымен сәйкес келеді де, екі затты салыстырады;

10) *-ла*, *-ле*: *ойла*, *белгиле*, *тырмала*, *қозыла*, т.б.;

11) *-ай*, *-ей*: *молай*, *күшей*, *азай*, *үлкей*, т.б.;

12) *-лас*, *-лес*: *сәлемлес*, *беллес*, *орайлас*, т.б.

Сын есімнің үш шырайы бар. Жай шырай түбір сын есім арқылы беріледі де, олардың арнайы қосымшасы болмайды. Салыстырмалы шырай түбір сын есімдерге *-рақ*, *-рек*, *-ырақ*, *-ирек*, *-лау*, *-леу*, *-ғылт*, *-гилт*, *-шыл*, *-шил*, *-ғылым*, *-гилтим*, *-ғыш*, *-гиш* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *қаттырақ*, *жақсырақ*, *қызғыш*, т.б. Күшейтпелі шырай күшейтпелі буынды қос сөздер арқылы (*ып-ыстық*, *сап-сары*),

ең, жүдә, дым сөздерінің тіркесуі арқылы (ең улы, жүдә сулыу, дым көркем), қайталама қос сөздер арқылы (қат-қат ет, шып-шып тер, көптен-көп, молдан-мол) беріледі.

Қарақалпақ тілінде етістің төрт түрі бар. Өзгелік етіс етістіктің түбірлеріне *-ын, -ин, -н, -ыл, -ил, -л* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *мақтан, сүйін, жазыл, таран*, т.б. *Ортақ етіс* етістіктің түбіріне *-ыс, -іс, -с* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *сөйлес, беллес*, т.б. *Өздік етіс* етістіктің түбіріне *-дыр, -дир, -т, -ир, -из, -дар, -гит, -сет* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *кептир, билдир, оқыт, азайт, алғыз, айтқыз, нитир, жеткер, азғыр*, т.б. *Ырықсыз етіс* (қарақалпақ тілінде белгисіз дәдеже) етістіктің түбіріне *-ыл, -ил, -л, -ын, -ин, -н* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *иеленди, орынланды, қаралды, тасылды*, т.б.

Етістіктің шақтары мына қосымшалар арқылы жасалады. *Өткен шақтың* қосымшалары: *-ды, -ди, -ты, -ти* (қарады, танысты), *-ған, -ген, -қан, -кен* (түсинген, алған), *-ып, -ип, -н* және жақ жалғауының қосылуы арқылы (*умытыппан, ұмытыпсыз, ұмытыпсаң*, т.б.) жасалады. *Осы шақ* етістіктің түбіріне *-ып, -ип, -н* және *олтыр, тур, жатыр, жүр, қиятыр, баратыр* аналитикалық формаларының (*түсип атыр, өсип баратыр, писип тур*) көмегімен, *-а, -е, -й* көсемшелі формалы етістіктің жіктелуі арқылы (*барады, ислеймен, жүресен*, т.б.) жасалады. *Келер шақ* *-ар, -ер, -р* (*айтар, келер*), *-мас, -мес* (*айтпас, келмес*), *-мақшы, -мекши* (*басламақшы, жұрмекши*), *-(а)жак, -(е)жек* (*кетежак, баражак*) қосымшалары арқылы жасалады.

Әдебиет:

1. Бердимуратов Е., Дәулетов А. Хәzirги қарақалпақ тили. Нөкис, 1979.
2. Хәzirги қарақалпақ тили (Морфология). Нөкис, 1981.
3. Хәzirги қарақалпақ тили (Синтаксис). Нөкис, 1986.
4. Баскаков А.Е. Каракалпакский язык. Т.І., М., 1951.; Т.ІІ., М., 1952.
5. Каракалпакско-русский словарь. М., 1958.
6. Қарақалпақ тилинің тусиндирек сөздиғи. I-IV. Нөкис, 1982, 1992.
7. Язык мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

НОҒАЙ ТІЛІ

Ноғай тілі қазіргі ноғай халқының сөйлеу және жазба әдеби тілі. Ноғай тілі қазіргі қазақ, қарақалпақ тілдерімен бірге түркі тілдерінің қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай тобына енеді. Ноғайлар, негізінен, Кавказ тауының баурауында тұрады. Жалпы саны — 75564. Ноғайлардың көпшілігі Дағыстанның Ноғай ауданында, Ставрополь өлкесінің кей аудандарында жасайды. Біраз ноғайлар Дағыстанның Тарум, Кизиляр, Хасавюрт, Бабаюрт аудандары мен Чешен-ингуштардың Жорғалы, Турум, Шелков аудандарында, ал шағын тобы Астраханда, Қырымда жасайды. Ноғайлардың бір тобы (аккеман ноғайлары) Румынияда, екінші тобы Түркияның Кони жарты аралында тұрады.

Ноғайлардың ата-бабалары қыпшақ тайпалар одағына, Алтын Орда қол астына, одан кейін Ноғай Ордасының құрамына енген. Бірақ тынымсыз жаугершілік, майда феодалдық мемлекеттер арасындағы соғыстар мен тақ тартысы Алтын Орданы да, Ноғай Ордасын да құлатты, құрамындағы тайпалардың ыдырауына себепші болып, XV—XVII ғасырларда Ноғай Ордасына енген тайпалар бірнеше майда ордаларға бөлініп (Алтыгул, Едысан, Джетишкул, Буджалық, Кубань) Ертіс пен Дунай аралығында көшіп-қонып жүрген. Этникалық құрамы жағынан ноғайлардың құрамында қыпшақтармен бірге монғол рулары да бар. Бұл рулар монғолдар шапқыншылығы кезінде Монғолиядан көшіп келіп, жергілікті халықтар арасына сіңісіп кеткен рулар болып саналады. Н.А.Баскаковтың көрсетуінше, ноғайлар екі топқа бөлінеді: 1) *ақ ноғай*, 2) *қара ноғай*. Ноғайлардың құрамында мынадай рулар бар: *қаңлы, бұлағай, ырғақты, піскекті, абаған, үйсін, барак, қосшы, қырық, шөмішті, сарайлы, қырық ру, шекті, қода таңбалы, қара сирақ, қаз аяқты, қомтамғалы, ашамайлы, қарнақты, нөкіс, қоңырат, үш таңбалы, серкелі, телев (тілеу), шымбай, арғын (арқын), кеңгес, найман, ергенекті, қыпшақ*, т.б.

Ноғайлардың нақтылы саны белгісіз. Ахмет Буран 30000 деп көрсетеді.

Ноғай тілі Қазан төңкерісінен бұрынғы кезде арнайы зерттеу нысаны бола қоймады, тек олардың ауыз әдебиеті ғана жиналып, сөз бола бастаған болатын. Ноғай ауыз әдебиеті

үлгілерін жинап, пікір айта бастағандардан А.Ходзька, А.Архипов, А.Рудниковский, П.А.Фалеев, М.Османов, В.В.Радловтардың атын атауға болады. Кеңес дәуірінде ноғай тілі зерттеліп, ғылыми грамматикасы жасала бастады. Мысалы, Н.А.Баскаков, М.К.Милых, Ф.Г.Исхаков, М.К.Курманғалиев, А.Т.Бозиев, А.Джанибеков сияқты ғалымдар ноғай тілін зерттеп, оқулықтар жасады, ғылыми еңбектер жазды.

Ноғайлардың көне жазба ескерткіштері сақталмаған. Олардың әдеби тілі Қазан төңкерісінен кейін қалыптасқан. Одан бұрын олар араб жазуынан пайдаланған. 1928 жылы араб әліпбиіне, 1938 жылы латын әліпбиінен орыс графикасы негізінде жасалған ноғай әліпбиіне өтті. 1938 жылы 4 ақпанда қабылданған қаулы бойынша ноғай әліпбиінде 35 әріп бар: *а, б, в, г, гь, д, е, ж, з, и, й, к, кь, л, м, н, нь, о, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, щ, ы, ь, ь, э, ю, я*. Ал 1962 жылғы реформадан кейін ноғай тілінде 37 әріп бар деп белгіленді. Яғни бұрынғы әліпбиі толықтырылып, *аь, уь, оь, э* әріптері қосылды да, бұрынғы *кь, гь* әріптері алынып тасталды.

Ноғай тілінің диалектілері әлі күнге дейін толық зерттелген емес. А.Н.Баскаков ноғай тілінде үш диалекті (1. Ақ ноғай, 2. Ноғай, 3. Қара ноғай диалектілері) бар десе, М.К.Милых ноғай тілінің черкес және дағыстан диалектілері ғана бар деп есептейді. Дегенмен де ноғай тілінде үш диалекті бар деушілер көбірек.

Дыбыстық жүйесі жағынан ноғай тілі қазақ, қарақалпақ тілдеріне өте жақын. Дауысты дыбыстары жуан (*а, о, ы, у*) және жіңішке (*и, е, оь, уь*) болып бөлініп жатады. Ноғай тілінің төл сөздері буын үндестік заңдылығын берік сақтаған. Яғни ноғай тілінің төл сөздері бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке буынды болып келеді. Мысалы, *Сонан сонь Ахметтинь ковзи ашылып, ойында утып шығады* (Ноғай халк йырлары). Түбірге қосылған қосымшалар да буын үндестік заңын сақтап, түбірдің соңғы буынының жуан, жіңішке болуына қарай жуан не жіңішке болып келеді. Мысалы, *Щаарбектинь кашканын эситип, хан кувгыншылар йиберди* (Ноғай халк йырлары). Қазақ тілінде буын үндестігі езу дауысты дыбыстармен байланысты. Ноғай тілінде де езу үндестігі бар. Мысалы, *Бурынғы соғыстар заманында ноғайлар Елли кая деген бир тав устінде ок атып, оьз ерине душпанды*

киргизбейдилер. Бир соғыста Елли кая басынан кобыз сеси душпанларға тыныш бермеген (Ноғай халк йырлары). Бірақ ноғай тілінің кей диалектілерінде ерін үндестігі де сақталған. Мысалы, *Басымдағы йавлугум Уьш пул салып тасладым. Қуватым есине туьскоьнде Йыламагьа башладым* (Ноғай халк йырлары).

Дауыссыз дыбыстар аралығында дыбыс үндестік заңдылығы сақталған. Мысалы, үнді дауыссыз дыбысқа біткен сөздерге қосымша үндіден (*куньнинь*), не ұяңнан (*ерди*) басталады. Сондай-ақ түбір сөз дауысты дыбыстарға бітсе, қосылатын қосымша үнді не ұяңнан басталады. Мысалы, *басладынь, кайгьылы, анагьа* т.б. Түбір сөз не қосымша қатаң дыбыстың біреуіне бітсе, қосылатын қосымшалар да қатаңнан басталады. Мысалы, *эситкен, кетти* т.б. Ноғай тілінде кейінді ықпал заңдылығы да сақталған. Мысалы, *қызша* (айтылуда *қышша*), *русша* (айтылуда *рушша*), *ашык-ым* – *ашыгьым*, т.б.

Зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтары өте дамыған. Олар: *-шы, -ши* (*балыкшы, аньшы*), *-лав, -лев* (*кыслав*), *-ым, -им* (*агьым*), *-ыс, -ис* (*айланыс*), *-ма, -ме* (*язма*), *-ым, -им, -м* (*билим*), *-кын, -кин* (*ушкин*), *-гьыр, -гир* (*казгир*), *-мак, -мек* (*илмек*), *-гьак, -гек* (*илгек*), т.б. Сын есімнің сөз тудырушы жұрнақтары мыналар: *-лы, -ли* (*уьйли, сувлы*), *-сыз, -сиз* (*атсыз, уйатсыз*), *-лык, -лик* (*кьойлыкь*), *-гьы, -ги* (*йазгьы*), т.б. Етістіктің сөз тудырушы негізгі жұрнақтары мыналар: *-ла, -ле* (*изле, сапта*), *-ар, -ер, -р* (*коькер, акьар*), *-ай, -ей, -й* (*саргьай, коьбей*), *-гьар, -гер, -кьар, -кер* (*сувгьар, эскер*), *-а, -е* (*сана, кана*), *-ыкь, -ик* (*йолыкь*), т.б.

Ноғай тілінде көптік жалғауының *-лар, -лер* формасы ғана сақталған (қазақ тіліндегі *-дар, -дер, -тар, -тер* формасы жоқ). Мысалы, *қыз-қатынлар, илмеклер*, т.б. Ноғай тілінің диалектілерінде көптік жалғауының *-нар, -нер* формасы кездеседі. Мысалы, *тоннар, тамнар*, т.б. Жіктік жалғаулары зат есімдерге жалғана береді. Қазақ тілінен айырмашылығы сол: ноғай тіліндегі жіктік жалғаулары өздерінің сөз формасын сақтаған. Екінші айырмашылығы үшінші жақта *-дыр* морфемасын қосып барып қолданылады. Үшінші айырмашылығы қазақ тіліндегі 2-жақ сыпайы түрінің қосымшасы *-сыз, -сиз* ноғай тілінде екінші жақ көпше түрінің қосымшасы ретінде қолданылады. Мысалы, *мин ногай(дыр)мен, сен*

ноғай(дыр)сен, ол ноғайдыр. Сөйлеу тілінде жіктік жалғауының бірінші және екінші жақтарында *-дыр* морфемасының қолданылуы шарт емес. Сондықтан да “*Сен ким сен? Сен ким дир? Мен ноғаймен, мен ноғай дыр*” түрінде де айтылуы мүмкін.

Сан есімнің семантикалық топтарының жасалуында біршама ерекшеліктер бар. Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге *-ынджы, -инджи, -ынчы, -инчи, -нджы, -нджи, -нчы, -нчи* қосымшаларының қосылуы арқылы жасалады. Мысалы, *екинджи, отузынчы*. Топтау сан есімдері болса есептік сан есімдеріне *-сар, -сер, -ар, -ер* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *онар (оннан), бирер (біреуден), алтысар (алтаудан)*, т.б. Жинақтық сан есімінің морфологиялық көрсеткіші *-ав, -ев*. Бір ерекшелігі сол *-ав, -ев* қосымшасы, қазақ тіліндегі сияқты, жетіге дейінгі есептік сан есімдерге жалғанады да, сегізден бастап жинақтық сан есімдер есептік сандарға *-лык, -лик* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *уышоов, алтав, онлык*, т.б. Бөлшектік сан есімдер болса күрделі сан есімдердің бірінші сыңары шығыс септік формасында, екінші сыңары атау септік формасында тұруы арқылы не *йарым, йарты, шерек (ширек)* сөздерінің есептік сан есімдерге тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, *йуызден бес (жүзден бес), оннан бир*, т.б.

Басқа түркі тілдеріне қарағанда ноғай тілінде есімше формалары сәл басқашалау түсіндіріледі. Көпшілік тілшілер есімшенің грамматикалық формасы ретінде мына қосымшаларды көрсетеді: 1) Келер шақ есімше *-ар, -ер, -р, -ыр, -ир (язар, оқыр)* қосымшалары арқылы жасалады. Келер шақ есімшенің болымсыз түрі *-мас, -мес, -бас, -бес, -пас, -пес* қосымшаларымен жасалады. Мысалы, *коьрмес, юрмес* т.б. Қазақ тілінде *-ар, -ер* қосымшасы қолданылғанымен, *-ыр, -ір* қосымшалары есімшенің көрсеткіші ретінде қолданылмайды. Ол тек кейбір сөздердің құрамында ғана кездеседі. 2) Келер шақ есімше түбірге *-аяк, -яек, -як, -ек* қосымшаларын қосу арқылы да жасалады. Мысалы, *келяек, бараяк*. Ауыспалы осы шақ есімшенің қосымшасы *-атаган, -этеген, -йтаган*. Болымсыз түрінің қосымшасы *-майтаган, -мейтаган*. *-Атаган, -этеген* қосымшалары қазақ тіліндегі *-атын, -етін* қосымшаларымен тарихи жақтан тектес және мағыналары сәйкес келеді. Мысалы, *Онынъ яшайтаган елине* т.б.

Есімшенің осы шағының қосымшасы ретінде *-аған, -еген* қосымшалары қолданылады. Бұл қосымша қазақ тілінде де бар, айырмашылығы қазақ тілінде ол — етістіктен сын есім тудыратын жұрнақ. Мысалы, *кашаған, ятаған*, т.б. Осы шақтық есімшенің қосымшасы ретінде *-ушы, -увши, -вши, -вши* қосымшалары да қолданылады. Мысалы, *собйлевши, кайтувши*, т.б. Есімшенің ауыспалы осы шағының қосымшасы ретінде *-макшы, -мекши, -бакшы, -бекши, -пакшы, -пекши* қосымшалары алынады. Мысалы, *ислемекши* т.б. Өткен шақ есімше мағынасында *-ган, -ген, -кан, -кен* қосымшалары кездеседі. Мысалы, *келген, коьрген*, т.б. Өткен шақ есімше мағынасында *-ды, -ди* қосымшасы да қолданылады. Қыпшақ тілдерінің басқа бірде-біреуінде *-ды, -ді* қосымшасының есімше қызметінде қолданылған орны байқалмайды. Сондай-ақ ноғай тілінде өткен шақ есімше қызметінде *-увлы, -увьлы* қосымшасы да қолданылады. Мысалы, *айтувлы* т.б. *-Увлы, -увьлы* қосымшасының қазақ тілінде *-улы, -улі* нұсқасы қолданылады, бірақ оның есімше мағынасы жоқ.

Әдебиеттер:

1. Баскаков А.Н. Ногайский язык и его диалекты. М.-Л., 1940.
2. Исхаков Ф.Г., Курмангалиев М.К. Ногай тили. Грозный, 1951.
3. Языки народов СССР. Т. II. М., 1966.
4. Грамматика ногайского языка. Черкеск, 1973.
5. Ногайско-русский словарь. М., 1962.
6. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ТАТАР ТІЛІ

Татар тілі — Татарстанда, Ресейдің басқа өлкелерінде, Өзбекстан, Қазақстан мен Кавказ республикаларында, шет елдерде жасайтын татар халқының ұлттық, әдеби және мемлекеттік тілі. Бұрынғы кеңес кеңістігінде жалпы саны — 6 185 196 (Ахмет Буранда 16 000 000).

Татарлардың тарихы өте көне дәуірге барып тіреледі. Тарихта татар этнонимінің мәлім болған дәуірі V—IX ғасырлар болып есептеледі. Ал татарлардың халық ретінде қалыптасуы XV—XVI ғасырларға тура келеді. Олардың этникалық құрамында бұлғар және қыпшақ тайпаларының өкілдері бар. Көптеген татар тарихшылары, этнографтары мен тілшілері

өздерін Еділ бойы бұлғарларының ұрпағымыз деп санайды. Шындығында да Ұлы Бұлғар қағанатының орналасқан орны осы Татарстан территориясына тура келеді. Қазіргі татарлардың тілінде көне қыпшақ тілінің біраз элементтері сақталып қалған. Олар көне жазба ескерткіштері бар, ертеден жазу мәдениетіне ие болған халықтардан саналады. XIII ғасырдың ескерткіші болып саналатын Алидің “Юсуф ва Зулайха” дастаны, авторы белгісіз “Кешик баш кітабы” сияқты шығармалар – татар халқының мұрасы.



М.З.Закиев

Татар тілін, тарихын, әдебиетін, этнографиясын зерттеу Қазан төңкерісінен бұрын басталған. 1804 жылы Қазан университетінің ашылуы татар оқымысты қауымының қалыптасуына жағдай жасады. Мырза А.Казем-Бек, Н.И.Ильминский, Г.С.Аблуков, Г.Махмудов, М.Иванов, Н.И.Ашмарин, Ш.И.Ахмеров, И.Халфин сияқтылар татар тілі, тарихын, әдебиетін алғашқы зерттеушілерден саналады. И.М.Гиганов, С.Халфин, М.Ш.Салихов, А.А.Вагапов, И.Кондратьев, Мир-Салих, Бекчурин, Н.П.Остраумов, Каюм Насыри, М.А.Юнусов, Ф.Н.Катанов, И.Н.Березин, В.В.Радлов, А.Г.Бессонов, т.б. – татар тіл білімінің қалыптасуына, бүгінгі таңдағы дәрежеге көтерілуіне ат салысқан ғалымдар. Қазан төңкерісінен кейін татар тілі жан-жақты зерттелді. Татар тіл білімінің дамуында Н.К.Дмитриев, Л.Жалей, В.А.Богородицкий, М.З.Закиев, Д.Г.Тумашева, В.Хаков, Л.Т.Махмутова, Х.Р.Курбатов, Ф.А.Ғаниев, В.Н.Хангелдин, Л.З.Заялетдинов сияқты ғалымдардың еңбегі мол.

Татар тілінде үш диалекті бар: 1) шығыс диалекті; 2) орталық диалекті; 3) батыс диалекті. Қазіргі татар әдеби тілінің лексикасы, фонетикасы орталық диалекті негізінде, морфологиясы батыс диалекті негізінде қалыптасқан. Орталық диалектінің басқа диалектілерден мынадай айырмашылықтары бар: 1) *А* дыбысы еріндік *о* дыбысына жақын айтылады да, еріндік сипатқа ие болады. Мысалы, *ка^ора^о* “черный”, *та^ол*

Есімшенің осы шағының қосымшасы ретінде *-аған, -еген* қосымшалары қолданылады. Бұл қосымша қазақ тілінде де бар, айырмашылығы қазақ тілінде ол — етістіктен сын есім тудыратын жұрнақ. Мысалы, *кашаған, ятаған*, т.б. Осы шақтық есімшенің қосымшасы ретінде *-увшы, -увши, -вши, -вши* қосымшалары да қолданылады. Мысалы, *собйлевши, кайтувши*, т.б. Есімшенің ауыспалы осы шағының қосымшасы ретінде *-макшы, -мекши, -бакшы, -бекши, -пакшы, -пекши* қосымшалары алынады. Мысалы, *ислемекши* т.б. Өткен шақ есімше мағынасында *-ган, -ген, -кан, -кен* қосымшалары кездеседі. Мысалы, *келген, коьрген*, т.б. Өткен шақ есімше мағынасында *-ды, -ди* қосымшасы да қолданылады. Қыпшақ тілдерінің басқа бірде-біреуінде *-ды, -ді* қосымшасының есімше қызметінде қолданылған орны байқалмайды. Сондай-ақ ноғай тілінде өткен шақ есімше қызметінде *-увлы, -увлы* қосымшасы да қолданылады. Мысалы, *айтувлы* т.б. *-Увлы, -увлы* қосымшасының қазақ тілінде *-улы, -улі* нұсқасы қолданылады, бірақ оның есімше мағынасы жоқ.

Әдебиеттер:

1. Баскаков А.Н. Ногайский язык и его диалекты. М.-Л., 1940.
2. Исхаков Ф.Г., Курмангалиев М.К. Ногай тили. Грозный, 1951.
3. Языки народов СССР. Т. II. М., 1966.
4. Грамматика ногайского языка. Черкеск, 1973.
5. Ногайско-русский словарь. М., 1962.
6. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ТАТАР ТІЛІ

Татар тілі — Татарстанда, Ресейдің басқа өлкелерінде, Өзбекстан, Қазақстан мен Кавказ республикаларында, шет елдерде жасайтын татар халқының ұлттық, әдеби және мемлекеттік тілі. Бұрынғы кеңес кеңістігінде жалпы саны — 6 185 196 (Ахмет Буранда 16 000 000).

Татарлардың тарихы өте көне дәуірге барып тіреледі. Тарихта татар этнонимінің мәлім болған дәуірі V—IX ғасырлар болып есептеледі. Ал татарлардың халық ретінде қалыптасуы XV—XVI ғасырларға тура келеді. Олардың этникалық құрамында бұлғар және қыпшақ тайпаларының өкілдері бар. Көптеген татар тарихшылары, этнографтары мен тілшілері

өздерін Еділ бойы бұлғарларының ұрпағымыз деп санайды. Шындығында да Ұлы Бұлғар қағанатының орналасқан орны осы Татарстан территориясына тура келеді. Қазіргі татарлардың тілінде көне қыпшақ тілінің біраз элементтері сақталып қалған. Олар көне жазба ескерткіштері бар, ертеден жазу мәдениетіне ие болған халықтардан саналады. XIII ғасырдың ескерткіші болып саналатын Алидің “Юсуф ва Зулайха” дастаны, авторы белгісіз “Кешик баш китабы” сияқты шығармалар – татар халқының мұрасы.



М.З.Закиев

Татар тілін, тарихын, әдебиетін, этнографиясын зерттеу Қазан төңкерісінен бұрын басталған. 1804 жылы Қазан университетінің ашылуы татар оқымысты қауымының қалыптасуына жағдай жасады. Мырза А.Казем-Бек, Н.И.Ильминский, Г.С.Аблуков, Г.Махмудов, М.Иванов, Н.И.Ашмарин, Ш.И.Ахмеров, И.Халфин сияқтылар татар тілі, тарихын, әдебиетін алғашқы зерттеушілерден саналады. И.М.Гиганов, С.Халфин, М.Ш.Салихов, А.А.Вагапов, И.Кондратьев, Мир-Салих, Бекчурин, Н.П.Остраумов, Каюм Насыри, М.А.Юнусов, Ф.Н.Катанов, И.Н.Березин, В.В.Радлов, А.Г.Бессонов, т.б. – татар тіл білімінің қалыптасуына, бүгінгі таңдағы дәрежеге көтерілуіне ат салысқан ғалымдар. Қазан төңкерісінен кейін татар тілі жан-жақты зерттелді. Татар тіл білімінің дамуында Н.К.Дмитриев, Л.Жалей, В.А.Богородицкий, М.З.Закиев, Д.Г.Тумашева, В.Хаков, Л.Т.Махмутова, Х.Р.Курбатов, Ф.А.Ғаниев, В.Н.Хангелдин, Л.З.Заялетдинов сияқты ғалымдардың еңбегі мол.

Татар тілінде үш диалекті бар: 1) шығыс диалекті; 2) орталық диалекті; 3) батыс диалекті. Қазіргі татар әдеби тілінің лексикасы, фонетикасы орталық диалекті негізінде, морфологиясы батыс диалекті негізінде қалыптасқан. Орталық диалектінің басқа диалектілерден мынадай айырмашылықтары бар: 1) *А* дыбысы еріндік *о* дыбысына жақын айтылады да, еріндік сипатқа ие болады. Мысалы, *ка^ора* “черный”, *та^ол*

“ветла”, т.б.; 2. Орталық диалектіде дифтонгойттар қолданылады. Мысалы, *өй* “дом”, *бәйрәм* “праздник”, т.б.; 3) Тіл арты *к, ғ, ң, х* дыбыстары бар әдеби тіл графикасында *к, г, х, ң* әріптерімен берілгенімен айтылуда айырмашылығы анық байқалады. Мысалы, *қул* “рука”, *ақырын* “медленно”, *қарға* “грач”, *хәзер* “сейчас”, т.б.; 4) Тәуелдік жалғауы қабаттасып (-*сысы, -сесе*) қолданылады. Мысалы, *ансысы* “этот из них”, *әйберсесе* “вещь его”, т.б.; 5) Қимыл атауының қосымшасы -*маға, -мәгә, -ма, -ме, -малы, -мәле, -асы, -әсе* түрінде түрлі говорларда түрліше қолданылады. Мысалы, *алмаға* “взять”, *йөрмәгә* “ходить”, т.б.; 6) Бұйрық райының екінші жағының қосымшасы -*ың, -ең* түрінде қолданылады. Мысалы, *алың* “возьми(те)”, *йөрең* “ходи(те)”, т.б.; 7) Екінші жақ осы шақтың қосымшасы -*сығыз, -сегез* түрінде қолданылады. Мысалы, *аласығыз* “вы берете”, *йөресегез* “вы ходите”, т.б. Батыс диалектісінің (кейде бұл диалектіні мишар диалектісі дейді) мынадай ерекшелігі бар: 1) *А* дыбысы сөздің барлық шегінде қолданылады, бірақ еріндік белгісі байқалмайды; 2) Диалекті құрамындағы говорларда бірнеше дифтонгойттар (*у°, у°, ү°, ү, ы°, ы°, е°, е*) қолданылады. Мысалы, *дүрт/д’өрт* “четыре”, *урман/урман* “лес”, т.б.; 3). Әдеби тіл мен орта диалектілердегі тіл арты *ң, ғ, х* дыбыстарының орнына *к, г, х* дыбыстары қолданылады; 4) Араб тілінен енген сөздердегі сөз басындағы *ғ* дыбысы түсіріліп айтылады. Мысалы, *алим (Талим)* “ученый”, *адәт (ғадәт)* “обычай”, т.б.; 5) Әдеби тілдегі *ж* дыбысының орнына *й* дыбысы қолданылады. Мысалы, *йир* (әдеби тілде *жир*) “земля”, *йилкә* (әдеби тілде *жилкә*) “плечо”, т.б.; 6) Әдеби тілде қалау райының -*асы килә, -макчы бол* аналитикалық формасының орнына -*гы, -ге кели, не -ма, -ме кели* аналитикалық форманты қолданылады. Мысалы, *барғым кели, барма кели* “я хочу пойти”, т.б.; 7) Үшінші жақ осы шақтың қосымшасы -*дыр, -дер* формасына ие. Мысалы, *киләдир* “он идет”; 8) Әдеби тілдегі дуративті -*гала, -гәлә* қосымшасының орнына -*гакла, -гәклә* қосымшасы қолданылады. Мысалы, *ашгакла* “есть время от времени”, *килгәклә* “дахоживай”, т.б. Шығыс диалектісі (немесе шығыс Сібір татарларының тілі деп те аталады) мынадай ерекшелікке ие: 1) Сөз басында, не бірінші буынның құрамында әдеби тілде қолданылатын *б, д, ж, з*

дыбыстары диалектіде қатаң нұсқамен айтылады. Мысалы, *посау* (әдеби тілде *бозау*) “теленок”, *итән* (әдеби тілде *идән*) “пол”, *чан* (әдеби тілде *жан*) “душа”, т.б.; 2) Сөз ортасында әдеби тілде қолданылатын *к*, *қ* дыбыстары диалектіде ұяңданып *г*, *ғ* түрінде айтылады. Мысалы, *сағал* (әдеби тілде *сақал*) “борода”, *йоғу* (әдеби тілде *йоқа*) “сон”, т.б.; 3) Әдеби тілдегі *ч* дыбысы диалектіде *ц*-менен айтылады. Мысалы, *цэнцу* (әдеби тілде *чэнчу*) “колоть”, *цана* (әдеби тілде *чана*) “сани”, т.б.; 4) Әдеби тілдегі *ж* дыбысы диалектіде *й*-менен айтылады. Мысалы, *йыр* (әдеби тілде *жыр*) “песня”, т.б.; 5) Әдеби тілдегі *х* дыбысы диалектідегі *қ* дыбысымен сөйкес келеді. Мысалы, *қат* (әдеби тілде *хат*) “письмо”, *қақ* (әдеби тілде *хак*) “правда”, т.б.; 6) Араб тілінен енген *ғ* дыбысынан басталатын сөздерде *ғ* дыбысы түсіріп айтылады, не *ғ* дыбысын *қ* дыбысына ауыстырады. Мысалы, *к:аип/кәйеп* (әдеби тілде *ғайеп*) “вина”, *айшық* (әдеби тілде *ғайшық*) “любовь”; 7) Осы шақтың үшінші жағының көрсеткіші *-ты*, *-те* түрінде қолданылады. Мысалы, *алаты* “он берет”, *берете* “он даст” т.б.; 8) Өткен шақтың *-ған*, *-ген* қосымшасы жақ жалғауын қабылдамайды. Олардағы жақтық мағына сол сөйлемнің құрамында келген есімше арқылы беріледі. Мысалы, *мин пулған*, *син пулған*, *пес пулған*, т.б.; 9) Әдеби тілде *-ырға*, *-ергә* қосымшасы арқылы берілетін мағынаны диалектіде *-ғалы*, *-гәлә*, *-қалы*, *-кәлә* қосымшасы арқылы беруге болады. Мысалы, *нарғалы* (әдеби тілде *барырға*) “чтобы идти”, т.б.

Татар тілінде он дауысты дыбыс бар: *а*, *ә*, *ый*, *и*, *ы*, *у*, *ү*, *о*, *ө*, *е(э)*. Бұлардан тек *у*, *ү* дыбыстары ғана сөздің бірінші буынында не сөз басында ғана кездеседі. Ал басқа дауысты дыбыстар буын талғамайды. Дегенмен де, татар тілінің заңдылығы бойынша, қосымшалардың құрамында *о*, *ө* дыбыстары қолданылмайды. Татар тілінде, басқа түркі тілдеріндегі сияқты, сингармонизм заңдылығы сақталған. Яғни сөздің бірінші буыны жуан болса, қалған буындары да жуан болады, жіңішке болса жіңішке болады. Мысалы, *алама* “худой”, *алқыш* “овация”, *мендәр* “подушка”, *озын* “длинный”, *сыра* “пиво”, *сөлге* “полотенце”, *тиле* “дурной”, т.б. Бұл заңдылыққа кірме сөздер, күрделі сөздер және жаңадан жасалған кейбір туынды түбір сөздер бағынбайды.

Мысалы: *өскорма* “надстройка”, *ниһах* “брак”, *китап* “книга”, т.б. Дауысты дыбыстардың арасындағы ерін және езу үндестігі сақталған, бірақ татар тілінде ерін үндестігі өте әлсіз, айтуда ғана сақталады, жазылуда есепке алынбайды. Мысалы, *оло* (жазуда *олы*) “старший”, *озон* (жазылуда *озын*) “длинный”, *өлгө* (жазуда *өлге*) “выкройка”, т.б. *У, у* дыбыстары қимыл атауының қосымшасы ретінде қолданылады, басқа ерін дауысты дыбыстары қосымшаның құрамында болмайды. Татар тілінде жиырма сегіз дауыссыз дыбыс бар. Бұлардан *р, н, ғ* дыбыстары сөз басында кездеспейді. Ал *д, з* дыбыстары сөз соңында сирек қолданылады. *Б* мен *ж* дыбыстары сөз соңында мүлде кездеспейді.

Сөзжасам жүйесі өте бай. Олардың ішінде мынадай сөз тудыратын жұрнақтар қолданылады:

1) *-чы, -че*. Бұл қосымша зат есімдерге, қимыл атауларына қосылып мамандық мәнді туынды түбір зат есім жасайды. Мысалы, *эште* “рабочий”, *итекче* “сапожник”, *кисуче* “закройчик”, *текүче* “партной” т.б.;

2) *-даш, -дәш, -таш, -тәш*. Бұл қосымша біргелік, ортақтық мағынасы бар туынды түбір зат есім жасайды. Мысалы, *якташ* “земляк”, *көндәш* “саперник”, *авылдаш* “односельчанин”, т.б.;

3) Есім сөздерден туынды түбір зат есім жасайтын өнімді қосымшаның бірі *-лык, -лек*. Мысалы, *комлык* “песчаное место”, *сулык* “водоем”, *ямаулык* “заклатка”, *коллык* “рабство”, т.б.;

4) *-ма, -ме* қосымшасы етістіктерге қосылып, амал-әрекеттің нәтижесінде пайда болған зат не түрлі ұғым атауын білдіретін туынды түбір зат жасайды. Мысалы, *басма* “спутник”, *койма* “забор”, *аңлатма* “объяснение”, *өндәмә* “призыв”, т.б.;

5) Етістіктерден туынды түбір зат есім жасайтын жұрнақтардың бірі *-ам, -әм, -ым, -ем, -м*. Мысалы, *керем* “доход”, *бәйләм* “букет”, *булем* “отделение”, т.б.;

6) Есім сөздерден сын есім жасайтын жұрнақтар: 1) *-лы, -ле*: *тозлы су* “соленая вода”, *сулы чиләк* “ведро с водой”, *айлы төн* “лунная ночь”; 2) *-сыз, -сез*: *сусыз далалар* “безводная степь”, *айсыз төн* “безлунная ночь”, *рахимсез* “безпошадный”, т.б.; 3) *-кы, -ке, -гы, -ге*: *кышкы киём* “зимняя одежда”, *кичке шәфәкъ* “вечерняя заря”, *язгы ташу* “весеннее

половодье” т.б.; 4) *-чыл, -чел: кунакчыл* “гостеприимный”, *ункәчел* “обидчивый” т.б.; 5) *-чак, -чек, -сак: уенчак* “шутливый”, *ирәнчәк* “ленивый”, т.б.;

7) Етістіктерден сын есім жасайтын жұрнақтар мыналар: 1) *-гыр, -гер, -кыр, -кер: сизгер* “чуткий”, *елгыр* “подвижный”, *тапкыр* “находчивый”, т.б.; 2) *-гын, -ген, -кын, -кен: үткен* “острый”, *кискен* “резкий”, *шашкын* “яростный”, т.б.; 3) *-гыч, -геч, -кыч, -кеч: искиткеч* “удивительный”, *коточкыч* “ужасный”, т.б.; 4) *-ык, -ек: жиремек* “разрушенный”, *ябык* “закрытый”, т.б.; 5) *-гак, -гәк, -как, -кәк, -ак, -әк: куркак* “трусливый”, *өркәк* “пугливый”, *жылак* “плаксивый” т.б.; 6) *-ынкы, -енке: күтәренке* “приподнятый”, *кабарынкы* “выпуклый” т.б.;

8) Етістіктің сөз тудырушы жұрнақтары мыналар: 1) *-ла, -ле: китмәнлә* “мотыжить”, *бизәклә* “украшать”, *тышла* “облицовать”, т.б.; 2) *-лан, -лән: нәфрәтлән* “испытывать отвращение”, *ләзәтлән* “наслаждаться”, т.б.; 3) *-а, -ә: ата* “называть”, *кана* “кровоточить”, т.б.; 4) *-ар, -ер: кызар* “краснеть”, *тазар* “поправляться”, *кайгыр* “горевать”, т.б.; 5) *-ай, -әй: зурай* “увеливаться”, *күбей* “увеличиваться”, *торай* “суживаться” т.б.; 6) *-ык, -ек: ачык* “проголодаться”, *зорык* “томиться”, *кичек* “опаздаться” т.б.; 7) *-гар, -гәр, -кар, -кәр: башкар* “выполнять”, *ангар* “помнить”, т.б.

Татар тіліндегі көптеген грамматикалық категориялар қазақ тіліндегі грамматикалық категориялармен бірдей. Аздаған айырмашылықтардың болуы заңды. Мысалы, көптік жалғауының қосымшасы *-лар, -лер* болумен бірге, мұрын жолды үнділі *-нар, -нәр* формалы нұсқасы да қолданылады. Мысалы, *урамнар* “улицы”, *урманнар* “лес”, т.б. Сын есімнің кішірейткіш формасы (салыстырмалы шырай) *-су, -сел, -кылт, -келт, -гелт, -кылым, -келтем, -ылжым, -елжем, -ча, -ылсса* қосымшаларының көмегімен жасалады. Мысалы, *алсу* “розоватый”, *дәңгәрсу* “синоватый”, *куксел, күгелжем* “голубоватый”, *жылымса* “тепленькая”, т.б. Жинақтық сан есімдері есептік сан есімдерге *-ау, -әу* қосымшасын қосу арқылы жасалады. Қазақ тілінен айырмашылығы сол — олар жетіге дейінгі сан есімдерге ғана емес, сегіз, тоғыз сияқты сан есімдеріне де қосылады. Мысалы, *Индә хәзер унау булдық, — диде солдат* (Жомал) —

“Теперь уже нас стала девять, — сказал солдат”, т.б. Топтау сан есімдері есептік сандарға *-ар, -әр, -шар, -шәр, -ышар, -әшәр* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *берәр* “по одному”, *икешәр* “по две”, *йөз илле алтышар* “по сто пятьдесят шесть”, т.б. Етістіктің осы шақ формасының үшінші жағында жақ жалғауы қосылмай, тек *-а, -е, -й* көсемшесі арқылы беріледі. Мысалы, *алам, аласын, ала*, т.б. Келер шақ етістігінің бір грамматикалық формасы ретінде *-ачак, -әчек, -иәчек, -йачак* қосымшалары қолданылады. Мысалы, *алачакмын* “я непременно возьму”, *алачаксын* “ты непременно возьми”, *алачак* “он непременно возьмет”, т.б.

Әдебиеттер:

1. Современный татарский литературный язык. Ч. I. М., 1969; Ч. II. П., 1971.
2. Языки народов СССР. Т. II. М., 1966.
3. Татар теленең аңлатмалы сүзлеге. I. Қазан, 1977; II. 1979; III. 1981.
4. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

БАШҚҰРТ ТІЛІ

Башқұрт тілі — Башқұрстанда тұратын башқұрт халқының ұлттық, әдеби және мемлекеттік тілі. Башқұрттар КСРО-ның басқа өлкелерінде де жасайды. Соңғы санақ бойынша, башқұрттардың еліміздегі жалпы саны — 1449462. Ахмет Буранда — 2 500 000. Башқұрт тілі татар тілімен бірге түркі тілдерінің қыпшақ-бұлғар тобына енеді, сөздік құрамы, морфологиялық көрсеткіштері жағынан татар, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне жақын. Башқұрттардың көне жазба ескерткіштері сақталмаған, тек араб жазуымен жазылған азын-аулақ эпиграфиялық ескерткіштері мен қатынас қағаздары, шежірелері сақталған. Бірақ бұл жазба ескерткіштер башқұрт тілінің тарихын толық жасауға жеткіліксіз. Ал башқұрт халқының өздері ұзақ тарихи жолды басып өткендігі анық. Олардың этникалық құрамында печенектер де, оғыздар да, қыпшақтардың да өкілдері бар, бірақ олар өздерін бұлғарлардың ұрпағымыз деп есептейді. Сондықтан да олардың тілінде көне бұлғар тайпаларының тіліне элементтер, қыпшақтар мен оғыздар тілдеріне ортақ элементтердің болуы да заңды. Ал қыпшақ тайпаларының башқұрт халқының қалыптасуында елеулі қызмет атқарғандығы

анық. Нәтижесінде башқұрттардың құрамында қыпшақ құрамында (негізінде қазақтарда) кездесетін көптеген ру, тайпа атаулары күні бүгінге дейін сақталған. Салыстырыңыз: *қыпшақ, қаңлы, керей, жеті ру, байұлы, найман, қырғыз, табын, уишун (үйсін), сүйіндік, төлеу, құл, міркіт, дулат, байлар, таз, тама*, т.б. Жалпы башқұрттар жеке халық болып ұйымдасқанға дейін де, одан кейін де (XVI ғасыр) башқұрттар мен қазақтардың арасындағы байланыс үзілмеген. Сондықтан бұл екі тіл арасындағы сәйкестіктердің мол болуы заңды.

Башқұрт тілінде екі диалектілік топ бар: 1) шығыс және 2) оңтүстік диалектілер тобы. Шығыс диалекті тобы: *ай, аргаяш, салют, миас, кызыл, дуван-мечетлі, қыпшақ, ялан-қатай* сияқты диалектілерді қамтыса, оңтүстік диалектілер тобы: *ик-самара, орталық және дем* говорларын қамтиды. Бұл екі диалектілік топтың арасындағы басты айырмашылық фонетикасы мен лексикасында, грамматикалық айырмашылық көп емес.

Башқұрт тілін зерттеу Қазан көтерілісінен бұрын басталған. Башқұрттардың тілі, өдебиеті, тарихы туралы мәліметтер мынадай орыс-ориенталист ғалымдарының еңбектерінде бар: Н.А.Ахистов, А.Бессонов, М.Иванов, В.В.Катаринский, Д.П.Никольский, П.С.Палес, Ф.Ризаэтдин, Д.А.Хвальсон, В.В.Радлов, Н.Ф.Катанов т.б. Башқұрт тіл білімі кеңес дәуірінде қалыптасты. Башқұрт тіл білімін жан-жақты зерттеп, қазіргі дәуірдегі қалпына жеткізген ғалымдар: Н.К.Дмитриев, Дж.Г.Киекбаев, К.З.Ахметов, А.А.Юлдашев, Т.М.Гарипов, Н.Х.Ишбулатов, З.Г.Ураксин, С.Ф.Миржанова,



Дж.Г.Киекбаев (1911–1968)



А.А.Юлдашев

“Теперь уже нас стала девять, — сказал солдат”, т.б. Топтау сан есімдері есептік сандарға *-ар, -өр, -шар, -шөр, -ышар, -өшөр* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *берөр* “по одному”, *икешөр* “по две”, *йөз илле алтышар* “по сто пятьдесят шесть”, т.б. Етістіктің осы шақ формасының үшінші жағында жақ жалғауы қосылмай, тек *-а, -е, -й* көсемшесі арқылы беріледі. Мысалы, *алам, аласын, ала*, т.б. Келер шақ етістігінің бір грамматикалық формасы ретінде *-ачак, -өчек, -иөчек, -йачак* қосымшалары қолданылады. Мысалы, *алачакмын* “я непременно возьму”, *алачаксын* “ты непременно возьми”, *алачак* “он непременно возьмет”, т.б.

Әдебиеттер:

1. Современный татарский литературный язык. Ч.І. М., 1969; Ч.ІІ. П., 1971.
2. Языки народов СССР. Т.ІІ. М., 1966.
3. Татар теленең аңлатмалы сүзлеге. I. Қазан, 1977; II. 1979; III. 1981.
4. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

БАШҚҰРТ ТІЛІ

Башқұрт тілі — Башқұрстанда тұратын башқұрт халқының ұлттық, әдеби және мемлекеттік тілі. Башқұрттар КСРО-ның басқа өлкелерінде де жасайды. Соңғы санақ бойынша, башқұрттардың еліміздегі жалпы саны — 1449462. Ахмет Буранда — 2 500 000. Башқұрт тілі татар тілімен бірге түркі тілдерінің қыпшақ-бұлғар тобына енеді, сөздік құрамы, морфологиялық көрсеткіштері жағынан татар, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне жақын. Башқұрттардың көне жазба ескерткіштері сақталмаған, тек араб жазуымен жазылған азын-аулақ эпиграфиялық ескерткіштері мен қатынас қағаздары, шежірелері сақталған. Бірақ бұл жазба ескерткіштер башқұрт тілінің тарихын толық жасауға жеткіліксіз. Ал башқұрт халқының өздері ұзақ тарихи жолды басып өткендігі анық. Олардың этникалық құрамында печенектер де, оғыздар да, қыпшақтардың да өкілдері бар, бірақ олар өздерін бұлғарлардың ұрпағымыз деп есептейді. Сондықтан да олардың тілінде көне бұлғар тайпаларының тіліне элементтер, қыпшақтар мен оғыздар тілдеріне ортақ элементтердің болуы да заңды. Ал қыпшақ тайпаларының башқұрт халқының қалыптасуында елеулі қызмет атқарғандығы

анық. Нәтижесінде башқұрттардың құрамында қыпшақ құрамында (негізінде қазақтарда) кездесетін көптеген ру, тайпа атаулары күні бүгінге дейін сақталған. Салыстырыңыз: *қыпшақ, қаңлы, керей, жеті ру, байұлы, найман, қырғыз, табын, уишун (үйсін), сүйіндік, төлеу, құл, міркіт, дулат, байлар, таз, тама*, т.б. Жалпы башқұрттар жеке халық болып ұйымдасқанға дейін де, одан кейін де (XVI ғасыр) башқұрттар мен қазақтардың арасындағы байланыс үзілмеген. Сондықтан бұл екі тіл арасындағы сәйкестіктердің мол болуы заңды.

Башқұрт тілінде екі диалектілік топ бар: 1) шығыс және 2) оңтүстік диалектілер тобы. Шығыс диалекті тобы: *ай, аргаяш, салют, миас, кызыл, дуван-мечетлі, қыпшақ, ялан-қатай* сияқты диалектілерді қамтыса, оңтүстік диалектілер тобы: *ик-самара, орталық* және *дем* говорларын қамтиды. Бұл екі диалектілік топтың арасындағы басты айырмашылық фонетикасы мен лексикасында, грамматикалық айырмашылық көп емес.

Башқұрт тілін зерттеу Қазан көтерілісінен бұрын басталған. Башқұрттардың тілі, әдебиеті, тарихы туралы мәліметтер мынадай орыс-ориенталист ғалымдарының еңбектерінде бар: Н.А.Ахистов, А.Бессонов, М.Иванов, В.В.Катаринский, Д.П.Никольский, П.С.Палес, Ф.Ризаэтдин, Д.А.Хвальсон, В.В.Радлов, Н.Ф.Катанов т.б. Башқұрт тіл білімі кеңес дәуірінде қалыптасты. Башқұрт тіл білімін жан-жақты зерттеп, қазіргі дәуірдегі қалпына жеткізген ғалымдар: Н.К.Дмитриев, Дж.Г.Киекбаев, К.З.Ахметов, А.А.Юлдашев, Т.М.Гарипов, Н.Х.Ишбулатов, З.Г.Ураксин, С.Ф.Миржанова,



Дж.Г.Киекбаев (1911–1968)



А.А.Юлдашев



Н.К.Дмитриев (1898–1954)

Н.Х.Максютова, Э.Ф.Ишбулатов, Г.Сайтбатталов сияқты ғалымдар болып есептеледі.

Қазіргі башқұрт тілінде он дауысты дыбыс, 28 дауыссыз дыбыс бар. Дауысты дыбыстар: *a, ə, o, ɵ, y, ʏ, ы, и, e*. Орыс тілінің ықпалымен қазіргі кезде башқұрт тіліне сіңіп, айтылу нормасына еніп бара жатқан *э* дыбысы да бар. Сондай-ақ орыс тіліндегі *o* (*кино, орден*) дыбысы да башқұрт тілінің айтылу нормасына сіңіп барады. Бірақ оларды көпшілік халық айтуда башқұрт тілінің орфоэпиялық нормасына салып

бұзып айтады, тек артистер, радио, теледидар дикторлары ғана дұрыс айтады. Дауыссыз дыбыстар мыналар: *б, в, г, ғ, д, з, ж, й, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, ц, у, ш, ф, х, һ, ч*. Бұлардан басқа орыс тілінен енген сөздерде *ц, щ* дыбыстары да қолданылады. 1940 жылы қабылданған алфавитте 42 таңба алынған.

Башқұрт тілінің дыбыс заңдылығында қазақ тілінен айтарлықтай айырмашылық жоқ. Мысалы, башқұрт тілінде де сингармонизм заңдылығы сақталған, бірақ толық емес. Яғни түбірге қосылатын қосымшаның жуан не жіңішке болуы түбірдің соңғы буынымен байланысты болады. Түбірдің соңғы буыны жуан болса, қосылатын қосымшалар да жуан буынды болады, жіңішке болса, қосылатын қосымша да жіңішке болады. Мысалы, *Айлы төн азашмаска якшы* “Лунная ночь хорошо, чтобы не заблудиться”. *Без үзебезге үзебез хужа булырға тейешбез* “Мы должны быть хозяевами своей судьбы” т.б. Бірақ башқұрт тілінде еріндік, езулік үндесу жолы сақталмаған. Сондықтан да сөздің екінші, үшінші буындарында, қосымшалардың құрамында еріндік дауысты дыбыстар қолданылады. Мысалы, *бойоқ* “печальный”, *бойорок* “приказ”, *борғо* “горы”, *йозрок* “кулак”, *йоко* “сон” т.б. дегендерде екінші буындарда еріндік дауысты дыбыстар қолданылып тұр. Ал *-һоз, -һөз, -го, -гө, -ок, -өк, -кор, -көр, -ғор, -гөр, -ғос, -кон, -ош, -лок, -лөк, -боз, -бөз, -док, -дөк*

сияқты қосымшалардың құрамында еріндік дауысты дыбыстар бар. Бір ескерте кететін нәрсе сол, еріндік дауысты дыбыстар барлық қосымшалардың фонемалық нұсқаларының құрамында қолданыла бермейді. Мысалы, көптік жалғаулары еріндік дауысты буынды түбірге де, езулік дауысты дыбысты түбірге де езулік дауысты формада қосылады: *колоннар* “жеребятa”, *борғолар* “горны”, т.б. Дауысты дыбыстардың қолданылуында өзгешеліктер бар. Салыстырыңыз: сөз басында, сөз ортасында қолданылған *и* дыбысы қазақ тіліндегі *е* дыбысына сәйкес келеді. Мысалы, *диңез* (теңіз), *бирек* (берік), *биреу* (беру), *исәп* (есеп), *итәк* (етек), т.б. Қазақ тіліндегі *ә* дыбысы сөз басында ғана қолданылып (*сірә*, *күнә* сөздерінен басқа) сирек кездесетін дыбыс болса, башқұрт тілінде ол сөз басында да, сөз ортасында да, сөз соңында да жиі қолданылады. Сонымен бірге *ә* қосымша морфемалардың құрамында да қолданылады. Мысалы, *әмәл* (амал), *әзәби* (әдеби), *әшмәкәр* (ісмер, шебер), *нимә* (немене), *мәкәлә* (мақала), *тәңкә* (теңге), т.б. Қосымшалардан *-ма*, *-мә*, *-са*, *-сә*, *-кай*, *-кәй*, *-тар*, *-тәр* т.б. құрамында *ә* дыбысы қолданылады. Башқұрт тіліндегі *у* дыбысы да қазақ тіліндегі *у* дыбысынан өзгеше қасиетке ие. Біріншіден, *у* дыбысының башқұрт тілінде жуан *у* сыңары жоқ. Башқұрт тілінде жуан еріндік *у* дыбысы бар, бірақ ол айтылуда, қолданылуында қазақ тіліндегі *о* дыбысына сәйкес келеді. Айырмашылығы *о* орта ашық дауысты дыбыс болса, башқұрт тіліндегі *у* қысаң дауысты дыбыс болып саналады. Мысалы, *урман* (орман), *урак* (орақ), *һурмак* (соқпақ), *тун* (тон), т.б.

Сөз құрамында қолданылуы жағынан дауыссыз дыбыстар да тең түсе бермейді. Мысалы, башқұрт тіліндегі *һ* дыбысы көп қолданылады. Қазақ тілінде бұл дыбыс *қаһарман*, *қаһар*, *уһ* сияқты бірен-саран сөздерде ғана қолданылады. Башқұрт тіліндегі сөз басындағы, сөз ортасындағы *һ* дыбысына қазақ тіліндегі *с* дыбысы сәйкес келеді. Кей ғалымдар башқұрт тіліндегі *һ* дыбысы этимологиялық жақтан жалпы түркілік *с* дыбысымен байланысты деп ескертеді. Мысалы, *һаран* (саран), *һасуу* (сасу), *һаңырау* (саңырау), *һарай* (сарай), *һимез* (семіз), *күрһәтмә* (көрсетпе), *кәшез* (күшсіз). Өте сирек болса да сөз басында қолданылған *һ* дыбысы қазақ тілінде түсіріліп те айтылады. Мысалы, *һәр* (әр), *һауа* (ауа), т.б. Қазақ тілінде



Н.К.Дмитриев (1898–1954)

Н.Х.Максютова, Э.Ф.Ишбулатов, Г.Сайтбатталов сияқты ғалымдар болып есептеледі.

Қазіргі башқұрт тілінде он дауысты дыбыс, 28 дауыссыз дыбыс бар. Дауысты дыбыстар: *a, ə, o, ɵ, y, ʏ, ɨ, e*. Орыс тілінің ықпалымен қазіргі кезде башқұрт тіліне *сiңiп*, *айтылу* нормасына еніп бара жатқан *э* дыбысы да бар. Сондай-ақ орыс тіліндегі *o* (*кино, орден*) дыбысы да башқұрт тілінің *айтылу* нормасына *сiңiп* барады. Бірақ оларды көпшілік халық айтуда башқұрт тілінің орфоэпиялық нормасына салып

бұзып айтады, тек артистер, радио, теледидар дикторлары ғана дұрыс айтады. Дауыссыз дыбыстар мыналар: *б, в, г, ғ, д, з, ж, й, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, ц, у, ш, ф, х, һ, ч*. Бұлардан басқа орыс тілінен енген сөздерде *ц, щ* дыбыстары да қолданылады. 1940 жылы қабылданған алфавитте 42 таңба алынған.

Башқұрт тілінің дыбыс заңдылығында қазақ тілінен айтарлықтай айырмашылық жоқ. Мысалы, башқұрт тілінде де сингармонизм заңдылығы сақталған, бірақ толық емес. Яғни түбірге қосылатын қосымшаның жуан не жіңішке болуы түбірдің соңғы буынымен байланысты болады. Түбірдің соңғы буыны жуан болса, қосылатын қосымшалар да жуан буынды болады, жіңішке болса, қосылатын қосымша да жіңішке болады. Мысалы, *Айлы төн азаимаска якшы* “Лунная ночь хорошо, чтобы не заблудиться”. *Без үзебезге үзебез хужа булырға тейешбез* “Мы должны быть хозяевами своей судьбы” т.б. Бірақ башқұрт тілінде еріндік, езулік үндесу жолы сақталмаған. Сондықтан да сөздің екінші, үшінші буындарында, қосымшалардың құрамында еріндік дауысты дыбыстар қолданылады. Мысалы, *бойоқ* “печальный”, *бойорок* “приказ”, *борғо* “горы”, *йозрок* “кулак”, *йоко* “сон” т.б. дегендерде екінші буындарда еріндік дауысты дыбыстар қолданылып тұр. Ал *-һоз, -һөз, -го, -гө, -ок, -өк, -кор, -көр, -ғор, -гөр, -ғос, -кон, -ош, -лок, -ләк, -боз, -бөз, -док, -дөк*

сияқты қосымшалардың құрамында еріндік дауысты дыбыстар бар. Бір ескерте кететін нәрсе сол, еріндік дауысты дыбыстар барлық қосымшалардың фонемалық нұсқаларының құрамында қолданыла бермейді. Мысалы, көптік жалғаулары еріндік дауысты буынды түбірге де, езулік дауысты дыбысты түбірге де езулік дауысты формада қосылады: *колоннар* “жеребятa”, *борғолар* “горны”, т.б. Дауысты дыбыстардың қолданылуында өзгешеліктер бар. Салыстырыңыз: сөз басында, сөз ортасында қолданылған *и* дыбысы қазақ тіліндегі *е* дыбысына сәйкес келеді. Мысалы, *диңез* (теңіз), *бирек* (берік), *биреу* (беру), *исәп* (есеп), *итәк* (етек), т.б. Қазақ тіліндегі *ә* дыбысы сөз басында ғана қолданылып (*сірә*, *күнә* сөздерінен басқа) сирек кездесетін дыбыс болса, башқұрт тілінде ол сөз басында да, сөз ортасында да, сөз соңында да жиі қолданылады. Сонымен бірге *ә* қосымша морфемалардың құрамында да қолданылады. Мысалы, *әмәл* (амал), *әзәби* (әдеби), *әшмәкәр* (ісмер, шебер), *нимә* (немене), *мәкәлә* (мақала), *тәңкә* (теңге), т.б. Қосымшалардан *-ма*, *-мә*, *-са*, *-сә*, *-кай*, *-кәй*, *-тар*, *-тәр* т.б. құрамында *ә* дыбысы қолданылады. Башқұрт тіліндегі *у* дыбысы да қазақ тіліндегі *у* дыбысынан өзгеше қасиетке ие. Біріншіден, *у* дыбысының башқұрт тілінде жуан *у* сыңары жоқ. Башқұрт тілінде жуан еріндік *у* дыбысы бар, бірақ ол айтылуда, қолданылуында қазақ тіліндегі *о* дыбысына сәйкес келеді. Айырмашылығы *о* орта ашық дауысты дыбыс болса, башқұрт тіліндегі *у* қысқа дауысты дыбыс болып саналады. Мысалы, *урман* (орман), *урак* (орақ), *һурмак* (сокпак), *тун* (тон), т.б.

Сөз құрамында қолданылуы жағынан дауыссыз дыбыстар да тең түсе бермейді. Мысалы, башқұрт тіліндегі *һ* дыбысы көп қолданылады. Қазақ тілінде бұл дыбыс *қаһарман*, *қаһар*, *уһ* сияқты бірен-саран сөздерде ғана қолданылады. Башқұрт тіліндегі сөз басындағы, сөз ортасындағы *һ* дыбысына қазақ тіліндегі *с* дыбысы сәйкес келеді. Кей ғалымдар башқұрт тіліндегі *һ* дыбысы этимологиялық жақтан жалпы түркілік *с* дыбысымен байланысты деп ескертеді. Мысалы, *һаран* (саран), *һасуу* (сасу), *һаңырау* (саңырау), *һарай* (сарай), *һимез* (семіз), *күрһәтмә* (көрсетпе), *көшез* (күшсіз). Өте сирек болса да сөз басында қолданылған *һ* дыбысы қазақ тілінде түсіріліп те айтылады. Мысалы, *һәр* (әр), *һауа* (ауа), т.б. Қазақ тілінде

з, с дыбыстары жок. Башқұрт тіліндегі з дыбысы сөз басында тек *зур* (зор) сөзінің құрамында ғана қолданылады, сөз ортасы, сөз соңында болса көп қолданылады да, қазақ тіліндегі з дыбысына (кейде *д*, *й* дыбыстарына) сәйкес келеді. Мысалы, *азап* (азап), *азау* (*азу* тіс), *азғын* (*азғын*, оңбаған), *азық* (азық), *без* (біз), *кыз* (қыз), т.б. Қазақ тілінде бұл дыбыс кейде *д* дыбысына (салыстырыңыз: *азаду* — *адасу*, *азын* — *адым*), кейде *й* дыбысына (*азак* — *аяқ*) сәйкес келуі де байқалады. *с* дыбысы да қазақ тілінде қолданылмайды, оған *с* дыбысы сәйкес келеді. Салыстырыңыз: *ақ(т)* — *асты*, *киç* — *кес*, *ақыра* — *асыра*, *бақым* — *басым*, т.б.

Башқұрт тілінің өзіндік сөзжасам жүйесі бар. Туынды түбірлер мынадай жұрнақтардың көмегімен жасалады:

1) *-сы, -се, -со, -сө*. Бұл қосымша есім сөздерге қосылады да мамандық мәнді туынды түбір зат есім жасайды. Мысалы, *темирсе* (темірші), *телсе* (тілші), *докладсы* (баяндамашы), т.б.;

2) *-лык, -лек, -лок, -лөк*. Бұл қосымша қазақ тіліндегі *-лык, -лік* қосымшасымен мағыналас болғанымен, башқұрт тілінде көп мағыналы, әрі актив қосымша болып саналады. Мысалы, *бозлык* (мұзды жер), *кешелек* (адамгершілік), *малсылык* (малшылық), *инженерлек* (инженер мамандығы), т.б.;

3) *-ыш, -еш, -ош, -өш, -ш*. Бұл жұрнақ етістіктерге қосылып, зат есім жасайды. Мысалы, *әйтеш* (айтыс), *инеш* (бір нәрсеге кіру), *сукыш* (шоқу), *отош* (ұтыс), т.б.;

4) *-ма, -мә*. Бұл етістікке қосылып туынды түбір зат есім жасайды да, амал-әрекеттің нәтижесінде пайда болған зат не түсінік атауын білдіреді. Мысалы, *йөкләмә* (міндеттеме), *искәрмә* (ескерту), *бүлмә* (бөлме);

5) *-кыс, -кес, -ғыс, -гес, -ғос, -гөс, -кос, -көс*. Бұл қосымша етістіктерден туынды түбір зат есім жасайды. Мысалы, *йыуынғыс* (жуынғыш), *элгес* (ілгек), *аскыш* (кілт), т.б.;

6) *-лы, -ле, -ло, -лө*. Бұл қосымша есім сөздерге, не қимыл есімдеріне қосылып, туынды түбір сын есім жасайды да мағынасында белгілі бір заттың, қасиеттің барлығын білдіретін реңк болады. Мысалы, *кешелекле* (адамгершілікті), *күп милләтле* (көп ұлтты), *буранлы* (боранды), т.б.;

7) *-hez, -һыз, -һоз, -һөз*. Бұл қосымша да есім сөздерге қосылып, туынды түбір сын есім жасайды, бірақ мағынасы *-лы, -ле* қосымшасының мағынасына қарама-қарсы болады.

Мысалы, *аяуһыз* (аяусыз), *күңелһез* (көңілсіз), *керһез* (кірсіз), *абуриһез* (абыройсыз), т.б.;

8) *-ла, -ле*. Бұл есім сөздерден етістік жасайтын өнімді жұрнақ. Мысалы, *эшлә* (істе), *аңла* (түсін), *ислә* (есте сақтау), *лайыкла* (лайықта);

9) *-лан, -лән*. Бұл қосымша есім сөздерден етістік жасайтын құранды қосымша болып саналады. Мысалы, *өйлән* (үйлен), *кораллан* (күралдан), *зарлан* (зарлан), т.б.

Көптік жалғауы зат есімдерге *-лар, -лер, -тар, -тәр, -дар, -дәр, -зар, -зәр* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. *-лар, -лер* қосымшасы дауысты дыбыстардан кейін, *-дар, -дәр* қосымшасы *л, м, н, ң* дыбыстарынан кейін, *-тар, -тәр* қатан дауыссыздан кейін не *д, в, б, г* дыбыстарына біткен кірме сөздерге, *-зар, -зәр* қосымшасы *и, й, у, ү* және *р, з* дыбыстарынан кейін қосылады. Мысалы, *балалар* (балалар), *бүреләр* (қасқырлар, бөрілер), *қолдар* (құлдар), *ағаштар* (ағаштар), *конькизер* (конькилер), *ойзер* (үйлер), т.б. Башқұрт тілінің оңтүстік диалектілерінде *м, н, ң* дыбыстарынан соң көптік жалғау *-нар, -нәр* формасында қолданылады. Мысалы, *колоннар* (құлындар), *таңнар* (таңдар), т.б.

Башқұрт тілінде алты септік бар. Атау септігінің арнайы қосымшасы жоқ. Ілік септігінің қосымшалары *-ның, -нең, -тың, -тең, -дың, -дең, -зың, -зең* (*ауылның, аттың*). Барыс септігінің қосымшалары *-ға, -гә, -қа, -кә, -ды, -де* (*ауылды, атты*). Жатыс септігінің қосымшалары *-да, -дә, -за, -зә, -та, -тә, -на, -нә, -ла, -лә* (*ауылда, атта*). Шығыс септігінің қосымшалары *-дан, -дән, -зан, -зән, -тан, -тән, -нан, -нән* (*ауылдан, аттан*), т.б. Сын есімнің топтары басқа түркі тілдерімен сәйкес келеді, бірақ грамматикалық формаларында аздаған айырмашылық бар. Мысалы, топтау сан есімі есептік сан есімдерге *-(ш)ар, (ш)әр* қосымшаларын қосу арқылы жасалады: *икешәр* (екеуден), *алтышар* (алтаудан), *бишәр* (бесеуден), т.б. Жинақтық сан есімдер есептік сан есімдердің бірден жетіге дейінгілеріне *-ау, -әу* қосымшасын қосу арқылы жасалады. Қазақ тілінен айырмашылығы сол башқұрт тілінде *унау, йөзәу* сөздері де қолданылады. Башқұрт тілшілері ерекше сан есімнің тобы өлшемдік сандар (числительные меры) бар деп есептейді. Ол есептік сан есімдерге *-лы, -ле, -лә* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *өслә галюш*

(үшінші галош), *уыыз игезле ботинка* (отыз сегізінші размерлі ботинка), т.б.

Башқұрт тілшілері етістіктің райларын анықтауда бір шешімге келе алмаған. Бір топ тілшілер етістіктің төрт райы (қазақ тіліндегі сияқты) бар десе, екінші бір тобы алты рай бар деп есептейді. 1) *Ашық рай*. Бұл райдың қосымшалары етістіктің шақ категориясының қосымшаларымен тең түседі; 2) *Бұйрық рай*. Бұйрық райдың бірінші жағы туралы да бір ізді пікір жоқ. Соңғы шыққан оқулықтарда бірінші жақ бұйрық рай болмайды, оның тек екінші және үшінші жағы ғана бар делінген. Екінші жақ бұйрық райдың арнайы қосымшасы жоқ, түбір етістік арқылы беріледі. Ал үшінші жақта болса, етістіктің түбіріне *-ын, -ен, -ындар, -ендәр* қосымшасын қосу арқылы жасалады; 3) *Шартты рай* етістіктің түбіріне *-һа, -һе* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *күрһә* (көрсө), *кетһә* (кетсе), т.б.; 4) *Қалау райы* жетекші етістіктерге *-һа, -һе -ине, -ырға, -ергә, -ине* аналитикалық форманттарының тіркесуімен, *-қыры, -кере, -ғыры, -гере* қосымшаларының түбір етістіктерге қосылуымен жасалынады. Мысалы, *күрәһе ине* (көрсө екен), *берһең ине* (білсең екен), *алырға ине* (алса екен), т.б.; 5) *Шартты рай* (сослагательное наклонение) синтетикалық формаға ие емес, олардың аналитикалық формасы бар. Олар *-р иен, -а, -ә, -и ине; -асак, -әсәк, -ясак, -йәсәк ине; -ған, -гән, -қан, -кән булыр ине*. Мысалы, *итер инем* (жетер едім), *тороп қала ине* (тұрып қалатын еді), *қаршы аласак инем* (қарсы алатын едім), т.б.; 6) *Ниет (болжалды) рай* (наклонение намерения) етістіктің түбіріне *-максы, -максы бул, -(а)рға бул, -(ы)рға бул* формаларының қосылуы арқылы жасалады. Мысалы, *бармаксымын* (бармақшымын), *кетмәксәмен* (кетпекшімін), *қайтырға булдық* (қайтатын болдық), *егет укырға булған* (жігіт оқитын болған), т.б.

Башқұрт тіліндегі етістіктер үш шаққа байланысты қолданылады. Өткен шақтың мынадай жұрнақтары бар: *-ды, -де, -ты, -те; -ған, -гән, -қан, -кән; -а, -ә, -й ине; -ғайны, -гәйне, -ған, -гән булған; -а, -ә, -й торғайны; -ыр, -ер, -ор, -өр ине; -а, -ә, -й торған булды; -а, -ә, -й торған булған; -ыр булған*. Мысалы, *алды* (алды), *уқыны* (оқыды), *ала инем* (алған)

едім), т.б. Осы шақ *-а, -ә, -й* көсемше формалы етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы, *уқыйым* (оқимын), *қаламын* (қаламын), т.б. Башқұрт тіліндегі *ултыр, йөрө, тор, ят* етістіктерінің көмегімен де осы шақтық мағына беріледі. Келер шақтың екі қосымшасы бар: 1) *-ыр, -ер, -ор, -өр, -р* және 2) *-асак, -әсек*. Мысалы, *уқырмын* (оқырмын), *осрашырбыз* (кездесерміз), *аласакмын* (келешекте аламын), т.б.

Әдебиеттер:

1. Грамматика современного башкирского литературного языка. М., 1982.
2. *Дмитриев Н.К.* Грамматика башкирского языка. М.-Л., 1948.
3. Языки народов СССР. Т. II., М., 1966.
4. Башкирско-русский словарь. М., 1958.
5. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек. 1997.

ҚАРАЙЫМ ТІЛІ

Сан жағынан аз халықтардың бірі — қарайымдар. Олардың ата тегі Қырым жарты аралында өмір сүрген. XIV—XV ғасырларда қарайымдар Украина мен Литваға көше бастаған. Қазіргі кезде де олар сол елдер мен кейбір шет мемлекеттерде (Польша мен Румынияда) жасайды. Қарайым халқының тілі қарайым тілі болып саналады. Қарайымдар сан жағынан өте аз және бытыраңқы жасағандықтан өз ана тілдерін ұмыта бастаған. К.Мұсаевтың көрсетуінше, 1979 жылдары қарайымдардың 16,5% ғана өз тілін ана тілім деп есептеген. Қазір Ресейде қарайымдардың жалпы саны — 3341, шет елдерде — 2803.

Қарайымдар этникалық жағынан бірізді емес. Тілдік фактілердің көрсетуінше, олар алғаш хун тайпаларының құрамында, кейін бұлғар-хазарлар тобында болып, соңғы кездерде қыпшақ тайпаларымен араласқан. Қазіргі кезде тілдері жағынан олар қарачай-балқарлар мен құмық тілдеріне жақын. Ал Қырымдағы қарайымдар болса қырым татарларына жақын бір диалектіде сөйлейді. Қарайымдардың жазуы, баспа орындары жоқ. Сондықтан біртұтас ұлттық, әдеби тілі де қалыптаспаған. Олар дін жағынан иудаизм дініне сыйынушылардың бірі болып саналады. Сондықтан қарайымдарды шығу тегі бойынша кей ғалымдар израилдықтармен

байланыстырады. Оларды скифтермен қарсы күресу үшін Вавилонның патшасы Навуходопасар заманында Қырымға алып келген деген пікір айтылады.

Қарайымдардың тілін зерттеу Қазан төңкерісінен бұрын (В.В.Радлов, В.В.Григорьев, В.Д.Смирнов, С.Шапшал, А.Н.Самоилович т.б.) басталған болатын. Кейінгі кезде К.М.Мұсаев, А.Н.Баскаков сияқты ғалымдар қарайым тілін арнайы зерттеген. К.Мұсаевтың көрсетуінше, қарайым тілінің үш диалектісі бар: 1) *қырым диалектісі*; 2) *галиция диалектісі*; 3) *тракай диалектісі*. Қырым диалектісінде сөйлейтін қарайымдар бүгінгі таңда жоқ. Олар тек қырым татар тілінде ғана сөйлейтін дәрежеге жеткен. Ал галиция мен тракай диалектілерінде сөйлейтін қарайымдар тілі арасындағы айырмашылық тек фонетикалық өзгешеліктерінен ғана байқалады. Фонетикалық диалектілердің айырмашылықтың күштілігінен кейде бір диалектіде сөйлейтін қарайым екінші диалектіде сөйлейтін қарайымды түсінбеуі де мүмкін.

Қарайым тілінің диалектілерінде 8 дауысты дыбыс (галиция диалектісінде – 6), 25 дауыссыз дыбыс бар. Бірақ галиция диалектісінде *ң, ж, дж, ч* дыбыстары жоқ. Ал тракай диалектісінде болса, галиция диалектісінде қолданылатын *дз, ц* дыбыстары жоқ. Диалектілердегі морфологиялық категориялар өзара тең түсіп жатады, айырмашылығы тек олардың дыбысталуында ғана. Қазақ тілімен салыстырғанда олардың азын-аулақ ерекшелігі барлығы байқалады. Мысалы, *-мақ, -мек* – қазақ тілінде етістіктің келер шақ қосымшасы болса, қарайым тілінде етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Мысалы, *ахмак/акмак* “течение”, *тыйылмах/тыйылмак* “молчание”, т.б. *-ув, -юв, -в* қосымшасы да етістік негізді туынды зат есім түбірін жасайды. Мысалы, *кыстав* “гнет”, *сарнав* “пеня”, т.б. Қазақ тілінде *-мақ, -мек* мақсатты келер шақ, *-ув, -юв, -в* (қазақша *-у*) қимыл атауы категориясының қосымшасы. Жалпы қазақ тілінде *у* кейде зат есім жасайтын жағдайы да бар. Мысалы, *тергеу, көсеу, қоңырау*, т.б. Бұл қосымшаларды жалпы түркі тілдерінің материалдарымен байланыстыра қарайтын болсақ, онда *-мақ, -мек, -ув, -юв, -в* қосымшаларының екеуі де қимыл атауы категориясының қосымшалары болатындығы анық. Бірақ қарайым тілінде ол сөз тудырушы жұрнақ, қимыл атауының

қосымшасы *-ма, -ме*. Есімшенің *-ған, -ген, -адоған, -едоған* қосымшалары да етістіктерден зат есім тудыратын жұрнаққа тән. Мысалы, *йаратхан/йаратқан* “творение”, *кичитхян* “крапиво”, *цэбэдоған* “просо”, *козодоған* “лопата”, т.б. Сондай-ақ есімшенің *-ар, -ер, -р; -мыш, -миш, муш, мяш/-мыс, -мис; -дыл, -дил, -дык, -тык* қосымшалары да етістіктерден зат есім тудыратын жұрнақ қызметінде қолданылады. Мысалы, *йабупур* “одеяло”, *сайлапмыш* “избранник”, *кутулмуш* “спасение”, *қалдық* “остаток”, *тувдух* “сестра”, т.б. Қазақ тілінің қазіргі жағдайында есімшелердің қосымшасы етістіктен зат есім тудыратын қосымша қызметінде қолданылмайды. Бірақ есім сөздердің құрамында жоғарыда көрсетілген қосымшалар сақталған өлі түбір сөздер кездеседі. Мысалы, *шұқыр* (шұқы-р), *көмір* (көм-ір), *жеміс* (же-міс), *болмыс* (бол-мыс), *сідік* (сид-ік), *қалдық* (қал-дық), т.б. Қазақ тілінде қолданылатын, бірақ мағынасы сәйкес келмейтін қосымшалар да бар. Мысалы, қазақ тіліндегі *-ғыш, -гіш, -қақ, -кек* қосымшалары сын есімнің сөз тудырушы жұрнағы болса, қарайым тілінде олар зат есімнің сөз тудырушы жұрнағы ретінде қолданылады. Мысалы, *ачхыч* “ключ”, *басхыч* “лестница”, *бучхах* “край, берег”, *тозгах* “пыль”, *эзгек* “раствор”, т.б.

Басқа түркі тілдерінен айырмашылығы әйел жынысын білдіретін (женский род) арнайы қосымшалары бар. Мысалы, *-ка, -ға* қосымшалары мамандық атауларына, сословиялық дәреже атауларына, ұлт атауларына, кейбір аң атауларына қосылып, сол заттардың ұрғашысын білдіреді. Мысалы, *оруска* “русская”, *эсовка* “полька”, *раббатка* “еврейка”, *кулка* “рабыня”, *танығсызка* “незнакомка”, *консуға* “солдатка”, *арысланка* “левица”, *бузовка* “теленек-самка”, т.б. Жыныстық мағынаны білдіретін екінші грамматикалық форма *-ча, -че// -ца, -це*. Мысалы, *достча/достца* “подруга”, *сюварчя/сиверце* “любимица”, т.б. Басқа түркі тілдерінде *-қа, -ға, -ча, -че* жыныстық мағына білдіру үшін қолданылмайды. Қазақ тілінде еркелету, кішірейту мағыналарды білдіретін қосымшалар құрамында *-қа, -ке, -ша, -ше* қосымшалары қолданылады. Салыстырыңыз: *биеке, атеке, үйше, қызша*, т.б. Бірақ бұлардың арасындағы байланысты анықтау қажет. Олар кішірейту, еркелету мағынасынан жыныстық мағына білдіруге өтуі де мүмкін. Қарайым тілін зерттеуші ғалымдар

оны славян тілдерінен енген қосымша, көне хазар тілінен қалған қалдық деп есептейді.

Зат есімдердің жіктелуінде, тәуелденуінде қазақ тілінен айта қаларлықтай өзгешелігі жоқ. Тек жіктік жалғауының үшінші жағында *-тур, -тюр, -тыр, -тир* қосымшаларын қабылдайды. Бұл қосымшаның басқа түрлері де қолданылады, яғни *дур > ду > д*. Қазіргі қазақ тілі сияқты ешқандай қосымша қосылмай-ақ үшінші жақта жақтық мағынаны білдіру де бар. Мысалы, *ылға – ата, орман – душман* (степь – отец, лес – враг). Тәуелдік жалғауында да айырмашылық бар. Трақай диалектісінде сөйлейтін қарайымдар 2-жақта *-ый, -ий, -уй, -юй, -й* формасын қабылдайды.

Бұйрық рай үш жаққа бірдей қолданылады. Бірінші жақта *-айым, -яйым* қосымшасына ие болса, екінші жақта бұйрық рай түбір етістік арқылы не *-ғын, -гин, -гун, -гюн* қосымшалары арқылы беріледі. Үшінші жақ бұйрық райының қосымшасы *-сын, -син, -сун, -сюн*. Ашық райдың арнайы қосымшасы жоқ, олар шақ пен жақ қосымшалары арқылы беріледі. Қалау райы етістік түбіріне *-ғай, -гэй, -гяй* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Қалау райын мағынасына қарай осы және өткен шақты деп екіге бөлу мүмкін. Осы шақ қалау райы *-ғай* қосымшалы етістіктің жіктелуі арқылы жасалса, өткен шақты қалау райы *-ғай* қосымшасына *ды<(эди)* қосымшасының қосылып жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы, Осы шақ: *барғэймын, барғэйсын, баргэй*; Өткен шақ: *барғэйдым, барэйдый, барғэйд*. Шартты райдың қосымшасы *-са, -се*. *-Са, -се* қосымшалы етістік жіктеліп барып, осы шақтық мағына білдіреді. Өткен шақты шартты рай *-са, -се* формалы етістікке *-ды, -ди* қосымшасын қосу арқылы не *эди* толымсыз етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, Осы шақ: *айтсам, айтсай, айтса*; Өткен шақ: *айтса эдим, айтса эдий, айтса эди; айтсайдым, айтсайдый, айтсайдыр*, т.б.

Әдебиеттер:

1. Мусаев К.М. Грамматика караимского языка. М., 1964.
2. Языки народов СССР. I-II., М., 1964.
3. Караимско-русско-польский словарь. М., 1974.
4. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ҚАРАШАЙ-БАЛҚАР ТІЛІ

Кавказ тауының етегінде жасайтын түркі тілдес халықтардың бірі – қарашай-балқарлар болып саналады. Олар тілі жағынан бір-біріне өте жақын қарашай (халқының саны – 156140) және балқарлардан (халқының саны – 88771) тұрады да, қарашайлар Қарачай-черкес автономиялық облысында, балқарлар болса Кабардин-балқар автономиялық республикасында жасайды. Қарашайлар мен балқарлардың шағын тобы Өзбекстан мен Қазақстанда да өмір сүреді. Бұлар тілдері түркі тілдерінің батыс хун тобының қыпшақ-половец тобына жатады. Қарашай-балқар тілі Қазан төңкерісінен бұрын да ғалымдардың зерттеу нысаны болған. Соңғы кездерде қарашай-балқар тілін У.Б.Алиев, Х.И.Урисбиев, И.Суюничев, Г.П.Сердюченко, Н.Я.Марр сияқты ғалымдар зерттегені белгілі.

Қарашай-балқар әдеби тілі Қазан төңкерісінен кейін қалыптасқан. Қазіргі кезде бұл тілде екі диалект бар деп есептеледі. Бірінші топқа қарашай-бақсан-шегем диалектілері енеді. Бұл топтағы диалектіні “*ч-з-мен сөйлеушілер*” деп те атайды. Екінші топқа черкес-холамо-бызынғы диалектілері енеді. Бұл екі диалекті бір-бірінен негізінен, фонетикалық ерекшелігімен ажыратылады. Лексикалық ерекшеліктері аз болса да кездеседі, ал грамматикалық ерекшеліктері өзара ұқсас. *Ц-з* диалектісіндегі сөздердің мынадай ерекшелігі бар: 1) басқа диалектілерде сөздің құрамында *ч* дыбысы қолданылса, мұнда сөздің барлық деңгейінде *ц* дыбысы алынады. Мысалы, *ацлыкь* (*ачлыкь* орнына) “голод”, *юцунцю* (*ючюнчю* орнына) “третий”, *цап* (*чап* орнына) “бежать”, т.б.; 2) басқа диалектілерде сөз басында *дж/ж* дыбысы қолданылса, мұнда *з* дыбысы қолданылады. Мысалы, *зол* (*джол/жол* орнына) “дорога”, *зыл* (*джыл/жыр* орнына) “год” т.б.; 3) сөздердің бас жағынан басқа жерлерде қолданылатын *б/п* дыбыстарының орнына *ф* дыбысы пайдаланылады. Мысалы, *цоф* (*чап* орнына) “беги”, *цефхен* (*чепкан* орнына) – “сукна”, т.б. Қарашай-балқар әдеби тілі қарашай-бақсан-шегем диалектісі негізінде қалыптасқан.

Қарашай-балқар халықтарының этникалық тарихы толық зерттелмеген. Көпшілік ғалымдардың пікірінше, олар аландардың ұрпағы. Бірақ ғылым дүниесінде басқа жорамалдар

да жоқ емес. Дегенмен де қарашай мен балқарлар өздерін аландармыз деп атайды. Сонымен бірге өздері жасаған жер атымен байланысты *қарашайлы, балқарлы, басқаншылы, халамлы, чегемлі, бызынғылы* деп те атайды. Тілшілердің пікірінше, қарашай-балқар тілінде бұлғар, хазар, оғыз және қыпшақ тілдерінің элементі сақталған. Соңғы тіл элементі басым болғандықтан оны қыпшақ тілдерінің құрамына қосамыз. Қарашай-балқар тілі тарихи жағынан құмық, қарайым және қырым татарларының тілдерімен бірге көне құман тілдеріне барып тіреледі. Сондықтан олар, қазақтар сияқты, өздерінің жазба ескерткіші “Кодекс куманикус” деп санайды.

Қарашай-балқар тілінде сегіз дауысты, 25 дауыссыз дыбыс бар. Кей ғалымдар дауысты дыбыстардың қысқа және созылыңқы түрлері де бар деген пікір айтады. Бірақ күні бүгінге дейін бұл мәселе толық шешілмеген. Басқа түркі тілдері сияқты, дауысты дыбыстар жуан және жіңішке, ашық және қысаң, еріндік және езулік болып бөлінеді. Дауыстылардың ішінен тек *о, ә* дыбыстары ғана бірінші буында қолданылады. Екінші, не соңғы буындарда олар кірме сөздерде, күрделі сөздердің құрамында немесе *отоу* “комната”, *бугьоу* “окова”, *маймәз* “бязь” сияқты азын-аулақ сөздердің құрамында қолданылады. Бұл екі дыбыс қосымшалардың құрамында келмейді. Сөздер буын үндестігі заңдылығы бойынша не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып келеді. Сингармонизм заңдылығы түбір мен қосымша аралығында да сақталады. Қосымшалардағы дауысты дыбыстардың ішінде *у, ю* дыбыстары да қолданылады. Бұл — қазақ тілінде кездеспейтін құбылыс. Мысалы, етіс қосымшаларының құрамында *-ун, -юн, -гьуз, -юр, -ул* сияқты формалар да кездеседі.

Дауыссыз дыбыстардың басқа түркі тілдерінен басты айырмашылығы — дауыссыз дыбыстардың қабаттасып (гелмината) қолданылуы. Дауыссыздардың қабаттасып қолданылуы үш түрлі жағдайда байқалады. Бірінші, түбір морфемалардың құрамындағы дауыссыздардың қосарлануы. Мысалы, *аккыл* “сомнение”, *аппа* “дед”, *чыккыр* “бочка”, *уллу* “большой”, т.б. Бұл құбылыс қазақ тілінде байқалмаса да басқа түркі тілдерінде бар. Мысалы, өзбек тілінде *етти* “семь”, *дуппи* “тюбетейка”, *дуккак* “ловия”, *мукка* “мука”; қарақалпақ тілінде *елли* “пятьдесят”, *дурре* “плетка”, *доллы* “упрямый”,

дәкки “отпор”, гүрриң “разговор”, т.б. Екіншісі дауыссыз дыбыстардың қабаттасуы түбір мен қосымшалар аралығында кездеседі де, дыбыс үндестік заңдылығына бағынады. Бұл типтес қабаттасу түркі тілдерінің барлығында да кездеседі. Қабаттасудың үшінші түрі сөз ішінде кездеседі де, сөздердің мағынасына ықпал етеді. Мысалы, *кбызыл* “красный” – *кбыззыл* “очень красный”, *кбысыл* “зажив” – *кбыссыл* “крепко зажав”, т.б. Басқа түркі тілдерінде бұл құбылыс кездеспейді. Мұндай күшейтпелі мағына көбінде синтетикалық жолмен беріледі. Тек жеке мысал ретінде ғана қазақ тіліндегі *аннақ*; қырғыз тіліндегі *аннақ* сөзін келтіруге болады.

Морфологиялық құрылымы жағынан қарашай-балқар тілі басқа түркі тілдерімен сыбайласып жатады. Дегенмен, азынаулақ айырмашылықтардың барлығы да байқалады. Олар:

1. Қазақ тілінде тәуелдік жалғауының көпше түрінің екінші жағында түбірге *-ларың, -лерің* қосымшасы қосылса, қарашай-балқар тілінде *-ғыыз, -ғыз, -ғыз* қосымшасы қосылады. Бұл жағынан олар қазіргі құмық тіліне жақын;

2. Қарашай-балқар тілінде ілік септігі мен табыс септіктері тұлға жағынан омонимдес болады, бірақ мағынасы жағынан ажырайды. Мысалы, *А. ана; I. ана-ны; Б. ана-ға; Т. ана-ны; Ж. ана-да; Ш. ана-дан*. Бұл құбылыс жай септеу түрінде ғана емес, тәуелдеулі септеуде де байқалады. Мысалы, *А. анам; I. анам-ы; Б. анам-а; Т. анам-ы; Ж. анам-да; Ш. анам-дан*, т.б.;

3. Есептік сан есімнің үш үлгісі бар. Бірінші үлгі басқа түркі тілдерімен сәйкес келеді де, *бір, эки, юч, төрт* түрінде айтылады. Екінші үлгі бойынша жиырмадан жоғары ондық атаулары жиырма сан есімімен байланысты айтылады. Мысалы, *отыз (30) сан есімін жыйырма била он* (жиырма мен он), *қырық сан есімін – эки жыйырма* (екі жиырма), *елу сан есімін эки жыйырма била он* (екі жиырма мен он), *алпыс сан есімін юч жыйырма* (үш жиырма), т.б. деп атайды. Бірақ бірінші санау үлгісінде *отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс*, т.б. сан есімдер де қолданылады. Үшінші санау үлгісін иран санау үлгісі деп атайды да, майда малды (қой, ешкі) санаумен байланысты қолданылады. Олардың тақ сандары бірінші санау үлгісінде, жұп сандары иран үлгісінде болады. Салыстырыңыз, *дуда* (екі), *чыпар* (төрт), *ыхсыз* (алты), *ас* (сегіз), *дыс* (он), *дудардыс* (он екі), *сыпардыс* (он төрт), *ыххырдыс* (он алты), т.б.;

4. Жинақтау сан есімдері есептік сандарға *-ау, -еу, не -аулап, -еулеп* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Теориялық жақтан олар барлық сан есімдерге қосылу мүмкіндігі бар, бірақ практикалық өмірде бірінші ондыққа дейінгі сан есімдерге ғана қосылады. Мысалы, *биреу/биреулеп; ючеу/ючеулеп, тоғызсау/тоғызсаулап*, т.б.;

5. Бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдерге *-шар, -шер, -ышар, -игер, -ушар, -юшер, -ар, -ер* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *бирер* “по одному”, *алтышар* “по шесть”, *онушар* “по десять”, т.б. Қазақ тілінде *-ар* қосымшасы *бір* сөзіне қосылып “*бірер*” болжалды сан есімін жасайды. Ал бөлшектік сан есім мағынасында *-ар, -ер* қосымшасы қазіргі хакас, қырым татар, құмық, т.б. тілдерде қолданылады. Құмық пен қырым татар тілдерінде *-шар, -шер, -ушар, -уьшер* қосымшалары да сақталған.;

6. Келер шақтық есімше қызметінде *-ар, -ер* қосымшасымен бірге *-лыкъ, -лик, -лукъ, -мок, -рик, -рукъ, -рюк, -ник, -нюк, -нукъ* қосымшалары да қолданылады. Басқа түркі тілдерінде *-лык, -лік* қосымшасының шақтық мағынасы болмайды да, есімшенің қосымшасы деп есептелмейді. Қарашай-балқар тіліндегі *-лыкъ, -лик* қосымшасы басқа түркі тілдеріндегі *-ажак, -ежсек, не -атын, -етін* қосымшаларымен мағыналас. Салыстырыңыз, *жунур-укъ/жуннукъ* “тот, кто должен купаться”, *сын-ар-ыкъ/сынныкъ* “тот кто должен сломаться” т.б.;

7. Көсемшенің *-а, -е, -й* және *-ып, -ип, -п* жұрнақтарымен бірге *-ғанлай, -генлей, -ғанлы, -генли, -ғанлыкъға, -генликге, -маздан, -мезден* қосымшалары да қолданылады.;

8. Жіктік жалғау формасында да өзгешелік бар. Бірінші және екінші жақ жекеше түрінде қазақ тіліндегі *-мын, -мін, -сың, -сін* орнына *-ма, -ме, -са, -се* формалары қолданылады. Мысалы, *таулы ма* “я горец”, *таулы са* “ты горец”, *таулы ды* “он горец”; *алған ма* “я брал”, *алған са* “ты брал”, *алғанды* “он брал”, т.б.

Әдебиеттер:

1. Грамматика карачаево-балкарского языка. Нальчик, 1970.
2. Алиев У.Б. Синтаксис карачаево-балкарского языка. М., 1972.
3. Языки народов СССР. Т. II., М., 1966.
4. Къарачай-малкъар-орус сезлюк. М., 1989.
5. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ҚҰМЫҚ ТІЛІ

Құмық тілі – Дағыстанда жасайтын түркі тілдес құмық халқының сөйлеу және жазба тілі. Бұрынғы Кеңестер Одағындағы құмықтардың жалпы саны – 282178 (Ахмет Буранның мәліметі бойынша). Құмықтар өздерінің ата тегін хазарлармен байланыстырады. Тарихи деректерге жүгінетін болсақ, қазіргі құмықтардың тұрған жерлерінде заманымыздың бас кезінде түркі тектес халықтардың жасағандығы туралы деректер бар. Жалпы құмықтардың этникалық құрамында қыпшақтар мен оғыздардың ықпалы күшті болғандығы анық. А.Н.Баскаковтың жіктемесінде құмық тілі батыс қыпшақ тілдерінің тобына жатады.

Құмық тілі Қазан төңкерісінен бұрын да зерттелген, бірақ оның жан-жақты зерттелуі кейінгі дәуірде ғана. Құмық тіл білімінің қалыптасуында, қазіргі деңгейге жетуінде Г.Ю.Клапрот, И.Афанасьев, М.Ф.Мохир, А.Н.Самойлович, Н.К.Дмитриев, А.Н.Батырмурзаев, Б.Чобан-заде, З.З.Баматов, М.А.Хабичев сияқты ғалымдардың еңбегі мол.

Қазіргі құмық тілінде үш диалекті бар: *буйнақ*, *хасавюрт* және *қайтақ*. Құмық әдеби тілі буйнақ, хасавюрт диалектілері негізінде қалыптасқан. Бұлардың араларындағы айырмашылық фонетика мен лексикалық ерекшеліктерге байланысты. Мысалы, буйнақ диалектінде түбір сөздердің құрамында созылыңқы дауыссыз дыбыстар қолданылады, басқа диалектілерде ол құбылыс байқалмайды. Мысалы, *к̣ьак̣к̣ьа* “долина”, *беззек* “лихорадка”, *гиччи* “маленький” т.б. Сондай-ақ буйнақ диалектінде ерін үндестігі сақтала бермейді. Мысалы, *уьйге* (хасовюрт диалектінде *уьйгоб*) “в дом”, *туькенге* (хасовюрт диалектінде *туькоьнгоб*) т.б. Қойтақ диалектінде сөздер *л* дыбысынан басталады, басқа диалектілерінде бұл құбылыс жоқ. Мысалы, *жалын* “сокол”, *локьан* “собака”, *ланц* “молния” т.б. Қайтақ диалектісінің ерекшеліктерінің бірі – түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығына қарсы құбылыстың болуы. Яғни кей қосымшалар түбірдің соңғы буыны жуан болса жіңішке, жіңішке болса жуан болып жалғанады. Мысалы, *уьйда* “в доме”, *уьйдан* “из дома”, *уьйлар* “дома”, *этмай* “он не делает”,

гельмах “приходить”, т.б. Бұл құбылыс бұйнақ диалектісінде де кездеседі, бірақ өте аз байқалады.

Қазіргі құмық тілінде сегіз дауысты (*а, о, ы, у, и, е, оь, уь*), жиырма үш дауыссыз (*б, п, в, ф, т, д, з, с, ж, ш, ч, й, к, г, кь, гь, р, л, м, н, нг, х, гь*) дыбыс бар. Құмық тілінің құрамындағы кей сөздерде *ө* дыбысы айтылады, бірақ жазылуда *а* әрпімен беріледі. Сондай-ақ Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде кірген орыс және интернационал сөздердің құрамында *ш, ц* дыбыстары да қолданылады. Әдеби тілде сингармонизм заңдылығы сақталған.

Құмық тіліндегі зат есімдер жіктелгенде бірінші жақта *-ман, -мен*, екінші жақта *-сан, -сен* қосымшасын қабылдайды, үшінші жақта қосымша қабылдамай, түбір арқылы беріледі. Мысалы, *язьевчуман* “я писатель”, *язьевчусан, язьевчу*, т.б. Ал тәуелдік жалғауының қосымшасы қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауының қосымшасымен сәйкес келеді, айырмашылығы ерін дауысты дыбысымен келген *-ум, -уьм, -унг, -уьнг, -буз, -бюз, -убуз, -уьбуз, -угьуз, -уьгюз* қосымшаларының болуы.

Құмық тіліндегі туынды түбір жасайтын жұрнақтар мыналар:

1) Есім сөздерден зат есім жасайтын жұрнақтар: 1) *-чы, -чи, -су, -чу: ишчи* “рабочий”, *кьойчу* “чабан”, *колхозчу* “колхозник” т.б.; 2) *-даш, -деш: елдаш* “товарищ”, *сырдаш* “интимный друг”, т.б.; 3) *-лык, -лик: ашлык* “урожай”, *биченлик* “луг”, т.б.; 4) *-лы, -ли, -лу, -лю: аварлы* “аварец”, *атлы* “всадник”, т.б.;

2) Етістіктерден зат есім жасайтын жұрнақтар: 1) *-ым, -им, -ум, -уьм, -м: билим* “знание”, *ольим* “смерть”, т.б.; 2) *-ма, -ме: ярма* “пшено”, *тьойме* “пуговица”, *чачма* “дробь”, т.б.; 3) *-гьыш, -гиш: ачгьыш* “ключ”, *сюзгюч* “цедило”, т.б.; 4) *-вуч, -вюч: йылавуч* “пласка”, *тийревюч* “булавка”, т.б.; 5) *-вукь, -вюк: сызлавукь* “фурункул”, т.б.; 6) *-ыш, -иш, -уш, -уьш: алыш* “изъятие”, *юрюш* “хождение”, т.б.;

3) Сын есімдердің сөз тудырушы жұрнақтары: 1) *-лы, -ли, -лу, -лю: тузлу* “соленый”, *жанлы* “одушевленный”, т.б.; 2) *-гы, -ги, -гьу, -гю: эртенги* “утренний”, *ахшамгы* “вечерный”, т.б.; 3) *-сыз, -сиз, -суз, -сюз: тилсиз* “немой”,

аяксыз “безногий”, т.б.; 4) *-лыкь, -лукь, -люк, -лик:* манатлыкь “рублевый”, айлыкь “месячный”, т.б.;

4) Туынды түбір етістік жасайтын жұрнақтар: 1) *-ла, -ле:* ишла “работай”, ташла “бросай”, т.б.; 2) *-ар, -ер:* агьар “белеть”, гегер “синеть”, т.б.; 3) *-лаш, -леш:* бирлеш “объединяться” т.б.; 4) *-а, -е:* аша “кушай”, яша “живи”, т.б.; 5) *-ыкь, -ик:* елыкь “встречайся”, бирик “объединись”, т.б.

Құмық тілінде қазақ тіліне қарағанда сан есімдерде аздап өзгешеліктері бар. Мысалы, реттік сан есімдер қазақ тілдеріндегідей *-ынчы, -инчи, -унчу, -юнчю* қосымшалары (*дортюнчю* “четвертый”) арқылы жасалынса, топтау сан есімдері есептік сандарға *-ар, -ер (сегизер* “по восьми”, *бирер* “по одному”), *-шар, -шер* қосымшасына *-лап, -леп* қосымшасын үстемелеп қосу арқылы жасалады (*экишерлеп* “по две”, *еттишерлеп* “по семи”). Жинақтау сан есімдері есептік сандарға *-ав, -ев* қосымшаларын қосу арқылы жасалады, бірақ олар жетіге дейінгі сандарға ғана емес, одан көбірек сандарға қосылады. Мысалы, *онав* “десятеро”, т.б.

Етістіктің үш шағы бар. Өткен шақтың мынадай түрлері бар: 1) *-гьан, -ген:* гельгенмен “я пришел” т.б.; 2) *-д:* гердюм “я увидел” т.б.; 3) *-а, -е* формалы көсемшеге *эди* толымсыз көмекші етістігін тіркеу арқылы: *бара эдим* “я ходил”, т.б.; 4) *-гьан эди, -ген эди* аналитикалық форматтар арқылы жасалған түрі: *баргьан эдим* “я ходил когда то” т.б. Осы шақ *-а, -е, -й* көсемше формалы етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы, *айтаман* “я говорю”, *гелемен* “я иду” т.б. Келер шақтың қосымшасы мыналар: 1) *-ар, -ер, -р:* гелермен “я приду”, герюрмен “я увижу”, т.б.; 2) *-ажакь, -ежек, -жакь, -жек:* баражакьман “я пойду”, гележекмен “я приду”, т.б.

Әдебиеттер:

1. Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. М.-Л., 1940.
2. Языки народов СССР. Т. II., М., 1966.
3. Русско-кумыкский словарь. М., 1960.
4. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ҚЫРЫМ ТАТАР ТІЛІ

Қырым татар тілі қырым татарлары деп аталатын түркі тектес халықтардың сөйлеу және жазба тілі болып саналады. Қырым татарларының Отаны — Қырым түбегі. Олар Ұлы Отан соғысы жылдарында Өзбекстанға, т.б. өлкелерге жер аударылды. Қазір қырым татарлардың көбі Қырымда, Өзбекстанда және Украинаның оңтүстік облыстарында тұрады. Ресей патшасы жүргізген басып алушылық саясатының нәтижесінде қырым татарларының белгілі бір бөлігі (кей деректерде отыз мың, басқа бір деректерде жүз мыңнан астам) ХІХ ғасырдың екінші жартысында Түркияға қоныс аударуға мәжбүр болған. Соңғы (1979 ж.) санақ бойынша, Кеңес Одағында 268731 (Ахмет Буранда — 282178) қырым татарлары өмір сүреді.

Қырым татарларының этникалық құрылымы бір тектес болмаған сияқты. Тарихи деректерге қарағанда, Қырым түбегінде жасаған халықтар көп тоғысулардан кейін барып қалыптасқан. Мысалы, Қырымда гректер де, түркітер де, орыстар да, украиндар да тұратыны анық. 1778 жылы Орыс әкімшілігі Азов теңізі бойына христиандарды көшіреді. Сол кездегі деректерге қарағанда, гректердің бір тобы — румейлер қырым татар тілінде сөйлеген. А.Н.Гаркавец румейлермен бірге урум тілі де қазіргі күнге дейін бар екенін және ол түркі тектес тіл екендігін көрсетеді. Кей ғалымдар қазіргі қырым татарларын антропологиялық жақтан еуропалықтардың қатарына қосады. Демек, бұл — бір кездерде Қырымда үстемдік еткен қыпшақтар уақыт өте келе жергілікті халықтармен қосылып, өздерінің сыртқы кейпін де өзгертіп жіберген деген сөз.

Қырым татарларымен қатар тілге алынатын этнос — қырымшақтар. Қырымшақтар туралы хабарымыз бай емес. Оған, біздіңше, екі түрлі нәрсе себепші. Біріншіден, қырымшақтар сан жағынан өте аз. 1959 жылғы санақ бойынша, олар — 1500 шамасында ғана. Ал 1979 жылғы санақта мүлде көрсетілмеген. Екіншіден, тілі жағынан олар қырым татар тіліне өте жақын, соның бір диалектісі іспетті. Олар ертеректе жеке халық, тәуелсіз ел болған, тұрған мекені — Қырымның Симферополь, Феодосия, Керчь, Қарасубазар, діні — иудаизм болған деген деректер бар.

Қырым татарларының тілі, әдебиеті, тарихы толық зерттелмеген. Қазан төңкерісінен бұрын қырым татарларының тілі туралы В.В.Радлов, Л.Лазарев, Л.З.Будаговтардың еңбектерінде сөз болса, одан кейінгі кезде А.Н.Самойлович, М.Тейфынь, Ш.Бектуре, А.Адабаш, Асан Аджи, Б.В.Чобанзаде, т.б. ғалымдар олардың тілі туралы пікір айтқан. Отан соғысы жылдарындағы саясатпен байланысты алпысыншы жылдарға дейін қырым татар тілін зерттеушілер болмады. Ал 70–80-жылдардан бастап қырым татар тілі бойынша азын-аулақ зерттеулер жариялана бастады. Қазіргі кезде қырым татар тілі бойынша зерттеп, пікір айтып жүрген А.Н.Гаркавец, А.Маметов, Ә.Акмоллаев, т.б. осы сияқты ғалымдарды атауға болады.

А.Н.Баскаковтың пікірінше, қырым татар тілі батыс хун тілдерінің қыпшақ-половец тобына жатады. Дегенмен де, бұл тілдің құрамында оғыз элементтері де, лексикалық құрамында араб, парсы тілдерінен енген сөздер де мол. Орыс тілінен, монғол және грек тілдерінен енген сөздер де кездеседі. Тілшілер қырым татар тілінде не екі (А.Н.Баскаков), не үш (Ә.В.Севортян) диалект бар деп есептейді. Соңғы пікірді қолдаушылар көп. Солтүстік диалектіде сөйлейтін қырым татарлары ноғайлар деп аталады. Олар өздерін маңғыттармыз дейді, олардың тілінде қыпшақ элементі басым және қазақ тіліне өте жақын. Ал орталық диалектіде болса, қыпшақ элементі басым болғанымен, оғыз тілінің ықпалы сезіліп тұрады. Қырым татарлары араб жазуына ерте көшкен, қазір орыс графикасы негізіндегі өз алфавитіне ие. Онда 37 әріп бар.

Қырым татар тілінде сегіз дауысты дыбыс қолданылады. Оның төртеуі: *а, ы, о, у* жуан дауысты дыбыс та, төртеуі: *ә(э), и, ү, я* жіңішке дауысты дыбыс болып саналады. Дауысты дыбыстар аралығындағы екі түрлі үндесу (сингармонизм) заңдылығы, яғни езу үндестігі де, ерін үндестігі де сақталған.

Қырым татар тілінде алты септік жалғауы бар. Атау септігінің арнайы қосымшасы жоқ. Ілік септігінің қосымшасы *-нынъ, -нинъ*. Барыс септігі түбірге *-гъа, -ге, -къа, -ке*; табыс септігі түбірге *-ны, -ни*; жатыс септігі *-да, -де, -та, -те*; шығыс септігі *-дан, -ден, -тан, -тен* қосымшаларын қосу

арқылы жасалады. Қазақ тіліндегідей, сөйлемде кейде ілік және табыс септіктері түсіріліп қолданылады. Мысалы, *танъ ярыгъы* (*танънынъ ярыгъы*), *чай ичтим* (*чайны ичтим*), т.б. Қазақ тілімен салыстырғанда, зат есімнің жіктелуінде бірінші және үшінші жақта айырмашылық бар. Яғни ол бірінші жақта *-м, -ым, -им*; екінші жақта *-сынъ, -синъ*; үшінші жақта *-дыр, -дир* қосымшаларына ие болады. Мысалы, *талебем* (оқушымын), *талебесинъ* (оқушысың), *талебедир* (оқушы). Демек, бірінші жақта жіктік жалғауы мен тәуелдік жалғаулары тұлға жағынан тең түседі. Ал екінші жақта тәуелдік жалғауы *-нъ, -ынъ, -инъ, -унъ, -юнъ*; үшінші жақта *-сы, -си, -ы, -и, -у, -ю* қосымшаларына ие.

Зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтарында да айырмашылық кездеседі, бірақ көпше қосымшасы қазақ тілімен сәйкес келеді. Мысалы, *-чы, -чи, -чу, -чю, -джи, -джу* (*одунджы — отунджы* “дровосек”), *-лы, -лу, -ли, -лю* (*кой-лю — койлю* “крестьянин”, *ялта-лы — ялталы* “ялитнец”), *-лыкъ, -лик, -лукъ, -люк* (*ишкузар-лик — ишкузарлик* “деловитность”, *ишсиз-лик — ишсизлик* “безработница”), *-даш, -деш* (*ватандаш — ватандаш* “соотечественник”, *кой-деш — койдеш* “односельчанин”), *-кяр, -кир* (*иджат-кяр — иджаткяр* “избиратель”, *зиян-кяр — зиянкяр* “вредитель”), *-ма, -ме* (*бурул-ма — бурулма* “поворот”, *бур-ме — бурме* “складка”), *-къы, -гъы, -ги, -ки, -гю, -кю* (*биль-ги — бильги* “знание”, *пыч-къы — пычкъы* “пила”), *-гъыч, -къыч, -гич, -кич* (*отургъыш — отургъыш* “скамейка”, *тут-къыч — туткъыч* “ручка”) т.б.; *-чыкъ, -чик* қосымшасы кішірейту-еркелету мағынасында да қолданылады. Мысалы, *йылдыз-чыкъ — йылдызчыкъ* “звездочка”, *геми-чик — гемичик* “кораблик” т.б.

Сан есімдерде ерекшелік бөлшектік және болжалдық сан есімдерде байқалады. Бөлшектік сан есімдер *-ар, -ер, -шар, -шер* қосымшалары арқылы жасалады. Мысалы, *беш-ер — бешер* “по пять”, *йигирми-шер — йигирмишер* “по двадцать” т.б. Ар, *-ер, -шар, -шер* қосымшасы барлық кезде де сан есімдердің соңына жалғана бермейді. Күрделі сан есімдердің құрамында *жүз, мың, миллион* сияқты сөздер қолданылса, бұл қосымшалар *жүз, мың, миллион* сөздерінің алдында тұрған сан есімдерге қосылады. Мысалы, *бешер юз тона* “по пятьсот

тон”, *екизер бинь* “по восемь тысяч”, т.б. Егер күрделі сан есімдердің құрамында жүз, мың, миллион сөздерінен кейін үшінші бір сан есім қолданылса, *-шар, -шер, -ар, -ер* қосымшалары осы соңғы сан есімдерге қосылады. Мысалы, *учь юз къырыкъ едишер* “по триста сорок семь”. Ал болжалдық сан есімдер тікелей түбір сан есімдерге көптік жалғауын қосу арқылы, не сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Қазақ тілінде де сан есімдерге көптік жалғауы қосылады. Бірақ болжалдық мағына білдіру үшін *шамалы, жуық, тарта, қаралы* сияқты сөздердің біреуі тіркесуі керек. Рас, кей жағдайларда, сөйлеу тілінде, диалектілерде *арта, шамалы* сияқты сөздер түсіріліп қолданылады. Мысалы, *сағат алтылар еді*. Қырым татар тілінде *онлар* “десятки”, *юзлер* “сотни” әдеби норма ретінде қолданылады. Қосарлама қос сөз тұлғасында жасалған болжалдық сан есімдерге *-ар, -ер* қосымшасы да қосылады. Мысалы, *дөртер-бештер* “по четыре-пять” т.б. Бөлшектік сан есімдер *ярым, бучукъ, черик* сөздерінің көмегімен жасалады. Сонымен бірге күрделі сан есімнің бірінші сыңары жатыс септігінде, екіншісі атау септігінде тұруы арқылы да жасалады. Мысалы, *учьте бир* “одна третья”, *беште учь* “треть пятого”, т.б. Қазақ тілінде болса, мұндай күрделі сан есімнің бірінші сыңары шығыс септігінде тұрады. Салыстырыңыз: *үштен бір, бестен үш*, т.б.

Өздік етіс етістіктің түбіріне *-н, -ын, -ин, -ун, -юн, -ыл, -иль* қосымшаларын қосу арқылы түзіледі: *макътан, ювун, йыкъыл, къакъыл*, т.б. Ырықсыз етіс те етістіктердің түбіріне осы қосымшалардың (*-н, -ын, -ин, -ун, -юн, -л, -ыл, -ил, -ул, -юл*) қосылуы арқылы жасалады. Оларды мағыналары арасындағы айырмашылықтар арқылы ғана ажыратуға болады. Мысалы, *ашалмакъ* (желіну), *башланмакъ* (басталыну), т.б. Ортақ етіс етістіктің түбіріне *-ш, -ыш, -иш, -уш, -юш* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *тапышмакъ* (табысу), *келишмек* (келісу), т.б. Өзгелік етіс етістіктің түбіріне *-т, -ыт, -ит, -ут, -ют* (*саркъ-ыт-макъ* (сарыққызу), *къоркъутмакъ* (қорқыту); *-ыр, -ир, -ур, -юр* (*батырмакъ* (батыру), *учурмакъ* (ұшырту); *-тыр, -тир, -тур, -тиор, -дур, -дюр* (*аттырмакъ* (аттыру), *алдырмакъ* (алдыру); *-къыз, -киз,*

-кѣуз, -кюз (*акѣкѣызмакѣ* (ағызу) т.б. Қазақ тіліндегі сияқы, етіс қосымшалары бірінің үстіне екіншісі қабаттасып, қосыла береді. Мысалы, *билѣдирттирмек* (білдірттіру), т.б.

Етістіктің шақ қосымшаларында аздап өзгешеліктер бар. Өткен шақ етістіктің түбіріне *-ды, -ди* және *-ған, -ген* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Өткен шақтың аналитикалық формасы да бар. Олар: *-ған эди, -а эди, -аджакѣ эди, -ар эди, ған экан, -аджакѣ экан, -ар экан, -макѣта эди, -макѣта экан* т.б. Мысалы, *язған эдим, берген экен, бере экем* т.б. Осы шақ етістіктің түбіріне *-макѣта, -мекте, -а, -е, -й* және *-ар, -ер* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. *-А, -е, -й* жіктелініп барып, шақтық мағына білдіреді, бірақ қазақ тілінен айырмашылығы бар. Біріншіден, осы шақтық мағынада қолданылғанда бірінші жақта жіктік жалғауын *-м, -ым, -им* түрінде (қазақ тілінде *-мын, -мін* түрінде) қабылдайды. Екіншіден, үшінші жақта ешқандай қосымша қабылдамастан, *-а, -е, -й* жұрнақтарының өздері арқылы беріледі. Қазақ тілінде *-ды, -ді* қосылып, *-ады, -еді, -йді* формасына ие болады. Мысалы, *алам, истейим* (аламын, істеймін), *аласынѣ, истейсинѣ; ала, истей*, т.б. *-Ар, -ер* қосымшасы ауыспалы осы шақ (аорист) мағынасын білдіреді. Оның қысаң дауысты дыбысты (*-ар, -ир*) формасы да қолданылады. Қазақ тілінде *-ыр, -ір* қосымша ретінде қолданылмайды, ал *-ар, -ер* келер шақтық мағына білдіреді. *-Ыр, -ир* шақ қосымшасы ретінде өзірбайжан тілінде қолданылады. Бірақ өзірбайжан тілінде *-ар, -ер* келер шақта, *-ыр, -ир* осы шақ қосымшасы ретінде (мағыналарында айырмашылық бар) қолданылады. Келер шақтық мағына *-аджакѣ, -еджек* қосымшасы арқылы да жасалады. *-Ажак, -ежек* қосымшасы қазақ тілінде шақ қосымшасы ретінде қолданылмайды, тек бірнеше сөздің құрамында ғана сақталып қалған. Мысалы, *болашақ, келешек*, т.б.

Етістіктің бес рай түрі бар: ашық рай, бұйрық рай, қалау рай, шарт рай және қажеттілік рай (долженственное наклонение). *Ашық райдың* арнайы қосымшасы жоқ, олар шақ және жақ қосымшалары арқылы беріледі. *Бұйрық рай* үш жаққа байланысты қолданылады да, бірінші жақта *-айын,*

-ейин, -айыкъ, -ейик қосымшасына ие. Екінші жақта жекешеде арнайы қосымшасы болмастан, түбір етістікке сай келеді. Көпше түрінде -(ы)нъыз, -(и)инъыз қосымшасын қабылдайды. Кейде екінші жақ бұйрық рай мағынасын күшейту мақсатында -чы, -чи, -са, -се, -сана, -сене демеуліктерін тіркеп те қолданылады. -Сана, -сене морфемасы түркі тілдерінің біразында қолданылады. Бұл қазақ тілі тарихында да бар. Мысалы, “Алпамыс батыр” жырында “Қойсана, батыр, қойсана. Ашуы жоқ болсана, Қой дегенде қоймасаң, Түсіремін ой-сана, Айналдырған алтауың, Бір кісідей болсана” деген шумақ бар. Осы шумақтағы қойсана, болсана дегендердегі сана бұйыру мағынасында қолданылып тұр. Шартты рай етістік түбірге -са, -се қосымшасын қосу арқылы жасалады. Ал қалау райы болса, етістіктің түбіріне -гъай, -гей қосымшасы мен эди толымсыз етістіктерін тіркеу арқылы жасалады. Көп жағдайда -гъай эди аналитикалық формасы кірігіп, -гъанды, -генди түрінде қолданылады. Қажеттілік райы етістік түбіріне -малы, -мели қосымшасын қосу арқылы жасалынады. Мысалы, бармалым (баруым керек), бармалысынъ (баруың керек), бармалы (дыр) (баруы керек). -Малы, -мелу қосымшасы қазақ тілінде де қолданылады, бірақ мағынасында райға тән реңк жоқ.

Есімше етістіктің түбіріне -гъан, -ген, -аджакъ, -еджек, -ар, -ер, -маз, -мез қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Ал көсемше болса -а, -е, -й, -ып, -ип, -п, -гъанджакъ, -генджек қосымшаларына ие. Қимыл атауы категориясы -макъ, -мек, -ма, -ме, -в, -ув, -юв, -ыш, -иш, -юш, -уш сияқты қосымшалар арқылы жасалады.

Әдебиеттер:

1. Севортян Э.В. Крымско-татарский язык // Языки народов СССР. Т. II. М., 1966.
2. Чобанзаде Б. Кърым татар ильмий сафи. Акъмесджид, 1925.
3. Маметов А. Татар тили грамматикасынынъ практикумы. Ташкент, 1984.
4. Гаркавец А.Н. Тюркские языки на Украине. Киев, 1988.
5. Акъмоллаев Э. Кърымтатар тилининъ амелияты. Ашкент, 1989.
6. Кърымтатарджа-русча лугат. Киев, 1988.
7. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

4. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚАРЛҰҚ ТОБЫ

ҰЙҒЫР ТІЛІ

Ұйғыр тілі Өзбекстан мен Қазақстанда жасайтын (жалпы саны – 262199) және Қытайдың Шынжаң-ұйғыр автономиялық аудандарында өмір сүретін (жалпы саны – 6280000) ұйғыр халқының сөйлеу, жазба және әдеби тілі болып саналады. Ұйғырлардың саны Ахмет Буранның мәліметі бойынша, дүние жүзінде 17000000. Ұйғырлардың тарихы өте көне дәуірден басталады. Тарихи деректерге қарайтын болсақ, ұйғырлар – шығыс мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан көне халық. Олар түркі тілдес халықтардың ішінде алғашқылардың бірі



Ә.Н.Наджип (1899–1991)



В.М.Насилов (1893–1970)

болып, төл жазуға ие болған. Бізге жеткен ұйғыр жазуымен жазылған монихей жазба ескерткіштері шамамен біздің заманымыздың V ғасырларында жазылған. Көне ұйғыр жазуы тек ұйғырлар арасында ғана қалып қоймай, басқа түркі тектес халықтардың игілігіне де жараған. Мысал ретінде ұйғыр жазуымен жазылған не ұйғыр жазуына қайта көшірілген көне түркі жазба ескерткіштерін мольнан кездестіруге болады. Бұл жазуды тек түркі халықтары ғана емес, монғолдар да пайдаланған. Ұйғырлар үшін Орхон-Енисей жазулары да жат емес.

Ұйғырлардың этникалық құрамы, негізінен, қарлұқ тайпаларынан қалыптасқан. Бірақ түрлі тарихи жағдайлармен

ұйғырлардың құрамына оғыздар мен қыпшақтар да араласқан. Ұйғырлардың ислам дінін қабылдауына байланысты тіліне араб-парсы тілдерінің элементтері көптеп ене бастады. Көне ұйғыр жазуында болсын, араб жазуында болсын ұйғырлар бай жазба мұра қалдырған. Қазір ұйғырлар екі жазуды пайдаланады. Шынжандағы ұйғырлар араб жазуын, Қазақстан мен Қырғызстандағы ұйғырлар орыс графикасы негізіндегі (1940 жылдан бері) ұйғыр әліпбиін пайдаланады.

Ұйғыр тілін зерттеу Қазан төңкерісінен бұрын басталды, бірақ оның ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттелуі Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірге жатады. Қазіргі ұйғыр тіл білімінің қалыптасуына С.Е.Малов, А.К.Боровков, Н.Над-



Г.Ярринг (1907–2001)



А.К.Боровков (1904–1962)

жип, Ә.Қайдар, Ғ.Садвақасов, Т.Талипов, Ә.Р.Тенишев, Г.Ярринг, В.М.Насилов, т.б. осы сияқты ғалымдар ат салысып келеді. Ұйғыр тілінің диалектілерін анықтауда түрлі пікірлер бар. Мысалы, Г.Ярринг ұйғыр тілінде оңтүстік, солтүстік диалектілері бар десе, А.Н.Баскаков онда мынандай төрт диалект бар деп есептейді: 1) оңтүстік диалекті; 2) солтүстік диалекті; 3) лобнор диалектісі; 4) ганьсуй диалектісі. Ұйғыр тілін зерттеуші ғалымдардың бірі Ә.Р.Тенишевтің жіктемесі бойынша онда үш диалект (солтүстік шығыс, оңтүстік және шығыс диалектісі) бар деп есептеледі. Ә.Қайдардың арнайы зерттеуінде [80, 249–318, 336–354] ұйғыр

әдеби тілінің негізін Шынжаң ҰАР жағдайында 5 диалект: 1) солтүстік-шығыс (куча-турфан); 2) солтүстік (Гле); 3) оңтүстік-батыс (қашғар-жәркент); 4) оңтүстік-шығыс (хотанкерия) және 5) шығыс (лобнор) диалектілер құрайды деп қаралады. Орта Азия мен Қазақстандағы ұйғырлардың тілін Г.Садвақасов екіге бөліп, Жетісу және Ферғана ұйғырларының тілі деп қарайды.

Ұйғыр тілінде сегіз дауысты дыбыс бар: *a, ə, e, u, o, ɵ, y, ʉ*. Бұлардан басқа орыс тілінен енген сөздерде не орыс тілі арқылы енген интернационал сөздер құрамында қолданылатын *э* және *ы* дыбыстары бар. Бұлардың үшеуі (*a, o, y*) жуан, қалғандары жіңішке болып саналады. Бірақ *u* мен *e* дыбыстары жуан буынды сөздерге де, жіңішке буынды сөздерге де қосыла береді. Сонымен бірге *к, ғ, х* дыбыстарымен, сондай-ақ тіл арты, *к, г* дыбыстарымен тіркесіп келгенде тіл алды болып саналады. Мысалы, *əwəzlik* “превосходство”, *қилмақ* “делать”, *ениқ* “отчетливый”, *инчикилик* “тонкость”, т.б. Ұйғыр тілінің бір ерекшелігі *у, ʉ* дыбыстары қосымшалардың құрамында да қолданылады. Мысалы, *-луқ, -лүк: сөзлуқ, көзлүк*, т.б. Жалпы ұйғыр тілінде сингармонизм заңдылығы сақталады, бірақ толық емес. Көп буынды сөздердің құрамы аралас буынды болып келе береді. Салыстырыңыз: *адәм* “человек”, *оза* “минувший”, *йеза егилиги* “сельское хозяйство”, т.б. Бірақ қосымшалар түбірге соңғы буынның жуан не жіңішкелігіне қарай жуан не жіңішке болып жалғанады. Мысалы, *төрттө* “в четыре”, *китапта* “в книге”, *оқуған* “читал”, *көңәй* “расширяться”, т.б. Ұйғыр тіліндегі сингармонизмнің әлсіздігі кейде түбір мен қосымшалар аралығында байқалып қалады. Мысалы, *тилға* “языку”, *жипқа* “нитке”, т.б. Ерін, езу үндестігінің де кейбір көріністері байқалады. Мысалы, *өтүк* “сапоги”, *озук* “пицца”, *озуқлуқ* “питательный”, *өсүп қалмақ* “подрости”, т.б. Ерін үндестігі де барлық кезде сақтала бермейді. Дауыссыз дыбыстардың саны — 28. Олар: *б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ж.*

Қазіргі ұйғыр тілінде жаңа сөздер түбірлердің қосарлануы, бірігуі, түбірге қосымшалардың жалғануы арқылы, т.б. жолдармен жасалады. Туынды түбір жасайтын жұрнақтар мыналар:

1) Есім сөздерден туынды зат есім жасайтын жұрнақтар: 1) *-чи*: амбарчи “кладовщик”, унчи “торговец мукой”, басқунчи “грабитель”, т.б.; 2) *-даш, -дәш*: замандаш “современник”, тиләкдаш “сочувствующий”, т.б.; 3) *-лик, -лик, -луқ, -лүк*: москвалиқ “москвич”, қәшқәрлик “кашкарец”, шәһәрлик “горожан”, т.б.; 4) *-қун, -қун*: қачқун “беглец”, тутқун “пленник”, т.б.

2) Етістіктерден туынды түбір зат есім жасайтын жұрнақтар: 1) *-к, -к, -ак, -әк, -иқ, -ик, уқ, -үк*: ямақ “заплата”, қурақ “кусок материй, сшитый из разных ласкуитков”, т.б.; 2) *-қа, -кә, -ға, -гә*: тутқа “ручка; скоба”, күлкә “смех”, асқа “вешалка”, т.б.; 3) *-ғучи, -гүчи, -қучи, -күчи*: язғучи “писатель”, сатқучи “продавец”, т.б.; 4) *-ма, -ме*: көргәзмә “выставка”, тосма “заслон” т.б.; 5) *-им, -ум, -үм, -м, -м*: топлам “сборник”, кийим “одежда”, көжләм “весна”, т.б.; 6) *-ғүн, -гүн, -қин, -қин*: учқун “искра”, ташқин “наводнение”, т.б.

3) Есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақтар: 1) *-лик, -лик, -луқ, -лүк*: чирайлик “красивый”, ташлик “каменистый”, т.б.; 2) *-сиз*: сусиз “безводный”, жансиз “мертвый”, т.б.; 3) *-ки, -қи*: төвәнки “нижний”, ахшамқи “вечерный”, ички “внутренний”, т.б.; 4) *-чан*: ишчан “работающий”, сөзчан “красноречивый”, т.б.;

4) Етістіктерден сын есім тудыратын жұрнақтар: 1) *-ик, -ук, -үк, -к, -к*: очуқ (осман) “чистое (небо)”, чирик “гнилий”, т.б.; 2) *-ғак, -гәк, -қак, -кәк*: урушқак “драчун”, йепишқак “липкий”, т.б.; 3) *-чак, -чәк, -чуқ, -күк*: еринчәк “лодырь”, уялчак “стыдливый”, т.б.; 4) *-қур, -күр, -ғур, -гүр*: тапқур “находчивый”, өткүр “острый”, т.б.;

5) Етістіктің сөз тудырушы жұрнақтары: 1) *-ла, -лә, -да, -дә*: ишлә “работать”, майла “мазать”, т.б.; 2) *-а*: сана “считать”, ойна “играй” т.б.; 3) *-ар, -ер, -р*: ақар “белеть”, яшар “молодеть”, т.б.; 4) *-ай, -әй*: азай “убавляться”, күчәй “усиливаться”, т.б.; 5) *-ик, -ик, -ук, -үк*: бирик “объединяться”, кечик “опаздывать”, т.б.; 6) *-ғар, -гер*: суғар “напоить”, башқар “руководить”, т.б.

Қазіргі ұйғыр тілінде алты септік бар: 1) Атау септігінің арнайы қосымшасы жоқ; 2) Ілік септігі зат есім түбіріне *-ниң, -нуң, -нүн* қосымшаларын қосу арқылы жасалады; 3) Барыс септігі *-ға, -гә, -қа, -кә* қосымшаларының зат есімге жалғануы арқылы болады;

4) Табыс септігінің морфологиялық көрсеткіші *-ин, -н*; 5) Шығыс септігінің қосымшасы *-дин, -тин*; 6) Жатыс септігінің қосымшасы *-да, -дә, -та, -тә*. Ұйғыр тіліндегі шығыс септігінің қосымшасы ғана қазақ тілінен ерекшеленіп тұрады. Тіл тарихында *-тын, -тін, -тин* қосымшасы XII–XIV ғасырларда жазылған ескерткіштер тілінде шығыс септігінің қосымшасы ретінде қолданылған.

Сан есімнің семантикалық топтарының жасалуында қазақ тілінен айтарлықтай айырмашылық бар. Салыстырыңыз: ұйғыр тіліндегі болжалды сан есімдер есептік сан есімдерге *-чә, -лиған, -лиген* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *йүзчә* “около сто”, *миңчә* “около тысяча”, *онлиған* “около десяти”, т.б. Топтау сан есімдерінің жасалуындағы бір жол *-шән, -лән* қосымшаларының жалғануы арқылы жүзеге асады. Мысалы, *икилән* “вдвоем”, *үчүлән* “втроем”, т.б.

Жіктеу есімдіктерінің септелуінде де аздап өзгешелік бар. Яғни барыс септігінің қазақ тіліндегі *маған, саған, оған* түрінің орнына *маңа, саңа, уиңға* формалары қолданылады. Барыс, шығыс септіктерінде де басқа түркі тілдерінде көп кездеспейтін *-иңдин, -иңда* түрлері бар. Бұл қосымшаның құрамындағы *-иң* элементі барыс септігінің қосымшасының құрамында да кездеседі. Мысалы, *уиңға, мениңгә, сениңдә, уиңда, мениңдин, сениңдин, уиңдин*, т.б.

Әдебиеттер:

1. Һазирги заман уйғур тили I. Алмута, 1963; II, Алмута, 1966.
2. *Кайдаров А.Т.* Развитие современного уйгурского литературного языка. Ч.I. Алма-Ата, 1970.
3. *Садвакасов Г.* Язык уйгуров Ферганской долины. I. Алма-Ата, 1970; II. Алма-Ата, 1976.
4. *Талипов Т.* Фонетика уйгурского языка. Алма-Ата, 1987.
5. Уйгурско-русский словарь. М., 1968.
6. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ӨЗБЕК ТІЛІ

Өзбек тілі Өзбекстанда жасайтын өзбек халқының сөйлеу, әдеби және мемлекеттік тілі болып саналады. Өзбектер тек Өзбекстанда ғана емес, олар Қазақстанда да, Қырғызстанда да, Түркіменстанда да, Ресейдің бірнеше облысында да жасайды. ТМД елдеріндегі өзбектердің жалпы саны – 1668240 (Ахмет Буранның мәліметі бойынша – 21000000-дай. Ал

шет елдердегі өзбектердің жалпы саны 1610 мыңнан асады. Өзбектер көне тарихқа ие. Олар — көне жазба ескерткіштерінде мол сақталған халық. Қазір Өзбекстанның түркі кітапханаларында сақталып жатқан көне жазба ескерткіштер тек өзбек халқының ғана емес, басқа да түркі тектес халықтардың да (соның ішінде қазақтардың да) тарихи даму жолын анықтауға көп септігі тиерлік материалдар бар. Өзбекстанның географиялық жағдайының өзі бірнеше түркі тектес халықтармен тек әлеуметтік жағдайда ғана емес, мәдени және рухани тұрғыдан да байланысты болып келеді. Отырықшы соғдылар мен хорезмдіктердің дамыған мәдени мұрасын қабылдап, отырықшы болған түріктер арабтардың мәдениетін, жазуын қабылдап сол орта ғасырдың өзінде-ақ дүниеге бірнеше атақты ғалымдар берді.

Этникалық жағынан өзбектер бір текті емес. Тарихи деректерге қарайтын болсақ, қазіргі Өзбекстан топырағында бірнеше тайпалардың, тайпалық одақтардың жасағандығына көз жеткізуге болады. Заманымыздың басында Өзбекстанда соғдылар, скифтер, бактриялықтар, т.б. жасаған. Олардың бір тобы отырықшы болып қала салса, екінші тобы көшпенділер болған. Соғдылар мен хорезмдіктердің қала салғандығы, егін мәдениетін дамытқандығы тарихтан белгілі. Бірақ Өзбекстан мен Қазақстанның құмды өлкелерінде көшпелі тайпалардың болғандығы да шындық. Грек тарихшылары мен географтары оларды “*скифтер*” деп атаған. Скифтердің тарихы туралы көп жазылған, көпшілік ғалымдар оларды иран тілдес болған деумен бірге құрамында басқа тілде сөйлейтін тайпалардың болғандығын да мойындайды. Бұл пікірді археологиялық қазба байлықтар да дәлелдейді. А.Ю.Якубовский Орта Азияда түркі тілдес халықтардың тәжік тілдес халықтармен көне заманнан бірге жасап келе жатқандығын, тәжіктердің отырықшы, түркі тайпаларының көшіп жүретіндігін айтады. Грек тарихшылары да бұл пікірді қолдайды.

Орта Азияға түркі тілдес халықтар кейінгі кездерде, шамамен, VI ғасырларда келе бастаған деген де пікір бар. Түркі қағанаты VI ғасырларда Истемін қағанның басшылығымен батысқа жорық жасап, Арал мен Каспий бойларына жеткендігі, бұл дәуірде Орта Азияда эвталиттер мемлекеті

болғаны белгілі. Бірақ эвталиттердің қай тілде сөйлегендігі туралы толық мәлімет жоқ. Бірақ қытай жылнамаларында кездесетін деректерге сүйене отырып, К.Б.Тревер эвталиттер құрамына түркі және иран тілдес тайпалар кірген деген қорытынды шығарады. Түркі тайпаларының Орта Азияда көне дәуірден жасағандығын топонимикалық материалдар да көрсетеді. Мысалы, Әмударияның IX–X ғасырларда жазылған ескерткіштерде “*Окуз*” деп аталынуы осы пікірге дәлел.

Орта Азияда түркі тайпаларының күшеюі қараханидтердің келуімен байланысты. Олар X–XI ғасырларда Алтай, Саян тауларынан көшіп, Жетісу мен Орта Азияның ішкі аудандарына ене бастайды. 992 жылы Бұғра хан Жетісудан Мауренахрға жорық жасап, Бұқараны алады. Қараханидтердің негізгі күші *қарлұқтар, яғма, тухси, арғу, чигил* тайпалары еді. Тарихта жоғарыда аты аталған тайпалардың Орта Азияда бой көрсетуі X ғасырдан бұрын болған. Мысалы, араб тарихшысы Табаридің көрсетуінше, араб қолбасшысы Кутаиба ибн Муслим 709 жылы Тохаристанда қарлұқтармен соғысып, қарлұқтардың көсемін (яғғасын) өлтірген. Жалпы қарлұқтар мен оның айналасындағы тайпалардың Орта Азия мен Қазақстандағы көп халықтың қалыптасуында алған орны зор еді. Олар, негізінен, қазіргі *өзбек, ұйғыр* халықтарының қалыптасуында шешуші рөл атқарған. Қарлұқтардың ертеректе отырықшы болып, өзінің шыққан руларын ұмытқаны анық. Қазіргі Ферғанада жасайтын өзбектердің руға бөлінбейтіндігін осы жағдайлармен байланыстырған дұрыс. Ал, олар X–XI ғасырларда бірнеше рудан тұрған. Мысалы, араб тілінде жазылған “Худуд ал-алемде” Тұз көл (В.В.Бартольд оны *Ыстық* көл, В.Минорский Тянь-Шань тауындағы *Шар* көлімен байланыстырады) төңірегіндегі қарлұқтарда жеті ру болғандығын көрсетеді. Ал жалпы өзбектерде ру мүлде жоғалып кетпеген. Ж-мен сөйлейтін өзбектерде ру күні бүгінге дейін сақталған. Тарихта олар Өзбек Ордасымен тікелей байланысты, Шайбани ұрпақтарымен бір кездерде Мауренахрға басып кірген. Оларды тарихта “92 баулы өзбектер” деп те атайды. Жалпы салыстыратын болсақ, өзбек руларының барлығы қазақ руларымен туыстас, солардың ішінде бар рулар болып саналады. Олардың туыс екендігі XV ғасырға дейін қазақтармен аралас жасағандығынан да белгілі, ол дәлелдеп

жатуды талап етпейді. 92 баулы өзбектерге мына рулар енген: *мың, жүз қырық, өзбек, унқажат, жалайр, сарай, қоңрат, алышын, арғын, найман, қыпшақ, қазақ, қалмақ, тарлық, тудак, бурлак, самарчық, келечи, қинақаш, буйрақ, ұрат, қиат, қытай, тункіт, узжулашы, кришы, отажы, болатшы, жунит, жат, шылышты, бупмауыт, оймауыт, арлат, керей (керейт), упкут, танкут, манғыт, чалшыт, месіт, меркіт, бүркіт, қоралас, улан (оғлан), қоры, араб, илашы, жубурган, тишылық, туркман, дурман (дүрмен), табын, тама, рамадан,*



В.В. Решетов (1910)

муйтан, уйшин (үйсін), бадайы, хафиз, қырғыз, мажар, қушалық, сауран, уйрис, жубрат, бидай, татар, табаи, мичқыр, сулдыз (жұлдыз), тубан, тілеу, кирдар, биктия, қарқын, ширин, оғлан, курлат, бағлан, чынбай (шынбай), чехилкас, уйғыр, ағар, йабу, тарғыл, турғак, кохат (бұл “Насаб-наме-ий узбек” деген қолжазба бойынша). XV ғасырдағы өзбектер құрамындағы рулардың саны бұдан да көп болған болуы керек. Себебі, “Асами-ий наваду ду фирка-йи узбек” (92 өзбек туының аты) деген қолжазбада жоғарыда аты аталған рулардан басқа тізімде кездеспеген *карлық, катаған, барлас, буйтай, кеңегес, қаңлы, жосылашы, отаршы, құрлаушы, нукус, муғал, шауран* сияқты рулардың аттарын да тізімге енгізген.

Өзбек халқы араб жазуымен жазылған көптеген көне жазба мұраға ие. Қазіргі күнде тарихта Лутфий, Саккакий, Атой, Хайдар Хорезми, Әлишер Науаи, Сұлтан Байқара, Мырза Бабыр сияқты түркі тілінде өлең жазған ақындардың аты белгілі. Бұлар жазып қалдырған шығармалар тек өзбек халқының ғана емес, басқа халықтардың тілін, әдебиеті мен тарихын танып білуге берер мәліметі мол екендігі анық. Мысалы, Бабырдың “Бабурнама” деп аталатын шығармасында XIV–XV ғасырлардағы Орта Азия халықтарының тарихы, әдебиеті, географиясы, философиясы, зоологиясы, этнографиясы, топонимикасы туралы көптеген материалдар берілген.

Өзбек тілі Қазан төңкерісінен бұрын да зерттелген. Бірақ оның жан-жақты ғылыми түрде қарастырылуы содан кейінгі дәуірге жатады. Қазіргі өзбек тіл білімінің қалыптасуына ат салысқан ғалымдар мыналар: Е.Д.Поливанов, А.К.Боровков, А.Н.Кононов, В.В.Решетов, Ш.Ш.Шаабдурахманов, М.Аскарова, Г.Абдурахманов, А.П.Ходжиев, А.Ғұламов, И.Қучкартаев, Э.Фазылов, С.Муталибов, С.Усманов, Ф.Абдуллаев, И.Расулов, А.Шерматов, Н.Махмудов, Ш.Шукуров, т.б.

Өзбек әдеби тілі Әлішер Науайдан басталады деген пікір күні бүгінге дейін басым. Шындығында, Әлішер Науаи тілі Лутфий, Саккаки, Атои, Годоилар бастаған шағатай тілінің гүлденген шоқысы болып саналады. Науаи тілінің тікелей мұрагері өзбек халқы екендігі де анық, бірақ олардың қазіргі өзбек тілінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ емес (бұл туралы шағатай тіліне байланысты тараудан қараңыз). Қазіргі өзбек әдеби тілі қалалық говорлар мен Ферғана диалектісі негізінде қалыптасқан. Өзбек тілі диалектілерге бай тіл болып саналады. Олар әр қырынан қарастырылып, жіктеме жасалған. Фази Олим, А.К.Боровков, В.В.Решетовтардың жіктемелері пікірімізге дәлел бола алады. В.В.Решетов өзбек диалект-тілерін: 1) қарлұқ-шығыл-үйғыр; 2) қыпшақ; 3) оғыз диалектісіне бөліп қарайды. Осы жіктемені көпшілік өзбек тілшілері қолдайды. Бұл диалектілердің өздері де іштей бірнеше диалектілік топтарға бөлінеді. Мысалы, қарлұқ-шығыл-үйғыр диалектілер тобы: 1) ферғана, 2) ташкент, 3) қаршы, 4) солтүстік өзбек диалектілеріне ажыратылады. Ал ферғана диалектісі болса: 1) наманган, 2) андижан-шахристан, 3) ош-узгент, 4) маргилян-қоқан диалектілеріне бөлінеді, т.б.

Қазіргі өзбек әдеби тілінде 31 фонема бар. Олардың алтауы дауысты дыбыс: *a, e(э), и, o, у, y*; жиырма бесі дауыссыз дыбыс; *б, в, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, қ, ғ, х, ж, нг (ң)*. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардан айырмашылығы сол, айтылуда *ө, ө* айтылса да, жазылуда олар *a, o* дыбыстары арқылы беріледі, оларға жеке әріп берілмеген. Өзбек әдеби тілінде толық сингармонизм заңдылығы сақталмаған. Сондықтан да қосымшалары көп нұсқалы болмайды. Дауысты дыбыстармен байланысты үшінші ерекшелігі *-a* дыбысының *o*-ға бейімделіп айтылуы. Бұл — ертеректе басталған және ол тәжік тілінің ықпалымен байланысты болған құбылыс. Мысалы, *нан* деп айтса да, *нон*

деп жазады. Дауыссыз дыбыстардағы ерекшелік — мұнда қазақ тілінде кездеспейтін *х* дыбысы бар. *Х* дыбысы мейлінше қатаң айтылатын көмей дыбысы. Сондай-ақ айтылуы *ң* болып айтылса да, жазылуы *нг* қосынды дыбыс арқылы беріледі.

Өзбек тілінің сөздік құрамында жалпы түркілік сөздермен бірге кірме сөздердің саны да көп. Әсіресе араб-парсы тілінен енген сөздер мол кездеседі. Бұған тарихи-әлеуметтік жағдайдың себепші болғандығы белгілі. Соңғы кездерде өзбек тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілуіне байланысты ұмыт болып кеткен, бірақ өзбек классик әдебиеттерінде қолданылған, үстіміздегі ғасырдың 30-40-жылдарынан кейінгі мерзімде баспасөз беттерінде қолданылмайтын араб-парсы сөздерін қайта жандандыру дәстүрі өріс ала бастады. Мысалы, *жумхурият*, *нахия*, *виллоет*, *муалиф*, *мухтариет*, *вазирлик*, *дорилфунун*, т.б. Сондай-ақ кейбір басқа түркі тілдерінде қолданылатын сөздер де жаңа мағынада қолданылып, әдеби тіл нормасына сіңіп барады. Мысал ретінде қазақ тіліндегі *аға (оға)*, *үлкен (улакан)*, *сұлу (сулуө)*, т.б. сөздерді келтіруге болады.

Өзбек тілінің грамматикасы түркі тілдеріне тән қасиеттерді толық сақтаған. Бірақ кейбір ерекшеліктері де жоқ емес. Мысалы, өзбек тіліне басқа тілдерден енген, қазақ тілінде қолданылмайтын, қолданылса да, не өнімсіз қосымша ретінде ғана алынатын, не өлі түбірдің құрамында кездесетін қосымшалар бар. Салыстырыңыз: *-бон (боғбон, қүйчибон, дорвазобон)*, *-дез (этикдуз, дуппидуз, махсидуз)*, *-шунос (тилшунос, улкашунос)*, *-соз (машиносоз, анжомсоз)* т.б. Өзбек тіліндегі *-боз* қосымшасы қазақ тілінде *құмарпаз*, *әсемпаз*, *өнерпаз* сияқты санаулы сөздердің құрамында ғана қолданылады, ал өзбек тілінде оның өрісі әлдеқайда кең. Қазақ тілінде *-паз* қосымшасы тағам атауларымен тіркеспейді, тек *аспаз* сөзінде ғана қолданылса, өзбек тілінде *ошпаз*, *кобобпаз*, *мантибаз*, *самсапаз*, *каллапаз* сияқты туынды зат есім түбірін жасайды да, сол тағамдарды даярлаушы, сатушы деген мағынаны білдіреді. Араб-парсы тілінен енген кейбір сөз алды қосымшалар да кездеседі. Мысалы, *натуғри*, *ноқулай*, *бедаво*, *бесабр*, *сермева*, *серкатнав*, *бадбашара*, *бадф “ел, барвақт, баркамал*, т.б. Түркі тілдерінің төл грамматикалық формаларының қолданылуында да ерекшеліктер байқалады. Мысалы, өзбек тілінде *-лар* көптік жалғауы, оның *-лер*, *-дар*, *-дер*, *-тар*, *-тер* сияқты фонемалық нұсқалары жоқ. Сонымен бірге *-лар* тек есім сөздерге ғана

жалғанып қоймастан, етістіктерге де қосылады. Мысалы, *Одамлар бир-бирига кумак берадилар* (Абдуллаханов). Етістіктерге жалғанғанда *-лар* көптік мағынадан гөрі құрметтеу, сыйлау мағынасын көбірек білдіреді. Құрметтеу мағынасын олар зат есімдерге жалғанған кезде де білдіре алады.

Өзбек тілінің жинақтау сан есімдерінің грамматикалық көрсеткіштерінде қазақ тілінен өзгешелік бар. Қазақ тілінде жинақтау сан есімі тек жетіге дейінгі есептік сан есімдерді қамтып *-ау, -еу* қосымшасын қосу арқылы жасалса, өзбек тілінде ол *-ов, -ала, -овлан, -овла* қосымшаларын қосу арқылы барлық есептік сан есімдерден бола береді. Өзбек тілінде сан есімнің ерекше бір түрі *-та* қосымшасының көмегімен болады. Мысалы, *битта, унта*, т.б. Бөлшектік сан есімнің бір түрі осы *-та* арқылы жасалған сан есімдерге шығыс септігінің қосымшасы жалғанып та жасалады. Мысалы, *иккитадан, биттидан, унтадан*, т.б. Есімдерден тек белгісіздік есімдігінің бір түрі ғана ерекше. Ол сұрау есімдіктеріне *дир* элементін қосу арқылы жасалады да, *кимдир, қандайдир, қайсидир* формасына ие болады.

Етістіктер сан жағынан да, қолданылуы жағынан да басқа түркі тілдерінен көп айырмашылығы жоқ. Бірен-саран айырмашылығы болса да, оны тарихи материалдар негізінде, тілдің даму дәрежесінде сақталған ерекшелік ретінде қалыптасқандығын анықтауға болады. Мысалы, толымсыз көмекші етістіктердің құрамында *эмиш* формасы қолданылады. *Эмиш* құрамындағы *-мыш (миш)* – көне түркі тілдеріндегі өткен шақ есімшенің қосымшасы. Ол шақтық мағынадан гөрі менсінбеу, кекету мағынасын білдіріп, *э* толымсыз етістігімен кірігіп кеткен. Етістіктің осы шағының да ерекшелігі бар. Қазақ тілінде нақ осы шақтың арнайы синтетикалық қосымшасы болмаса, өзбек тілінде нақ осы шақтың бір түрі *-янди, -моқда* қосымшалары арқылы жасалады, т.б.

Әдебиеттер:

1. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.-Л., 1960.
2. Ўзбек тили грамматикаси. Т.І. Тошкент, 1975; Т.ІІ. Тошкент, 1976.
3. Ўзбек тилининг изохла луғати. т.І, II. М., 1981.
4. Шаабдурахманов Ш.Ш. Ўзбек адабий тили ва Ўзбек халқ шевалари. Тошкент, 1962.
5. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

5. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҰЙҒЫР-ОҒЫЗ ТОБЫ

САХА ТІЛІ

Якут тілі Якутияда жасайтын сахалардың сөйлеу және әдеби тілі болып саналады. Якуттар өздерін “*саха*” деп атайды. Ресейдегі сахалардың жалпы саны — 382255 (Отардың мәліметі бойынша — 400000-дай). Сахалардың тарихы толық зерттелмеген, сондықтан да олардың тарихында басы ашылмаған жайттар мол. Сахалардың ата-бабалары қиыр солтүстікке, мәңгілік тоң жерге келген себептері мен олардың этникалық тарихы толық анықталмаған. Бір топ ғалымдар сахалардың ата тегі түркі тектес халық болмаған, түркі тілдес тайпалар кейін келіп қосылып, оларды түркі тілдес тайпаларға айналдырған дейді. Көпшілік түркітанушылардың пікірінше, сахалар о бастан-ақ түркі тілдес халықтардың ұрпағы. Олардың ата тегі — Байкал көлінің айналасында, Ангар өзенінің жағалаулары мен Лена өзенінің жоғарғы ағымында жасаған құрықандар. XI ғасырларда монғол тайпаларының күшеюімен байланысты сахалар Лена өзенінің төменгі ағымына түсе бастаған. XV—XVI ғасырлардың басында сахалар қазіргі тұрған жеріне келіп тұрақтанған.

Саха тілі, әдебиеті мен тарихын зерттеу Қазан төңкерісінен бұрын басталған. Оған дейінгі зерттеулердің ішінде ең құндысы О.Н.Бетлингтің 1851 жылы жарық көрген (неміс тілінде) “Якут тілі туралы” (“*Über die Sprache der Jakuten*”) деген еңбегі болып саналады. Якут тілін зерттеуде Д.Хитров, Э.К.Пекарский, С.Ястремский, В.В.Радлов сияқты үлкен ғалымдар белсене ат салысқан. Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде якут тілін Л.Н.Харитонов, Е.И.Убрятова, Н.К.Антонов, Е.И.Коркина, Н.Е.Петров сияқты ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты зерттегені белгілі.

Қазіргі саха тілінің өзінде де диалектілік ерекшеліктердің барлығы даусыз. Алғаш рет ондай ерекшеліктің барлығын Э.К.Пекарский өзінің сөздігінде көрсеткен болатын. Ал оларды жинау жұмысы үстіміздегі ғасырдың 30-40-жылдарында басталып, 1976 жылы саха тілінің диалектологиялық сөздігі жарық көрді. Бірақ күні бүгінге дейін диалектілік ерекшеліктердің шекарасын анықтап, ерекшелігін көрсетіп берген еңбек жоқ.

Саха тілі басқа түркі тілдеріндей емес, өзінше сипатқа ие. Саха мен чуваш тілдерін басқа түркі тілдерінің өкілдері түсіне алатындай дәрежеде болса, бұл екі халықтың өздері де бірін-бірі түсінбейді. Сондай-ақ бұл екі тілдің өкілдері басқа түркі тілдерін де түсінбейді. Бұл чуваш пен якут тілдерінің дыбыстық құрамының көп өзгеріске ұшырауының салдары болып есептеледі. Бірақ сөздік қордағы сөздер мен грамматикалық категориялардың көрсеткіштері басқа түркі тілдерімен туыстық қатынасын сақтаған. Дыбыстық өзгерістерді де дыбыс заңдылығы арқылы анықтауға болады.

Саха тілінде сегіз қысқа, сегіз созылыңқы және төрт дифтонг дауысты дыбыстар бар: *и, ы, у, ү, э, ө, а, о, ии, ыы, уу, үү, өө, өө, оо, аа, иэ, уө, ыа, уо*. Қысқа және созылыңқы дауысты дыбыстар мағына ажыратады, фонемалық сипатқа ие. Мысалы, *кир* “грызть”, *күрт* “сгребать”, *кур* “ремень”, *кыл* “волос”, *кэс* “идти вброд”, *көх* “увеличение”, *хой* “неведомый”, *сас* “прятать”, *киир* “входить”, *күүрт* “напрягать”, *куур* “сохнуть”, *кыыл* “зверь”, *кээс* “оставлять”, *хоой* “пазуха”, *саас* “весна”. Дауысты дыбыстар сингармонизм заңдылығына бағынады. Яғни саха тілінде сөздер бірыңғай жуан не жіңішке болады. Сондай-ақ еріндік, езулік үндестігі де сақталған. Ерін, езу үндестігі бойынша мынаны айтуға болады: 1) Егер бірінші буында *о, оо, ө, өө* дыбыстары қолданылса, соңғы буындарда да *о, оо, уо, уө, өө, өө* дыбыстары қолданылады. Мысалы, *көтөх* “поднимать”, *көтөхтөр* “заставить поднимать”, *ороо* “вытаскивать”, *ороомо* “невытаскивать”, *барон* “серый”, *боронсуй* “становиться серым”, *суол* “дорога”, *солоо* “расчищать дорогу”, *ололбохтоон* “посидев” т.б.; 2) Егер алғашқы буындарда *у, уу, уо*, не *ү, үү, үө* дыбыстары қолданылса, соңғы буындарда: а) *у, уу, уо* не *үү, ү, үө* дыбыстары немесе ә) *а, аа, өө* дыбыстары қолданылады. Мысалы, *булт* “дичь”, *булчут* “охотник”, *көмөлөө* “помогать”, *күнүстэри* “днем” т.б.; 3) Езу дауысты дыбысты буындардан кейін езу дауыстылы буындар қолданылады. Мысалы, *кэлэ* “подошел”, *санаама* “не думать”, т.б.

Саха тілінің төл дауыссыздары жиырма: *б, г, ҕ, д, дь, й, j, к, л, м, н, н, нь, п, р, с, h, т, х, ч*. Орыс тілінен алты дауыссыз дыбыс енген: *в, ж, з, ц, ш, щ*. Бұлардың ішінде сөз басында *б, д, дь, л, м, н, нь, к, т, х, ч* дыбыстары көп қолданылады

да, *п, г, һ* дыбыстары сирек кездеседі. Ал *ғ, й, н, р* сөз басында. Сөз соңында *нь, ч, һ* дыбыстары кездеспейді.

Саха тіліндегі сөзжасам жүйесі, негізінен, морфологиялық тәсіл арқылы жасалады. Сөз тудыратын өнімді жұрнақтар мыналар:

1) *-һыт, -сыт, -чыт, -дьыт, -ньыт*. Бұл есім сөздерден мамандықты білдіретін туынды түбір зат есім жасайды да, басқа түркі тілдеріндегі *-шы, -ші* қосымшаларымен мағыналас болады. Мысалы, *балыксыт* “рыбак” (*балык* “рыба”), *ууһут* “плавец” (*уу* “вода”), т.б.;

2) *-мсах, -ымсах, -мсэх, -мсох, -мсух, -мсог, мсок: оғосох* “любящий детей” (*оҕо* “ребенок”), *сылалмсах* “быстро устающий” (*сылаам* “усталый”);

3) *-таағы, -даағы, -нағы, -лаағы, -нооҕу, -дөөгү*. Бұл қосымшалар қазақ тіліндегі *-дағы, -дегі* қосымшасымен мағыналас сын есімнің жұрнағы. Мысалы, *тыатаағы* “находящийся в тайге” (*тыа* “тайга”), *маңнаағы* “здешний” (*мына* “здесь”) т.б.;

4) *-ғы, -кы, -ны, -ку, -кү*. Бұл қосымша қазақ тіліндегі есім сөздерден сын есім тудыратын *-ғы, -гі* жұрнағымен мағыналас. Мысалы, *анныкы* “нижний” (*алын* “нижняя часть”), *ортоку* “средний” (*орто* “средняя часть”), *сайынны* “летний” (*сайын* “лето”) т.б.;

5) *-(ы)гас, -(ы)гәс*. Бұл сын есімнің сөз тудырушы жұрнағы. Мағынасында сол амал-әрекетті орындауға бейімділікті білдіретін мағыналық реңк болады. Мысалы, *булугас* “находчивый” (*бул* “найти”), *табыгас* “меткий” (*тап* “нападать”), т.б.;

6) *-лаа, -лөө, -лоо, -лөө, -таа, -тоо, -тээ*. Бұл қосымшалар есім сөздерден туынды түбір етістік жасайды да, басқа түркі тілдеріндегі етістіктің *-ла, -ле* жұрнағымен мағыналас болады. Мысалы, *үлэлээ* “работать” (*үлэ* “работа”), *атахтаа* “приделать ножки” (*атах* “нога”), *отонноо* “собирать ягоды” (*отон* “ягода”), *кустaa* “охотиться на уток” (*кус* “утка”) т.б.;

7) *-aa, -ээ, -oo, -өө*. Бұл қосымшалар зат есім мен сын есімдерден туынды түбір етістік жасайды. Мысалы, *ыараа* “тяжелеть” (*ыар* “тяжелый”), *чинээ* “уплотняться” (*чин* “плотный”), *аһaa* “кушать” (*ас* “пища”), *тууһaa* “солить” (*туус* “соль”) т.б.;



Е.И.Убратова (1907–1992)

8) *-тый, -тий, -суй, -сый, -туй, -түй, -дый, -дий, -дуй, -дүй, -лый, -лий, -луй, -лүй, -ный* т.б. Бұл қосымша да зат есім мен сын есімдерден туынды түбір етістік жасайды. Мысалы, *харатый* “почернеть” (*хара* “черный”), *улуутуй* “наступать гордо” (*улуу* “великий”), *абатый* “досадывать” (*аба* “горечь досады”), т.б.

Саха тіліндегі көптік жалғауының басқа түркі тілдерінен тұлға жағынан айырмашылығы болмаса да, тәуелдік жалғауының дыбыстық өзгешелігі бар. Салыстырыңыз:

I жақ: *-ым, -ум, -үм, -быт, -пыт, -ныт*: *ағам* (мой отец), *ағабыт* (наш отец); II жақ: *-ын, -ун, -үн, -ғыт, -гыт, -кыт, -хыт, -ныт*: *аған* (твой отец), *ағағыт* (ваш отец); III жақ: *-та, -тә, -а, -ә, -лара, -дара, -нара*: *ағата* (его отец), *ағалара* (их отец) т.б.

Саха тілінде сегіз септік бар. Атау септігінің арнайы қосымшасы жоқ. Біргелік (совместный) септік зат есімдерге *-лыын, -тыын, -дыын, -ныын* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *Эбэм оғолордуун кэллэ* “Моя бабушка пришла с ребятами”. *Ыт куоскалыын доғордоспот* “Собака не дружит с кошкой”, т.б. Табыс септігі зат есімдерге *-ны, -ни, -ну, -нү, -ы, -и, -у, -ү* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *Ити киһини мин билбэппин* “Этого человека я не знаю”. *Лизани мин ормөн билэбин* “Лизу я знаю давно”, т.б. Даралық септік (частный падеж) зат есімдерге *-да, -ла, -на* қосымшаларын қосу арқылы жасалады да, тура объектіні білдіреді, яғни қазақ тіліндегі табыс септігімен мағыналас болады. Мысалы, *Маста хайыт* “наколи дров”, *уута баһын* “натаскайте воды” т.б. Барыс септігі зат есімдерге *-ға, -га, -қа, -на* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *сугэ муннукка сытар* “топор лежит в углу”, *унуоғу ыкка бырағаллар* “кость бросают собаке” т.б. Шығыс септігі зат есімдерге *-ттан, -тан* қосымшаларын қосу арқылы қолданылады. Мысалы, *Күөлтән болыксыттар*

төннөн иһэллэр “С озера возвращаются рыбаки”, т.б. Құралдық септік (орудный падеж) зат есімдерге *-нан, -ынан* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *Уолун тарбағынан ыныран ылла* “он пальцем подозвал к себе парня”; *эйэнэн арағыстылар* “они разошлись мирно” т.б. Салыстырмалы (сравнительный) септік зат есімдерге *-таағар, -лаағар, -наағар* қосымшаларының қосылуы арқылы жасалады. Мысалы, *хахай эһэтээгэр күүстээх* “лев сильнее медведя”; *хаас пустаағар түргэнник көтөр* “гусь летит быстрее утки”, т.б.

Саха тілінде есімшенің тоғыз түрі (*-ар, -ыыр, -быт, -ыах, -тах, -ардаах, -бытаа, -ыаттаах, -ааччы, -а илик*), көсемшенің он түрі (*-ан, -а, -ыы, -ынына, -баккка, -аары, -ылаары, -аат, -бытынан, -бычча*), райдың он түрі бар деп есептеледі.

Әдебиеттер:

1. Грамматика современного якутского литературного языка. М., 1982.
2. Языки народов СССР. Т. II. М., 1966.
3. Харитонов Л. Н. Типы глагольной основы в якутском языке. М.-Л., 1954.
4. Убрятова Е. И. Исследования по синтаксису якутского языка. I. М.-Л., 1950.
5. Языки народов СССР. Т. II., М., 1966.
6. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ХАКАС ТІЛІ

Хакас тілі – Хакас автономиялық облысында жасайтын хакас халқының (жалпы саны – 81428) сөйлеу, жазба тілі. Хакас халқының тарихы Енисей қырғыздарының тарихымен тікелей байланысты. Кей ғалымдар хақастар сол Енисей қырғыздарының тікелей мұрагері деп те есептейді. VI–XII ғасырларда Қырғыз мемлекетінің құрамында (қытай деректерінде хақастарды қырғыздар деп те атайды) болады, 1209 жылы оларды монғолдар жеңіп алады. XVII ғасырда барып Хакас мемлекеті қайтадан бой көтереді. Сол ғасырдан бастап Хакас жеріне орыстар келе бастайды. 1604 жылы Том, 1622 жылы Мелец, 1628 жылы Красноярск қалаларының негізі қаланады.



Е.И.Убратова (1907–1992)

8) *-тый, -тий, -суй, -сый, -туй, -түй, -дый, -дий, -дуй, -дүй, -луй, -лий, -луй, -лүй, -ный т.б.* Бұл қосымша да зат есім мен сын есімдерден туынды түбір етістік жасайды. Мысалы, *харатый* “почернеть” (*хара* “черный”), *улуутуй* “наступать гордо” (*улуу* “великий”), *абатый* “досадывать” (*аба* “горечь досады”), т.б.

Саха тіліндегі көптік жалғауының басқа түркі тілдерінен тұлға жағынан айырмашылығы болмаса да, тәуелдік жалғауының дыбыстық өзгешелігі бар. Салыстырыңыз:

I жак: *-ым, -ум, -үм, -быт, -пыт, -ныт*: *ағам* (мой отец), *ағабыт* (наш отец); II жак: *-ын, -ун, -үн, -ғыт, -гыт, -кыт, -хыт, -ныт*: *аған* (твой отец), *ағағыт* (ваш отец); III жак: *-та, -тә, -а, -ә, -лара, -дара, -нара*: *ағата* (его отец), *ағалара* (их отец) т.б.

Саха тілінде сегіз септік бар. Атау септігінің арнайы қосымшасы жоқ. Біргелік (совместный) септік зат есімдерге *-лыын, -тыын, -дыын, -ныын* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *Эбэм оғолордуун кэллэ* “Моя бабушка пришла с ребятами”. *Ыт куоскалыын доғордоспот* “Собака не дружит с кошкой”, т.б. Табыс септігі зат есімдерге *-ны, -ни, -ну, -нү, -ы, -и, -у, -ү* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *Ити киһини мин билбэппин* “Этого человека я не знаю”. *Лизани мин ормөн билэбин* “Лизу я знаю давно”, т.б. Даралық септік (частный падеж) зат есімдерге *-да, -ла, -на* қосымшаларын қосу арқылы жасалады да, тура объектіні білдіреді, яғни қазақ тіліндегі табыс септігімен мағыналас болады. Мысалы, *Маста хайыт* “накопи дров”, *уута баһын* “натаскайте воды” т.б. Барыс септігі зат есімдерге *-ға, -га, -қа, -на* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *сугэ муннукка сытар* “топор лежит в углу”, *унуоғу ыкка бырағаллар* “кость бросают собаке” т.б. Шығыс септігі зат есімдерге *-ттан, -тан* қосымшаларын қосу арқылы қолданылады. Мысалы, *Күөлтөн болыксыттар*

төннөн иһэллэр “С озера возвращаются рыбаки”, т.б. Құралдық септік (орудный падеж) зат есімдерге *-нан, -ынан* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *Уолун тарбағынан ыныран ылла* “он пальцем подозвал к себе парня”; *эйэнэн арағыстылар* “они разошлись мирно” т.б. Салыстырмалы (сравнительный) септік зат есімдерге *-таағар, -лаағар, -наағар* қосымшаларының қосылуы арқылы жасалады. Мысалы, *хахай эһэтээгэр күүстээх* “лев сильнее медведя”; *хаас пустаағар түргэнник көтөр* “гусь летит быстрее утки”, т.б.

Саха тілінде есімшенің тоғыз түрі (*-ар, -ыыр, -быт, -ых, -тах, -ардаах, -бытаа, -ыаттаах, -ааччы, -а илик*), көсемшенің он түрі (*-ан, -а, -ыы, -ынына, -баккка, -аары, -ылаары, -аат, -бытынан, -бычча*), райдың он түрі бар деп есептеледі.

Әдебиеттер:

1. Грамматика современного якутского литературного языка. М., 1982.
2. Языки народов СССР. Т. II. М., 1966.
3. Харитонов Л. Н. Типы глагольной основы в якутском языке. М.-Л., 1954.
4. Убрятова Е. И. Исследования по синтаксису якутского языка. I. М.-Л., 1950.
5. Языки народов СССР. Т. II., М., 1966.
6. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ХАКАС ТІЛІ

Хакас тілі – Хакас автономиялық облысында жасайтын хакас халқының (жалпы саны – 81428) сөйлеу, жазба тілі. Хакас халқының тарихы Енисей қырғыздарының тарихымен тікелей байланысты. Кей ғалымдар хақастар сол Енисей қырғыздарының тікелей мұрагері деп те есептейді. VI–XII ғасырларда Қырғыз мемлекетінің құрамында (қытай деректерінде хақастарды қырғыздар деп те атайды) болады, 1209 жылы оларды монғолдар жеңіп алады. XVII ғасырда барып Хакас мемлекеті қайтадан бой көтереді. Сол ғасырдан бастап Хакас жеріне орыстар келе бастайды. 1604 жылы Том, 1622 жылы Мелец, 1628 жылы Красноярск қалаларының негізі қаланады.

Хакас тілі мен әдебиеті Қазан төңкерісінен бұрын да зерттелген. Мысалы, Н.Ф.Катанов, М.А.Кастерн, В.И.Вервицкий, В.В.Радлов сияқты ғалымдар хакастардың тілін, әдебиеті мен тарихы туралы құнды пікірлер айтқан болатын. Қазан төңкерісінен кейінгі кезде хакас тілі, әдебиеті мен тарихы туралы жан-жақты зерттеулер жүргізуде. Н.П.Дыренкова, Н.А.Баскаков, Ф.Г.Исхаков, А.И.Инкижекова-Геркул, В.Г.Карпов, Н.К.Дмитриев, М.И.Боргояков, Г.И.Донидзе, А.И.Геркул, С.В.Субракова, т.б. хакас тіл білімінің бүгінгі таңдағы қалпына көтерілуіне көп үлес қосты.

Хакас тілінің жазба ескерткіші сақталмаған. Бірақ олардың көне қырғыз, одан әрі көне ұйғыр тілімен байланысының барлығын анықтауға болады. Хакас тілі өзінің қалыптасу тарихына қарай төрт диалектіге бөлінеді. Біріншісі *сағай* диалектілер тобы. Бұл диалектінің әдеби тілден мынадай айырмашылығы бар: 1) Түбір сөздердегі *ш/ж* дыбыстарының орнына *с/з* дыбыстары қолданылады. Мысалы, *тас* “камень”, *тазы* “его камень” (әдеби тілде *таш, тажы*); *сылтағ* “причина” (әдеби тілде *шылтак*), т.б.; 2) Әдеби тілде сөз құрамында *ч/ш* дыбыстары кездесетін жерлерде бұл диалектіде *с/з* дыбыстары қолданылады. Мысалы, *ағас* “дерево”, *ағазы* “его дерево” (әдеби тілде *ағач, ағачы*), *сас* “волос”, *сазы* “его волосы” (әдеби тілде *чач/шаш, чачы/шашы*), т.б.; 3) Сөз басында басқа тілдерде *й, ж, дж, ль, с* дыбыстары кездесетін жерлерде бұл диалектіде *ч* дыбысы, сөз ортасында не сөз соңында *с* дыбысы алынады. Мысалы, *чайғы* “лето”, *чар* “берег”, *чахсы* “хороший”, т.б.; 4) Әдеби тілдегі *о* дыбысының орнына *у* дыбысы қолданылады. Мысалы, *хул* “рука” (әдеби тілде *хол*), *ут* “огонь” (әдеби тілде *от*), т.б.; 5) Әдеби тілдегі *о* дыбысының орнына *у* дыбысы алынады. Мысалы, *ускі* “коза” (әдеби тілде *оскі*), *ул* “мокрый” (әдеби тілде *ол*), т.б.; 6) Әдеби тілдегі *оо* дыбыстарының орнына *уу* дыбысы қолданылады. Мысалы, *чуух* “разговор” (әдеби тілде *чоох*), *суух* “холод” (әдеби тілде *соох*), т.б.; 7) Әдеби тілдегі *оо* орнына *уу* дыбысы пайдаланылады. Мысалы, *хуук* “кукушка” (әдеби тілде *коок*), *уур* “вверх” (әдеби тілде *ооре*), т.б.

Екінші *качин диалектісі* болып саналады. Бұл диалектінің мынадай ерекшелігі бар: 1) *Ч* дыбысы сөздің барлық

шеңберінде қолданылады, ал *с/з, ш/ж* дыбыстары өте сирек алынады. Мысалы, *чачын/чазын* “бумага” (сағай диалектісінде *сазын*), *ағачым* “мое дерево” (сағай диалектісінде *ағазым*), т.б.; 2) Әдеби тілдегі *х* дыбысының орнына *к* дыбысы қолданылады. Мысалы, *карак* “глаза” (әдеби тілде *харах*), *кара* “черный” (әдеби тілде *хара*), т.б.; 3) Сөз басындағы әдеби тілдегі *п* дыбысының орнына *б* дыбысы жүреді. Мысалы, *бас* “голова” (әдеби тілде *нас*), *баарсах* “ласковый” (әдеби тілде *паарсах*), т.б.; 4) Сөз соңындағы *х, г/к* дыбыстары өздерінен кейін жалғанатын қосымшалар дауысты дыбыстан басталатын болса, түсіп қалады да, созылыңқы дауысты дыбыстардың қалыптасуына жағдай жасайды. Мысалы, *азаам* “моя нога” (сағай диалектісінде *азағым*), *хонишм* “моя жизнь” (сағай диалектісінде *ханығым*), т.б.; 5) Осы шактың қосымшасы тек жуан дауысты дыбысты нұсқада қолданылады. Мысалы, *килча* “он придет (сюда)” (әдеби тілде *килче*), *парча* “он идет (туда)” (әдеби тілде *парче*), т.б. Хакас тіліндегі үшінші диалекті – *қызыд диалектісі*. Оның мынадай ерекшелігі бар: 1) Әдеби тілдегі сөз құрамындағы *с/з* дыбыстардың орнына *ш/ж, ш* дыбыстары қолданылады. Мысалы, *төжсек* “постель” (әдеби тілде *төзек*), *кіжі* “человек” (әдеби тілде *кізі*), *шер* “земля” (әдеби тілде *чир*), т.б.; 2) Сөз басындағы *ч* дыбысының орнына *й* дыбысы қолданылады, бірақ сөз ортасында, соңында *ч* дыбысы сақталады. Мысалы, *йабал* “плахой” (әдеби тілде *чабал*), *йахсы* “хороший” (әдеби тілде *чахсы*), *тонкеш* “пень” (әдеби тілде *тонкеч*), т.б.; 3) *Г, ғ* дыбыстарының алдынан *р, л* дыбыстары келсе, *р, л* дыбыстары түсіріліп айтылады. Мысалы, *паған* “ущедший” (әдеби тілде *парған*), *саған* “положивший” (әдеби тілде *салған*), т.б.; 4) Әдеби тілдегі *и* дыбысының орнына *е(э)* дыбыстары қолданылады. Мысалы, *мен* “я” (әдеби тілде *мин*), *кел* “приходить” (әдеби тілде *кил*), т.б.; 5) Әдеби тілдегі *у, уу* дыбыстарының орнына *о, оо* дыбыстары алынады. Мысалы, *кощ* “сила” (әдеби тілде *кус*), *поор* “волк” (әдеби тілде *пуур*), т.б.

Хакас тіліндегі төртінші - *шор диалектісі* болып саналады. Бұл диалектінің мынадай ерекшелігі бар: 1) Түбір сөздерде *ш, ж* дыбыстары қолданылады. Мысалы, *шын* “правда” (әдеби тілде *сын*), *апшах* “старик” (әдеби тілде *апсах*), *куш* (әдеби

тілде *кус*), т.б.; 2) Сингармонизм заңдылығы сақтала бермейді. Мысалы, *абезым* “мой отец” (әдеби тілде *абазы*), *палези* “его ребенок” (әдеби тілде *палазы*), т.б. Осы шақтың толық формасы *чар* сақталынған, әдеби тілде ол *ча* түрінде қолданылады. Мысалы, *парчар* “он идет” (әдеби тілде *парча*), *одычар* “он сидит” (әдеби тілде *одырча*), т.б.; 4) Барыс септігінің қосымшасы толық формада *-зары*, *-сары* түрінде қолданылады. Әдеби тілде ол *-зар*, *-сар* формасына ие. Мысалы, *суғзары* “к воде” (әдеби тілде *суғзар*), *тайғазары* “к горе” (әдеби тілде *тайғазар*), т.б.; 5) Осы шақтың болымсыз түрі *-паан*, *-баан*, *-маан* түрінде қолданылса, әдеби тілде *-пин*, *-бин*, *-мин* түрінде алынады. Мысалы, *парбаанча* “он не идет” (әдеби тілде *парбинча*), *тоғынмаанча* “он не работает” (әдеби тілде *тоғынминча*), т.б.

Хакас тілінде тоғыз қысқа, тоғыз созылыңқы дыбыс бар: *а, э(е), ы, и, і, о, ө, у, я, аа, ээ(ее), ыы, іі, ии, оо, өө, уу, яя*. Дауысты дыбыстар сингармонизм заңдылығына толық бағынады. Көпшілік түркі тілдері сияқты, хакас тілінде де дауысты дыбыстар жуан, жіңішке және еріндік, езулік болып келеді. Яғни түбір сөздің құрамындағы буындар не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болады. Мысалы, *арха* “позвоночник”, *кязяре* “гремять”, *айдас* “сильный”, *тідін* “осмелиться”, *чиген* “кислое молоко”, т.б. Сондай-ақ түбір сөздің құрамындағы буындар езулік және еріндік болып та үндеседі. Мысалы, *арға* “спина”, *арғаас* “лень”, *нымырт* “черемуха”, *намзыр* “дождь”, *кябяр* “пышный”, *сярняк* “спотыкаться”, *өддөс* “гортань”, т.б. Хакас тіліндегі түбір сөздердің құрамындағы ерін үндестігі барлық кезде де сақтала бермейді. Көбінесе бірінші буында ерін дауысты дыбысты буын қолданылса, екінші, үшінші буындарда езулік дауысты дыбыстары қолданылады. Мысалы, *көгенек* “платье”, *көдір* “поднимать”, *мойын* “шея”, *маяре* “мычать”, *оғыр* “вор”, т.б. Түбір мен қосымшалар арасындағы үндестік, негізінен, езу сингармонизмі де, сөздің соңғы буынының жуан, жіңішке-келігіне қарай қосымша да жуан не жіңішке болып жалғанады. Мысалы, *іскер* “восток”, *іскері* “восточный”, *істе* “следить за кему-либо”, *істегчі* “приследователь”, *күл* “смеяться”, *күлдір* “рассмешить”, т.б. Кейбір сөздердің құрамындағы ерін

дауыстылардың ықпалы мен айтылуда у, я дыбысы айтылса да, жазылуда *ы* не *і* жазылады. Мысалы, *тұлғу* “лисица”, *тұлкүні* (айтылуда *тұлкүнүі*), *кямас* “серебро”, *күмү стің* (айтылуда *кү мүстүң*), т.б.

Хакас тілінде 24 дауыссыз дыбыс бар: *б, п, т, д, к, ғ, м, н, ң, с, з, й, х, ч, л, г, р, ф, в, ш, ж, щ, ц*. Бұлардан *в, ф, ц, щ, ж, ш* дыбыстары орыс тілінен, не орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерде қолданылатын кірме дыбыстар болып саналады. Жоғарыда көрсетілген дауыссыз дыбыстардың кездесу жиілігі бірдей емес. Мысалы, *б, д* дыбыстары сөз басында, сөз соңында қолданылмайды, тек сөз ортасында алынады, *г, й, ң* дыбыстары сөз басында келмейді. Ал *р, л* дыбыстары сөз соңында қолданылмайды, т.б.

Хакас тілінің өзіне тән сөз жасам жүйесі бар. Туынды түбір жасайтын жұрнақтар мыналар:

1) *-чы, -чі, -чи, -чи*. Есім сөздерге қосылып мамандықты білдіретін туынды түбір зат есім жасайды. Мағына жағынан қазақ тіліндегі *-шы, -ші* жұрнақтарымен тең түседі. Мысалы, *имчі* “врач” (*им* “лекарство”), *атығчы* “стрелок” (*атығ* “стрельба”), *палыхчы* “рыбак” (*палых* “рыба”). Аз кездессе де кейде етістіктерге де жалғанып, туынды түбір зат есім жасайды. Мысалы, *ургетчи* “учитель” (*ургет* “учить”), *тоғынчы* “работник” (*тоғын* “работать”), т.б.;

2) *-ым, -ім, -м*. Бұл қосымшалар етістіктерге жалғанып туынды түбірлі зат есім жасайды. Мысалы, *атлам* “шаг” (*атла* “шагать”), *тілім* “ломать” (*тіл* “резать тонкими слоями”), *артым* “порог” (*арт* “переваливать через край”), *чарым* “половина” (*чар* “делить”) т.б.;

3) Етістіктерден туынды түбір зат есім жасайтын жұрнақтар *-ығ, -іг, -ғ, -г* қосымшалары. Мысалы, *идіг* “дело” (*ит* “делать”), *чахыг* “казна, наказ” (*чахы* “наказывать”), *табығ* “выбор” (*тап* “находить”), *чардығ* “решение” (*чарат* “разрешение”), т.б.;

4) Зат есімнің *-ығ, -іг* қосымшаларымен омонимдес сын есімнің де сөз тудырушы жұрнағы бар. Олар етістіктерден туынды түбір сын есім жасайды да, мағына жағынан түбірдегі амал-әрекетпен байланысты сынды, қалыпты білдіреді. Мысалы, *ашығ* “кислый” (*ачы* “киснуть”), *арығ* “чистый” (*ары* “очищаться”), *пазығ* “спелый” (*пыс* “созревать”), т.б.;

5) Етістіктерден туынды түбір жасайтын қосымшалардың бірі — *-аң, -ең, -ң*. Бұл қосымша арқылы жасалған туынды түбір сын есімдердің мағынасында қимылдың сынын білдіретін мағыналық реңк болады. Мысалы, *чылбыраң* “гладкий” (*чылбыра* “скользить”), *ылбыраң* “дряблый” (*ылбыра* “дребнуть”), т.б.;

6) *-чах, -чех, -чах, -чех, -чых, -чік* қосымшасы да етістіктен туынды түбір сын есім жасайтын жұрнақтар болып саналады. Мысалы, *тарынчах* “сердитый” (*тарын* “сердиться”), *тартынчах* “упрямый” (*тартын* “натягивать на себя”), *унуутчах* “забывчивый” (*унут* “забывать”), т.б.;

7) Зат есімдерге қосылып туынды сын есім жасайтын жұрнақтардың бірі *-лығ, -ліг, -нығ, -ніг*. Бұл қосымша мағына жағынан қазіргі қазақ тіліндегі *-лы, -лі, -лық, -лік* қосымшаларымен сәйкес келеді. Мысалы, *аттығ* “имеющий лошадь” (*ат* “лошадь”), *тоннығ* “имеющий шубу” (*тон* “шуба”), *істенісігі* “трудова́й” (*істеніс* “работа”), т.б.;

8) Етістіктің өнімді сөз тудырушы жұрнағы *-ла, -ле, -на, -не, -та, -те*. Бұл қосымша есім сөздерге қосылып туынды түбір етістік жасайды да, мағынасы жағынан қазақ тіліндегі *-ла, -ле* қосымшаларымен сәйкес келеді. Мысалы, *пычахта* “ударить ножом” (*пычах* “нож”), *хамчыла* “бить бичем” (*хамчы* “быч, плетка”), *аңңа* “охотиться” (*аң* “зверь”), *ырла* “петь” (*ыр* “песня”), *ыста* “дымить” (*ыс* “дым”), т.б.

9) *-а, -е*. Бұл қосымша зат есімдерге, сын есімдерге, еліктеуіш сөздерге жалғанып, туынды түбір етістік жасайды. Мысалы, *сана* “считать” (*сан* “счет, число”), *хата* “умножить” (*хат* “слой”), *амыра* “стихать” (*амыр* “тихий”), *сағдыра* “звонить”, *тітіре* “мелко дрожить” т.б.

Хакас тілінде сегіз септік бар. Атау септігінің арнайы қосымшасы жоқ, зат есімнің түбір тұлғасына сәйкес келеді. Ілік септігі зат есімдерге *-ның, -нің, -тың, -тің* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *тура* “дом” — *тураның; сүт* “молоко” — *сүттің*, т.б. Барыс септігі зат есімдерге *-ға, -ге, -ха, -ке, -а, -е* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *хаңаа* “телега” — *хаңааға; хуу* “лебедь” — *хууға* т.б. Табыс септігі зат есімдерге *-ты, -ті, -ны, -ні* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *сана* “лыжи”

-сананы; *пур* “лист” – *пурні*, т.б. Жатыс септігі зат есімдерге *-да, -де, -та, -те* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *чазы* “степь” – *чазыда; иб* “юрта” – *ибде* т.б. Шығыс септігі зат есімдерге *-даң, -дең, -наң, -нең, -таң, -тең* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *чазы* “степь” – *чазыдаң, паба* “отец” – *пабанаң*, т.б. Бағыттық (направительный) септік зат есімдерге *-зар, -зер, -сар, -сер* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *чар* “берег” – *чарзар, иб* “юрта” – *ибзер* т.б. Құралдық (орудный) септік зат есімдерге *-наң, -нең* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *арғызынаң тоғасты* “встретился с товарищем”, *таснаң тастаан* “бросал камнем”, *синнең чоохтазарға* “разговаривать с собой”, т.б.

Хакас тілінде етістіктер үш шақта қолданылады. Етістіктің өткен шағы мына грамматикалық формалар арқылы беріледі: 1) *-ды, -ді, -ты, -ті: ойнады* “он играл”, *килді* “он пришел”, т.б.; 2) *-ған, -ген, -хан, -ке, -ан, -ен: сыйлаан (сыйла-ған)* “дарил”, *изерлеен (изерле-ген)* “сделал”, *кискен* “резал”, *пилбеен (пилбе-ген)* “не знал”, т.б.; 3) *-чаң, -чең, -ча, -че, -ча, -че: ылачам* “я пел”, *синечен* “он измерял”, т.б.; 4) *-ып, -іп, -п* көсемше формалы етістікке *-чатхан, -яеткен* қосымшасын қосу арқылы, не *-ып, -іп* қосымшасы ықшамдалып тікелей түбірге *-чатхан, -четкен* қосымшаларын тікелей түбірге қосу арқылы жасалады: *узупчатхан* “я тогда спал”, *апсах кулчеткен* “старик смеялся (тогда)” т.б.; 5) *-тыр, -тір, -ыптыр, -іптір, -птер, -іптер, -ыптер* т.б.: *аттыр* “(он) стрелял”, *кортір* “(он) видел”, *узуптып* “(он) спал (оказывается)”, т.б.; 6) *-ғалах, -гелек, -халак, -келек, -алах, -елек: ойнаалахтын* “я не играл”, *суғ тоңалах* “вода не замерзала”, т.б.; 7) *-чых, -чік, -чых, -чік: саначых* “считал”, *атчых* “стрелял”, т.б. Бұдан басқа өткен шақ аналитикалық формалар арқылы да беріледі. Етістіктің осы шағы мына қосымшалар арқылы жасалады: 1) *-ча, -че, -чадыр, -чедір: чайнанча* “(он) жует”, *алча* “(он) берет”, т.б.; 2) *-дыр, -дир: санидир (сана-дир)* “считает (обычно)”, *табадыр* “(он) находит (обычно)”, т.б.; 3) *бар, кел (пар, кил)* сөздері осы шақтық мағынаны *-ир* қосымшасын қабылдап барып та білдіреді; 4) *одыр, тур, чор* қалып етістіктері аналитикалық форманың құрамында келіп те осы шақтық мағынада қолданады. Етістіктің келер шағы мына қосымшалар арқылы жасалады: 1) *-ар, -ер:*

пара кізі “человек, который пойдёт”, *ойнар оол* “юноша, который будет играть”, т.б.; 2) *-чаң пол* аналитикалық формасы ар-қылы: *ол таңда парчаң полар* “наверно, он завтра поедет”, т.б.

Әдебиеттер:

1. Грамматика хакасского языка. М., 1975.
2. Языки народов СССР. Т. II. М., 1966.
3. Дмитриев Н.К., Исхаков Ф.Г. Вопросы изучения хакасского языка и его диалекты. Абакан, 1954.
4. Хакасско-русский словарь. М., 1953.
5. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ТУВА ТІЛІ

Тува тілі тува халқының (олар өздерін сөйлеу тілдерінде “*тыва*” “*кижи*”, “*тувалар*” деп атаса, әдебиеттерде “*урианхайлар*”, “*сойоттар*”, “*сойондар*”, “*тану-тувалар*” деп те атайды) ұлттық, жазба және тува елінің мемлекеттік тілі болып саналады. Тува халқы, негізінен, Тува жерінде (жалпы саны – 206924) және шағын тобы шет елдерде (26 мыңға жуық) жасайды. Тува халқының көне тарихы Орхон-Енисей жазу ескерткіштерін қалдырған түркі тайпаларымен байланысып жатады. Олардың халық ретінде қалыптасуына түрлі халықтардың (самодилердің, жоңғар қалмақтарының, т.б.) ықпалы болғандығы анық. Ұзақ уақыт бойына Алтай, Саян тауларының айналасында көшіп-қонып жүріп, солтүстігі Мунисин ойпаты мен Обь өзенінің жоғарғы ағымына, оңтүстігі Бүктарма, Ертіс өзеніне дейінгі аумақты мекендеген. Этникалық жағынан олар бірнеше рулар мен тайпалардан тұрады. Мысалы, *аба*, *теле*, *ұйғыр*, *паегу*, *тас (таз)*, *иургит*, *соян*, *чоду*, *сарыг*, *телек*, *байсара*, *қырғыз*, *хал*, *олет*, *балықчы*, *хертек*, *кускун*, *мунгат*, *шагай*, т.б. Олардың құрамында ұйғыр, қырғыз руларының болуы тува халқының құрамында көне қырғыздар мен ұйғырлардың болғандығынан хабар беретін дәлел ғана. Ал *соян (сойон)*, *мады*, *ооржак*, *кужит*, *тоджи*, *карзал*, *чооду*, *иркит*, *тодот* сияқты ру, ру бірлестіктері XVII ғасырдағы орыс саяхатшыларының жазбаларында кездеседі. *Монгуш*, *тонгок*, *тумат*, *салчак*, *тоджи* этнонимдері XII ғасырларға тиісті жазба ескерткіштерден белгілі.

Тува халқының тарихы, этнографиясы, тілі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жан-жақты зерттеле бастады.

Сондай құнды зерттеудің бірі Н.Ф.Катановтың “Опыт исследования урянхайского языка с указанием главнейших родственных отношений его к другим языкам тюркского корня” (Казань, 1903) деген еңбегі болып саналады. Н.Ф.Катановтан бұрын тува тілінің материалын жинап жариялаған, өзінің зерттеулеріне пайдаланған В.В.Радлов болатын. Кеңес дәуірінде тува тілін зерттеп, пікір айтқан тілшілерден М.Д.Биче-оол, Ф.Г.Исхаков, Н.А.Баскаков, А.Ч.Кунаа, Д.А.Монгуш, Ш.Ч.Сат, т.б. көрсетуге болады.

Тува тілі көне түркі элементтерін көп сақтаған. Сонымен бірге олар көптеген халықтармен қарым-қатынаста болып, географиялық жағдайы мен этникалық құрамының күрделілігіне қарай бірнеше диалектіге бөлінеді. Қазіргі кезде туваларда 4 диалектілік зона бар деп есептеледі. 1) *Орталық зона*. Бұл диалекті әдеби тіл нормасына негіз болған; 2) *Батыс зона* немесе батыс диалектісі; 3) *Солтүстік батыс зона* немесе тоджин диалектісі; 4) *Оңтүстік шығыс зона*.

Казан төңкерісіне дейін тувалардың жазуы болмаған. 1921 жылы Тува Халық Республикасы орнағаннан кейін төл өліпби жасауға әрекет басталады. 1927 жылы орыс және латын өліпбиі негізінде тува өліпбиінің жобасы жарияланады. 1944 жылдан бастап орыс өліпбиі негізінде жасалған тува жазуына көшеді. Қазіргі тува өліпбиінің негізінде 36 әріп бар: *а, б, в, г, д, е, ө, ж, з, и, й, к, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ү, ф, х, ц, ч, щ, ь, ы, э, ю, я, ш*. Дыбыс жүйесі жағынан тува тілі басқа түркі тілдерінен бөлектеніп жататын ерекшелігі бар. Мысалы, тува тілінде дауысты дыбыстар созылыңқы, қысқа және көмей (фингализованный) дауыстылары болып үшке бөлінеді. Кейбір түркі тілдерінде дауысты дыбыстың созылыңқы, қысқа болуы, ал көмей дауысты дыбыстарының кездесуі — тува тілінің өзіне ғана тән ерекшелік. Қысқа дауысты дыбыстар сегіз: *а, э(е), о, ө, у, ү, ы, и*. Бұлар айтылу жағынан да, жазылу жағынан да (*и* мен *э*-ден басқалары) басқа түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардан айырмашылығы болмайды. *Э* дыбысын түрлі ғалымдар түрліше анықтап, түрлі таңбалармен таңбалап келген. Жалпы *э* дыбысы — тіл алды, ауыздың орта қалыпта ашылуынан жасалатын дыбыс. Н.Ф.Катанов бұл дыбысты *д* әрпімен белгілеген, басқа

түркі тілдеріндегі *ə* дыбысымен тең деп есептеген. Тува тіліндегі *э* мен басқа түркі тілдеріндегі *ə* дыбысының айырмашылығы – соңғы дыбыс мейлінше ашық дауысты дыбыс. Тува тіліндегі *и* дыбысы қазақ тіліндегі *і* дыбысымен сәкес келеді.

Көмей дауысты дыбысының бар екендігі Қазан төңкерісінен кейін ғана анықталды. Көмей дауысты дыбыстары екпін түскенде созылыққы дауысты дыбыстар сияқты айтылады да, солай жазылып жүрген. Ал екпінсіз айтылған кезде қысқа дауысты дыбыстардай айтылып, жазылу да қысқа дауыссыздардай жазылып жүрген. 1937 жылы О.К.Саган-оол көмей дауысты дыбыстарын басқа дыбыстардан ажыратып, *h* әрпін қоса жазу принципін ұсынады. Мысалы, *pahs* (*pas* орнына) “бас”, *pahzъ* (*paazъ*) “оның басы”, т.б. Қазіргі тува әліпбиі бойынша көмей дауысты дыбысы *ə* әрпін қосып жазу арқылы белгіленеді. Олар мынадай сөздерде ғана кездеседі: *əьт* “лошадь”, *эьт* “мясо”, *əьт* “трава”, *каьт* “ряд, этаж”, *чаьс* “дождь”, *чуьк* “груз”, *чоьп* “гуша”, *дуьш* “полдень”, *аьш* “пицца”, т.б. Тува тілінде сегіз созылыққы дауысты дыбыс бар: *aa(a)*, *ээ(э)*, *oo(o)*, *өө(ө)*, *уу(y)*, *(үү)ү*, *ыы(ы)*, *ии(и)*. Көмей дауысты дыбыстарынан айырмашылығы бұлар сөздің барлық буындарында қолданыла береді. Мысалы, *аас* “рот”, *хаан* (хан), *ээр* “возвращаться”, т.б.

Тува тілінде 22 дауыссыз дыбыс бар. Бұлардан тек *ф, ц, щ* дыбыстары орыс тілінен енген кірме сөздерде қолданылады, басқалары тува тілінің төл дыбыстары болып саналады, сол тілдің заңдылығына бағынады. Тува тіліндегі дауыссыздар *күшти* (*п, т, с, ш, х*) және *күшсіз* (*п/б/в, т/д, с/з, ш/ж, к/г, ф/в*) болып екіге бөлінеді. Күшсіз дыбыстар *қатаң* және *ұяң* болып екіге бөлінеді. Қатаңдар: *п, т, с, ш, к, ф* болса, ұяңдарға: *б, д, з, ж, г, в* дыбыстары енеді. Дауыссыздардың күшті, күшсіз болуы фонемалық қасиетке ие.

Дауысты дыбыстармен байланысты сингармонизм заңдылығы сақталған, олар дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелігіне және еріндік, езулік белгісіне қарай бағынады. Демек сөздің бірінші буыны жуан болса, одан кейінгі буындары да жуан, жіңішке болса, жіңішке болады. Сонымен

бірге түбірге қосылатын қосымшалар да түбірдің соңғы буынының жуан не жіңішкелігіне байланысты жуан, не жіңішке болып қосылады. Тува тіліндегі қосымшалардың бірнеше нұсқасы болуы осыдан. Мысалы, *-лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер, -нар, -нер, -ға, -ге, -ка, -ке*, т.б.

Дауысты дыбыстар аралығында ерін, езу үндестігі де сақталған. Яғни түбірдің бірінші буынында ерін дауысты дыбысы қолданылса, қалған буындарында да ерін дауысты дыбыстары, қосымшаларда да ерін дауысты дыбыстары қолданылады. Бірақ тува тілінде ерін үндестігі барлық кезде де сақтала бермейді. Мысалы, ашық дауысты дыбыстар ерін үндестігіне бағынбайды: *аьтты, эьтти, өттү, оьтту*, т.б.

Тува тілінде жеті септік бар. Атау септігінің арнайы қосымшасы жоқ. Ілік септігінің қосымшасы *-ның, -ниң, -дың, -диң, -тың, -тиң*. Барыс септігі түбірге *-га, -ге, -ка, -ке* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Табыс септігінің қосымшасы *-ны, -ни, -ды, -ди, -ты, -ти, -ну, -нү, -ду, -дү, -ту, -тү*. Жатыс септігінің қосымшасы *-да, -де, -та, -те* болса, шығыс септігінің қосымшасы *-дан, -ден, -тан, -тен*. Тува тіліндегі жетінші септік — *бағыттық септік*. Ол есім сөздерге *-ча, -же* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Бағыттық септіктің екінші қосымшасы *-тыва, -тиве, -дыва, -диве, -тува, -түбе, -дува, -дүбе*.

Тува тіліндегі туынды түбірлер мынадай жұрнақтардың көмегі арқылы жасалады:

1) Зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтары мыналар: 1) *-г, -иг, -ыг, -уг, -үг* (билиг “знание”, айтырыг “вопрос”); 2) *-к, -ык, -ик, -ук, -үк* (дежик “дыра”, бөлүк “группа”); 3) *-чы, -чи, -чу, -чү, -жу, -жү* (аалчы “гость”, аңчы “охотник”); 4) *-кчы, -кчи, -кчу, -кчү* (алыкчы “получатель”, башкарыкчы “водитель”); 5) *-ыш, -иш, -уш, -үш, -ш* (көрүш “взглядь”, таныш “знакомый”); 6) *-ышкын, -ишкин, -ушкун, -үшкүн, -ыышкын, -иишкин, -уушкун, -үүшкүн* (аңнаашкын “охотничий”, эмнээшкын “лечение”); 7) *-кы, -ки, -гы, -ги, -гу, -гү* (чылыткы “теплица”, аскы “вешалка”); 8) *-кыыш, -кииш, -гыыш, -гииш, -кууш, -күүш* (былғагыыш “мешалка”, чулууш “бритва”), т.б.;

2) Сын есімнің сөз тудырушы жұрнақтары мыналар: 1) *-ыг, -иг, -уг, -үг* (*арыг* “чистый”, *чылыг* “теплый”); 2) *-ык, -ик, -ук, -үк* (*чымак* “мягкий”, *соок* “холодный”); 3) *-лыг, -лиг, -лыыг, -леег, -нуг, -нүк, -дык, -дик* (*доглыг* “гористый”, *сүттүк* “молочный”); 4) *-сыг, -сиг, -сыыг, -сииг, -суг, -сүг, -зык, -зиг* (*дуссуг* “соленоватый”, *дашыг* “похожий на камень”); 5) *-чак, -чек* (*дыгылчак* “плотно набитый”, *катталчак* “слоистый”); 6) *-кыр, -кир, -кыыр, -киир, -гыр, -гир, -гыыр, -гиир* (*дылгыр* “красноречивый”, *сүткур* “дающий много молоко”); 7) *-аачал, -ыычал, -уучал, -ээчел, -иичел, -ычал, -учал, -эчел* (*дөңуучал* “легко замерзающий”, *акыычал* “текучий”) т.б.;

3) Етістіктің сөз тудырушы жұрнақтары: 1) *-ла, -ле, -на, -не, -да, -де, -та, -те* (*арла* “петь”, *аңна* “охотиться”); 2) *-а, -е* (*ата* “именовать”, *орна* “менять местами”); 3) *-ар, -ер, -р* (*кыйгыр* “звать”, *агар* “белеть”); 4) *-ра, -ре* (*сулара* “ослабевать”, *калачара* “беситься”); 5) *-кар, -кер, -гар, -гер* (*ачкар* “кормить”, *хепкер* “одевать”); 6) *-шы, -ши, -жы, -жи, -зы, -зи, -чы, -чи, -шу, -шү, -зу, -зү* (*үрежи* “пладиться”, *алдаржы* “славиться”); 7) *-ик, -ык, -ук, -үк* (*бирик* “соединиться”, *чолук* “встречаться”), т.б.

Етістіктің грамматикалық категорияларының ішінде ерекшеленіп жататыны есімше мен көсемшелер. Тува тіліндегі есімшелер мына жұрнақтар арқылы жасалады: 1) *-кан, -кен, -ган, -ген, -ан, -ен* (*каскан* “выкопавший”, *бодаан* “думавший”); 2) *-ар, -эр, -ур, -үр, -ир, -ыр, -р* (*эмнээр* “тот, кто будет лешить”, *атар* “тот, кто будет стрелять”); 3) *-калак, -келек, -галак, -гелек, -аалак, -ээлэк* (*кескелек* “тот, кто еще не отрезал”, *илкелек* “тот, кто еще не пил”); 4) *-ыган, -иген, -уган, -үген* (*үнүген* “быстро растущий”, *көрүген* “хорошо видящий”); 5) *-ачы, -ыычы, -эчи, -ээчи* (*бижээчи* “постоянно пишуший”, *хондулээчи* “(всегда) уважающий”); 6) *-кчы, -ыкчы, -икчи, -укчу, -үкчү* (*ажылдакчы* “работающий”, *намукчу* “читающий”), т.б.

Көсемшелер мына қосымшалардың көмегімен жасалады: 1) *-ып, -ип, -уп, -үп, -п* (*бадап* “продумав”, *эгелеп* “начиная”); 2) *-а, -э(е), -й* (*бара* “идя”, *келе* “приходя”); 3) *-каш, -кеш, -гаш, -геш* (*алгаш* “взяв”, *хуваагаш* “разделив”); 4) *-пышаан, -пишаан, -пушаан, -пүшаан, -бышаан, -вышаан* (*албышаан* “беря”, *бадавышаан* “думая”); 5) *-кала, -келе, -гала, -геле* (*каскала*

“с тех пор, как выкапал”, *туткада* “с тех пор, как схватил”); б) *-пайн, -пейн, -байн, -бейн, -майын, -мейн (олурбайн “не сидя”, сагынмайн “не вспоминая”)*, т.б.

Әдебиеттер:

1. Исхахов Ф.Г., Пальмбах А.А. Грамматика тувинского языка. М., 1961.
2. Языки народов ССР. Т. II. М., 1966.
3. Орзу К.Х. Тыва дыл. Кызыл, 1960.
4. Тувинско-русский словарь. М., 1955.
5. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ТОФАЛАР ТІЛІ

Тофалар – Сібірде көшпелі өмір сүріп, мал шаруашылығымен кәсіп қылатын түркі тектес тайпалардың бірі. Олардың көшіп-қонып жүретін жері – Саян тауының солтүстік шығысы, Уды, Бирюса, Гутары, Ии өзенінің жоғарғы ағымы болып саналады. Олар өздерін *тофа, тына, тыфа* деп атайды да, өздерінің ата тегін ертедегі қытай жылнамаларында кездесетін *дубе* тайпаларымен байланыстырады. Бұл этноним қазір *тофа, тыва* (тува) және алтайлардың ішіндегі *тубасар* (туба кижі) сияқты этноним атауларға негіз болған. Тофалардың саны көп емес, 1959 жылғы санақ бойынша 560 адам. Ал 1978 жылғы мәлімет бойынша 800-ге жуық. Тофалар туралы алғашқы мәлімет П.С.Палес, М.Кастерн, И.Г.Георги, Н.Ф.Катанов, В.В.Радловтардың еңбектерінде берілген. Кеңес дәуірінде олар туралы еңбек жазған ғалымдар Н.П.Дыренкова, В.И.Рассадин, т.б. Ғылыми еңбектерде, кейде, тофалар тілін “*тофалар тілі*” деумен бірге “*қарағас тілі*” деп атау да бар.

Тофалардың төл әліпбиі жоқ, олардың әдеби тілі орыс тілі болып саналады. Тофалар тілін екі диалектіге бөлуге болады. Олардың бір-бірінен айырмашылығы – фонетика мен лексикасында ғана. В.И.Рассадин тофалар тіліндегі дыбыс жүйесін беру үшін мынадай таңбалар қолданған: *а, б, в, г, д, е, ө, ж, з, и, й, к, л, м, н, о, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, щ, ь, ы, ь, э, ю, я*. Тофалар тілінің өзіндік дыбыстарын белгілеу үшін *h, ң, ө, ү, ә, і* таңбаларын алған. Дауысты дыбыстары жуан және жіңішке, еріндік және езулік, ашық

және қысаң болып бөлінумен бірге қысқа және созылыңқы болып та бөлінеді. Мысалы, *ас* “заблудись”, *аас* “рот”, *ыт* “отправ”, *ыыт* “звук, голос”, т.б.

Тофалар тілінде көптік жалғауы екі түрлі: 1) *-лар, -лер, -нар, -нер, -тар, -тэр*; 2) *-(ы)лышкы*. Мысалы, *төрүшкеннэр* “братья” (*төрүшкен* “родившийся вместе”), *нииттэр* “молодежь” (*ниит* “молодой”), *актар* “белые” (*ак* “белый”), *аьһалышкы* “старшие братья” (*аьһа* “старший брат”), *уболышкы* “старшие сестры” (*уба* “старшая сестра”), т.б. Зат есімнің жіктелу жүйесі түркі тілдеріндегі көне жіктелу үлгісін сақтап, жіктеу есімдігі жіктелетін сөзден кейін де қолданылады. Мысалы, *Мен аңшы мен, сен аңшы сен, ол аңшы; бис аңшы бис/ аңшылар бис, сілер аңшылар сілер, оларың аңшылар*, т.б. Тофалар тілінде жеті септік жалғауы бар. Қазақ тілінен өзгеше бір септік ретінде бөлшектік (частный) септігі бар да, оның грамматикалық формасы, жатыс септігі сияқты: *-да, -де, -та, -тэ, -да, -дэ*. Бұл септік амал-әрекеттің белгілі бір затты толық қамтымай, оның белгілі бір бөлшегін ғана қамтитындығын ғана білдіреді. Мысалы, тофалар тілінде *шайдан іш* (яғни белгілі бір бөлшегін) деудің орнына *шөйда ишивит* дейді. Судан өкел дегенде *сугда һал*, *наннан бер* дегенде *һлямэда һан*, т.б. дейді.

Тофалар тілінде туынды түбір сөз тудыратын мынадай жұрнақтар бар:

1. Есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар: 1) *-чы, -чі: балыкшы* “рыбак”, *аңшы* “охотник”, *аьттаршы* “коневод”, т.б.; 2) *-лык, -лік, -нык, -ник, -тык, -тік: черлік* “жизнь” (*чер* “земля”), *дүштүк* “полуденное время” (*дүш* “полдень”), *оттук* “огниво” (*от* “огонь”), т.б.; 3) *-ак, -ек: тонак* “одежда” (*тон* “верхняя одежда”), *мойнок* “накидка” (*моэн* “шея”), т.б.; 4) *-ыңғы, -ңғы: алаңғы* “проталина” (*ала* “пеги”), *қараңғы* “темнота” (*кара* “черный”);

2. Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар: 1) *-аашкын, -әәшкін: чишкін* “пища” (*чи* “есть, кушать”), *түүшкүн* “узел” (*түг* “завязывать узел”); 2) *-гшы, -гші, -гшу, -гшү: аьштыгшы* “чистильщик” (*аьшта* “чистить”), *билигші* “знаток” (*бил* “знать”), т.б.; 3) *-(н)чжыг, -(н)чжиг: коьрһуньчжук* “состояние страха” (*коьрһ* “бояться”),

өөрүннчжүг “радость” (өөр “радоваться”), т.б.; 4) -кы, -кі, -гы, -гі: ачжыткы “дрожжи” (ачжыт “заквасить”), илгі “булавка” (ил “проколоть”), т.б.; 5) -аң, -ең, -ың, -ің, -ң: ирин “гной” (ири “гнить”), чылбан “подлиза” (чылба “подлизаться”), т.б.;

3. Сын есімнің сөз тудыратын жұрнақтары: 1) -лыг, -ліг, -ныг, -ніг: овктуг боо “заряженное ружье”, сүттүг шэй “чай с молоком”; 2) -шы, -ші: каракшы “зоркий”, ыракшы “редкий”, т.б.; 3) -кы, -кі, -гы, -гі: соңғу “последний”, кышкы һодан “зимний заяц”, т.б.; 4) -ыг, -іг, -г: ажыг “кислый”, арыг “чистый”, т.б.; 5) -ык, -ік, -к: аксак “храмой”, аһник “открытый”, кагык “смешанный”, т.б.; 6) -аган, -эгэн: аарыган “часто болеющий”, төлеген “аккуратно платящий”, т.б.; 7) -гак, -гек: тайгак “скользящий”, кескек “непоседливый”, т.б.

4. Етістіктің сөз тудырушы жұрнақтары: 1) -ла, -ле, -та, -тэ: аалда “гостить” (аал “аул, село”), кышта “зимовать”, дойла “праздновать свадьбу” (дой/той “свадебный пир”), т.б.; 2) -лан, -лен, -тан: өглен “жениться” (өг “дом”), чаглан “ожиреть” (чаг “жир”), т.б.; 3) -шыла, -шіле: сүтшіле “просить молоко”, мөңгүншіле “просить деньги” (мөңгун “деньги”); 4) -а, -е, -ы, -і, -у: изе “делать след, оставлять след” (ис “след”), орна “замещать” (орун “место”), т.б.; 5) -ык, -ік, -ук, -ук: чалук “встретиться на пути” (чол “дорога”), бирик “объединяться” (бир “один”) т.б.

Сын есімнің шырайлары мына жолдармен беріледі. Салыстырмалы шырайдың жұрнақтары: -сыг, -сіг, -сын, -сынғы, -сіңгі: сарыгсыг, сарыгсым, сарыгсыңгы “желтоватый”; йьсигсіг, йьсигсің, йьсигсім, йьсигсіңгі “слегка горячий, чуть горячий”; шалаа, шала, бичинге сөздерінің тіркесуі арқылы да салыстырмалы шырай мағынасын білдіруге болады. Күшейтпелі шырай түбірдің құрамындағы дауысты дыбыстардың созылыңқы айтылуы арқылы (узун “длинный”, узоон “очень длинный”, чылыг “теплый”, чылээг “очень теплый”), ода “очень”, корһуньчжук “очень”, ачжыры “черечур” т.б. сөздер арқылы (чжыг сосур “совсем теплый”, оода улуг “очень большой”, наьк доң “совсем мерзлый”) және сөздердің қосарлануы арқылы (куп-куу “очень

бледный”, *кып-кызыл* “очень красный”, *няя-няя өглер* “совсем новые дома”) беріледі. Асырмалы шырай *эң, дам* сөздерінің көмегі арқылы беріледі (*дам биче, эң биче* “самый маленький”, *эң үстү* “самый высший”). Кейде күрделі сын есімнің біреуі шығыс септігінде, екіншісі атау септігінде (*бичедэн биче* “самый маленький”, *күштүгдэн күштүг* “самый сильный”), не сан есімдердің изафеттік тіркеске енуі арқылы (*улуғниң улуу* “самый большой”, *эккінің эккісі* “самый хороший”) беріледі.

Ондық сан есімдер өздерінің көне формасын сақтап он сөзін қосып қолданылады. Мысалы, *иъһон, үчжон, дөртөн, бечжон, альтон, чедон, чезһезон, тоъһозон*, т.б. Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге *-(ы)шкы, -(и)шки, не -(и)шкии, -(ы)шкин* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *бірөөшки/бірөөшкии* “первый”, *иъһишки/иъһишкии* “второй”, т.б. Жинақтау сан есімдері есептік сандарға *-аан, -өөн, -аалын, -ээлін* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *иъһөөн/иъһөөлін* “вдвоем, двое”, *учжөөн/учжөөлін* “втроем, трое”, т.б. Топтау сан есімдері 1) *-ар, -ер* (*бірер* “по одному”, *чеділер* “по семь”); 2) *-арны, -ерні* (*бірерні* “по одному”, *дөртэрні* “по четыре”); 3) *-арлан, -ерлен* (*бірерлен* “по одному”, *аътыларлан* “по шести”) қосымшалары арқылы жасалады, т.б.

Әдебиеттер:

1. *Дыренкова Н.П.* Тофаларский язык. – Тюркологические исследования. М.-Л., 1963.

2. *Рассадин В.И.* Фонетика и лексика тофаларского языка. Улан-Удэ, 1971.

3. *Рассадин В.И.* Морфология тофаларского языка в сравнительном освещении. М., 1978.

4. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ШОР ТІЛІ

Шор тілі Алтай тауының солтүстігі, Кондом және Марассы өзендерінің жағасында жасайтын, Хаккас және Таулы Алтай автономиялық облыстарымен шектесіп жататын шорлардың тілі болып саналады. Шорлардың жалпы саны – 16572. Шор халқының тілі, әдебиеті және тарихы толық

зерттелмеген. Шор тілін зерттеп, еңбек жазған ғалымдар мыналар: В.В.Радлов, С.Е.Малов, В.И.Вербицкий, Н.П.Дыренкова, Г.Ф.Бабушкин, Г.И.Донизде, т.б.

Шор тілінің құрамында екі диалекті бар. Оның біреуі *з/с* (*z*) немесе марасс диалектісі де, екіншісі *й* немесе кондом диалектісі. Бұл екі диалектінің арасында мынадай айырмашылықтар бар: 1) марасс диалектісіндегі *з/с* дыбыстарына кондом диалектісінде *й* дыбысы сәйкес келеді. Мысалы, *мизяк* – *пийик* “высокий”, *кес* – *кий* “надевать”; 2) марасс диалектісіндегі *о*, *у* дыбысына кондом диалектісінде *ы*, *о* дыбыстары сәйкес келуі мүмкін. Мысалы, *аара* – *ары* “туда”, *кузурук* – *койрук* “хвост”, т.б.; 3) марасс диалектісіндегі есімшенің *чаган* қосымшасына кондом диалектісіндегі *чыган* қосымшасы сәйкес келеді. Мысалы, *парчаган* – *парчыган/парчын* “отправляющий”, т.б.

Шор тілінде сегіз қысқа, сегіз созылыңқы дауысты дыбыс бар: *а, э(е), о, ө, у, я, ы, и, аа, ээ(ее), оо, өө, уу, яя, ыы, ии*. 25 дауыссыз дыбыс бар: *б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, р, с, т, ф, х, ч, ш, щ, ц, ч, п*. Дауысты дыбыстар сөз құрамында және қосымша мен түбір аралығында, қосымша мен қосымша аралығында сингармонизм заңдылығы бойынша не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болады. Мысалы, *апшақ* “медведь”, *ыбырт* “черемуха”, *агашты* “на дереве”, *абылды* “мотыгу”, т.б. Ерін үндестігі толық сақталмаған, тек қысаң дауыстылар ғана ерін үндестігін сақтайды. Мысалы, *торгук* “соловей”, *одус* “тридцать”, т.б. Бұл заңдылық түбір құрамында сақталады, қосымшаларда әлсіз.

Шор тілінде туынды түбір жасайтын жұрнақтар мыналар:

1. Зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтары: 1) *-чы, -чи*: *аңчы* “охтоник”, *аймақчы* “гость”; 2) *-тык, -тик, -тук, -тяк*: *тцштык* “передник”, *паштык* “колос”; 3) *-таш, -теш, -даш, -деш*: *чалдаш* “спутник”, *карындаш* “брат”; 4) *-ыг, -иг, -г*: *кежиг* “переправа”, *садыг* “торговля”; 5) *-ыш, -иш, -иш*: *таныш* “знакомый”, *шыдаш* “терпение”; 6) *-қы, -ки, -қу, -кя*: *шапқы* “капкан”, *эшки* “весло”, т.б.;

2. Сын есімнің сөз тудыратын жұрнақтары: 1) *-лығ, -лиғ, -дуг, -дяг*: *көштяг* “сильный”, *маллыг* “имеющий скот”; 2) *-кы, -ки*: *эртенги* “утренний”, *қышқы* “зимний”; 3) *-тагы,*

-тегі: *чыштагы* (*кижи*) “таежный (человек)”, *тагдагы* “находящиеся на горе”; 4) *-атчы, -етчи, -аатчы: ылгатчы/ылгаачы* (*пала*) “ребенок, склонный такать” т.б.;

3. Етістіктің сөз тудыратын жұрнақтары: 1) *-ла, -ле: тоола* “считать”, *анла* “охотится”; 2) *-а, -е: ада* “называть”, *туза* “солить”; 3) *-ар, -ер: агар* “болеть”, *когер* “синеть” т.б. 4) *-сын, -син: чопсун* “согласиться”, *ассын* “уменьшить”; 5) *-сыра, -сире: шансыра* “быть воинственным”, *чоксыра* “беднеть”, т.б.

Шор тілінде жеті септік бар. Атау септігінің арнайы қосымшасы жоқ. Ілік септігінің қосымшасы *-тың, -тиң*. Барыс септігінің қосымшасы *-га, -ге*. Табыс септігінің қосымшасы *-ны, -ні*. Жатыс септігінің қосымшасы *-да, -де*. Шығыс септігінің қосымшасы *-наң, -нең*. Құралдық (орудный) септігінің қосымшасы *-ба, -бе*. Мысалы, *көл “озеро”, көллиң, көлге, көлди, көлдең, көлбе* т.б.

Етістіктің үш шағы қолданылады. Өткен шақтың мынадай қосымшалары бар: 1) *-ды, -ди, -ты, -ти: шықтым* “я вышел”, *полдың* “ты был”; 2) *-кан, -кен: полгам* (*полғаным*) “я был”, *полганзың* “ты был”; 3) *-ыптыр, -птир: ойнаптырым* “я играл, оказывается”; 4) *-чаң, -чең: полчаңым* “я бывал обычно”, *келчеңим* “я приходил обычно”; 5) *-пчыткан: иштепчыткан* “я работал”, *чаччытканмыс* “мы лежали”, т.б. Осы шақ мынадай қосымшаларға ие: 1) *-ча, -пча: тоолапча* “считаю”, *суранчаң* “ты спрашиваешь”, *ургенчам* “я учусь”; 2) көсемшенің *-а, -е* формасына *-дыр, -дир* қосымшасын қосу арқылы: *чоредир бис* “ходим”, *намадыр* “возвращается”, т.б.; 3) көсемшенің *-ып, -ип, -п* қосымшалы етістікке *-чаттыр* қосымшасын қосу арқылы: *турчаттырым* “оказываются стою” т.б. Келер шақтың мынадай қосымшалары бар: 1) *-ар, -ер, -мас, -мес: айдарым* “буду говорить”, *айтмассың* “не будешь говорить”, т.б.; 2) *-кадыг, -кедиг: келгедик* “наверное придут”, *паргедыгым* “может быть поеду”, т.б.

Әдебиеттер:

1. *Дыренкова Н.П.* Грамматика шорского языка. М.-Л., 1941.
2. *Дыренкова Н.П.* Шорский фольклор. М.-Л., 1940.
3. Языки народов СССР. Т. II. М., 1966.
4. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

САРЫ ҰЙҒЫР ТІЛІ

Қытайда жасайтын түркі тілдес халықтардың бірі сары ұйғырлар болып саналады. Сары ұйғырлардың барлығы бірдей түркі тілінде сөйлей бермейді. Бір топ сары ұйғырлар тибет тілінде (500-дей адам), екінші бір тобы монғол тілінде (1500-дей), үшінші бір тобы түркі тілінде (2000-дай) сөйлейді. Олардың түркі тілінде сөйлейтіндерін *сары ұйғыр*, тибет (қытай) тілінде сөйлейтіндерін *тат*, монғол тілінде сөйлейтіндерін *шира ұйғыр* деп атайды. Сары ұйғырлардың ата тегі көне ұйғырлар болып саналады. 840 жылы Ұйғыр қағанатын қырғыздар жаулап алғанда олар өз ата жұртын (қазіргі Монғолия мен Тува) тастап, Турфан ойпатына, Ганьсуға көшіп кетеді.

Сары ұйғырлардың тілін, әдебиетін, этнографиясын Г.Н.Потанин, Г.Манергейм, С.Е.Малов, К.Томсен, Э.Р.Тенишев, В.Л.Котвич, Б.Х.Тодаевалар зерттеген. Сары ұйғырлардың төл жазуы жоқ. Олардың көне ұйғыр жазуын пайдаланған, пайдаланбағандығынан да дерек жоқ. Тек сары ұйғырлар арасынан “*Алтын ярлуқ*” және будда дініне байланысты көне ұйғыр жазуларымен жазылған жазба ескерткіштер табылған. Будда дінінің күшеюімен тибет жазуының ықпалы да күшейеді де, көне ұйғыр жазуын ығыстырып шығарған болу керек деген болжам бар. Қазіргі сары ұйғырлар (үш тобы да) өзара қытай тілінде сөйлеседі.

Сары ұйғыр тілінде сегіз дауысты (*а, е, ы, і, о, о, у, у*), отыз үш дауыссыз дыбыс бар. Басқа түркі тілдерінде сақталған сингармонизм заңдылығы бұл тілде сақталмаған, бұзылған.

Сары ұйғыр тілінде туынды түбір сөздер мына жұрнақтар арқылы жасалады: 1. Зат есім жасайтын жұрнақтар: 1) *-тшы, -тші: йыршы “певец”, потшы “стрелок”*; 2) *-тык, -тік: астык “пиршество”, т.б.*; 3) *-гу, -ку: кезку “одежда”, ішку “напиток” т.б.*; 4) *-ук, -уг: путуг “письмо”, йулуг “мертвый”, т.б.*; 5) *-гак, -каг: оргак “серп”, таргак “гребешок”, т.б.*

2. Сын есімнің сөз тудырушы жұрнақтары: 1) *-лығ, -ліг: йавталығ “имеющий работу”, кезгылығ “имеющий одежду”, т.б.*; 2) *-нығ, -ніг: нес тшыңнығ “имеющий пять цзии”, олтунніг “золотой”, т.б.*; 3) *-ғы, -гі: пығынғы “сегоднящий”,*

таңғаргі “утренний”, т.б.; 4) *-тағы, -дағы, -тағу, -дағу*: *пыптағы* “имеющийся на ногах”, *бастағу* “находящийся на голву”, т.б.

Сары ұйғыр тілінде жеті септік бар. Атау септігінің арнайы қосымшасы жоқ. Ілік септігі зат есімдерге *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің* қосымшаларын жалғау арқылы жасалады. Барыс септігі зат есімдерге *-ға, -ге, -қа, -ке* қосымшаларын жалғау арқылы жасалады. Табыс септігінің грамматикалық көрсеткіші — *-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті*. Жатыс септігі *-да, -де, -та, -те* қосымшаларына ие. Шығыс септігінің грамматикалық көрсеткіші — *-дан, -ден, -тан, -тен*. Жетінші септік салыстыру (сравнительный) септігі деп аталады да, *-дағ, -дег, -тағ, -тег* қосымшалары арқылы жасалады. Мысалы, *тағ* “гора”, *тағның, тағға, тағны, тағда, тағдан, тағдағ*, т.б. Тәуелдік жалғауының бірінші жағы мағына жағынан болса да, олардың грамматикалық көрсеткіші жоқ. Оларда бірінші және екінші жағы үшін бір қосымша — *-ң*, үшінші жақ үшін бір қосымша *-сы* қолданылады. Мысалы, *менің млаң* “мой ребенок”, *сенің млаң* “твой ребенок”, *уның мласы* “его ребенок” т.б. Ал дауыссыз дыбыстарға біткен сөздерге тәуелдік жалғауы тек үшінші жақта ғана қосылады. Мысалы, *менің гоңыл* “мое сердце”, *сеның гоңыл* “твое сердце”, *оның гоңылы* “его сердце” т.б. Басқа түркі тілдері сияқты зат есімдер де жіктеледі, айырмашылығы арнайы жіктік жалғауы жаққа байланысты жалғанбайды. Жалпы жіктік жалғауы болып саналатын *-дро* есім сөздерде де, етістіктерде де үш жаққа бірдей жалғана береді. Мысалы, *мен малтшы(дро)* “я пастух”, *сен малтшы(дро)* “ты пастух”, *кол малтшы(дро)* “он пастух”, т.б.

Сары ұйғыр тілінде етістіктің шақ қосымшалары өзгеше. Осы шақтың бірнеше қосымшалары бар. Олар: 1) бірінші жақта *ур*, не *n* тұлғалы жетекші етістіктерге *пар* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Екінші және үшінші жақта көсемшенің *у* жұрнағына *дро* қосымшасының қосылуы, не бірінші жақтың үлгісі бойынша жасалады. Мысалы, *сен маңудро/маңып пар* “ты идешь (сейчас)”, *гол маңудро/мануп пар* “он идет (сейчас)”, т.б.; 2) *-гак*,

-гек қосымшалы етістіктерге *-тур, -тро* қосымшасын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *мен келгургектро* “я приношу”, *сен кегургектро* “ты приносишь”, *гел кегургектро* “он приносить”, т.б.; 3) *-ога, -уган* қосымшалы етістіктерге *-тур, -тро* қосымшасын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *мен алагантур* “я беру”, *сен алагантур* “ты берешь”, *гол алагантур* “он берет”, т.б. Келер шақтың мынадай қосымшасы бар: 1) *-ғыш, -геш, -кыш, -кеш* қосымшалы етістіктерге *тро, -тур* қосымшасын қосу арқылы жасалған форма: *мен тутғыштро* “я поймаю”, *сен тутғыштро* “ты поймаешь”, *кол тутғыштро* “он поймает”, т.б.; 2) *-ар, -ер, -р* қосымшалары арқылы: *мен парар* “я пойду”, *сен парар* “ты пойдешь”, *кол парар* “он пойдет”, т.б.; 3) *-го, -ғу, -гу, -ғо*: *мен монго* “я поеду”, *сен монго* “ты поедешь”, *кол монго* “он поедет”, т.б.; 4) *-ғур, -гур, -кур* қосымшалары арқылы беріледі. Кейде бұларға *-тур, -тро* қосымшалары тіркеліп те келе береді. Мысалы, *мен тапгур* “я найду”, *сен тапгур* “ты найдешь”, *кол тапгур* “он найдет”, т.б. Өткен шақтың мынадай қосымшалары бар: 1) *-та, -те, -да, -де, -ты, -ті*: *мен дарате* “я смотрел”, *сен дарате* “ты смотрел”, *гол дарате* “он смотрел”, т.б.; 2) *-ган, -ген, -кан, -ке* формалы етістіктерге *-тро, -тур* қосымшаларын қосу арқылы беріледі. Мысалы, *мен оңсегентро* “я читал”, *сен оңсегентро* “ты читал”, *гол оңсегентро* “он читал”, т.б.; 3) *-ып, -іп, -п* формалы етістіктерге *-тро, -тур* қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Мысалы, *мен сатуптро* “я продал”, *сен сатуптро* “ты продал”, *гол сатуптро* “он продал”, т.б.; 4) *-оған* қосымшасы арқылы. Мысалы, *мен келған* “я приходил (давно)”, *сен келоған* “ты приходил (давно)”, *гол келоған* “он приходил (давно)”, т.б.; 5) *-оме* қосымшасы арқылы: *мен келоме* “я приходил (давно)”, *сен келоме* “ты приходил (давно)”, *гел келоме* “он приходил (давно)”, т.б.

Әдебиеттер:

1. Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. Алма-Ата, 1957.
2. Тенишев Э.Р., Тодаева Б.Х. Язык желтых уйгуров. М., 1966.
3. Тенишев Э.Р. Строй сарыг-югурского языка. М., 1976.
4. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

6. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚЫРҒЫЗ-ҚЫПШАҚ ТОБЫ

ҚЫРҒЫЗ ТІЛІ

Қырғыз тілі – қырғыз халқының сөйлеу, жазба және мемлекеттік тілі. Қырғыздардың көпшілігі Қырғызстанда жасайды. Сонымен бірге қырғыздардың белгілі бір бөлшегі Қазақстанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда тұрады. Олардың азғантай тобы (130 мыңдай) шет елдерде. Кеңес кезіндегі қырғыздардың жалпы саны – 2530998 (Ахмет Буран мәліметі бойынша – 3300000).

Қырғыздардың көне тарихы қыпшақтар мен қарлұқ тайпаларының тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан да қырғыздардың этникалық құрамында кездесетін кейбір рулар (барлығы емес) қазақтар арасында да кездеседі. Мысалы, *қыпшақ, найман, бағыс, қоңырат, жетікент, қатаған, теле, қаңлы (канлы), жағалмай (жағалбайлы), керейт, найман, қаракесек*, т.б.

Қырғыз халқы ұзақ тарихи жолды басып өткен. Монғол шапқыншылығынан кейін де олар бір орында тұрақтап, бір жерге топтаса алмаған. Ал олардың халық болып орналасқан Отаны – қазіргі жасап жатқан мекендері. Тарихи ескерткіштерде қырғыздар туралы алғашқы дерек біздің заманымызға дейінгі дәуірлерде белгілі болған болса да, кейінгі өмірлері туралы дерек жоқ. Енисей жазуын қырғыз жазуы деп есептеушілер де бар, бірақ бұл жазу да арабтар жаулап алғаннан кейін ұмыт болған. Қазан төңкерісіне дейін қырғыздардың төл жазуы болмаған, көне жазба ескерткіштері сақталмаған.

Қырғыз тілінде үш диалекті бар: 1) *Солтүстік диалекті*. Оған Талас, Шу – Тянь-Шань және Ыстықкөл өңіріндегі говорлар енеді; 2) *Оңтүстік диалектісі*. Оған шығыс говорлар (Ош пен Жалалабаттың шығысында жасайтын қырғыздар), солтүстік батыс говорлары және Ош қаласының батысында, Өзбекстан мен Тәжікстанда жасайтын қырғыздардың тілі енеді; 3) *Оңтүстік батыс диалектісі*. Бұл диалектіні, кейде, *иякилик* диалектісі деп те атайды.

Қырғыз тілі Қазан төңкерісінен кейін ғана ғалымдардың арнайы зерттеу нысаны бола бастады. Қазан төңкерісінен бұрын В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Н.Ф.Катанов, Г.Альмаши сияқты ғалымдардың еңбектерінде қырғыз тілі

мен әдебиетіне тиісті материалдар берілген болатын. Кейін қырғыз тілінің бар саласы зерттеліп, академиялық грамматика жасалды. К.К.Юдахин “Қырғызша-орысша сөздігі” үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Қырғыз тіл білімінің жан-жақты өсуіне К.К.Юдахин, И.А.Батманов, Б.М.Юнусалиев, Б.М.Орузбаева, К.К.Сартбаев, А.Турсунов, С.Кудайбергенов, И.Джакубов, А.Джаппаров, К.Дыханов, Қ.Қоңқабаев, т.б. ғалымдардың сіңірген еңбегі мол.



К.К.Юдахин (1890–1975)

Қазіргі қырғыз тілінде жеті қысқа, жеті созылыңқы дауысты дыбыс бар. Қырғыз тілінің дауысты дыбыстары сингармонизм заңдылығына толық бағынады. Яғни сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке буынды болып келеді. Мысалы, *арқан, балпақ, қайчы, кежекте, кежиге, козго, кожолокто*, т.б. Түбір мен қосымшалар арасында да сингармонизм сақталады. Яғни сөздің соңғы буыны жуан болса, қосылатын қосымша да жуан болады, жіңішке болса жіңішке болады. Мысалы, *ашықтыр, аяқсыз, бетте, беттештир* т.б. Қырғыз тіліндегі сингармонизмнің қазақ тіліндегі



И.А.Батманов (1905–1976)

сингармонизмнен айырмашылығы сол — қазақ тілінде тек езу сингармонизмі болса, қырғыз тілінде әрі езу, әрі еріндік үндесу сақталған: *гүлдө, болсоқ, болбосоң, болгондой, зарықты, чыкпаган, албайсың*, т.б. Қырғыз тілінің сөздік құрамындағы түбір сөздерде де, туынды түбір сөздерде де сингармонизм заңдылығынан ауытқулар болып тұрады. Оларды қырғыз тілінің ішкі заңдылығы негізінде анықтауға болады. Мысалы,

6. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚЫРҒЫЗ-ҚЫПШАҚ ТОБЫ

ҚЫРҒЫЗ ТІЛІ

Қырғыз тілі — қырғыз халқының сөйлеу, жазба және мемлекеттік тілі. Қырғыздардың көпшілігі Қырғызстанда жасайды. Сонымен бірге қырғыздардың белгілі бір бөлшегі Қазақстанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда тұрады. Олардың азғантай тобы (130 мыңдай) шет елдерде. Кеңес кезіндегі қырғыздардың жалпы саны — 2530998 (Ахмет Буран мәліметі бойынша — 3300000).

Қырғыздардың көне тарихы қыпшақтар мен қарлұқ тайпаларының тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан да қырғыздардың этникалық құрамында кездесетін кейбір рулар (барлығы емес) қазақтар арасында да кездеседі. Мысалы, *қыпшақ, найман, бағыс, қоңырат, жетікент, қатаған, теле, қаңлы (канлы), жағалмай (жағалбайлы), керейт, найман, қаракесек*, т.б.

Қырғыз халқы ұзақ тарихи жолды басып өткен. Монғол шапқыншылығынан кейін де олар бір орында тұрақтап, бір жерге топтаса алмаған. Ал олардың халық болып орналасқан Отаны — қазіргі жасап жатқан мекендері. Тарихи ескерткіштерде қырғыздар туралы алғашқы дерек біздің заманымызға дейінгі дәуірлерде белгілі болған болса да, кейінгі өмірлері туралы дерек жоқ. Енисей жазуын қырғыз жазуы деп есептеушілер де бар, бірақ бұл жазу да арабтар жаулап алғаннан кейін ұмыт болған. Қазан төңкерісіне дейін қырғыздардың төл жазуы болмаған, көне жазба ескерткіштері сақталмаған.

Қырғыз тілінде үш диалекті бар: 1) *Солтүстік диалекті*. Оған Талас, Шу — Тянь-Шань және Ыстықкөл өңіріндегі говорлар енеді; 2) *Оңтүстік диалектісі*. Оған шығыс говорлар (Ош пен Жалалабаттың шығысында жасайтын қырғыздар), солтүстік батыс говорлары және Ош қаласының батысында, Өзбекстан мен Тәжікстанда жасайтын қырғыздардың тілі енеді; 3) *Оңтүстік батыс диалектісі*. Бұл диалектіні, кейде, *иякилик* диалектісі деп те атайды.

Қырғыз тілі Қазан төңкерісінен кейін ғана ғалымдардың арнайы зерттеу нысаны бола бастады. Қазан төңкерісінен бұрын В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Н.Ф.Катанов, Г.Альмаши сияқты ғалымдардың еңбектерінде қырғыз тілі

мен әдебиетіне тиісті материалдар берілген болатын. Кейін қырғыз тілінің бар саласы зерттеліп, академиялық грамматика жасалды. К.К.Юдахин “Қырғызша-орысша сөздігі” үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Қырғыз тіл білімінің жан-жақты өсуіне К.К.Юдахин, И.А.Батманов, Б.М.Юнусалиев, Б.М.Орузбаева, К.К.Сартбаев, А.Турсунов, С.Кудайбергенов, И.Джакубов, А.Джаппаров, К.Дыханов, Қ.Қоңқабаев, т.б. ғалымдардың сіңірген еңбегі мол.



К.К.Юдахин (1890–1975)

Қазіргі қырғыз тілінде жеті қысқа, жеті созылыңқы дауысты дыбыс бар. Қырғыз тілінің дауысты дыбыстары сингармонизм заңдылығына толық бағынады. Яғни сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке буынды болып келеді. Мысалы, *арқан, балпақ, қайчы, кежекте, кежиге, козго, кожолокто*, т.б. Түбір мен қосымшалар арасында да сингармонизм сақталады. Яғни сөздің соңғы буыны жуан болса, қосылатын қосымша да жуан болады, жіңішке болса жіңішке болады. Мысалы, *ашықтыр, аяқсыз, бетте, беттештир* т.б. Қырғыз тіліндегі сингармонизмнің қазақ тіліндегі



И.А.Батманов (1905–1976)

сингармонизмнен айырмашылығы сол — қазақ тілінде тек езу сингармонизмі болса, қырғыз тілінде әрі езу, әрі еріндік үндесу сақталған: *гүлдө, болсоқ, болбосоң, болгондой, зарықты, чыкпаган, албайсың*, т.б. Қырғыз тілінің сөздік құрамындағы түбір сөздерде де, туынды түбір сөздерде де сингармонизм заңдылығынан ауытқулар болып тұрады. Оларды қырғыз тілінің ішкі заңдылығы негізінде анықтауға болады. Мысалы,

аңгел, байге, алек, алаңгер, алдооч, байлооч т.б. Кыргыз тiлiнде мынадай жағдайлармен байланысты сингармонизм заңдылығы бұзылады: 1) Түбiр сөзде созылыңқы *oo* дыбысынан кейiн езулiк *a* қолданылуы мүмкiн: *тоодак* “драфа”, *жоола* “идти войной”, *боола* “вязать снопы”, *коола* “буйно идти в рос”, т.б. Егер сөздiң құрамында созылыңқы *oo* дыбысы болса, не сөз созылыңқы *oo* дыбысына бiтсе, онда қосымшаның құрамында *a* дыбысы болуы мүмкiн. Мысалы, *боолукта* “набрасать на шею лошади боолук”, *доола* “предъявить шек”, *жоолукта* “употреблять платок”, т.б.; 2) Басқа тiлдерден енген *-қор, -кер, -ман, -стан, -кеч* сияқты қосымшалар мен бiр ғана фонетикалық нұсқада қалыптасқан *-a, -тай, -ке, -ек, -кай* сияқты қосымшалар сингармонизм заңдылықтарына бағынбайды. Мысалы, *соодагер* “торговец”, *арабакеч* “возница”, *амалкөй* “ловчак”, *намыскөй* “обидчивый человек”, *атеке* “папочка”, т.б.; 3) Қимыл есiмi тек *-уу, -үү, -оо, -өө* қосымшасы күйiнде ғана қосылады. Мысалы, *алуу* “взятие”, *келуу* “приход”, т.б.; 4) Жинақтау сан есiмi тек *-оо, -өө* қосымшасының есептiк сан есiмдерге қосылуы негiзiнде жасалады. Мысалы, *бирөө* “одна”, *алтоо* “шестеро”, *бешөө* “пятеро”, т.б.; 5) Есiм сөздерден сын есiм тудыратын *-дуу, -дүү* жұрнағы бiр нұсқалы болғандықтан сингармонизм заңдылығына бағынбайды. Мысалы, *аттуу* “конный”, *балалуу* “имеющий детей”, *таштуу* “каменистая (земля)”, т.б.

Қыргыз тiлiндегi дауыссыз дыбыстардың саны – 24. Олар: *б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ*. Дауыссыздар қатаң, ұяң, үндi болып бөлiнуiмен бiрге сөз iшiнде, түбiр мен түбiр, түбiр мен қосымша аралығында бiрi екiншiсiне ықпал жасап үндесiп тұрады. Iлгерiндi ықпал заңдылығы бойынша *б>п, д>т, г>к* дыбыстарының арасында дыбыстық алмасу болып тұрады. Салыстырыңыз, *тарт-ба – тартпа* “не тяни”, *жумуш-дан – жумуштан* “от работы”, *ат-гыч – атқыш* “стрелок”, т.б. Қазiргi қыргыз тiлiнде кейiндi ықпал заңдылығы да сақталған. Мысалы, *тан-ба – тамба* “не отказывайся”, *ынан-байт – ынамбайт* “не верит”, *муун-га – муунга* “суставу”, *бақ-ыш – багыш* “взгляд”, т.б.

Қыргыз тiлiндегi сөз жасам жүйесi басқа түркi тiлдерiнен мүлде алшақтап кетпейдi. Сөз тудыратын жұрнақтар мыналар:

1) -чы, -чи, -чу, -чү: койчу “овцевод”, өтүкчү “сапожник”, пахтачы “хлебкороб”, т.б.;

2) -лык, -лик, -лук, -лүк, -дук, -дүк, -дык, -дик, -тык, -тик, -тук, -түк: балалык “детство”, көркөмдүк “художественность”, жылуулук “тепло”, тердик “потник”, ооздук “удило”, т.б.;

3) -чылык, -чилик, -чулук, -чүлүк: адамгерчилик “человечность”, туганчылык “родственность”, талаачылык “полеводство”, т.б.;

4) -лаш, -леш, -лош, -лөш, -даш, -деш, -дош, -дөш, -таш, -теш, -тош, -төш: жолдош “товарищ”, дердеш “земляк”, карындаш “родственник, младшая сестра”, т.б.;

5) -ан, -ын, -н, -аан, -уун, -он, -өн: егин “посев”, агын “течение”, булаан “габеж”, кошуун “войн”, жаан “дождь”, т.б.;

6) -ыш, -иш, -уш, -үш, -и: чыгыш “восток”, жыйналыш “собрание”, ат чабыш “скачка”, т.б.;

7) -мак, -мек, -мок, -мөк: куймак “оладьи”, иймек “серьги”, чакмак “клетка”, оймак “наперсток”, өтмек “переход”, т.б.;

8) -луу, -лүү, -дуу, -дүү, -туу, -түү: аттуу “конный”, акылдуу “умный”, кайгылуу “грустный”, балыктуу “рыбный”, таштуу “каменистый”, т.б.;

9) -сыз, -сиз, -суз, -сүз: акылсыз “глупый”, суусыз “безводный”, жансыз “мертвый”, эсепсиз, сансыз “бесчисленный”, т.б.;

10) -дай, -дей, -дой, -дөй, -тай, -тей, -той, -төй: тоодай “как гора”, бодамдай “как миндаль”, биттей “маленький”, т.б.

11) -ла, -ле, -ло, -лө; -да, -де, -та, -те, -то, -тө, -до, -дө: күрөктө “перелопатить”, орокто “жать”, кишенде “заковать в кандалы”, т.б.;

12) -лан, -лен, -лон, -лөн, -дан, -ден, -дон, -дөн, -тан, -тен, -тон, -төн: ниеттен “желать, намеревать”, талаптан “стремиться”, өңдөн “приобрести вид”, т.б.;

13) -лаш, -леш, -лош, -лөш, -даш, -деш, -дош, -дөш, -тас, -тес, -тош, -төш: бирдеш “объединиться”, амандаш “здороваться”, борбордош “централизоваться”, т.б.;

14) -а, -е, -о, -ө: тиле “просить”, сына “испытывать”, ото “полоть”, ата “именовать”, т.б.;

15) -ча, -че, -чо, -чө: балача “как дети”, көзүмчө “при мне”, т.б.

Қырғыз тілінде сын есімнің екі шырайы бар деп есептеледі. Жай шырай мен салыстырмалы шырайларды жеке бөліп алмаса да, қырғыз тілінде ол шырайлар қолданылады: 1) Салыстырмалы шырай сын есімдерге *-раак, -рээк, -роок, -рөөк, -ырак, -ирээк, -ураак, -үрээк* қосымшаларын жалғау арқылы жасалады. Мысалы, *кичирээк, чокураак, жакшыраак, даасдураак*, т.б. Салыстырмалы шырай сөздердің тіркесуі арқылы да беріледі. Ол үшін сын есім түбір тұлға күйінде тұрады да салыстырылатын зат есім шығыс септік формасында қолданылады. Мысалы, *Уят өлүмдөн катуу. Алым Асаннан кичкене*, т.б.; 2) Күшейтпелі шырай кен түсініледі де, оның құрамына қазақ тіліндегі асырмалы шырайды да енгізеді. Сын есімнің бұл шырайы *абдан, эбегейсиз, чымкай, чыл, өтө, эң* сияқты сөздердің қабаттасуымен, не күшетпейлі буынды қос сөздер арқылы беріледі. Мысалы, *чымкый кызыл, өтө кызыл, эң кыска, кап кара, көпкөк*, т.б. Кейде күшейтпелі шырай матаса байланысқан сын есімдер арқылы, не *баарынан* сөзінің тіркесі арқылы беріледі. Мысалы, *мыктының мыктысы, сулуунун сулуусу, барынан жакшы, баарынан акылду*, т.б.

Етістіктің райларын анықтауда қазақ тілінен айтарлықтай ауытқу бар. Етістіктерде бес рай бар: 1) *Ашық рай* амал-әрекеттің орындалу мерзімімен байланысты мағына білдіреді де, шақ қосымшалары негізінде жасалады; 2) *Бұйрық рай* біреуді іске қосу, бұйыру, қозғау салу сияқты мағынаны білдіріп, үш жаққа байланысты болады. Жалпы қырғыз тілшілерінің бір тобы бұйрық райының бірінші жағы болмайды десе, екінші бір тобы бұйрық райдың бірінші жағы бар, ол *-айын, -ейін, -алық, -айлық* қосымшалары арқылы жасалады дейді. Бұйрық райдың екінші жағы түбір етістіктер арқылы не етістіктің түбіріне *-гын, -гин, -гун, -гүн, -кын, -кин, -кун, -күн* қосымшаларын жалғау арқылы жасалады. Мысалы, *алгын, баргын, жолуккун, турбагын*, т.б. Екінші жақ бұйрық райының көпше түрі етістіктің түбіріне *-гыла, -гиле, -гула, -гүле, -кыла, -киле, -кула, -күле* қосымшаларын жалғау арқылы жасалады. Мысалы, *баргыла, келгеле, үйренгүлө, көбөйткүлө*, т.б. Қазақ тілінде *-қыла, -кіле* қосымшасы қолданылады, бірақ

мағынасында рай мағынасын білдіретін мағыналық реңк жоқ, ол амалдың өту сипатын білдіретін (қимылдың бірнеше рет қайталануын білдіретін) қосымша ретінде қолданылады. Үшінші жақ бұйрық рай етістіктің түбіріне *-сын, -син, -сун, -сүн* қосымшаларын жалғау арқылы жасалады. Мысалы, *келсин, катышсын, өссүн, болсун, болбосун*, т.б.; 3) *Шартты рай* етістіктің түбіріне *-са, -се, -со, -сө* қосымшаларын жалғау арқылы жасалады. Мысалы, *барса, келсе, болсо, турса*, т.б. 4) *Қалау райы* етістіктің түбіріне жіктік жалғаулы *-гы, -ги, -кы, -ки, -гу, -гү, -гы, -ги* қосымшалы жетекші етістік пен *келет/келед* көмекші етістігінің не *бар, жоқ* көмекші сөздерінің тіркесуі арқылы беріледі. Мысалы, *алгым келет, баргым келет, алгыбыз бар, кетким бар, кетким жоқ*, т.б. *Ниет райы* деген рай бар. Көпшілік түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, ниет райын ғалымдар мойындамайды. Қырғыз тіліндегі ниет райы етістіктің түбіріне *-мак, -мек, -мок, -мөк, -макчы, -мекчи, -мокчу, -мөкчү* қосымшаларын қосу арқылы жасалынады. Мысалы, *жазмак, жазмакчы, өткөрмөк, өткөрмөкчү*, т.б.

Әдебиеттер:

1. Грамматика киргизского литературного языка. Фрунзе, 1987.
2. Языки народов СССР. Т. II. М., 1966.
3. Юнусалиев Б. М. Киргизская лексикология. Ч. I. Фрунзе, 1959.
4. Юнусалиев Б. М. Тандаган эмгектер. Фрунзе, 1985.
5. Киргизско-русский словарь (Составитель К. К. Юдахин). М., 1965.
6. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

АЛТАЙ ТІЛІ

Таулы Алтай автономиялық облысында жасайтын түркі тектес халықтардың бірі – алтай халқы болып саналады. Алтай халқын кейде *ойрот* деп атау да бар. Жалпы ойроттар моңғол тілдес халық болып саналады. XVII ғасырда ойроттар күшейіп, Жоңғар мемлекетін құрған кезде алтай халқы да сол хандықтың құрамына енген. Сондықтан да алтайлықтарды ойрот деп атаған. Олар өздерін *алтай кижі* деп те атайды. Алтай халқының саны – 71317. Олар түркі тілдерінің шығыс хун тармағының қырғыз-қыпшақ тобына енеді. Тілдерінде моңғол тілінен енген сөздердің саны мол.

Алтай тілінің көне жазба ескерткіштері сақталмаған. Алтай тілі Қазан төңкерісінен бұрын В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, Н.Ф.Катанов, Макария, т.б. ғалымдардың зерттеу нысаны болса, одан кейін оны Н.П.Дыренкова, Л.П.Потапов, Н.А.Баскаков, А.Т.Тыбыкова, Т.М.Тошакова, М.Ф.Саруева, т.б. зерттеді. Алтай тілінде оңтүстік және солтүстік диалектілер тобы бар деп есептеледі. Оңтүстік топқа *алтай диалектісі*, *теленгит диалектісі*, *телеуит диалектісі* еңсе, солтүстік диалектілер тобына *туба диалектісі*, *куманды диалектісі* және *челкан диалектілері* енеді. Олардың арасында мынадай ерекшелік бар: 1) Солтүстік диалектілеріндегі *у*, *э* дыбыстарына оңтүстік диалектілерінде *о*, *ө* дыбыстары тура келеді. Мысалы, *ул* – *ол* “он”, *ура* – *оро* “яма”, *мэрө* – *бөрө* “волк” т.б.; 2) Солтүстік диалектілердегі *и* дыбысына оңтүстік диалектілерде *э(е)* дыбысы сәйкес келеді. Мысалы, *сибис* – *семис* “жирный”, *ник* – *бек* “крепкий”, т.б.; 3) Солтүстік диалектілердегі *оо*, *аа* дыбыстарына оңтүстікте *уу*, *оо* дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы, *оолу* – *уул* “парень”, *қооқ* – *куук* “мочевой пузырь”, *паар* – *буур* “печень”, *аас* – *оос* “рот” т.б.; 4) Солтүстік диалектілерде сөз соңындағы *г* дыбысы сақталса, оңтүстік диалектілерде ол дыбыс түсіріліп, созылыңқы дауысты дыбыспен айтылады. Мысалы, *таг* – *туу* “гора”, *суғ* – *суу* “вода”, *шериг* – *черу(ү)* “войско”, *қойығ* – *қойу(ү)* “густой”, т.б.; 5) Солтүстік диалектілердегі *ч* дыбысының орнына оңтүстікте сөз басында *д* дыбысы сәйкес келеді. Мысалы, *чыл* – *дыл (јыл)* “год”, *чыт* – *дыт* “запах”, *чақшы* – *дақшы (јакшы)* “хороший”, т.б.; 6) Солтүстік диалектілерде сөз басындағы *н*, *ш*, *м* дыбыстарына оңтүстік диалектілерде *д*, *ч*, *б* дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы, *наан* – *даан* “большой”, *нағыс* – *дағыс* “один”, *нашақ* – *чанақ* “сани”, *шық* – *чық* “выходить”, *молот* – *болот* “сталь”, *малкаш* – *балқаш* “грязь”, т.б.; 7) Солтүстік диалектілердегі сөз ортасындағы *ж* дыбысына оңтүстік диалектілерде *ч* дыбысы сәйкес келеді. Мысалы, *пыжак* – *пычак* “нож”, *қажан* – *қачан* “когда”, т.б. Екі диалекті арасында аз болса да грамматикалық ерекшеліктер де бар.

Алтай тілінде сегіз қысқа, сегіз созылыңқы дауысты дыбыс (*а, э, ы, и, о, ө, у, я, аа, ээ, ыы, ии, оо, өө, уу, үү*) және жиырма алты дауыссыз дыбыс (жазылуда 23 өріппен беріледі)

бар. Дауысты дыбыстар сингармонизм заңдылығын сақтаған. Яғни түбір сөздер бірыңғай не жуан буынды, не жіңішке буынды болады. Мысалы, *қарақ* “глаз”, *керек* “нужно”, *алқыш* “благословение”, *кеден* “хвост” т.б. Түбірге қосылатын қосымшалар да түбірдің соңғы буынының жуан не жіңішке болуына қарай не жуан, не жіңішке буынды болады. Мысалы: *аңчылар* “охотники”, *төгялди* “пролился”, т.б. Езу үндестігі мен ерін үндестігі де бар, бірақ толық сақталмаған. Ашық еріндік дауысты дыбыс сөздің бірінші буынында қолданылса, екінші буында еріндік қысаң дауысты дыбыс қолданылуы мүмкін, бірақ қысаң еріндік дауысты дыбысты буыннан кейін ашық ерін дауысты дыбысты буын қолданылмайды. Мысалы, *тогус* – *тогыс* “девятнадцать”, *бозу* – *бозы* “теленек”, *бөдяне* – *бөдіне* “перепел”, *кураң* “дикий казел”, *будак* “ветвь”, *буудай* “пшеница”, т.б.

Алтай тілінде туынды түбірлер мына журналдар арқылы жасалады: 1. *Зат есімнің* сөз тудырушы журналдары: 1) *-чы, -чи*: *аңчы* “охотник”, *төгянчы* “лжец”, т.б. Бұл қосымша у тұлғалы қимыл атауларына да қосылып, туынды түбір зат есім жасайды. Мысалы, *садунчы* “продовец”, *адучы* “стрелок”, т.б.; 2) *-лық, -лик*: *байлық* “богатство”, *дақшылық* “добро”, т.б.; 3) *-л, -н, -ын, -ун*: *ыргал* “радость”, *жуун* “собрание”, т.б.; 4) *-ыңғ, -инг*: *бозыңғ* “походка”, *чыгыңғ* “выход”, т.б. 5) *-ым, -им*: *өлям* “смерть”, *буулам* “связка”, т.б.; 2. *Сын есімнің* сөз тудырушы журналдары: 1) *-су, -ся, -сак, -сек*: *кумаксу* “песчаный”, т.б.; 2) *-чы, -чи, -чыл, -чил*: *уйкучы/уйкучыл* “сонливый”, *кунукчы* “печальный”, т.б.; 3) *-зақ, -зек, -сақ, -сек*: *суузақ* “жаждущий”, т.б.; 4) *-ду, -дя, -лу, -ля*: *карлу* “снежный”, *туулу* “гористый”, т.б.; 5) *-қы, -ки, -гы, -ги*: *қышқы* “зимний”, *былтырғы* “прошлогодний”, т.б.; 6) *-чак, -чек, -чаак, -чеек, -чаан, -чеен, -чан, -чен*: *ачынчаак* “сердитый”, *урушчан* “драчливый”, т.б.; 3. *Туынды түбір етістік* жасайтын журналдар: 1) *-ла, -ле*: *иште* “работать”, *қожанда* “петь”, т.б.; 2) *-а, -е*: *јоло* “ездить”, *туне* “ночевать”, т.б.; 3) *-ыр, -ир, -р*: *қысқар* “укарачиваться”, *эскир* “стареть”, т.б.; 4) *-кар, -кер, -гар, -гер*: *башкар* “управлять”, *суугар* “поит”, т.б.

Етістіктің үш шағы мына журналдар арқылы беріледі. Өткен шақтың қосымшалары мыналар: 1) *-ты, -ти*: *бардым, бардың, барды*; 2) *-ган, -ген*: *баргам/барганмын, баргазың/*

барганың, барғаң, барған; 3) -ып, -ип, -п қосымшалы жетекші етістікке жатты, турды көмекші етістіктері тіркесіп келіп те өткен-шақтық мағына білдіреді. Мысалы, барып жаттым “я ехал”, т.б.; 4) -ған эди аналитикалық форманты арқылы: барған эди “уже пошел”, т.б. Осы шақ екі түрлі жол арқылы жасалады: бірінші, етістіктің түбіріне -адыры, -едири, не -аат, -еет қосымшаларын қосу арқылы. Мысалы, барадыры “я иду (в данный момент)”, т.б.; екінші, -ып, -ип, -п қосымшалы жетекші етістіктерге жат көмекші етістігін тіркеу арқылы. Мысалы, барып жадым “я иду (в данный момент)”, т.б. Етістіктің келер шағы мына қосымшалар арқылы беріледі: 1) -ар, -ер, -р: барарым “я хожу, (может быть) поеду”, барарың, барар; 2) -ат, -ет қосымшасы арқылы: барат(д)ым “я поеду”, барат(д)ың, барат(д), т.б. 3) -атан, -етен, -йтен қосымшалары арқылы: баратыным “я должен поехать”, баратаның, баратан, т.б.

Әдебиеттер:

1. Дыренкова Н.П. Грамматика ойротского языка. М.-Л., 1940.
2. Баскаков Н.А. Алтайский язык. М., 1958.
3. Языки народов СССР. Т. II., М., 1966.
4. Ойротско-русский словарь. М., 1947.
5. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

БАСҚА ТҮРКІ ТІЛДЕРІ

Оқулықта саналып өтілген тілдердің материалдары зерттеліп, грамматикалық категориялары анықталған. Сонымен бірге дүниеде әлі толық зерттелмеген, грамматикалық категориясы, дыбыстық жүйесі қарастырылмаған тілдер де бар. Біз соларды қысқаша сипаттап, атап айтып өтуді лайық көрдік. Уақыт өтуімен байланысты олар да зерттеліп, оқулықтарда орын алатынына сеніміміз мол.

1. **Халадж тілі.** Халадждар көне түркі тайпаларының бірі, олар туралы мәліметтер М.Қашғаридың “Диуани лұғат-ит түркінде” бар. Онда Зұлқарнайынмен байланысты аңыз айта отырып “Патшаның әскері кеш батқан кезде көшіп кетеді. Көлігі жоқтар да бар еді. Олар жаяулап кетеміз бе, жоқ сол жерде қаламыз ба деп ақылдаса бастайды. Сонда біразы кетуді, енді біразы сол жерде қалуды қалайды. Себебі, олар

жүктерін көтеріп жүре алмайтынын білген. Сонда қалатын екеуі: “Ей, адамдар! Зұлқарнайын көшпелі адам. Олар бір жерде тұрақтамайды. Біздің жерімізде қалмай, өтіп кетеді. Біз өз жерімізде өзіміз қаламыз,” – дейді. Олар бұл екеуіне: “Осы жерде қалыңдар”, – дейді. Сондықтан олар “қалач” деп аталады. Қалачтардың негізі осындай. [55, 421-422]. Халаджтар Иранның орталығында, Тегеранның жанындағы Кум өлкесінде жасайды. Олардың жалпы саны шамамен 20 мыңдай, негізінде өзірбайжандармен немесе парсылармен аралас өмір сүреді. Тілдері зерттелмеген, тек Г.Дерфер мен С.Тезджан жинаған материал негізінде пікір айтылып жүр.

Тілдік белгісіне қарай халаджтар оғыздардың қатарына қосылады, сондықтан оны өзірбайжан тілінің бір диалектісі деп санаушылар да бар*. Халадж тілін өзірбайжан тіліне қоспай, жеке тіл деп санаушылар көбірек**. Таласты шешіп, қорытынды пікір айтуға ерте. Дегенмен олардың өзіндік ерекшелігі де бар. Мысалы, нақ осы шақтың қосымшасы *ijor*, өткен шақ формасының *-miş*, қимыл есімі *-дук*, т.б. Фонетикалық ерекшелігі де бар. Ең алдымен олар да: 1) созылыңқы дауысты дыбыстары бар: *var (бар)* “иди”; *var (бар)* “есть”, *hat (ам)* “лошадь”, *at (ам)* “имя”; 2) езу дауыстылар көбірек қолданылады: *ker – көр* “видеть”, *kil – күл* “смеяться”, т.б. Морфологиялық формаларда да ерекшелік бар: 1) басқа тілдерде қолданылмайтын *-ша*, *-ше* (септік мағынасы бар) қосымшасы бар: *hovsa* (үйде – дома), *babaca* (әкеде – у отца); 2) шығыс септігінің қосымшасы *-да*, *-де* (*-дан*, *-ден* емес) қолданылады: *babada* (әкеден – от отца); 3) бұйрық райдың үшінші жағының *-та*, *-де* формасы бар: *alta* (алсын – пусть возьмет), т.б. Бұндай ерекшелік лексикасында да бар.

2. **Үрім тілі.** Бұлар бұрын Қырымда өмір сүрген. 1778–1779 жылдары олар Азовтың солтүстігіне көшірілген. Қазір үрімдер Қырымда, Азовтың оңтүстігінде, оңтүстік Украинада,

* Зейналов Ф.Р. Об одном “древнем тюркском языке” в Северном Иране. –С.Т. № 6, 1972.

** Дерфер Г. Является ли халаджский язык диалектом азербайджанского языка? С.Т. № 1, 1974; Щербак А.М. О некоторых спорных вопросах реконструкции филологической системы тюркского праязыка. //–Тюркологические исследования. М., 1976.

т.б. жасайды. 1980 жылғы мәлімет бойынша, 60 мыңға жуық адам өзін үріммін деп есептеген, бірақ үрім тілін жастар арасында білмейтіндері де бар. Бұл тіл қырым татарлар тіліне жақын, яғни ол қыпшақ түркі тілдеріне енеді. Жазба ескерткіші сақталмаған, жалпы әдеби тілі жоқ, өз жазуы жоқ. Латын жазуын пайдаланады да, мектепте 7 сыныпқа дейін оқытылады.

Фонетикасында мынадай ерекшеліктер бар: 1) басқа тілдерде қолданылатын қ дыбысының орнына х қолданылады: *хара* (черный), *бах* (лягушка), *хулах* (ухо); 2) жіңішке дауыстының алдында басқа түркі тілдерінде қолданылатын г, к дыбыстарының орнына т, д дыбыстары алынады: *тел* – *дел* (*гел* – приходить), *тийиз* (*кошма* – киіз); 3) кей жерлерде г дыбысының орнына й дыбысы қолданылады: *йузал* (*гөзал* – красивый), т.б. Морфологиялық формалары да қыпшақ тілдеріне ұқсас. Мысалы:

Тәуелдік жалғаулары:

I жақта < -м(ын), -мыз(ымыз);

II жақта < -ң-н -ыңыз, -ңыз, -ңіз

III жақта < -са(се) -сы(сылар)

Септік жалғаулары:

Атау: –

Ілік: -ын, -нын (ның)

Барыс: -а, -ө, -е, -қа, -ке, -ға, -ге, -ма, -ме

Табыс: -ы(-ны)

Жатыс: -та, -те, -да, -де

Шығыс: -тан; -тен

3. **Боджнуру тілі.** Бұлар Иранның Хорасан өлкесінде өмір сүреді. Олардың тұрмыс жағдайы, экономикалық-әлеуметтік тұрмысы, тарихы туралы мәлімет жоқ. Боджнурулар туралы Г.Дерфер, С.Фаты мен С.Чағатайлардың хабары ғана жарияланған, сондықтан жалпы тілдік сипаттама беру қиын. Салыстыру үшін шағын материалдан үлгі ретіне көрсетуге болады: қимыл етістігінің қосымшасы -*тад*; етістіктің қосымшалары: -*di(y)*, -*u(y)*, -*di(y)*; көптік жалғауы -*la*, -*ld* (септелгенде *p* қосылады). Жіктік жалғауы бірінші жақта: -*(y)дт*, -*(y)ду*; екінші жақта: -*(y)ан*, -*(y)аңыз*; үшінші жақта -*di* (көпшесі) т.б. Септік жалғаулары -*ның*, -*нің*, -*ні*, -*ја*, -*а*, -*да*,

-дан, -нан т.б. Тәуелдік жалғауы I жақта -ім, -м; ымыз, -іміз; II жақта -ің, -ң; -іңіз, -нің; III жақта -ы, -сы, -лар, т.б.

4. Долган тілі. Долган тілін бұрын саха тілінің құрамындағы диалект деп есептегенбіз. Қазір Ресейдің Красноярск өлкесінде (6571 адам) және Сахада (408 адам) өмір сүреді. Олардың тілінде 8 қысқа, 8 созылыңқы дауысты дыбыс бар: *a, ы, o, y, e, i, ø, y, aa, ыы, oo, уу, ee, ii, øø*, және *yü*. Бұларға қосымша 4 дифтонг *ya, yo, yø, ie* бар. Ал дауыссыздары – 20. Созылыңқы дауысты дыбыстар бірінші және екінші созылыңқы болып бөлінеді. Материалдардың көрсетуінше, дауыстылар буын талғамайды және өлсіз болса да сингармонизм сақталған.

Морфологиялық жағынан олардың сегіз септік жалғауы бар. Атау септігі (қосымшасы жоқ), ілік (совместный) септігі -*тын, -тің, -дың, -дің, -ның, -нін*; табыс (винительный) септігі -*ы, -ны*; барыс (дательный) септігі -*га, -ге, -ка*; шығыс (исходный) септігі -*тан, -тен*; құралдық (орудный) септігі -*ынан, -нан*; бөліктік (частичный) септік -*та, -да, -ла, -на*; салыстыру (сравнительный) септігі -*тағар, -дағар, -лағар* т.б. Сондай-ақ тәуелдік және жіктік жалғауы бар. Етістіктің бес етісі бар: 1) *Негізгі етіс*. Оның қосымшасы жоқ; 2) *Ортақ етіс*. Оның қосымшасы -*ыс, -с*; 3) *Өздік етіс*. Оның қосымшасы -*н, -ын*; 4) *Өзгелік етіс*. Қосымшасы -*т, -тар, -ар, -ыар*; 5) *Ырықсыз етіс*. Қосымшасы -*лін*. Долган тілінде жіктік жалғауының екі түрлі парадигмасы бар. Бірінші түрі мынадай үлгіде болады: I – *ім, ібім*; II – *ың, -ігім*; II – *а, -лара, -тара*. Екінші үлгі мынадай: I – *пін, -бін*, II – *кін, гін*, III – қосымшасыз, т.б.

5. Қырымшақ тілі. Қырымшақтар Қырымда өмір сүреді. Жалпы саны 1989 жылғы санақ бойынша – 1448 адам. Көне жазба мәдениеті бар. Жазуы – латын жазуы, оны 1936 жылы кириллицамен ауыстырған. XV–XVI ғасырлар басында жазылған “*Ритуар Каффы*” деген жазба ескерткіші сақталған. Қырымшақта 8 дауысты дыбыс бар, олар сингармонизм заңдылығына бағынады. Морфологиялық ерекшелігі көп емес, бірақ бар. Мысалы, бұйрық райдың бірінші жағына қосымша көне түркі тіліндегі форма *йым* сақталған: *аша-й-ым* “поем-ка я”, *кии-й-ым* “приду-ка я”,

бірінші жіктік жалғауы *-ын* (*-ым емес*): *ал-ыр-ын* “возьму”, *ашыр-ын* “я пою”, т.б. Сын есімнің әлсірейту рай қосымшасы *-чых, -чык* қолданылады: *гузельчык* “красивенький”, *қыскачик* “коротенький”, т.б.

Әдебиеттер:

1. *Зейналов Ф.Р.* Об одном “древнем тюркском языке” в Северном Иране. С.Т. № 6, 1972.
2. *Дерфер Г.* Является ли халаджский язык диалектом азербайджанского языка? С.Т. № 1, 1974;
3. *Щербак А.М.* О некоторых спорных вопросах реконструкции филологической системы тюркского праязыка. // Тюркологические исследования. М., 1976.
4. *Дмитриев Л.В.* Язык барабинских татар. Л., 1981.
5. *Бирюкович Р.М.* Морфология чулымско-тюркского языка. Ч. I. М., 1959; Ч. II. Саратов, 1981.
6. *Убрятова Е.И.* Язык корейских долган. Новосибирск, 1985.
7. *Горкович Л.Н.* Тюркские языки на Украине. Киев, 1988.
8. Языки народов СССР. Т. II. М., 1966.
9. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Абдурахманов Г.А.* Конгресс тюркологов в Стамбуле // Советская тюркология, Т, № 1. 1997.
2. *Абдурахманов Г.А., Рустамов А.* Қадимги туркий тили. Тошкент, 1982.
3. *Абдурахманов Г.А.* Тарихи синтаксис. Тошкент, 1974.
4. *Абдурахманов Г.А. Рустамов А.* Навоий тилининг грамматик хусусиятлари. Тошкент, 1984.
5. *Абилкасимов Б.* Н.И.Ильминский – первый исследователь казахского языка // Советская тюркология, № 3, 1974.
6. *Айдаров Г.* Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII в. Алма-Ата, 1974.
7. *Айдаров Т.* Қазақ тілінің лексикалық ерекшелігі. Алматы, 1975.
8. *Алиева Л.Г.* О.И.Сенковский как востоковед // Статьи по филологии. Вып. V. Душанбе, 1976.
9. Алишер Навоий асарларининг изохли луғати. Т. III. Тошкент, 1984.
10. Алтайские этимологии. Л., 1984.
11. *Антонов Н.К.* Лекции по тюркологии (I-IV). Ч. I. Якутск, 1976; Ч. II. 1979; Ч. III. 1981.
12. *Аширбаев С.* Алишер Навоий прозасы – сактактит тадқиқот объектиси. Тошкент, 1988.
13. *Ашинин Ф.Д.* Первая печатная научная грамматика алтайского языка // Тюркологический сборник. М., 1978.
14. *Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966.
15. *Бартольд В.В.* История изучения Востока в Европе и России. Сочинение. М., 1977, Т. IX.
16. *Бартольд В.В.* История турецко-монгольских народов. Ташкент, 1928.
17. *Бартольд В.В.* Обзор деятельности факультета восточных языков. Сочинение. М., 1977. Т. IX.
18. *Бартольд В.В.* Рукопись Замахшари со старотюркскими глассами. Сочинение. М., 1973. Т. VIII.
19. *Бартольд В.В.* Сочинения. М., 1968. Т. V.
20. *Баскаков Н.А.* Алтайская семья языков и ее изучение. М., 1981.
21. *Баскаков Н.А.* Введение в изучение тюркских языков. М., 1984.
22. *Баскаков Н.А.* Роль уйгуро-карлукского литературного языка Караханидского государств // Советская тюркология, № 4, 1970.
23. *Бафаев Б.* Навоий асарлари лексикаси. Тошкент, 1983.
24. *Бердібаев Р.* Байкалдан Балқанға дейін. Алматы, Қазақстан, 1996.
25. *Березин Ф.И., Головин Б.Н.* Общее языкознание. М., 1979.
26. Библиографический словарь отечественных тюркологов. М., 1974.
27. *Бизаков С.* Түрік әлемі. Алматы, 1998.

28. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии. М.-Л., 1950. Т.1.
29. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии. М.-Л., 1950. Т.2.
30. Богорадицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. М., 1953.
31. Бодуэн де Куртэнэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. М., 1963. Т.1.
32. Бодуэн де Куртэнэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. М., 1963. Т.2.
33. Боровков А. А. Навои – как основоположник узбекской литературы. М.-Л., 1946.
34. Боровков А. Лексика среднеазиатского Тефсира XII–XIII вв. М., 1963.
35. Боровков А. Очерки по истории узбекского языка. Советское Востоковедение. V. М.-Л., 1948.
36. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. I, II, М., 1960.
37. Брук С.И. Население мира. М., 1981.
38. Yambery H. Etymologisches Wörterbuch der Turko-tatarischen Sprachen. Leipzig, 1983.
39. Васильев Д.Д. Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея. Л., 1983.
40. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. Л., 1934.
41. Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и хакасского наречия. Л., 1929; М., 1998.
42. Вопросы методов изучения истории тюркских языков. Ашхабад, 1961.
43. Гаджиева Н.З. Основные пути развития синтаксической структуры тюркских языков. М., 1973.
44. Гаджиева Н.З. Природа изафета в тюркских языках // Советская тюркология, 1970, № 2, 3.
45. Гаджиева Н.З. Тюркоязычные ареалы Кавказа. М., 1979.
46. Проблемы тюркской ареальной лингвистики. Среднеазиатский ареал. М., 1975; Тюркоязычный ареал Кавказа. М., 1979.
47. Геродот. История. М., 2001.
48. Голубовский П.В. Печенэги, тюрки, половцы до нашествия татар. Киев, 1881.
49. Грамматика хакасского языка. М., 1975.
50. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М., 1967.
51. Гумилев Л.Н. Хунну. СПб., 1983.
52. Гумилев Л.Н. Хунны в Китае. М., 1974.
53. Гумилев Л.Н. Поиски вымышленного царство. М., 1970.
54. Данияров Х. Эски язбек адабий тили во кипчак асарлари лексикаси. Ташкент, 1983.

55. *Doerfer G.* Türkische und mongolische Elemente in Neuperischen. Bd. I. 1963. Bd. II Wiesbaden, 1965; Bd. III., 1967.
56. *Дмитриев Н.К.* Феодр Евгеньевич Корш. М., 1962.
57. *Дмитриев А.К.* Строй тюркских языков. М., 1962.
58. Документы на половецком языке XVI в. М., 1967.
59. Древние тюркские диалекты и их отношение к современным языкам. Фрунзе, 1971.
60. Древнетюркский словарь. Л., 1969.
61. Древние авторы о Средней Азии. Ташкент, 1940.
62. *Дьяконов И.М.* Языки древней Передней Азии. М., 1967.
63. *Егоров В.Г.* Современный чувашский литературный язык. Чебоксары, 1971.
64. Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. Алматы, 1969.
65. *Жүнісов Н.* Халық тілінің жергілікті ерекшелігі. Алматы, 1975.
66. Закономерности развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху. М., 1973.
67. Зарубежная тюркология. Вып. I. Древние тюркские языки и литературы. М., 1986.
68. *Зејналов Ф.Р.* Түрк диллэринин муга сәли грамматикасы. Бақы, 1959.
69. *Иванов С.Н.* Николай Федорович Катанов. М., 1973.
70. Изысканный дар тюркскому языку. Ташкент, 1978.
71. История Казахской ССР. Алматы, 1979. Т. 2.
72. Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. I. Фонетика. М., 1955; II. Морфология. М., 1956; III. Синтаксис. М., 1961; IV. Лексика. М., 1962.
73. Исследование в области этимологии алтайских языков. Л., 1979.
74. Исследование по уйгурскому языку. Алматы, 1980.
75. Историческое развитие лексики тюркских языков. М., 1961.
76. Источники формирования тюркских языков Средней Азии и Южной Сибири. Фрунзе, 1966.
77. *Исхаков Ф.Г., Пальмбах А.А.* Грамматика тувинского языка. М., 1961.
78. *Кажибеков Е.З.* Глагольно-именная корреляция глагольных корней в тюркских языках. Алматы, 1986.
79. *Кажибеков Е.З.* Тюркский лексико-грамматический синкретизм односложных корней основ. АКД, 1981.
80. *Кайдаров А.Т.* Развитие современного уйгурского литературного языка. Алматы, 1969.
81. *Кайдаров А.Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы, 1986.
82. *Glauson G.* An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth // Century Türkisch. Oxford, 1972, 990 p.
83. *Кляшторный С.Г.* Древнетюркские рунические памятники как источник истории Средней Азии. М., 1964.

84. *Кондратьев В.Г.* Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII–XI вв. Л., 1981.
85. *Кононов А.Н.* История изучения тюркских языков в России. Л., 1982.
86. *Кононов А.Н.* Махмуд Кашгарский и его “Девону лугат ит-турк” // Советская тюркология, № 4, 1972.
87. *Кононов А.Н.* В.В.Радлов и отечественная тюркология // Тюркологический сборник. М., 1972.
88. *Кононов А.Н.* Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII–IX вв.). Л., 1980.
89. *Кононов А.Н., Нигматов Х.Т.* М.Кашгарский о тюркских языках // История лингвистических учений. Средневековый Восток. М.-Л., 1981.
90. *Кононов А.Н.* О фузии в тюркских языках // Структура и история тюркских языков. М., 1971.
91. *Кононов А.Н.* О природе тюркской агглютинации // Вопросы языкознания, № 4, 1976.
92. *Кононов А.Н.* П.М.Мелиоранский и отечественная тюркология // Тюркологический сборник. 1972. М., 1973.
93. *Кононов А.Н.* Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. Л., 1969.
94. *Кононов А.Н.* О природе тюркской агглютинации // Вопросы языкознания, № 4, 1976.
95. *Корш Ф.Е.* Классификация турецких племен по языкам // Этнографическое образование, № 1-2, 1910.
96. *Корш Ф.Е.* Классификация тюркских языков // Этнографический сборник. СПб., 1910.
97. *Котвич В.Л.* Исследование по алтайским языкам. М., 1962.
98. *Кузеев Р.Г.* Происхождение башкирского народа. М., 1974.
99. *Курьшжанов А.К.* Исследование по лексике “Тюрко-арабского словаря”. Алма-Ата, 1970.
100. *Курьшжанов А.К., Ибатов А.* Ескі түркі жазба ёскерткіші жайлы // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жағдайы. Алматы, 1981.
101. *Кучкартаев И., Исабеков Б.* Туркий филологиясига кириш. Тошкент, 1984.
102. Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1980, 1982. 1-2 т.
103. *Қайдаров А.Т.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 2001.
104. *Қайдаров Ә., Оразов М.* Түркологияға кіріспе. Алматы, 1985.
105. *Қайдаров Ә., Оразов М.* Түркітануға кіріспе. Алматы, 1992.
106. *Қайдаров А., Оразов М.* Түркльк bilgisine giriz Istanbul, 1999.
107. *Қашғарий М.* Девону лугат ит турк. I, II, III Тошкент, 1960, 1961, 1963.
108. *Қашғарий М.* Девону лугат ит турк. Индекс. Тошкент, 1967.
109. *Лунин Б.В.* Средняя Азия в дореволюционном и советском востоковедении. Ташкент, 1965.

110. *Львов А.С.* Лексика “Повести временных лет”, М., 1975.
111. *Мағауин М.* Қобыз сарыны. Алматы, 1968.
112. *Малов С.Е.* Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951.
113. *Малов С.Е.* Енисейская письменность тюрков. М.-Л., 1952.
114. *Малов С.Е.* Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.-Л., 1959.
115. *Малов С.Е.* Древние и новые тюркские языки // Известия АН СССР. ОЛЯ, 1952, Вып.2.
116. Материалы по истории древних кочевых народов. Группа дунху. М., 1984.
117. Материалы по истории кочевых народов в Китае III-V вв. Вып. I, М., 1989; вып. II. М., 1990.
118. *Махмудов К.* Ахмад Югнакийнинг “Хибатул Хакаиқ” асари хаққида. Тошкент, 1972.
119. *Мейе А.* Сравнительный метод в историческом языкознании. М., 1954.
120. *Мейе А.* Введение в сравнительное изучение индо-европейских языков. М., 1938.
121. *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казахо-киргизского языка. Оренбург, 1894-1897.
122. *Мелиоранский П.М.* Араб-филолог о турецком языке. СПб., 1900.
123. *Менгес К.Г.* Восточные элементы в “Слове о полку Игореве”. М., 1984.
124. *Миллибанд С.Д.* Библиографический словарь советских востоковедов. М., 1977.
125. Монгольско-русский словарь. М., 1957.
126. *Мутый И., Османов М.* Маһмут Қәшқәрийниң жути, һаяти вә мазари тоғрисида // Уйгур тили бойичә төкшүрүшләр. Алмута, 1988.
127. *Мухитдинов К.* Мирза Мухамад Махдиханнинг “Соңлах” асари. Тошкент, 1971.
128. Новой Алишернинг изохли луғати. I, II, III, IV. Тошкент, 1983-1985.
129. *Наджип Э.Н.* Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV в. М., 1979.
130. *Наджип Э.Н.* Тюркоязычный памятник XIV века “Гулистан” С.Сараи и его язык. I-II. Л., 1975.
131. *Наджип Э.Н.* Кипчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египета XVI века. АДД, 1965.
132. Население мира. М., 1984.
133. *Новиков К.А.* Названия домашних и диких животных. Историческое развитие. М., 1961.
134. *Нурмаханова Э.Н.* Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы, 1971.
135. *Омарбеков С.* Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965.

136. XV–XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясы. Алматы, 1982.
137. *Оразов М.* Исторический принцип этимологических исследований в казахском языке // Проблемы этимологии тюркских языков. Алма-Ата., 1980.
138. *Отар Әлі Бүркіт*, Түркітану. Алматы, 2000.
139. *Общее языкознание*. М., 1973.
140. *Очерк из истории туркменского народа и Туркменистана. VIII–XIX в.* Ашхабад, 1954.
141. *Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков.* Л., 1972.
142. *Очерки сравнительной морфологии алтайских языков.* Л., 1970.
143. *Плетнев С.А.* Хазары. М., 1976.
144. *Пекарский Э.К.* Словарь якутского языка. I, II, III. М., 1969.
145. *Покровская Л.А.* Термины родства в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков. М., 1961.
146. *Проблемы общности алтайских языков.* Л., 1971.
147. *Проблемы этимологии тюркских языков,* Алма-Ата, 1990.
148. *Проблемы современной тюркологии.* Алма-Ата, 1980.
149. *Philologiae Turcicae Fundamenta.* Wisbaden, 1959.
150. *Radloff W.* Ponetik der Nordlichen Türkschorachen. Ieipzig. 1882.
151. *Радлов В.В.* Опыт словаря тюркских наречий. I–IV, СПб., 1893–1911.
152. *Радлов В.В.* Ярлык Токтамышша и Темир-Кутлуга // ЗВО, III, СПб., 1889.
153. *Рамstedт Г.И.* Введение в алтайское языкознание. М., 1957.
154. *Рассадин В.Е.* Морфология тофаларского языка в сравнительном освещении. М., 1978.
155. *Remusa A.* Recherches sur les Langues Tateres. Paris, 1820.
156. *Рясянен М.* Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1950.
157. *Самойлович А.Н.* Некоторые дополнения к классификации тюркских языков. СПб., 1922.
158. *Санжеев Г.Д.* Сравнительная грамматика монгольских языков. I, II, М., 1953.
159. *Санжеев Г.Д.* Монгольские языки и диалект // Ученые записки Института востоковедения. Т. IV. М., 1952.
160. *Сарыбаев Ш.Ш.* Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. I–VI. Алматы, 1965–1994.
161. *Сарыбаев Ш.Ш.* Библиографический указатель литературы по тюркологии. М., 1989.
162. *Сарыбаев Ш.Ш.* Қазақ тіл білімі мәселелері. Алматы, 2000.
163. *Севортян Э.В.* Этимологический словарь тюркских языков. I–IV. М., 1974–1989.
164. *Севортян Э.В.* Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. М., 1969.
165. *Севортян Э.В.* Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М., 1964.

166. *Серебрянников Б.А.* Вероятность обоснования в компаративистике. М., 1974.
167. *Серебрянников Б.А., Гаджиева Н.З.* Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Баку, 1979.
168. *Серебрянников Б.А.* Происхождение чуваш по данным языка // О происхождении чувашского народа. Сыктывкар, 1957.
169. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. М., 1984.
170. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. М., 1988.
171. Сравнительно-историческое изучение языков разных систем: Сравнительное состояние и проблема. М., 1981.
172. Сравнительно-историческое изучение языков разных систем. Теория лингвистической реконструкции. М., 1988.
173. Сравнительный словарь тунгусь-маньчжурских языков. т. I. Л., 1975; т. II. Л., 1977.
174. *Сыздыкова Р.Г.* Изучение казахского языка в дооктябрьский период – Развитие казахского и советского языкознания. Алма-Ата, 1980.
175. Теоретические основы классификации языков мира. М., 1980.
176. Теоретические основы классификации. М., 1982.
177. *Тодаев Б.Х.* Монгольский язык. М., 1978.
178. *Троянский М.М.* Сравнительно-исторические исследования // Теоретические проблемы советского языкознания. М., 1968.
179. *Türk Ansiklopedisi, XXXII.* Ankara, 1983.
180. *Türk tarihi. 1.* İstanbul, 1995.
181. *Убрятова Е.И.* К этимологии слова *айғыр* // Вопросы тюркологии. Ташкент, 1965.
182. *Фазылов Э.И.* М. Қашғари ва унинг “Девони” // Узбек тили ва адабиети. № 5, 1971.
183. *Фазылов Э.* Шарҳнинг машхур филологлари. Тошкент, 1971.
184. *Файзуллаева Ш.* О арабско-кыпчакских памятниках // Советская тюркология, № 1, 1973.
185. *Фатихов Р.Г.* Булгари в письменных источниках // Город Булгар. М., 1987.
186. *Федотов Т.Р.* Чувашский язык в селе алтайских языков. I. Чебоксары, 1980.
187. *Хакимзиянов Ф.* Следы диалектов в языке памятников Волжской булгари // Советская тюркология, №4, 1974.
188. *Хакимзиянов Ф.* Язык эпитафий Волжеских булгар. М., 1978.
189. *Хакназаров К.* Решение национально-языковой проблемы в СССР. М., 1982.
190. *Халидов Х.* “Диван лугат ит-турк” в сравнительном освещении и его арабском протатипом // Советская тюркология, № 4, 1984.

191. *Халикова Р.К.* О языке исторических письменных памятников башкир XVIII–XIX вв. // Советская тюркология, № 4, 1979.
192. *Хамзин Б.М.* Қашғаридің “Түркі тілдері сөздігі” жайында // ҒА Хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы, № 2, 1990.
193. *Хамидов Х.* Об изучении письменных памятников // Советская тюркология, № 5, 1979.
194. *Хамидов Б.А.* “Диван лугат ит-тюрк” в сравнительное освещении с его арабским прототипом // Советская тюркология, № 4, 1884.
195. *Хусаинов К. В.В. Радлов* и казахский язык. Алматы, 1981.
196. *Цинцус В.И.* К этимологии алтайских терминов родства // Очерки сравнительной лексики алтайских языков. Л., 1972.
197. *Чайковская А.И.* Тюркская грамматика в арабских филологических трактатах XII–XIV вв. Ташкент, 1981.
198. *Шайхулов А.* Введение в изучение алтайских языков. Уфа, 1984.
199. *Шервашидзе И.И.* Формы глагола в языке рунических надписей. Тбилиси, 1986.
200. *Шухарт Г.Ш.* Избранные статьи по языкознанию. М., 1960.
201. *Щербак А.М.* Грамматика староузбекского языка. М.-Л., 1962.
202. *Щербак А.М.* Грамматический очерк языка тюркских текстов X–XIII вв. из Восточного Туркестана. М.-Л., 1961.
203. *Щербак А.М.* Названия домашних и диких животных в тюркских языках // Историческое развитие. М., 1961.
204. *Щербак А.М.* Огузнама, Мухаббатнама. М., 1959.
205. *Щербак А.М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1971.
206. *Щербак А.М.* Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя). Л., 1977.
207. *Щербак А.М.* Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол). Л., 1981.
208. *Ыскаков А.* Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1964.
209. *Юдахин К.К.* Киргизско-русский словарь. М., 1965.
210. Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 2001.
211. Языки народов СССР. т. II. Тюркские языки. М., 1966.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
---------------	---

Бірінші тарау

Түркітануға байланысты алғашқы зерттеулер	19
1. Орыс ғалымдарының түркітануға байланысты зерттеулері	31
2. XX ғасырдағы түркітаным тарихы туралы қысқаша мәлімет	63

Екінші тарау

Түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи тәсілмен зерттеу	70
1. Салыстырмалы-тарихи зерттеулерге қойылатын негізгі талаптар	78
2. Салыстырмалы-тарихи фонетика	88
3. Салыстырмалы-тарихи грамматика	90
4. Салыстырмалы-тарихи лексика	96

Үшінші тарау

Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу кезеңдері	103
1. Түркі тілдерінің қалыптасуындағы Алтай дәуірі	107
2. Түркі тілдерінің дамуындағы хун дәуірі	127
3. Түркі тілдерінің дамуындағы көне түркі дәуірі (V–X ғасырлар)	134
4. Түркі тілдерінің дамуындағы орта ғасыр дәуірі (X–XV ғасырлар)	144
5. Түркі тілдерінің дамуындағы жаңа дәуір және түркі тілдерінің қалыптасуы (XV–XX ғасырлар)	177
6. Түркі тілдерінің дамуындағы ең жаңа дәуір	181

Төртінші тарау

Түркі тілдерінің жіктелуі	187
1. Батыс хун тілдері	208
2. Шығыс хун тілдері	212

Бесінші тарау

Қазіргі түркі тілдері бойынша қысқаша мәлімет	216
---	-----

1. Түркі тілдерінің бұлғар тобы	
Чуваш тілі	220
2. Түркі тілдерінің оғыз тобы	
Түрік тілі	224
Әзірбайжан тілі	228
Түрікмен тілі	232
Гагауз тілі	238
Салар тілі	244
3. Түркі тілдерінің қыпшақ тобы	
Қазақ тілі	247
Қарақалпақ тілі	261
Ноғай тілі	266
Татар тілі	270
Башқұрт тілі	276
Қарайым тілі	283
Қарашай-балқар тілі	287
Құмық тілі	291
Қырым татар тілі	294
4. Түркі тілдерінің қарлұқ тобы	
Ұйғыр тілі	300
Өзбек тілі	304
5. Түркі тілдерінің ұйғыр-оғыз тобы	
Саха тілі	311
Хакас тілі	315
Тува тілі	322
Тофалар тілі	327
Шор тілі	330
Сары ұйғыр тілі	333
6. Түркі тілдерінің қырғыз-қыпшақ тобы	
Қырғыз тілі	336
Алтай тілі	341
Басқа түркі тілдері	344
Пайдаланылған әдебиеттер	349

“Арыс” қорының президенті
Ғарифолла ӘНЕС

Әбдуәли ҚАЙДАР, Мейірбек ОРАЗОВ

ТҮРКІТАНУҒА КІРІСПЕ

Редакторы Ш.ЖАМЫҚАЕВА
Суретшісі Н.НҰРМАҒАМБЕТОВ
Тех. редакторы Ә.МОМЫНОВА

Терімге 15.01.2004 жіберілді. Басуға 10.06.2004 қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 25,0.
Есепті баспа табағы 22,5. Таралымы 3000. Тапсырыс 787.

480091, Алматы,
Құрманғазы көшесі, 29
“Арыс” баспасы
тел./факс: 616 628, 616 692
E-mail: aris@nursat.kz

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия
комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41-үй

Ардақты Алаш азаматтары!

Бұл кітапты сатып алып, «АРЫС» қорының ісі оңға басуына үлес қосқан Сізге мың да бір рахмет! Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «АРЫС» қоры жазықсыз жазаланып, аттары аталмай, көпшілік жадынан өше бастаған біртуар азаматтарымыздың мұрасын жинап, еңбектерін жарыққа шығарады; ескерткіш, мүсіндерін жасап, музейлерін жабдықтайды; арыстарымыздың өмірі мен творчествосын насихаттаушыларға жәрдем беріп, мерейтойларын өткізуге атсалысады; ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға қайырымдылық көмек көрсетеді...

*Қор жанындағы «АРЫС» баспасы
Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды
тез әрі сапалы орындап береді.*

480100, г. Алматы
ул. Курмангазы, 29
(уг. ул. А.Пушкина)
каб. 418-421
тел./факс: 616 628
616 692
E-mail: aris@nursat.kz



АРЫС

р/с 001700102 (тенге)
30070492 (валюта)
в АФ АО
Казкоммерцбанк
г. Алматы
МФО 190501724
РНН 600400010767

ЕСКЕРТУ

Кітаптың 277-ші бетіндегі техникалық себептермен ауысып кеткен үстіңгі сурет асты жазуды “А.А.Юлдашев”, ал төменгі жазуды “Дж. Кiekбаев (1911–1968)” деп оқуды өтінеміз.



ҚАЙДАР Әбдуәли — ҚР ҰҒА академигі,
Башқұртстан ҒА академигі, профессор,
450-ден астам еңбектің авторы

ОРАЗОВ Мейірбек — филология
ғылымдарының докторы, профессор,
100-ден астам ғылыми еңбектің авторы

